

А 2017

7154к

Төлеуғазы Нурғалиұлы

АҚСУАТ-АТАМЕКЕНІМ



“Семей Полиграфия”

Қазақстан Республикасы
Ұлттық университеті
-ның
Адрес: Бұқарғали -
12.09.2017 жыл.

Төлеуғазы Нұрғалиұлы

**АҚСУАТ -
АТАМЕКЕНІМ**

“Семей Полиграфия”

ББК 63.3 (2 қаз.)

H86

H86 Нұрғалиев Т. Ақсуат-Атамекенім Семей, 2003
ISBN 9965 - 9191 8-6

Кітап авторы Т. Нұрғалиев өмірден көргені, оны көкейіне түйгені көп, к
Тарбағатайдың қойнауындағы Ақсуат өңірінің өркендеуіне айтарлықтай ү
қосқан азаматтардың бірі.

Ол өзінің бұл кітабында туған ел мен жерге деген сүйіспеншілікті ар
етіп, егеменді еліміздің өткендегісі мен бүгінгісіне өз үлестерін қос
атақты адамдар жөнінде нақтылы деректер келтіріп, еліміздің келешегі ү
ата-бабадан қалған мұраны қастерлеу жайлы ой толғайды. Кітап еліміз
тәуелсіздігіне жету алдындағы өткен тарихымызға ден қойған бар
оқырманға арналған.

Өмір өткен күндер емес, есте қалған күндер екендігін осы кітапты оқы
адамның еркін түйсінері күмәнсіз. Бұл кітапты ғибаратты өрнегі деуге өб
болады.

Пікір жазғандар Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Нә
Серікбаев және журналист-зейнеткер Абай Әукішев.

H 0503020905

00 (05) 03

ББК 63. 3 (2 қаз)

©Нұрғалиев Т. 2003 ж

ISBN 9965-9191-8-6

"Классикалық кітап"



ТӨЛЕУҒАЗЫ НҮРҒАЛИҰЛЫ

Тарбағатай ауданының
“Құрметті азаматы”,
еңбек ардагері, дербес зейнеткер.

АЛҒЫС СӨЗ

Ел іші-өнер кеніші,-дегендей ежелгі Ақсуат ата мекенде аса бай әдеби қазына бар. Үлкен арналы озендер бұлақтардан бас құрап, қуаттанып толқынданатыны тәрізді тарихи туындылар, көркем шығармалар бірін-бірі жылдар өткен сайын толықтырып отыратыны белгілі.

Тарбағатай тауының терістік капталын тұтас қоныстанған ел тарихында сырлар жеткілікті. Сол маңызды оқиғалар ілгеріде өмір сүрген ақылғой дана бабаларымыздың, ақындарымыздың, тарихшыларымыздың, би-шешендеріміздің жалпы өнер иелерінің шығармаларына арқау болған.

Құрметті оқырман өздеріңізге арналып отырған “Ақсуат-атамекенімдегі” алғы сөздің осылай басталып отыруы да тегін емес. Бұл кітаптағы тарихи мақалалар, Алаш перзенттері туралы естеліктер, батырлар мен би-шешендеріміз туралы ой толғаныстар, қазақ тарихының бір алтын тармағы болып келетін шежіре тарату, өнер иелері жөніндегі ой пірімдер, имандылық тағылымы, туған жер туралы олең толғаулар, айтыстар, тапқырлық сөз мақамдары отыз-қырық жылға жуық ұқыпты түрде жинақталған қазыналар.

“Ақсуат атамекенім” кітабына, қазақ тарихында, аты ұранға айналған, хан батыр атанған Қаракерей Қабанбай, Қабанбайдың үзенгілес серігі, өзі батыр әрі би Боранбай, Шәкі би, Шал қажы, Орақбай батыр, бүкіл Найманға биілік айтқан қабырғалы би Кегенбай, Ағанас батыр, Қожагелді батыр, Молдабай балуан, халық биі Абылай, Тұяқ әулие, Ырғызбай әулие, Бокбасар би, Сасан би тәрізді аса белгілі бабаларымыз жөнінде ел аузындағы әңгімелер қамтылған.

Қасиетті ана тілімізде: “тегін білу-тектілік” деген қанатты сөз бар. Кешегі өткен кезеңде шежіре тарату ескіліктің сарқыншағы болып есептеледі. Бүгінгі егеменді ел болған уақыттан бастап тарихымыздағы ақтаңдақтар парағы толықтырылып келе жатқаны көпшілікке аян.

Біздің өлкеден ежелдің ең күнінен оқыған, ел жұмысына араласқан, қоғам қайраткері болған азаматтар көп шыққан.

Белгілі революционер ақын Сәкен Сейфуллиннің “Тар жол, тайғақ кешу” атты өмірбаяндық романында есімдері аталған: Ысқақ Кәбеков, Қолбай Төгісов, Алаш перзенттері: Бияхмет Сәрсенов, Отыншы Әлжанов, Смағұл Жармақов, Жағыпар Мұхаметжанов тағы басқалар Ақсуаттың қол тума азаматтары. Алты алашқа белгілі сол арыстарымыз ел тарихынан өзіндік орнын ала алмай, белгілі себептермен қағажәулік көріп келсе бүгін олардың жұлдызы жарқырап қайта оралды. Бұл кітапта олар туралы жиған-терген мағлұматтар орын алған.

Ақсуат өңірінде ақындар, өнер иелері аз емес. Белгілі “Біржан Сара” айтысындағы Сара сыйынатын жеті ақынның бірнешеуі осы атыраптан шыққан от ауыз, орақ тілді дүлдүлдер еді.

Солардың бір саркытындай деп Көрібай ақынды айтуға болады. Сонау аласапыран, ашаршылық жылдары оқымысты Шөкәрім Құдайбердиев Шыңғыстауда қиянат құрбаны болса, айтыстың ақынғы Көрібай ақын талай қанды тарихтың куәгері Тарбағатай тауының жонында оққа ұшты.

Оның ел аузындағы және Көктұмада Әсет Найманбаспен ұзақ өлең айтысы осы кітаптан толық орын алады. Ақсуаттың Қали Аманбалайұлы мен Нұрғали Тұңғатаровтың айтысы еңбек тынысын сипаттаған көркем туындылардың нағыз төрінен орын алары сөзсіз. Бұл шығарманың оқырманға берер мағлұматы мол.

Көне әдеби мұра дегенде алаш перзенті Қолбай Төгісовтың: “Надандық құрбандары” пьесасын айрықша атап өткен жөн. Қазақ әдебиетінде алғашқы пьесаны даңқты жазушы М. Әуезов, алғашқы романды С. Көбеев жазды деп жүр ғой. Ал, шын мәнінде алғашқы пьесаны К. Төгісов, тұңғыш 1914-жылы жазғанын біреу білер, біреу білмес.

Кезінде “Үш жүз” деп аталатын саяси партияның төрағасы, пьеса жанрындағы алғашқы каламгер, белгілі қоғам қайраткері, жерлесіміз Қолбай Төгісовтың тарих қойнауынан шаңы арылып жеткен туындысы да осы кітапқа енген.

Ақындар шығармасы өз заманының сырлы шежіре, куәгері. Ол көлемді болсын немесе шағын ғана туынды ма, бәрі бір өзіндік ой қозғайды. Сондықтан да болар ұзақ жылдар бойы кеніш кеуделілерден үлкенді-кішілі өлең туындылары жинақталды. Оның бір көлемдісі жерлес ақынымыз Замантай Оразасвтың “Тосыннан жазылған айтыс” деген туындысы деуге болады.

Сонау бар кеңестік кезеңде совхозаралық, ауданаралық ақындар айтысы откізіліп, онда қол жеткен табыстар мадақталып, орын алған кемшіліктер сын садағына алынатын. Замантай ақынның туындысына да сол үрдіс арқау болды. Өзара социалистік жарысқа түскен “Ақсуат”, “Комсомол” совхоздарының экономикалық өрісі жырланғаны белгілі. Отыз жылдан астам сары майдай сақталған туынды осы кітаптан орын алып отыр.

Қолыңыздағы “Ақсуат-атамекенім” кітабына қазақтың ұлттық өнер, спорт ойындары, салт-дәстүрлері де әртүрлі деңгейде қамтылды. Бұл ретте “Молдабай балуан” туралы кінесаның тіл көркемдігі, баяндау нақышы нағыз шеберлікті байқатады. Ақын Сапарғали Әлімбетовтың бұл туындысында тағылым мол.

Дүбірлеген думанды той ат бәйгесінсіз, балуан күресінсіз, қыз куусыз, теңге алусыз өтпеген. Ұзақ жылдар Ақсуат өңірінде және сан рет облыстың намысын қорғап талай мәрте боз кілем үстінде күш өнерін көрсеткен Қалкеннің жазба естелігі өте қызғылықты.

Қай жылдардағы өткен жарыс, оған қатысқан балуандардың шынығуы, жан шпырығысы, көңіл күйі нақтылы баяндалған. Ел мақтанышына айналған күш иелерінің аты-жөні, спорттағы ізденісіне мол орын беріліпті.

Аты аңызға айналған Тарбағатай тауы, одан жамырап ағып шалқар, жазира қаланы өрнектеген өзендер, шығысындағы толқыны жалтыраған Зайсан көлі, оған ағындан келіп, қайта өлкені кернейлетін ағатын ежелгі Ертіс өзені, аңызға арқау болған Бортоспағаны кімдерге шабыт бермеген! Тінті, сонау-сонау Тарбағатай тауының басында ғажайып көлдер бар дегенге кім сенеді? Иә, шынында сенуге болады. Ондағы көл суреті адам қиялындағыдан да тінті керемет!


Міне, осы ағыранғың сұлу табиғаты туралы ақындар С. Әлімбетов, Н. Сейітханов, С. Жұмағов, Н. Серікбаев тағы басқалардың шығармаларына арқау болған. Кітапқа имандылықты насихаттаған діни шығармалар да бар.

“Ақсуат-атамекенім” кітабында естеліктерге мол орын берілген. Дағыстандық даңқты ақын Расул Гамзатов: “Өткенге топырақ шашсаң, болашақ саған тас атады” деген нақыл сөз айтқан еді. Бұл, әрине, шын мәнінде өмірлік тәжірибеден алынған. Сол қағиданы негізгі басшылыққа ала отырып өмірден көрген білген ойлар, замандастар еңбегі жазылған шығармаларға негізгі арқау болғаны ақиқат.

Кітапқа қамтылған туындылардың әдеби жанрлық сипаты әр алуан, түрлі туындылар, олар барша оқырмандарға арналған. Үлкенді-кішілі шығармалар көдеге жарап жатса үміттің ақталғаны, ондай билік таразысы өздеріңіз құрметті қауым...

**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі
журналист-ақын Нәкен Серікбаев,
журналист-зейнеткер Абай Әукішев.**





*"Ақсуат - Атамекенім" атты кітаптың демеушісі
Төлеубек бауырыма!*

*Бір үміт кернеп санамды,
Алып ем қолға қаламды.
Артық кемін асырмай,
Жаздым ата-бабамды.*

*Тым ішке бүкпей бармақты,
Қалтыдым түгел жан-жақты.
Мың рахмет айтамын шын жүректен,
Төлеубектей бауырыма ардақты.*

Төлеугазы Нұрғалиұлы

Бірінші бөлім

Қалың ел Қаракерейім...

(Осылайша оқиет-толғау айтқан Жолымбет бабамыз туралы)

Көне тарих деректеріне көз жүгіртсек, қазақ елі бірнеше ғасырлар бойы қалмақтардың шабуылына ұшырап, ұлан-байтақ кең сахараның ол шеті мен бұл шетіне қоныс аударып күн кешкен екен.

Жоңғар қалмақтарының кезекті бір шабуылы алдында қазақтар біраз уақыт Алақол маңында тұрақтап, содан әрі қарай қоныс аударған.

Сыр бойына ауып барған ел атақты “Ақтабан шұбырынды” жылдарынан соң, Балқаш көлінің солтүстік жағымен шығысқа қарай беттеп, Сарыарқаға келіп, Есіл, Нұра бойына тұрақтайды. Шәкәрімнің “Қалқаман-Мамыр” атты поэмасында “Мың жеті жүз жиырма үшінші жыл, қазақтың Сыр бойында жүргені анық” деп жырлануы соның дәлелі.

Жерлесіміз Көрібай ақынның:
Біз келдік Сарыарқаға Сырда тұрып,
Шығыпты сол мекеннен қалмақ қуып,
Айрылып алдағы мал, бастағы үйден,
Күрке ғып, үш ағаштың басын буып.
Қалмақ пен біздің қазақ соғысқалы
Болыпты дәл жеті жүз жылға жуық,
Қан төгіп, бейбіт елді қырғаннан соң,

Көпірден сескеніпті көңіл суып,- дегені сол кезеңге байланысты айтылған.

Ғалым-тарихшы Мұхаметжан Тынышбасевтың жазғанында Қаракерей елі 1726-жылдан 1810- жылға дейін Сарыарқадағы Есіл, Нұра өзендер бойын мекендегені айтылған.

Жолымбет Төлегетай ішінде Қаракерей руы болып, Қаракерей ішінде Байыс нәсілінен Сармырза дейтін атаның баласы болып, ұрпағы өскен атаның бірі. Жолымбеттен Ажы, Ажығұл, Қыдыр, Назар, Рах, Разбет болып жеті Жолымбет деседі.

Жолымбет бабамыз Найманның кейінгі ұрпағы, кезінде көп жасаған адам екен. 135 жасқа келіпті дейді. Бір көрнекті ерекшелігі 107 жасында Дана деген әйелді алып, осыдан келер жылы бір ұл туып, ат қойыпты. Ат қою барысында Матай, Жақсыбай бидің сөзін ойға алайық. Осы баланың атын Қосмұрат қояйық. Бұл қарияның жүзден асқанда көріп

жешем мен екеуінің мұратына екінші рет куә болсын деп, азан шақырып ат қойып, мынадай бата беріпті:

Қосмұрат болсын бала аты,
Жеткізсін, өссін қанаты.
Ат – аспаннан дейтұғын,
Бұрынғының санаты.
Алланың берген баласы,
Тәңірдің бар ма таласы.
Жүз жаста көп ел алжиды,
Жүруге келмей шамасы.
Асқанда жүзден ұл берген
Айналайын алланың
Қүдіретіне қарашы!
Елесімізге ғимрат
Асыл менен жасықтың
Жер мен көктей арасы
Он үшке ортақпыз
Қайырлы болсын нағашы – деген скен.

Сонда Назар дейтін баласы қуанышқа кенеліп, Жақсыбай биге ат мінгізіп, иығына шапан жауыпты дейді.

Осыдан 135-ке келіп, қайтыс боларда барлық Қаракерей мен Байыстың бес баласы ұрпақтарын жинап, артына мынадай өсиет қалдырыпты. Жолымбет бабамыз атақты шежіреші, әрі батыр, әрі бай, ұрпағы мол, төрт түлігі сай адам болыпты дейді. Оған мысалға қайтыс болардағы сөздері куә.

Жолымбет бабамыз:
Қалың ел Қаракерейім,
Үстем болсын мерейің
Қанымыз бір тегіміз
Мынау бөтен демеймін.
Тірі болсам дұға ғып,
Аруақ болсам жебейін.
Қызығын көрдім елімнің,
Көрмедім ешбір өгейін.
Туған жерім Сарыарқа,
Топырағын өбейін.
Топырағыңа бөленіп,
Тереңіне шөгейін.
Жүз отыз бес жас көрдім
Аз жасадым демейін.

Ұрпағын тізіп санап ал
Сөз маржанын тоғейін.
Ұрпағың қалың ел болды,
Артығын мен жемеймін.
Болды атамыз Байысбай,
Бес ұлы бопты арыстай.
Терезесі тең болды,
Бірінен-бірі қалыспай.
Арада жік жоқ, еш жаттық
Түйе мойын қарыстай.
Бұрынғылар жол салған,
Дүние тұрмас ауыспай.
Төтеп берді сан жауға
Бөгеліп берді қайыспай.
Бермеген жауға есесін,
Есесін беріп сайыспай.
Жеке шапса тұлпар көп,
Бәйге алмас, жүйрік жарыспай.
Дәулеті көп, жері бай,
Мыңғырап жатқан, елім-ай!
Сәулет берген еліме,
Сылқым менен серім-ай.
Мұрынның ұрқы сегізім,
Бір атадан егізім.
Жайылған даңқың алашқа,
Байыстың құрып негізін.
Елімнен кетсе береке.
Халықтың үлкен жазымы
Тірліктің күші – бірлікте,
Береке айдын қазығы.
Ортамнан сапар шегемін,
Тағдырдың осы жазуы
Береке билік бел болар,
Қабысып халық қоятын,
Бел үстінде көл болар
Шөлдесе сусын қанатын
Ареке деген жел болар,
Тозаңдай ұшып тұратын.
Талап деген өнер бар,
Билікке қол созатын.

Жарысатын жүйрік көп
Жарысқанда озатын.
Жұдырықтай жұмылсан,
Қамалдай берік боласың,
Дәулет болса кенелді,
Он төрт айдай таласың.
Өзімнен туған жеті ұлым –
Мен өлген соң жетімің.
Қалған жұртым аман бол,
Жалбалаң ашып кошуің
Отырмын сапар шеккелі
Тау шуылдан несібең
Жиылған елім дәм татсын
Қонағыма сойындар,
Арада үш күн өткен соң,
Жасайтұғын тойым бар.
Жексенбіде еру ғып,
Дүйсенбіге қойындар.
Халыққа хабар беретін,
Бұрыннан мұрат жолың бар.
Жиылған мұнда өрснім,
Тойымда түгел болындар!
Бір өлкеге жиналып,

Шаруа бабын табындар! - деп өсиет айтып кетті.

Қойылған жер аты – Белбелеу. Бұрыннан ол анықталған. Жолымбет баба 136 жасқа келіп қайтыс болған. Жолымбеттің қара шаңырағы Ақнайманның қолында қалыпты. Кейінге дейін маңдайша таянышы бар деседі. Қой дерттен ауырса, сол маңдайшаға түнетеді екен.

Жоғарыдағы орын бұл күнде Ақмола маңы екендігін меззейді. Осы Ақмолада Жолымбет деп аталатын алтын кен орны бар. Республика алтын қорының бір бөлігі сонда жасалады. Жолымбет атты темір жол станциясы да сол атырапта.

Жолымбет Қабанбай, Боранбай батырлар секілді қалмақтармен болған шайқастарға талай рет қатысқан. Бұл батырлардан ол кісі көп бұрын өмір сүрген.

Жолымбет бабамыздың зираты да Қабанбай батыр зиратына таяу Ақмола жерінде жатыр деп топшылауымызға болады. Жолымбет зираты да толық анықтауды керек етеді. Оған дұрыстап ескерткіш орнату – ұрпақ парызы.

Қазіргі ұрпақтың он бірінші атасы Байыс бабамыз (Жолымбеттің немересі) Абылай ханның ауа райын болжайтын айтулы есенші жайшысы болған.

Жолымбет бабамыздың ұрпақтарының басым көпшілігі бұл күндері Тарбағатай ауданын мекен етуде. Жолымбеттен өскен аталар Назар одан Жанболат ұрпақтары тарайды. Біржан мен Сара айтысындағы:

Найманнан Қаракерей, Сыбан, Мұрын,
Жеті ата Жолымбетке құйған нұрын.
Шерубай, Тана мырза, ер Тәукесбай

Қай қазақ сөз бастаған бұдан бұрын? – дегендей Жолымбет ұрпағынан тарап, атағы бүкіл елге жайылған дана тұлғалардың қатарына: Қабанбай батыр, Би Боранбай, Кегенбай би, Шерубай, Тана мырза, Молдабай балуан, Кәрібай ақын, Қожакелді батыр, Орақбай батыр, Мүрсәлім болыс, Қуанышбай мен Қали ақын, Ағанас батыр, Ізғұтты Малбағар мен Аякоз батырлар, Абылай, қос Омар, Ырғызбай Әулие, Тұяқ, Бияхмет Сарсенов, Отыншы Әлжанов, Жағыпар Мұхаметжанов, Смағұл Жармаков, Ысқақ Кабсков, Әбдікәрім Кабсков кейінгі қоғам қайраткерлері Мұрат, Болат Сапоровтар, Ғылым докторлары Тергемесов Қажыбек, Карменова Нүрсипа, Қажі Нүрсұлтанов, Нәдір Апсәлімов, Серікболсын Абдилдин, Өжікен Тышыбасва, Шырын Кәріпжанова, Сайраш Әбішева, ақындарымыз Зейнолла Тілеужанов, Серік Жұматов, журналистер Мейрам Оралов, Хамза Сәтисев, Жаңабай Тайшөгелов, Нұрбек Сейілханов, кейінгі кезде хадқымызға қалтқысыз еңбек етіп келе жатқан қыздарымыз Бақыт Садубайқызы, Ғайникамал Нұрғалиқызы, Ақсуаттың қос Бақытын, өнер саласындағы әнші Майра Ильясова, кинорежиссер Серік Апырымов, сиқыршы Балтабек Жұмағұловты және басқаларды қосуға болады.



НАЗАР АҢЫЗЫ

“Кенжесі Жәлымбеттің атам Назар”-деп Көрібай ақын жырлағандай ел арасында Назар баба туралы сан алуан аңыздар бар. Соның бірі мынандай: Шыңғыс хан дәуірінен бұрын Қызылбас деген елдің ханы Қатағанның ордасын Назар батыр талқан етеді. Осы ерлігі үшін оған Қатағанның Жәмбіке атты сұлу қызы беріледі. Қатағанның Әйбіке атты бір қызы Арғын еліне, Күнбіке атты үшінші қызы Ұлы жүзге беріледі. Осы оқиғаға байланысты қазақтың үш жүзіне кең тараған мынандай сөз бар:

“Арғын бүлінсе Әйбікеден, Найман бүлінсе Жәмбікеден, Үйсін бүлінсе Күнбікеден” деген. Бұл осы үш қыздың жатыры аса текті болғандықтан осы үшеуінен тараған ұрпақтың нағашысына тартып кетпесе деген қазақи қауіптен туған аңыз.

“Үш Назар бұл Найманның думан жері”-деп Қали ақын жырлағандай, Назар аса көп ел болған және одан қазақ хан тұқымынан да аса жоғары бағалайтын “дүт” шыққан. Жеті атасынан билік үзілмеген, жеті атасы қаракөк тектіні қазақ осылай атаған. Басқа қазақты білмеймін бүкіл Найманда “дүт” атауы Сыбан Байқара бидің ұрпағына ғана берілген. Одан соң Назар ұрпағы иеленген.

“Қарғыба-Базар жерім-ай, қалың Назар елім-ай”,- дегендей Назар ұрпақтары Қазан төңкерісінен бұрын аса тату болған. Назар негізгі руы Құттықадам. Жәмбіке, Жамболат болып үшке бөлінеді. Енді бір шежіре төрт Жәмбікені бөлек атап, оған Құттықадам мен Жанболатты қосып алты Назар деп те атайды. Назардың туған, олған жылы белгісіз. Шамасы өте ертеде өмір сүрген секілді. Ал тату өмір сүрді дейтінімізді дәлелдейтін оқиғалар толып жатыр. Соның бірі мынандай:

Ақ патшаның 1916- жылғы әйгілі июнь жарлығына қарсы шығып солдатқа бала бермейміз деп көтеріліс ұйымдастырған Құттықадам руының атақты болысы М.Бектенұлы өзіне қараған елімен, малымен Қытай асып кетеді. Сондағы Тортуыл елінің Қытай патшасы тағайындаған Үкірдайы Ысқаққа “түбіміз бірге Төлегетайдың баласымыз ғой”-деп бір жыл сақтап бер деп 100 өгізін тастап кетеді. Келер жылы көктемде өгізін алуға кісі жіберсе Ысқақ бұлталаққа салып бергісі келмейді. Амалы құрыған Мүрсәлім, Назардың бір баласы Жанболаттан тарайтын Сары руының Әуел деген атасынан шыққан сөзі өткір ақын Қасқарау Байболатұлына мән-жайды түсіндіріп, хат жазып жібереді. Ысқақтың жанды жерін тап басатын бір ауыз олең жазуын өтінеді. Сонда Қасқарау мына бір ауыз олеңді Ысқаққа арнаған екен:

Естиміз Төлегетай ұрпағы деп.
Тараған бір ағаштын бұтағы деп.
Бұл жақтан босып барған орыс елін,
Құдайдан бұрын Ысқақ құртады деп.

Осы өлең қолына тиісімен көп уақыт отпей-ақ Ысқақ Мүрсәлімнің 100 өгізін алдына салыпты. Бұл “Жан қысылса жақынын табады” дегендей ертеде Назар балаларының бір-бірімен өте тату боғандығын дәлелдейді.

ТЕГІН БІЛУ – ТЕКТІЛІК

(Жанболат шежіресі)

Байырғы шежіреге үнілсек, Байыстан Жолымбет, одан Назар, Назардан Жанболат тарайды. Назар мен Жанболаттың ұрпақтары өсіп, онген ежелден іргелі ел болған. “Қарғыба – Базар, қалың Назар” деген халық аузындағы қанатты нақыл осы жағдайды сипаттаған ғой.

Жанболат қабілеті жан-жақты болыпты. Ол өзі би, батыр, шешендігімен қатар құдай берген мол дәулетімен де дараланған. Жанболат өзінің ақылдылығымен, табандылығымен, батылдығымен еліне басшылық жасап, олардың мүддесін ойлады. Береке, бірлікті сақтап, кімді болса да жатысыпбай бауырына тартып, қамқорлық жасаған. Көрегендігі мен әділдігі арқасында көптің құрметіне, шексіз сеніміне бөленді. Халық қамын ойлаудың үлгісі осы ғой.

Ауылыңда қарияң болса,

Жазулы тұрған хатпен тең.

Есік алдында доң болса,

Ерттеулі тұрған атпен тең, - деген өлең шумағында зор мәніс бар. На, қарттар шынында қазына бұлағы. Сондай қадірменді адамның бірі – ескінің көзін көрген, әңгімесін тыңдап, маржандай сөзін терген шежіреші. Сары руынан шыққан марқұм Дүңгей Момбай Тортай молла Жанболаттың тарихи тегін төмендегідей таратады.

Байыстың бәйбішесі Мұрыннан Сармырза мен Мақта деген қыз туады. Мұрын анамыздың нағыз аты Дүзсей екен. Бұл кісі ұлы жүз Үйсін Жарықшақтың қызы Домалақ ананың баласы.

Сармырзаның бәйбішесі Баршадан Жолымбет, Жолбалай, Бәйімбет туған. Кіші әйелі Жанқыздан Берді, Бегі, Өтей өмірге келген. Үш көнші дегеніңіз, міне, осы.

Бәйімбеттен Күлеке, Сейіт, Күлекелен Токтаболат, Жолбалайдан Елбақты жалғыз, Елбақтыдан Суар жалғыз, Суардан жоғарыдағы

сияқты бір ғана Қасқақошқар болғаны мәлім. Қасқақошқар қалмақтармен соғыста қаза тауып, артында бір ұл қалған екен. Оның азан шақырып, шарият бойынша қойған негізгі аты – Омар.

Заман деген өзгермей тұра ма?! Енді осы Қасқақошқар жоғарыда айтылғандай жоңғар басқыншыларының ұрысында қайтыс болған соң, артында қалған елінің жағдайы нашарлап, қоныс аударады. Осындай босқыншылыққа ұшыраған Қасқақошқар еліне Жанболат бабамыз жерінен қоныс беріп паналатып, қамқорлық жасағаны тарихтан белгілі. Арып, шаршап келгендер көп уақыт ұзатпай іргесін бекітіп, шаруасын оналдырып алады.

Енді Жанболат бабамыздың отбасына жинақтап білген деректеріміздің тарихи желісі негізінде білгенімізше тоқталайық. Жанболат бабамыз алғашқы жұбайынан бірнеше жылдай перзент көрмеді. Отағасының ішкі тылсым наласын сезген бәйбіше бір күні: “Бізде бала болмады ғой. Отағасы сен ұрпақсыз қалып жүр ме! Қыз айттырып алуыңа да дәулетің жетеді. Мен оған да қарсы емеспін. Алайда, осы жолы менің айтқанымға көнсең бала көрген әйелден алғаның дұрыс болар”, - деп ой салады.

Сонымен бәйбішенің ұсынысын қабыл алған Жанболат бабамыз бір балалы әйелмен некелесіп үйленеді. Бұл адам кешегі өзі қамқорлығына алған, қоныс аударып көшіп келгендердің ішінен еді. Оны бір жылдай сынап көріп, көңілінен шыққанның соң бас құрағаны да айтылады.

Бабамыз әйел соңынан еріп келген балаға ешқандай шетқакпайлық көрсетпеген, тәрбиесіне алып, өсіріп ер жеткізіп, еншісін беріп, отау құрғызған екен. Сол баланың есімі – Шойтабан. Осы баланы толбасымыз деп қатты құрметтеп, жақсы көріп сыйлап өтіпті деген аңыз бар. Жалпы аңыз түбі – шындықтан бастау алады. Баба құрметтеген Шойтабан да сыйлы адам болған. Олай болмаса есімі руға айнала ма?

Атының Шойтабан болуына байланысты ел аузында томендегідей дерек те бар. Жоғарыда айтылғандай, ел ауып көшкенде осы бала аяқ киімсіз ілесіп отырыпты. Сонда жас баланың табаны көп жүргендіктен ұлтанданып, сірілсініп, қатайып кетсе керек. Сол оқиғадан соң оны жұртшылық Шойтабан атандырған көрінеді.

Ел аузында тағы мынандай бір аңыз бар. Жанболат бабамыздың әмнегерлікпен үйленген әйелінен туған алғашқы баласына қасқа қошқар сойып той бастапты. Алған қалыңдығы Қасқа қошқар елінен болғандықтан туған баланың елін Қасқа қошқар деп атандырып жіберіпті делінген.

Шынтуайтына келсек жоғарыдағының да барлығы аңыз. Жанболат бабамыздың қалыңдығын белінен ұстап босандырып, кіндігін кескен

ешқайсысы жоқ. Сондықтан да осы туған Шойтабан Жанболат бабамыздың тұңғышы. Аталған атын жеңгелерінің “қазақтың дәстүрінің барлығына тән” қойылған аты деп ұққан абзал.

Енді некелескеннен кейінгі бір жылдан соң туған баланың атын бабамыз: “Құдай мені жарылқады!”, - деп ырымдап, қуанып Жарылқап қойыпты деседі ескі көз қариялар.

Жарылқаптан кейінгі туған баланы алдыңғы скеуінің соңынан қарайып еріп жүрсінші деп Қарабай қойыпты. Қарабайдан кейінгі өмірге келген нәрестені: “Осы төртеуі бөлектеніп қожырамай бірге жүрсінші!” деп Қожет атаған екен. Осы аталғандардан кейінгі перзентінің есімін: “Ырыс алдым болсыншы!”, - деп Ырсақ қойыпты.

Келесі баланы осы ағаларымен қатарласып, жанай өссінші деп оған Жанай деген есім берген екен дейді шежіреші.

Есімдері осылайша ырымдалып қойылған балалардан соң біраз уақыт перзент қормей барып туған нәрестені сарғайып жүргенде қорғенім деп атын Сары қоялық деген екен.

Сарыдан кейін туған бала кезінде бабаның жас мөлшері де ұлғайып қалса керек. Осы оқиғаға байланысты баланың тоқтаған соңы тегінде осы болар деп кенжесінің есімін Тоқабай қойған екен.

Енді бір шежіреші таратушылар Шойтабан туып, ал Жарылқап іште келген екен деген де уәж айтады.

Енді мына бір тарихқа назар аударайық. Жанболаттан өрбіген ұрпақтар ішінен Тоқабай мен Сары көп өсіп-өнген және бұлар бір анадан туғандай өте тату болыпты. Сондықтан да болар Тоқабай мен Сары болыс сайлауы кезінде, шар ұпайын көп жинап, болыстыққа үздіксіз не бола беріпті.

Осы жағдайды қор е алмаған сыртқы ағайындар Жанболат ішіндегі сүттей ұйыған татулыққа іріткі сала бастайды. Сөйтіп, кейбір қу тілділер ел арасын ажырату үшін “Тоқабай Сарыны сәнге сабапты” деген ушықтырма сөзді де таратты.

Ақылға салып қарасақ інісі ағасын сабай ма? Сабаудың сән үшін істелетін қызығы болушы ма еді? Бұл имандылыққа жатпайды ғой. Жанболат ақсақалдары бұл сияқты ұшқары сөзге баяғыда-ақ тойтарыс берген. Соны ұмытпайық, ағайын.

Енді біреулер: “Тоқабайдың үйіне қонғанша, Жанайдың жұртына қон!”, - деген қышқылдық шығаратын сөздерді ел арасына тарыдай таратқаны бар.

Сонда Тоқабай руының ақсақалдары: “Жанайдың жұртынан боғын жегелі жүр ме екен?”, - деп тотесінен ширыққан сұрақ қоятынын да естігенбіз.

Алайда, қандай қаңқу көлденең сөз шықса да бола жарылған ағайын жоқ. Береке, бірліктің сақталғанына уақыт куә!

Ойды ой орбитетіні ежелден мәлім. Тегінде ақсақалдар әңгімесіне араласып, сөз сырағысын тындап отырғанда олардың: “Жанболат ұрпақтары кейде сегіз, кейде алтау”, - деп айтатыны бар.

Осы тұста:

- Бұл қалайша тармақталып таратылған туыстық? – деген заңды сұрақ туындайды. Ондай кезде шежіреші ақсақалдар бұл біздің көңіл күйімізге де байланысты деген әзілкештіктерін де жасырмайды. Сөйтіп, олар тату отырғанда сегізбіз, жартылай қабақ шытысып әңгімелескенде жетеуіміз, әлде қандай бұлттанып, араздасқан кезде алтау болып шыға келеміз дейді ғой жарықтықтар.

Енді осы әңгімені ойдың сүзгі елегінен өткізіп көрейік. Қасқақошқар жоңғар басқыншылығындағы қалмақтармен ұрыста қайтыс болғаннан кейін қолма-қол сол жылы көшкен елге ұқсамайды. Өз жерінде бірер жыл отырып, жағдайлары нашарлаған кезде қоныс аударған көрінеді. Сондағы іште қалған бала екі жылдай ана құрсағында жүріпті деу қисынға келе ме? Әрине, жоқ. Ал, жоғарыда айтылған Шойтабан болса, сол кездің өзінде жеті, сегіз жастағы бала ретінде суреттелетінін байқаймыз.

Қасиетті ана тілімізде: “Таудың басы бөлек болғанмен, стегі бір”, - деп айтылатын қанатты сөз бар. Осы нақылға мәнзей отырып, ой таратсақ, қалай дегенмен де бұлардың аналары бір екендігі ақиқат.

Енді бір шежірешілердің айтуынша Жанболат бабамыз осы бастапқы некелескеннен екі әйелін қыздай алыпты. Әуелгі төртеуі бір анадан туған, кейінгі төртеуі бойынша Ырсақ пен Жанай бір, ал Тоқабай мен Сары бір шешеден туған екен деседі. Сайып келгенде барлығы – Жанболат ұрпағы.

Шойтабан туралы, оның анасы туралы жоғарыда айтылды.

Бұрынғыдан қалып, ұрпақтан ұрпаққа жаңғырып жеткен шежіре деректердің, аңызды әңгімелердің ұзын ырғасы осындай. Жинақтап естіп білгенімізді қал-қадірімізше қағаз бетіне түсірдік. Осы жазылған жағдаяттарды одан әрі тереңдетіп, толықтырушылар болса, талабына нұр жаусын демекшіміз.

Біз Жанболат бабамыздан тараған рулар арасына жік салудан аулақпыз. Тегімізді айқындай түсіп, үрім-бұтақ асыл қасиеттерін насихаттау – негізгі мақсатымыз.

Жанболат бабамыздың Сары тармағынан шыққан журналист Меірам Оралов бұрынғы Семей облысы кезінде “Семей таңы”, одан соң

онғайластыру жүргізілгенде Шығыс Қазақстан облысындағы “Дидар” газетінде меніңкі тілші болып істеп келеді.

Газеттің бітпейтін қауырт жұмыс, қара мақаласына қоса, аталмыш қалам иесі туған өлкеінің көне аңыз-әңгімелерін де жинақтап жазып келеді. Бұрынғы ақындар, күйма құлақ шежірелі қариялар туралы материалдары да бір төбе.

Жанболат бабамыздың жоғарыдағы баяндалған ұрпақтарының әр алуан тарихына қанық ақсуаттық қаламгер М.Оралов ұрпақтан жалғасқан желімен “Жанболат балалары” деген тақырыпта төмендегідей өлең жазған еді.

Жанболаттың баласы
Сегіз екен шамасы.
Бүлінбеген ол кезде,
Ағайынның арасы.
Шойтабан мен Жарылғап,
Сол сегізге емес жат.
Қарайды екен бес Байыс,
Жанболатқа таңырқап.
Тоқабай, Сары туысқан;
Жанай, Ырсақ ұғысқан.
Қарабай, Қожет аз болса да,
Бір-бірімен жұғысқан.
Осылай сегіз Жанболат,
Бірнеше болыс ел болад.
Ырысын сшкім шайқамас,
Шалқып жатқан кең қолат.
Бірлігін бұзу керек! , - деп
Кей өсекші безектеп,
Жанболаттың сегізін
Быт-шыт қылды болектеп.
Ағайынды қақпа ғып,
Екі үлкенді басқа ғып,
Сегізді түзеп алтыға
Бет тырнасты жоса ғып.
Тоқабай сабап Сарыны,
Басылыпты арыны.
Жұртына қонып Жанайдың
Біреуге “жын” дарыды.
Ырсақты қоян теуіпті,
Қожет саннан кеміпті.

Араздықтың отына,
Оршітіп май тогіпті.
Тағу боп тұрса ағайын,
Берік қой қорған қамалын.
Баса алмапты жын-пері,
Жанболаттың маңайын.
Жаулық түспес аспаннан,
Соны ойлап козден жас тамған.
Алауыздық осылай
Ағайыннан басталған.

Жалпы шежіре тақырыбы тарихымыздың бір қайнар бұлақ саласы. Бұрынғы шежірешілеріміз әкенің атын, оның әкесінің есімін атаса болды, одан арғысын өзі-ақ таратып әкетеді екен. Зеректік деген осы ғой.

Шежіре туралы олең-дастандар да жазылғаны белгілі. Ал көрші монғолдар “Алтын топшы” шежіре дерегін тарих құнары деп есептеп келеді.

Біздегі шежіре таным кешегі кенестік дәуір кезінде ескішілдіктің, рушылдықтың сарқыншағы ретінде шетке қағылды. Белгілі Машһүр-Жүсіп Көпесевтің, Шәкәрім Құдайбердіевтің, тағы басқалардың шежіресі түгіл көркем шығармалары мүлде бүркемеленіп, өздерінің аты-жондері ауызға алынбады.

Қашанда шындық шырағы сонбейді, тарих әділдігі үстем шықпақ. Міне, соның нәтижесінде бүкіл Алаш жұртының қамын ойлаған арыстарымыз халқына қайта оралып, олардың көркем туындылары, тарих, әдебиет, тіл, ежелгі ата мекен, жер, су атаулары, ұлтымыздың ата-тек шежіре насихаты жаңғыра жарық коруде.

- Өнер алды – қызыл тіл, - деп білген қазақ халқы: “Тегін білу – тектілік”, - деген тәмсілді де ұмыт қалдырмаған. Осынау үлгілі қағиданы негізгі басшылыққа ала отырып, өзіміз білетін “Жанболат” шежіресін қолда бар деректер бойынша жазып шықтық. Оқырман қауым білмегенін тауып ұқса, ол – ғибрат, ал жазбаны толықтыра беру – келешек ұрпаққа аманат.



ЖАНБОЛАТУҒЫ ТОҚАБАЙ

Жеті Жолымбеттің ең қалындап өскені Назар руы, сол себепті “Қарғыба мен Базарым, қалың елім, Назарым”,- деп мәтелге айналған. Сапарғали ақын:

Ішінде бес Байыстың Мұрын кесек,

Мұрынның Назарына жетпейді есеп”-деп айрықша атап көрсетеді.

Назардан Жанболат, Сады, Құттықадам, Қоныс, Тәніркүл, Қарымсақ. Кейінгі үшеуі шешесімен Жәнбике руына топтасқан.

Назардың ішіндегі ең өскені Жанболат. Одан Шойтабан Жарылғап, Қарабай, Қожет, Ырсақ, Жанай, Сары, Тоқабай дейтін ұлдар дүниеге келген. “Сегіз Жанболат” аталатын осылар.

Халық ақыны Сапарғали Әлімбетов өзінің “Молдабай балуан” дастанында Тоқабай руының көптігін былайша сипаттайды:

Тоқабай Жанболаттың өскен ұлы,

Жайлауға ши бойынан көшкен күні.

Қырық ауыл ауа көссе жоқтамайтын

Көптігінің белгісі дескен мұны...

Осындай мазмұндағы өлеңді Жанболаттың Көрібай ақыны да айтыпты деген бір сөз бар.

Одан ары тарихтан:

Найманның- Қаракерей сауыры еді,

Тортуыл, Садыр оған бауыр еді.

Інісі Матай келіп қосылғанда,

Салмағы Орта жүзге ауыр еді.

Арғында мұның теңі Алтай- Қарпық,

Үйсіннің Дулатындай өсімі артық.

Албан менен Адайдай сырды қоршап,

Атырабы Алатаудай жатқан шалқып,

Бір өзінен отыз аудан ел тарады,

Орыс пенен Қытайға тең қарады.

Қаракерей көлемі алып жатыр,

Үрімжі Семейменен екі араны- депті Сапарғали ақын.

Жазба деректерге жүгінсек Тоқабай Сырдарияның қазіргі Арал ауданында, “Ақтабан шұбырынды” заманынан үш жыл бұрын, яғни 1720 жылы 103 жасында дүниесі салыпты. Осы деректеме бойынша шамамен 1617 жылы дүниеге келген адам көрінеді, зираты сақталмаған. Іздеу салу- кейінгі ұрпаққа аманат.

Бірақ сол ауданда Тоқабай атындағы ауыл Кеңесі және шаруашылық бар көрінеді.

Осы бабамыздың ұрпақтары 2003- жылы 1-тамызда Екпін аулынан Тоқабай атымен аталатын мешіт үйін ашты, осы ауылдың азаматтары Нәкеев Нұртай, Ахметқалиев Жамбылдың басқаруымен үлкен ас беріліп, бабаларына арнап құран-қатым оқытты.

Бұл шара жиналған көпшіліктің көңілінен шықты. Өткізілген шараға қатысқан ақын Жұматов Серік бабасына арнаған мынандай толғауын тебірене оқыды:

ҰЛЫ ТҰЛҒА

(Тоқабай Жанболатұлына)

Атадан сегіз туып ең, баба,
Бабалар жолын қуып ең, баба.
Он төрт жасында бес қару тағып,
Қызғыштай елді қорып ең, баба.
Жиырма бесінде батыр атанып,
Жұртыңның басында болып ең, баба.
Отызында қолдың басында ең, баба,
Қырқында қайсар жасында ең, баба.
Елуде де еңсең биікте болып,
Алпысында да асыл ең баба.

Жетпісінде ұрпақ көріп ең, баба,
Сексенінде де елдің төрінде ең, баба.
Тоқсанында да төрелік айтып,
Жүз жастан асып өтіп ең, баба.

Сырдың да суын жалдап ең, баба,
Сол жақта мәңгі қалған ең, баба.
Төрт ұлын қалған Торғауытты қуып,
Осы аймаққа бағыт алған ең, баба.

Алдаспан қылыш тағындың, баба,
Жау келсе қарсы табылдың, баба.
Ойыққа түскен түйені шығарып,
Ерен күшіңмен танылдың, баба.

Тереңде болды ойыңыз, баба,
Көз тартар болды бойыңыз баба.

Сол жылы туған ұлынның атын,
Атан деп содан қойдыңыз баба.

Төрт құбылаң тең еді, баба,
Мінгенің ақ боз кер еді, баба.
Кедей-кепшікке қабақ шытпайтын,
Алдыңыз ашық кең еді баба.

Көгеріп өсетін батамен баба,
Қасарып осетін қатамен баба.
Тетелес өскен екі ұлыңды,
Атан, Жомарт деп атап ең баба.

Тура еді айтар кесімін баба,
Әлдиге толды бесігің баба.
Таманың ері Жақабай достың,
Бір ұлы алды есімін баба.

Төрт ұлын елдің қорғаны болды,
Жаулардың заһар сорлары болды.
Тарбағатайға келіп туларын тігіп,
Токсан ауылды ордалы болды.

Ұрпағың елдің ұраны болды,
Ауыздарында АЛЛА құраны болды.
Антына адал, сертіне берік,
Бес Байыс елдің шырағы болды.

Байыпты байсал бақтары болды,
Билікке бекем тақтары болды.
Туысқа-тұғыр, жақынға-жайсаң,
Елімнің Мұрын мақтаны болды.

Тарихта талай ер аты қалды,
Ұрпағың талай жер атын алды.
Ақбарша, Мақпал асыл аналар,
Мұрын анадай ел атын алды.

Батырдың сенен ерені шықты,
Ақынның шайыр берені шықты.
Төрелік айтса тіліп түсетін,
Кегенбай бидей кемелі шықты.

Ерлердің талай сарбазы шықты,
Косемнің талай сабазы шықты.
Аламанға салсақ алдын бермейтін,
Жүйріктің талай тарланы шықты.

Жамандық істен бой тартқан баба,
Қысылған сәтте ой тапқан баба.
Ұранымыз да сен, жыр әніміз де сен.
Қоңілімізден жай тапқан баба.

Ардақтаймыз атыңды баба,
Дәріптейміз даңқыңды баба.
Ұрпаққа- ұрпақ ұлағат етеді,
Тоқабай деген атыңды баба.

Торқа болсын топырағың баба,
Аруағыңды шақырамын баба.
Өзінді мәңгі ұмытпау үшін,
Еске алды, міне, хас ұрпағың баба!

Кешіксек егер кешірші, баба,
Әркімге қадір жетінші баба.
Тәу етер келіп келешек енді,
Ашылды, міне, мешітің баба.

Ізгілікті ізі толған нұр баба,
Тәбәрік еттім толғау жыр баба.
Сынып келер ұрпақтарың да енді,
Рухыңмен әркез қолдап жүр баба!

Деп жырлаған Серік ақын жиналған жұртшылықты бір толқытып тастады.

Серік ақынның толғауындағы Тоқабай бабамыз-Жанболаттың ең кенжесі. Бұл бабамыздың ұрпағы бәрінен мол екендігі және өздерінің

ерте күнде жуан да октем тұқым ретінде данқы жайылғаны: “Құдай тағала бұл руға мал мен басты қатар тоқкені” тарихтан мәлім.

Ерте заманда бұл рудың ауылдары бүгінгі Шар ауданының Делбегетей тауына, кей жылдары Қызылсу өзенінің Ертіске құятын сағасына дейін жаз жайлап барады екен. 1844-жылы Көкпекті өз алдына сыртқы округ ретінде құрылып, Мұрын елінің төрт болысы осы округке қараған соң, бұлардың жайлау өрісі біраз тарылды.

Енді бұл ел бүгінгі Көкпекті ауданына қарасты Қалба таулары пайдаланатын болыпты.

Не шықса, көптен шықпай ма? Атақты адамдарға Тоқабай руы өте бай. Кешегі қара қылды қақ жарған Кегенбай би, Құнанбайдың атасы Ағанас батыр, Құнанбаймен құдандаласқан Нұран бай, жауырыны жерге тимсген Молдабай балуан, Аяқоз, Малбағар батырлар, Ресей отаршыларына қарсы шығып қаза тапқан Қожакелді батыр, Биакмет Сәрсенов, Отыншы Әлжанов, Смағұл Жармақов, Жағыпар Мұхаметжанов, Жүмәділ Мұхаметжанов, баяғы қызыл комиссар, Екпін аулында қола мүсіні тұрғызылған Ысқақ Кабеков, 1862-жылы Сібір бұратаналарының заң реформасы негізінде округтар таратылып, болыстық әкімшілік жүйесі құрылғанда Нарын болысына тұңғыш болыс болып сайланған Бәйел биді айта келіп бәрі осы рудың перзенттері екенін өсте естен шығаруға болмайды.

Бәйел бабамыз XVIII ғасырдың соңына қарай дүние салған. Ол кісі кезінде руластарын отырықшылыққа, егіншілікке тартқан. Қарғыба өзенінен тоған салдырған. Содан бері екі ғасырдан астам уақыт отсе де Қарғыбадан бастау алған қатар ағатын Кегенбай, Бәйел тоғандары неше ұрпақтың игілігіне пайдаланылып аудан картасынан түспей келе жатыр.

Шамамен көне көз қариялардың айтуы бойынша 1700-1750-жылдар шамасында Ресей патшалығының отарлау саясатына наразылық білдіріп қарсы болған, Тоқабай руынан шыққан атақты батыр, дәулетті бай Ағанас бастаған ықпалды адамдардың жиырмадан астамын үйлерімен қоса жер аударып содан оралмаған көрінеді.

1826-жылы Қожакелді батыр Ресей патшалығы жендеттерінің қолынан оққа ұшады. Қожакелдіні 1760-1770-жылдар аралығында дүниеге келген болуы керек деп тұспалдайды. Қаза тапқан кезіндегі батырдың жас мөлшері жетпістің ішінде деп көрсетілген.

Ал туған жылымен алсақ 66 жаста болып шығады. Жетпістен алғанда 1756 жылы туғанды мезгейді. Қожакелді батыр дүниеден көшерінде артындағыларға “орысқа бодан болмауды” өсиет еткен.

Біз мұны батырдың балалары мен немерелеріне арналған толғауының мына үзіндісінен аңғарамыз:

Айдабол, Шапат, Қожамжар,
Орысқа бодан болмандар.
Орысқа бодан болсандар,
Өркештіде қом қалмас,
Құйрықтыда жал қалмас
Жерінде шұрай, сән қалмас
Адамың да оң қалмас.
Кіргізбе іштеріне жат халықты,
Деп батыр қауіп ойлап сақтаныпты.
Өлген соң құнын сұрай Петерборға,
Үш кісі Жолымбеттен аттаныпты...

Кезінде бұл өзі әжептәуір ұзақ толғау екен. Көне көз қариялардың есінде қалғандары осылар. Әрине, кансырап өлгелі жатқан адам олен айтты деу қисынсыз. Бірақ, айтып кеткен өсиет-ақылын кейінгілердің толғауға айландырғаны ақиқат. Марқұм Сұлтан ақсақал бұл толғауды Зейтінғазы ақын шығарған деп отыратын.

“Біржан-Сара айтысындағы”:

Найманда Қаракерей, Сыбан, Мұрын,
Жеті ата Жолымбетке күйған нұрын
Шерубай, Тана мырза, ер Тәукебай
Қай қазақ сөз бастады одан бұрын? –деген шумақ бар.

Осында аталған адамдар Ресейдің озбырлығына, казак-орыстардың, қарашекпенділердің өктемдігіне қарсы наразылық білдірген елдің серкелері болатын.

Қожакелдінің құнын даулау кезінде Шерубай ерекше өжеттікпен көзге түскен-ді. Мырзастан шыққан Тәукебай ерлікке басып, ұлықтардан тілін тартпапты. Мұндай ерлер Ресей патшалығына жақсын ба? Ұлықтар Тәукебайды Көкпектіге алдап шақырып алып, үзенгісіне у жағып қоя берген. Есіл ер сол удан қаза тауыпты.

Ал жоғарыда аты аталған Биахмет Сәрсенов, Отыншы Әлжанов, Смағұл Жармақов, Жұмаділ Мұхаметжановтарға Алашордашыл деген ат қойылып, айдар тағылып 1937-жылы қара тізімге ілінеді. Жергілікті жердегі туыскандарымен қоса қудалауға түсіп, жер аударылып, сотталды. Мәселен, Жұмаділ Мұхаметжанов 1937-жылы қудалауға ұшырап, лагерьде опат болды.

Міне, осындай ауыр күндердің бұлты сейілгеніне бірнеше жыл.

Еліміз сгемендік алып, экономикасы жақсарып өркендей түсуде. Өткен тарихымызға көз жіберіп, бабалар туралы ерлік істер, олардың батырлық, шешендік сөздері бүгінгі ұрпаққа үлгі болуда.

ДАУДЫ ШЕШКЕН ДАНАЛЫҚ

Қазақ ел бірлігін сақтаған әділ билері мен қол бастаған батырларын ардақ тұтқан ғой.

Қазақ халқының тарихында ерекше орны бар “ Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама” заманында өмір сүрген орта жүзге әйгілі болған, қара қылды қақ жарған әділдігі, шешендігі, ерлігі ел бірлігін сақтаудағы ерен еңбегімен әрі қамқорлығымен халық сүйіспеншілігіне бөленген біртуар тұлғаның бірі Кегенбай би бабамыз туралы әңгімелер мен дастандар сөз қастерлей білетін адамдардың көпшілігіне таныс.

Осы атақты би туралы ел аузынан Қаракерей Қабанбай дастанындағы сонау, Мәшһүр – Жүсіп Көпсейұлынан бастап Қазақстан Жазушылар және журналистер одағының мүшесі , белгілі айтыскер ақын, марқұм Қ.Алтынбаевтың , байырғы журналист Абылай Сарбасовтың, Мейрам Ораловтың “ Ұмыт қалдыруға болмайтын ұлы би” деп жазған мақалалары бидің қайталанбас тұлғасын сомдай түседі

Би туралы жазылған мына толғау да осы пікірдің айқын көрінісі деуге болады.

КІРІСПЕ

Тебіреніп терен ойдан шықты қайнап,
Асыл сөз ақтарылды бабама арнап.
Жылында мың жеті жүз отыз бестін
Құлпырған гүл бәйшешек бүкіл аймақ.

Тарбағатай тауының саласында
Көсіліп Қалба жатыр арасында.
Найманнан Байыс Мұрын атты ел тараған
Ақсуат, Көкпектінің даласында.

Тоқабай сол Байыстың бір баласы,
Ол кезде жиі болған ел арасы.
Тоқабайдан батыр да , би де шыққан
Дастанның бұл негізгі мағанасы.

Ғұмырнама
Мамырменен маусымның арасында
Маусымның алты жеті шамасында,

Дүниеге Кегенбай би келген екен
Көкпекті өзенінің жағасында.

Жомарт бай ат шаптырып той жасайды,
Ақсуат, Көкпектінің даласында.
“Арқасында қалы бар құлыным”-деп
Мейірлене құшыпты анасы да.

БИЛІК ТҰРҒЫСЫНДА (ТҰҒЫРЫНДА)

Жылжумен жылдар өтті, бала ер жетті,
Кегенбай жігіт болды асыл текті.
Ер құны, елдің дауын шешетұғын,
Би болды ел ішінде қабілетті.

Енді осы Кегенбай Жомартұлы Найманның Байыс (Мұрын тармағынан) оның ішінде Тоқабай табынан шыққан. Ұзақ жасап 100 жасында дүние салған. Он үш жасынан билікке араласқан. Оның төменде баяндалатын биліктері шешендік сөз қақтығысы елдің есінде жақсы сақталған.

Кегенбай би бір сапарында қалмақпен шапқыншылықтағы кісі құнына байланысты Шыңжаң өлкесіндегі Орқашар тауынан әрі асып , қалмақ ішіне дейін барыпты. Бұл жолы да, қалмақ биін сөзден жығып,әділ билік айтып екі елдің дауын бітіріп қайтқан.

Қалмақ елі Кегенбай биді “ Білдірмей шешетін, қан шығармай кесетін би екен” деп бағалапты.

Бидің жоңғар - қалмақ басқыншыларының шабуылынан құтқарудағы азаматтық орасан зор еңбегі ел аузындағы шешендік сөздер, әнгімелер мен аңыздар арқылы жарқын көрініс табады.

Қонтажы болған екен қаһарлы хан
Жанына батып адам бара алмаған.
Ер құнын шешу үшін Кегенбай би
Алдына Қонтажының барған адам.

Қазақтың жерін алып, малын алған,
Ел шауып, қызды әкестіп, ойран салған.
Жанына отыз адам ертіп барып,
Құтқарған қазағымды осы даудан.

Қоңтажы Кегенбайды қабыл алған,
Бір жұма дау шешілмей дамылдаған.
Үш түрлі сұрағыма жауап берсең,
Билігінді болайын орындаған.

Бұл сөзін Кегенбай би мақұл алған,
Сұра деп сұрағыңды айтып қалған.
Тындаған сонда тұрып хан сұрағы,
- Кімге опа береді дүние жалған?

Бар екен еліңізде үш жақсы адам,
Біріншісі-Серікбай “Матайлаған”
Екіншісі-Мүсәпір деп естідім,
Үшіншісі-Кегенбай деп ойланам.

Дегенде Кегенбай би күлген екен,
Жеңілгенін Қоңтажы білген екен.
“Жесе тоймайды, құйса толмайды,
Бұл нағыз Серікбай” деген екен.

Мүсәпір деп қойылған аты жаман
Екіншіңіз Мүсәпір деген адам.
Көргенін айтпайды, алғанын бермейді
Дегенде Қоңтажы хан көп ойланған.

Үшінші сұрағыңыз қиын екен,
Халқыңыз бүгінгі күн жиын екен.
Ауыртпай кесіп, білдірмей шешетұғын,
Мен Кегенбай биіңіз, - деген екен.

Ел дауын, ердің құнын тура шешіп,
Еліне олжалы боп келген екен.
Жерін беріп, жесірді қайтарып ап,
Қазаққа Қалмақ теңдік берген екен.

Бұл дәуірде өз ұлтының азаттығының ұйтқысы болып талай тағдыр таразыға түскенде, ел жұртының бірлігі мен тірлігін көксеге Кегенбай бидің алатын орны ерекше. Сол заманда өмір сүрген ас

ақылман ірі қоғам қайраткері, дала демократиясын дамытып егемен ел болу үшін жұмсаған қажыр, қайраты, азаматтық қызметі аз емес.

Кегенбай міне осындай болған адам,
Басына бақ пен қыдыр қонған адам.
Кіндігінен 16 бала өрбіп,осіп,
Жомарттан 11 бала ол тараған.

Кегенбай Жанболаттың өскен ұлы,
Ер құнын, елдің дауын шешкен ұлы.
Аруағы риза болсын бабамыздың,
Өмірде шығармайық естен мұны.

Қаз дауысты Қазыбектің немересі,
Бекболаттан Тіленші деген кісі.
Кісі өліміне билігін дұрыс бермей,
Дауға айналған аяғы мұның тұсы.

Әлқиса, бұған дейін Найман елінен барған билер тобына Қаракесек ұруы жуандық көрсетіп ,жөнді жауап бермей қайтарса керек.

Келесі жылында Кегенбай бидің өзі атқа мінеді.Басқа жаққа бет бұрмастан , ат тұмсығын Тіленші Бекболатұлының ордасына тірейді. Күтуші жігіттер бұларды қонақ үйге апарып түсіреді. Тіленші би Кегенбай бидің сырттай даңқын естігенмен, өзін көрмепті. Сондықтан да қандай адам екенін байқап келуге сыншы жібереді.

Келесі күні қонақтармен бірге болған сыншыдан мәнжайын сұрағанда сыншының айтқаны:

Қаршығыдай шағын денелі , оңменіңнен отердей көзі бар, шокпармен ұрғандай сөзі бар, шөкша сақалды , сары сұр біреу отыр орталарында. Бір айыбы денесі томшадай ғана екен. Тымағының бір құлағы жымырулы ,етек жеңін қымтап,бүктеулі қамшысы жанында, жүресінен отырып сөйлесті. Өзі қонышына пышақ жанып отыр, -дейді қайтып оралған сыншы - қауіпті жауыңыз сол , басқалары дәнсең емес,- депті. Сонда Тіленші - Етек жеңін қымтап ұстауы,елін шашыратпай, іргесін бүтін ұстайтын адам екен. Қамшысының бүктеулі жанында жатып,жүресінен отырып сөйлесуі - елім үшін бәріне бекеммін дегені ғой. Қонышына пышақ жанып отырғаны- Опырмай, жауласуға да, дауласуға да дайынмын дегені ғой бұл - депті.

Бұл дауға барған екен Кегенбай би,
Тіленші көрсетіпті құрмет пен сый,

Тай сойып, қонақ асы жегеннен соң,
Тіленшеге айтыпты: “Халқыңды жый”

Шабуылды бұрын бастауды жөн көрген Тіленші келе сөлемдеседі де,
Кегенбайдан көзін алмай, іле сойлеп кетеді.

-Уа, заманның тозғаны –ай,
Аттан тайдың озғаны – ай,
Шернеуіштен(кішентай дегені) би қойып,
Қайран елдің азғаны-ай!,-
деп саңқылдай жөнелгенде
Кегенбай би іркілместен :
-Арғы атаңды білуші ем,
Аруакты қарт еді.
Өз әкеңді білуші ем,
Жақсылардың арты еді.
Келген қонақты сыйламау,
Қай қазақтың салты еді
Малдың зоры соғым болар,
Адамның зоры боғым болар,
Шойынның батпандайы күм болады,
Алтынның мысқылдайы пұл болады.
Құм жиылып тас болмас,
Құл жиылып бас болмас.
Сен шойын мен алтын шығармын,-

дегенде Тіленші одан әрі айтқызбай, таяп келіп нығындағы шапанын
Кегенбайдың үстіне жаба салыпты.

Тегі, одан әрі айтса, ұлы әжелерінің қалмақтығын айтар деп
қауіптенсе керек. Кегенбай би сол сапарында дау аяғын біржола
тындырып қайтады.

Жеңілген соң Тіленші,
Әділдікке сеніпті.
Ертеден қалған аңыз боп,
Тіленшіні жеңіпті.

Кегенбай айтқан осынау аталы сөз Ақсуат, Көкпекті, Жарма, Аяқоз
аудандарын мекендейтін сөз білетін адамдардың бәріне жақсы мәлім.
Тегі Тіленшімен болған осынау сөз қағысы бүкіл Арғынға тараса керек,
Атақты Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің шежіре кітабында Найман
ішінен бірінші кезекте Кегенбай биді дәріптейді. Тоқабайдың жуаны
Кегенбай, бай ел болды. “Білсең Кегенбаймын, білмесең деген баймын”
дейтуғыны мығымдығын көрсетеді.

Қаракерей Қабанбай сынды батырлар осы Тоқабайдан, онан бергісі Кегенбайдан да шыққан деседі деп жазылыпты / 400 бет/

Кегенбай би тоқсаннан асқан кезеңінде,

Үш сұрағы сөз болған өз елінде.

“Мойнынан, белден, аяқтан түскен кісен не ?”

Дегенде, Бокбасар би шешіпті үшеуінде.

“Мойнындағы кісен – Алланың сүйген ұлынын мойнына түсер, халық жүгін қотерер өзіңіз ғой.

Белден түскен кісен-жетесіз баланыз ғой,

Аяқтан түскен кісен- ағайынның жаманы, әйеліңіз

Шешуі осы үшеуі болады ғой,-

дегенде риза бопты Кегенбай би.

Олай болса сол кісенді мойныныңа ілдім,-деп

Би батасын Бокбасарға берген ұдай.

Ер дауын, ердің құнын шешер кезде,

Ертіпті Бокбасарды содан былай.

Билікті өз балаларына бермей руы Сары Жамантайұлы Бокбасарға беруі бидің өз мүддесінен ел мүддесін жоғары қойғаны. “Тура биде туған жоқ” деген халықтық қағидадан табаны таймай өткен кемеңгерлікті, даналықты көреміз.

Осындай қасиетті қып жаратыпты,

Кегенбай бабамызды патша құдай.

Артында аз болсада сөзі қалған,

Үш жүз үй шаңырағы көзі қалған.

Әкесімен екеуін қатар қойып,

Мәңгілік ұрпақтары зират салған.

Кегенбайдың бір жүзге жасы жеткен,

Коз жұмғанша бабамыз билік еткен.

“Екі арманым айтылмай бара жатыр”

Ден арманын өлерде айтып кеткен.

Бірінші арманым-жақсы әйелді ер құнына,

Жақсы атты нар құнына кесе алмадым.

Екінші арманым- мылтық ұстамаған,

Ерді әйел құнына кесе алмадым.

Ғажап қой ойлап тұрсаң қиялдары

Дұрыс қой шеше білсек ой, арманы.

Жақсы әйел, ер қанаты, серігі ғой

Мылтық алған батырлар ел қорғаны.

Баланы жай көріпті атам Шайман
Тілепті бала бер деп бір құдайдан.
Құдайым шын тілегін қабыл етіп
Мұншама ел боп өстік Белгібайдан.

Ортасында Сүгірше бабамыз бар,
Төрт ру халық болдық Толегетайдан.
Дастаным ел есінде зерделеніп,
Жазылды Жомарт ұлы Кегенбайдан.

Бидің өмір сүрген заманында Арғын, Матай , Уақ, Қарауылжасық, Сарыжомарт елдері шекаралас отырады. Осы елдердің бірінің өте бай адамы,жесір дауында ма , жер дауында ма, өзі сияқты мінезі өркөкіректеу, ұрт мінезді бай адаммен сөзге келісіп, қамшыласып,сабаласып жүріп, қарсылас байдың көзін шығарып алады. Артынан арада дау көбейіп, екі ауылдың арасы егес болып , ел арасы бөлініп, кісі өліміне дейінгі жанжалдарға барады. Ел арасын тыныштандырып бітімге келу мақсатында аяқ жетер жердегі билердің барлығына да жүгініске барады. Алайда, билердің мал кесігіне өзі онсыз да қисық мінезді адам келіспейді. “Кескен малының үстіне сондай мал қосып берейін , козімді шығарған байдың көзін ойып алып беруге кесім шығарып бер” дейді екен.

Бұдан арғы арада да ел арасындағы егес тоқталмайды. Бұрын ешбір шешімін таппаған, асқынған даудың шешіміне жүгініске Кегенбай билер баруды ауыл ақсақалдары мен ел жақсылары ұсыныс жасап,келісімдерін береді.

Осы ұйғарымнан кейін жанына бірнеше адам алып, Кегенбай бидің ауылына келіп түскен екен .

Би ауылының күтуші азаматтары бұларды қонақ үйге апарып түсіріп, қонақ асын беріп күтеді. Ертеңінде би келген қонақтардың бұйымтай шаруаларын сұрайды.

Қонақтар келген істің мән –жайын, егжей-тегжейін айтады. Болған билермен шығарылған биліктерге келіспейтіндіктен, жүгініске келгендіктерін баяндайды. Наразылықтарын толық тындап ұғынысқан соң, Кегенбай би ойланықырап, сөзді одан әрі жалғастыра отырып, сөз арасында “Қарсыластарыңыздың қыз баласы бар ма? ”

-деп сұрапты.

Жүгініске келушілер : “бар” -депті. Әңгіме тетігі шешімге тақар кезде олай болса құда болғайсың, құда болсан немерең ұл болар, егер немерең

ұл болса, ашамайға мінуге жарағанда келерсің, билігін сонда айтармын, - депті.

Құн даулаушылар би шешіміне түсініксіздікпен ауылына аттанып кетеді. Биге жүгініске келгендер еліне барған соң, ауыл ақсақалдарын, игі жақсы мен жайсаңдарын жинап бидің айтқанын ортаға салады.

Жиналғандар : “Би тегін айтпас болар, қашанғы атысып, жауласа береміз, құда болсақ, құда болайық” -деп келісімге келіпті.

Бидің айтқанындай, айы-күні толғанда келіні ұл тапса керек. Кегенбай бидің сәуегейлігіне тәнті болған бірбеткей бай немересі ашамайға отыруға жарағанда бидің ауылына қайта оралады.

Кегенбай би құн даулап жүрген адамнан: “Көзің жетілді ме?” –деп сұраған екен. Сонда құн даулаушы: “Жетілді”, -деп жауап беріпті. Сонда Кегенбай би “Судың түбін шым бекітер, даудың түбін қыз бекітер”, - деген осы десе керек.

Сонда билікке келген адам, Кегенбай бидің үстіне шанан жауып, ат жетелетіп, түйе берген екен дейді.

Ертедегі кезде барымташылық тиылған ба? Әсіресе, айдаса жаудыкі, ысқырса желдікі болған жылқы түлігіне ұрылар көзі алдымен түскен. Жанболат елі жайбарақат жазғы жайлауында отырғанда Арғын руының адамдары жылқы ұрлап, екі арада ұзақсонар дау басталады.

Қолды болған жылқыларды иелері таныса да алушылар ырық бермейді. Арғын билері арызды сныр құймышақтатып шешпейді. Ондағы билік құрушы Сапа деген адам екен.

Жанболат елінің жылқы алдырған азаматтары осы жағдайды Кегенбай биге баяндайды. Шіеленіс мөнісін ұғынған соң би өз тарапынан Арғындарға екі мәрте адамдар жіберсе де шешімді жауаптарын ала алмай қайтады.

Жауап жоқ болған соң Кегенбай би өзі барады. Сапа би Кегенбайдың атақ, данқын сырттай естігені болмаса өзін көрмеген адам екен.

“Кегенбай би келді” –деген соң сәлем беріп, есіктен кіргеннен кейін Сапа :

“Кегенбай қайсы кісі?” - деп сұрапты.

Сонда жапындағылар :

“Ол мына кісі болады” –деп таныстырғанда Сапа :

“Көлегей адам ба десем, шынашақтай ғана екен ғой”, - дегенде Кегенбай:

Алтынның бармақтайы пұл болады,
Шойынның қазандайы құм болады.
Адамменен адамды айыра алмас,
Өзінің аға тегін кім болады, - дегенде

Сапа би үндемей үйден шығып кетіпті.

Жиналып отырған Арғын ақсақалдары: “Сапа, сен сөзден ұтылып, жеңіліп қалдың ғой”, -деп дабырласыпты.

Кегенбай би бұл жолы да ат шапан айыбымен ұрланған жылқыны айдаттырып еліне олжамен оралыпты.

Кегенбай би тек қана би емес, көріпкелі бар сәуегей адам болған, Кегенбай -би бір көрген түсінде келешекте әлемнің бір талай жерін қамтитын мемлекет болар сірә-деген екен / Нұрғазы ақсақал / . Соған қарағанда талай қым-қиғаш оқиғалар тағдыр таразысына түскенде осы данағой биден шешімін тауыпты.

Кегенбай би айтқан осынау аталы сөз орта жүз ішінде Арғын, Найман елінде санада терең із қалдырған. Кегенбай бидің шешендік сөздерімен билік болмысы корегендігі сөз білетін адамдардың бәріне жақсы мәлім.

Алайда, билер мен шешендер сөзі десе шошынып, олардың асыл мұрасының әрбір сөзінен астар іздеп, қайдағы бір жат пиғылды аңғаруға бейімдік танытқан түрлі-түрлі қоғамдық-әлеуметтік себеп салдарынан болса, екінші көнекөз қариялар азайып, күн өткен сайын, жабулы қазан жабуымен қалып ұмыт болып бара жатқаны белгілі.

Дегенмен бидің-билік шешендік сөздері көне көз қариялардың солардан естіген ағайындарының, жекелеген жинаушыларының еңбегінің нәтижесінде сақталды. Ертелі -кеш ел аузынан жиналған билік шешендік сөздері 1990 жылдан бастап аудандық, облыстық, орталық газеттерде басыла бастады.

Бидің билігі мен шешендік сөздерін жинаушылар деп Нәксі,Қонақ , Иген,Жәкешай, Момбай, Дүнгеі молла, Ахметжан, Әпсәләмдерді... айта келе, бұл әңгімелерді жадында сақтап, ұрпаққа жеткізген еңбектерін атап өткім келеді. Дегенмен тарихтың, өнердің, білімнің кілті халықта ғой. Қаншама мағұлұматтар жатыр десеңізші. Тек шашылып жатқан маржанды уақытын өткізбей жинап алатын мүмкіндіктер болса демекпін.

XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ халқының жонғар жорығына қарсы күресін ұйымдастырушылардың бірі, сол кездің ірі қолбасшысы саналатын Қаракерей Қабанбай батырдың жасында елінен кетіп, жиырма бес жасында қайта оралғанда, бүкіл Арқа қазақтары жиылып, Аякөз бойында үлкен той жасайды. Қаракерей елінің билікті адамдары Кегенбай би, Бұланбай, Бокбасар, Бексұлтан, Даулет,Молқажан, Жауар т.б.бірнеше түйсеге қырық саба қымыз артып ерулік алып тойға келеді. Неше күн той жасап, аяқтар кезінде айтқан уәдесі бойынша, Өмір батыр Байжігіт туын Қабанбайға тапсырады да батасын береді...

Сөйтіп, Мәмбет елінің кеткені келіп, кемтігі толып, кейінгі өмірлері тату - тәтті, берекелі болып өттігі, -деп жұрт сөз етеседі екен деп Зейнолла Сәнік пен Бейсенғали Садыхан жазады. Б.Садыханның руы Тоқабай, оның ішінде Жомарт болып келеді. “Қаракерей Қабанбай” атты поэмасында қабырғалы би Кегенбайдың аты бірінші аталып, данқы сол кезде мәлім болса да, сойте тұра, “Қазақтың шешендік сөздері” деген кітапта, Кегенбай бидің шешендік билік сөздері, басқа жақтың билеріне телініп кетіпті. Кегенбай бидің аты аталмайды. Бірақ, “Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ”, “Құрама жиып ел еттім, құланды жиып мал еттім”, “Құрама кетер еліне, құланды кетер жеріне”, деген сөздер осы Кегенбай айтқан сөз дегенді айтуы әбден ықтимал.

(“Қаракерей Қабанбай”, Зейнолла Сәнік, Бейсенғали Садыхан, Шыңжаң Халық баспасы Үрімжі 1991 жыл. Жауапты редакторы Оразбек Қанафин және редактор Далелхан Смайыл).

Сөз арасында “Қаракерей Қабанбай ” атты поэманың авторлары Сәнік пен Бейсенғали КНР-да ұлтшылдық желеуімен екеуі де түрмеде отырған. Осы отырған кездерінде естелік жазады. Түрмеден Бейсенғали бұрын шығады да , адресін Сәнікке тастап кетеді. Олар сол кезден бастап хат жазысып жүріп түрмеден босаған соң, Бейсенғалиды іздеп тауып алып, күні өтіп көп жатып қалған қағаздарының әр жері оңип қалған көрінеді. Жинап “Қабанбай” дастанын жазған екен.

Сәнік КНР университетінің журналшы факультетін бітірген. Әйелі Шәмша Бану Хамзақпызы да журналист екен. Ал Бейсенғали оқыған шежіреші ақсақал көрінеді. (Ахметказы) Бейсенғали 2001 жылдың күз айында дүние салған.

Қасиетті би атамыз еш жанды жатсынбаған, мейілінше қайырымды, мейірімді, жан біткенді бауырына тартқан, бытыраған елінің басын қосып, көшін түзеген болса керек. Оның айғағы, өз кіндігінен туған балаларынан басқа асырап алған Тарақты, Шахабай, Ораз, Естек, Сарыжомарт атты балалары болған.

Әр қилы замандағы ел басына түскен ауыртпашылыққа байланысты қоныс аударып бара жатқан елдің бірі:

Тарақты елі – Қарқаралыдан көшіп бара жатқан ел екен. Рулары Тарақты ішінде Әлі, оның ішінде– Көгедай. Көгедайдың үш баласын Абыз, Байшағыр, Тоқтар ауылдарын Би бабамыз тоқтатып, Кегенбай ішінен Құл атасынан тарайтын Шерубай ауылы мекендеп отырған Сарыбұлақтан қыстаулық, Қарғыба-Базардан егістік, Қалбадан жайлаулық жер бөліп берген көрінеді.

Бір аңызда Таракты елі Шерубай ауылымен тегінде құдандалас ел екен, соны бетке алып көніпті десе, енді бір әңгімеде қандай да бір қолайсыз жағдайлармен ауып бара жатқан ел екен дегенді айтады.

Қалайда Би атаның қамқорлығымен Кегенбай ауылын мекендеп, осы елге сіңіп, шежіреде бірге аталып кеткендігі ақиқат шындық екенін айтпасақ шараң жоқ.

Шахабай елі – Сады ұрпағынан тарайтын алты ауыл Шахабай елі бөлініп көшкелі жатыр дегенді естігенде, Би атаң алдынан кісі жіберіп, көшпесін деген хабар бергізіп, (сол жерден жер бергізем), егер түйелерін қомдап жүріп кетсе, келген жеріне тоқтасын деген екен. Шахабай елінің негізінде қоныс аудару себебі: Шахабай – Назардың тоқалының баласы екен. Сол тұста мал мен жер еншісіне окпелі болып, бәйбіше балаларынан қысым көрген соң, Қытай елінде тұратын нағашыларына аспақшы болып кетіп бара жатқан жерінен, хабаршылар үлгеріп барғанша Нәуім қыстағының тұсына келгенде алдынан шығып тоқтатып, Бидің келетіндігі туралы хабардар етіп, дайындалыңдар деген көрінеді.

Айтқанындай Би атаң келгеннен кейін сол тоқтаған жері Нәуімді қыстаулыққа, сгіндікке Кегенбай-Бәйел тоғамының Кокбұқа тоғамымен шекаралас жерінен жер беріп, енші бөліп, жайлауын би балаларының қайсысымен қанаттас болсаң, сонымен бірге болады деген кесім айтады.

Сол биліктің куәсі ретіндеі Шахабай зираты сол бидің берген кесім жерінде әлі күнге дейін тұр. Би атаның батасы тиіп, Жанболаттың бір баласы Сары елімен құдандалас болып, ел аузында мынадай сөз қалыпты: “Сарыда құда Бокбасар, билік айтса доп басар, Шахабай құда Нәуімді, ел Қалбаға шыққанда, Жолдыбайдың саласын малы да сыймай жатады”.

Ораз табы – тегіндегі Кегенбай Оразбыз деп жүретін Шойтабан ұрпақтары Балшықбаев Жұмаділ, Әмірқасым, Қазыбек, марқұм Нүрсейітов Қапастар болып келеді.

Марқұм Балшықбаев Жұмаділмен “Социалистік” колхозында, кейін “Ақсуат” совхозында бірге жұмыс істедім. Ол кісіден ертедегі көнекөз қариялар айтатын аңыз әңгімелердегі Шойтабан Ораз тарихын сұрағанда былай деп әңгімелегені бар.

Шойтабан руының Ораз табы ру арасындағы жер дауымен жанжалдасып, арада араздық пайда болып, ағайын арасындағы жанжалдың өршіп етек алып, ушығып кетуіне байланысты, жерді қойып, қорасынан қой шығартпауға барған соң, бірге отыруға мүмкіндік болмағандықтан, Қытай мемлекетін бетке алып, қоныс аударып бара жатқан елді “Жұрынның кезеңінен” Кегенбай би ауған ауылды

жақтағын, қолы себептерін сұрағанда Ораз: “Жылқымызға құрық салды, басымызға сырқат салды”, - деген екен. Ораз да батыр адам болыпты. Шойғабан ұлдарының өз інінен бүлік шығармайын деп қолға керек. Ораз Ақ сұлу деген әйелінен бала қорғегенін айтып қаныққаннан кейін, Би бабаң Ақ сұлуға: толғағын жеңіл болып тоғыз, еңкейгенде егіз тап, - деп бата беріпті.

Бидің батасы тиіп, содан былай Ақсұлудан үбірінді-шүбірінді болған екен деген аңыз бар.

Би бабаң қоныс аударып бара жатқан Ораз табын еліне алып келіп, елін жинап жер ауып бара жатқан Оразды менің балам деп есептендер. Оны шеттеткендерің менің ұрпағым емессіңдер деген екен. Сөйтіп, өз ұрпақтары қыстап отырған “Толеуіш”, “Жанабай”, “Қазанқай” қыстақтарына қоныстандырып, озіне бала етіп алуы көне қоз қариялардың әңгімесін бекітеді. Сол Ораз табы күні кешеге дейін оздерінің руын Кегенбай Оразбыз деп атап келген болатын. Сол қасиетті бабамыз болмаса, әлде қайда жүретінімізді кім білсін деп ел тұтастығын сақтап қалған бабамызға ризашылық сезімдерін білдіріп, басқасын қойғанда бала етіп алып, ұлан-асыр той жасағаны еш уақытта ұрпақтардың есінен кетпес деп әңгімелейтін.

Сол сияқты Өтетілеу ішіне сіңген Естек, Қырықбай ішіне сіңген Сарыжомарт ұрпақтары да – бірге өсіп біте қайнасқан шежіреде бірге жазылған ұрпақтар. Бұлар өте ертеректе келіп осы ру аталарымен бірге өсіп, сіңісіп кеткенге саяды. Өйткені бұларды қандай да бір жағдайлармен келіп еді деген аңыз әңгімелер айтылмайды. Кегенбай би ұрпақтарының кейде он алты, кейде он сегіз болып айтылатын себептері де осыдан болу керек.

Кейінгі “Ақтандық” жылдарынан соң өмір сүрген ақсақалдар болмаса одан бұрынғылары тіс жарып ештеңе айтпаған көрінеді. Би бабаң мақсатым-құрамадан жисам да ел ету, құланнан жисам да мал ету деген қағиданы ұстаған қасиетті тұлға.

Міне, осы аталған балаларына еңші беріп, ат шаптырып, той жасап, түгел ұрпақтарын жинап, кімде-кім осыларға сендер сіңбесіңдер, тұмаған деп тіл тигізсе, жат мінез көрсетсе, сол менің үмбетім емес деп қатаң ескертіп, шегелесе керек.

Бабаның осы айтқан бата сөзін бұлжытпай орындап, ұрпақтары туған балаларымен бірге өсіп-өркендеп тамырын кең жайып, өздерін Кегенбай бидің ұрпақтарынан тарағанбыз деп зор мақтанышпен айтады екен.

Кезінде ел бірлігін сақтаған бабаның биік парасаты, дархан рухы, асқан кісілік келбеті міне осындай болған.

Қалай деседе, осы ата-бабаларының ұзақ жылдар бойы би балаларымен бірге өсіп, біте қайнасып, тегінде шежіреде қатар жазылып келгендігін алып тастай алмайсың.

Бұл асырап алған балаларынан басқа бидің өз кіндігінен өскен 350 үй Кегенбай ұрпақтары болғанын мезгейді. Революционер – жазушы Сәкен Сейфуллинге, Ысқақ Кабсковке, осы рудың азаматы Б. Сәрсеновке алашордашыл деген ат қойып, айдар тағылды. Ел-іші қуғындауға түскен қым-қиғаш өткен ақтаңдақтар заманынан кейін, ауыртпалықтан жер ауып, шет елге кетіп айыпталып, ұсталып, тынышталған 1940 -шы жылдың басында 50 үй ғана қалды. Осы 50 үйден 1941 жылы 73 жас өспірім, әскер қатарына алынып, одан 69- ы мүлдем еліне оралмапты.

Сәмен Тоғас ішінде Шерубай, оның ішінде Аталық Кегенбай би Жомарт ұлына жиен болып келеді екен.

Кегенбай би дүниеден озғанда Тоғас елі :

Нағашың еді Кегенбай,

Би атаң айтты деген –ай !

Би атаңның тұсында

Күндегі сауық күнім-ай!

Нағашың еді Жанұзақ,

Тұрмадың ата азырақ.

Би атам сапар шеккен соң,

Өшті ғой біздің шамшырақ,-деп

айтқан жоқтау өлең үш ғасырдан астам уақыт бойы адамдар санасында сақталып ұмытылмай келеді. Балалар сөзі шындығында даналық көзі ғой.

Кегенбай бидің зираты Көкпекті селосынан шығып, Ақсуат тас жолының бойымен тоғыз шақырым жүрсеңіз, сол жағындағы шок тоғайлы шағын жазық жатады. Тоғай арасынан бұралаңдап, Көкпекті озені ағады. Бұрын жазық ортасынан айналасында кішігірім зираттар бар үлкен екі төмпешік көзге шалынатын.

Тың көтерілген жылдары бір бұзық трактористер айналасындағы зираттарды қағып өтіп, бір талайын жыртып жіберген көрінеді. Ортасында төмпешік болып қалған зираттардың айшықты ағаш күмбездері бұдан ертеректе сонау отызыншы жылдары сол зираттан шығысқа қарай орналасқан екі километр жердегі сиыр базының тобесін жабу үшін бұзылып алыныпты да, айналасындағы қыш кірпіштен жиналған қорғандарының кірпіштері тозғаннан кейін, екі үлкен төмпешікке айналған.

Тарихи ескерткіштердің, ескілік аталуының бәріне жауыға қарайтын сондай бір қытымыр заман өтті ғой басымыздан. Сол екі километр

едіңдікпен қорналасқан/салынған базға камалған ірі қараның белгісіз аурумен, әр күн сайын бір бастан шығын болып, қыстама аяқталғанда бәрі өліп біткен деседі. Кейіннен қой да, шошқа да қыстатқан бірақ қыс ішінде бәрі де өлді, - деседі бірен-саран көне көз қарттар әңгіме тиегін ағытып.

Ал екі зираттың күмбездерін бұздырып, қыш кірпіштерін алдырған адам үрім бұтағымен жоғалған. Мұны естігенде Египеттегі перғауынның оқиғасы ойымызға оралады. Египеттегі оның қабірін ақтарушылардың да көпшілігі белгісіз аурудан өлген еді ғой. Мұның себебі сароқақтың ішінде мындаған жылдар бойы сақталып қалған улы микробтарға байланысты екен! Сол кейіннен анықталды ғой. Мұндағы колхоз малдарының жаппай шығынға ұшырауына да сондай бір салдар себеп болды ма, кім білсін? Ал , қариялар қауымы мұны киелі аруақтардың шамдануы деп жориды. Қалай десек те әлгіндей фактінің болғаны анық . Бүкіл Найманға билік айтқан жарықтық Кегенбай бидің аруағы тегін қойсын ба ! – деседі олар.

Осы жер бұрынғы “Ұзын-бұлақ ” совхозының егістік жері. Зират егістік жерге кіре орналасқан. Жылда жер жыртатын трактористер, зираттың үстімен жүрмей, борзданы айналып өтіп салатын. Осыдан он шақты жыл бұрын осы арадағы егістікті бір қазақ , бір неміс жігіті “К-700” тракторымен жер жыртады. Неміс жігіті борзданы тура тартамыз дейді. Ал қазақ жігіті алдында киелі зират жатыр, айналып өтуіміз керек дегенге қарамастан қандай түлен түрткенін кім білсін, тура борзда тартып келе жатып, зираттың төмпешігіне көтеріле бергенде, трактор артындағы тіркеме плуг үзіліп, “К-700” тракторының шатуны кенет сынып, істен шығады. Трактордың қатты үзілген шатунының дауысынан шошынып, неміс жігіті трактордан түсе қашып, қарсыдағы беткейге шығып кетеді. Артынан қуып барып ұстап алып келіп, зират басына әкеліп мал сойып,ұшықтап, құран оқып ишарат жасаған едік, - дейді қариялар. Дегенмен сол жігіт жарымжан болып ауырып, тракторын тастап кеткен көрінеді.

Малды қойғанда адамның осындай жағдайға ұшырауын тектен-тек жағдай деп түсінуге болмайтын бір сыр бар екендігін анық дей келе, бүкіл елге, Найманға билік айтқан жарықтық Кегенбай бидің аруағы тегін қойсын ба деген сөздің мағынасы да осы терең сырда жатқандай сезіледі.

Он үш жасында билік тұғырына ие болған Би бабан ұзақ жасап 100 жастан асқан шағында дүниеден көшкен соң, Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи мавзолейіне апармақ ниетпен жолға шығады. Бірақ, ол мақсатқа жете алмаған. Жазғытұрымғы ауа-райы кенеттен

ысығандықтан, мәйітті орап-шымқаған мұз түгелімен еріп кетеді. Мұндай жағдайда кеміне жарты ай жүретін ұзақ жолға мәйіттің бұзылмай шыдауы мүмкін емес. Сондықтан, жоғарыда айтылған тоғайлы жазыққа, әкесі Жомарттың қасына жерлеп қайтқан. Әкесі Жомарт атақты батыр адам болыпты. Сексеннен асқан шағында Қалба тауы ішіндегі қалмақтармен откен бір шайқаста жараланып барып, жайлау үстінде дүние салыпты. Әкесінің мұнда қойылған себебі, бұрынғы Буденный атындағы және “Ұзын бұлақ” совхоздарының жері ол заманда Тоқабай руының жазғы, күзгі жайылым жерлері болған. Жайлауы бұрынғы Николаевка елді мекеніне дейін барған.

ССРО Жазушылар одағының мүшесі Қалихан Алтынбаев, байырғы журналист, көкпектілік Абылай Сарбасов, “Семей таны” газетіне берген “Кегенбай бидің асы” деген мақаласында былай деп жазады :

Жомарттан 11 бала туған. Оның ішінде Кегенбайдың өз кіндігінен өрбігендер ақар-шақар. Ал Тоқабай руының өсімталдығын сипаттау үшін халық ақыны Сапарғали Әлімбетовтың “Молдабай балуан” дастанынан үзінді келтірейік:

Тоқабай-Жанболаттың өскен ұлы,
Жайлауға ши бойынан көшкен күні,
40 ауыл ауа көксе жоқтамайтын
Көптігінің белгісі дескен мұны.

Осындай өскелен рудың Ақсуат пен Көкпектіні мекендейтін қалың тобы, басқа да арнайы шақырылған қонақтар , маусым айының бір шуақты сенбісінде аталмыш тоғайлы жазықта бас қосты. Мақсаттары-аруақты бабаларының басына жаңадан мазар тұрғызу және Кегенбай биге ас беру. Ақсуаттықтарды бастап келуші ауатком төрағасының орынбасары Төлеуғазы Нұрғалиев та , көкпектіліктерді ұйымдастырған “Большевик” совхозының соғыс және еңбек ардагерлері Кеңесінің төрағасы, “Абай жолы” эпопеясында айтылатын ер Ызғұттының шөбересі марқұм Әлімхан Далбин мен зейнеткер Мәулен Қаланов, Жакежай Жадранов, ақсуаттықтарды бастап келушілердің ішінде Жамбыл Ахметқалиев, Мақсұтқали Тергемесов, Сайлау Кәрібаев, Ақыман Қасымжанов, Серік Мырзағалиевтар болды.

Тоғайлы жазыққа 6 киіз үй, 2 шатыр тігілді, 6 автобус арлы-берлі тасымал қызметін атқарды. 8 мың кірпіш пен 7 тонна цемент жеткізілген. Әйелдер жағы астың жабдығын мүлтіксіз даярлапты. Ет пен шай кезектесіп , дастархан үстінде ыстық тағамдар көздің жауын алғандай. Түйенің шұбатын сүйсіне жұтқан ақсақалдар Кегенбай би туралы, осы өлкенің арғы – бергі тарихы туралы ағыл –

елі өңімеге кірісті. Ақсуаттық журналист Нұрбек Сейілханов ел өңіменің жуан ішінде.

Екі тонка бөлінген қалаушы шеберлер мен жастар кешке жақын екі төбешік басына алты қырлы ақ мазарды ақ кірпіштен тұрғызып үлгерді. Таушаларына қойылған құлпы тастарға мына сөздер ойылып жазылған:

“Жомарт Тоқабай баласы, 1700-1780 жыл”, “Кегенбай би Жомарт баласы 1735-1835 жыл. Ескерткіш тұрғызған ұрпақтары, 1991 жылдың маусым айы”.

Мазарлар жанына жиналған көпшілікке Тодсуғазы Нұрғалиев арнау сөз сөйледі.

Екі ауданнан келген Мағыпар Файзуллин, Ахметхан Қилыбасөв. Өшім молдалар бабалар рухына құран-қатым шығарды. Ырымдаған көпшілік қатым тағамдарын қыл үстінен бөліп әкетті.

Асқа сойылған жылқының бас сүйегі Жомарт мазарына апарып қойылды. Кегенбай қанша атақты болғанымен, әке тұрғанда балаға жол жоқ. Рәсім солай.

“Коп түкірсе- кол” деген емес пе, бұл науқанға да 150 мың сомнан астам қаржы жиналыпты. Соның келушілерге үлестіргеннен қалғаны Ақсуат пен Семей мешіттерінің есебіне аударылды.

Көкпекті аудандық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамның торағасы Кашаф Хасанұлы Шабанов тарихи ескерткіш ретінде бұл екі мазарат мемлекет қамқорлығына алынып, арнайы толқұжат берілетінін айтты.

Тоқабай осыдан үш ғасыр ғана бұрын өмір сүрген адам. Шалдардың 1916 жылғы мәліметіне жүгінсек Кегенбай, ұрпағы сол кезде 350 түтінге жетіпті. Әр түтінде орта есеппен 5 адамнан болғанда қанша шығатынын санай беріңіз. Қазір бұл сан көбеймесе, азайған жоқ және олардың басым көпшілігі әкелі-балалы Жомарт пен Кегенбайдың ұрпақтары. Демографиялық жағынан осының өзі қызық факт.

Ата-бабаны қастерлеу халқымыздың өзіндік этнография ерекшелігі өрі бүгінгі, ертеңгі ұрпағымызға ой саларлықтай үлгі - өнеге. Ал астың осылайша молшылық сипатта, салтанатты өткізілуі жариялылық пен демократияның тікелей жемісі ғой.

Осындай ойға тоқтаған көпшілік күн екінтіге құлағанда жөн-жөніне тарасты. Айшықты екі мазарат батар күннің шапағына малынып қала берді. Бір кезде ел намысын қорғаған атақты биге деген халқының махаббаты ғой бұл.

Сол сәтте ұлы Абайдың:

Сүйер ұлын болса сен сүй,
Сүйсінерге жарар ол-деген ғибратты сәуегейлік олеңі ойымызға
оралады, -деп жазды.

Би бабаң менің мақсатым – құрамадан жисам да ел ету, құланнан
жисам да мал ету деген қағиданы ұстаған екен.

Атақты Біржан мен Сара айтысында айтылатын:

Найманда Қаракерей, Сыбан, Мұрын,

Жеті ата Жолымбетке құйған нұрын.

Шерубай, Тана мырза, ер Тәукебай

Қай қазақ сөз бастаған бұдан бұрын, –

деген шумақтағы Шерубай, Қос Омар, Тұяқ Әулие, Малбағар, Аяқоз
батыр, Молдабай балуан, Бияхмет Сәрсенов, Отыншы Әлжанов, Смағұл
Жармақов, Ысқақ Кабеков, Жағыпар Мұхаметжанов, Тана мырза
Кегенбай бидің ұрпақтары мен жақын туыстары болып келетін тарихи
тұлғалардың атасы екендігін айтқан орынды болар.

Қазақ халқының тарихында ерекше орны бар, кезінде ел бірлігін
сақтауда ошпес із қалдырған, қара қылды қақ жарған әділдікпен даңқы
шыққан Ұлы би есімімен аталатын аудан орталығында көше болуы
керек-ақ. Бұл мәселені аудандық ономастикалық комиссия әлі күнге
дейін ескермей келеді. Бұл мәселенің тек Ақсуат емес, Көкпекті
ауданына да қатысты екенін айта кеткен жөн. Тарбағатай ауданындағы
Екпін, Аққала деген мағынасыз атаулары бар елді-мекенге Кегенбай би
атын берсе, нұр үстіне нұр емес пе! Аудан басшылары осындай игілікті
істерді жүзеге асырса, аруақ та, халық та риза болар еді-ау!

АҒАНАС БАТЫР

Ағанас батыр руы Тоқабай ішінде Жомарт болып келеді. Тарбағатай
тауындағы Пыштахан қорасының шығыс жағында Ағанас жазығы деген
жазық бар.

Сол жазықтың бойында Ағанас қорасының ескі сілемі жатыр.
Қыстақтың орналасқан жері басы Тұяқ аяғы Сарбұлақтың бойындағы
Кегенбай ауылдарының қыстақтарымен шекараласады.

Ағанас кезінде батыр да, бай да, елінің бірлігін, халқының
ынтымағын, жерінің тұтастығын сақтаған, әділдікті мұрат тұтқан
қасиетті адам екен.

Осы Тоқабай ауылының көнекоз қариялары Қазез, Мәуліт, Биғазы
ақсақалдардың көзі тірісінде айтқан әңгімелеріне назар аударсақ Мәуліт
пен Биғазы ақсақал: «Біз ол кезде тайға мініп жүретін бала едік, Ағанас

Мұндағы болған ойын-тойлардан бір есімізде қалғаны Ағанас аулына барған Манас деген қонақ келді. Той жасағанда өңкей тайға мінген қызықтардың «Ағанас, Манас, көк байталдың етіне тойда кокпар алып талас» деп шабатынымыз есте қалыпты», - дейді. Оқиғаны өрістетіп айтуға шамасы келмейтін кез секілді, осы екі ақсақал да тоқсанға жетіп дүниесін салды.

Ал жүзге келген Қазез қарияның жас кезі екен. Ол кісінің құлағы шалған әңгімесі мынау:

Ел басқарған Ағанас батыр мөлшері 1800-жылдары болу керек, Ресей патшасының саясатына қарсы пікірде болады. Соған байланысты Тоқабай руынан 20 үй жер аударылады. Содан туған жеріне оралмаған. Сол кезден бастап кейінгі елде толқу пайда болған.

Бертін келе Советтер Одағы орнап, отызыншы жылдары аулымен Қытайға откелі жатыр деген бір жансыздың хабары шекара бөлімінің бастығына жетеді. Соған байланысты бейбіт отырған Тәстекей ауылын қырып салғаннан кейін, Тоқабай ауылдары ту-талақай болып тозып кеткендігін жырдай ғып айтады.

Оқиға былай болған: Ауылда Тәстекейдің бәйбішесі руы Тобықты Майбасардың қызы Аухади болады. Аухади бәйбіше үш жасар балаларды найзаға шаншып өлтіріп жатқанын көреді. Мұндай бейбастақтыққа шыдамаған ана солдаттарға қарсы шығып екі үш солдатты өлтіріп жібереді.

Амал қанша қайраты басым асыл ананың екі қолын, екі емшегін, қылышпен шауып өлтірген скен. Аухади анадан туған Құлбайдың жас жеткіншек бала кезі болса керек, ұрыстың ішінен құдай сақтап амалын тауып қашып шығып, ауылдан онаша жердегі жартасқа тығылып аман қалыпты. Ауылдың аман қалған адамдары быт- шыт болып қашады.

Қашып бара жатқан елдің алдынан қарсы шыққан руы Шойтабан Білеуіттің Әріні деген “Құралайды көзден ататын” мерген адам екен.

Қуып келе жатқан солдаттардың он шақтысының бас киімін атып түсіріпті. Тосылып қалған солдаттарға егер қуғандарынды қоймасандар түгел атып тастаймын депті. Мергеннің сұсынан зәресі ұшқан солдаттар кері қайтып кетіпті.

Бүліншілікке солдаттарды итермелеген адам да Әрінмен жолда ұшырасып қалып атпен тұра қашады, Әріп ат үстінен тұрып атып жібергенде, оң жақ құлағын жұлып әкетіп, “шықпас жанға бір себеп” дегендей ажалдан аман қалыпты деп әңгімелейді қариялар

Рулары Тоқабай ішінде Көтебайдан Қайран қажы одан Райымжан қажы, Райымжаннан туатын Тәстекей ұрпақтарының бастан өткерген тағдыр трагедиясы осындай.

Сол қырғыннан аман қалып Қытай еліне барып паналап, қайта оралған Құлбай ұрпақтары: Тұрсын, Жүрсін, Жұмақан, Қайраттар. “Орнында бар оңалар” дегендей, қазірде Қайрат Семей қаласындағы заң институтында ағартушы болып жұмыс істейді. Семейдегі Третейский соттың торағасы. Әйелі Фарида қаржы институтында дәрігер.

Құлбайдың бәйбішесінен туатын Оралхан деген баласынан Өмірхан, Оңалқан деген қыздары бар.

Тастекесв Тұрсын, Жүрсіндер қазір Алматы облысында ел қатарлы сауда-саттығын жасап өмір сүріп жатыр. Туған жеріне де жиі қатынасып келіп-кетеді.

Бір айта кетер, Құлбай қытай елінен оралып Ақсуаттағы туыстарын аралап жүріп бір үйде ас су ішіп әңгімелесіп отырғанда үйге Ақсуатта тұратын Грибков деген орыс кіріп келеді.

Жанындағы қариялар мына орыс баяғыдағы сенің ауылыңды шабатын орыстардың жақыны деп айтып қалады. Сол- ақ екен, Құлбай- да алпамсадай үлкен кесек адам болыпты. Пышақты жұлып алып орысқа қарсы тұра ұмтылғанда Грибковтың жүрегі тоқтап қала жаздапты.

“Ойыннан от шығады” дегендей жанындағы ақсақалдар орыс болған соң қалжыңдап айттық смеспе деп әзер тоқтатқанымыз бар деп күлетін.

Айта берсе ол заманда осындай трагедиялы оқиғалар өте көп болған секілді. Сондықтанда келешекте мұндай оқиғалардың бетін ары қылсын дей отыра, “Қамшының сабындай ғұмырда” Алла татулыққа жазсын деп Құлбай трагедиясы жөніндегі сөзді осымен доғаралық.

Ағанас батырдың ұрпақтары 1992-жылы Ақсуат кентіне келіп ата-бабаларының туып-өскен жері Тарбағатайдағы Ағанас қыстағына барып құран оқыды. Сол қыстақта тегінде алтын, күмістен қоймалары болғандығын айтып, бұл жерден туыстарын таба алмай Алматыға қайтып кетеді. Өкінішке орай осы ақсақалдардың бір де бірі кезіге алмағандығын армандап айтып отыратын.

- Е, шырағым-ай, бұл тәңірден нелер тарихшы шежіре ақылды адамдар өтіп кетті ғой. Әттеген-ай, ертеректе жастықпен еш нәрсені ескермей жүрген кезімізде, көп адамнан еститін әңгімеміз солармен бірге кетті смес пе?,-деп те отыратын.

Бұл кісілер осыны айтып отырғанда бізге қанша сыбаға қалды деп ойға қаласың.

Ақсақалдардан «Осы өздеріңіздің Тобықты еліне ұзатылған қыздарыңыз Зере, Күнке туралы білесіздер ме?», -деп сұрағанда «Ол екеуі де осы Тоқабай елінің қыздары», -деп жауап беретін.

Бірақ, бір айта кетер жай елдегі қандай қыз болмасын тегінде шежіреде жазылмайды да, көрсетілмейді. Сондықтан да қыздың атағы,

елдегі барған жерінде үй болып шыққаннан кейін барып, ауыл-ел бетіндегі қабілетке не болғаннан бастап шығады.

Қаракерей еліндегі аналарымыз Дүзей (Мұрын), Қызай, Ақбарша, Мақпалдардың атағы өз елінде емес, осы Қаракерей-Мұрын еліне келгеннен кейін шығандап шыққанының өзі осыған дәлел емес пе?!

Тоқабай руы ежелден Арғын, Тобықты елімен құдандалас ел. Олардан құда түсіп те, алып қашып та алған қыздары болған. Әңгімені әңгіме орбітеді дегендей мына бір оқиға еске түседі. Ертеректе Найман елінің бір жігіттері Тобықтыдан бір қызды алып қашады. Ел болғаннан кейін әр түрлі жағдай бола бермей ме? Бұл жағдай «ел құлағы елу» дегендей жұртқа тарайды. Тобықты елінен қыз алған екі жігіт қайындарына бара жатып бір ауылға қонады. Қонақ келді дегеннен кейін ауыл жастары жиналып, өлең айтып, қыза-қыза арты айтысқа ұласады. Екі жігіт айтыста еш қайсысына бет қаратпай орамалын алып отырыпты. Енді бұларды айтыстан сүріндіру үшін сол ауылда алдына жан салмайтын бұрын ешкімнен жеңіліп қормеген екі қыз бар екен соларды алдыруды ұйғарады.

Қоналқыда отырған үйдің келіні Найман қызы екен, жақын тартып алдырғалы отырған қыздардың жай-жапсарларын сұрап біледі. Сол үйдің келінінің айтысына қарағанда өте шебер айтыскер қыздар, бұрын ешкімнен жеңіліп қормеген екен. Бірақ, оның біреуі үлкені қыз кезінде ұятты болып қалғаны бар. Ал, айтыс жөнінен ешкімге алдыра қоймас деп ойлаймын депті.

Кешкі асқа отырғанша қыздарды да алып келеді. Қыздар келе жігіттермен айтысуға отырып, бірінші кезекті қыздар алады да былай деп бастап кетеді:

Қай Найман, мына Найман, Ұры Найман
Ұрлық қылмай жүре ме сірә, найман?
Тағы да қыз ұрлауға келген шығар,
Кімді ұрлап әкетеді мына найман?,

-дегенде жігіттер жағы:

Келемін жоғарыдан елеу болып,
Жабысқан ақ сиырға селеу болып.
Алғашқы тұңғышыңды найман ұрлап,
Содан кейін қалдың ба бедеу болып?,-

дегенде қыздар айтысты тоқтатып үйден шығып кетіпті. Одан ары қарай айтысты жалғастырса түбі насырға шауып кетер деп қорқақтаса керек.

Тегінде Тобықты еліне тұрмысқа шыққан Тоқабай елінің бір айтыскер қызы молшері Сара тұстас болу керек. Барған жерінде атасының бір түйесі өліп соны ырымшыл атасы келген келінінен көріп, «келінінің

аяғынан, қойшының таяғынан» дегендей деп күнде айта берсе керек. Шыдамаған келіні атасын бір ауыз олеңге қосып жауабын қайтарыпты.

Атасы Қыстаубай келініне: «Мынаны айта көрме, елге жайылып кетсе ұят болады», - деп кешірім сұраған екен.

Мұндай әңгімелер айта берсе көп.

Енді әңгіменің өзегі болып отырған Ағанас батыр туралы «Жұлдыз» журналының 1992-жылғы бірінші санында сексенінші бетінде жарияланған, Абай мұражайында он жыл шырақшы болған Ниязбек Алдажаровтың «Торшолақ ат» айдарымен жазылған мақаласына сөз берелік.

Құнанбайдың бірінші әйелі Күнкенің торкіні найман ішінде Тоқабай, атақты батыр, қасиетті, дәулетті Ағанас деген болған.

Өскенбай би дәулетті болмаған, Құнанбайға енші беріп болса шығарғанда небәрі тай, жабағымен он үш-ақ жылқы берген екен.

Құнанбай әрі-бері ойланып, мал құрастырып алудың жолын ойлайды. Ол кезде жаугершілік барымтаның заманы, осы жолды қумақ болады, ол үшін елден ерекше жүйрік ат керек. Ондай ат Найман еліне аты шулы «Торшолақ ат» өз атасы Ағанаста бар. Торшолақ атты сұрап алу үшін Құнанбай алыстағы қайнына ат өксітіп іздеп барады. Қайнында бір жұма жатып қайтпақ болады. Ағанасқа бәйбішесі келіп, күйеу балаң қайтам дейді, не бересің десе, енші берем, қоралаған қой, үйірлген жылқы айдатам депті. Енесі Құнанбайға не қалағаның бар десе, атайға айтыңыз, мен Торшолақ атты қалап келдім депті. Бәйбішесі Ағанасқа айтса, ол болмайды, енші берем жанадан бөлек үй болады дейді.

Бірбеткей Құнанбай маған аттан басқаның керегі жоқ деп үзілді-кесілді айтады. Осыдан кейін Ағанасқа бәйбішесі атты бер, Құнанбайды ренжітпе десе, Ағанас мен атты аяп қимай отырғаным жоқ, Құнанбайды аяймын, албырт жас жауға шабады. Торшолақ бой бермей дараланса, өзін мерт қылады деп қауіптенем. Тіпті қонбесе атты бер, бірақ менің айтқанымды ескерт депті. Құнанбай атасына келіп қош айтысқанда Ағанас жоғарыдағы айтқан жайды ескертеді. Құнанбай ата-енесіне риза болып, атты жетелеп қош айтысып жүріп кетеді. Ауылдан біраз ұзағаннан кейін «Торшолақ» атты ерттеп мініп, өзінің мінген бестісін жетегіне алып ара қонып Шыңғыстағы өзінің үйіне келіпті.

«Торшолақ» атты баптап жүргенде жылқыға басқа елдің барымташысы тиісіп айдап кетіпті. Дабыл көтерілгенде Құнанбай «Торшолақ» атты мініп, қолына қаруын алып, қуғыншы топпен бірге жауға шабады. Жарты күн өткенде бұлар жаудың қарасын көреді. Ызалы қуғыншылар аттың басын қоя береді. Шу дегенде-ақ «Торшолақ» көптен бөлініп жеке дара алға шығып кетеді. Бұларды көрген

Сымтаны жау іріктеліп, он бес шақтысы қалып, қалғандарына қалғанын панау шығармай айдатып, өздері тосқауылдап қалады. Тосқауылда қалғандардың басшысы ана үздік келе жатқан жалғызды ортаға алып, түсіріп, атын алыңдар дейді ғой. Олар қақ жарылып тұрғанда, қолында қара шокпары, “Торшолак” атпен Құнанбай келіп қалады. Шокпарын жан-жағына оңды-солды үйіріп, аналардың қаруын тарытпай, екеуін аттан ұшырып түсіреді, бірақ астындағы ат икемге қонбай тура тарта береді. Сол кезде біреу жауырын ортадан түйрейді. Найза ұнғысынан үзіліп, Құнанбай аттың жалын құшып қалыпты. Осы кезде арттағы қуғыншылар да жетеді. Барымташылар өз кісілерін жыстырып бас сауғалап кете барыпты. Жолдастары Құнанбайды аттан түсіріп, найзанын басын суырып алып, өздері кезек-кезек жараның қанын сорып түкіріп, қанды ішке жібермепті, осы жарадан Құнанбай көп бейнет көріп жазылса керек.

Осыдан кейін Ағанас атамның сөзін еске алып, жауға шабуды қойып, ел билігіне кірісін едім деп Қүнекеннің өзі немересі Шәкәрімге айтыпты. Құнанбай олгенде Шәкәрім 23 жастағы жігіт. Ағанастың қызы Күнекен Құнанбайдың тұңғыш ұлы Құдайберді 1830 жылы туған. 1867-жылы не бары 37 жасында қайтыс болған. Ағанас туралы Шәкәрімнің Қабыш деген баласының өлеңі бар. Онда былай деген:

Қайын атасы Ағанас әділ кісі,
Бәйбішесен жалғыздың нағашысы.
Найманның биі болған, соған барған
Аты жеткен қазақтың жүгінісі...

Әрине қазірде көнекөз қариялар ортамызда жоқ. Одан бұрынғыларды өздері де іздеп таба алмай өкініп откенге саяды. Ал Ағанас батыр туралы осындай азғантай ғана жұтаң деректермен шектелуге тура келеді.

АНАЛАР ТУРАЛЫ АҢЫЗ

“Дүниеде ана махаббатынан қасиетті нәрсе жоқ. Оның алдында адамды ынтықтырушы өзге дүниелер әлсіз келеді” деген екен В.Г.Белинский.

Соған орай өзінің мейірімділігімен, инабаттылығымен, кісілігімен, кішілігімен, аса биік парасаттылығымен танылған ананың бірі – Домалақ ана.

Жүсілбек Шайхысламұлының Қытай Халық Республикасынан шыққан “Қазақ шежіресі”(1990ж.) деректемесіне жүгінесек онда:

“Бәйдібектен Жарықшақ туынты. Тегінде Бәйдібек екі қатын алған екен. Үлкені Сары бәйбіше, кішісі Нұрбүбі деп аталады. Нұрбүбі домаланын жұретін домалақ адам болғандықтан “Домалақ ана” атаныпты”.

Шежіреде “Бәйдібектің бәйбішесінен алты ұл туған екен. Сол кезде қалың жылқысын жау шауып, елінің шама-шарқы келмей қаша жөнеледі. Сонда Бәйдібек бай Домалақ ананы жұртқа тастап кетіпті. Жылқыны шапқан жау жұртта қалған Домалақ ананың қара қосына бұрылыпты. Домалақ ана оларға: “Ей, батырлар, маған малдың сілекейі үшін бір жылқы тастап кетпейсіңдер ме?” деп талап қойған екен. Жортуылшылар: “Біз саған ұстап бере алмаймыз, қандай жылқы ұстасан да өзін ұстап ал”, - дейді. Домалақ ана басындағы күндігін алып, жүген-құрық түспеген бір құла айғырды ұстап алып қалады.

Жортуылшылар кеткен соң, Бәйдібек алты баласымен артынан шауып келеді. Домалақ ананың құла айғырды күнделеп байлап қойғанын көреді де бұрылып келеді. Домалақ ана оларға: “Мен жылқының ішіндегі туын ұстап алып қалдым, әрісі жнырма күн, берісі он-он бес күнде жылқының тағалы тайы қалмай барлығы қайтып келеді. Оған әуре болып бармай-ақ қойыңдар. Тілімді алмасандар өздерің жазымға ұшырап кетесіңдер”, - дейді. Сары бәйбіше балалары бұл сөзге көнбей, қанша жолдастарымен жылқының артынан қуып кетеді”.

Алты алашқа биік қасиетімен танылған Домалақ ананың маңдайының ашылып, жұлдызының жарқыраған тұсын барлық шежірелер мен ескі құжаттар Бәйдібектің кокалалы көп жылқысының шашау шықпай жау қолынан аман-есен оралуымен байланыстырады. Сөз болған шежіреде “Одан аз күн отпей Домалақ ананың жебеуімен құла айғыр кісінейді, жау шапқан жылқының бәрі қайтып келеді. Сонда ғана Домалақ ананын шарапаты бар адам екендігін ұққан Бәйдібек оны қадірлейтін болады. Жарықшақ осыдан кейін туған” делінген.

Домалақ ана жайлы көптеген деректерде бұл кісінің Жарықшақ сынды жалғыз ұлының болғаны, Жарықшақтың Албан, Суан, Дулат ескілді үш ұлы, Дүзей (Мұрын), Қызай, Сыбан сияқты үш қызының болғандығы айтылады.

Бір қызығы, осы Жарықшақ атамыздың үш қызы да Найман еліне ұзатылыпты.

“Қазақ қиссалары” атты кітаптағы “Есенгелді” атты дастанда Жарықшақтың қызы Қызай жайлы жан-жақты терең айтылыпты:

Көпшілік, құлағың сал кеңесіме,
Кеңеске пейіл салып келесің бе?!
Не істеп, ата-бабаң қайдан келді,
Білгенің толық жауап бересің бе?!

Жататын Ұлы жүзге Үйсін қандай,
Үйсіннің туажаты Бәйдібек бай.
Күнбүбі Бәйдібектің күндей қызы,
Атанған кейін келе анам Қызай.

Кіреді Орта жүзге Найман елі,
Найманның туажаты Матай еді.
Матайдың шобересі Шағыр ерге,
Бәйдібек тойын жасап қызын берді.

Шағырдың жан жұбайы Қызай анам,
Тарихтан естуімше былай анам.
Жасынан шарапаты болғаны үшін,
Әлемге аты шығып болған аян.

Өз аты ерден бұрын ерек шыққан,
Басқадан шарапаты басым екен.
Мекені “Қызай тауы” атаныпты,
Ұрпағы сонда өсіп жатыр екен.

Қазақтың шежірелік дерегі бойынша Үйсіндерге Орта жүздің Найман ұлысындағы “Қызай”, “Мұрын” елдері де жақын болып шығады. Бәйдібек Ұлы жүз Үйсінге кіретін Сарыүйсін, Шапырашты, Ысты, Ошақты, Албан, Суан, Дулат тайпаларының тегі. Қызай мен Мұрын Бәйдібектің қызы болып шығады. Ел ішіндегі аңыз деректің айтуынша, Қызай ана мен Мұрын ана апалы-сінлілі екен. Қызай ананың әсілі аты Нұрбике. Мұрын ананың аты әсілі Күнбике, Қызай апайы, Мұрын сінлісі екен.

“Қызайдың (Нұрбикенің) сінлісі Күнбикенің мұрны үлкен адам болғандықтан Мұрын атаныпты. Ол кісі ұзатылған соң талай жылға дейін бала көтермеді. Төркініне барғанда шешесіне (Бәйдібек байдың тоқалы Домалақ анаға) айтқан екен. Шешесі сонда: “Менің барлық пейілім апайыңа ауған, сол апайыңа барып батасын ал”, -депті. Күнбике шешесінің айтқанын бұлжытпай орындапты. Нұрбике сінлісі аттанарда оның қалауы бойынша бір іш киімін беріпті. Мұрын разы болып аттанған соң, ұзап кеткенше Қызай оның артынан қарап тұрыпты. Мұрын артына бұрылып қарамай кете беріпті. Сонда Қызай: “Япыр-ай, мына сінлімнің артына бір қарамай кеткені-ай, оның ұрпағы енді менікінен көп болатын болды”, -депті.

Сөз етіп отырған қасиетті Домалақ анамыздың әкесі Үрмөт руының қызы екен. Бұл жердегі Үрмөт араб елі деген мағынаны білдіреді.

Бірнеше аңыз- әңгімеде Бөйдібек алғаш қазақ жерінде дін таратушы бекзаттармен тығыз қарым-қатынастарда болған, өзі де ислам дінін қабылдаған делінеді.

Аса бай адамның ықылас пейіліне, жанының тазалығына риза болған арабтар осы Нұриланы сыйға берсе керек делінген.

Осы Домалақ анадан тарайтын үш қызының да қасиеттілігі мен тегін жан еместігін айта келіп, әкелері Бөйдібек VIII ғасырда ғұмыр кешкен деуімізге болады.

Енді Байыстың бәйбішесі Мұрын анамыз туралы сөз қозғасақ Жоғарыдағы Күнбикені жергілікті шежірешілер бірде Жүзбике, бірде Дүзей деп атапты. Қалай атаса да суреттемелері Күнбике образына тура келеді.

Мұрын анамыз ер орнына ел басқаратындай қайратты, білгір адам болыпты. Бес Байыстан тараған ұрпақтың да анасы деуіміз орынды.

Ел аузындағы деректерге қарағанда қазіргі Ақмола қаласының орнында ақ тастап мәрмәрлап салған мазар болған екен. Осы мазар Байыстан (Мұрын) анамыздың пәніден бақиға көшкендегі соңғы байыз тапқан орны екен.

Сәулетті мазардың қырлы тастарын орыс қоныстанушылары шіркеудің тағанына қою үшін бұзып әкеткен деседі.

Ендігі бір есте болатын әңгіме Байыстың тұңғышы Сармырза. Өйткені, Ақсуат елінің түбегейлі халқы Сармырза, Бәйжігіт, Мәмбетқұл ұрпақтарынан тұрады.

Байыс балалары ішінде Сармырза ең көп тараған ұрпақ. Шежіре бойынша Сармырадан-бәйбішесінен: Жолболай, Жолымбет, Бейімбет, Жанғыз деген кіші әйелінен: Берді, Бегі, Өтей туады (үш Көнші деген осы).

Осының ішінде біздің атамыз Жолымбет, Жолымбеттен: Ажы, Рақ, Ажығұл, Арызқұл (Қосмұрат), Қыдыр, Арызбек, Назар, Ақ Найман. Айтулы жеті Жолымбетіміз осы.

Бұл аталар өз алдына көптеп таралып, сан-салалы руларға бөлініп, өзіндік ерекшеліктерімен тарихтан орын алды. Мысалы, Қарғыба-Базар бойын Назардан тараған Жанболат балалары: Шойтабан, Жарылғап, Қарабай, Қажет, Ырсақ, Жанай, Сары, Тоқабай деген ата ұрпақтары мекендейді.

Арғысы Байыс, бергісі Жолымбеттен тараған ұрпақтың өзі қазір шығыста Алтай, Зайсан, батыста Талдықорған, оңтүстікте Тарбағатайдың арғы беті. Күн батыста Қалба асып Шарға дейін созылып

Елдің ұлан-айыр жерлерде өмір сүріп жайлап отырғандар. Қара-
құмдай Қаракерей, дүниенің төрт бұрышына аты шыққан Байғыс, ер-
түсе ел билейтін, бүкіл елдің қасиетті Мұрын анаһын ұрпақтары.

Осындай қасиетті аналарымыздың бірі: Жанболат баласы Тоқабайдан
тарайтын Атан: оның Ақбарша атты кіші бәйбішесінен Есен, Бесен,
Баржау, Нұржау, Боқат, Шоқат, Қартабай тарайды бұлар Ақбарша
есімімен аталады.

Осы рудың Есеінен Кірпінің Омары мен Нәкейлер (шын аты
Мұхаметназар екен) тарайды. Кезінде Кірпінің Омары Абылай халық
бні мен Шерубайдың Омарымен тұстас адам екен.

Ел арасындағы әр түрлі биліктерде Абылай мен Шерубайдың
Омарымен үнемі бірге болып, билік шығарарда сабырмен барлық
жағдайды тындап үндемей отырып, әділдіктің басында тұратын ұстамды
адам болыпты.

Омар қажы болғандықтан жастардың бойына имандылық пен
инабаттылық, кішіпейілділік пен әдет-ғұрыпты тұстастарымен бірге
ақылдаса отырып қалыптастыруға ат салысқан көрінсді.

Генетикалық тұрғыдан ұрпақ тазалығын сақтау мақсатында өз
тұстарында Тоқабай арасынан құда түсіп, қыз алдырмапты. Қыз алуға
тным салыпты.

Қоналқыда дастархан үстіндегі мәдениеттілікті сақтауды да қатты
ұстаныпты. Бір үйде қонақта отырғанда табақ тартылып, бас
ұсынылғанда, басты Омар қажы алып, жамбасты атқосшысы ала
бергенде, бас кесіп отырған бәкінің сабымен қолынан түртіп қалыпты.

Дастархан мәдениетін сақтаудағы қажының ісін жамбасты ұстаған
кісінің қолына пышақ сұғып алыпты деп өсіріп айтушылар да болған
жоқ деуге келмейді.

Осы қажының баласы Нәкей ақсақал да шежіреші ақын адам болды.

Омардың кейінгі ұрпақтары Рахымжанов Ермұханбет совхоз
директоры, аудан әкімі болып белді қызметтер атқарды; жнендері
Қойбағаров Болат, Нұртастар нарық заманында Екпін аулынан шаруа
қожалығын құрып, ұқсатушы орындар салып ауыл орталығының
көпшілік халқын жұмыспен қамтамасыз етіп отыр.

Енді Ақбаршаның Бесенінің Байсымағынан тарайтын Тінібай
ұрпақтарына тоқтала кетейік.

Тінібайдан Кәрібжан ақсақал көп жылдар ішкі істер бөлімінде
милиция бастығының орынбасары болып жұмыс істеді. Қиын қыстау,
жаппай жазалау, бандының өріс алып көбейіп тұрған кезінде жұмыс
істеген Кәкен халқына қамқор, ел жұртына беделді, кеуде көтермеген
қарапайым адам болды.

Кәкен кейін ішкі істер бөлімінен зейнеткерлікке шыққан соң сауда қызметінде істеді. Алпысыншы жылдары “XXII партия съезі” совхозында сауда бірлестігінің бастығы болғанда қызметтес болдық. Баласы Жұмаш сол совхозда бас инженер болып жұмыс істеді. Әңгімешіл адам еді. “Ішкі істер бөлімінде жүргенде бандыларды қалай қуып ұстағандарыңыз жайлы әңгімелер айтпайсыз ба?”,-дегенде күліп “Нелер қызық болды ғой”,-дейтін - Кезінде Смағұлов Малғаждармен бірге істедім. Өте бір қызық адам еді. Бандыларды іздеуге шығып, әбден титықтап бір жерлерге келгенде дем алуға тура келді. Малғаждар болса түгел киімін шешіп, ақ көйлек, ақ дамбалмен жатып дем алатын. Ойбай, дыбыс білінді, кетейік дегенде адам киініп үлгерсе ме? Киімін қанжығаға байлап, ақ көйлек-дамбалмен шаба жөнелетін. Сойтіп, жүріп “ақ сайтан” атанған болатын, - деп күлдіретін.

“Басымызға қауіп төніп қырылып қала жаздаған кезіміз де болған. Үржар жақта бандылар жүр деп хабар келген соң бірнеше ішкі істер бөлімінің адамдарымен Үржар асқанымыз бар. Күн ыстық, жол ауыр, бір кезде Тарбағатайдың күнгейіндегі бал арасын өсіретін бір орыстың үйіне келіп түстік. Сусындап алып, біраз дем алып одан әрі жылжиық деп сусын сұрасақ, сусын жоқ, ішсендер балдың сырасы бар дегені. Жігіттерге қарасам ішсек ішіп дем алып аттаналық деген нишарат білдірді. Барлығымыздың мойынымызда асынған бесатар. Енді дем алатын болсақ бесатарды бір жерге жинап, бір кісіні күзетке қойып дем алатын болып келістік.

Баларашы бір стаканнан ары ішпендер деген соң бір-бір стакан сыра ішіп алып, жатып қалсақ ұйықтап кетіппіз. Мылтықтарды күзеткен күзетші де ұйықтап қалыпты, тұсаулы тұрған аттардан да көз жазып қалған. Шошығаным соншалық кездейсоқ бандылардың біреуіне кез болсақ өзімізді атып, атымызды мініп, қаруымызды алып көзден таса бола жаздағаны бар емес пе? Бұл қызметте ол кезде осындай оқыс жағдайлар көп болатын”,- деп әңгімелейтін Кәкен.

Жаза берсе мұндай қызықты әңгімелерді өте көп айтатын.

Кәрібжан ақсақал мен бәйбішесі Қауажан ұлын ұяға, қызын қияға қондырған адамдар.

Үлкен қызы Өжікен осы ауылдан шыққан ғылым кандидаты, доцент, қазір Алматыда тұрады. Күйеуі Құрманбаев Асылхан да ғылым докторы, профессор атағын алған.

Нүркеш – ұстаз болса, Сара да өз орнын тапқан ұлағатты қыздар.

Кенже ұлы Жұмаш (Жұмағали) аудандағы тұңғыш энергетик маман. Ауданда, совхоздарда партия ұйымының хатшысы болып жұмыс істеп келіп, өмірінің ақырына дейін энергетика саласын басқарды.

Төрбжан ақсақал мен Қауажан шешеміздің бауырында төрбиесінде өскен жас жігіт Шырын Асылханқызы Семей заң институтының ректоры. Шырын институтты құрарда ғалым қызымыз Шырын зор еңбек сіңірін, бұл жолда ол өзінің жеке басының дарын қабілетін, шынайы білімдарлығын, іскерлігін көрсетті.

“Баланың жақсы болуы нағашысынан” деген сөз тегін айтылмаса керек.

Жұмағазының балалары: Болат, Дулат, Дәулет, қыздары Ардақ, Шынар, Жанар заманына сай өз орындарын тапқан жастар.

Бесеннің Мотыш тармағынан тарайтын Қамшыбай ақын да әнші адам болған. “Байбала” кейде “Айтбала” деп те айтылады. Сабырбаймен айтысы сияқты, Қамшыбайдың шығыстың бір әйелімен айтыс өлеңі болғаны анық. Естушілердің айтуы бойынша, әр тақырыпта өте көркем айтыс еді деп айтады. Өкінішке орай туыстарының ешқайсысы іздеу салып жарыққа шығара алмады.

Қамшыбай ақсақалдың ел аузында жүрген бір ауыз өлеңі есімде қалыпты.

Қамшыбай бір ауылға бара жатып озен жағасында жүрген қыздардан жөн сұрай кетейінші деп бұрылады. Қыздардан жөн сұраса қыздар:

Қамшыбай көзің қандай гостағандай,
Сөзіңді қорыққан кісі қостағандай.
Басыңда жыртық-жыртық тымағың бар,
Артымды сүртіп-сүртіп тастағандай,-

дегені бар емес пе!

Қамшыбай да іле қыздарға қарап:
Жарасар ақ шыт көйлек етіңізге,
Мен тұрмын риза болып ниетіңізге.
Ішінде тымағымның үш ине бар,
Кірмесін ен жуаны көтіңізге,-

дегенде қыздар қашып кетіпті.

Қамшыбайдан Түсіпбек шағын, шымыр депелі, қасқырды тірідей де, соғып та әкеліп жүретін адам еді. Жиын-тойларда “Шынар-ай” әнін нақышына келтіріп айтатын адам болатын.

Інісі Кәлімбек “Сегіз Серінің” әні “Гауһартасты” нақышына келтіріп айтатын. Әсіресе “Сәулем-ау” деп қотеретін жерінде нағыз әншілерден әуесні бір де кем шықпайтын.

Тоқабайұлы Жомарт – қазақ-қалмақ соғысының нағыз ортасында жүрген атақты батыр адам болған. Сексеннен асқан жасында Көкпекті өзені бойындағы қалмақтармен ұрыста жараланып, жарасы асқынып қаза тауыпты. Көкпектіден шығысқа қарай он үш шақырым жерде

Кокпекті өзенінің бойындағы өзінің ежелгі күзек жеріне қойылған. Ұрнақтары 1991- жылы бабаларының басына мазар тұрғызып, ас берген болатын.

Тоқабай руынан атакты адамдар өте көп шыққан. Кешегі Құнанбаймен құдаласатын Нұран бай, жауырыны жерге тимеген Молдабай балуан, Ресейге қарсы шығып, қаза тапқан Қожағелді батыр, Биахмет Сәрсенов, Отыншы Әлжанов, Жағыпар Мұхаметжанов, Смағұл Жармақов, Ағанас батыр, Құнанбайдың бәйбішесі Күнке, Абайды тәрбиелеген әжесі Зере апаларымыз осы рудан еді.

Жомарттың бәйбішесінен Кегенбай, Бәйсел, Қоқан туып, ана есімін ардақтап Мақпал руына жататындар сегіз ұл, олар: Боқтыбай, Тоқтыбай, Өтеміс, Бурабай, Бәйгел, Бекбау, Аткалтір, Меңдібай ұрпақтары. Иген ақсақалдың айтуына қарағанда Мақпал Ұлы жүз Үйсіннен мың айдатып айттырып алған қалыңдығы екен. Айтыстарына қарағанда өзі өте сұлу, келбетті, ақылды, қасиетті, шарапатты адам болыпты.

Рулы ел есімін атап, атағын шығарған осы Мақпал анамыз екен.

Бұл рудан жұртқа мәлім атакты шежіреші қарт Маусымбай, Қабанбай батыр дастанының авторы Бейсенғали Садықан. Абылхан қажы сол кісінің ұрпақтары. Патшалы Ресей тұсында Санкт-Петербургтап оқу оқып бітіріп келгеннен кейін, болысқа тілмаштық қызмет істеген Қабдолла, Көктеректе сельпоның бастығы болған Мейірімжан. “Көктүбек” колхозында 1937-жылдары колхоз бастығы болған Болысов Сәдуақастар.

Мейірімжан Кокпектіде қайтыс болып, Қабдолла мен Сәдуақас 1937-жылы үндемеске кетіп содан елге оралмаған.

Солардан кейінгі толқын шежіреші, базар өзенінен бастау алатын он бір шақырымға созылған “Иген тоғаны” аталатын тоғанды тартқызушы атакты диқан, 1940-1941 жылдары шығыс тас жолы құрылысына қатынасып жақсы жұмыс істеп, стахановшы атанған, “Құрметті темір жолшы” белгісіне және Қазақ ССР Жоғарғы кеңесінің 1940 жылғы 7-қыркүйектегі жарлығымен грамота алған Иген ақсақал. Ұлы Отан соғысынан оралғаннан кейін ұзақ жылдар ауыл шаруашылығында басшы қызметтерде болған Ақатаев Сіләм ақсақал, соғыс және еңбек ардагері, оқу үздігі, өмірінің ақырына дейін өзі салғызған мектепте директоры болған Садықанов Бейсенбек, соғыс ардагері кезінде аудандық партия комитетінде, аудан шаруашылықтарында істеген ардагер азамат Сыдықов Мәуілтайлар.

Кейінгі жеткіншек ұрпақтар: талантты да жігерлі қыз, ұзақ жылдар “Семей Полиграфия” ашық акционерлік қоғамының президенті болып келе жатқан, Қазақстан баспа және полиграфия ісінің қайраткері.

қалыптан Республикасы тәуелсіздігінің он жылдық мерекелік мерекесімен марапатталған, халқына қалаулы, еліне елеулі, Семей қалалық әйелдер кеңесінің төрайымы Бақытқамал Садубаева.

Кезінде Коктүбек аулының қолға ұстаған гүлі болған, қазірде бірнеше төлқын шәкірттерге жоғарғы оқу орнында дәріс беріп, тәрбиелеп шығарған тамаша қызымыз Кәкімжанова Ғайни осы Мақпал анамыздың ұрпақтары.

Жомартұлы Кегенбай бн үш некелі болған адам. Өрік деген бөйбішесінен: Өтетілеу, Есенғұл, Шұңқыр, Пұшық (Баянбай), Жалақ, Қабай, Біл, Малжың, Қырықбай.

Екінші әйелі Бабықтан: Құл, Бозай, Өтеулі.

Үшінші әйелі Сариманнан: Өтепберді туады.

Енді осы аналар туралы ел аузындағы аңызға тоқтала кетейік.

Сол заманда Жомарт байдың аулына қоналқыға үстіне сауыт киген батыр келіп түскенін байға хабардар етеді. Жомарт бай қонақ үйге түсіріп, қонақ асы сойып, жанына ауылдың үлкендері мен өзі құрбылас адамдардың бірге болып күтуін тапсырады.

Күтушілер қонақты жақсылап қарсы алып, күтіп, әңгіме-дүкен құрып отырады.

Ішінде отырған сұңғыла сыншылау бір адам Жомарт байға барып, осы біздің қабылдап күтіп отырған батырымыз менің байқауымша сөзге сараң, аз сойлеп, көп тындайтын адам екен. Жүріс-тұрысы, отырысы ер адамға ұқсамайды, осы қонағымыз әйел ме деп ойлап тұрмын депті.

Сонда Жомарт бай ондай шүбән болса, ас беріп бас тартқанда байқарсың, егер басты ұстаса еркек болғаны, егер үлкендерге ұсынса айтқаныңның дұрыс болғаны депті. Олай болса бұйымтайын сұрап хабарын ертең берерсің депті.

Айтқандай кешкі аста ас беріп, бас тартқанда ұсынған басты қасындағы үлкендерге беріп өзі алмапты.

Ертеңінде Жомарт байдың ордасына барғанда батыр киімін шешіп әйел киімімен барған екен дейді. Бұйымтайын сұраған Жомарт байға Аргын елінің қызы екенін, үй-іші өзі қалап сүймейтін бір адамға еріксіз зорлап беретін болғандықтан пана сұрап осы ауылдың адамы болайын деп қашып келдім деген уәжін айтады. Арызын тындаған мырза, онда қуғыншыларын келсін істің шешімі содан кейін айтылар деген тоқтам айтыпты.

Күтушілерін шақырып, жеке үй тіктіріп, қыз-келіншектерді жанына шақырып бөлек күтімге алғызыпты.

Кешікпей қуғыншылар да жетеді. Қуғыншыларды да қарсы алып күтін, ертеңіне Жомарт байдың қабылдауында болып, келген шаруаларын айтады.

Әрі батыр, әрі ұлыс бегі Жомарт бай қуғыншыларға “Орнын тапса ойнамайтын сөз жоқ дегендей”, келгендерің дұрыс, бірақ біз қалыңдықтарыңды ұрлап, болмаса тартып алған жоқпыз. “Бұтаға қорғалаған торғай да қалады” дегендей, рулы елге өз еркімен паналап келген жалғыз қызды сендерге беріп жібермейміз деп елімен хабарластырып, қалың малы мен жоралғы малын беріп қызды алып қалыпты.

Жомарт бай сияқты сайын дала даналары бұл істі осылай шешіпті.

Енді ойындағы кокейкесті мұратын сұрап, салиқалы ой сап, кешегі келгендегі ойын қайтадан сұрауды жалғастырады және қалауы кімде болып келгенін де айта кетуді сұрайды.

Тоқабай ішіндегі барлық бауырластарының да аттарын атап жеткізеді.

“Махаббат – адам жанының жалауы” дегендей қыз өзін көрмесем де сырттай адамгершілік қасиетіне бас не отырып, шын адалдық, ақпейілділік, пәктік мөлдір тазалығымен Кегенбай биге інкәр екенін және сол кісіні сүйіп келгендігін айтады.

Жомарт бай баласы Кегенбайға “Әйелдің сұлуына қызықпа, жүрегінің жылуына қызық” дегендей немесе “Өзің сүйгенді алма, өзіңді сүйгенді ал” дегендей, баласына осы қызды алып беріп, некелестіріпті деген аңыз бар.

Ол заманда әкеден бала асып ба – зандылық солай.

Сол сөз етіп отырған заманда сүйгеніне қосыла алмай кеткен ғашықтар қанша ма десеңізші?

Сонау Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Қыз Жібек пен Толеген, мұратына жетпей кеткен Еңлік-Кебек, Қалқаман-Мамыр сияқты жұптар, теңін таппай барған ақын қыз Сара сияқты ғашықтар аз болды ма?

Қорланның әкесі Сұлтан қызын теңі емес бір байға қатын үстіне малға сатып, Естай мен Қорланның ойы сәтсіздікке ұшырап, алғашқы күйеуін астыртын шақыртып алады да бір түнде қол-аяғын байлап, еріксіз беріп жібереді. Күштесерлік дәрмен жоқ, сүйікті досынан айрылған Естай:

Сұрасаң қыздың аты Қорлығайын,

Мағуруб қолға берді күн мен айын.

Әуелде жазбаған соң болмайды екен,

Мақсатқа жете алмадым, не қылайын?! – деп қала берген екен.

...ақты Сабырбай акынмен айтысқан Байбала да Матайдың бір
...на малға сағылып, күйеуі теңі болмай бір жаманға тап болып
өкпен өмірін, жүрек шерін толған Сабырбайға өкпе-назбен айтқан
өленінің мазмұны төмендегідей:

Бұрылуға шамам жоқ жарға төндім,
Көнбеске пенде болып күшпен көндім.
Туғаннан құлашымды көкке сермеп,
Жалын ем жанып тұрған күл боп сондім.
Найзадай жүрсімізді қанға түйреп,
Қабырғам қайысады, белім күйреп.
Көлден қолға жүйткіген ақ сұңқар ем,
Қанатыма мұз қатқан болдым үйрек.
Білмедім сол арасын бар арманым,
Заман – зұлым екенің, өмір – тұман.
Етімді сескенгенде селт еткізіп,
Қойныма амалым жоқ салдым жылан.
Сабырбай көріспессек қош аман бол,
Бұл саған айтқан назым емес кінәм
Өленнің бітті міне ақыры да,
Өмірдің мен бір тұтқын пақырыда.
Аққудай аспандағы ән шырқаушы ем,
Жараман тауық болып шақыруға.
Өлен түгіл айта алмай қара сөзді,
Ермегім күндіз – түні аһ ұруда.
Өмір – теңіз, мен жүзген қайық едім,
Түбіне тартты міне батыруға. – деп жазыпты.

Осы жоғарыдағы әңгімелерді айта келе қорыта айтар сөз анамыз
Өріктің теңін тауып қосылуға талпынған құштарлығын қуаттап, қолдап
іске асырған Жомарт бабамыздың биік парасаты мен даналық билігіне
еріксіз тізе бүгесін.

БАБЫҚ АНАМЫЗ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Кегенбай би бітімгершілік сапармен Қалмақ елінен оралып келе
жатқанда иен далада жалғыз отырған үйді көріп бұрылып біле кетуді
жөн көреді.

Келіп түссе үйінде бір кемпір мен бойжеткен қыз жүреді. Жағдайын
сұрастыра келгенде шабуылдан кетуге мүмкіндіктері болмай жұртта
қалған үйі екен.

Жолаушылар жағдайды сұрап дамылдап отырғанда шай да дайын болады.

Би қол жууға шықса әлі үйдегі бойжеткен қыз бидің қолына су құйып, орамалдың екі шетін қолымен ұстап ортасын түсіріп биге ұсыныпты. Қонақ орамалдың дәл ортасынан ұстап сүртінеді. Осы құбылыс аста да, дәретке барып келсе де қайталанады.

Бойжеткен өте ақылды қыз болса керек шешесіне келіп:

- Мына қонағыңыз жиынның ортасын ойып кіретін қасиетті, парасаты биік адам болар, үйткені ұсынған орамалдың ортасымен сүртінгеніне қарағанда бізді шет санамайтын секілді, далаға тастамас,-депті.

Айтқандай би аттанарда: “Еш пәрселден қорқып қобалжымаңыздар, кісімен қолік жіберіп кошіртіп аламын”-деп аттанып кетеді.

Ертенінде кошірттіріп алып келген соң біраз уақыттан кейін осы қызбен некелескен екен. Қыздың шешесін келесі жылы үй-мүлкімен, қалың мал, жон-жоралғысымен еліне кошіріп салыпты.

САРИМАН АНАМЫЗ ТУРАЛЫ

Бидің бұл әйелі ағасы Қоқан қалмақтарымен ұрыста қайтыс болып Дерібсалы туып қалады да Тұяқ іште қалады.

Кегенбай би ұрпағымды жат етпеймін деп жесірін жатқа жібермей әменгерлік жолмен өзі алған екен. Іште қалған баланы әйелі босанғаннан кейін, ағадан қалған тұяғым деп, туған баланың атын Тұяқ деп өзі қойыпты.

Биге тұрмысқа шыққаннан кейін арада бір ұл бала болып өліп қалады да, одан кейінгі туған ұлдың атын, өлген балам отелді деп Өтепберді қойыпты.

Осы жоғарыдағы аталған аналардың барлығы да оз заманының зерделі де зерек, ақылды да алғыр адамдары болған.

Ерлері алдында әдептен озбай, орынды жерінде ақыл қосып шаруасын қашан да оңға бастырып отырған.

Жомарт бабамыздың ықыласы түсіп әперген Өрік анамыздан “Ақылсызға бақ қонса тасиды, ақылдыға бақ қонса еліне жаны ашиды” дегендей, анамыздың Өтетілеу, Бектас сияқты ұрпақтары жаугершілік заманда ел қорғаны бола білген қайырымдылығы мен мейірімділігі, кісілігі мен ізгілігі ерекше адамдар болыпты.

Бектас бабамыз өткір тілді, ақындығы бар жан екен. Айттыс ақыны айтқанымен, ұрымтал тұста сөз семсерін суырып өзі де айтысқа араласып кеткен кездері бар.

Асылы мыңғыртып мынды айдаған асқан бай адам болмаса да қолда барына жомарттық жасап мырза атанған адам екен.

Жомарттық көрсеткен адамның аса асып байыған күні бар ма, бірі келіп ат мініп, шапан киіп жатса, екіншісі келіп сауын алып, соғымын да айыратын болыпты.

Бектас ұрпағы Тергемес те аузы дуалы от ауызды, орақ тілді адам екен. Дауға түсіп сойлескен жерде тілінде нәр, сөзінде мән бар, кестелі сөз бен орнекті ойдың мәйегін еміп өскен жан екендігі бірден байқалған. Мысалы: Хасен болыстың тұсында арғы беттегі “шынжыр балақ, шұбар тос” ешкімге ырық бермей жылқы айдатып алып жауап бермейтін байлармен дауға түсіпті. Билік сөзіне иландырып, айдап кеткен жылқыларды қайтаруы әділдік жолында айтылған шешендік биліктің дәлелі болар.

Кезінде көзі ашық көңілі ояу халқын тура жолға салып қамқорлық көрсеткендердің бірі Есенгүл ұрпақтары Шегедек пен Сәрсен.

Осы атадан кезінде оқу министрлігінде істеген, халқына білім беруге қамқорлық жасаған бірнеше мектептер ашып, оқулықтар даярлауға бір кісідей ат салысқан өз дәуіріндегі дара тұлғалардың бірі Биахмет Сәрсенов осы Өрік анамыздың ұрпақтары.

Кезіндегі ел қорғаны болған Аязқоз, Малбағар, Әрі би, Әрі батыр Қырықбай да осы анадан екенін айтқан жөн.

Бабық анамыздап, “заманына орай адамы” дегендей, сол заманға лайық Саңлақ би ел қамқоршысы болған. Кегенбай атасынан кейін Мұрын елінде сөз ұстаған аузы дуалы би Шерубай, округың тікелей басқару орталығы Омбы қаласындағы аға сұлтандардың қарамағына қырғыз (қазақ) заседателдері болып осы Шерубай кірген.

Шерубайдың баласы Омар кезінде “мырза” атаныпты, болыс болған. Омардың ұлы Нәзір сонау үркіншілік заманда Қытайға кеткен. Онда Шынжаң аймағы әкіміне орынбасар болыпты. 1950- жылы Керей Қара Оспан батырмен бірге Үрімжіде қаза тапқан. Омардан Әшір, одан шежіреші Оқап ақсақал да осы кісінің ұрпақтары.

Кейінгі толқын осы Омардың ұрпақтары Ғазезов Асқарбек жанкешті боксер атанған, қазірде Алматыда банкер болып істейді. Шетелдерге қолғап шеберлерін апарып бірнеше дүркін жүлдегер атанып жүрген қазақ халқының намысын қорғаушы, Қазақстанға аты әйгілі азаматтың

бірі. Тегіндегі Қазақстанның мақтанышы болған Дәулет Тұрлыхановтың шәкірті.

Інісі Ғазезов Дулат та бөксшы. Астананың спорт мектебінде жаттықтырушы болып жұмыс істейді.

Сарман анамыздан - Өтепберді ұрпақтары шежіреші қарт Биакыш, Ұлы Отан соғысының ардагері, кезінде Совет шаруашылық жұмыстарында істеген ауданның абыройлы азаматы марқұм Мұхаметжанов Тілепалды, кезінде қалалық “Талдықорған” газетінің бас редакторы болған, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Кәрім Тұрлыхан Биакметұлы. Айттып тізе берсе бұл анамыздың атақты ұрпақтары көптеп саналады.

Би десе тіксініп, бай десе безініп, бұрынғы атақтылардың бәрінен аттонымызды ала қашуға тура келген кешегі заманда талай абзал атабабаларымыздың, аналарымыздың есімі де, еңбегі де ұмыт болды ғой.

Енді соларды қайта тірілтіп, қалың елге жария етер күн туганда осы аталарымыз бен аналарымыздың көзі тірі тұяқтары ата мұрасын жинастыруға атсалысса, оның тарихымыздағы орны да еңселеңе түсер еді-ау деген ой келеді.

ІЗҒҰТТЫНЫҢ ТАРИХЫ

Ізғұтты - «Абай жолы» романындағы негізгі кейіпкерлердің біреуі. Бірақ сол Ізғұттының Қаракерей елінің Тоқабай, оның ішінде Жомартұлы Бәйелдің Нұран ұрпақтарынан бала ретінде асырап алған Құнанбайдың Тайбала деген әпкесінен туған екенін әркім біле бермейді.

Ізғұтты Жомарт ішіндегі Бәйел атамның Нұран ұрпақтары болғанымен бала күннен бауыр басып өскен жері Шығыстау, елі Тобықты Құнанбай ұлы болып кеткен.

Енді осы Ізғұтты тарихын, Абай мұражайында он жыл шырақшы болған Өскенбайдың өз ұрпағы Алдажаров Ниязбек 1991-жылы «Жұлдыз» журналының № 1 санындағы 91-бетте Ізғұтты туралы тарихи шындықты жазған мақаласын қаз-қалпында бір сөзін өзгертпей айта келіп, жалғасын туыстарынан жазылып алынған материалдармен толықтыра отырып халық назарына ұсынуды жөн көрдім.

Құнанбайдың өзімен бірге туысқан Тайбала деген апасы болған. Өскенбай мен Зере ақылдасып, Тайбаланы Зеренің төркін жұрты жаққа атастырады. Құнанбай іштей бұған қарсы болады. Зеренің аяқпалымен Тайбала ұзатылып кетеді. Қол ұзамай Өскенбай қайтыс болады.

Келіні торкіні жағынан ешкім іздеп бармайды. Тайбала ұзатылып қуаныштан кейін, өзінің ақыл-парасатымен, жұртына өте сыйлы болады. Өйтпеше жылдар өтеді, бала көтермейді. Өз еркімен күйеуіне өзінің қатауымен әйел алып береді. Ол әйел келе сала жүремелете үш ұл табады. Осы үш ұл да Тайбаланың бауырында тәрбиеленеді. Күндесімен екеуі сондай берекелі тату, аналы-сіңлілі адамдардай өмір сүреді. Тайбаланың барған жері нағашысы, Зеренің торкіні, Найман ішіндегі Токабай екен. Ақыл-ойлы намыскер Тайбала торкінін сағынып қатты аңсайды. Өзінің жігерінің арқасында оны ешкімге сездірмеуге тырысады. Туған бауыры Құнанбайдың атақ-абыройы артып, даңқы шығып жатса да ол оздігінен торкінін іздемеген. Осылай күн артынан күн өтіп жатқанда, Айдостың үлкен баласы Торғай оның баласы Құлыншақ, оның бес ұлы болған, шетінен жауынгер, мықты болған, осы бесеуінің бірі Манас деген, Сыбан жаққа ұзатылған Ырғызбайдың бір қызы бар екен, сол жаққа жолаушылап барады.

Осы туысына барып қонып отырса, әлгі қарындасы Манасқа Тайбаланың жайын айтады. Тайбала онымен араласып, сіңілі деп олармен жақсы сыйласады екен.

Тайбала апан болып-толып тұр, осы жерден алыс емес, бір-ақ күндік жер, амандасып қайт, сондай қуанады, елді сағынып жүр депті. Сонымен, Манас Тайбаланы іздеп барса, қуанғаны сонша, бауырым іздеп келді деп, жеке үй тіктіріп, қыз-келіншектерді жиып, жастарға алтыбақан құрғызып, ойын-сауық жасатып думандатыпты.

Манас бір жұма сайрандайды. Бір күні Тайбала апасынан қайтайын деп ұлықсат сұрайды. Олай болса: «құдаларың бұйымтайынды сұрағанда не айтасын?»,-дейді Манасқа. Манас ешқандай бұйымтайым жоқ деп, өзінің қалай келген жағдайын айтады. Тайбала Манасқа: «Былай деп айт, құдаларың сұрағанда,-дейді-Құнанбай Тайбалаға былай деп сәлем айтты, малдың керегі жоқ, жақсы болса ұл болар, жаман болса оны көре жатармыз, бір баласын берсін деп айтты де»,-депті. Ертеңінде ауыл ақсақалдары жиылып, Манасты ортаға алып, қарағым, құда, қайтам десең, ұлықсат, қалаған бұйымтайынды айт деп сұрайды. Сонда Манас түндегі Тайбала апасының үйреткен сөздерін айтады. Ақсақалдар өзара ақылдасып, жауабын ертең айтамыз деп тарасыпты. Бермесе Тайбаланың көңіліне келеді, берейін десе баланы қимайды. Ары ойлап, бері ойлап, ақыры жеті жастағы ортаншы ұлды бермек болып ұйғарады.

Түнде ұйықтап жатқан Манасты Тайбала оятып былай дейді: «Ортаншы ұлды бермек болды. Мен азыққа бір бағланды сойғызып, етін асып, суытын қойдым, сусынға күрт ездіріп дайындаттым. Торсыққа күйғыздым. Бауырсақ пісіртіп жатырмын. Қасына екі жігіт қосып берем.

ел шетіне дейін шығарып салады. Озін қайт деген жерден қайтады. Жолда ешкімге сөкпай, түнде Құнанбайға апарып табыс етерсің», -дейді. Айтқанындай, ертеңінде бәрі дайын, Тайбала Манасты шығарып салып қош айтысады.

Манас ел шетіне келген соң екі жігітті ұлықсат беріп кері қайтарады. Айтқанындай түнде келіп, Құнанбайды оятса, ол кісі ойлайды, бұл Манас бірденені бүлдірген ғой деп.

Онаша шыққан соң, бастан-аяқ болған уақиғаны мүлтіксіз баяндайды. Ендеше бұл уақиғаны ешкімге аузыңнан шығарушы болма, егер басқа біреуге айтатын болсаң, менен жақсылық күтпе деп Манасқа ескертеді. Манас айтады: «Тайбала апайдың тапсыруы да осылай» деп.

Бала мініп келген ат-тұрманды Манастың өзіне беріп, баланы жетектеп үйге алып, әйеліне бұл бала туралы қазір ештеңе сұрама, кейін біле жатарсың, менің туған інім деп, бұрынғы атын өзгертіп, Изғұтты деп атаған. Осы Изғұтты өсіп жігіт болып әрі пысық болады. «Абай» романындағы Изғұтты осы кісі, -деп жазды Нәкен.

Қүнекен Изғұтты баланың қабағына қарап, еркіндетіп өсірген екен дейді. Айтқандай-ақ сонысына қарай Изғұтты да біртоға да ақылды, қайратты болыпты, өзі балуан денелі нардай жігіт болған екен.

Изғұтты ер жеткен соң әйел алып беріп бөлек шығарады. Романда айтылған жер үшін таласып соғысқан «Мұсағұл соғысы» дегенде Изғұтты ересен күш қайрат көрсетеді.

- Изғұтты бізге ізі құтты болып келді, артынан Абай ерді, Құнанбай аға сұлтан болды, -деп Ырғызбай ауылы онын атын өзгертін, Изғұтты деп қойған себебі де осы екен.

Сол Изғұттының атақты Алшынбайдың қызы Ділданы әкелерде бас құда болып баруы да Құнанбайдың оны жоғары бағалағандығы деп ұғамыз.

Арада бір талай дәурен өтеді. Құнанбай Меккеге қажылыққа жүретін болады. Мұндай михнатты ауыр қиын жолға сенімді, қайратты кісі керек. Қүнекенмен бірге барып қажы болып қайту да абырой болмақ. Оған кім барғысы келмейді? Осы қиын жолға жанына Қүнекен Изғұттыны ертеді.

Мекке жолы аса қиын ұзақ жол, бейнеті көп. Аңызғақ шолмен жүреді, кеме жолы ол да қиын, қазіргідей транспорт бар ма? Шөл далада түйе керуенмен жүру тіпті қиын. Осындай аса ауыр бейнет көрген Қүнекен Меккеге барғанда қатты науқас болыпты, аяғын басып тұруы да қиын болыпты.

Ертең Қабданың құдай үйінің есігінің ішіне кіретін күн. Есіктің алдында ұзын кезек, басқарушылар қарап, ауру адамды ішке кіргізбейді

... ауру жұғалы деп, сойтіп Қүнекен қасиетті Қаббаға кіре алмайтын еді деді. Сол күні кешінде Қүнекен құдайға налытты:

Ей, Алла, бұл баста Құнанбай ғып жаратып едің, тілеген тілегімді беріп едің, бұл дүниенің рахатын көріп едім. Оншадан мұнша келгенде, мен неден қор болдым! Сонша жерден келіп, Меккенің Қаббаның есігіне кіре алмай қайтқаннан менің олгенім артық. Алла!,-деп көзіне жас алып екі қолын көкке жайған екен.

Мұны көріп ұғып тұрған Ізғұтты:

- Қүнеке-ай, налымашы, жыламашы! Құдай қуат берсе, ертең сол есікке мен сізді елден бұрын кіргізейін,-деген екен.

Құнанбай бұл сөзге нанар-панбасын білмеptі. Ертеңінде ерте Қаббаның алдына таяп барса ұзынынан тұрған кезек, жағдай қиын. Сонда Ізғұтты тұрып:

- Қүнеке, мін менің мойным!,-деген екен. Құнанбайды балаша мойнына мінгізіп алған Ізғұтты кезектің ең алдына кимелеп барып, тұрып алған екен. Ана тұрған адамдар жанжалдасып, таласуға бата алмапты.

Адамдарды тексеріп, ішке кіргізетін адамдардың көзі ең әуелі Ізғұтты мен Құнанбайға түсіptі де:

-Бұл қалай?,-деп сұрапты. Сонда Ізғұтты іле жауап беріп:

-Біз қазақ деген мұсылман елміз. Мынау біздің Хан. Мен осы кісінің құлымын. Мен Алла атымен, Мұхаммед пайғамбардың атымен кеудеме қасиетті құран ұстап аңг егемін, адал қызмет етемін,-деп. Мынандай қасиетті жерде бұл кісінің аяғын жерге тигізбей тұрамын,-депті.

Сонда басқарушы адамы басқа біреуіне:

-Андағы кітаптан қарашы «қазақ» деген мұсылман елі бар ма?,-депті. Анау қарап көріп, бар екен депті. Сонда бастығы:

-Қазақ деген мұсылман дінін берік ұстайтын қайсар ер халық екен. Кіргізіңдер мына кісілерді,-деген екен.

Сонымен мақсат орындалды. Қүнекен қажының жолын толық атқарды. Сонда өте риза болып Ізғұттыға қол жайып бата берген екен дейді Қүнекен. Құнанбайдың Меккеге барғаны 1875 жыл еді деген дерек бар. Сонымен Қүнекеннің еліне келгенде:

- Ел-жұртым, ағайын-туыстарым, сендерге менің айтар өсиетім бар: "Мынау Ізғұтты мені қажыға апарғанда асқан ерлік көмек жасады. Бұл болмаса, мен мұнда тірі қайтпайтын едім. Құсалықтан олетін едім. Сондықтан менің ұрпағымның ұрпағы Ізғұттының ұрпағының ұрпағын респітпесін! Егер осыны ұмытсандар, менің аруағым риза болмайды!",-деген екен Қүнекен.

Бұл сөз ол заманда Абайдың барында орындалып отырыпты. Ниязбек ақсақалдың айтуы бойынша: Изғұттының қыстауы Жидебайдың солтүстігінде үш-төрт шақырым жерде, қолдің жағасында. Орны әлі бар, күлтөкпесі көзге түседі. Сол жерде Изғұттының үлкен баласы Молдахметтің төрт құлақты бейіті құлаған жоқ, әлі тұр.

Изғұтты Ақшоқыдағы Құнанбайдың зиратына жерленген. Қолмен Кеңгірбайдың мазары мен екі ортадағы төрт шақырымға созылған бөктерде Изғұтты ұрпақтарының қыстауларының орындары әлі белгілі. Жазғы жайлауы Құнанбай балаларымен қатарлас, жұбы жазылмаған.

Изғұттының өзінің де, балаларының да өзіндік дәулеттері болды. Ағайынға қадірлі, сыйласымды болды. Құнанбай Меккеге барғанда, күтуші ретінде еріп барып, Изғұтты “Қажы” атағын алды. Ел Кіші Қажы деп атайтын делінген.

Өскенбаймен құда болып Мұхаметжан деген ұлына Өскенбайдың қызы Тайбаланы алып берген Нұран да оте бай, дәулетті, қолы ашық мырза адам болыпты. Албаты адаммен Өскенбай да құда бола ма? Күйеу баласының «сақау» атанып кеткені Мұхаметжанның бала күнінде аздап шүлдір сөйлесітіні бар екен, сол үшін жеңселері қалжындап «сақау» атандырып жіберген көрінеді.

Тегінде Өскенбай мен Нұранның құда түскен кезіндегі Құнанбайдың іштей наразылығы болғанымен, сол бір дәуірде Құнанбай құдаларына амандасуға, әпкесін көріп қайтуға Найман еліне келген екен дейді.

Дәулетті, қолы ашық Нұран құдаларынан нені аясын! Құнанбайды қарсы алып, төредей күтіп, Құнанбайға қайтарында қазақ жөнімен ерекше сый-сипат жасап, қара нар, қалы кілем, тайтұяқ алтын, жамбы, оған қоса атақты, үстінен су тогілмес торы жорға атты беріп шығарып салыпты деген аңыз ел аузында әлі күнге айтылып келеді.

Кейін күндерден күндер өтіп дүниеден Қүнекен де, Абай да озады. Содан кейінгі жылдарда Ырғызбай ұрпақтары Изғұттының балаларын шеттете бастапты.

Осы оқиғаны Ниязбек ақсақал былай деп баяндапты:

Изғұттының Қажығайдар деген кіші баласы зерделі де пысық болды. Әзімбайдың Зұлғарышының қарала аты жоғалады, оны Зұлғарыш Қажығайдардан көреді, өйткені жерлес, ағайын екеуінің арасы қырбай екен. Осыдан барып екеуі шатақтасып, Зұлғарыш Қажығайдарды кірме деп тілдейді. Қажығайдар Семейге барып жүргенде өздерінің оқыған Ақсуаттық туыстарымен танысып жүрсе керек. Бұрын да шығайын деп тұрған көз еді дегендейін, Зұлғарышпен екеуінің арасындағы жанжал себеп болып, 1928-жылы Изғұттыға қараған ұрпақтар жайлауға көшпей,

рда қалады. Ел әбден жайлауға барғанда Ізғұтты балалары бір жерге көтеріліп, Ақсуаттағы туыстарына көшіп кетеді.

Жайлаудағы елге осы хабар естілгенде мұндағы Ырғызбайлар ұлардай шулап, Зұлғарышты қарғап-сілеп қала берген.

Ізғұттының ұрпақтары баршылық, 1983-жылы Көбей деген немересі Жидебайда мен тұрғанда әдейі іздеп келіп кетті, өзі ферма меңгерушісі екен.

Атасы Ізғұттының бұрынғы қыстауларының орнына апарып, мекен-жайы, жерлерімен таныстырып, Молдахметтің зиратын көрсеттім. Мені қолқалап шақырып еді әлі бара алмай жүрмін. «Абай жолы» романындағы Ізғұтты тарихы қысқаша осылай деп жазыпты.

Енді осы жергілікті жерде тұрған Қажықайдардың балалары Сағимұрат мен «Ақсуат» совхозында директор болып жұмыс істеген кезімде шаруашылықта кіші мал дәрігері болып жұмыс істеді. Ғабдылмұрат деген баласы Кокпекті ауданының «Большевик» совхозында тұрды.

1996-жылы 25-маусымда осы Ғабдылмұрат ақсақалды іздеп барып Ізғұтты тарихы жөнінде әңгімелескенім бар. 1914-жылы туған сол кезде 83 жастағы қапсал денелі, сүйекті үлкен адам екен. Өзі Қажықайдардың баласы болғанмен, осы Қажықайдармен бірге туысатын ағасы Түсіпбек асырап алып, сол кісінің тәрбиесінде болады.

- Балам, біздің атамыздың тарихы жөнінен көп адамдар сұрау салып, іздеп келіп жатады. Қазір денсаулық нашарлады, өзін де балам, күйімнің кетіп отырғанында келіп отырсын. Қан қысымын олшеген кезде 230 болып тұр, жағдайдың болмай отырғаны да содан болар,- деді.

Дегенмен сырқаттанып отырса да әңгімесін жалғап жақында Мұрат Әуезовтен де хат алдым, ескерткішке бір Құран кітап жіберіпті, ол да осы біздің тарихымызды жазып жіберсе деп хат жолдапты. Өзін көріп отырсын, мына сореде тұрған материалдар сол тарих туралы сыр шертеді, бірақ жазуға шама жоқ.

Кезінде Құнанбай мен Ізғұтты оте сыйласымды, бірін-бірі жақын тартып жүріс-тұрыстары бірге болған, жұбын жазбай бірге өскен адамдар ғой. Құнанбай сырқаттанып жатқанда Ізғұтты үнемі барып көңілін сұрап, көңілін аулап әңгімелесіп қайтып тұрады екен.

Бір жолы көңіл сұрай барғанда, Құнанбай сезімтал адам ғой; Ізғұтты, не айтасың ішінде жүргенің болса айт депті. Сонда Ізғұтты: “Пәни дүниеде жұбымыз жазылмай тату-тәтті бірге өсіп, біте қайнадық, бақилықта да орнымыз бір жерде болса деп едім”,- дейді.

Сонда Құнанбай туыстарына: “Менің жанымнан бір орын тастандар. Ізғұтты ерте өлсе де, кеш өлсе де менің жанымға қойыңдар”,- депті.

Күнекеңнің осы өсеті бойынша Ізғұтты қайтыс болғаннан кейін Құанабайдың қасына қойылады. Екеуі қатар жатыр. Мен Қытайға кетерде қабірінен топырақ алып кетіп едім,-дейді Ғабен.

Абай медіресе ашып, бала оқытады. Осы медіресеге оқуға Ізғұтты Орынбек деген баласын береді. Оның сабақ алымы айтарлықтай болмады.

Абай Қажықайдарды бер деп өзі сұрап алған корінеді. Айтқандай Қажықайдар өте алымды бала болады. Өте қабілетті болғандықтан Абай да оны жақсы коріпті. Медіреседегі діни оқумен қоса Абайдан орыс тілін де үйреніп шығыпты.

Қажықайдардың медіреседе оқып жүрген шәкірт кезінде Қажықайдарға бір қыз жүгіріп келіп Абай атам саған “шашымды алып берсін” деп шақыртып жатыр дейді. Келгеннен кейін Абай атасы басқа күмғанмен суды аздау құйып, көбірек уқалап барып алу керек десе, Қажықайдар қорқақтап алмайды.

Жанында тұрған бір жігіт “мен алып берейін” депті. Сонда Абай: «басымды кесіп алмайсың ба?»,-дегенде Қажықайдар қорыққанынан отыра кетіпті. Сөйтсе бұл жігіт Абайлармен қырғи қабақ рудың азаматы екен.

Кейін Қажықайдар шәкірттердің шашын алып беріп жүріп, шаш алудың тәсілін меңгеріп алыпты.

Кейін Абай атасының да шашын үнемі алып беретін болыпты. Абай атасының алғашқыда шашын алып бергенде айтқаны: Балам басында кезлік ұстап туған адам жоқ. «Өнерді үйрен де жирен» деген екен.

Қажықайдар Мұхтар Әуезовпен балалық шағын бірге өткізген, екеуі тайыншаға мініп, ойнап жүретін балалар екен. Бірақ, Мұхтардан Қажықайдардың –он бес – он алты жас үлкендігі бар корінеді.

Біздің аталарымыздың басынан Шыңғыстауды мекендегенге нелер дәурен өткен. Оның бәрін айтып тауыса алмаспын.-дейді. Соның бәрін айта келіп Ғабен М.Әуезов «Абай жолы» романын жазғанда бізді “Қырғыздан келген Ізғұтты” деп жазыпты. Онысы қате, бас сауғалау үшін де жазған шығар.

Менің әкем Қажықайдар бір жылы үйде аяғым сынып ауырып жатқанымда осы туралы сен М.Әуезовке барып жолық сені таниды. Қандай жағдайда жазылғанын сұрап біл деп еді, ол аманатын орындай алмадым.

Ендігі бір әңгіме Құанабаймен бірге өсіп, біте қайнасқан о дүниелік болғанда да қабірлері қатар жатқан Ізғұттының басына тасына жазып, құлыптас қоймаған Тобықты ұрпақтарына өкпем қазандай. Бірақ, Тобықтыда да мен өкпе наз айтатындай кім қалды дейсің, көңілді

арымында қалған есге қалсын деп айтылған өңгіме той.-ден бір ердің қойғаны бар.

Құнанбай қайтыс болғаннан кейін абыройы артып тұрған елге сыйлы, құрметті болып келген Кіші қажы Ізгүттыны да қорға алмайды. «Туағанның түбі шикі» дегендей Құнанбайдың асыранды ұлы емес пе деген өңгімелер қылаң бере бастағанды құлағы шалған Ізгүтты бәйбішесі Несібеліге тегіндегі болған тарихи оқиғаның мазмұнын ұғындырады. Сол кезде Ізгүттының жасы 72-де екен. Өзінен туған Молдахмет пен Дәуітбекті қоса есептегенде алты ұлының қайысына ұғындырса да өзің білесің, бірақ ішінде болсын деген екен.

Енді бір айтарым менің әкем Шибай емес аты Бақбай депті. Ал апамыз Тайбала құда түскеннен кейін ұзатылмаған, жанына торт адам ашып, айттырған соң мен «әр аттың басына ілетін дорба емесің», «тас түскен жеріне ауыр» деп өзі барыпты.

Барған жерінде сыйлы болып, елі “молла апа” атандырыпты. Міне, откендегі жағдай осылай болған деп айтып түсіндіріпті.

Осы өңгімеден кейін өзі де ұзамай дүниесі салады. Әкесі дүниесі салғаннан кейін Несібелі апасы жалдында сақтап жүрген сөзді Қажығайдарға айтып ұғындырады.

Қажығайдардың ағасы Дүкенбек Алтайдан жылқы айдап алып келін жүреді екен. Бір жолы жездесі Қажықайдарға бір ат береді. Бірақ, ол берген атты несі танып алып кетеді. Таныған кісіден атты алғандығы туралы қолхат алып қалады.

Осы жағдайды пайдаланып Зұлғарыш “менің атымды да ұрлаған осы Қажығайдар” деп прокурорға береді. Прокурор “істі” сотқа түсіріп, жергілікті жердің соты Зұлғарышты қолдап, Қажықайдар жазықсыздан істі болып қалады.

Енді еріксіз бас сауғалап шағымдануға тура келеді. Сонымен сол кезде облыстық сот Ақсуаттық Нәзікешінің Жұмаділі екен. Бірақ Қажықайдар оны танымайды. Сойтіп жүргенде сонда істейтін Сәкенбаев Сарқытбай деген руы Айдар азаматы Жұмаділмен таныстырады.

Содан барып Жұмаділ Мұхаметжанов ісін адвокат Ережап Итбаевқа беріп істі облыста қарап, жергілікті жердің сот шешімін бұзып ағарып кетеді.

Сонынан Жұмаділге жолығып, ол кісі менің Мұхаметжан деген тоқсан жасқа келген әкем бар (Бәйел сақаудың ең үлкені) деп сол кісіге жібереді.

Мұхаметжан заманында бұл болған кісі екен. іздеп келген Қажығайдарды қарсы алып, бір ай бойы ел-жұртымен таныстырып,

Мұхаметжан мен Әзіке (Бижамаалдың әкесі) аталары келесі жылы жайлауға көшіріп алатын болып келіседі. Шәкәрім жиенге сәлем айт деп шығарып салады.

Келесі жылы жайлауда 1927-жылы маусым, шілде айларында Мұхаметжан мен Әзіке бастаған он жеті кісімен, 17 түйе, 6 жүк арбасымен “Томар ащы” жайлауына көшіріп әкеледі. Ғабдылмұрат сол кезде 13 жаста екен. Еліне келген соң Гәккулетіп бір ай той жасаған көрінеді.

Ғабдылмұрат пен Қажықайдар Ажыда қалып (тегіндегі Романовка), келесі жылы Тарбағатайдан жер алып тауға көшеді. Таудан жерді Тұрымтайдың баласы Мұқан Қыстаубаевтар береді (Мұрат, Болат Сапоровтардың ұлы аталары).

Сол жерді Қалимұрат, Қажықайдарлар үй салып мекен етеді. Қалимұрат осы «Ақсуат» совхозында істеп жүргенінде қыстауына үнемі барып тұрады екен. Туған жер адамға ыстық көрінеді ғой, талай ойнаған жерім еді деп отыратын дейді.

«Туған жердің тасы да қымбат» дейді қазақ. Сол бекер айтылмаған сөз болу керек. Қыстақтағы ат байлайтын тасты Қызыр деген ақсақал Ақсуатқа алып келіпті. Біреу сол тасқа бір қой бергенде тасты бермепті деп әңгімелейді Сағимұрат ақсақал.

Енді Шыңғыстаудан кошерде Изғұттының бәйбішесі Шәкәрімге қош айтарға барғанда, Қажықайдарға «көк атынды мініп, көк шапаныңды киіп оятып кеттің ғой»,-деп Шәкәрім қош деп кошерде жылап қалған екен.

Ғабдылмұрат пен Сағимұрат ақсақалдар: «Біз осы Ақсуатқа көшіп келгенше Тоқабай екенімізді білмейтінбіз. Тобықты елінде жүргенде Зере мен Күнке осы ауылдың қыздары екен дегенді еститінбіз. Біз өзімізді мұнда Тобықты деп есептегенбіз. Біз осында келгенде де Хатым шығарарда түгел Тобықтыларды айтып шығартып жүрдік. Оған бұл жақтағы туыстарымыз таңданып отыратын кез болатын. Біздің Шыңғыстаудан неге көшіп келгенімізді басқаны былай қойғанда Шәкәрімнің ұлы Ахат та білмейді екен. Сол Ахат бізді Семейге үш рет іздеп келді. Казпедтехникумда оқып жүргенде «Большевикке» де іздеп келіп кеткен еді,-дейді.

Қажығайдардың Зұлғарыштан сөз естіп қырбай жүргендегі өлеңі есімде қалыпты:

Болғанда атам Сақау, анам Жекен,
Осы сөз бұрын паш боп естілмеген.
Талай жыл біз Шыңғысты мекен еттік,
Адам басы Алланың добы деген.

Нәке атам үш некелі болып откен,
Сол кезде Молда апамның дәті жегкен.
Білмеймін сыйластық па, күндестік пе?
Әйтеуір, атам Бақбай Шыңғыс кеткен.

Атадан алтау болып саналады,
Қажы атам Бақбай, Шибай екеу скен.
Айтуы Кеңже апамның нақ осындай,
Көп заман уақыт отті біз қосырмай.
Өкіну откен іске жоп бола ма,
Береке берсін іске мұнан былай.

Сағымұрат ақсақалдың руы Бәйел Сағындық ақсақалдың ойында
қалған Қажығайдардың олеңі скен:

Шашылмас қайда кімнің несібесі,
Торыаттың көп болды ғой әңгімесі.
Торыаттың жоғалғанын менен көріп,
Кешегі асыранды Найман деді.

Найман деген бар ма еді қаперімде?
Бұл сөзді естіп қалдым қапелімде.
Бұл сөзді естіген соң ұғыну үшін,
Бардым ғой жүгініске Шәкәрімге.

Кеше бір сөз естідім Шәке аға,
Ізгүтты қайдан келген менің әкем?
Өзіңіз білген кіші қажы еді,
Тірі күнде Мекке көрген.

Шын болса осы сөздің төркіні енді мен Тобықты болып жүре
алмаймын,-депті. Сонда Шәкәрім айтқан екен:

Ал жоніңді айтайын саған деді,
Айтпасам обалыңа қалам деді.
Көрінген Қалба тауы сонау тұрған,
Сұрасаң үлкен әкең аты Нұран,
Үлкені сол Нұранның Сақау дейді,
Ізгүтты сенің әкең содан туған.

Қажықайдар айтады:

Шәке аға, рахмет айтамын сізге деді,
Көп жақсылық істедің бізге деді.
Естіп-аң Шәкәрімнен осы сөзді,

Кір жуып, кіндік кескен жерге тарттым
Жаныма немеремді ертіп алып,
Туысы Өзіке байды ізден тауып
Шалқыған көк жайлаудың үстінде салдым сайран.

Көп күндер қонақ болып қайтуға бет алады. Барған соң ағаларға не айтсам дегенде Мұхаметжан мен Өзіке байдың айтқан сөзі:

Шәкәрімге сәлем айт асыл туған,
Ол ағасы Абайдың жолын қуған.
Шәкәрімге сәлем айт нағашымыз
Бәріміз де молла апаның баласымыз (Тайбала)
Үлкені Изғұтты, Дәуітбек, Молдахмет,
Бір күні қимастықтан шыққан шетке
Келер жыл жіберемін Нәзікені...-деген екен.

Екеуі екі жорға ат мініп кімнің бар, кімнің жоғын біліп қайтыпты. Жоғарыдағы ел көшіруге бастап барған адамдардың ішінде Әлжанов Мұқаш, Мұхаметжан; Ыдырыш, Садық, Ысқақ, Данияр, Қайырқандар болыпты.

Өлең толық емес, көп жерін Сағимұрат ақсақал ұмытып қалған көрінеді, жалшы нұсқасы жоғарыдағыдай.

Изғұтты ұрпақтары отызыншы жылдардағы дүрбеленде Қытайға отіп, 1955-жылы елге оралады.

Қажықайдар 68 жасында 1885-жылы туған, 1953-жылы 12-қазанда кешкі сағат 7-де дүние салады. Жанында Оралбай, Жақит деген құдалары жатыр. Сүйегі Мақпал.

Ғабдылмұрат 1931-жылы Қытай еліне отіп 1955-жылы еліне оралады. Қытайда Ахмет Қожадан дін сабағын оқып білім алады. Білімін одан ары жетілдіре жүріп, он төрт жылдай мұғалім болады. Осы жерде Тау кен институтын бітіріп кеткен Талғабасев деген кісіден дәріс алады. Бұл мұғалімдері ағылшынша, немісше тілді еркін меңгерген адам екен. Нәзір, Мұхаметжандар қатынасын алған емтиханды жақсы үлгеріммен бітіреді. Осы оқу орындарын марқұм жазушы Ахмет Жүнісов пен Сағимұрат, Асылтай деген азаматтар да оқып бітірген көрінеді.

Қабан мұғалімдіктен кейін Шаған-тоғайда милиция, кейін прокурор, райкомда тексеруші органдарда жұмыс істеді. Түркістан шайқасына да қатынасады.

Қытайда конституция қабылданып басшы қызметте істеуге тыйым салынған кезде елге оралады.

Өзі қанша жыл шет жерде жүрсе де Шәкәрімнің «Үш анық» деген кітабын көзінің қарашығындай сақтап Қазақстан ғылым Академиясына тапсырған кісі екен.

Бетінде жазылғанды жаттап алған едім деп соны жаздырыды:

Жыным қой, жұлдызым шілде,
Жасым бес жүз он жеті ай (5 мүшел)
Қазақшалап есеп қылсам,
Бесінші мүшелі бұл сан.
Өмір қашан, өлім қашан
Емес біз білерлік жөй.
Тірліктің түрін қордім,
Тілегін нәпесінің бердім
Жемі деп білмей у тердім,
Шын ғылымға бола алмай бай.
Талайдан бар бұл ой менде,
Бұл әлемді жаратқан не?
Жан өле ме тірі олгенде,
Түзу жол істер іс қалай?
Не сыр бар дін деген жолда
Кітап тапсыр қожа, молла.
Болуы шатақ қолда.
Сынарлық қаруым жоқ сай,
Қаз ілген лашыным қолден
Жас аттау торт пен полден.
Азайып от жалын сонген.
Дәриға-ай көрілік қалай?
Алақтап іздедім қару
Бекілген артыма бару
Болып түр күн қарып айғай.
Арапшадан, орысшадан тілім
Жоқ жетіліп алған
Кітап оқып түрік жазған
Ұғындым мен осыны азғантай.

Негізінде «Үш анық» кітабын 1941-1948-жылдары Қытайда болған Сарғожин Рысбекке Қажықайдар табыс еткен.

Бірақ. Рысбекке кітапты аларда қайтең де тығын ұста, ешкімге көрестіңе, кездейсоқ білінің қалған жағдайда бір кемпірден алдым деп айт деп шегелеп айтып берген екен. Менен алдым деуші болма деп беріңгі.

Академияға тапсырған мен емес, осы Сарғожин Рысбек болатын дейді Рабен. Бұл кітаптың ақиқаты осындай.

Ғабдылмұрат, Сағымұрат ақсақалдармен әңгімелескенде Мырзахмет, Нәдір, т.б. адамдардың өмір жолы, істеген қызметі жайлы деректердің көп болғандығынан осымен шектелуді жөн көрдім.

ХАН БАТЫР ҚАБАНБАЙ

Қазақ тарихында, аты ұранға айналған, хан батыр атанған Қаракерей Қабанбай Қожағұлұлының алар орны ерекше.

Басқалардан ақыл-парасаты артық, аруағы асқан, алғашқы шайқастан-ақ жаудың бетін қайтарып, кейінгі қолға жол ашар, жолбарыс жүректі батырлардың ғана аты ұранға айналған. Аруағы асып туған, оққағар пірі бар ерекше тұлғаларды халық бірден таныған. Осындай Алланың аруақты пендесі Қабанбай батыр.

Ол шамамен 1691- жылы дүниеге келіп 80-90 жас жасап қайтыс болған. Қазақ-қалмақ соғысының қайнаған ортасында жүрген Қабанбай, жүзден астам ұрысқа қатысып ерліктің неше алуан үлгісін көрсеткен.

Атақты ақын Кәрібай Танатарұлы Қабанбай батыр туралы:

... Қазақтың ел қорғаған қаһарманы,
Кешегі Қабанбай мен ер Бөгембай.
Бұлардың бастауымен талай батыр,
Түсірген өз кезінде жауына жай
Қалайша жанын аяп, қарап тұрсын
Жеріне жау тигенде Сарыарқадай,-деп жырлады.

Қабанбай батыр туралы жыр-дастан, романдар саны тура 27 екен. Ал оның үзегілес серіктері Дәулетбай, Боранбай, Наурызбай, Бөгенбай, Шыңқожа, Ескенбай, Қойбағар, Байбарақ, Қарам, Арап, Кешу, Мауқыбай Шоректер және т.б. өз өмірлерін ат үстінде өткізіп, елді қорғаудағы сан шепті бұзған жеңістерінің арқасында, осыншама бай жерді кейінгі ұрпағына мұра етіп қалдырғанын тереннен ойлағанымыз жөн емес пе?

Ал Боранбай бiге тоқталсақ Қаракерей Қабанбайдың үзегілес серігі, өзі батыр, әрі би, Бөрекең нағыз әділет жолының көсемі, ел басшысы болғаны күмәнсіз. Демек, ол өз кезіндегі және қазіргі ұрпақтарының қайталап айтатын ұраны болып қала беретін, жұрт танымына не болған аруақты тұлға.

Кезінде Кәрібай ақын былай деп жырлапты:
Кім ұқпас Наймандағы Боранбайды,
Бес Байыс “Боранбайлап” ұрандайды.
Қазақтың ұран шықса қаны қызып,
Ер жігіт жауга шаппай тұра алмайды.

Атақты үй болыпты Мырзастан үш,
Еліне нақ әйгілі – бұл белгілі іс.
Қалқаман, Мұлкаман мен Жауар деген
Тұқымы Қалқаманның би Боранбай,
Нәсілі ата қуса – бұл да туыс.
Міне, осы Қалқаманнан би Боранбай
Туыпты Мұлкаманнан Ұлан-Бұлан
Қалқаман Мұлкаманмен бір туысқан,
Негізі барлығы да бірге туған
Найманға би Боранбай билік айтып,
Артына аруақты болған ұран.
Тұсында Абылайдың ақылшы боп,
Серік боп Ордасына қызмет кылған...,-деп дәріптейді.

Боранбай туралы жырында Кәрібай ақын:

... Бұлан бай елге жаққан беруімен,
Елінің айрылмайтын сенімімен.
Әйгілі бұл әңгіме үлкендерге,
Үлкендердің ішінде білгендерге,
Кабекен қолқалапты бір ат бер деп,
Ауылына Боранбайдың бір келгенде,-деген сөздері бар.

Ел аңызына қарағанда, Қабанбай батыр осы Боранбайларға жисн екен. Атақты тұлпар “Қу бас” атты осы бай Бұланның неше мың жылқысының ішінен таңдап жүріп алыпты. Қазақтың: “Жүзден-жүйрік, мыңнан-тұлпар” деген сөзі осындайдан қалған ғой.

Кәрібай ақынның өлеңіндегі Мырзастың үш ұлының бірі Мұлкаман. Одан Дондағұл. Сол Дондағұлдан Тобықты Өскенбайдың қарындасы Марқадан атақты Шал қажы туады.

Дондағұлұлы Шал қажы 1794- жылы өмірге келіп 1878- жылы қайтыс болған. Мекеге екі рет барған. Бірінші рет 1841-1843 жылдары әкесі Дондағұл мен ағасы Дуайдың есебінен өз туыстарымен барған.

Екінші рет 1850-1852 жылдары туыстары Илияс, Мақатай қажының есебінен барған. Екі рет барғанда 22 туысын Мекеге бірге ертіп барып, олардың қажы атағын алуына көмек жасаған. Үшінші рет баруға Мекеге жол түспеген.

Осы Шал қажының жақын ағайыны Тасыбайұлы Шәкі би. Шәкі Би мен Құнанбайдың достығы, бір-біріне көрсеткен ізет ілтипаты бүкіл Найманға аңыз болып таралған десе артық емес. Шәкі бидің бір ерекше қасиеттері ел аузында әлі күнге дейін айтылады.

Бірде Құнанбайдың аулында болғанда құрақ ұшып күтін жүрген Құнанбай, дереу ортасына кіріп тез қайға шығады да: “Менің аузымдағы не, қойнымдағы не, қолымдағы не, ташқыр болсаң көне айтшы?”,-деп түйіле қарайды. Сонда Шәкі би саспастан:

-Құнанжан-ай, мені сынауың әлі бітпеп пе еді? Аузындағы иман, қойнындағы құран, қолыңдағы нан емес пе?,-деген ғой.

Айтқанындай, қойнындағы құранды, уысындағы түйе бауырсақты көрсетті дейді.

Өлерінен бір жыл бұрын Шәкі би Құнанбай аулына барып қоштасып қайтады.

-Бұл менің ақырғы келуім,-дейді қоштасарда.

- Жер жағдайы шалғай, хабарыңды қалай білеміз? Тонырақ сала алмаймыз-ау,-депті Құнқекен.

Шәкі би бұған жауап ретінде олерінде өзінің хабар беретінін, ауылдың үстінен қос аққу қатар сұңқылдап ұшатынын айтады.

Келер жылы осы айтқаны дәл келіпті. Таңсәріде үйден шыққан Құнқекен мезгілсіз уақытта ауыл үстінен ұшып бара жатқан қос аққуды көріп “Дүниеден Шәкі би де өткен екен, жолға дайындадыңдар”,-депті.

Құнанбай тобы мәйітті жерлер үстіне биіктігі белуардан аспайтындай етіп тас үйілген сәтте ғана жетіп үлгеріпті. Алыстан келген сыйлы кісілер тонырақ салу рәсімін жасап, ат үстінен қабір үстіне бір-бір тас тастасыпты деседі.

Кәрібай ақынның өленіндегі Мырзастың үш ұлының бірі Жауардан Орақбай батыр. Кезіндегі осы атакты адамдар қатарында Орақбай батыр да аталынады. Батырдың туып-өскен жері бұрынғы “Ленин жолы” совхозы. Зираты Қызылкесік аулынан ауданды бетке алып шыққанда, тау ішінде оң қол жақта.Орақбай зиратын ұрпақтары бұдан бірнеше жыл бұрын жаңартып басына мазар тұрғызған.

Батырды көрген адамдар ұзын бойлы, қарашұбар кісі еді, тұлғасында ешбір міні жоқ, артық етсіз, қайындай қатқан сымбатты, әрі кедей еді дегенді айтатын.

Ол кісінің замандастары:

Туады таң алдында есек қырған,

Орекең жылқы айдауды есеп кылған,-десе, жанындағылар:

Байлардың жылқыларын деп отырып айт, басқаларда шаруамыз қанша,-деседі екен.

Бұл сөзден байқалғандай батыр алыс жерге жортуылға шығып, байлардың жылқысынан әкеліп, өзі секілді кедейлердің соғымына жығады екен. Немесе аяқ артыңдар деп бөліп беретін болған. Жылқы

... үргенде ол кісі үнемі “Иә, құдай, жарлығын малын кезіктіре бер...”-деп тілейлі екен.

... батырдың аты тек бір жортуылдағы ерлігімен ғана емес қажырлы қайраттылығы, ержүректілігі, ел шетіне жау тісе тайсалмай қарсы шауып, оны қуып тастауымен де ерекшеленген. Ол кісі жер белерін бағдарлап отыруда өте зеректік таңытқан екен. Қараңғыда ат үстінде келе жатқанда абайсызда қолынан түсіп кеткен камшысын, не насыбай шақшасын келесі бір күндерде сол түсіп қалған жерін дәл басып, тауып алатын болған. Қол күшінің қуаттылығы, қайратының молдығы, ат үстінде қарсыластарымен сойыл сілгесіп ұрысқанда ерекше байқалған. Қандай мықты деген азамат батырдың бір ұрып өткен сойылынан қалмай, тобығынан, тізесінен ұрғанда ат үстінен ұшып түсетін болған.

Орекеннің ерен қайратына, асқан батыл жүректілігіне оздері куә болған замандастары бір отырыста ол кісіден: “Ореке, осы сіздің ес білгені жаудан, немесе басқалай реттен қорыққан жағдайыңыз болды ма?”,-деп сұрағанда:

- Пәлі, мен де ет жүректі адам емеспін бе? Неге қорықпайың, талай қорыққан ретім болды,-деген екен батыр.

Енді сол ел аузынан естіген әңгімемізге тоқталайық. “Айдаһармен айқас”, “Солдаттар оғы”, “Мойынға түскен бұғалық”, тағы да басқа ерліктері туралы “Ленин жолы” совхозының тумасы, руы Мырзас Моднев Биғазының дастан етіп жазған кітабы жарық көрген.

Жұматайұлы Орақбай Мырзас ішінде Қареке руынан шыққан. Әйелі Айдар руының қызы. Орақбай 1910-жылы 70-тен аса бұл дүниемен қош айтысыпты. Ол туралы Сапарғали Әлімбетовтың:

Бұл елден тағы шықты ер Орақбай,

Коп қасқырдың ішінде кок шолақтай.

Өзі алды, өзгелерге алдырмады,

Бөйжігіт пен Мұрынға жау жолатпай-деген өлеңі ел аузында жағталған.



ШАХАНТАЙ ЖАУҒАШАРҰЛЫ

Алматы қаласында тұрағын зейнеткер Омар ақсақал осы Шахантайдың ұрпақтары болып келеді. Парсы тілінен қазақ тіліне көптеген аудармалар жасапты.

Тегінде Араб елінен мұражай ашып осы елмен қарым-қатынаста болыпты. Сол үшін көп жылдар қудалауда болып, осы кейінгі жылдары ғана мамыржай өмірге қошipti.

Жасының 94-тен асқанына қарамастан ақ қойлек, ақ шалбар киіп, жағасына кір жүкпай, әлі ширақ, тік жүретін, аппақ шашты, жуан сары келген сері адам.

Сол ақсақал Шахантай батыр туралы былай дейді:

Жауғашардан жалғыз Шахантай туады.

Кезіндегі бір бай адам ат шаптырып, ұлы дүбір той жасап, қызын ат бәйгесінен бірінші болып кім келсе, соған бермекші болыпты. Шахантайдың бір құнаны бар екен, соны мініп, бәйгеге қосылып, бірінші болып келеді. Көмбеге тақағанда “Шахантайлап” ұрандап өткен екен. Жиналған жұрт: “Бұл кім?”- деп таңқалысыпты. Сөйтсе, атқа шапқан бала өз атын айтып ұрандап өтсе керек. Содан бастап Шахантай аты ұранға айналыпты деседі.

Бай Шахантайға қызын сегіз күтуші қызымен қоса береді. Әйелі осы қыздың бәрін аласың деп бәрі де Шаханның әйелі болыпты. Шахантайдың тоғыз әйелі болыпты деген осыдан қалған сөз дейді Омар ақсақал.

Шахан кейбір деректерде 1706- жылы туған делінген. Бұл мөлшері келгенмен нақтылы емес. Әлі де анықтай түсуді қажет етеді. Қанша жасында қайтыс болғанын да сшкім дәл басып айта алмайды.

Дегенмен батырдың XVIII ғасырдағы жаугершілік заманда өмір сүріп, халқына қалқан, қорған болғандығы ақиқат.

Шахантайдың руы Керей. Керей ішінде Жастабанның Бсгімбетінің Бекназарынан. Бекназардан Қожакелді, Құдайберді, Қойлыбай, Жәдігер туады.

Құдайбердіден Майбасар, Жауғашат туады. Майбасардан Матак бастаған алты ағайынды ұл, Жауғашардан жалғыз Шахантай туған.

Шаханның ерлігі, батырлығы жайлы сыр шертетін шежіре дастан аз болмаған. Оған батырдың аузымен айтылатын мына жыр дәлел:

... Қолыма садақ алайын
Қорамсаққа қол салайын.
Қас жауына елімнің
Қасқайып қарсы барайын!

Республика жұртшылығына танымал айтыскер акын Семейлік Қалихан Алтынбаев өзінің “Ақырғы айқас” деп аталатын дастанында қазақ пен жоңғарлар арасындағы алапат жойқын шайқастарды былайша суреттейді:

... Серейген бойы бақандай
Керейден шыққан Шахантай
Сынған жерде найзасы
Біткен кезде айласы
Өсіп тұрған теректі
Жұлып алып толғады,- деп әсірелей көрсетеді.

Бұл тек әдеби әдіс ғана емес, шындыққа жанасатын жағдай. Заман талқысына түсіп, там-тұмдап бізге жеткен шежіре жыр жолдарына қоз майымызды тауыса үніліп, көне қоз қарияларымыздың жадында сақталған аз-кем деректерге құлақ түрсек, Алақол маңындағы ақтық айқасқа Шахантай батырдың қатысқандығын көреміз. Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі алапат соғыстың саябыр тартқан сәтінде Қаракерей Қабанбай батыр Шахантайдың ерлігіне риза болып, бата берген деген де әңгімелер бар. Оның бәрі зерттеліп, зерделенер. Арғында ерлік ізі, айта жүрер сөзі қалған Шахантай батыр – ұрпақ үшін тәрбиелік, тағлымдылық мәні бар тұлға. Оның ерлігі, батырлығы еркіндік, теңдік, тәуелсіздік алған егемен еліміздің жас толқынын патриоттық өршіл рухта тәрбиелеуге қызмет етері даусыз.

Руы Керей мәңгілік орынды осы Ақсуат жерінен тапқан Хабар батыр, сонау Жоңғар шапқыншылығында асқан ерлік көрсетіпті. Қалмақтармен болған соңғы соғыста жауын шекардағы асудан ары асырып тастап, әрі осы соғыста қатты жараланыпты. Ат үстінде келе жатып, сол жарадан әбден әлсірегенде, атының басын тартып: “Мені осы жерге қойындар, қалмақтар мына асудан қайта асып кетпесін, көріп жатайын”-депті. Серіктері оның тілегін орындап сол айтқан араға жерлепті. Байқоңыр тауынан асу көрініп тұрады екен. Ал асу осы батырдың құрметіне “Хабар асуы” деп аталыпты. Батырды арулап қойған соң оның астындағы ақбоз атын еліне барсын деп бос қоя берген екен. Босаған ат сол сайдың батысына қарай өрлеп, көзден ғайып болыпты. Содан бері бұл сай “Ақбоз ат сайы” деп аталады.

Сонымен жауын жеңіп, ақырғы демі осы жерде таусылған Хабар батырдың зираты, тегінде Ақсуат ауданы “Амангелді” совхозының Байқоңыр тауының шыға берісіндегі үлкен сайдың ішіндегі ұқыпты қаланған ат зират әлі күнге дейін тұр.

Керей елінен жауды оздырмаған, дауды қоздырмаған, елді тоздырмаған, көкірегінде көзі бар, көкке онеге сөзі бар дана би Жобалай, Байғотан биілер шыққан.

Абылайханның дабылшысы болған, үш жүз елуден астам күйдін несі Бөйжігіт күйші де осы Керей елінен.

Осы елдің азаматтары Шокбатыров Өмірұзақ Балтақайұлы Ақсуат ауданында алпысыншы жылдары бірнеше жыл бірінші хатшы болды. Руы Шахантай Сатаев Уәсіл осы ауданда ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары, 1969-1975 жылдары “Комсомол” совхозында директор болып жұмыс істеді. Найзабеков Ыбырай да осы ауданда көп жылдар есеп саласында еңбек етіп, Ақсуат елімен құдандалас болып аттанды.

Үрпежанов Зағыпан ұзақ жылдар Ақсуат ауданында қаржы болімінде менгеруші болып қызмет істеп, зейнеткерлікке шыққан. Тарбағатай ауданының “Құрметті азаматы”, Ақсуаттың қадірменді азаматтарының бірі.

Шахантай ұрпақтары болып келетін Тілеужанов Бекен (Берікбол) 1941-жылы ауыл шаруашылығы институтының механика факультетін бітіргеннен кейін, бірден армия қатарына алынып Өзбекстандағы танкистер даярлайтын “полктік мектепті” бітіріп майданға аттанды.

Соғыс аяқталғаннан кейін 1946-жылы елге оралып, 1948- жылға дейін Семей облыстық партия комитетінде нұсқаушы болып жұмыс істейді. 1948-жылдың жазында Ақсуат МТС-на директор болып келеді. Өзі қызмет істеген он жылда тегіндегі ауданға қарайтын барлық колхоздарға үлгілі қызмет көрсете келіп, колхоздар іріленіп совхоздар жүйесіне айналғанға дейінгі уақыттар ішінде барлық шаруашылықты білікті де білімді механизаторлармен қамтамасыз еткен механизаторлардың дүкені осы МТС болатын.

Бесінші сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты бірнеше грамоталармен, медальдармен және Ленин орденінің иегері, қазақ әйелдерінің алғашқыларының бірі болып комбайн штурвалына отырған Айтжан Жақсылықова мен зайыбы Қайырғазы осы МТС-тың шәкірттері.

Кезіндегі аудандық, облыстық Советтің депутаты, Москвадағы Ауыл шаруашылығы Жетістіктерінің Кормесіне қатысқан, қаншама медальдар мен мақтау грамоталарының иегері есімі бүкіл облысқа әйгілі болған комбайнер Солтанғазина Кәлима, Дәлжан Қоқасвалар, семьяларымен бірге штурвалға отырғандар Жанайбаев Сиязбай мен Қатима апай, Кәлима мен Құсмаидар, Күлпан Рахымжанова, Күлән Оралова. Күлжәмин Толегенова осы МТС-тың тәрбиелеп шығарған тұлғалары.

МТС-та ұзақ жылдар бойы еңбек еткен тәжірибелі механизаторлар: Шаман Шомшекбаев, Мұхатай Хамзин, Осербай Пынтаханов, Қайырғазы Жақсылықов, Әбілмәжін Пұрғазин, Қажтай Қасымбаев, Шмидт Иван Иванович, Ақабай Әбдікәрімов, Ықсан Кенішов, Тілеужан Гүсінов деген азаматтар тамаша еңбек үлгісін көрсетті. Соколов Иван Павлович, Нағымжанов Махмұт, Аюпов Мұхаметжан МТС-та механик болып, трактор мен ауылшаруашылық саймандарының қалыпты жұмыс істеуіне басшылық жасады. Ақсуат МТС-і сол кездегі 32 колхозға техникалық қызмет көрсетті.

МТС тарағанға дейін сол кездегі колхоздармен келісім шарт бойынша жұмыс істеп, егінін салып, шөбін шауып, жинап беруге көмектесті. Сол бір кезеңдерде Бекен жұмыстың алғы шебінде болып осы механизаторлармен қоян-қолтық жұмыс істеді.

Тілеужанов Бекен МТС тарағаннан кейін ауыл шаруашылығы инспекциясының бастығы болып қызмет істеп, зейнеткерлікке шығып, Алматы қаласында тұрып, 1993-жылы мәңгілік орынды Алматының “Кең сайынан” тапты.

Бекен ақсақал көзінің тірісінде ұлын-ұяға, қызын-қияға қондырған адам. Барлық балаларының туып өскен жері Ақсуат топырағы. Клара, Токен, Флора, Аман, Съезд атты балалары бар. Барлығы да нарық заманына сай орнын тапқан азаматтар.

Бекеннің інісі Секен де Ұлы Отан соғысы жылдарында Аяқоз қаласында атты әскер полкын ұйымдастырған, отты жылдарда майдан шебінде болған адам.

Соғыстан кейін Семей облыстық прокуратурасының прокуроры болып қызмет істеген. Дүниеден ерте озған азамат.

Бекеннің інісі Тілеужанов Ақылтай (1936-1994) техника саласындағы оқу орнын бітіріп келгеннен кейін Ақсуат МТС-да техника жөніндегі инструктор болып істеді. Кейіннен ХХІІ партия съезі атындағы совхозда алғашында автогараж меңгерушісі, кейіннен бас инженер болып жұмыс атқарды. “Әке көрген оқ жонар” дегендей Ақылтай да өзінің қарауындағы механизаторлар мен шоферларды өзі бас боп комбайн штурвалына отырғызып, ақ егісті орып-жинау науқанын жиырма-жиырма бес күнде орып, жинап отырды.

Жетпісінші жылдардағы мол егіс өнімін орып-жинаудағы қажырлы еңбегі ескеріліп, “Еңбек Қызыл Ту” орденімен марапатталды. Бірнеше медальдар мен мақтау грамоталарының, бағалы сыйлықтардың иегері болды.

Көзінің тірісінде ұл өсіріп, қыздарын тәрбиелеп, немере сүйген азамат.

Қазірде үлкен ұлы Мұхтар Тарбағатай ауданының ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары, Қаржаубай (Бейімбет) Алматы қаласында көсіңкер. Қыздары Айгүл, Анар мемлекеттік қызметкерлер. Барлығының да жоғары дәрежелі білімдері бар. Немерелері Айдын, Шалқар, Алтын, Зерелер оқу озаттары.

Аналары Әбенова Теңлік өмір бойы денсаулық сақтау саласында істеген, мыңдаған баланың кіндік шешесі болған еліне елуші, халқына қалаулы ана. Кезінде қолы шипалы дәрігер болған, қазір құрметті демалыста.

Тілеужанов Бекен, Секен, Ақылтайлардың әкесі Қыдырбаев Тілеужан 1958-жылы, шешесі Ізтілеу Жанқұлықызы 1965-жылы мәңгілік орындарын осы Ақсуат топырағынан тапқан адамдар.

Артында ұрпақ қалдырған бұлар Ақсуат өңірінде өмірлерінің ақырына дейін еңбек етіп, тер төкті. Бұл аталған адамдардың сіңірген еңбектері мен істеген істері келешек ұрпаққа үлгі-өнеге болып қала бермек.

ҚОЖАКЕЛДІ БАТЫР

Ауыз екі әңгіме арқылы осы уақытқа жеткен тарихи баяндауларды Бейсенғали Садыханұлы: “Әкелерінің әкесімен туысатын Маусымбай қарияның, кезінде шешен, шежіре атанған халықтың көне биінің бірі, сүйегі мәметек Абылғазы Әбікеұлының естігенін көкірегіне тоқыған семіз Найман ішінде Төлеу болып келетін Оразиман қарттың, Қожакелді батыр туралы естеліктерді, тарихи әңгімелерді естіп бірден-бірге жалғастырып келе жатқан Мұрын елінің көрнекті адамдары Ақшайық, Қалиасқар, Темірғалы сияқты шешен шежірешілердің айтулары мен өлең жолдары негізге алынып жазылды”, - дейді.

Тарихшы жоғарыдағы шежірелердің айтуына қарағанда оқиға 1824-1825 жылдар шамасында болған, яғни 18-ші ғасырдың аяғы 19-шы ғасырдың басын меңзейді.

Тарихи деректерге жүгінсек Орыс ұлықтарымен ертерек араласқан Ханқожа ұлдарының Назар руларын бодандыққа кіргізу арқылы өз үстемдіктерін нығайту үшін Батыс Сібір генерал-губернаторына хат жазып әскер шақыртқан уақыты жоғарыда көрсетілген 1825-жылға тұспа-тұс келіп тұр.

Демек, өз берекесімен ұйып тұрған қалың назар руларының тыныштығын бұзған төре тұқымдары болса, оларға дем беруші орыс отаршылары екені даусыз.

түріндіктегі елін бодандыққа бермеуге күш жұмсаған батыр дауысының тарихи тұлғасы уақыт өткен сайын сомдала түсетіні сөзсіз.

Елші жердегі ел аузындағы тарихи аңыз әңгімелер желісі былай деп басталады.

Шар руссияның патшалығы орта жүз ішінде Қаракерей еліне Жуңго қарсылығынан қауіп тәніп тұрған кезде, түрлі тәсілдер қолданып әр түрлі әдістер арқылы бейбіт жолмен өзіне қарату жағынан күш шығарған көрінеді.

Бұл мақсатын орындау барысында біртіндеп, бөлшектеп өзіне тартып, бірін-біріне салып ақырындап өзіне қаратқан екен.

Орта жүз ішінде алдымен Арғын руын, оған жалғас қоныстанған Найман, Тортуыл, Бура руларын бұлармен аралас қоныстанған Алтайға атуаннан қалған Уақ, Керей руларын өзіне тартып Сарыарқаның батысын қамтып қоныстап ұлттарды (өзбек, татар, тәжік, ұйғыр, т.б.) өзіне қаратты. Қаракерей ішінде семіз Найман Байыстан Тума, Токлақ, Болатшы руларын біртіндеп иелігіне тартты. Семіз Найман төресі Бексолтан ел ағасы Бекбосын бидің аталары Бекберді, Балтабек қажының аталары Шанқайбай қаталылар, Тумадан Кобелдес, Токлақтан Сапақ би сияқтыларды ұйытқы етіп, Болатшыдан Омар болыстың әкелері Бакдәулет дегендерді ақышшылыққа алып Тарбағатайдың Солтүстіктегі және шығысындағы Мұрынды, Бөйжігітті, Тортуыл, Садыр, Матайды өзіне қарату үшін Тарбағатайдан асып ел-елдерге еліні жіберді. Патшаның қол астына өткізіп алу үшін Хабаров дейтін генералды 500 әскерімен жоғарыда аталған елдерге жұмсады. Патшаның жарлығын олар жариялап ел ішінде топ құрды. Халық ішінде жанын ашып, заңды түсіндірді.

Қаракерейдің бірі Семіз найман төресі Бексолтанды, бес болыстың бірі Туманың бні Кобелдесті алып Тарбағатайдан асады. Осы Хабаровтың асқан асуын халық “Хабар асуы” деп атап кеткен. Жалғызаяқ бір жолмен әскердің қару-жарағы, тамақтанатын қазандары (арбаға орнатқан кухнясы) келе жатады. Сонда қазан арбадан құлап сынып қалады. Қазанды олар көтел дейтін болса керек. Мұны халық “Котелдың асуы” дейді. Бұл август, сентябрь айлары екен.

Тарбағатай елі көктеуден жайлауға көшіп, ортең таумен Көкпекті өзенінен өтіп, Қалба тауына шығады. Сонда олардың соңы Үшбоғасқа дейін созылатын көрінеді.

Мұрын, Бөйжігіт және басқа аталардың халықтарына кісі салып еліні жіберіп сөйлесіп бейбіт жолмен бірлікке келмекші болып шатыр тігіп, жайланып, жап-жағына пост қойып аттарын жіберіп, арбаларын доғарып орнығып жатады.

Боғастың басында қалың орман, шілік өседі. Осы ара Мұрын елінен Токабай Қожакелді дейтін байдың мекені болған. Көктем кезінде қоныс жаңалап, одан жайлауға қарай Сарқұлды бөктерлеп, Бигақтың аяғын қырқа көшіп Өртең таудың басымен Еспені жағалап, Көкшектіге келіп осыдан Қалбаға көшеді екен. Бұл аралық кең сахара, көк орайлы бастау, мөлдір бұлақ. Шалғынды-қыратты, қараған-тобылғылы, сай-саласы бүргенді жайлау төрт түлік малдың ырысы. Бас-аяғы үш күндік жазық, әр қоныста бір жұма отырып соны жейді. Енді олар салт бойынша түйе қондап қоштің алдын таң ата көшірді Қожакелді байдың Жылқайдар деген баласы: “Далада қалған жылқы бар ма?”,-деп қасында үш жолдасымен үш Боғастың Қалба жағына қараса, Боғастың орта айырығында қара нор жылқы қарасы көрінеді. Бұл жерменен көшетін елдің жөні жоқ, қандай көп мал деп жуықтап келіп бір донестен көз жіберіп қараса, қалың шатыр, тізілген доғарулы арба, далаға жіберілген қалың аттарды көреді. Күн көтеріліп қалған уақытта нақ танып мынаның бейнесі жау ғой деп аңғал жастар шауып көш үстіндегі елге жетеді. Қасында өзінің замандасы серіктерімен көш бастап келе жатқан Қожакелді батырдың өзіне келеді. Мойнында дағыстан шұбары атанған бір атар қара мылтығы бар, құлаштан артық қылыш асынған Қожакелді жас кезінде жонғар шапқыншылығының соңғы соғыстарын көрген адам. Бұл Жылқайдардан жағдайды ұғынады. Көш Еспеге үдере тартады. Көштегі барлық ер-азаматтарды шақырып, көрі-жасын жияды. Бірнешеуін алдыңғы елге хабарландар деп ілгері жібереді. Бір бөлім ысылған азаматтарды бәйге аттарымен Бәйжігіт еліне, олармен шектес ондағы Саты, Шаянбай ауылына хабарландар дейді. Өзінің Айдабол, Шапат дейтін екі баласын, Көтебай дейтін інісінің Қажыбек дейтін баласын және інісі Кәдісіннің Шатаман дейтін немересін хабаршыға жібереді. Өз ұрқынан іріктеп ең мықты атпал азаматтан құралатын 13 адамды руы бір Қоқанның баласы (әкелерімен туыс) Тоғанасты, Макпалдан Бибатырды (Бурабай), Кегенбайдан Қырықбай батырды, Ақабай Мәлікті жуық арада жинады. Ер-азаматтардан көш үстінде 100 адамды құрап барынша қаруландырып өзі бас болып жау алдынан шығып тілдесуді жөн көрді. Жауласса жағаласамын деп қатуланып жүріп кетеді.

Қалғандары Нарген әкесімен туыстас інісі Бекбауды; Бәйжігітке Менлібай, Кәдісін, Біл, Жапақ сияқты 10 адамды, Шерубай, Тана бастаған алдыңғы көш үстіндегі елге жіберді. Бейбіт ел аяқ-астынан қарбалас күйге түсті.

Ақ бас қария ақсақалдары мен ақ шашты аналар тілеу тілеп жылап-енірейді. Бой жеткен қыздар, жас келіншектер сән-салтанатты тастап,

жы киімдерін шешіп, оңдерін өзгертті, кейбіреулері үрейленіп қорқынып қоярға жер таппайды. Бұрын шапқыншылықта жаудың талай қысықтықтарын басынан өткізген ел өстіп арпалыста болады.

Қожакелділер қайта Боғасты өрлеп өздеріне сыралғы жердің дәл тұрғысынан қараса, олар бейғам жатқан қара нор көп адам, көп жылқы, шоғырланып тізілген арба мен тігілген шатырларды көреді.

Бұған жолығып біліп кел деп бұрын көрген Жылқайдарды 15 адам қосып хабарласуға жібереді. Бірақ өзі бұл қайте де жау деп жобалайды, егер ел болса кісі келіп хабарласуы керек еді деген оймен қасындағылардың барлығына кеткендердің жүріс-тұрысын қадағалап көз жазбай қараңдар деп бұйырады.

Жылқайдар бастаған адамдар өзеннің бір жағасымен тоталей дәл орыстардың қосының тұсына жетіп барады. Мұндай оқиғаның боларынан хабарсыз орыстың күзетші солдаттары бұларды білмей қалады. Жылқайдарлар ортадағы шатырға желе жортып тік тартады. Бұларды байқамай үстерінен өткізіп алған күзетші солдаттар қопандан атпен шауып мылтықтарын кезеп өздерінше тоқтатпақ болып: “Стой! Стой!”,- деп айқайлайды. Оларды көрген шатырдағы солдаттар және елшілікке бірге келе жатқан қазақтар да дүрлігісіп сыртқа шығып біріне-бірі қарап қарбалас болады.

Жылқайдар бастаған топ: “Стой! Стой!” деген дауысты тіл білмеушілік салдарынан қате түсініп “Ұста!” деп жатыр деп ұғады. Олар бұрылып қайта қашып өздерінің адамдарына қарай шабады. Олар тоқтамаған соң солдаттар өздерінің заңы бойынша тоқтатпақ болып бастарынан асырып оқ атады. Мылтықтың дауысын естіген Қожакелділер ойбай аналарды қырды, жанды аямай айқасып, оларды құтқаруымыз керек деп тұра шабады. Жақын арадағы атылған мылтықтың оғы алда келе жатқан Қожакелдінің өзіне тиеді. Адамның оққа ұшқанын көрген солдаттар кейін шегініп қалады. Жаудың шегінгенін көрген қазақтар да шабуылды тоқтатып аман келген Жылқайдарды көріп, Қожакелдіні аттың алдына мінгізіп артына адам міншіп алдына алып елге қарай шегінеді. Боғастың өзенінен 10 шақырым мөлшердегі тақыр далада Қожакелді жан үзеді. Артынан қуған жау болмаған соң байыздап осы жерге тоқтайды. Қазақ жолы бойынша осы орынға басынан сойылдарынан қолға тігіп жатқызады да күзетеді. Көдісін, Шахаман, Бурабай, Қырықбай батырлар өз ара ақылдасып бұл шапқыншы жау сияқты емес деп жорамалдайды. Елу адам сонда қалып, басқасы жағдайды айтуға және батырдың басына тігетін үй әкелуге кетеді.

Бұлар Боғас бойынан үркін көшкен елдің жұртынан қазан, шелек басқа да ыдыстар тауып алып, қарбаласта жұртта қалған малдарды әкеліп сойып азықтанады. Сойтіп, елден хабар келгенше өлікті күзетеді. Жұрттан тесе, күрек тауып қабір қазады. Жайлауға көшкен елдің алды Көкпекті, арты Өртең тау, Ойма, Қарабұлақ, Еспе көлемінде екен. Кәдісін бастаған хабаршылар ел шетіне хабарлап бірден-бірге жалғасып, жарым күнде жуық жерлер хабардар болады. Қалған ел күн-түнімен хабарланады. Ең алдымен естіген Шерубай, Тана сияқты ел басшылары. Олар ойланып жау шапқыншы болса, ел шауып содан кейін шығады. Халықтың шетіне келіп мен мұңдалап жатпайды. Бұлар жау болса да хабарласу керек деп ойлайды. Біз бара бсрелік деп сабырлықпен елді шулатпай, қалған елді бастап кел деп Тананы тастап, Шерубай 200 адаммен түн қатып жүріп, таң ата Боғасқа жетеді. Жолда Қожакелді оқиғасын хабарлауға келе жатқандарға кезікпей қиғаш кетеді. Келіп Қырықбай бастаған адамдардан ұғысып мәйітті жерлемей тұра тұрындар. Бұл шейіт адам киімімен көмеміз. Алдымен Кеуірге (қазақ халқына алғаш шабуыл жасаған қалмақ батыры екен. Қазақ жау сипатындағылардың бәрін каур немесе кеуір деп атайды екен) тілдеселік деп, бұл жерде 10 адамды қалдырып, басқасын алып орыстар жатқан майданға тартады. Бұлар Боғастың шеткі айрығына келгенде, алдарынан бір топ адам шығады. Орыстар жағы ақ жалау көтеріп жау еместігін аңғартады. Бұлар ақырындап келіп бет көріседі. Орыстарға ілесіп елші болып келген Бексолтан төре мен Көбелдес қатеден ұғыспастық болды деседі. Біздер Тарбағатайдан асып ел шетіне бармай, осы Боғас бойында жатып елші жіберіп, ақылдасып, патшаның жарлығын жеткізушіміз. Арғын, Керей, Уак және Аякөз өлкесіндегі Қаракерей елі ішіндегі Семіз Найман мен Байысты және Тума, Токпак, Болатшы сияқты елдердің жолы бойынша жүріп патшаның қарамағындағы ел қатарына отуін бейбіт жолмен жүзеге асыру – біздің мақсатымыз. Біз осыған арнаулы ілесіп келген елшілерміз. Әрі оз адамдарыңыз деп орыстардың айтпақшы сөзін жеткізеді. Оған Шерубай: “Біз орысқа қарамаймыз, сіздермен туыс екеніміз рас, біздің жөніміз басқа. Тарбағатайдың теріскейінен бастап біздің жеріміз, бізге елші салып хабарласпай, жерімізге әскермен басып кіріп адам өлтіріп отырсыздар. Қолында құралы бар адамды әдейі арнап қадап атып өлтірді, мұның мәнісі бізді құралмен қорқытып, үрейлендіріп бағындырмақшы, біз оған қонбейміз. Қырамын десе елім әне, көтеретін құралымыз жоқ. Өлтіремін десе ел бастығы мен дайын, Қожакелді батырдан артық емеспін. Қан төгемін десе келген бетте атсын-шапсын. Менің оған лажым жоқ. Бірақ, тексіздің қорлауына қоніп бас ініп бағынбаймын”, -деп тұрып алынды.

Ісінк Бонасқа түсін өздері ас өзірген, қалың талдың ішіне барып жатсады. Бекбосындар және туыстығын айтып жабысады. Онда Қарамоланың өзі келсін деп қайтарады. Бұлар қайта барысымен Хабаровтың өзі келіп аттарын тізіп байлап, құралдарын сол жерге қалдырып, Бексолтан, Кобелдестерді алып жаяу келеді. Бұларды көріп Шерубайлар да ендігіміз әдепсіздік болар деп жаяу қарсы шығады. Орыстар да салттары бойынша тік тұрып честь беріп амандасады. Сөйтіп, екі жақ елшілік сөзге келіседі. Шерубай жоғарыдағы фактілерді айтып сенімен бітімге келмейміз, өйткені әдейі құралмен басып кіріп, біздің ең қадірлі басшымызды (басшы адамымызды) арнайы аттырып отырысың. Ақ патшаның жарлығына да құрмет етпей болмайды. Сіздер мынаңыздар: “Жарлықта адам өлтір, оқ шығар, баса көктеп кір, халықты аяқ асты ет деп айтып па? Біз қадірменді патшаның алдына арыз-арманымызды айтып хат жазамыз., арманымыз орындалса қараймыз, болмаса Қытайға қараймыз”,- деп тұрып алады. Ақыры Бексолтан, Кобелдестер Хабаровқа сіді өзін біл, бізше осы талабын берелік дегенді айтады. Орыс генералы және сайқалдығына басып онда Қарамолаға бас қосалық, бұл жағдайды патшаға хабарлайық дегенді айтады, ақыры осыған бірлікке келеді. Орыстар барлық Орта жүз қазағымен бас қосатын болып Арғын, Найман, Керей, Уақ барлығының басты адамдарының келуіне хабарлайтын болып уақыт белгілеп тарайды. Орыс өз ісімен жөніне қайтады. Шерубайлар қайта келіп Қожакелдіні жан үзген жеріне жерлейді. Сөйтіп халықтың ұйытқысы болған әрі бай, әрі батыр Қожакелдінің қазасы тұтқиыл жағдайдағы орыс солдаттарынан, Хабаровтың хабарсыз елге басып кіруіне ызаланған қарбалас ашудың салдарынан, тіл ұғыспау сияқты шырғалаңнан, нақақ шейіт болды деп халық арман етеді. Бірнеше күн Қожакелді батырдың азасын откізіп болып Мұрын және Бәйжігітке жалғас қоныстанған Байыс руларына тіпті бүкіл Найман руларына түс-түстан хабарлайды.

Мұрынның ішкі руларына Жолымбеттен Шерубай, Тана, Боқбасар би, Ұларақ, Кәрі би, Сүбебай Қырықбай, Сыбаннан Балажігіт, Ақтайлақ, Қыржыдан Кәріби, Қыстаубай, Жалғас, Кокжарлыдан Түкі батыр (Барақтың тұқымы), бұлардың ең бас биі Сүбебай, Төреден Сыбан төресі Солтабай, Бәйжігіттен бас би Жалмырза, Мұрыннан жас би Сасан, Бұтабай, Тана, Төреден Шотан, Кенже батыр, Семіз Найманнан төре Бексолтан бастаған 15 адам, Тура биден, Кәріби, Қыстаубай-үш адам, Семіз найманнан төре Бексолтан, Санқайбай бастаған жиыны 8 адам, Тумадан Кобелдес, Тоқпақтан болып 5 адам, Найманнан 50 адам, Керей-Уақтан 32 адам, Арғыннан 25 адам жиыны 107 адам дайындалды.

Найман адамдары Қарамолаға жүрерден бұрын Кегенбай бидің ауылына келіп жиналып көк қасқа сойып, бұлардың сапарына ақ жол тілеп Көрібі. Сүбебай 97 жасында төмендегі бағаны берінті:

Қол жайып бата берейін,
Қара Керей баласы.
Қорғанымыз береке,
Елімнің жоқ аласы.
Қатарға тұрған тірлік,
Иін қолдың саласы.
Қожакелді сабазың,
Орыстан болды жаласы.
Мекен болды мәңгілік,
Үш Боғастың даласы.
Орыстың төніп жүргені,
Сарыарқаның саласы.
Ісім тура, жолым хақ,
Жәрдем берсін жалғыз хақ.
Атам Найман ұрпағы,
Жебесін барлық аруақ.
Соғысатын кез емес,
Қолға шоқпар, қару ап.
Сүйенгені көк темір,
Кәуір кімді танымақ.
Елің менен жеріне,
Шерубай, Тана иесің.
Атам Найман ұрпағы,
Барлығы сені сүйесін.
Иісі қазақ баласы,
Намысыңа күйесің.
Сөйлесіндер жасқанбай,
Істің тауып жүйссін.
Еркінді берсе өзіңе,
Көніндер айтқан сөзіне.
Елдігінді аңғартып,
Бір көрін кәпір көзіне.
Алманын алып еліңнен,
Аудармасын жеріңнен.
Жалтақтамай, жасқанбай,
Тұрындар берік сеніммен.
Жоқтандар ердің қазасын,

Накак қаны тоғілген.
Берекең болсын қорғаның,
Жау жейді елді бүлінген.
Арманың болмас әрқашан,
Адассаң әр кез көбіңмен.
Үш атаның баласы,
Бізден бұрын қарапты
Арғын атам баласы.
Дәуші едік көз қарақты,
Бұрын көріп тұрғансоң,
Кімді алмайды қарақшы.
Батыс елі бағынып,
Бәріне болды себепші.
Қызығып орыс жеріне
Ырысты шалқар көліне
Арғын, Керей, Уақтан
Кормендер, сірә, бөліне.
Кенейтпек орыс көлсмін,
Іргесін жайып еліме.
Сілекейі шұбырып,
Қазыналы кеніме.
Ырық беріп өзіне,
Қатарға алсын сені де.
Үш жүздің рухы бас қосып,
Алдымен алсаң кеңесіп
Білекті бірдей сыбанып
Сөйлесіндер теңесіп.
Арғын, Найман елі едік
Қатар жүрген тел өсіп.
Керей, Уақ, Жалайыр,
Шалқыған халық көп өсіп,
Арғы текті қуғанда
Бір Арыстың ұлымыз.
Бөлшектеніп жарылма
Береке бірлік қылыңыз.
Ала болмақ өзара,
Келіспейді мұнымыз.
Түбін қусақ бір еді
Бәріміздің мұнымыз.
Әуелі келіп бірлікке,

Айтылған жерде тұрындар.
Ашылмасып алысып
Жат алдында сырыңыз.
Бірінді-бірін күндесең
Кеткені сонда қырыңыз.
Кішілік деп жол берсе,
Білгендік деп біліңіз.
Айтты ақыл деп қабыл ал,
Көрсетсе болып мініңіз.
Тілеймін ақ жол жолыңа
Жұлдызың шықсын оңыңа.
Мұхаммедтің үмбеті
Бір алланың құлымыз.
Кітабымыз бір Құран
Ислам діні дініміз.
Жолдарың болсын Әмин,
Жексенбіге еру боп,
Дүйсенбіге жүріңіз
Көретін алда күніміз,-

деп батасын беріп, адал ниетпен барлығына берекесі тілеп, ойындағысын айтып шығарып салыпты. Барлығы жиылып Қожақасқандың басына келіп аруаққа құран бағыштайды. Қабір басына шатыр тігіп, арнаулы күзетші қойып, қайта келіп ел болып басына бейіт тұрғызуға келіседі. Сөйтіп, бұлар суыт жүріп айтылған мезгілде Қарамолаға барады. Олар барғанша орыстар Ақ патшаға мәлімдеп бұл арада нақты тоқтам болмаса Петербургке барса деген талапты қояды.

Бұрын қарасты болуға разылық білдірген түзім орнатпаған. Арғыннан Өскенбай бастаған 25 адам Кенгірбай бидің ақылы бойынша қосылады. Жоғарыда айтылған Найманнан 50 адам, Керей, Уақ және басқа шағын рулар болып 32 адам, барлығы 107 адам болады. Бұлардан сырт атқосшылар, ақындар, тігілген қостағылар мен мал бағушылар - ұзын саны 250 адамға жетеді. Келушілердің барлығын губернатор Васильев, генерал Хабаровтар қарсы алып, қонақ ретінде дайындаған шатырларға орналастырады. Қарамола қазақ ортасы, қала жоқ. Бұл жиынға Садыр елі және Матай елі орайы келіп келмепті. Бірнеше күн жатып, сөйлесіп және Орта жүз адамдары өзара ақылдасып, біз бұл орында бітісе алмаймыз, патшаның алдына барып арыз, арманымызды айтып, сол орында бітіссек деген талапты қояды. Мұны орыс ұлықтары патшаға телсграмма арқылы мәлімдеп, патша лайық деп, әр рудан жауапты өкілдер келсін, келушілердің жол шығыны мемлекеттен болсын.

Орта жолдаға келген адамдардың өкілдерінен басқа жолдастары, дос-қосандары қазақ ішінде бұлар барғанша Қарамолада тұрсын деп жарлық бергені.

Мұны естігеннен кейін шұғыл жиналып, ақыл қорытып, осы арада патшамен жауаптасатын бас өкіл Найманнан болсын, ойткені адам олуі сандарынан бітімге қайшылық осы орында туды деп қарап барлық Орта жүз атынан ортаға қоятын арыз-талаптарын осы адам патшаға жеткізсін дейді. Өзгесінің барлығы осыны колдайды. Сойтіп, толық ақылдасып ең ауыр оқиға туган орын Мұрын ішінде Жолымбет тұқымы Тоқабай әулеті Қожакелдінің өлімі деп қарайды. Сонымен барлық істі Шерубай айтатын болады. Орта жүзден жоғарғы 107 адам өкіл болып барамыз деп орыс ұлықтарына мәлімдейді де басқалары Қарамолада калатын болыпты. Бұлардың барлық жол шығыны патшаның қазынасынан шығып, қазақ салты бойынша күтінеді. 5 поуеске әкеліп поезға түсіріп, Петербургқа апарып, ерекше күтіп, 3 күн патшаның қонақ үйлеріне орналастырылады. Арнаулы тілмәш беріп, күнделікті тұрмыстарын қазақ салты бойынша басқарып, татардан тамақшы шығарып, мұсылман тәртібімен күтіпті. Үш күн дем алғаннан кейін патшаның санаттарынан арнаулы адамдар бір сарайда қабылдап, арыз-армандарын айтсын, талаптары патша жағынан қанағаттандырылады, сондықтан осы келген адамдардың айтқан сөзін тындап, патшаға жеткізіп, патша жағынан жарлық шығарады дегенді айтыпты. Қазақ жағы бұрынғы оздерінің бірлікке келген ақылдары бойынша ең алдымен Шерубайды ұсынды. Ол: елінің ортасына әскер кіріп, қолына ұстаған құралы барлар адамды әдейі өлтірді, ел үркін көріп жәбірленді деп баянлады. Бұлардың ішіндегі хан нәсілі ақ сүйек торелер Солтанбай, Бексолтан, Шотан сияқты торелер куәші болады. Аргын, Керей, Уақ елдерінде ондай оқиға шықпаған. Орта жүз келісімінің талабын осылайша Шерубай патшаға баяндаған. Айтұшылар осы оқиға рас деседі.

“Біржан-Сара айтысында”:

Руым Қаракерей, Сыбан, Мұрын,

Жеті ата Жолымбетке құйған нұрын.

Шерубай, Тана мырза, ер Тәукебай,

Қай қазақ сөз бастаған бұдан бұрын?— деуі осыған қаратылған мақтанышы елі деседі.

Патшаның арнаулы жіберген ұлықтары ахуалды бастан-аяқ тексеріп, оқиға ұғыспастықтан болыпты. Ниеті тура патшаның жарлығы әділ, істі патша дұрыс шешеді, оздеріңіздің патшаға қоятын талаптарыңызды, айтағын арыздарыңызды жолдаңыздар депті. Сонда Шерубай былай деген екен: “Біз қазақ халқы атынан мынадай тілек

ұсынамыз. Осы талабымыз орындалса ерікті бұхара боламыз. Ол талабымыз орындалмаса оз салтымыз бойынша бұрынғы салтымыз бойынша жүреміз”,-дейді. Орыс ұлықтары талаптарыңды айтыңдар, патшаның заңоны кең, барлығы орындалады деп кеңшілік білдіріп, ақырындап бейбіт жолмен өзіне қарату мақсатына ұмтылса керек. Сонда Шерубай былай депті: “Біздің әр ру ішінде басқарып билейтін адамдарымыз бар, біз солардың ақылымен жұмсаған ісін атқаратын қызметкер өкілдеріміз. Енді сіздерге солардың айтқан талаптарын айтамыз. Бұл жерді қоспаймыз және өзгерте де алмаймыз депті. Содан кейін бұларды жұмсаған адамдардың атын бірден тізімге алыпты. Осы ақылды тапқан жас азамат Ақтайлақ еді дейді. Ондағы ойы ең беделді адамды ел ішінде деп көрсетіп, шамамыз келмейді деп ақылға симаған істі тойтаруға тапқан ақылы еді”,- дейді.

Бұрын аты Тайлақ еді, оңі ақ еді, осы сөзді айтқанда разы болып кетіп, Әйі, Тайлағым-ай, сен бұдан кейін Байыстын Ақ Тайлағы бол деп еркелетіп осы есімді қосып еді дейді.

Атамның маған қойған аты Тайлақ,
Атағы екен мұрасы есім қоймақ.
Ақ деуі қойған лақап шырайы ма?
Атады Ақтайлақ деп бүкіл аймақ,-
деуінің түп мәні осында еді деседі.

Шерекеннің сондағы қойған талабы мынау екен:

1. Қазақ халқының өзінің ұлттық ерекшелігін сақтап өзін-өзі менгеру, басшылық құқығы, діндік еркіншілігі сақталсын;

2. Бізді қазір теңсіздіктен қорға алмай, жерімізге басып кіріп адам өлтірген ұлық жазалансын. Нақақ өлген адамымызға құн берілсін. Жерімізге рұқсатсыз басып кірген мұндай оқиға бұдан былай тумайтын болсын;

3. Шапқыншылықтан күйреген елміз, шаруашылығымызды дамытуға көмек беріліп, салынған салық алынбасын. Өз еркімізбен оқуымызға ерік берсін. Орыс мектебіне зорлап бала алынбайтын болсын. Мешіт, медресе салып, бала оқытуымызға жол берілсін. Ислам дінінің орталығы Меккеге қажылыққа баруға жол берілсін (қажылық тоқтап қалған кез еді).

Сіздердің талаптарыңыз орынды, бұл ислам дініндегі басқа халықтар да: өзбек, татар, ұйғыр, тәжіктер де осы талапты ұсынып отыр. Сондықтан толық дайындықпен Ислам қоғамын құрып, орын белгілеп дін туралы талаптарыңызды шешіп, өз іштеріңнен басшылық ететін қазы-мүфтилерді белгілейміз, сөйтіп ерікті болуларына болады. Мешіт, медресе салып, қажыға баруға жол беріледі делінген. Бұл бірінші реткі

реформа. екіншісінде Қазаннан діни орын белгілейді. Бұл патшаға өте тиімді болған.

Үшінші реформада болыстық, старшиналық түзім қалыптасып, ол ақ патша құлағанға дейін жалғасқан екен. Қаракерей жеріне басып кіріп, адам өлтірген Хабаров қызметінен алынып, екінші бұл жаққа баратын ұлықтық мансабынан мақұрым етілсін. Қатеден нақақ қаза болған адамның жерлеуіне каражат және бала-шағасына нәпақа берілсін. Бұл патшаның қазынасынан беріліп, сомасы мың суа ақ күміс болсын (600 қойдың сомасы).

Үшінші халықтың әл-ауқаты көтерілгенше 5 жыл алым-салық алынбасын. Одан кейін 50 жылға шейін салық өте жеңіл болып үй басынан 3-4 суа салық алынсын. Басқа да талап бойынша ақылдасқан, келуші өкілдерге арнап қонақасы сыйлық ұсыныпты. Ең алдымен ел ішіндегі басты билерге және орнына өкіл болып келгендерге тон және алтын медаль беріпті. Осының ішінде барлығына басшылық еткен адамды бөліп екі шапқыншылық көрген Шерубайға алтындаған тон, алтын медаль және жоғары дәрежелі қазыналық мансап беріпті. Жиыны Мұрын, Байжігіттен екі төре ішінде 17 адам сыйланыпты. Басқа Арғын, Керей, Уақ т.б. барғандардың барлығы осы сияқты сыйлыққа ие болыпты. Төрелерді өз алдына сыйлап, ақсүйек тұқымдарына салауатты сақтап патша мен халық арасында дәнекер болуды айрықша тапсырыпты. Сөйтіп, барлығын Қарамолаға жеткізіп салыпты.

Еліне аман-есен келіп Боғас өзенінен 10 шақырым молшердегі жерде Боғас бойында, жылқы жалы, ешкі жүні қосылып кірпіш құйылды. Сонымен дөңгелек бітеу бейіт Қожакелді батырға жасалыпты. Мұны татар ұстасы 200 қой ақы алып арнайы қалап шыққан. 1931-жылға дейін бұзылмаған еді. Аузында бөлек кішірек күмбезі бар, күмбездің қарағай есігінде “пәниден бақиға рихлат етті” деген жазуы бар еді. Балаларына 500 қой сомасына тең 10 000 суа ақша беріпті десетін еді.

Шерубайдың тонын немересі Омар мырза олгенде 1924 жылдар шамасында қолға жайылғанын көріпті. 1931-жылы осы Омардың балалары Әшір, Нәзір, Мәліктер Шәуешекке әкеліп оны сатыпты. Сомасы 200 қойға тең болды дегенді естідім. Жоғары діни тәртіп бір қанша жыл сақталғаны шындық жәйттер. 1822-жылдарда күшінен қалған аға сұлтандық, болыстық, старшиналық тұрғының артын көрдік. Мансабынан қалғандарды би, болыс, старшын бүбір деп атасатын еді. Заман ағымын ерте білген Әбілпейіз Қогадайлар ертеде сезіп Алтайға отіп Джунгоға қарасты болып бертінге дейін келгендігі мәлім еді. Осы әңгімені көбірек айтатындардың бірі Ақшайық Тойке ұлы болатын. Бірақ мен мәнді жерін түсінбей өлең-жыры бар жерін көбірек

жазатынмын. Осыған қатысты әңгімелерді айтушылар еріксіз жазғызушы еді. Мұның көбі уақыты өтіп жоғалып, естен де шығып кетіпті. Мұны жазуым 1947 жылдың ІХ-Х айлары. Үш қарасу деген жерде Мұстафа Нұржан үйінде Ақшайық, Қалнасқар, Тоты, Қабі, Қазы сияқты ақсақалдардың қонақасыда болған орайлары еді. Осылардың алдында Ақшайық ақсақал Жанәкпен айтысқанда Сабырбай ақын былай депті:

Мұрыннан Шерубай мен Тана шықты,
Өз тобын заманында жара шықты.
Орыспен патша алдында зандасқанда,
Бұларды Арыс танып, Алаш ұқты.
Батырдың Қожакелді құнын жоқтап,
Сескенбей Хабаровпен таласыпты.
Айтқаны Шерубайдың заңға сыйып,
Келісіп татуласып жарасыпты.
Шен алып 17 адам елімізден,
Қасына жолдастарын ала шықты.
Бес жылдай алым салық бермейтұғын
Бір закон осы ретте және шықты.
Ұнасып патшаның законіне
Ақылы елден озып дана шықты.
Қазыбай әділетті қылды жарып
Ақырғы жетім-жесірге қарасыпты.
Мәнсәбі өзі өлгенде бірге кетті,
Теңесіп қандай адам таласыпты.
Жиылып Арғын, Найман, Керей, Уақ,
Аузына Шерекеңнің қарасыпты.
Бір сөзді, бір ауызды ынтымағы,
Халыққа берекесі жарасыпты.
Елінің берекемен жігін ашпай
Көзімен қорғағандай қарашықты.
Билеген жік түсірмей арасына,
Осындай қай Арғыннан аға шықты?
Бұтабай ертіп барған Ақтайлақты,
Жігіт деп жалыны бар жас қайратты.
Шерубай осы жолы қазы болып,
Барлығы аға тұтып би сайлапты.
Қария көпті көрген болса керек,
Ел қамын ерте болжап жақсы ойлапты.
Әкепті Сүйсбайға арнаулы шен,

Көріні ақыл айтқан бос қоймапты.
Осылай бітім болса болар еді,
Сүбекең дейді халық ерте ойлапты.
Барлығы барғандардың шен алыпты
Бесеуінен басқасы тең алыпты.
Кешікпей Тана мырза мешіт салып,
Күшейіп Ислам діні таралыпты.
Өзібек, Құбайдолла имам болып
Оқыпты сахарада тарауықты.
Шал мырза елді бастап қажы барып,
Рухынан Байтолланың нәр алыпты.
Оқытып 80 шәкірт өз пұлымен
Осындай жомарт болып жаралыпты.
Барыпты бұл жиынға атам Көшік,
Жасынан жігіт екен болған пысық.
Аруағын ата-бабам ауызға алып,
Міне, отыр өз әкем де ойға түсіп.

Көшік Тойкенің аталарының бірі сияқты атқосшы болып барған жас жігіт екен. Жастар қатарында знак қадап шабарман болған. Сонда Садыр Тоты дейтін қария: “Менің ата-бабаларым жоқ па екен?”-дегенде Қалиасқар молла: “Сенің ата-бабаларың жоқ екен. Шерубай Төлегетайдың бірі деп хабарлағанда Садыр Матайдан адам бармай қалыпты. Бұлар патша алдап шақырып жазым қыла ма деп бармай қалған екен. Осы арам ойды сайтан есіне салған ғой. Сайтан Садырды алдап шеннен құр қалдырыпты. “Садыр қу ма, оны алдаған сайтан қу ма?” деген мәтел осыдан қалыпты”,- дегенде “Ой, қу ауыз-ай, мұны да естіпсің ғой. Жал табуға болмай қалды”,-дейді.

Сонда Мұстафа отырып Төке жаяғыз емессің, Матай Дугали болыс та мойындады дегенді. Тоты Дугали да оңып тұрған жоқ. Матайдың қулары деген лақап осыдан болған шығар. Мұнда тегін олжа тапқан мына Қабі ғой. Қабатынан бес шен алып шыға беріпті дегенде Қабі сайтан: “Адам топырақтан жаралды деп күпірлікпен алланың рахметінен айрылды. Сенің аталарың сайтанға ілесіп, өзін басқадан білгіш санап, ханның қайранынан құр қалды. Барғанда бет тырнаспай-ақ қой”-дейді. Мен мәз болып жазып жатырмын. Осы өлең, осы сөздерді Нұрхия бөйбіше тыңдап отырып ақсақалдар аруақтарды басында жақсылап келіп, аяғында кінәласқандарың болмас деп еді, дұрыс десіп тоқтасып қалды. Тоты “Нұрхия келтіріп сынады-ау, әйелден нелер аты шыққан аналар болды ғой. Айталық анамыз Әлпеш, одан бері Қытайдың әйелі анамыз Анар, Байыстың бөйбішесі Мұрын, Шағырдың бөйбішесі Қызай

анамыз. Осылар елдің келесін басқарып кейінгіге данқы қалыпты. Біздің мына қақтығысымызды Нұрхия тежеді, мына балалар кейінгіге айтатын шығар”, - деді.

“Қаби-ай, құлқының құрғыр қымыз бен етті жақсырақ берсін деп жел жаққа тағы шықтың”-деп күлдірді Нұрхия.

Мұстафа марқұм маған ымдап қалтырмай жаз дегендей смеурін білдірді. Мен де жазып болдым, артынан көшіретін баласы Рахұлға берді. Мен ол кезде 34-35 шамасында едім, қазір оған 40 жылдан асып барады ғой. Осылардан қазір мен ғана қалыппын, басқасы жер бесікке барды. Кейбіреулер үрейленіп үстірт қарар, кейбіреулер түпкі мәнін ұғар.

Аңызда айтылған ақ патшаның қабылдауында болған Найман елінен барған елу адамның құрамында Қожакелді баласы Жылқайдар, ағасы Котебай балалары Айдарбек пен Әжібектің болғандарын да мензсйді.

Сол кездегі ақ патша тарапынан берілген сый-сияпат пен шен-шекпеннің үлесіне де ортақ болғандығына күмән келтіруге болмайды.

Кейбір деректерде жазылып жүргендей ақ паташның алдына 2-3 адам барып күн алып, бүкіл ел тағдырына байланысты мәселелерді шешіп келді деу шындыққа үйлеспейді. Ал аңыз желісіндегі Арғын, Найман, Керей, Уақ болып көтерілуі, берске-бірліктің, топтасқандықтың үлгісін көрсетеді. Бұл мәселені күрделі де көлемді екенін байқатады. Осыған орай барғандарға ақ патшаның ығына қарай шешім қабылдауы шындыққа жанасатын сияқты.

Сайып келгенде Қожакелді бабамыздың қазасына кінәлі Назар еліне сыйыса алмаған торс тұқымдары болса, оқиғаның ту сыртында орыс отаршылары тұр.

Омбы қаласының мұрағаттарындағы деректер Қожакелді батырдың қазасы 1826 жылы болғандығын анықтайды.

Сол Омбының мұрағат қорынан мынадай бір құжаттарды дәлелге келтіруге болады:

“В декабре 1828г. к Генерал-Губернатору поступило прошение от ездивших в С.Петербург депутатов (старшина Айдарбек Кутебаев и 3 биев) о взыскание С.Ханхожиных куна за убитых в 1826г. трех мурунцев и об удалений Ханхожиных из Мурунской волости...”. Демек, осы оқиға барысында тағы екі Мұрын азаматының қаза болғандығын білеміз. Жақша ішіне алынып жазылған Айдарбек Көтебайұлы Тоқабай руының басшысы болған. Бұған дәлел 1830-жылы Орыс патшалығына бодан болуға ант берген Қаракерей Мұрын, Сұлтан билерінің тізімінде Айдарбек Көтебайұлының Тоқабай руының биі екендігі және

боландыққа оту жөніндегі бейімділігі үшін обер офицер шеніне ұсынылғандығы айтылады.

Мұрын жеріне дүрбелең тугызып жүрген Уаң төре кім екеніне тоқтала кетелік.

Мұрағат құжаттарына сүйенсек Уаң төренің азан шақырылып қойылған аты “Уаң” емес болып шықты. “Уаң” деген сөз Қытай мемлекетінің әскери лауазымды атағы екен. Кейіннен халық айтылуына айына қарай қазақи тілмен уаң деп атап кеткен.

Негізгі есімі осы кезге дейін белгісіз болып келген Уаң төре сұлтан Жанбобек Ханқожа ұлы екен. Ол Орта жүзге әйгілі Ханқожа сұлтанның үлкен ұлы. Інісі Сыбанқұл сұлтан Найманға әйгілі тарихи тұлға. Бұлардың ағайындығы жөнінде Орта жүз хан тұқымдарының шежіресінде нақты айтылады. Айтылған шежіре мұражайымыздың ғылыми қорында бар.

Әбілпейіз сұлтан немере ағасы Барақ сұлтан қайтыс болғаннан кейін оның ұлы Ханқожаны қолында өсіреді. 1783-жылы Әбілпейіз қайтыс болғаннан кейін Найман руларындағы билікті өз ұлы Бопы емес Ханқожа алады.

Ханқожа өмірден өткеннен кейін ағайынды сұлтандар екіге жарылып, бір-біріне жауласқан топқа бөлініп кетеді. Сұлтан Бопы Әбілпейізұлы үстемдік алып: Ханқожа ұлдары Жанқожа, Жанбобек, Данияр, Шалғынбай, Сұлтандар Мұрын еліне қарай ығыстырылады. Сол себептен сұлтандар төленгітгермен бірге Мұрын елінің ішкі жеріне дейін кірігіп ел басқаруға араласа бастайды. Сол кездегі Қожакелді батыр, Сәдібек Көтебайұлы, Қырықбай Кегенбайұлы сияқты ел басқарушылар жер ессін жібермесе, сол заманның озық тұлғалары Тілеміс Базарұлы, Боқбасар билер Қарғыба-Базар бойындағы қалың Назарға қорған бола білген.

Ел аузынан тараған аңыз әңгімеде қарадан шыққан батыр мен ақсүйек төре арасындағы тіршілікте бітіспеген келіспеушілік, бақилықта жалғасқандай. Қожакелді мен Уаң төре мазарларының да есіктері карама-қарсы қаратылып салынған. Қазірде есімдерімен екі елді мекен аталады, өткеннің тарихи куәсіне айналған, Қожакелді батыр мен Уаң төре мазарлары Жәңгікей ауылының жерінде әлі тұр.



ҚАЛИ АМАНБАЛАЙҰЛЫ МЕН НҰРФАЛИ ТҰНҒАТАРҰЛЫНЫҢ АЙТЫСЫ

Қали Аманбалайұлының айтыстың басталар алдындағы кіріспе өлеңі.

Жігітке өлең айту өнер емес,
Жүрсе де өлең айтпай олер емес.
Жұмсайтын корінген жан бір қызмет
Еш пайда одан өзге көрер емес.
Қай жайда тұрғаныңды табар емес
Мейірін шөлдегенде қанар емес
Болғанмен қанша жүйрік күйсіз көлік
Санында шақпақ ет жоқ шабар емес
Өзінің оймен тапқан мөлшеріңді
Жолдас боп ешкім еріп барар емес
Сөзіңнен жақсы-жаман ғибрат алып,
Құрбылар қабағына қарар емес.
Кеткен соң ой болініп әр нешеге
Баста ми ойлағанмен калар емес
Кеше адам сөзге құлақ салар емес
Айтпайтын біле тұра несі бар деп
Басына келмеген жан сенер емес
Барлық емес зарлықтан шыққан үнім
Белгілі қай жұртқа да біздің кеңес.
Әуелі Қайша қызға болдым ғашық,
Соңында бір қыс, бір жаз жүрдім жасып.
Жас өмір елірмелі албырт кеуде
Жалынын су сепкендей тұрмас басып.
О, шіркін, талай арман кетті бастан
Тағдырда етпеген соң тәңірім нәсіп
Кездейсоқ кірешінің көлдененін
Кетеді ойлағанда ішім ашып.
Тондыға топты жерде бас имедім
Қызыл тіл бірін түйреп, бірін шаншып
Аттының жаяу жүріп шаңына ердім
Екі елдің егерінде пысып-жансып.
Жетпеген жиырмаға, шіркін жастық
Жүрсем де кейде пансып, кейде қаңсып,
Секілді күйсіз қыран қызыл көрсе
Бірде ілмей жүрген күнім бірде басып

Сонда да ой түбіне жетпеген соң
Ақ алмас суын тауып өтпеген соң
Бір қайрат қару барда қылайын деп
Ақшасы шойын жолдың көп деген соң.
Домбыра екі ішекті алдым қолға
Дәм тартса кім жүрмейді оң мен солға
Руым – Қаракерей, атым – Қали
Барып ем өткен жазда шойын жолға
Жігіті бәрі сонда Матай елдің
Жолы бос қайда жүрсе талапты ердің
Бесқұдық, Басқарауыл, Суықбұлақ
Шойын жол сол жерде екен, мен де келдім.
Жатқанды жұмыс істеп көрді көзім
Көрмедім мұндай қиын туып өзім
Каналды бес күн қазып шыдай алмай
Мінекі қоста жатып айтқан сөзім
Жатырсың немене ойлап Қали пақыр
Таусылмас өткен өмір ұлан асыр
Уақиға бастан кешкен толып жатыр
Елімнен шығып едім май айында
Бойлаған пайда көрмес уайымға
Төрт айдың бұл августе жүзі болды
Қоянның терісіндей шыдайын да.
Толтырдым содан бері ішке шерді,
Күредім күрегіммен қара жерді.
Төрт арыс Арғын, Найман, Керей, Уақ,
Аралап ығын таптым талай елді.
Жақсымен үйір болдым жайланысып,
Жаманмен араз болдым байланысып.
Не галым, не залымның бәрі осында,
Қаламын әлдекіммен байланысып.
Жұмысы жерден ауыр көрінеді,
Екі аяқ бір басуға ерінеді.
Топырақ тәшкіменен айдағанда,
Қабырға, қолың бөлек сөгіледі.
Бірге өскен құрбылармен заманды ойлап,
Көз жасың қолдай болып төгіледі.
Мен қайран шіркін дүниесіз азғанына,
Жабыңның арғымақтан озғанына.
Бір кезі үш теңгелік шағи едім,

Арқаусыз мәйсукедей тозғаныма.
Қылмайтын өз шаруамды жалқау басым,
Каналын шойын жолдың қазғаныма.
Бетіне ақ қағаздың шимай салып
Қаламды үш жыл болды жазғаныма.
Бас қосса Жолымбеттің жақсылары,
Шоғындай сексеуілдің қозғаныма.
Құрметін құрбылардың мен айтайын,
Бекерге мақтапбаймын озғаныма.
Базар мен Қарғыбадай жер бар ма екен?
Жеті ата Жолымбеттей ел бар ма екен?
Жайлаған қазақ елі Сарыарқаны
Беліндей Тарбағатай бел бар ма екен?
Өкпеті, Тарбағатай тұрған қатар,
Бұл өзі бір жақсы жер жайлап жатар.
Үйректей көлге жүзген қайран күнім,
Қайғысы ел мен жердің бірдей батар.
Төгілді соларды ойлап көздің жасы
Асығыс кінә болар сөз аласы.
Ойыма үш ұйықтасам келер ме еді
Алланың добы деген адам басы.
Қалың кара тоғайдай қалың Назар,
Жіберсе домалаған орға тасы.
Жылытау мекеніміз Түйсмойнақ,
Семірткен байлар малын Қалба жайлап.
Бай да мас, жарлы да мас, жалғыз да мас,
Үй басы кокорайға бие байлап.
Қайран күн іздегенмен табыла ма,
Жүрстін құрбылармен күліп-ойнап.
Осылай қоста жаттым айтып назды,
Өткіздім уайыммен алты жазды.
Бір жігіт домбыранды бере тұр деп,
Анадай торде отырып колын созды.
Қыркылжың қырма сақал көрінеді
Жастай боп қартайса да желігеді,
Аз созден көп мағына алма керек,
Бұрынғы тұрмысынан не біледі.
Домбыра сұраған соң бере салдым,
Айтар деп ол да назын көңілге алдым.
Бас алмай шуу дегеннен сойлеп кетті

Әнінің порымына қайран қалдым.
Корінді сары алтындай сөдің бөзі,
Барады мені тесіп екі көзі.
Жамағат жалықпасаң таза тыңда,
Мінски сол жігіттің айтқан сөзі

Айтыстың басталуы

Нұрғали Тұпғатарұлының бірінші қағытуы:

Жарайды, жақсы айтасың, Қали ақын,
Болжашы бұл сөзіңнің өзің артын.
Қалынша қадыриқатты сөйлеу керек
Кімде-кім ойына алып ар-ұятты.
Ел болса Қаракерей шалқып жатқан
Өзенің Баспан-Базар тасып аққан.
Басқандай тайға таңба белгілі тұр,
Бекерге мұндай сөздің несі мақтан?
Колінде үйрек болып жүзіп жүрсең,
Келмес ең құдық іздеп осы жақтан.
Келдін бе иман іздеп осы араға
Тарықпай киер киім, мінер аттан?
Торт арыс – Арғын, Найман, Керей, Уак
Жігіт көп келіп жүрген әр тараптан.
Сокпей ме біреу сені күлкі қылып,
Жігіт деп шын ақымақ бекер шатқан.
Қарасам лебізіңе шын ақынсың,
Тамызған сөздің майын тіл мен жақтан.
Қарасам тұрмысың мен келбетіңе
Біреудің қойшысың-ау қойын баққан.
Еліңде салдықпенен күнің өтсе,
Көз жасың көлдей болып қалайша аққан?
Шырағым не себептен жабы болдың
Қалыспай озып жүрсең арғымақтан?
Бір кезі үш теңгелік шағи болсаң
Арқау жібек түрінде алтындатқан.
Неліктен мәйсукедей тозып кеттің
Парыз ғой сұрау сүннәт біздің жақтан

Қали Аманбалайұлы:

Уезім Зайсанский Құлжан елім,
Қарғыба, Баспан, Базар туған жерім.

Руым – Қаракерей, атым – Қали,
Тарқамас ұран салмай қайғы – шерім.
Дүние – сасық кемпір алдап еді,
Бір тобет нісіне бармақ еді.
Хадистің хабарына қарағанда,
Жемтікті төбет барып алмақ еді.
Басында мұнартаудың алтын бар деп,
Көңілді қолым жетпей жалғап еді.
Ғаламның он сегіз мың падишасы
Перзент деп Сүлеймен де зарлап еді.
Жалғыз қол, жалғыз аяқ бір ұл беріп
Арманы көңілінде қалмап еді.
Әуелі Адам атадан бері қарай,
Қара жер жанның бәрін жалмап еді.
Бар болса түстік өмір кештік мал жи,
Әуелден осы сөзді арнап еді.
Қара жер ата-анасы шақырған күн,
Дүниеде бәрін тастап бармақ еді.
Халқымда қойшы емеспін ақын едім,
Әр кезде жақсыларға жақын едім.
Қазақтай өзге кәсіп қылмаған соң,
Қағазды шимайлауға ғапыл едім.
Халқыма Қали ақын атанып ем,
Байлардан шапан түгіл ат алып ем.
Енбексіз тапқан малдың қайыры не,
Қу бастан қуырдақсыз ет алып ем.
Көруге елдің шетін, жаудың бетін,
Осы жаққа бір себептен бет алып ем.
Молдадан алты жаста хат алып ем,
Үлкеннен зеректікпен бата алып ем.
Кез келіп тар заманға сорым қайнап,
Қылыштай қыны тозған тат алып ем.
Елі байдың- өзі бай деген мақал,
Жасымнан жақсылармен өстім қатар.
Адам басы Алланың добы деген
Осы жаққа бір себептен шектім сапар.
Айтқаның сүйегіме батып кетті,
Сен кімсің, жөнінді айтшы, бурыл сақал?

Нұрғали Тұңғатарұлы:

Сұрасаң руымды заты - Матай,
Атанам одан бері Бақы-Матай.
Қазақты Сарыарқаға бастап келген,
Ешкімге жегізбеген қақын Матай.
Ел еркесі боласың деген екен,
Бабасы түсін жорып Төлегетай:
Үш жүздің шежіресінен таратқанда
Өзгеден артығырақ заты Матай.
Сайболат Төлеміспен ноқта ағасы,
Арғында Алтай теңдес ел ағасы.
Түлкі алып төбет иті күні бүгін,
Жіберсе домалаған өрге тасы.
Нұрғали менің атым елге таныс,
Ежелден көкшағырмын жерім алыс.
Қолыма он бесімде домбыра алып,
Алашқа жібермедім сөзден намыс.
Найманда жүзіп жүрдім қаздай қалқып,
Арғынды араладым Алтай-Қарпық.
Сөз жүйесін білетін бала екенсің,
Сонда да бола алмассың менен артық.
Шүу дегенде сақалымды аузыңа алдың,
Шырағым, байқап сөйле тілің тартып.
Шөлдірік жана пері шыбыныңды
Кетпесін көрі жыным бір-ақ тарпып.

Қали Аманбалайұлы:

Сен бе едің Нұрғалидай атакты ақын?
Матайда Төлеміс боп келер затың.
Жарысқа талай-талай түссеңдағы
Жүйріксің шыға шаппа, жерің жақын.
Найманда қаздай қалқып жүзіп жүрсең
Арғынға Алтай-Қарпық шықса атың.
Неліктен біздің жаққа естілмейді,
Үш жүзге мағұлым болса саясатың.
Абай мен Шәкәрімнің сөзіндей боп,
Хабар ғып елдің бәрін жазған хатың.
Алашқа таныс болған жерің қайсы,
Бағасын біле алмайсың мыс пен алтын?
Шоқпарың тастай алмай котке соғып,

Тнп жүр Сайболатқа кесапатын.
Соқтықтың Ақымбетте Кенейбайға,
Бір момын жігіт еді жүрген жайға.
Өзінді зор, өзгені надан санап,
Өтірік ергестің осындайда.
Айтыстың Кенейбаймен бір қыс, бір жаз,
Қалмады айтылмаған көңілде наз.
Екі елді шағыстырып, шабыстырып
Жеңіліп одан дағы болмадың мәз.
Жүргем жоқ ақындықпен ел аралап,
Бетіме салық қылдың сен табалап.
Бас қосқан төрт арыстың жері екен ғой,
Тастасын екеуімізді бір шамалап.
Матайдан Қаракерей кем бола ма?
Сайболат Назарменен тең бола ма?
Екеуіміз айтысайық ел сынасын
Мақтаған өзінді-өзін жөн бола ма?
Еліңе ақындықпен жүрсін жағып,
Жасыңнан өсек айтып, өлең бағып.
Мәйегің арылмаған уыз болсаң,
Сен қалайша бұл жерге келдің не ғып?
Келдің бе жұмысшыға жөн айтуға,
Түзетіп қисықтарын тезге салып.
Алжыған кәрі жының боғын мыжып
Кетпесін жаңа пері байлап алып.

Нұрғали Тұнғатарұлы:

- Әдепсіз мынау қалай неткен адам?
Антұрған сөзі шайқы білмес надан.
Айтуға маған ақыл қайдан кепті,
Қаңғырып саяқ оскен бір қу табан.
Соқтыққан жай жүргенде мінезінен,
Ат-шапан айып алдым Кенейбайдан.
Аулына Қаратайдың Сақпан барып,
Ақымбет өз ақынын келген алып.
Рахым болыс күнде билік айтып,
Бір тоғыз ат бастатқан кесік салып.
Сыбан мен Ақымбеттің адамдары,
Мойнына береміз деп арқан тағып.
Қаңғырып өлең түгіл кетіп еді,

Айрылып жалғыз аттан жаяу қалып.
Алдына сол секілді бір келтірсем,
Сендағы жүрер едің аузың бағып.
Мәйегім рас менің арылған жоқ,
Заманым сен секілді тарылған жоқ.
Сан жиын шаршы топқа түстім талай,
Күн бүгін аузымнан сөз арылған жоқ.
Болмайды Қаракерей біздей пысық,
Қой жайып, кесеу түртіп, іркіт ішіп.
Ет андып, осек бағып адамдары,
Барады партиямен күні кошiп.
Енбек жоқ, қарекет жоқ кедейлері,
Телміріп корінгенге көзін тесіп.
Желігіп партияда тамақ үшін,
Жүретін немесін ғой желдей есіп.
Кеселі партияның саған тиіп,
Ел кошсе жұртта қалған жетім күшік.
Деген сөз ғаріп кісі жорғем асар,
Жан сақтап жай жүрсенші котің қысып.

Қали Амапбалайұлы:

- Нұрғали менен сенің мның артық,
Жасыңнан атқа міндің өлең айтып.
Ел жағын салыстырсаң ұяларсың,
Байқап шап атыңыздың басын тартып.
Теніздің терең дария суындай боп,
Бес Байыс доп-дөнгелек жатыр шалқын!
Жұмажан арғы бетте мырза Таңғыт
Талай жап саялаған қаздай қалқып.
Екеуі билеп отыр Ежен халқын,
Алты Алаш, көпір-қазақ білер даңқын.
Төрт түлік қай малының бәрі мыңнан,
Болып түр мерейі үстем, жүзі жарқын.
Білмессең Әубәкірден бар да сұра
Сол кісі анық білер жұрттың нарқын.
Қазақтың баласында Таңғыт асқан,
Мәнсәбі, несібі де Құлжа жақтан.
Аймағы он екі ауыл кіндігінен,
Бақытқа құдай берген кім таласқан?
Қытайдың ұлықтары Шетей, Қалдай,

Алдынан кеткен емес ақыл салмай.
Жолықса Шәуешекте Дутыңға кеп,
Кіреді Кеңес үйге боркін алмай.
Сайболат бергі бетте Құрбан қажы,
Төрт түлік бәрі мыңнан малдың азы.
Байлығы, батырлығы кісілігі,
Артылған бұл заманның онерпазы.
Шығады жау дегенде Қабанбайлап,
Шашақты қолға найза алған сайлап.
Берденке он екі атар алтын садақ,
Беліне алмас қылыш асыл байлап.
Соттасып Шәуешекте Амбыменен,
Жамбылдан бес жүз атын шыққан айдап.
Тал түсте тамам қытай түк қыла алмай,
Шуылдап қала берген соры қайнап.
Көшеде қытай саны сел боп ағып,
Мысалы шапқан шоптей жатты жайрап.
Баласы өзіндей боп Қыдырмолла,
Үлгі айтты Орта жүзге оң мен солға.
Мекен ғып осы күні Қытай жерін
Ниязбек ордасында отыр ол да.
Байлыққа одан асқан бір Найман жоқ,
Бақыты күні бүгін ортайған жоқ.
Ұрыны, қаракшыны ерте тиып,
Қыранды қолмен ұстап тор жайған жоқ.
Қанағат немересі Қабанбайдың
Жарығы жерге түскен күн мен айдың.
Атасы халық білген хан Сүлеймен,
Осылар сүйген құлы бір құдайдың.
Мекені Алатауда Тоқта-Барлық,
Үржар, Мақаншыны билейді анық.
Ондай жер Сарыарқада табылмайды,
Мұнғылдан ер Қабанбай берген алып.
Бұл сөзім жалғаны жоқ бәрі де анық,
Қански, өсек десе айтсын халық.
Салмағын Қаракерей түгел салсам,
Аяғың тоқтар скен қайда барып?
Билеуші Нұғыманмен шықты қатар,
Әділдік қылған ісі қылды жарар.
Бас қосса Арғын-Найман аса алмаған,

Құт қонған қайран ерлер қыдыр дарып.
Байлығы Қаракерей іркіт ішкен,
Сабасы күндіз толып, түнде піскен.
Бір жұма қонған жұртта отырмайды,
Қай жердің шобі шүйгін соған түскен.
Сақтасын құдай сенен айраны жоқ,
Қысы, жаз арба- шана котін тескен.
Орысша қара нанды сумен асап,
Кеудесін кірпіш басып қорлықта өскен.
Партия жоқ болған соң адамдарды,
Бір-бірін пәле салып сырттай кескен.
Арық пен Қожамқұлға жуандық қып,
Жүрсін ғой содан дәндеп бас изескен.

Нұрғали Түнгатарұлы:

- Жап еді мынау қалай ақылы кем,
Өлеңге мені қойып басқаны жең.
Байжігіт жисен еді қыздан туған,
Бәйгеге ең алдымен қосқаның нен?
Өз атаң Сарымырза жетпеді ме,
Сайболат Назар едім терезем тең,
Таңғыттың Құрбан қажы пайдасы не?
Таусылмас болса жағы қаншама кен.
Қой жаным менен бата ал сөз тоқталсын,
Жүрерсің болып кетіп әркімге жем.
Көзінді абақтыда жылытыратсам,
Өлеңді мұнан жақсы айтарсың сен.
Елудің бесеуіне келгенімде,
Жел сөзден алғаным жоқ мендағы шен
Кәсіп қыл өлең қумай жұмыс жаса,
Жан сақтап тек жайыңа жүргенің жөн.
Өзіңе оз обалың тыңдамасаң,
Әйтеуір, үлкендікпен айтамын мен.

Қали Аманбалайұлы:

- Жарайсың жақсы айтасың ақын, шалым
Білгенге болып қалды сырын мәлім.
Іздесе ауруға ем табылады,
Матайда қарастырса қу мен зөлім.
Жалмандап қартайғанда ғайбат айтып,

Белбеуге неге түйдін беттің арын?
Байжігіт жиен дейсің қыздан туған,
Сен бе едің кіндік кесіп, кірін жуған?
Сен озың Мұхаммедке үмбетпісің,
Шариғат-ғақиқаттың жолын қуған.
Алжыған көрі қақпас мны қашқан,
Соқтықтың өзің келіп ұрынбастан.
Қассен мен Құсайынды перзентім деп,
Пайгамбар айтпады ма кара басқан.
Мінски, надандығың осы емес пе?
Сөз бағып жүрсен дағы бала жастан.
Салалық мұқтасарға осы сөзді,
Моллалар ғылым біліп кітап ашқан.
Мен сенің мұндайыңды білгенім жоқ,
Қыдырып Матайларда жүргенім жоқ.
Көзімді абақтыда жылтыратар,
Қорана қойынды ұрлап кіргенім жоқ.
Бермесе құдай кесел баспаймын шоқ,
Советтің әділдігі қоңілге тоқ.
Кәнеки еркек болсаң қылшы маған,
Сөзіңді естімеймін сандалма көп.

Нұрғали Түнгатарұлы:

- Жыртысын Байжігіттің неге жырттың?
Өлеңге- мен дария, мен- бір кеме,
Бетіме адам қарсы келмеуші еді.
Болмады дауын айтып мына неме
Ойлайсың жеңілмейтін амалыңды,
Өзіңнің байқамайсың наданыңды.
Қосқан соң қытай елін ыза болдым,
Тауысқандай Сарымырзадан адамыңды.
Шет жерде Қызай жатыр он бес болыс,
Кеңінен өріс алған бейпіл қоныс.
Бодамсыз Сарыарқаның шын қазағы,
Біріне қарамаған қытай – орыс.
Бес болыс Садыр – Матай Алатауда,
Ханнан қайыр, батырдан деген сауға.
Торт бұрышын төніректің Матай алған
Құдайдың бергеніне сансыз тәубә.
Байлығы жанның асқан Тұрысбектің,

Халқына Руссия қылып сауда.
Қаныда душар болдың бейбіт арға,
Мысалы мен ақнық, сен бір қарға.
Петрбор, Қызылжар мен мына Семей,
Салмаған он бес ләпке жері бар ма?
Еліңе піркәшігі барған шығар,
Байыппан талай құтпан алған шығар.
Солардан өтіп кеткен мынау дүние,
Мың арман скеумізге жалған шығар,
Байлыққа кім асты одан бұл Найманда.
Сан қыран құтылмаған тор жайғанда.
Аттатпай адымыңды басар едім,
Қартайып душар болдың ұлғайғанда.
Асқан жоқ қазақ түгіл орыс-ноғай,
Болса да өзге қиын өлең оңай.
Қаңқылдап жас басыңнан сұмырайдай,
Антұрған кет жолымнан жоғал былай.

Қали Амапбалайұлы:

- Найманның ұйытқысы еді Қаракерей,
Тапқан сөз ер жігітке ол бір мерей.
Үйіріндей шолақ айғыр селдір Матай,
Сөйлейді кеуделеніп тең немедей.
Шығысты алып жатыр сегіз Байыс,
Кім пар келер зардабына қылсан сайыс.
Ежелден күлай мойын көк айылмын,
Созылар шапқан сайын шылғи қайыс.
Ал сіді құлдатайын Жолымбеттен,
Тауыса алмай бәрін санап айттым шеттен.
Қыржы, Сыбан, Ақымбет былай тұрсын,
Қалмай ма осындайым мұнша көптен.
Құт қонған Көкебай мен Кегенбайға,
Жалғанда ісі жаққан бір құдайға.
Қадірін Арғын-Найман анық біліп,
Ұқсаған жомарттығы Атымтайға!
Ақшайық осы оңірде Мамырбетім,
Жеті ата үзілмеген қаракөгім.
Жолымбет бас қосқанда аса алмайды,
Қиыннан қиыстырар сөздің ебін.
Айтқаны шын, атқаны дәл секілді,

Құдайым кең қылған соң етек-жеңіп,
Жаку да Жұмажанмен озған жүйрік,
Табасың қай Матайдан оның тегін.
Мизамды отыз екі талдап оқып,
Жасынан әдебиет ғылым тоқып.
Дүниенің таразысын көзбен өлшеп,
Болжаған кімнің артық, кімнің кемін.
Ағымжан Әрінменен екі қажым,
Елімнің не қылайын айтып көбін.
Таусылмас көзді бастау, шалқар көлім,
Жол айтқан Жолымбетке би Батырбек,
Дәулеті атағына сайма-сай кеп.
Бәтене Ақыш қажы тартып туып
Дұшпанға өз тұсында бермепті кек.
Бүгінде Алшынғажы немересі
Мұны да қолға ұстап жүр жұрт қадірлеп.
Анасы көш бастаған атағы зор,
Үзілмей келе жатқан шын қаракөк.
Дәулеті Ақыш, Тұрар судай тасып,
Келеді жылдан жылға атағы асып.
Баласы қажы Тұрар, Рахманкүл,
Жетімге жесірменен көп қарасып.
Найманның ұраны еді би Боранбай,
Сиынған ердің жолын қылған құдай.
Байлығы Ұлан-Бұлан жаннан асқан,
Хан Қисық заманында ер Тәукебай.
Найманның бір басшысы Шал қажы екен,
Бестамақ үш Боғасты қылған мекен.
Әділбек, Жұмахан мен Әбіш, Құлбай
Бұлардан өтіп тұрған кім бар екен?
Бұл күнде Мұқыш, Кәмә, ер Құсайын,
Ер білер, надан білмес елдің жайын.
Атағы Абылайдай аруақты ерім,
Тамызған қара тілден сөздің майын.
Бір ардагер екеуі егіз күрең,
Бәйгеден күнде келер қосқан сайын.
Байлыққа Ерәліден артылған жоқ,
Көп айтып соза беріп не қылайын?
Сайғақтай шөлге қонған селдір Матай,
Қосады шыдай алмай атқа тайын.

Қартайғанда балаға бет тырнатпай,
Жүрсенші өз жайыңа сұмырайым.

Нұрғали Тұңгатарұлы:

Ұраным ер Қалыбай, батыр Манас,
Атына қанық болған тамам Алаш.
Балапан, Жалғабай мен Таз батырдың,
Қылмайды ерлігіне ешкім талас.
Бұған кім төрт арыста қарсы келді,
Айдады бір шыбықпен рулы елді.
Мен сенің көптігіңе таласпаймын,
Қатарға отырғызып санаспаймын.
Алашқа аз да болсам бой бергем жоқ,
Жолынан бабам салған адаспаймын.
Мырзатай асып туған өз табынан,
Дұшпаны құтылмаған қармағынан.
Қара жер қатты басса ойылғандай,
Солқылдап Арғын-Найман салмағынан.
Сен өзін ғайып сөйлеп, ғайбат айттың,
Өткір тіл орақ ауыз болғаныңнан.
Баласы Бәкен қажы туды тартып,
Болған жақ өз тұсында ешкім артық.
Әубәкір торышақтан торы туып,
Біреуі- біреуінен кеткен артып.
Ерлердің атын айттым талдап-талдап,
Көтерді қолтығымнан демеп аруақ.
Әнеки, Дуғалимен төртінші ата,
Үзілмей келе жатыр оңкей саңлақ.
Асқан қара қазақ Қайранбайдан,
Атағын Қажымолла жұртқа жайған.
Бас қосқан Арғын-Найман съезінде,
Кім бұрын сөз бастады Қалматайдан.
Әубәкір кетті өтіп сабаз ерім,
Байжұма, Мұхаметжан көкжал бөрім.
Ыбырай, Мәнске мен ер Қожамбет,
Айбыны Абылай аспас асқар белім.
Сағындық бір туысқан мырза Сақпан,
Жомарт боп Атымтайдай жұртқа жаққан.
Қызығын екі дүние бірдей көріп,
Кәпірден шейіт болып қаза тапқан.

Сегіз жүз мыңнан артық жылқы біткен,
Бірыңғай қарақұйрық қарақоктен.
Өреді жалғыз үйден бес жүз жылқы
Елінде қандай бай бар соған жеткен?

Қали Аманбалайұлы:

Үш Назар бұл Найманның думан жері,
Найза- ұшы, ноқтабасы, асқар белі.
Тоқабай, Жанай деген екі ауылдың,
Маңайын басқан емес дню-пері.
Заманда қалың қазақ жер билеген,
Дүниеден өтті-ау талай кемеңгері!
Шерубай, Танамырза заманында,
Сан күлген тақымында ердің ері.
Мырзатай асып туса оз тағынан,
Дұшпаны құтылмаса қармағынан.
Шерубай аға би боп, Тана қазы
Не себеп түсірмеген хан тағынан.
Жүйріксің шүү дегенде шыға шапқан
Шынға жоқ, отірікке судай аққан.
Жетпейді түгел Матай бір Назарға,
Албаты неге керек бекер мақтан?
Орынбай Кеншінбаймен айтысқанда,
Сан жүйрік шыққан жоқ па біздің жақтаң?!
Кәрібай, Әсет пенен Біржан-Сара,
Албаты сандаласың тәңір атқан.
Жарысқа қай Матайды салды олар,
Біреу жоқ жүлде аларлық сіздің топтан.
Ішінде Қаракерей Назар едім,
Өлеңді жастар үшін жазар едім.
Халқыма әңгіме үшін туған едім,
Жәрмеңке, күнде базар думан едім.
Әрине, сөзге құлақ салар едім,
Қолыма қу тақтайды алар едім.
Үстіңнен көп Тоқабай қаптап кетсе.
Астында аяғымның қалар едің.
Қызылсу, Жанаманы жайлағанда,
Көп малды, қой мен жылқы ай
Егіндік, пішендігің таптайт болып,

Есе алған күнің бар ма қай заманда?
Жылқы алды Байжігіттен батыр Манас.
Атағын біледі дедің тамам Алаш.
Қан қылып Қызылтаста түсіріпті,
Тарақбай батыр бастап жігерлі жас.
Балапан, Жалғабайды қоса байлап,
Өтірік мактанбаймын созім рас.
Табаны тасқа тиін әрең кетті,
Кейінгі қалған бізге болды мирас.
Қызырдың ізін басқан Сәрсен-Қайран,
Атағын Атымтайдай жұртқа жайған.
Бай Манақ, би Бокбасар, ер Жәңтікей,
Дәулетбай, Құрман, Түгел ақыл жайған.
Ыдырыш, Тілепалды, Зікірня,
Жалғанның қызығына салды сайран.
Құт қонып, қызыр құйған сабасына,
Талай жан саялаған панасына.
Жайықтың Еділменен өзіндей боп,
Қаз қонып, үйрек ұшқан жағасына.
Екі Омар өз тұсында жаннан асқан,
Дұшпанның ерегескен көнілін басқан.
Атағы Абылайдай аруақты ерім,
Үш жүздің ортасында үлгі шашқан.
Аузына дуа қолған, басқа бақыт,
Сөйлесе сөзі- ділдә, гауһар, жақұт.
Бас қосқан Арғын-Найман съезінде,
Талайды тамсандырған таңырқатып.
Топ бастаған торының тұқымы еді,
Кешегі Шерекеннен қалған сарқыт.
Найманды Мүрсәлім бай ағалады,
Арғында пар келмесе Алтай-Қарпық.
Атына көпір-қазақ болған таныс,
Кім айтты жіберді деп жатқа намыс.
Көтеріп тобесіне топ бастатты,
Барса да қай жеріне түгел таныс.
Аузымда о дегеннен сөзім лайып,
Қапыда келтірмейін сөз ыңғайын.
Ежен мен Россия атын білген
Палуан, қайраты асқан Молдабайым.
Ташкенттен Бұқар барған Қызылжармен,

Ат бастатқан бір тоғыз былай тұрсын,
Алаштан кілем алған кара нармен.
Құдайым берген солай абұйыр-бақ,
Көпір де қазақ түгіл көрмеді жат.
Бұл Семей аймағының торелері
Құрметтеп қадір қылған бек қабағат.
Қарадай қасқыр соққан ер Абылай,
Дуалы ауызды ғып жаратты хақ.
Жұмахан, Биахмет кетті жастан,
Жаралған артық болып әуел бастан.
Орынбор шаһарында дүнис салып,
Баласын түгел Найман қайғы басқан.
Дәлел мен Жанахмет жеткіншегім,
Озып тұр осы күнде алты алаштан.
Ташкен мен Москвада жарлық айтып,
Ұлына түгел қазақ үлгі шашқан.
Алпыс үй Бақы-Матай келдің босып,
Сөзіме айта алмаймын отірік қосып.
Ежелден құлаш мойын кокайылмын,
Қашпаймын сөз сойлеуге сенен шошып.
Артарға құнап өгіз түйе болып,
Сауарға лакты ешкі, бие болып.
Қаракерей жұртында жүн-жұрқамен
Алып ең содан корек ие болып.
Үйректін қолден ұшқан саяқындамай,
Болсам да мұнда кедей, халқымда бай.
Білмейсің жеңгеніңді, жеңілгенді,
Жөнелші кәрі неме қаңқылдамай.

Шойынжол құрылысына жиналған Қаракерей, Матай руларының жігіттері екі ақынның сөзіне қызынып, ақыры оның соңы тобелеске ұласып, айтыс толық аяқталмай қалған. Сондықтан екі ақынның қайсысы жеңгені белгісіз. Сөз саптастарына қарағанда екеуі тең түскен тәрізді.

Айтыс журналист Мейрам Ораловтың жеке қолжазба қорынан алынды.



ӘСЕТ ПЕН КӘРІБАЙ АЙТЫСЫ

Қай уақытта қандай жағдайда болғаны жайында Кәрібайдың “Әсет үй дегенде, мен бүйдедім”, - деген өз аузынан осыдан 60 жыл (1930) бұрын естіп жазып алған. жаттап сонан бері ел арасына таратып келе жатқан алғаш түсіндірмесінен басталады.

Кәрібай:

Әуелі сыйынамын “патша-құдай”,
“Шайтанның” шариғаттан жоні былай.
Жерінде тоқты сойып, топыр қылған,
Бүлбүлы бүкіл Найман мен Кәрібай.
Найманның өскен жері Қара-Керей
Душпанның көңілін басқан теңдік бермей,
Бәйгеге Найман баптап сан қосқанда,
Жері жоқ Кәрібайдың қалған келмей.
Табылмас жігітке ақыл жан сасқанда,
Нақтылық пен сабырлықтың кілті аспанда.
Бір кісі Қожағұлдан оңат болды-ау
Жерінде орыс-қытай бас қосқанда.
Жігітке оңай емес дүние қумақ,
Парқы бар осы сөздің талай тармақ.
Аргынның Қара Кесек Әсетіне
Хан сиязда (сөзед) тәуекел деп салдым қармақ.
Әсетпен Қаракесек даулы болдым
Екі жұрт екі ұдай боп таласқанда
Жүйріктей тұлпар шауып бәйге алатын
Будақтап шығарған кез шаңды аспанға.
Жүз кісі тәуекел деп түстік жолға,
Кейде желіс, кейде аян мінген жорға.
Бас қосқан төрт үкірдай елу болыс
Ұстады екеуімізді қолдан қолға.
Мұрынның ақсақалы Бокенші нар,
Билеуші Тілебалды, Жапабай бар,
Асылбек, Қыдырмолла, Би Бексолтан,
Омары Шерекеннің оңкей дегдар.
Найманның шарықтаған қыраны едім
Байқаусыз түсе жаздым жайған торға
Алдыңтың әлібі едім, бейне алмастай

Құдайым не сапардын артын (онда).
Сойлеуші ем тыңдаушымның қалағанын,
Тыңдауға қасиеті жарағанын
Осындай шаршы топта жүлде әнсер деп
Құрыштап Төлегетай тағаладың.
Әсетпен руы Арғын сөз сөйлестім
Әр істің тыңдап едім даналарын
Сойтсе де аты шыққан жампозбенен
Тәускел деп өз ісімді шамаладым.
Ту алып, тұлпар мініп консул Қалдай
Тар есік, тар босаға болды-ау талай
Екі елді негер боп жиып алды
Сүлеймен даулы болып ер Жалғабай.
Шығысты екі жақтан алпыс шерік
Көрсетіп патшалықты алпыс сырнай.
Ат шабыс, қыз қуу мен кокпар болып,
Көрсетпек күш өнерін ер Молдабай.
Қобызын дуылдатып Бидаш келді
Көрсетті екі жұртқа не өнерді
Осындай қызық думан жиып болып
Таң қалдырды орыс пен қытай елді.
Атақты Ақсуаттың Тышқанкөзі
Кісі еді-ау қасиетті асыл сөзді
Пар ат шегіп, салтанатты пәуескемен
Келгенін бұл жиынға елі корді.
Мен сонда сөйлейтұғын түстім күйге
Жандарал алтын шекпен таққан түйме
Құн кесіп осы дауды тез бітір деп
Кіргізді он екі би сияз үйге.
Кіргізді Бөкенші мен Мамырбекті
Демжан асқан жүйрік асыл текті
Келдім де Сүлейменге сәлем беріп
Жинадым айғайменен барлық көпті.
Қолыма домбыра алып әнге салғам,
Сөзіме талай адам құлақ салған.
Бал тамған бармағынан ер еді деп
Келдім де Сүлейменге бердім сәлем.
Сүлскем сәлемнен соң сойлеп кетті
Кормеді бұрынғыдай сыртқа тепті
Ерім өліп, өрісім бұзылғанда

Кәрібай-ау, коңіл айтпай саған нетті.
Алдырып бір домбыра етті әзір
Сойлемеске Сүлкем коймай сабыр
Ішімнен қақтан тілеп, зікір салып
Сол күннің шығысынан салдым дабыл.
Шақырдым атам Найман аруағын
Жер ойған Төлегетай салмағын.
Жақаш пен Әділбекті тең сөйлер деп
Алашқа олшем қылмай даудың бағын.
Ұрпағы Қабскемнің батырларым,
Дәстүрін ұстаған ел ата бағын
Қаракок тұқымынан үзілместен
Ұстадын Қабанбайдың алтын тағын.
Найманда не болды алтын таққа
Жерің жоқ есең кетіп жүрген жатқа,
Сүлке, ашуды қой, ақылға кел
Ісінді бергеннен соң шарифатқа.
Сүлеймен Қабанбайдың баласы еді
Сауыттың оқ тимеген жағасы еді.
Мінгізген мыңнан жүйрік шын желаяқ
Сол ердің жолдастығы рас еді.
Сүлкем дәл осылай согіп өтті
Әкелуге бір домбыра әмір етті
Ақылын төре-қара жамап бер деп
Алдыма міндет қойып, әмір етті.
Жаратқан қарсы-гүрсі, лаухыл-ғалам,
Болмайды бұл сөз әлі түгел тәмәм.
Халқым калап, сенім артып сөз бергенде
Сүйсінерлік сөз моншағын мен де табам.
Аңы айғай кейбір үйде тозақ болып,
Жиналып мың жарым қол болды кәміл
Бір алла таразынды тайғызба деп
“Аумин” деп қол көтерді аға-бауыр.
Отырған сияз үйде он екі би
Бастады ата дәстүр сөз ырғағын
Ерлігін Сүлейменнің қол деп айттым
Қамтыдым талай жайдың қарымағын.
Бұл дүние ойлап гүрсам қатқыл еді,
Күдайға құлшылықтар мақұл еді,
Шәуешекке мың шақырым Күлжа жақтан

Әсет ақын келмегі мәшһүр еді.
Ту алып, тұлпар мінген ер Қабанбай
Бір күнде қырық қолдың жолын ашқан
Ту алып, тұлпар мінген Әбілпейіз
Оралып мұсылманға жарлық шашқан.
Қабанбай, Боранбай мен ұранымыз
Өскемен, Көкпекті, Зайсан уезіміз
Алтай, Сауыр, Тарбағатай, Зайсан көлі
Қарғыба-Базар, Ақсуат-Ертіс тұрағымыз.
Артынан хан Қамбардың ер Ботабай
Жүргізген ғаділдігін шартарапқа
Бөкенші, Мамырбекпен және он би бар
Мал кеспей тастамайды ысырапқа.
Бөкенші Мамырбекпен ел ағасы
Қайтсе де жол бермейді қиянатқа.
Бұл сөзге Керей, Найман телмірісті
Тұрғандай жұбын түзеп, анық сапта
Кәрібай бұл Найманның ақыны еді.
Өнерге жас күнінен жақын еді.
Сымпыып сұр жыландай Әсет келді,
Осылай сөз байласып жатыр еді.
Ләмбік, іші-тысы құндыз бөрік
Өзіне-өзі келді сәулет беріп.
Жиылған Керей, Найман ғашықланды (таңырқасты)
Жүйрігі екі арыстың душар келіп.
Сүлсімен Әсетті де сөгіп өтті,
Оған да ән сап бер деп әмір етті.
Әсетте әзір жауап, жампоз екен,
Қолға алып домбыраны сөйлеп кетті.
Ән салды бұрқыратып Әсет ақын
Көп көрген оқып-тоқып сөздің парқын
Төрт ұлы Төлегетай тең сөйледі,
Ол дағы жатқа алыпты ел тарихын.
Осындай екі жүйрік жарысқан соң,
Қалың ел басып кетті, қара барқын
Бір жазым сөзден оқыс бола ма деп
Бойсырап көп толқыды біздің алқым.
Дүбірге көп қосылған ол да жүйрік
Көрсетті сөзбен сөйлеп елдің нарқын.
Алдынан екі жұрттың ән шыққан соң,

Қалың ел басып кетті көңілі жарқын.
Домбыраны Әсет сойлеп маған берді,
Әсем сойлеп, тілін безеп, қасын керді,
Сол сөзді Керей, Найман көзі көрді,
Ішінсн нығай мені сөз сөйледі.
Шығарды маңдайынан ащы терді,
Байқағанға тартымды, сөз жүйелі.
Сөзінің басы мақтау, түбі кекеу
Айғайлап, әуелетіп дәуірледі.
Әсетпен айтысарлық түстім жолға,
Мен сонда домбырамды алдым қолға.
Әсеттін кекесінің көргеннен соң,
Намыс қып барлық Найман отыр зорға.
Сүлексе-ау, біз Найманда мазалымыз,
Жауды көріп, түсіп тұр ғой ажарымыз.
Ғанибет қазына сөздің бәрін жидым,
Жетсе де бүгін жаудан ажалымыз.
Сскілді қараңғыға сәуле берген
Найманның жанып тұрған панарымыз.
Тез тапсақ, ақы несің, сөз жүйесін,
Көрінесді алынатындай қамалымыз.
Сөзді тыңдап жиналған жұрт тұрды көріп,
Бұл сөзге Керей, Найман болды жерік.
Әсет менен домбыраны жұлып алды,
Сөзімді ажал деген шәкі көріп.
Тыңлады екі патша ел көзбен көріп,
Болмайды дүние шіркін жанға серік
Айғайлап Әсет даусын көтсерді,
Ақылдылық пен парасатқа бермей ерік.
Ән салды Әсет сонда шығанақтап,
Жамандап Кәрібайды, өзін мақтап.
Асылы ат пен құстың өзі болып,
Қарғаны кетемін деп жерге таптап.
Түк қоймай асты-үстімді жездей қақтап,
Ісмердін балтасындай мыспен саптап,
Арындаған арынын бір басайын деп
Мен де ағыттым сөз сарасын құдай сақтап.
Кездескен дәл осындай қан сиязда
Орыс-қытай патшалығы келген мұнда
Айтысқан Әсетпенен сол жиында

Кәрібайыңның маржан сөзін халқым тыңда
Сонда білдім Әсетпен айтысарды
Жанжалдасып, жағаласып тартысарды
Кәрібайдың бар көргені Әсет емес,
Тарқатқан айғайменен сан базарды.
Өзінен ширек төмен өлшеген соң,
Бұл сөзге Қаракерей намыстанды
Бермеске шын аяулы шыбын жанды
Кәрекең де сақтануға қылды қамды.
Ізdedі біреу шауып бір ағашты,
Тездетіп алып келді қу ағашты
Өзінен шерік төмен өлшеген соң,
Бұл сөзге Қаракерей араласты.
Батырлар жау жеңеді белдескенде,
Бәйге аттан тер шығады теңескенде,
Әсеттің айғайынан шошымадым,
Мен дағы келсең кел деп шендескенде.
Әсет те бұрқыратып әнге басты,
Сөз тыңдап, жиналған жұрт анталасты.
Ішімнен хақтан тілеп мен де тұрдым,
Жел созбен жүдетпен деп қарындасты.
Тыңдады қақпай-сөкпей қытай-орыс
Өскемен, Көкпекті, Зайсан уйез, Семей облыс,
Кәрібай-ау, сені қара басты ма деп,
Ақнайман түртіп қалды Кәлім болыс.
Әсетпен айтыс деді ұрыс салып,
Отырсың неге бүйтіп, құрыстанып.
Көкітпей мына Әсеттің жауабын бер,
Сөзіңнің артық, кемін көрсін халық.
Шабандама, біз Арғыннан қалыспалық,
Созінді жақсы-жаман қарысталық.
Осындай хан-халайық дулаған соң,
Қалайша екі жүйрік жарыспалық.
Әсеттің данқын білген бұрын халық,
Бұрыннан да жүреді екен есіңе алып,
Әсеттің сөзі биік көрінген соң,
Есіл ер қалған екен намыстанып.

Әсет:

Мұсылман қайтармаған талабымды,
Дағдыланған корсетейін амалымды.

Кәлім түртіп бар Найман шулап кеттін,
Корсетші маған деген зауалынды.
Билеуші сені отыр ма шағыстырып,
Байқасын менімен қағыстырып.
Тиермін аш өкпеңнен қыран құстай
Бар Найман жер шұқысын намыс қылып.
Қантарда қалшылдаған қарт бурамын,
Бір көрсін кәрі атанын алыстырып,
Аруағым арғындаған Арғын Әсет
Кәрібайыңа қарамаймын мойын бұрып.

Кәрібай:

Әсет-ау, мынау сенің кекесінің,
Ақын болсам, әнші болсам өз несібім.
Ербиіп қыр басына шыға қапсың,
Өзім тәлім үйреткен текешігім.

Әсет:

О, Кәріеке неғып жүрсін асып-сасып,
Бір нәрсе қуғандай-ақ шошып басып.
Жерінді мақтайтұғын қыдыра бер,
Әуелден әдеттенген қылған кәсіп.

Кәрібай:

Батырлық, падишалық бәрі барлық,
Жігіттің қолын байлар шіркін тарлық.
Кімде кім өз елінде жомарт болса,
Сыймай ма сонда сөзі мақтанарлық.

Әсет:

Әй, Көке, тарта сөйле, шыға салма,
Сөгіп айтсам көңіліңе ауыр алма.
Мінгенің көк шолақ ат киіз тоқым,
Қыдыра бер, кәсібіңнен сен құр қалма.

Кәрібай:

Серілік, әумесерлік бойға қорлық,
Жоқ болса үйінде қажет нан мен шайлық.
Құр мақтан қаңғып жүріп не теңі екен
Басында баспанаң жоқ меймандарлық.

Әсет:

Әй, Көке, ашу сөзге көңіл бөлдін
Жасыннан ел қыдырып кәсіп тердін
Өзім тәлім үйреттім деп сөйлейсің
Қай жерде жомарттық қып неңді бердің?

Кәрібай:

Әсетжан, білмедің бе бергенімді,
Елден шығып Найманға келгенінді
Би, болыс, үкірдайға өлең айтып,
Қайтарып беремісің жегенінді

Әсет:

Әй, Кәке, қыдырасың оңмен-солдан,
Кәсіп қып дәм етесің жүгі молдан.
Шақырмай құрметсіз құр қаңғырмаймын,
Ел қыдырып алмаймын сіздей жолдан.

Кәрібай:

Елден шығып Найманға неге келдің?
Сен дағы кәсіп іздеп аттай желдін.
Ертіп келіп әкенді Көктұмаға
Бай болсаң сен қалайша әкеп қойдың?

Әсет:

Кәрекең қартайғанда сөзіне нақ,
Тояр кәсіп болмапты үйінде бақ.
Күніне жүзді беріп, мынды алсаң да
Мінгенің күні бүгін көк шолақ ат.

Кәрібай:

Әсетжан, сойлесеңші сөзімді ұғып,
Мен сенен именбеймін титтей бұғып.
Бай болсаң әкенді ертіп неге келдің,
Кеудесін жатқан жоқ па кене жұлып.

Әсет:

Әй, Кәке, былжырайсың кәрі делбе
Шындықты айт, жала жаппа мұндай жерде
Шәуешекте бай-патшалар қағаз жазып,
Алдырған сый-құрметпен осы жөн бе?

Кәрібай:

Ей, Әсет, сөйледің бе ішің пысып,
Қазандай қайнады ма өнер қысып,
Жазығы жоқ үлкенге тіл тигіздің
Тәуба қып, тұрмадың ба артың қысып.
Мың қойды өткіз судан серке болсаң,
Быппылдақ мың кісілік көрпе болсаң.
Қазы шайнап, қаз мойын сұлу жайлап,
Өз елінде жүрсең нетті, ерке болсаң.

Әсет:

Ән салсам Керей, Найман тұра алмаған,
Мен сіздей ақын емес қуаңдаған.
Су жұқпас сұмырай ақын мен емеспін,
Кәсіп қып бес-он тиын сумандаған.

Кәрібай:

Ей, Әсет, күпілдесің желдей есіп,
Сойлегенің жақсы еді ғой сөзді тосып
Арғынның қоз жеткісіз аймағы бар
Найманға қалай келдің, неден шошып.

Әсет:

Делбе ақын ұран салып ел ақтайды,
Үйірін байсалды айғыр-ат жақтайды.
Қолыңды көрінгенге тарбайтасың
Котеріп мойыныңа қу тақтайды.

Кәрібай:

Қарай гөр Әсетжанның қайласына
Әркім жүрер өзінің пайдасына
Бетіме оның несін салық қылдың
Әкеннің қолындағы найзасы ма?
Мен сонда лебіз еттім а, құдайлап,
Қабанбайлап ұран салдым Боранбайлап,
Түйіліп бұл қашқынды бір ілермін,
Тастүлек ақиықтай көзім жайнап,
Найманда екі жүзді наркескенмін
Желкенді қидырғалы қойған қайрап.
Боқ жының араласқан бәкене құл
Каларсын ат астында сорың қайнап.
Найманды аралаған бейшара құл
Сорлы Әсет келдің қайдан, бейнет айдап
Алтайдан түлсіп ұшқан ақиықтай
Жеңермін сені қайтсем тілмен сайрап,
Әсет-ау сөйлесенші сөзді абайлап,
Мен дағы ән бастайын а, құдайлап,
Көкірегінді көтсерсің көкке өрлеп,
Қайтесің арам тер боп босқа сайрап.
Арғынның қаңғырғаны талай келген
Соның бірі – мынау Әсет көзім көрген.
Бүтіндеп Найманға кеп кебенегін
Саңлақ боп, жалғыз жүйрік менмін деген

Әсет-ау, Арғын бай ма, Найман бай ма
Байлығы Арғыныңның Наймандай ма?
Шолағын жауырымен шегіп алып,
Арғын кеп бізге келіп қаңғымай ма
Қаңғыған Найманда Арғын толып жатыр
Қоңыр ат, арба шеккен қолау тайға.
Туысын сен сияқты тентіреткен
Жақының Мұса-Шорман ар қылмай ма?
Ішінде Керей, Найман сөз таластық
Өнерді көрсетелік осындай да.
Тындаған сөзімізді жан мысқылдап,
Сауданы тез қайраған дәл қылмай ма?
Әуелі сыйынамын бір жалғыз хақ,
Енді бізді қолдасын жақсы аруақ.
Алмаған сөзден жүлде ақымақ Арғын,
Жеңілген Сабырбайдан сіздің Жанақ,
Бұл сөзге куә емес пе Арғын, Найман,
Жеңілген сол Жанағың Нұрлыбайдан.
Бас қосқан жеті болыс ел, ер Тана бар,
Жеңілген Орынбайың Кеншімбайдан.
Алмаған сөзден бәйге бәдік мұндар,
Бейшара бейнет қуып жүрсің қайдан?
Бір ауыз ән салғанға мақтанасың,
Жігітке абырой келмек бір құдайдан
Алмаған сөзден жүлде жиын тойдан,
Бейшара бейнет айдап келдің қайдан?
Алдында ақын ағаң Кәрібай отыр,
Фибрат қып, үлгі алсаңшы осы жайдан.

Әсет:

Алаштың жігін бөлген Сара бейбақ,
Біржаннан ол да көрген талай зардап.
Не қарға, не ителгі боп ілінерсің
Жеңермін осы жолы не қылсам да-ақ,
Басымда сау боп тұрса тіл менен жақ.

Кәрібай:

Ол Сара бейбақ емес, анық саңлақ
Бстіне талай Арғын салған таңлақ.
Біржанды қаңғып кеткен иттей етіп,
Батыпты сүйегіне соққан зардап.

Саранып жауабынын міні бар ма?
Айтпапты қарағайды талға жалғап.

Әсет:

Ер жігіт келтіреді орамына
Ойға алған жету үшін талабына
Әншейін әңгіме үшін алдап тұрмын
Шын қазсам жете алмайсың бараныма.

Кәрібай:

Сөз берген сойлеу үшін патша-құдай,
Сөз тізген маржандай ғып тіл мен талдай,
Өршіл жан үш Назардын жүйірігімін
Корген жан өнеріме таң қалғандай.

Әсет:

Тұсы бір, тұрғысы бір, заманы бір
Жігіттің өнер қуған талабы бір.
Ұлы жүз менің теңім Үйсін еді
Кездеспей өз теңдесім құр пысып тұр,
Сөзімді өңменіннен өткіземін
Ұмытпай есіне сақтап сен де айтып жүр.

Кәрібай:

Менің де атағым бар, аруағым бар,
Даңқымды естіген жан болған құмар.
Қалайша мен Арғыннан кем боламын,
Кенжесі Жолымбеттің атам Назар.
Арғындар дабысыма құлақ салар
Жарыста бәйігені озып Найман алар.
Тарихтың тамырына көз жүгіртсек,
Арғыннан Найман ылғи алда болар.
Арғыннан сөзге жетік үл туған жоқ,
Найманды сөзден жеңіп жүлде алар.
Теңдесім, мына Найман алтын тезім,
Қашқынды сен секілді шекеге ұрар,
Қасиетті кереметі бұл Найманның
Дәл сендей тентектерді жөнге салар.

Әсет:

Шығады Арғынға ұран Қарқабаттан
Кәрібай сойлесеңші парасаттан
Болғанда Найман жалғыз, Арғын тоғыз,
Сол кезден кемшіл едің тізе қаққан.

Әрдайым айтқан сөздің өлшеуі бар
Ем болар артық сөзден ауыз тартқан.

Кәрібай:

Шығады Найманға ұран Қабанбайдан
Саналы, ақылды би Боранбайдан
Жолымбет он қанатын мыңға жайған
Мал басы бірдей өсіп тау мен сайдан.
Көшкенде тоқсан нарға жүгі сыймай
Озбаған қазақ халқы Бұлан байдан
Мүлгіген жүз жаяуға ат мінгізіп
Ішінен оза алмаған Арғын-Найман
Затының қомағайлық, құлдығынан
Жеңілген Тіленші атаң Кегенбайдан.
Болінсе тоқсан ауылың жоқтамайды,
Қай Арғын басқа өсімді Тоқабайдан.
Бір ауыз ән салғанға мақтанасың
Жігітке абырой қонбас іс құдайдан.

Әсет:

Тоғыз қақ, тоқсан қапқа обороты,
Қай байың өлшенеді Шорман байға.
Баласы сол Шорманның мырза Мұса,
Сері еді-ау қолы жеткен күн мен айға.
Азулы ер, айшылық жол оленім бар
Қаларсын түстік жерде сілең қатып
Қаптал тонның битіндей бір жабайын
Аларсың сол арадан дәмін татып.

Кәрібай:

Ел озбас алты Байыс руынан
Айтайын өзге Найман Қырымынан
Басы мұхит, аяғы Қара теңіз
Дарыған ғайып ерен жылуынан
Аттанса ертен ерте кешке жетер
Желіде ұзын жатқан құлынынан
Ер Хасен, мырза Сейпіш, бай Мүрсәлім
Күйзелмес алты ұлы ер ұлығынан
Айтайын Жолымбеттен бері қарай
Жауапқа дайын тұрмын мен бұрышнан.

Әсет:

Сүйіндік сөз сөйлейін Қара-Шордан
Түстікке көше алмайды дәулет малдан

Олжабай орта жүзге батыр еді
Не ғиратты құтқарған түскен тордан.
Жарайсын бір соткелік тоятыма
Қанатым аю ілген бұған комдан
Арғынның осы бір аты озған жері
Анықтап үзілместен қыдыр қонған

Кәрібай:

Салайын “Қара-Шорға” Байжігітгі
Шаянбай, Бұтабаймен екі құтты
Малы халал қазақ жоқ Шаякөмдей
Ұстаған бүкіл Хажы жомарттықты
Ұрпағынан он екі кісі қажы болып,
Мақтан емес, болып тұр дінге мықты
Жақаштын мына отырған Сүлеймені
Қалмақта Құлыстайдан қойдай атты
Еңсе үкірдай, Шотайда Қонжа батыр
Жыйылсаң Арғын жетпес оған тіпті
Барларың жоқтарына қайыр қылмай
Кереку, Семей жаққа елің ықты
Елінің ескі салты болған кекті
Кебек оліп, Қалқаман қайда кетті?
Рақымсыз, бауырсыз ел ол Тобықты
Ежелгі ел тарихтан сабақ алмай
Неге жимайды қағынғанын болса мықты
Олжабай заты сіңбе қырғыз еді
Арғын да шикілігін білгізеді.
Батырлығын, палуандығын қайрап салып
Нашарларға жуандығын білгізеді
Тобықты Саптаяқта батыр еді
Қалмаққа қолға түсіп жатыр еді.
Құтқарған сол бұғаудан, түскен тордан
Найманың Тәукесі мен Тоғас елі
Бағалаған қасиетін Найман елдің
Батырды Саптаяқтай естіп пе едің?
Тәуке елі мен Тоғастай батыр болсын
Деп атапты екі бірдей немересін
(Атақты Тобықты Тәуке батыр осы еді, інісі Тоғас
жасында өлген)

Әсет:

Бір бай бар біздің елде Иса деген
Жүз бес күздік етіп сойып жеген
Өзге бакыттың мысалын не қылайын
Көміл бар жылқысы да бірер түмен.
Кез болдың ажалына сен Кәрібай
Топтан тірі шықпайсың жалбарынбай
Ат сауырын бермеген мұсылманға
Баяғы Сартай, Құсбек, төрsem Шыңғыс
Жол айтқан мұсылманға талай-талай
Жыйылса Қырық сан Қырым жол бермеген
Барында Мұса-Шорман, ер Құнанбай
Сен ұстап тұрушы едің алтын туын
Асып тұрған орта жүзде мырза Ыбырай (Абай)
Елінде оған орай кісің болса айт
Болмаса сөзіңді қой былжырамай

Кәрібай:

Тілеміс бізден откен Танасымен
Боқбасар билік айтқан Жарасымен
Найманды Арғындай ғып жау алған жок
Хан-Қисық, ер Шерубай данасымен.
Манақтың сен естіп қайт мың санын
Есебінде алты жүз мың ақша барын
Ескі ақшаны жаңа ақшаға айырбастап
Семейде жетпей қалған торт дуаның
Түйесі қар үстінде боталаса,
Қастық қып қасқыр жемсс қозы-лағын
Ауылынан мың сан қонақ аттанады
Арғынға теңемеймін дәулет-бағын
Үәлі бай боп откен бабасынан
Шұрылдап үйрек ұшқан сабасынан
Он мың кой, үш мың жылқы, бес жүз түйе
Бак, дәулет, қыдыр қонған о басынан
Төрткүл, Қали, Көпен мен Омар болыс
Дұшпанның әлі аман жүр табасынан
Ей, Әсет, түк шықпайды таласыңнан
Сен қарыз құтылмайсың аласымнан
Қали Омар Қарамола сиязында (сөзінде)
Ұстаған Ыбырайдың (Абайдың) жағасынан
Бұтабай, Құрман қажы екі құтым

Аумаған алтын тағы баласынан
Жауболат, Сүрша Байбол, ер Қаптағай
Ескі үлгі адаспаған жобасынан
Бокбасар, Қосан. Сасап о басынан
Әділдік билік айтқан турасынан
Бекіткен жүз түйе деп ердің құнын
Айталық куәлік сөз расынан
Найманды Арғындай ғып жау алған жоқ
Барақтың асқар таудай панасынан
Билеткен Тобықты кеп Қаратайға (Найманға)
Көп жеген Ыбырайдың (Абай) парасынан

Әсет:

Қаржаста бір құтым бар Мұса-Шорман
Үзілмей келе жатқан ескі қордан
Қазының бел баласы Садуакас
Бағы орлеп келе жатқан әлде қайдан
Мен Найманның құл болмаймын делбесіне
Қазақ шыдап көрген емес сермесіме
Алдында ақ патшаның ән салғанда
Сүйсінген жеті болыс ел кеңсесіме
Қарауыл, Қарқабаттын семсерімін
Өзінің де көзін жетті өлмесіме
Арғында асыл текті адамым көп
Мен кепіл қолдан намыс бермесіме.

Кәрібай:

Ей, Әсет Арғыныңды арқаланба
Жаксы деп кісілерің шалқаланба
Дүние үшін, малы үшін арын сатқан
Мәнсап үшін жанын қиған жақының да
Мен айтсам адамымды жарасады
Қай Арғын бұл сөзіме таласады.
Ақылды, адалдығы санасы мол
Кедей-кепшік, кемтарына қарасады.
Тағы да есіме түсті мына бір жай
Арғында болған емес дәл мұндай бай
Губерниялық, үйездік жандаралға
Ақшамен шай қайнатқан Ақшабай бай
(Шын аты Түгелбай еді)
Ақшамен самауырыңды қайнатқанда
Петрдің шыдай алмай шыбын жаны

Боғастың суы ақпай қалады екен
Бұланның суға түссе жылқы малы.

Әсет:

Ант ұрған, құдай атқан, тәңір атқан
Осыған қайтіп сиған мұнша мақтан
Байжігіт беріп жылқы, іштің саумал
Зәлім едің одан бұрын қулығы артқан
Көңіліңе алған істің бәрін мақтап
Менімен сөйлестің-ау бәдік-шатпақ
“Тоқсан сөздің тобықтай түйіні бар”
Асты-үстімді барасың жездей қақтап.

Кәрібай:

Естідің ғой Ақсуаттан Тышқанкөзді
Атамыз қасиетті шешен сөзді
Салып ед Ақсуатқа алтын сарай
(Ағаш үйін айтқаны)
Мінеки оны дағы көзің көрді
Ақ бөлке, ақ тоқаштың иісі мұңкіп
Дүрілдеп жүріп жатқан диірмендері
Правиласы ағаш үйде орналасқан
Бас қосатын Жанболаттың жыйын жері
Саялы қалың тоғай көлеңкелі
Моншасына тазаланып кеткен кірі
Мысырдың шаһарындай сайрандайтын
Масайраған Жанболаттың қалың елі.

Әсет:

Арғынның алшандаймын ұлыменен
Ен дәулет еркіндеген пұлыменен
Кәрібай-ау ниетінді біле қойдым
Қой жолдас болмайды екен бөріменен
Далада күс қонатын бір шалшықсың
Боласың қалай теңдес меніменен
Жетпейсің шабыс түгіл желісіме
Сөйлесу маған ұят сеніменен
Шыңғыстың ат жүргіздім көліменен
Талай саңлақ байқасып еді меніменен
Найманда сен де алмас семсер едің
Тәңірім айтыстырды-ау сеніменен.

Кәрібай:

Мен Арғын құл болмаймын шатпасына
Үйтентек, қазанбұзар от басына
Жасында жарты мата киім киіп
Жылаушы-ен Белгібайдың қақпасында
Найманның алмас қылыш семсерімін
Түрмекен козің жетпей шаппасыма
Әсет-ау әлі-ақ сенің козің жетер
Асыл кездік қын түбінде жатпасына

Әсет:

Кәрібай, ұзын қандай, шолақ қандай?
Қадірлі байға қонған қонақ қандай?
Сыйықсыз, порымсыз боп қайдан келдің?
Жапанда жалғыз жауға тонатқандай.

Кәрібай:

Найманның тыңдасаңыз сөз орайын
Жаратқан Шопанды артық бір құдайым
Шопанның қасиетін көрсетейін
Құланның айғырындай қаңғытайып.
Келсең кел айтысуға сөзім дайын
Жеңіліп қалып жүрме жеп уайым
Қасқыр болсаң қанжығада көрісерсің
Ит қосып тірсегіңді қидырайын
Арғынның алшандаған ұлы десем
Сұранып неғып жүрсің аттың майын
Найманның шалқып жатқан дәулетінен
Жалғайсың жүрегінді келген сайын.

Әсет:

Кәрібай, сен бір надан оқымаған
Адамның оқымаған көңілі надан
Әуелі Нұқ, екіншісі Хақ пайғамбар
Менімен теңессең қай арадан.

Кәрібай:

Бола алман енді молла сенен оқып,
Айтамын білгенімді жатқа тоқып
Молдалықты жасасаңшы ата-анаңа
Өкпесін зар илеп жүр кене шоқып!
Әсет-ау сені шынымен сор қамаған
Ақылып жоқ дәл өзімдей жорғалаған
Әуелі молдалықты өзіңе қыл

Әкенді Көктүмада ит талаған.
Жылқы емес Байжігітім жамбы берді
Арғынға мал қажет деп іздеп барман
Атамыздың байлығы сол емес пе
Қойыныма сендей жетім (қорғалаған)
Қырып бәйге Қырымнан алдым дейсін
Жігіт азбас өз ақылын шамалаған
Мақтанып құр көкірек көтересін
Келмей жатыр айтыста маған шамаң
Мен өзім сөз сөйлестім а құдайлап
Көзі көрді жиналған жұрт сөзді барлап.
Өзімнің Дүйсенімнің баласы деп
Бір күні Найман сені алар байлап.
Баққаны патшаның жаяу солдат
Жегені – күйрық, мінгені – сұлу жалды ат
Әкен мен шешенді күтпеген соң,
Көрмеймісің туысың болды ғой жат.
Сыйқың жоқ, сыйқымың жоқ бекене құл
Анық Арғын емессің шәкене құл
Қаңғырып құр сүйекті кеміргенше
Әуелі шариғатты әкене қыл.
Құнанбай, Құсбек, Сартай, Шыңғыс, Мұса
Талай кедей зардап шеккен болып құса
Шорман-Мұса зорлықшыл қылығынан
Жер ауып, не көрмеді Жаяу Мұса
Байларың көп қайырымсыз құдай атқан
Нашар мен кедейіңді қысып сатқан
Мінски соның бірі мынау Әсет
Күні бүгін күн көріп жүр Найман жақтан
Әсетжан бәрін айтсам жабырқарсың,
Найманның салтанатына таңырқарсың
Өкпелеп қашып кетпе көңіліңе алып
Әзірге қысқартайын сөздің артын
Ер Молдабай Манчжурмен (Қытаймен) күрес салып
Орыс, қытай таң қалысты көрген халық
Қысырақтың үйірі ат пен түйе
Бас жұлдеге Ақ жамбыны кетті алып
Жылқысы Ақшабайдың алтын шұбар
Ақ, қара, қоңыр, қызыл көп түрі бар
Құланның айғырымен шағылысқан

Құндыз-күміс жылтыраған қоз тұндырар
Көнениң көзі болған асыл тұқым
Тарбағатай, Ақсуатта әлі де бар
Жат елдің адамдары таң қалысып
Бір қоруге бұл жылқыны болған құмар
Жүз (шымқай ақ) тайлақ аталынған Бәтін сұлу
Шобересі Ақшабайдың қызы болар
Құр босіп мақтанасын Арғынмын деп
Бұларға тең қандай жақсы адамың бар?
Бәрін айтсам жақсылығым таусылмайды,
Найманға Арғын атаң тең тұрмайды
Онаң да жеңіл дағы жолымды бер
Ұмытпай тәнір менен бір құдайды.

Әсет:

Кәрібай, сөйлеселік шарифаттан
Хақиқаттан, тариқаттан, мағрифаттан
Ессі әлгі сөздің бұл емес қой
Барасың қайда лағып құдай атқан?

Кәрібай:

Хадистың хақ бұйрығы болса солай
Беруге шарифаттан еттім қимыл
Екеуің би сынарлық сөз айттың деп
Токтатты Кәлім менен молда Қыдыр
Әсетті жеңіп шықтым осы жолда
Найманға сөзден маржан салдым олжа
Кәрібай жеңді сен, Әсет, жеңілдің деп
Токтатты соларада Қыдырмолда
Ұста деді мына дауды би Тілеген
Торесі Жетісудың Қоңыр деген
Имамға бар екеуің жүгініс деп
Қой деді ерегессей хан Сүлеймен

Әсет:

Сүлеке жолдастықтан тайғандығың
Әсеттің сырын сыртқа жайғандығың
Дәліме-дәл гәріп сөзің имамға айдап
Болысқан ақырында Наймандығың.

Кәрібай:

Ежелден сөзге жуан Арғындығың
Науанасып тарлан мінген тарғындығың
Әкең мен шешеніңді жекжат етіп

Сұраған менен қисап малғұндығын
Шақша мен өкем сатқан насыбайды
Бұл сөзді Айтмұхамбет елге жайды.
Мен Арғыннан Найманға келгеннен соң
Депсін ғой сөйлетпеймін Кәрібайды.
Баянды пайда келер абайламай
Мына Әсетің сәрілікпен жалтырайды.
Құлжадан мың шақырым келеріңде
Ақыным ескермепсін осы жайды.
Жігіттер Көктұмаға барған жерім
Дәміне Шұбарағаш қанған жерім
Ер өнері кем болмай тауып емін
Әсетті сүріндіріп шалған жерім
Әсет тоқтап “Кәрібай жеңді” деген
Атақты хан сиязда алған жерім
Сол жиында алғаш көрдім Әсет ерді
Аршыстық азды-копті ішкі шерді
Адамда өз теңдестің жампозы екен
Намыс үшін шықатып төкті терді
Мен айтысқан ақындардың дүлдүлі екен
Ел жұртым және өзімнің көзім көрді
Өнерді салыстырып сан жүйрікпен
Аралап көріп едім талай жерді
Орыс-қытай бас қосқан бұл сиязда
Таң қалысқан Керей мен Найман елі
Екі ұлы патшалық жиынында
Атағым дәл осылай (Алты Арысқа) жайылып еді.
Әсеттің әні менен артық еді
Өлені, өнері де артып еді
Жасың үлкен сыйлайтын аға едің, - деп
Жеңбесем де, жеңдің, - деп жолын берді.

ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫНАН

МОЛДАБАЙ БАЛУАН

Өскелең Тоқабайдың қауымынан,
Атан – Жомарт дейтұғын ауылынан.
Алтайдан түлсіп ұшқан ақиықтай,
Ебінің ескіні артық дауылынан.

Осындай сол ауылдан туды бір ұл,
Өзі – нар, өзі – балуан, өзі бір – гүл.
Өскеменге, Семейге, Шәуешекке,
Белгілі бас балуан Молдабай бұл.
Қызай мен шеті Шиқу, Манас барып,
Бас бәйгені келген бұл таласта алып.
Үйірі қысырақтың ат пен түйе,
Артына ақ жамбысы мирас қалып.
Қарасұр, бүркіт қабақ, қасқыр козді,
Дауысы сапқылдаған екпін сөзді.
Қаһарланып ұстаса қан ағызған,
Етінен жырытқандай ескі бозді.
Кеп-кесек, әнтек шалқақ кең иықты,
Ұзын да, қысқа да емес шып-ширықты.
Аударып ақыл-есін мінезімен,
Түсірген талай сұлу кермиықты.
Адамда асып туған абыройы,
Онсыз қызық өтпеген елдің тойы.
Отырғанда халықтан шоқтығы асып,
Түрегелсе онша ұзын емес бойы.
Шекелі шокша сақал, қиылған мұрт,
Кеспелтек, кердең басқан түп-тұтас сырт.
Ішінде мың кісінің сол бар десе,
Тұлғасынан танытын білмеген жұрт.
Жазғы ыстықта, тоңбайды суық қыста,
Кебіс кнiп, қойлекшен жүрсе тыста.
Терісі атан түйе табанындай,
Қолыңа ілікпейді қалай ұста.
Осындай Молдабайдың сыртқы түрі,
Бір кісідей тағы бар ішкі сыры.
Домбырашы, өзі әнші, өзі сері,
Өзінде жігіттіктің сегіз қыры.
Қажымұқаннан кем емес Балуан Шолақ,
Бойына біткен оның қайрат мол-ақ.
Шолақтай кітап болып шықпағаны,
Оны білген Сәбит жоқ, баскасы олақ.
Әдебиет жолына түсінбеген,
Оны бір қолдан келер ісім деген.
Бұл елге ақын Сәбит мен-ақ болдым,
Ерді жұртқа танытар кісім деген.

Сондықтан қолыма алып қағаз-қалам,
Молдабайды жазуға болдым алан.
Атағын естіген жұрт жек көрмес деп,
Болсам да оқуы жоқ ойға шалаң.
Сәбитпен менің арам жер мен коктей,
Ғылымнан қалған жанмын ішім бокпей.
Сол қараңғы күйімде жаздым мұны,
Қазақтарым тыңдарсың мені соқпей.
Оныкі жәй күш емес, дарыған күш,
Далада малда жүріп көрген бір түс.
Аузынан көкжал арлан қасқыр кірген,
Адамға кез болмай ма керемет іс.
Шошынған: “Жарады-ау деп ішімді енді,
Салған соң кере қарыс тісін енді”
Оянса білектері жатыр сыздап
Жойдаусыз сынап корсе күшін енді.
Сол жылы жасы оның он жетіде,
Бүркітше түскен кезі бап етіне.
Тұлғасы бала күннен басқа болып,
Ерге лайық жаралған келбеті де.
Молдабай ерекше жан туды басқа,
Ерлігі, өткірлігі қайтпас тасқа.
Қаһарлы қалшылдаған қарт бұрадай,
Адамды бір-ақ басып салған асқа.
Аюдай лақтыратын ақ маралды,
Молдабай өзге жаннан жат жаралды.
Маңыша түйе барса түтетұғын,
Мекендеп жолбарыстай бір аралды.
Шап етіп қолы тисе жауырынан,
Шалқалатып жығатын сауырынан.
Күресте екі нықтан баса жұлса,
Жер құшақтап түсетін бауырынан.
Ол кісіні шалмайды, шалдырмайды,
Шалса да, аяқ күшті алдырмайды.
Екі нықтан ұстап ап лақтырғанда
Түйе болсын жанында қалдырмайды.
Өгіз болсаң ойлама өлмеймін деп,
Онын алып күшіне көнбеймін деп.
Жылқы болсаң да жығады бір тартқанда,
Тыры етпе тұяғымды сермеймін деп.

Бір соғуы тағы бар жамбасқа алып,
Осыған осы күнде нанбас халық.
Екі аяғың сабау боп сарт еткенде,
Бір жаныңды тілейсің мал-бас қалып.
Сол кезде орыс-қытай екі халық,
Екеуі де екі үлкен падишалық.
Ер құны, жесір дауы, жер бөлісіп,
Бас қосты жасау үшін беріп-алып.
Падишасы бұйырып бектер келді,
Екі елдің арасын тексергелі,
Барымта бар, ұрлық бар, бәрін тиып.
Дұрыстап кейінгіге бет бергелі.
Балуаны келіпті бәйге атымен,
Біздің жаққа белгілі айбатымен.
Балуанын шынжырлап әкеліпті,
Бар қытайға белгілі қайратымен.
Бір мәжіліс құрсақ деп салтанатпен,
Почта арқылы сөйлескен, бұрын хатпен.
Екі ел де елшілерін жіберіпті,
Біз келдік деп хабарлап қос-қос атпен.
Қоктұмаға үй тікті шекара деп,
Екі ел келсе өзі де нор қора деп.
Ынтымаққа келісіп сөз сөйлесек,
Емдесе жазылмайтын қай жара деп.
Орта жүз хабарланған бұрын мұны,
Шақыртып шетте жүрген жолаушыны.
Сөз-среже бекітпек екі ел болып,
Кешілмек ертедегі ердің құны.
Тыныштық бірдей керек екі жұртқа,
Жүрген жөн бірін-бірі теппей сыртқа.
Өзара екі жағы келісіпті,
Жол бермеуге ішінен жеген құртқа.
Сондықтан біздің ел де бұған дайын,
Атын беріп мінсе де аттын майын.
Шатырымен, үйімен, қой-биімен,
Бауырсақ алып келді қант пен шайын.
Орта жүзден асқан ба сән-салтанат?
Ақ ордадай үй тікті алты қанат.
Ең кішісі ақ шатыр- аппақ отау,
Оюлы додегесі қызыл манат.

Атақты балуандарын әр ел ертті,
Аласың жықсан деген беріп сертті.
Бұл топта балуанға құн болмайды,
Не өліп, не ауырып болсаң дертті.
Сонда да белді байлап тәускелге,
Күреспейміз десін бе келген елге?!
“Балуандар бұл жолың – бәйгелі жол,
Жықсан егер шығасың үлкен белге”.

Екі жар ғып тұрғызсын елді депті,
Балуандар күрессін енді депті.
Ақырын өнер сынап атқарайық,
Дау мен шар бір тоқтамға келді десті.

Екі топтың арасы бір талай жер,
Орта жүзден шешінді Молдабай ер.
Сегіз кісі сүйреткен қытай шықты,
Дегендей менің мына күшімді көр.

Басына кигізгені темір ноқта,
Ауыздығы салулы келді топқа.
Езуін скі кісі жырта тартып,
Арындап бой бермейді десе тоқта.

Бел арқанын белге алып алты кісі,
Алыптың ауыздығын шайнап тісі,
Ана алтауға мына алтау қосылады
Оның жоқ сүйретіп жүр түкпен ісі.

Арындап олай кетті, бұлай кетті,
Арасын екі топтың жарып өтті.
Сегізін селеу құрлы көрмегенге,
Сескеніп жұрттың көңілі қауіп етті

Қауіп тұр ғой қабағат шошынды енді,
Бұрын мұндай көрмеген тосынды енді.
Арғын-Найман бір үйдің іші болып,
Барлық тілек бір жерге қосылды енді.

Молдабай түйе жүні шекпен киіп,
“Оған олжа болман” деп оңай тиіп,
Сыбанды бір иығын жалаңаштап,
Көпшіліктен бата алды басын иіп.

Сылан кок жорға атқа мінгестіріп,
Біреу жүр бәйге сол деп сөзді естіріп
Балуанды атпенен апаратын,
Ертеден келе жатқан жол ескілік.

Оның келе жатқанын анау байқап,
Ауыздығын алдырды басын шайқап.
Беліндегі шынжырын өзі ағытып,
Опқалы көзіменен тұрды байқап.

Молдабай барған соң аттан түсіп,
Қасқыр көзі қанталап қабағы ісіп.
Өзі қасқыр болғанмен ол қой емес,
Алқымынан бұрайтын бір-ақ қысып.
Өзіндей, өзінен де түрі кесек,
Секілді сырты жуан салған төсек.
Осы күнгі заманға олшеу қылсаң,
Бекер емес “Терапорт” бұқа десек.

Қарағанда көзі де сол бұқадай,
Мынау оның қасында жұп-жұқадай.
Мұнан бұрын күрескен адамдарым,
Екен ғой деп ойлады жүн-жұрқадай.
Арбасқан аю менен жолбарыстай,
Көп жүрді көзбен аңдып, қол дарыспай.
Қол айқаса қоя ма біреу өлмей,
Алыптың азулары бір қарыстай.

Айғыр боп бір уақытта алысатын,
Шоқтыққа шапшып аяқ салысатын,
Шап етіп бұлардың да қолы тиді,
Түрі жоқ өлмей тірі қалысатын.
Ұстады жауырыннан о да, бұ да,
Дегендей мықты болсаң күшке шыда.
Алыссаң атаңды жық бұлар түгіл,
Қандай дос аяса ма, қандай құда?!

Кигені екеуінің екі шекпен,
Шекпен сөз бе сүбелі шеміршектен.
Шапқанда қара жерге қарыс кірген,
Секілді қол дегенің болат кетпен.
Әуелі қытай болды қайрат еткен,
Сілкіп-жұлқып, сүйреткен, дөңгелеткен.
Ұшып кете қоятын Молдабай ма,
Оның да деген кезі күші жеткен.

Ашуы зор Арқаның құйынынан,
Бұрын алмақ алланың бұйрығынан.
Молдабай ұстағанда дедек қағад,
Алты жасар асаудың құйрығынан.

Жықпады неше бұрап тастаса да,
Болмады неше түрге бастаса да.
Молдабайда күрестің Қыдыры бар
Қытайдан дене күші аспаса да.
Қытайда көп көрсетті кереметті,
Кереметке керемет келе кетті.
Енді сенің кезегің Молдеке деп,
Көзіне “Көк бөрісі” елең етті.
Онан соң ер Молдабай бастады күш,
Болмады бұрынғыдай бұзылды түс.
Қаһарын Молдабайдың байқады ел де,
Ел тұрды болады деп енді бір іс.
Халықтан не көмек бар қан қызғанмен,
Қан түгіл жанның кегі жан қызғанмен.
Екеуінің қайсысы жығылса да,
Бірдей болар елін жауға алғызғанмен.
Екеуінде секілді барлық тетік,
Жығылғаны олгені тағдыр жетіп.
Бұл көңіл екі жақта болып тұрды,
Жан мұрынның ұшына келіп-кетіп.
Қытай көп, күш қарай ма көптігіне,
Елде жатқан көптіктің септігі не?
Екеуінің намысы көпке жетіп
Тұтандырды емес пе кекті міне!
Молдабай да тұрғандай бұл сөзді естіп,
Ұзатпайын дегендей күнді кеш қып.
Бар денесін аударып тартып алды,
Кететұғын түрі бар еңбекті еш қып.
“Ап!” десе арыстандай атанды алған
“Қолдай көр ер Борекем батанды алғам”
Баураған сол қызылды ақ иықтай
Көрінді тегеуріні қатаңдалған.
Бір қол сүбе, бір қолы жауырында
Байқай ма оның жеңіл ауырын да,
Иыққа алып арқалай соғып еді
Басылды балапандай бауырында
Денесін келтіріп ап әнтек қырын,
Жер қапты бөксесінен басы бұрын.
Екі аяғы сабаудай шаң бүрк етті,
Орта жүз сонда білді ердің сырын.

Үстінен жұлып алды ел жабылып,
 Ел шошынған пәлеге ем табылып.
 Тіл мен қоз, сұқ пен қарғыс өте ала ма?
 Шарасын қойған жанға кең шабылып.
 Ұран салған дауыстан жер сілкінді,
 Әлеуметтің қозіне жас іркілді.
 Абай, Мұса, Жұмақан әмір етті,
 - Қорсетпей жаба қор, - деп ер шіркінді.
 Қамалап ортаға алды қазақ қалың,
 Жүрек- шат, қотеріңкі көңіл- жалын.
 Орнынан өзер тұрып қытай кетті,
 Сындырып қабырғаның екі-үш талын.
 Бұл не деп қалып еді күрт-күрт еткен,
 Екі тал бұбесі екен сынып кеткен.
 Темірдей тентек қолдың зардабынан,
 Терісін сүйек екен тесіп өткен.
 Жосадай қан барады содан ағып,
 Алған соң бойындағы жынын қағып.
 Терісінен сойдынып сүйек шыққан,
 Тірі қалды десеңші олмей не ғып?
 Болат бүргы ескілді не деген қол?
 Ет пен тері, сүйектен салды ғой жол.
 Күйреткен күрескеннің қабырғасын,
 Саусағы жезтырнақтай Молдабай ол.
 Бәйге алды жамбы, құндыз, бір қысырақ,
 Тәртіптен ол кездегі жол тысырақ.
 Он алты айғыры мен он бес байтал,
 Жұмсайды олар солай малды ысырап.
 Төре алды ақбас құндыз, ақ жамбысын,
 Бәйгенің ең жақсысы, ең жандысын.
 - Сендермен түбім бірге туыс... - деп,
 Өрдегі Садыр алды бір сәндісін.
 Бес байтал айғырымен жібек жалды.
 Бәйгенің ең үлкенін өзге ел алды
 Бәйгеден әр руға олжа бөліп,
 Балуанның өз руы бекер қалды.
 Сендерге атағы да жетеді деп,
 Бәйге алмай атақ алсаң не етеді деп,
 Жұмақан Серікбайға шапшаң айтты
 Ағайын оқпе сақтап кетеді деп.

Молдабай міне осындай болған мықты,
Бәрі де кездескеннің тізе бүкті.
“Көк бөрі” кеудесінен кеткен күні
Жалғыз-ақ ол кісіні ажал жықты.
Шындығы жатқан кезде арқандалып,
Шаңырағы шайқалса да талқандалып.
Ұлдарын ұмытпаған дарын қонған,
Қазағым айналайын дархан халық.
Алмадай гүл жаратқан бұтағында,
Адамның қасиеті ұрпағында.
Аруағын жақсы атаның ту ғып ұстап,
Рухын түсірмегін жұрт алдында.
Ықыласын беріп кеше қара шалдар.
Ізіне жақсы атаның қосылғандар.
Ауылынан Молдабайдың шықты смес пе
Кешегі Марат пенен Қосымандар.
Сәттілік тілеп дәйім жолдарына,
Өзінің ізін қуған ұлдарына.
Томпайып қабірімен жатыр бабам
Кәдімгі Түйе баздың томарында.

Б. Хасенов

* * *

Кәрібай ақын болған суырып-соқпа
Боранбай қарсы шапқан жауға оққа
Молдабай орта жүздің шер палуаны
Бәйгені шаппай алған шаршы топта.

Қ. Алтынбаев

* * *

Ақылдың кені Абылай
Қайраты асқан Молдабай
Алладан әмір келген соң
Заманым болды-ау осылай.
(Омар қажының қоштасу жырлан)

ТОЛҒАУ

Азырақ бір әңгіме қолға алайын,
Ойланып білгенімше толғанайын.
Советтің теңдік берген заманында,
Таптадық бай-жуанның бір талайын.
Бірдейлік еңбекшіге заман болып,
Кеңестің көріп тұрмын туган айын.
Түлкідей бұлаңдаған сонардағы,
Тұсында қызығыңа бір қанайын.
Бүрленген бір қызыл гүл жайқалып тұр,
Түзелген мәдениет күн-түн сайын.
Ағарту әрбір жерде мұғалім бар,
Бөлімі денсаулықтың ол да дайын.
Отаным осы күнде атқан таңдай
Жарығы дүниеге жаққан шамдай.
Жоғарғы партияның арқасында
Болып тұр осы күнде аса маңдай.
Өнермен өрге жүзген заман болды,
Білім ап жас қауымдар жатпай- тұрмай.
Бұл заман осы күнгі жүргендікі,
Етегін еңбек етіп түргендікі.
Жоқтаған көпшіліктің мұң-мұқтажын,
Өнермен өрге жүзіп озғандікі.
Бірдейлік еңбекшінің көзін ашқан,
Келешек жоспар жасап сызғандыкі.
Бет берген бұхараға түзу сызып,
Бұрынғы жауыздықты бұзғандыкі.
Алмадай жаңа пісіп толып тұрған,
Дүкеннің осы күнгі қызғандыкі.
Шығарып газет-журнал білім үшін,
Халыққа айна етіп жазғандыкі.
Корсеткен сара жолды көпшілікке,
Лениннің осы емес пе жиған мүлкі.
Жиһаған бірден бастап Ленин бабам
Жарқ еткен бұқараға нағыз адам.
Сол үшін еткен еңбек, қылған қайрат
Қасықтай қанын қиған жұртым саған.
Зорлықшыл озбыр менен жауыздарды,
Бәрін де табанға сап қылған сабан.

Күш-қайрат партияның арқасында,
Тоңмойын тоғышарды қылған жаман.
Қорғаған Ленинің арқасында,
Жауыздан еңбекшінің бәрі де аман.
Көркейді осы күнде шаруашылық.
Көбейді машина мен сайман-мүлік.
Бастаушы партияның арқасында,
Су іштік нағыз жерден аққан тұнық.
Тура жол партияның бастауымен,
Жойылды сасық пікір сскі ғұрып.

* * *

Төрт жасымнан сұрасаң,
Біз еңбекші баласы-ай.
Қалайы, мыс боп қалайық,
Ағартудың шарасы-ай.
Алтын болып шығармыз
Асылыма қарашы-ай.
Еңбекшіге басшы боп,
Көрсетеміз тамаша-ай.
Жауыздарды қиратып,
Тамырына балта шап,
Аушудан балық құтылмас,
Дарияда жүзген біз қайық.

Нәкей (Мұхаметпазар) Омарұлы.

ОМАР ҚАЖЫ КІРПІҰЛЫНЫҢ ҚОШТАСУЫ

Айналайын құдайым
Бір өзіңе жылайын.
Уақыты бітсе пенденің
Жер жасырар шырайын.
Ризамын қазаға,
Пәнденің алған талайын.
Пендесінде арман жоқ,
Жәннаттың көрсе сарайын.
Ұжымақтан қылсын орынды,
Иманды жанға көрінді.

Қауіпсіз пенде бола ма,
Көңілім содан бөлінді.

Бір аллаға снынып,
Тапсырамын елімді.
Тарбағатай белім-ай,
Қарғыба, Базар жерім-ай.

Қызығын көрдім Жанболат,
Дұға да қылған елім-ай.
Арғымақ түнеп аунаған,
Кегенбай, Бәйел, Жылқыайдар.

Таусылмаған кенім-ай,
Мақпалда Қокан, Көтебай.
Қамалға шапқан ерім-ай,
Артымда қалған адасым,
Қалмады, шіркін, серік-ай.

Әтекеңе сәлем айт
Кәрі менен жасына.
Кімнің де келмес басына,
Көздерін қырын сала жүр,
Артымда қалған жасыма.

Отыншы, Кәрім күткенім,
Күн шалған төбе беткейім,
Алладан әмір келген соң,
Арыздаспай кетпейін.

Үш қайтара сәлем айт,
Кәрібас пен Маманға,
Сене алмайсың заманға
Дұға да болсын дегейсін
Егізбай мен Аманға.

Үш қайтара сәлем айт,
Бөкеншінің ордасын,
Дүниенің білдім тұрмасын,
Алладан әмір келген соң,
Басқаға мойын бұрмасын.

Айтайын жұрттың арысын,
Ғақыл да шешен данасын.
Терісі қалың Оралым,
Атанның болмес баласын.

Көнімді туған Зайырым,
Ағайынға қайырымдым.

Мәметек, Шапат, Айдабол,
Дарияға жүзген жайыным.
Тобықты қажы Қосақбай,
Уақытым болды осылай.
Адамда момын асылым,
Бақытты болған тұсында-ай.
Тоғайбай, Бекбай, Нәдірбай,
Сәлем айттым қалдырмай.
Жүйріктің бәрі көз жұмды,
Қамалға шауып болдырмай.
Мұхамеди Бітімбай,
Еркелеткен күнім-ай.
Дұға да қылған артымнан
Уақытым болды осылай.
Ысқағыма сәлем айт,
Бір жылғы туған қимасым.
Жолдасың сапар шеккен соң,
Аямасын дұғасын.
Сейітқали, Қаптағай,
Өлім десе көңілі жай.
Дұға да қылсын артымнан,
Уақытым болды осылай.
Тұрқожаға сәлем айт
Асылынан айрылған.
Қанатынан қайрылған
Өзі молда кісі еді.
Шариғатқа токтасын
Ажалдың қимас ноктасын.
Құдай берген Санияз,
Тіршілікте айттың наз.
Бәзеніме сәлем айт,
Кәрі үйде қалған жалғыз қаз.
Үш қайтара сәлем айт,
Мұхаметжан Жармаққа
Жазулы күні біткен соң,
Кім ілінбес қармаққа.
Шойтабанда сәлем айт,
Қанапия, Шеренге.
Кім түспеген теренге,

Доланбай Толен әкесі
Атағы шыққан беленге.
Үш қайтара сәлем де,
Оразалы досыма
Дүние деген осы ма?
Бал шайнасқан бағланым
Бара алмадым қосыңа.

МОЛДАБАЙ ТӨКЕҰЛЫНА ЖОҚТАУ

Қолыма хат жазғалы қалам алдым,
Опасыз сұм жалғанға алаңдадым.
Жалғаннан көшіп еді Молдабайлар,
Сағынып іздесем де таба алмадым.
Сары сүйек құдам еді құдай қосқан,
Аруағы арыстандай алысқа ұшқан.
Төкенің ұлы Молдабай
Балуан сіздей болмады-ай.
69 жасыңда ажалдың оғы болғаны-ай.
Әуелден өзіме парыз ғой,
Құтылмас ешкім пенде де
Мағлұм болдың халыққа
Жиылыста осылай.
Токтатпаған еш адам
Домалатқан тасыңды-ай
Балуан жығып бәйге алдың
Шідері байдың асында.
Жас жолбарыс Сыбанды,
Борангазы балуанды
Ол да сізбен алысқан
Қайрат қылып қалысқан.
Жас жолбарыс білекті,
Жығылды сізден данышпан.
Балуан жығып бәйге алдың,
Мырзатай ердің осында-ай.
Қонырбай сізден жығылды.
45-тегі жасыңда-ай.
Тілеуке молда Ақ Найман,
Ол да сізбен алысқан

Қайрат қылып қалысқан
Жығылды ондай данышпан.
Байжігітте ұранды
Әбділдабек, Шаянбай,
Халыққа мағлұм аянды-ай,
Көкпектіде күрестің
Ақыры жықтың ерлерді
Ұстауға бермен аялды-ай.

Шат болып ұран шақырған,
Қасында мырза Омардай
Шақырылған ұраның
Би Боранбай, Қабанбай.
Жанайда тұрғы теңдесің,
Ыдырыш мырза Түгелбай
Мүрсәлім мен Дондағұл,
Назарда теңің Мұсабай.
Адасқан қаздай тобынан,
Көрі ағаң қалды Абылай.

Дүние дүниенің жалғанына
Жеткізер кімді құдай арманына
Қырық ілген қысқа күнде қыраным-ай.
Құлазып қу далада қалғаным-ай
Балуан атың шыққан Орта жүзге
Кім болған өз тұсында сізден өзге
Алланың әміріне шара бар ма,
Қайғырып өлім жетті екі көзге.

Сөзімнің бірі басы бісміллә
Бісміллә бітеді екен бір мың жылда.
Арыстан сапар шеккен соң,
Қызылда тілім қимылда
Асуы үлкен белім-ай,
Тарқатайын шерімді-ай,
Жоқтамай қайтып тоқтайын
Арыстан сынды ерімді-ай.

Тайсалмай сөйлер жүректім,
Тартынбай сокқан білектім.
Артында қалған аулынды,
Жетімдей тастап жүдеттің.
Бала менен бауырды,
Ақ тұйғын етіп түлеттің.

Еліңе жаман дегізбей,
Қатарға қосып теңелттің.
Мінгенде атын ақ табан,
Арғында, Найман мақтаған.
Жетім мен жесір ғаріпті
Қанатым жайып сақтаған
69 жасыңда үлкен жүрск тоқтаған.
Қалыспаған қатардан,
Үлкендерден бата алған,
Жасыңнан атың білініп,
Арыстан атың аталған.
Байжігіт-Мұрын баласы-ай,
Дөңгелек Найман арасы-ай,
Торт Арысқа білінген
Қатарға жастан ілінген.
Перісі түсіп бойына,
Жығатын күні көрінген.
Жұрт намысын жібермей,
Жоқ-ақ еді ерінген.
Күшін сынап көріп ек
Қазақ пенен қалмақтың
Ауыр да жеңіл салмақтың,
Дүниеден сапар шектіңіз,
Қабанбайдай аруақтым.
“Е!”- дегенге “-Ме!”.- деген
Азуын тасқа егсеген,
Әке екемнен айырылып
Кез болды заман не деген?!
Ұраның шыққан Найманға
Талай да түстің майданға
Бес Байыстың ішінде
Сейілге шықтың сайранға.
Бокеншіден үлгі алған,
Бұтабайдан бөйге алған,
Қарасаймен бас қосып,
Бәрін де кордің күн шалған.
Опасы жоқ жалғаннан
Өлмей де тірі кім қалған?
Бөйгеге жамбы бағалап,
Жақсылар жүрген жағалап.

Ұраның шыққан Найманға
Мыңнан бір оздың ағалап.
Үстіңе батып кірс алмай,
Дұшпаның жүрген сығалап.
Серкесіз қойдай ұйлығып,
Артында қалдық біз қарап.

Әуелеп ұшқан құмай ма,
Құмай да жүдеп жылай ма?
Кейінгі қатын ұл туып,
Сіздей де болмақ оңай ма?

Найманның көрдім данасын,
Байыстың білдің баласын.
Аралап сейіл құрдыңыз,
Жолымбет баба арасын.

Нұғыман болысқа

Тоғастың келіп едім болысына,
Көк жайлау шалқып жатқан қонысына.
Қатыны көзі шегір қондырмады,
Оқсаттым поселкенің орысына.

Нәкей.

Айқымбай Мерекенің шешесіне

Ей, қарағым бауырым,
Шешенің асқаны жалғыз жауырын,
Бір жауырынан дәм таттық,
Айқынбай, Мерекс, Қырдасын, Батика
Төрт бес ауылын.

Нәкей.

КӨҢІЛГЕ ЖЫР ҚҰЯТЫН - АҚСУАТЫМ

Өнер күдіреті шексіз, оның алуан қыры мен сыры адамның жан дүниесін ежелдің ең күнінен-ақ баурап алғаны белгілі. Суретшілер өз ойларын алуан түсті бояулармен, сазгерлер мың құбылған әуенмен, бишілер бұрала басып былқылдаған бидің қимылымен жеткізеді.

Ал енді ана тілімізде бейнелеп айтылғандай, от-ауыз, орақ тілді ақындар болса, өлең-жырларымен тебіреніс сырын баяндаған.

Қасиетті Тарбағатай, Ақсуат өңірі де көркем шығармаларға арқау болып келеді. Бұл атыраптағы жер-су атауларының тарихы, оған байланысты сан тармақты аңыздар қаншама десеңізші!

Жазда да ұшар басында қар жататын, құзарынан жүзген бұлты арылмайтын, жаңбыры әлсін-әлсін тогіп өтетін, сай-саласынан жамырауық озен аққан, сонау Сіргелі асуының биігінде қос “Жасыл көлі” молтілдеген, одан соңғы “Иттің көлі”, “Айбақ көлі” де өз көркімен назар аудартқан, аң мен құсқа мекен болған, атының өзі баяндап тұрғандай “Сабынды көл” тәрізді шипалы көлі мен бұлақтары өзегінде қайнап жатқан, бауырында егісі астыққа, өрісі төрт түлік малға толған Тарбағатай тауы – шынында, шабыт қайнары. Сондықтан да ақындар толғауы атамекенге арналған.

ЫРЫСТЫ АЙМАҚ- АҚСУАТ

Сапарғали Әлімбетов

Ақсуат ұлы таудың бауырында,
Қонысы жердің шүйгін сауырында.
Тұнық су, шүйгін шөпті жүзген аудан,
Жетіліп арық-тұрақ жауырында.
Семіртіп лақ-тоқты, тай-танасын,
Құнанын үлкен ат деп айта аласын.
Малға құт, жанға жайлы Тарбағатай
Көрсендер молдір бұлақ сай-саласын.

Алатау батысында пана болып,
Өр Алтай шығысында тұрған қорып.
Көсіліп ортасында тұрған жоқ па
Жер мен судың көбіне ана болып?!

Бауырында Долаң қара Баспанменен,
Тілдескен Түйемойнақ аспанменен.
Солардың әкесіндей Тарбағатай,
Сен барда мен қысылып саспан деген.

Шаңырақ, Хабар оның кезендері,
Қарғыба, Базар оның өзендері.
Базардан неше тарау тоғам алып,
Жетіскен осы ауданның көп елдері.

Бұл Базар аққан озен шыңнан құлап,
Таусылмас қанша алсаң да суың байлап.

Өзенге неше тарау ана болып,
Сыртында Тарбағатай жатыр сұлап.
Сары тау мен Қызыл Кесік, Жағалбайлы,
Жылы тауға жан кінә таға алмайды.
Мың жылқы үйездесе лай болмас,
Базардай тұнық өзен аға алмайды.
Қарғыба қатар ағып оң жағынан,
Аяқоз қатарланып сол жағынан.
Қарақол, Ақ Шәуілі құлдап кетеді,
Қайдағы егіндіктің мол жағынан.
Жапырақ аяқ жағы Қоныр Шәулі,
Лық толы айналасы колхоз ауылы.
Ішінен қызыл түлкі қойдай өріп,
Үстінен бүркіт ұшқан аяқ баулы.
Ақ Шәуліден жарысқан екі Нарын,
Иіп кеп Аяқозге құйған нәрін.
Қаңтарбай сұлу шоқы Отығар тұр,
Көрдін деп маған шықсаң жердің бәрің.
Айғыр жал, ұзын қара Еңірексей,
Қырмызы қызыл жібек тұрған оңкей.
Ауылдас ағайыны үш Қызыл тас
Қаражал ортасында жол жөнекей.
Үш Боғас Қызыл тастан аққан тарап,
Базарға бұл да құйды іске жарап.
Қарғыба мен Базардың қалың елі,
Ұлы той, ұлы жиын көрсең қарап.
Ашылған ақ бидаймен жәрмеңкесі,
Қалың ел қарақұрым кең өлкесі.
Диірмен неше жерде жүріп жатыр,
Ақ ұнның қалаулы тұр ақ бөлкесі.
Көп трактор сонда жүр көп комбайн,
Көп астығын жинауға көп жан дайын.
Ақ бидайдың бір пұты бес-ақ теңге
Сегіз сом ұнның сатқан ең маңдайын.
Өн бойы Қарғыбаның егіз арық,
Көк жойқын егінімен елі қарық.
Жерінде Қазақстан сирек шығар
Бұл секілді молшылық, мұндай нарық.
Бокен, Ажы, Шығанши, Тассайымен,
Өртенцау байланысты Толағаймен.

Қарғалы мен Биғашта совхоз жатыр
Қарық боп озендей сүт, сендей маймен.
Сегізсай кой қоздатқан Сарыаланы,
Коп сныр Арқарлыны аралады.
Ақ бура мен Жандыны тағы өріс қып.
Сай-сайын орлей өріп таралады.
Әулие Күрмелті мен Көкпекті ағып,
Айналып Қара Ертіске бара алады.
Ойы егіс, суы салқын, қыры самал
Қандай жер мұнап артық жаралады.
Тарбағатай саласы мұның бәрі,
Сыртында бабасындай ұлы көрі.
Күнгеінен ағады батыс жаққа,
Науалы мен Мақаншы, Үріжары.
Күнгеіінде Көктұма, Шәуешекпен,
Аққан су, алған тоғам, егін еккен.
Шұрайлы жеріменен егін сонда
Арғымақ ақ түйенің парың жеккен.

ҚҰТТЫ МЕКЕН

Бабамның қоңыс еткен құт мекені,
Кормесем қоңілімді күпті.етеді.
Ақындар әнге қосқан Тарбағатай
Шобінді – бал, суынды – сүт деседі.
Мұнартқан тобең көкпен таласады,
Биіктік ұлыларға жарасады.
Бауырынды майда қоңыр самал желпіп,
Басыннан бүлт үзілмес ала торлы.
Бұркырап жұпар ніс жайлауыннан,
Күз-қия құшақ ашқан қойнауыннан,
Жаның сергіп, бойыңа күш бітеді,
Аттансам айлы түнде қойлы ауылдап.
Сылқылдап сай саланнан бұлақ аққан,
Шалғыны көмкерілген биік жапқан.
Тал, тоғай өзен бойлай өрген бұрым
Сұлудың желкесінде сылап қаққан.
Беткейің қызыл, жасыл гүл бәйшешек,
Бүлдірген, таңқурайың теріп жесек.

Қарақат, рауағаш, түрлі жеміс,
Табылған бір өзіннен нені іздесек.
Мекендеп биігінді бұғы, марал,
Аң мен құс мейіріміннен ләззат алар.
Басыңнан әр тұрғының тамашалап,
Арбнып қос мүйізді арқар қарар.
Сұңқылдап сансыз көкек оң мен солдан,
Қаптаған кекілік, құр оңай олжаң.
Сілеусін, қасқыр, түлкі, борсық, қарсақ
Бүргеннен шыға ақырған аю-қорбан.
Не керек тізе беріп аңдар атын,
Мекендеп қабан, қабылан терең шатын.
Көгінде коз ұшында қыран қалқып,
Төсінде ұлар шулап зар қағатын.
Еліктей еске алғанда сұлуыңды,
Көзге ізгі елестейді шұбырыңды.
Жазықсыз “адам тектес аң” деуші еді,
Сақтаңыз сан мыңдаған суырыңды.
Қаптаған тоскейінде төрт түлік мал,
Ақ жамбас, қазы, қарта, жая мен жал.
Шілдеде сапырылған сары қымыз,
Амал не соны аңсайды кемпір мен шал.
Халықтың ғасыр бойы ырысысың,
Бой жазып, жан сергітер тынысысың.
Тарихтың тып-тыныш сырын бүккен
Сен биік Тарбағатай, ұлысың шын!

Нұрбек Сейілханұлы.

ТАРБАҒАТАЙ ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС

Созылып өркештенген Тарбағатай,
Бөрінен әйгіленген таудың аты-ай!
Мен сенің түлегің ем қанаттанған,
Жырымнан ақтарылды шалқыма жәй.
Құздары зеңгір-зеңгір шіреп тұрған,
Сияқты жер мен кокті тіреп тұрған.
Қыз емшек шоқыңның да әрқайсысы
- Биікте! ,- дегендей бір ниет қылған.

Күй шерткен ақпа бұлақ сай-салаңда,
Ырысын сыйға тартқан барша жанға.
Майысып жасыл желек тоғай өскен
Көз тартып ынтықтырар бойшаң ол да.
 Құстары әнді созған құбылдырып,
 Орманда сұлулықты ұғындырып.
 Қарасам тыңдасам да құмарланам
 Жанды сол тұратұғын сүйіндіріп.
Санаға қондырады талай үлгі,
Самалы ашқызады сарайымды.
Жап-жасыл жапырақтар сырын шертсе,
Сүйсінтер ырғақ гүл де жанарымды.
 Гүлдердің пай-пай шіркін исі қандай!
 Сабағы тербетіліп тұрысы қандай?!
 Жасанған өмірлері алуан тектес
 Ғажайып кестеленген гүл іші қандай!
Бәріне ие болған тауым сенсің,
Атақты Тарбағатай дәуім сенсің.
Теріскей, күнгейінде бабам ізі
Айтар жыр, шырқалатын әнім сенсін.
 Қар басқан, мұз құрсаңған асқарың да,
 Алтынмен араласқан тастарың да.
 Шабытқа қанат беріп жібереді
 Өленге тебіреніп қосқанымда.
Жүзген бұлт, носер – маржан жауындарың,
Беретін берскені нәрің мәлім.
Түгінен майы шыққан жылы мекен,
Аң менен құсқа толы қойындарың.
 Жеке әлем осындағы сарын мәлім,
 Білемін Асан қайғы пайымдауың.
 Табаны желмаяның тиген аймақ,
 Бұл мекен жырға айналған ойымда ағың.
Өркеш тау созылғанда мұнартады,
Бауырын өзен өрнек құнартады.

Бұл сырды Тарбағатай шыңы айтады
Халқына үзілмеген сый арқауы.
 Өрбіген төлі менен өрісте мал,
 Ырғалған самалменен егісте дән.
 Елімнің дәулеті асып еселенген

Көрінген озғынданып зор істе сан.
Ақсуат, Тарбағатай киелі жер
Ырысқа, берекеге нелі жер
Кең дала шобі шүйгін, суаты – бал,
Төрінде Сарыарканың сүбелі жер.
Осында Қабанбайдың жеңісі бар,
Қазактың батырының өрісі бар.
- Майлышат штаб болған, - дегенде де,
Бір шындық оқиғаның желісі бар.
Қуо оған Тарбағатай өзендері
Қария баяндаған сөз өрнегі.
Жер аты талай-талай шертеді сыр
“Қубас ат”, Қаратаудың кезендері.
Мадағым Тарбағатай таусылмайды.
Данқыңды қаншама ақын жайсын мейлі.
Сен менің күн астында тал бесігім,
Бек таныс ата-анама тау шыңдары.
Солар ғой қияннан да аса білген,
Қасиетті топырағыңды баса білген.
Сырларын көкірегінен аша білген,
Жырына толқындатып қоса білген.
Ақсуат, ел білген көп ардагерін
Биікке түлеп ұшқан самғап ерің
Отыншы, Ережелтер, Биахметтер.
Алашқа аты шығып ойлады елін.
Қондырған Тарбағатай қар ныққа.
Қуәсің сан ғасырлы тарихқа.
Тұрсын сен көнекөз боп, бәрін байқап
Өмірдің жаз деп мынау нәрін үк та!
Сенсің тау шежірелі, қазыналы
Құнардың тік қағылған қазығы өрі.
Қысы да Қаратаудың мейірімді.
Арайлы, қандай ғажап жазың өрі.
Әйгілі Тарбағатай асу. белін,
Жанбырын, бұршақтарын – шашу керім.
Сонау бір биігіннің қойнауында
Кәусарлы қос қайнарын – “Жасыл көлін”.
“Жасыл көл” таңғажайып ол бір ерен.
Көк майса, гүл аралас желбіреген.
Түбіне ине түссе көрінеді

Су қандай шарасында молдіреген.
Қос қолім қос бұлақты сылдыратып,
Биіктен төмен қарай құлдыратып.
Әуесін айналаға таралтуда
Толқынның қозғалысын мың бұралтып.

Шаттанып “Әу!”, - деп мұнда үн қатсаң шын,
Күнгірлер төріндегі “Жұмбақ тасын”.
Қуә боп замандарға тұрған құзар
Дей ме екен мені дағы тыңдап қалсын.

Бұл жерде жанға рахат таба аласың
Самалға шер , құмарды жая аласың.
Ұлар ма, сілеусін бе көре аласың,
Бұлтқа да іп-ілезде оранасың.

“Ит көлі”, “Айбақ көл” сыр шертер еді,
“Сабынды көл” суын ел ем көреді,
Сән беріп бір тұсына Ақсуаттың,
Зайсан көл айдын шалқар көмкерді.

Әйгілі Тарбағатай көлдеріңмен,
Ырысты, сай-салалы белдеріңмен,
Данқынды арттыратын ерлеріңмен,
Ерлердің серпіндеген еңбегімен
Дәуірле, жаса жайна өрле мүлдем,
Ұдайы бақытты боп Елдеріңмен!!!

Нәкен Серікбаев.



Екінші бөлім

ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫНАН

ЗЕЙТІНҒАЗЫ ӨЛЕНІ ЕЛ МЕН ЖЕРДІ САҒЫНҒАНДА

Бастайын бісміллә деп бір хикая
Ойласам аға-бауыр ғұмыр зая.
Жаяуда шаң, жалғызда дыбыс болмас
Кімім бар қысылғанда жанға сая?
Жыл болды айрылғалы міне он екі,
Шын көрмей кетер ме екем, ей, құдая!
Кетерде Шәуешектен қош айтысып,
Ер Бекбай бата берген қолын жая.
Айырылып ағайыннан кеткеннен соң,
Басымнан дәулет ұшты, бақыт тая.
Қосылар ұрпағымен күн болар ма?
Боздап жүр құла түзде бір жел мая.
Сағындым аға-бауыр көрмеген соң,
Бір сәлем тірі күнде бермеген соң,
Шашылған ризықтың алыс жерге
Бұйырдым жылай жүріп терлеген соң.
Кернеген көкіректі қайғы-шерім,
Бір минөт он екі айда сенбеген соң.
Шақырған көл бақадай қайран елім
Дәм тартып жалғыз адам келмеген соң.
Сағындым жалғыз жүріп ғаріп басым,
Батпайды жүрегіме ішкен асым.
Қырықтың тоғызына биыл келдім,
Ағарды қайғыменен сақал-шашым.
Жылаймын аға-бауыр көрем бе деп
Бір сәлем тірі күнде берем бе деп
Ойлаймын патша-құдай бұйрық етсе,
Бір барып Шәуешекке келем бе деп.
Шәуешек дәм бұйырса алыс емес,
Кеткенім амандаспай ерге намыс.

Емеспін ат пен азық сұрағандай,
Кез боп түр бір аз ғана шәлкесм-шалыс.
Топырақ ағайыннан бұйырмайды-ау,
Мен болдым алыс жерде жатпен таныс.
Сағындым Мұрын, Тоғас жиыныңды,
Қобықтың даласында салған жарыс.

Бауыр жоқ көз жұмылса жылайтұғын,
Қал-жайын қатын-бала сұрайтұғын.
Екеу егіз, еңбекті жалғыз деген
Жұпсыз таң бір құдайға ұнайтұғын.

Сөз жаздым темір қалам қолыма ала,
Қайғымен ішім жалын, сырттым шала,
Болғанда он екі жыл амандасқан,
Иманбек, Айтбайменен екі бала.

Екеуі қызмет етіп жүреді екен
Есітіп мен ғаріпті біледі скен
Ғаріп ағаң тірі деп естіген соң
Қайтуға амандаса келген екен.

Бұлардан толып жатқан хабар алдым
Арттағы ағайынды біледі екен.
Алтайдың өмір өтті даласында
Жалғыздың бір жаратқан панасында.

Көп сәлем мұңлы жүрек мен пақырдан,
Бес Байыс, үш Байжігіт баласына.
Көзіне жылағанда не көрінер,
Ажал толған сағатта қаласың да.

О, дариға, ел мен жұрт ойлағанда,
Өртенесің, күйесің, жанасың да.
Арғыларды қайтейін арман етіп,
Бергілердің олмедім арасында.

Тәтті ұйқыдан оятар ғаріп басты,
Екі көзден ағызар қанды жасты.
Табаныңнан өрлесе миға барар,
Жалғыздықтың шарабы неткен ашты?

Жатқа сенсең шалынар екі аяғың
Енді кімге айтылар барлық шыным?
Қазы алдына қайталап барар болсаң,
Ең алдымен ашылар сенің мінің.

СӘЛЕМДЕР

Арда күрең Бітімбай,
Тіріде корсем көңілім жай.
Ақторғай Зақым жеңгеме,
Иман берсін бір құдай.
Бір тостаған қымыз бер
Қадірлес жеңгем Жәкем-ай,
Шығарда басқа шыбын жан
Шаһимұрат, Сарытай
Сәлем еткен иіліп,
Келінім Пәну, Амантай.
Шын болса егер жоқ дейді
Қыдыр менен Әміртай.
Сағынамын сендерді
Байқуаныш, Тоғайбай.
Қалқажан сенің қолыңнан
Бір дәм татсам көңілім жай.
Кәзенге дұғай сәлем де,
Моллажүніс, ер Бекбай
Замандасым Сарғызға
Көзін салсын жалғызға.
Жылқыайдардың ұрпағы
Жоқтаусыз мені қалғызба.
Елсіз, жұртсыз мүсәпір,
Деген атақ алғызба.
Өтегенге сәлем де,
Орайы келсе іздесін.
Иман берсін Жүкене,
Жәннәттан орын көздесін.
Ғаріп басым көрер ме,
Қамқасындай жеңгесін.
Зәйіпке дұғай сәлем де,
Алдымнан аттап өтпеген.
Асылзатым Жамалтай,
Жас бала еді жетпеген.
Құтыкей ағам Нәдірбай
Қадірлес жеңгем Жәмила-ай.
Болды деп зағип естимін
Рас болса япырмай.

Сіздерге де көп сәлем
Жұмабек бауырым Тілебай,
Дүйсенбіге сәлем де,
Жанболаттың сарасы-ай.
Тарпаң аттай Нұрғали
Ер жетіп еді-ау жанаса-ай.
Зәңгіге сәлем Қапиза
Ер Бүтексм баласы-ай.
Жылаған мендей жалғыздың
Құдайы болсын панасы-ай.
Қабылға сәлем айтайын,
Қайғымен қапа тартайын,
Мәметектің ордасы
Жүрмісің жалғыз қайтейін.
Көрі үй, үлкен ордамыз,
Бәріміз бала болғамыз.
Бет көріп қашан тарқайды,
Жүректен қайғы қордамыз.
Тар кезеңде айрылып,
Зағыпырандай солғамыз.
Бір келкі тұрған заманда
Бақ-дәулетке толғамыз.
Айтып, айтпай немене,
Туысқандай болғамыз.
Жанболатта сәлем де
Қанапия қажыға.
Қайғымен откен қу өмір
Кімге айтамыз بازیна?
Шошынған аққу қона алмас,
Айланып ұшып сазына.
Сабазым едің саспайтын,
Асығыс аяқ баспайтын,
Шамалы болсаң жөнің жоқ,
Іздеусіз мені тастайтын.
Жездеме Қажый көп сәлем,
Шар салудан тастайтын.
Ағамыз еді-ау Кенжетай,
Ерініп аяқ баспайтын.
Мәкеңе біткен мың жылқы
Жайылса жігін ашпайтын.

Атыма бастым таңбасын
Артыма мұра тастайтын.
Зарлықпен кештім өмірді,
Сүйекті қайғы кемірді,
Бітімбай сіздей көремін
Қармақбас соққан темірді.
Белгісі Мәкең тақсырдың
Азғана малға бастырдым.
Бағдат пенен Сәйдіге
Айрылма деп тапсырдым.
Далаға қарап ұлиды,
Күшігін бақсаң қасқырдың
Сәлем де Нөкіш кәріге,
Заманы бірге Кәрімге,
Таласып емшек еміскен
Ағатайым Кәдиге
Бастығы Сақыш жиендер
Дұғай сәлем бәріне
Алысқа кеттім айырылып,
Көрсетер алла әлде де.
Екеуімізбен туысқан,
Қалды ғой алыс бәрі де.
Зейноллаға сәлем де,
Жылқыайдардың баласы,
Қуанамын есітіп
Бар дегенге ағасы.
Махмет, Тұрсын бар дейді,
Естісем халі сәл дейді.
Жеткіншегім Сейілхан
Бір көруге зар дейді.
Заманы бірге Кәдіржан,
Айырылып елден болдым таң.
Қалжыңым саған жарасқан,
Отыр да шыдап шыбын жан.
Сендерді ойлап жылаймын,
Қайғымен сөзді құраймын.
Әзілмен айтқан қалжыңды,
Ғапу ет деп сұраймын.
Бір күнде қалжың жазғаным,
Алды-артыңды қазғаным,

Етегім толар еңіресем,
Елсіз, жұртсыз азғаным.
Көппен жүріп адаспай
Мұнша алысқа созғаным.
Ағайын-туған сені ойлап,
Елуге келмей тозғаным.
Қайшыкеге сәлем де,
Қадірлес болған жеңешем,
Сендердей маған кім болар,
Жекжатпен қайтіп кеңесем?
Мәуліт пенен Нұрғазы
Көкемнен төмен демес ем,
Кетіпті Өмір бөлініп,
Лайық саған не десем,
Балаларға аға боп,
Жыртылған тонға жаға боп.
Өле-өлгенше жүрмедің
Соларға неге пана боп?
Бауырым Айтбай, Иманбск,
Амандасты маған кеп,
Алладан тілеп жатайын
Өмірің ұзын болсын деп.
Кәрі сөзден айрылдым
Бәр мінімді қайғы жеп
Ескерткішке бергенім
Оқып жүрсең болар сеп.
Айтылмай қалған ел-жұртқа
Айтындар дұғай сәлем деп.

ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫНАН

ҚОҚАШ ҚАЖЫНЫҢ ӨЛЕҢІ

Қарғыба, Базар еді туған жерім
Кіндік кесіп, кірімді жуған жерім.
Адамзат басы жұмыр не көрмейді
Жазған соң маңдайына күдірет-кәрім.
Қарғыба, Базар еді көшкен жерім,
Бұралып талшыбықтай өскен жерім.

Қайтсейін, амал бар ма, қалды бәрі,
Өлгенше айрылмаймыз дескендерім.
Қарғыба, Базар қалды бізден аңырап,
Біз қоштік Қарғыбадан қойдай маңырап,
Алады ел жақсысын, жер жақсысын,
Жақсы деп ата-бабам алған таңдап.
Аман бол, Базар, Боғас, Қилы, Бокен,
Атамыз таңдап жүріп қонған екен.
Қара орын, қарындастың бәрін тастап,
Орыстан не қылғалы қаштық екен.
Аман бол, кара Байыс, қалың қауым,
Немесе патша емей қашқан жауым,
Сүйікті ағайынның бәрі қалды,
Көрмесе сағынатын бие сауым.
Аман боп, қалдың кейін, қалың Назар,
Деуші едім атам Базар мен кімге зар.
Манаста мал жұтатып жаяу жүріп,
Қалмады азаматта бетте ажар.
Аман бол, Қарабұлақ, Ақсуатым,
Айнала тола қонған Жанболатым.
Манаста малдың бәрін кырып алып,
Жүдеді-ау, жаяу-жалпы азаматым.
Аман боп қалдың кейін қайран жұртым,
Сөйлеспей қуанар ем көрсем сыртын.
Әр уақыт бізді ойына ала ма екен,
Отаршы бір жыл туған Тұрсын қартым.
Аман боп, қалың Жанай, қалдың кейін,
Тәңірім сақтамаса мен не дейін.
Кейінгі көшпей қалған қарындасты,
Айналып кім бар, кім жоқ көрген шейін.
Аман бол Ертіс пен құм Жайсан көлім,
Аққазы жас та болса асқар белім.
Орыс әкім қаттылық қылған күнде,
Тілеген тілегімді қайран елім.
Аққазы елге тұлға жас та болса,
Дұшпанды дос көреді қас та болса,
Жанның бәрі Аққазыдай болар еді,
Бармақтай маңдайына бақыт қонса.
Аққазы үш Жанайдың тиянағы,
Кетпесін маңдайына біткен бағы.

Дәуітбай үш мәртебе Мекке барған,
Не білмес надандарды жолға салған.
Жазу жазса баспадан артық еді,
Содан да қалды-ау кейін шіркін жалған.
Сағынып сарғаямын еске түссе,
Көрсет деп тіленемін бір құдайдан,
Қыл арқан шірімейді ер мойнында,
Белгібай Жанбай бидің ескі орнында.
Аққан сайдан су ағар деген сөз бар
Айрылмай атасының жүр жолында.
Сағынып сарғаямын бес торғайды,
Жалынып жат қыламын бір құдайды.
Көрісіп мөз болатын күн бола ма
Бір жыл туған Кешубай, Баянбайды.
Түсіппен дәмдес болдым Көктырнақта,
Қайғы жоқ бірге ойнап жүрген шақта.
Деуші еді тірі күнде айрылмалық,
Тірідей-ақ айрылдық осы шақта.
Көрмеген ел, жүрмеген жерді көрдік,
Құдая пақырыңды өзің сақта.
Түсіппен Көктырнақта болдым жолдас
Қас қылған жолдасына жігіт оңбас.
Күн бітпей, дәм таусылмай, жүрмін тірі
Жолдастың бәрі кетті кұрбы-кұрдас.
Бір күнде ел жоқ еді бізден өткен
Түбіне қайран елдің қуғын жеткен.
Бір барып намаз оқыр заман бар ма,
Мырзаның мешітіне салып кеткен.
Манабай замандасым жасы кіші,
Меккеге екі барған жақсы кісі,
Әпсейіт, Мұхамәди дос-ақ еді,
Өсекке ермеуші еді піші-піші.
Қасымхан, Оразғалы және қазы,
Сәлемін үзбеуші еді қысы-жазы.
Хайыр қош жақсы-жаман болсадағы,
Алланың бұйрығына біз разы.
Құт болған үш Байболға бай Тоңаша,
Қарғыба, Базар бізден қалды оңаша.
Баламызды қызметке алады деп
Манас келдік орыстан қаша-қаша.

Манасқа қашып, босып келіп едік,
Әркімнен зорлық көрдік халден аса,
Қарасу, құр Қарғыба, қалды Көкен,
Қанғожа, Есенаман қылған мекен.
Серікбай, Құсайын мен Ыдырыш, Жақып,
Әулеті Қосекемнің аман ба екен?
Бейсеке бірге туған жақынымыз,
Жылқы өлді құтсыз болып тақымымыз.
Манасқа байимыз деп көшіп едік,
Бүйтерге жетпеді ғой ақылымыз.
Торайғыр, Жантөрі мен Шорман балуан,
Манаста бейнет көрдік алуан-алуан.
Сағынып Торайғыр бай көріп еді,
Жүр ме екен Шайқысіләм есен-аман.
Ұябай, Жүніс молла имамымыз,
Шашылып жұртта қалды жиғанымыз.
Қарындастан топырақ бұйырылмай,
Мұнда өлсек жолдас болсын иманымыз.
Есмұхамбет, Ержігіт, Арап қажы,
Соларды келіспеді қиғанымыз.
Кенжалы, Кенемолла татуымыз
Татуды жарамады сатуымыз.
Кейінгі ағайынға білінді ме
Манаста жүдеп-жадап жатуымыз.
Сүлеймен, Әшімханмен қадірлесім,
Сағынып ағайынды қалмайды есім.
Байлардан жиырма мен он бес қалды
Тауысты жұпаналар он-он бесін.
Құрдасым алты қалмақ Оқыш қажым,
Бетіме жүдеген соң кірді әжім.
Дуан, Мұса ақсақал ағаларды
Көрмеске күдай жазса, бар ма лажым?
Момынбай Мүсәпірге салған егін
Тіріге ат болады, өлсе кебін,
Үйіне келген кісі қатар тойып,
Дәулеті Уәлінің судай тегін.
Сәләмәт набақтыдан шықты ма екен.
Секілді жолбарыстай Дәуітбегім,
Атам Торғай, қаракөк арғы тегім,
Қытай талай ақшаны алды тегін

Орыстан қашамыз деп мұны кордік,
Патшадан қайтар ма екен осы кегім?
Сонан соң көше қаштық елді тастап,
Кір жуып, кіндік кескен жерді тастап,
Кейінгі ел не болса сол болмас па ек,
Шығынға біз шығыппыз құдай бастап.
Сонан соң елді тастап көше қаштық,
Жеті күн ұдайы көшіп таудан астық.
Таудан асып бауырға түскен шақта,
Қалмақ пен Төртуылға араластық.
Төртуыл қалмақтармен бірдей болды,
Біздерге екеуі де қылды қастық.
Қыстап шыққан жеріміз Дағай-Шөгей,
Уақтың кісісінің бәрі өгей.
Мақтанса ауызынан от шығады,
Енді оларды не дейміз өгей демей?
Бір теңгелік киімі жоқ үстерінде
Малын бағып жүреді ішпей-жемей.
Төсегінде болмайды көрпе-жастық,
Киіміне қарасаң әбден кедей,
Малы бар, ниеті жоқ бір жаһил ел
Күн көрер еш адамға тамақ бермей.
Манастың тораңғысы киімге жау,
Жалғыз-ақ киім жыртпай мен жүрмін сау.
Жесе де шөбі құрғыр тамақ болмай,
Қырылып сиыр, жылқы жүрміз жаяу.
Әбден малдан айырылып қалғаннан соң,
Болып жүр қайғыменен көңіл қаяу.
Құтылып қайғы менен қасіреттен,
Жақсылық келер ме екен бізге таяу.
Уақтың Әкебайдай жамандары,
Жерімді жеп қойдың деп қылады дау.
Ұрысса да сөзіне жауап бермей,
Елемеген кісімсіп күлеміз-ау.
Шыдамайын десең де амал бар ма?
Кісінің бәрі жуан, бәрі асау.
Құдай бізді қойды ғой кезбе қылып,
Қара орын қарындастан безбе қылып,
Амал-самал қылдық та қыстан шықтық,
“Ешкіні апа, текені жезде қылып”.

Манаста жиырма күн қызыл соқты,
Дөй түбек, қалың камыс, соры жоқты
Соғып тұрған қызылға шыдай алмай,
Қойдан да шығын болды саулық, тоқты.
Кемшілік, кедейшілік келді басқа,
Кем болдық киер киім, ішер асқа,
Көше қалсақ жылқы жоқ мінетұғын
Артуға көлік керек онан басқа.
Мұның бәрін отырсам міндет қылып,
Жексұрын көрінемін қарындасқа.
Ауырлық көтеретін жас күн емес
Қиын болып кез келді сексен жасқа.
Жарлылығын жасырған бай болмайды,
Кедейдің өзі болдық кара қасқа.
Құдайым күдіретімен жеткізбесе,
Көздегі рахым қылып аққан жасқа.
Сексеуіл, тораңғы мен жыңғыл, жиде,
Қу қамыс, қусақ деген біткен бірге.
Теріскен, кекіре, мия бәрі де бар,
Малға тамақ болмайды шіркін дүние.
Жеген шөбі ас болмайды малымызға,
Құдай бізді түсірді мұндай күйге.
Ел едік ел секілді баяғыда
Әр елдің енді түстік аяғына.
Қарасам бір жігіт жоқ елімізде,
Тартпаған тері шарқай аяғына.
Манастың аязынан кетті маза,
Өзіміз тірі жүрміз жетпей қаза.
Құдайдың бұл да болса бұйырғаны,
Жылқыдан сиырменен болдық таза.
Көп келді басқа бейнет, малға ажал,
Бұл дертті өлімінен қашан жазар.
Өлімнен қалған малды жаяу бағып,
Қалмады боз далада биттей ажар.
Бозбала мал көздейді жаяу жүріп,
Беліне екі етегін мықтап түріп,
Қалмақтың қазақпенен мазағынан
Құтылып ел боламыз ба ойнап-күліп.
Қой деген малымыз да аман емес,
Құтылсақ мұныменен жаман емес.

Қысының екі айы бар алдымызда
Құтылдық қой дейтұғын заман емес.
Бір күнде жүйрік едім жүлде алған
Атағым алыс, жуық жерге барған.
Бақыт қайтып көрілік жеткен күнде,
Биыл артын көрсетті дүние жалған.
Сағынып өлең қылдым қалған елді,
Көрмей-ақ кетеміз бе туған жерді.
Қүдіреттің ісіне көнбек керек,
Ауыр-жеңіл болса да құдай қылды.
Ауыр-жеңіл болса да құдай салды,
Манаста қырып алдық талай малды.
Кейінгі ағайынды сағынған соң,
Қажекең біраз өлең жаза салды.

ХАЛЫҚ БИИ АБЫЛАЙ

Жазылар естеліктер мен туралы,
Біреулер жан еді дер ер тұлғалы.
Біреулер тұлпар еді дер де мүмкін,
Бүтінделмей кеткен бір ер тұрманы, -

деп Мұқағали Мақатаев ақын жазғандай, Абылай ел ішінде беделді, қарапайым, ақылды адам болыпты.

Мінезі ауыр, көп сөйлемейтін, қандай биліктерге қатынасып отырса да, сөздің артын бағып, түйінді жерге келгенде шешімді бірақ айтады екен.

Киім киісі қарапайым, ер-тұрманы жұпыны жағдайда жүре беретін. Онымен қоса қосылған қосағы да аса пысық, қунақы адам болмаған сияқты. Бұл әңгімені кезінде көзін көрген ақсақалдардан естіген ауыл қариялары айтып отыратын. Осы Абаңның ел аузында жүрген бірер билігін айта кеткенді жөн көрдім.

Абылай, Тоқабай руындағы атақты екі Омармен жер дауына байланысты Сыбан еліне барыпты. Дауға қатысқан адамдар сөзге белсене араласқанда Абаң өз бетімен бейтарап қалыпта үндемей отыра берсе керек. Дау өрістеңкіреп, шиеленісе бастаған кезде біреу : “Аба билікке кірісіңіз ”- депті. Абаң : “құптасаңыздар кірісейін” деген екен. Шешімге келер жерде, жер даулаушыларға “Бізден бұрын өмір сүрген ата- бабаларымыз да осы жерге сиып келеді емес пе? Аталарымыздың басын дауға тікпейік. Боранбай би қайда жатқанын білесіңдер ме? ”, деп

сұрағанда дауласушылар “білеміз” -депті. Онда олай болса шекара Қапан бұлақ болсын дегенде , жер даулаушылар алдындағы айтылған шекараға келісе кеткен екен дейді.

Ақсуатқа ерте заманда екі аяқты арбаға қоңыр ат жегіп Аймұхамет деген руы Тобықты , саудагер келіп ел ішіне сіңісіп сауда жасап байыды. Жергілікті жерде саудасы жүріп байығаннан кейін жүз тайлақ беріп Жанай Ақшабайдың ақ Бәтiш деген қызын алады. Дана деген азамат Аймұхамбеттен қарызға бұл, шәй алып, - жылқының құнына қарыздар болады. Қарыздың уақытын кешіктірдің деп жылқыны айдап әкеп бергенге қарамай , Аймұхамбет Дананың айғыр үйір жылқысын айдап алады. Дана сасқалақтап Абылай биге келеді. Абылай “Сен Аймұхамбетке тиіспе депті. Сен Ақшабайдың байлап сауып отырған биссін, ішінде саумал ішетін қоңыр атын қосып, құлының қалдырып айдап кет” депті. Бұл ақылға Дана келіседі. Енді Жанай жағы шабысып Абылайға келеді. Биелер суалып кетті деп. Сонда Абылай бұл жақ та суалып жатыр емес пе деген екен.

Сонда Абылайдың айтқан билігі : “Дана сен барып тұрған ұрысың, биеге бие қосып қайтарасың, 350 қойға бағаланған қоңыр атқа қыз мінгізіп қайтарасың” депті. Жанай жағы билігіңізге құлдық келісеміз дейді.

Ал, Аймұхамбет осыны бүлдіріп отырған сенсің, Семейден арбаға шегіп келген қоңыр атыңмен еліңе қайтасың депті. Мал, мүлік, ақ Бәтiш бәрі қалады. Ақ Бәтiшті Дәуітбек болыс алады. Келіспесендер шешім осы.

Келіссендер Аймұхамбет Дананың жылқысын қайтар, Дана сен Ақшабайдың жылқысын қайтарып, ел болып береке- бірлікке келіндер.

Аймұхамбет сен ағайын арасын бүлдірмей жүр деп билік айтқан екен.

Абаң жолаушылап бара жатып руы Тәуке Әбділдабектің ауылына түседі. Ол кезде Әбділдабек үйіне күзетші ұстайды екен. Міндеттері келген адамды қарсы алып шешіндіріп кіргізіп тұру көрінеді. Үйге кірейін десе шешініп кіріңіз деп Абаңды жібермейді. Сонан соң Абаң көп ойланып жатпай, барлық киімін шешіп тастап , көйлек дамбалшан Әбділдабектің торінде отырады. Әбділдабек кеп Абаңа сәлем беріп: “Ел жұртыңыз аман ба? ” - дегенде : Ел жұрт барлығы- да аман, осы өзіңнің есігіңнің алдында тоналдым”,- деген екен.

Аба, кешіріңіз, күтуші азаматтардың сырт киіміңізді шешіп кіріңіз деп құрмет көрсетіп иіліп тұрудың орнына, шешініп кіріңіз дегені ағаттық болған екен деп айып төлеп иығына шапан жапқанын бүкіл ел біледі.

Кезінде Найманның Абылайын Абай билікке шақыртып, жеке кигіз үй тіктіріп күтіпті. Тәңіртен ол, Абылайға сәлем бере келсе, Абылайдың “дамбалының ауы ашылып қалғанын байқап қалыпты”. Сонда Абай: Аба! Дамбалыңыздың ауы ашылып қалыпты ғой деп кекете сөйлепті.

Абылай іле, сәлемдесе келген адамның сөзі жақсылардың сөзінен, Қаздауысты Қазыбектен басталушы еді. Сіздің сөзіңіз менің дамбалымның ауынан басталып тұр екен.

Ертеңгі халық дауын шешетін билігіңіз, сірә әділ билік бола қоймас депті.

Сөзден тосылған Абай ертеңінде болатын барлық билікті Абылайға беріпті деген ел аузында сөз қалыпты.

КИЕЛІ ТҰЯҚ ӘУЛИЕ

Тоқабайдан Атан, Атымтай , Жомарт болып тарайды. Қалмақпен жаугершілік заманда Атымтай ұрыста қаза табады. Қалың малын беріп айттырған қалыңдығын ала алмай көз жұмған көрінеді. Алланың жазуына байланысты болған оқиғадан кейін құдалар жағынан қалыңдыққа берген қалың малды қайтару туралы сөз қозғағанда, ұрпақсыз емессіздер, қалыңдықтарыңды алыңдар деген уәж айтады.

Сонымен ата бабаларымен ақылдасып аға өлсе іні мұра дегендей кенжесі Жомартқа ұйғарып алып берген екен.

Әкелерінің ұйғарып алып берген қалыңдығы айы күні толғанда бір ұл тауып атын ағасы Атымтайдың қалмақтардың қоқан – локқы шабуылында қаза тауып еді деп атын Қоқан қойған екен.

Жомарт бай Қоқанды тәрбиелеп өсіріп, үйлендіріп, енші бөліп беріп, отау етіп шығарады. Қалмақтармен болған ұзаққа созылған соғыс мұнымен де аяқталмайды. Ер жетіп, өмірді жаңа бастаған Қоқан да қалмақтармен ұрыста көз жұмады.

Әкесі Жомарт та әрі батыр, әрі бай адам екен. Ол да жасында қалмақтармен ұрыста ауыр жараланып, жайлау үстінде сол жара асқынып барып дүние салыпты.

Қоқаннан Дәрібсалы деген бала туады, Тұяқ іште қалады.

Шешелері Сармай сүйегі алыс елден болса керек, Қоқан қайтыс болғаннан кейін Сармайды айттырушылар көбейіп көңілін бұзып Дәрібсалыны алып кетпекші болған.

Жағдайдан хабардар болған Кегенбай би ұрпағымды жат етпеймін деп, жесірін жатқа жібермей әменгерлік жолмен өзі алған.

Іште қалған баланы , әйелі босанғаннан кейін, ағадан қалған тұяғым деп, туған баланың атын Тұяқ деп өзі қойған екен дейді.

-Арығы асқанға әл берген, көтеремге жал берген,- деген қасиетті Тұяқ атаңыз осы кісі.

Сармай апамыз жат елге тұрмыс құрып кеткенде, Қоқан ұрпақтарының жат болып кететіндігі сөзсіз еді деп отыратын әңгіме тисегін ағытқан конекөз қариялар.

Кегенбай бидің даналық, көрегендік іс-әрекеті мен қажыр-қайратының нәтижесінде Дерібсалы ұрпақтары екі ата, Тұяқ ұрпақтары он жеті ата болып, өніп, өсіп рулы ел болды.

Дерібсалы мен Тұяққа Би атамыз әрі аға, әрі әке десе де болады. Өйткені, екеуін де ер жеткізіп, үйлендіріп, бөлек ауыл жасап, осыншама ұрпақтың өніп өсуіне, ел болуына себепші қамқор адам болғаны ақиқат.

Бидің өз кіндігінен де екі ұл болған. Алғашқы баласы олгеннен кейінгі баласының атын алдыңғы ұлымның өтеуі болды деп Өтепберді қойған екен.

Осы Өтепберді ұрпақтары Кеніш, Тыраш ұрпақтарынан тарайтын бір ауыл рулы ел болыпты.

Тұяқ әулие ер жеткен соң, көзі тірісінде халқына, еліне, жұртына қамқор, ел басқаруда даналығымен халқының жүрегіне жол таба білген киелі, қасиетті адам болады.

Елі жұртын мал өсіруге, егін егуге баулыған. Соның бір көрінісі ретінде Қарғыба өзенінің бойынан алынған Тұяқ атты тоғам осы күнге дейін бар. Сол тоғамның бойында қазір де егін егіліп, мол өнім жиналып келеді.Кезінде мал өсірген ел егіншілікпен айналысып, сол жылдардан бері игілікті іспен шұғылдануда.

Тұяқ әулиенің киелі қасиеттері мен айтқан сөздері, бата беру рәсімі, іс жүзіне асып жататын қасиеттері жөнінде көнекөз қариялардың айтқан әңгімелерін баяндауды жөн көрдім.

Тарбағатай тауының Жылы тау деп аталатын Сарықамыс деген жеріндегі биік асу Айғай-кезең деп аталады. Кезінде арық тайлаққа қаппен жүк артып келе жатқан азаматтың тайлағы кезең басына шыға алмай, кезеңнің етегінде шөгіп қалады. Тұруға шамасы келмеген тайлақтан күдерін үзген азамат, тайлақтағы қаптарды бір-бірлеп кезең басына өзі шығарып, болдырып әбден титықтайды. Адам басына қандай қиындық іс түссе де құдайдан көре кететін әдеті емес пе! Жол азабын құдай ісінен көріп күңіреніп, снтігін басып, терін сүртіп отырған жігітке алдынан ақ боз атты ақ сақалды толық адам жолығып, сәлемдескеннен кейін: - Қарағым, еңбегің жанар, құдай көз жасыңды көрсер, астығыңды түйеге артып жүріп кет, - депті.

Айтқанындай кезеңге бос жетелеп шығарып астығын артқан арығы асып болдырған тайлак ылдиға дедектеп желіп кеткен еді делінген.

Жігіт сол астығын Кашке деген жерге егіп, мол өнім алған көрінеді. Күз болғанда бір шелек бидайды бір лакка, екі шялсгін бір тоқтыға айырбастап, байып кеткен скен деседі. Әлгі жігіт мен Айғай-кезенде кезіккен Тұяқ атамыздың батасы тиіп, байыдым деп ел жұртқа айтып жүреді екен.

Ендігі бір өңгімеде Тұяқ ақсақал жылқысын аралап, жылқы шетіне шығып тұрса, жарысып кетіп бара жатқан көп тобырдан болініп, өзіне қарсы арық атпен келе жатқан баланы көріп тосып тұрады.

Бала сәлем беріп, асығыс та болса жағдайын бастан аяқ баяндайды. Бұл жарыстың мәні өзі сүйіп аламын деген қалыңдығын осы жарыста кім бірінші келсе, бай соған бермекші екен. Атадан соларды қуып жетіп біріншілікті алу үшін бір бөйге ат беруді сұрайды.

Сонда Тұяқ ата қарағым асықпа, қала қоймассың, атыңның басын бөйге кеткен жакка бұр депті де: “Ал балам, жолың болсын!”, - деп етегімен дем беріп желпітті. Сол кеткеннен бала бөйгеден бірінші барып, қалыңдығын алыпты деседі ел.

Бірде Тұяқ ата атпен келе жатып бір қой жайған балаға кезігіп, бала не дер екен деді ме екен кім білсін: “Балам мына қой ішінде жүрген ақ серкенді маған берші”, - десе бала: “Алыңыз, ата бірақ әкем ұрысып жүрмесе”, - депті. Ендеше әкеннен рұқсат сұра депті де жүріп кетіпті.

Кешке қой жайып келген Қайырым деген бала әкесі Айдарбекке болған жағдайды айтса: “Ол кісі Тұяқ қой. Қазір қалаған серкесін апарып беріп батасын ал”, - депті. Серкесін алып келген балаға Тұяқ күліп: “Басыңнан бақ, қазаныңнан ас кетпесін”, - деп бата беріпті. Сол Қайырым деген бала ержеткенде қажыға барып, ырысы үрім-бұтағына қала берген екен деседі.

Бір күні Тұяқ ата жылқы аралап жүріп, бір октаудай жараған көк дөненге көзі түседі, ұстандар деп балаларына ұстатып, аузын ашып қараса, қылмен тілін буып тастаған екен. Таяу арада болатын бір үлкен асқа тілін байлап, жаратып жүрген өзінің кенже ұлы Лау екен.

Түйекен кенже ұлы Лауды шақыртып ап, Лауға “Белдсуіңнен бір жылқы кетпесін, екі жылқы бітпесін”, - деп бата беріпті. Шындығында Лауға, оның баласы Қашқынбайға бір жылқыдан артық жылқы бітпеген деседі.

Тұяқ және басқа да қасиетті адамдардың бұрын айтылмай келген немесе ұмытыла бастаған өткендегі кейбір оқиғалар мен ерекше қасиетті болған адамдар жөніндегі өңгімелер осындай.

Түйекеннің бақилыққа өткеннен кейінгі де, ел аузынан жеткендерді зерделей ойласаң “Жел соқпаса шөп басы қимылдамайды” дегендей олардың шындық екеніне иланасың. Міне, осыған орай аруақты адамның шарапаты тиген адамдардың баяндаған әңгімелерін назарларыңызға ұсынбақпын.

Ауыл тұрғыны Босқынбасва Қаныша көп жылдар бала қотермей жүріп, Түйекеннің басына барып түнегенде, түсінде екі ұл, бір қыз болатындығы туралы аян береді. Бірақ, қыз ғұмырлы болмас десе керек. Осы мінажаттық сапардан кейін көп ұзамай ері Жанбасв Сүлейменнен, Тұрғазы, Аманғали атты екі ұл және бір қыз көріпті.

Екпін ауылының тұрғыны Дүзбаев Сайлауке деген азамат бір қауым малын жоғалтып алып таба алмай осы кісінің басына барып түнеп жатқанда малының тұрған жерінен табылатындығын айтып аян беріпті. Сол айтқан жерден малын түгелдей аман-сау айдап қайтқанын әлі күнге ол жырдай ғып айтып отырады.

Атақты бөйге Ерке жиренді де сол кісінің басына екі ретінде де түнетіп, әкелгенде кара үзіп келгендігі туралы жұрттың осы күнге дейінгі әңгімесі үзілмей келеді.

Тұяқ бабаның зираты Құсмұрын аталатын таудың боктеріндегі Байқоңыр деген жерде. Жанында көзді бастауы бар.

Тегіндегі Көкпекті ауданының “Большевик” , “Үлгілі малшы” совхоздарының жайлауға шығардағы қош жолында. Оны айтып отырғаным осы кеңшарлардан жайлауға қошқен мал отарлары осы кісінің басына қонып зиярат етпей отпейтін, себебі мал басының амандығын тілеген елдің нанымы болар.

Бұрын таспен қаланған зиратты туған-туыстары қайта қалап мазар тұрғызып, жанынан қонақасылық үй салдырды.

Қасиеттің барлығы тек осы мазарда тұр деп айту ағаттық болар. Мұндай қасиетті тұлғалар тек Қазақстан емес, өзге де мемлекеттерде болатындығын айта кеткен жөн.

Мәселен, Париждегі католик дінінің шіркеу қызметшісі болған Франсуа де Паридің зиратына байланысты кереметтерді әңгімеге тиек етейік.

Франсуа де Пари жастайынан діндарлыққа бейім өседі. Ақырында шіркеуде дяк қызметін атқарады. Ата-анасы өлген соң, дүние мүлкін кедей кепшіктерге үлестіріп жіберіп, өзі 1728- жылы 37 жасында жокшылық тақсіретін тартып, теміреткіден дүние салады.

Тіршілігінде беймәлім қарапайым дяқтың даңқы өзі өлген соң қотерілген. Себебі зиратына барып түнеген, қабыр топырағын үйкеген түрлі аурулар үнесі сауығып қайтатын болған. Орнынан тұра алмай

қалған сап ауруларының, қояншықтардың, еліргендердің, су қараңғы соқырлардың, саныраулардың бәрі жазылып қайтады. Зиратқа өзі келуге мүмкіндіктері болмағандар қоршісі арқылы топырағын алғызып, денесіне сүйкеген соң небәрі 15 минут ішінде сауығып тіркелгендері бар. Зираттың кереметі 1728- жылдан 1739- жылға дейін созылған. Он бір жылдан соң, қасиеті кілт тиылған.

Он бір жылдан соң әрекетінің сап тиылуы мынадай екі жағдайға тәуелді болуға тиіс: басына неше түрлі арам пенделер түней берген соң, аруақтың қасиеті шайылады немесе өмірде еш нәрсе мәңгілік емес. Қасиеттің де таусылатын мезгілі жеткен.

Әлемде кейбір керемет жалғыз жаратылмайды. Байтақ дүниенің бұл шетінде болмаса, келесі шетінен сыңары, қайталамасы кездеседі. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, Түркістандағы Арыстан баб, Қожа Ахмет Иссаун, Бабай түкті шашты Әзіз мазарлары, бүгіндегі Тарбағатай ауданының Ақсуат өңіріндегі Ырғызбай, Тұяқ әулие зираттарын сонау Франциядағы әулие монах моласының нақтылы қайталамасы деп айта аламыз.

Осы зираттардың барлығында да, әлі күнге ғылыми тұрғыда анықталмаған ғажайып сыр бар.

Енді жоғарыда баяндалған Тұяқ ұрпақтарына қайта оралайық. Осы ел ішіндегі атағы шыққан адамдарды сөз етсек, Қокан ішінде Сүгірбай мен Қызай бірге туысады, әкесі – Дерібсалы. Сүгірбай кезінде батыр болған адам. Зираты Қоскөлдін жағасында.

Сүгірбай батыр астында соқыр торы аты бар, оған мініп жүргенде үнемі найза ұстайтын әдеті екен. Байқоңырда Қызай екеуінің 500 ден астам жылқысы болады. Жоғарыда айтқан Тұяқ зираты тұрған жер сол кісілердің жері.

Бір күні жылқы түгендеп қайтып келе жатса, екі атты адам ұрып таста деп тұра қуса керек. Сонда Сүгірбай батыр біреуін найзамен түсіріп, екіншісін жеңінен найза өткізіп өлтірем десе керек. Сонда сауға сұрап, өлтірмеуін сұраған екен. Жон сұраса келгенде, елі Төртуыл, оның ішінде Шетік Наурызбай, Доғал атанатын көрінеді. Бұлар да жылқы алуға келген батырлар екен. Жон сұрасу барысында Наурызбай мен Доғалға Сүгірбай батыр айтыпты. Жалғыз атты адамға шабуыл жасауға болмайды, өйткені ол не күшіне, не атына сенеді депті. Ақырында екі жылқы айдаушы батырлар сіз өлтірмесеңіз, біз сізге бала болалық деген екен. Батыр сол сөзге тоқтамға келіп, Наурызбайды өзі алып, Қызайдан жер берсе, Доғалды Кегенбай ауылына береді. Доғалдың Тергемес кыстағының аяғындағы Ұйтас маңынан жер беріп, кейін Доғал ұйтасы деп аталып кеткен көрінеді. Доғалдан Тұрар, Тоқыш туады. Тоқыштың

ұрпақтары Қыстаубай Шар ауданын мекендеген. Наурызбайдың Әкім, Сәкен деген ұлдары болыпты. Сәкеннің ұрпақтары Мәсәлім, Мәдәлімдер Сұлутал ауылында тұрады.

Малшыбайдың үлкен ұлы Бәйсеке Наурызбайдың қызын алып құдандалас болады, Байскеден Қабыләшімнің әкелері Қыдырбек туатын көрінеді.

Енді осы оқиғалардан кейін ел Қытай еліне ауғанда Тоғызбасев Биғазы ақсақалдар осы Шетік елін тауып алып, туыс етіп паналады. Отыз жыл бірге отырып, енді қайта туған жерге ораларда, Тоқыш пен Сәкеннің ұрпақтары осы кісілермен бірге келген екен.

Әңгіме желісіндегі жаугершілерді бала етіп тәрбиелеп, үйлі-баранды ғып жіберуі тегіндегі қазақ заңының қасиеті болса керек. Оны әлі де болса зер салып зерттеу, үлгі етуіміз қажет.

Қызайға кезінде мыңдаған қой, бес жүздей жылқы біткен бай болыпты. 49 жасында дүние салыпты. Қызайдың ұлы Малшыбай 18 жыл болыс болып, ол да 49 жасында өмірден көшіпті. Малшыбайдың баласы Бәйсеке би болыпты. Әлімғажы да кезінде болыс болған әрі шешен адам екен. Бірақ топырағы Қытай жерінен бұйырыпты. Әлімғажы болыс болып тұрған кезде Әбдіқалық деген жездесі (сүйегі Байыс ішінде Еділбай болып келеді) балдызына шығарған бір ауыз өлеңі Биғазы ақсақалдың есінде қалыпты.

Әлімғажы балаға,
Жайлы болса панана,
Қарамасаң караға,
Еселі тендік бергенде,
Жұрт тоқтайды-ау

Данаға – деген скен.

Атақты Әбділдәбек, Тоқабай ішінде Тұяқ, Шаянбай ауылына берген Рахымбайдың апайынан туған жиен екен. Ал Рахымбай мен Мешінбай бірге туысатын адамдар.

Молдабай балуан Әбділдәбектің үйінде болып, қонақта отырғанда күресіп, бір тізесі бүгіліп қалған деседі. Бұдан басқа ешбір тойда, басқа жерде күреспеген екен. Осы туралы жазылып жүрген деректер мүлде өтірік деп отыратын Биғазы ақсақал.

Көңкөз қариялардың қазірде ортамызда азайған кезінде солардан естілгендер кейінгі ұрпаққа қалсын, олардың көдесіне жарасын деген ойлармен осы хикаятты баяндадық.

ЫРҒЫЗБАЙ ДОСҚАНАҰЛЫ (1787-1850 жылдар)

Ырғызбай Досқанаұлы Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Ақсуат кентінің бұрынғы «Сұлутал» совхозының Күмісті деген жерінде дүниеге келіп 63 жасында дүние салған.

Көне көз қариялардың айтуынша Ырғыз ата бала жасынан емдік шоптерге үйір болып жинап, тиісті ауруларға пайдалана білген. Күн өте келе емшілік қасиет пайда болып аты шыққан адам. Кезінде алдына келген аурулардың тамырын ұстап сырқатын анықтаған. Тиісті ем қолдана білген. Алақанында биоөрісі бар, қолы шипалы адам болған. Жасы ұлғая келе емшілік қасиет қонған әйгілі емші болады.

Бойына дарыған қасиеттің арқасында, Ырғызбай ата жаны қиналып өзін іздеп келе жатқан науқастарды алдын ала білетін болған деседі. Зәру науқастарға күн бұрын үй ішінен орын дайындатқан. Олар келгенде қазан көтеріп, жылы қабақпен қабылдап, емдеп жөнелтсіді скен.

Қасиетті ата науқастарды емдегеніне ақы алмаған. Өзіне келіп емделген кейбір ауқатты адамдардың болмай берген дүниесін жетім-жесірлерге, кедей-кепшіктерге үлестіріп беріп отырған.

Қорыта айтқанда, Ырғызбай атаға әулиелік дарыған адам. Жергілікті халық Ырғызбай әулиенің аруағына сыйынып, құрсақ көтермеген әйелдер мен әртүрлі науқасқа шалдыққан адамдар басына түнеп құрбандық шалып, шапағат жәрдем тілейді. Олардың ішінде кейін нәрестелі болған әйелдер де, сырқатынан сауығып кеткендер де бар.

Ертеректе Тобықты елінің мықты адамдары Өскенбайды, шешек ауруымен ауырған Құнанбай сияқты аға сұлтандарды емдеп жазыпты деген әңгіме де бар.

Ал жергілікті жерден әулиенің басына барып жазылып қайтқандығы туралы ақпарат құралдарда жазылғаны қаншама.

Қазір де әулиенің басына адамдар шартараптан ағылып келіп жатады. 1990-жылы әулиенің басына келіп қайтқан жазушы Әубәкір Нілібаев мынандай бір өлең шумақтарын жазып қалдырыпты:

Қасиетті Ырғызбай атам,
Аруағыңыздан айналайын.
Саған біздер сиынамыз,
Қасиетіңе бас иеміз.
Айналайын ұлы Ата,
Ұрпағыңа берші бата
Халқымыздың кең жері,
Лайықсың дана баба

Сүйеніш бол сен еліңе
Бас неді саған балаң.

Әулие атаның басына сырқаттанып келген наукас адамдардың келіп басына түнеп аттану тәртібін қариялар былай деп айтады:

Наукастар түстен кейін (бесінде) ақсақалдың мазарына келіп құран оқиды, ауруына шипа тілейді. Бұдан соң зираттың басына түнейді. Түнген наукас адам таң ата артына қарамастан күн шықпай, ерте аттанып кетеді. Науқастан жазылатыны немесе жазылмайтындығы туралы Әулие ата түсінде аян береді. Наукас көрген түсін (ақсақалдың аянын) тек жеті күннен кейін ғана айтады.

Ал қонақтан қайтып бара жатып, басына арақ ішіп бару Әулие атаның аруағын шамдандырады деген өнегелі сөз бар.

Осы Ақсуат өңіріндегі көкірек көзі ашық, ой санасы сергек азаматтардың бастауымен бүкіл аудан халқын ұйымдастырып, Ырғыз ата кесенесі қайта көтеріліп, жаңартылып, емделуге келгендер үшін қонақ үй салынды. Жол тартылды. Ендігі жерде жылдың қай мезгілінде болсын әулие атаның басына келіп тәуіп етулеріне мүмкіндіктер жасалған.

Жергілікті халықтың ата- бабаларын қадірлеп, қастерлеп көптеген игілікті істердің жүзеге асырылуы кейінгі ұрпаққа үлгі- өнеге болмақ.

Ақсуат, Көкпекті маңындағы әулиелердің тарихында, жалпы ислам дініндегілердің сенімі бойынша алатын әрқайсысының өз орны бар. Мәселен: Тұяқ, Бодес әулиелерді алсақ бұл аруақтардың көңіл көкжиектері жақын екенін, шарапаттас екенін әркім жақсы білді.

Осы өңірлерде жатқан аруақтардан біздің танып білгеніміз ғана, ал білмегеніміз, анықталмағаны әлі қаншама?

Ырғызбай Досканаұлы Қыржы ішінде Жандос, Жандостан Доскана, Досканадан Ырғызбай, Төлеке, Өмірбек, Мейірхан туады. Мейірханның балалары Шөгел мен Тұрғанбай ұрпақтары Ақсуатта тұрады. Ырғызбаймен аталас үшінші ұрпақтары Көкжыра ауылдық округінде тұратын Шөгел ұлы Қабдыкәрім, қыздары Күлзия, Күлзипа. Ақсуат кентінде тұратын Тұрғанбайқызы Нұржәміш. Қалған ұрпақтары басқа аудандар мен облыстарда тұрып жатыр.

Енді «әулие» деген сөздің мағнасына үңілсек, «әулие» араб тіліндегі «уәли» сөзінің көпше түрі екен. Негізінен екі мағнаны білдіреді: бірі – алланың сүйікті құлы, яки досы, алланың ең жақын адамы, ал екіншісі – қамқоршы басшы. Біздің қолдануымызда «әулие» сөзі осы екі ұғымды да бойына қамтыған.

дам тарихында ешбір әулие көзі тірісінде «мен әулиемін» деп айтпаған. Ол әулие екенін өзі де сезбеген, оны басқа сырт адам да байқамаған.

Тек әлгі ерекше қасиеті дүниеден озған соң ғана өзімен кейінгі білетіндер көз көрген замандастары, жалпы жұрт оның бойындағы кездесе бермейтін қабілет сапалық белгілері арқылы марқұмның әулие екендігі туралы ұғымды қалыптастырған.

Одан кейінгі ұрпақтар сол әулиені пір тұтқан. Өмірден таршылық көріп, қысылған шақтарында Алладан медет, әулиеден көмек сұраған.

Әулиелер Аллаға құлшылығынан әсте танбаған, жаны таза, нағыз діндар, тақуа, пәк адамдар болған. Өзі үшін емес халқы үшін қызмет еткен, кедей-кепшік, жарлы-жақыбайлар, кемтар-кембағалдардың мүңмүқтажын ойлаған.

Олар жаратылысында өте қарапайым, кішіпейіл, ақниетті, таза жүректі, аққоңіл жандар. Обал мен сауапты арашалаған. Әулие ешкімнің ақысын жемеген, ешкімді ренжітпеген, қиналғанда қол ұшын берген, егер бата берсе оның тілегі қолма-қол қабыл болған немесе түсіне аян берген.

Олай болса «Ырғыз ата әулиенің» басын саудаға айналдырмай, аруақты шамдандырмай шарифат жолымен барып тәуіп етіп қайтуды реттеп отыру дін басыларының басты міндеті болмақ.



ШЕРУБАЙДЫҢ ОМАРЫ

Омар лауазымына қарамай мінезі биязы, кешірімді, кең адам болыпты. Киім киісі, жүріс-тұрысы өте үйлесімді, көркіне ақылы сай екен. Омар заманында қолы ашықтығынан мырза атаныпты. Кезінде болыс болған. Тұжырымды биліктер айтып, ел дауын тоқтата біліпті.

Әкесі Шерубайдың атағы атырапқа шығандап шыққан бүкіл Орта жүзге танымал адам болған.

Найманда Қаракерей Сыбан, Мұрын,

Жеті ата Жолымбетке күйған нұрын.

Шерубай, Тана мырза, ер Тәукебай;

Қай қазақ сөз бастаған бұдын бұрын? – деген «Біржан мен Сараның» айтысындағы Шерубай осы кісі. Шерубай Құл ұрпақтарынан тарайды, арғы атасы Кегенбай би.

Бір жылы Омар мырзаның ауылының жылқысынан бір үйір жылқы жоғалады. Осы жоғалған жылқыны іздеп тауып әкелуге ағасы Аяқоз батырды жібереді. Аяқоз батыр іздеу салып жүріп тауып алып пұлымен қосып айдап әкеледі. Айдап келе жатқанда олжасынан сұраған адамдардың да көнілін риза етіп беріп отырыпты. Бір жиында Омар мырза Аяқоз батырға риза болып жоқтарын тауып әкеліп бергендігін айтып баяндайды. Топтың ішінде отырған бір қызыл ауыздар: «Аяқоз ағаңыз жоқты тауып әкелді ме? Болмаса, таратып алып сатып келді ме?», - деп сыбырласа керек. Жиында отырған Аяқоз батырға: «Айсеке, осы сіз айдап келген жылқыны базарлап келді деген не сөз?», - дегені мұң екен Аяқоз батыр қамшысын білеп Омар болысқа тұра жүгіреді. Бірақ, көпшілік болысқа қамшы дарытпай, ұстап жібермей алып қалады. Сонымен жиын тарқап, жиындағылар үйді-үйіне кетеді.

Ертеңінде жанына үш-төрт жігіт ертіп, атан түйеге қалы кілем жауып Аяқоздың ауылына барады. Омар болыс үйіне келе жатыр дегенді естіген Аяқоз батыр ұялғаннан: «Мен қайда тығыламын?», - депті әйселіне. Бәйбішесі батырды жиған жүктің артына жасырады. Сол мезгілде Омар кіріп келіп: «Аға қайда? Ауылда деп еді ғой. Сәлемдесейін деп едім», - деуі мұң екен, жатқан жерінен ұшып тұрған батыр: «Алдыңа келсе атаңның құнын кеш дегендей, бауырым, мені кешір, менен бір қателік кетті», - деп бауырын құшақтапты.

Омар әкелген атан түйе мен қалы кілемді тапсырып қайтып бара жатқанда жанындағы жолдастары: «Сіздің кінәңіз не? Осыншама құрметтеп аяғына жығылатындай, салт атты, сабау қамшылы батырды оданда тентіретіп жібермейсіз бе?», - дегенде:

- Әйі, жігіттер-ай! Батыр біздің кінәміз болмаса сабар ма еді? - деді.

«Сонымен сөз тыылған екен», - дейді сол кісінің тікелей ұрпағы Оқан ақсақал.

«Ағайының барда дұшпаным жоқ деме» дегендей Кегенбай ішін бүлдіргісі ажыратқысы келген ағайындардың қанқу сөздері су сепкендей басылыпты.

Бұл қазіргі біздер үшін таптырмас өнеге, ұйытқы бұзбас ұйымшылықтың үлкен үлгісі.

Омардың баласы Нәзір сонау үркіншілік заманда Қытайға кеткен. Онда Шыңжан аймағы әкіміне орынбасар болыпты. 1950-жылы Керей Қара Оспан батырмен бірге Үрімжіде қаза тапқан. Бәтиха қорасын тегінде «Әни» қорасы деп атайды екен. Бәтиха Омардың шешесі. Зираты да сол өз атымен аталатын жерде Тарбағатай тауында.

Кегенбай биден кейін Мұрын елінде сөз ұстаған ауызы дуалы би осы Омардың әкесі Шерубай болған.

Омар да осы ата тегіне тартып туған зейінді де алдын болжағын адам болыпты.

Кенестер одағы орнаған тұста Омар мырза жанында біраз адамы бар «Көктерекке» (қазіргі Кокпекті ауданы) бара жатып, кіре беріс қошеден оңшең баланың шеру тартып бара жатқанын көріп: «Мыналар бір атаның балалары ма? Мұншама көп не деген бала?», - деп сұрапты. Сонда жанындағылар үкіметтің панасыз балаларды жинап балалар үйін ашып, тәрбиелен жатқан жасөспірімдері ғой депті.

Сонда Омар: «бұл өкіметтің өмірі ұзақ болады екен, тездеп ауылға қайталаық», - деп сол арадан кері қайтып кеткен екен дейді.

Омар ауылына қайтып оралғаннан кейін көп ұзамай дүние салады.

Ол кезде Абылайдың көзі тірі кезі екен, сол кісі басқарып аттандырған көрінеді. Зираты сол шешесі жатқан Бәтиха қорасының аяғында. Зиратты тұрғызарда зиратты тұрғызуға келген игі жақсыларға Абылай: «Омардай адам дүниеге келе бермейді, сондықтан барлығын да таудың беткейінен тас әкеліп зиратына қалатындар, ақырғы жақсылық істерін осы болады деп көзіне жас алған еді», - дейді ел қариялары.

Омарға келер жылында ас беріліпті. Бұл осы өңірдегі соңғы үлкен ас болыпты.

Кезіндегі Аяқоз батырдың балалары Мәжен, Мәзібай Аяқозовтар болып жазылатын Абай ауданында тұратын көрінеді.

Осы би атаның ұрпақтарынан 1935-1936 жылдары Үсеннің Қабдолоасы деген атақты балуан болыпты. Тіпті, Қабдолоаның ақбұрыл тарқан кезінде Қытай елінде Керей, Уақтан оған қарсы бір адам

шықпаған екен. Кезінде Керей, Уак елінен балуанға түсіп жүрген Габай деген балуанды шақырса ол да шықпайты. Тұлғасы өте ірі, белдескені, жақпай қоймаған адам еді. Содан сескенді ме екен. Кейде күрескендердің мертігін қалатын кездері де болыпты. Әйтеуір, күресте атағы шығып жүрген балуанның шықпай қойғанына ел таңырқасып отыратын.

Үсен аталарының ежелгі мекені Ақсуат аумағындағы Байбалта қыстағының оңтүстік шығыс жағында Үсен обасы деген жер. Мұнда екі оба бар, тегіндегі қыстақтары сол Үсен обасының бауырында болған.

Үсеннің кейінгі ұрпақтары Қазезхан деген азамат 1991-жылдары Кокпекті ауданының «Кокпекті» совхозында тұратын.

Кегенбай бидің Қабай аталарынан Малбағар батыр да найзагер, мерген адам екен. Осы жөнінде ел аузындағы әңгімелерге назар аударсақ, заманның қиын-қыстау кезеңінде халқына қамқор бола білген ердің тұлғасын сомдауға болады.

Отызыншы жылдардағы жоқшылықта өзінің ержүректік батырлығымен, шекара жерінен өтердегі қауіп-қатерге басын тигізіп, Қытай елімен екі арада сауда-саттық орнатып, ел қамын ойлаған үлкен жүректі батыр адам болыпты.

Бір жолында Қытай еліне сауда жасамақ болып жанына Күтүсіздің Кәрібайын алып сапарға шығады. Ол жақта жұмысын бітіріп қайтып келе жатқанда қарулы солдаттар ұстап алып екеуін де әкеліп шекара түрмесіне жабады.

Күнделікті далаға серуенге шығарарда шекарашы солдаттардың бір мейрамға дайындалып жатқанын екеуі көріп, байқап жүреді екен. Бір күні мереке күні де келіп, түрлі спорттық ойындар өткізіледі. Ел бастысы жамбы ату екенін байқайды. Нысанаға қойылған жамбыны жарысқа қатынасқан бірде бір солдат атып түсіре алмайды. Малбағар өздерін күзетіп отырған солдатқа: «Осы атып жатқан жамбыларыңды мен атып түсірсем қамаудан босатар ма екен, бастықтарына барып айтшы», -депті.

Жамбыны әуреленіп түсіре алмай жатқан солдаттардың басшысына барып әлгі жағдайды айтады. Бастығы осы араға алып кел деп бұйырады. Келгеннен кейін ойын өткізуші әскердің бастығы: «жамбыны түсіре алмасаң жазаң ауыр болады»- дейді.

Малбағар оған да келіседі. Олай болса сен ең бірінші жамбыны атпайсың. Жолдасыңның басындағы тақиясын атып түсірсең жамбы атуға жіберілесің дейді. Кәрібайдың басындағы тақияны нысынаға алады.

Мұндай сайысты көрмеген солдаттар осылардың жанына келін дыықтамаасы бар ма! Айтқанындай нысанада отырған жерден Көрібайдың басындағы тақиясын еш жерін жаракаттамай ұшырып түсіріпті.

Бұған таң қалған солдаттың басшысы жамбы атуға апарады. Бүкіл солдат атып түсіре алмаған жамбыны да атып түсіріп, аман-есен еліне келген екен.

Жолда Көрібай Малбағарға: «Сен батырмын»- деп келесің ғой. Сен емес мен батырмын дейді екен. Бағанағы жерде жазатайым мен оліп кетсем сен Көрібайды солдаттар атып тастады деп үйге қайтатын едің дейді. Заставаның бастығының да тілеп тұрғаны сол еді, өздерін-өздері атып өлтірді деудің жөні келмей бір құдай аман сақтап, бір ажалдан құтылды деп қалжындайды екен.

Малбағар Молдабай балуанмен құрдас болыпты. Бір бас қосқанда жандарында Жарықбас деген құрбылары бар жоғарыдағы тағы басқа әңгімелерді айтып қызысып отырғанда Жарықбас құрбылары соны да сөз деп отырсындар ма, сол жамбыны атып түсірген Малбағар тақиясын киіп отырсын. Оны мен де атып түсірем деп елірсе керек. Өзі де боспелеу, асыра сойлеп, асыра мақтанатын адам болыпты.

Жиналып отырған көпшілік Жарықбасты да көрелік, нысана тігіп атқызалық десе керек. Сонда Жарықбас мен нысана атып өуіре болмаймын, шыдаса Малбағардың өзі шықсын деп отырып алыпты. Және бірінші кезекті маған бересіңдер депті. Қауқаулаған жұрт та, басқасы да Жарықбастың ондай өнері жоқ екенін біледі. Ақырында Жарықбасты көндіріп, бірінші кезекті Малбағарға берген екен. Малбағар Жарықбастың тақиясын атып түсіргеннен кейін, нысананы атып түсіре алмаса кезекті саған беретін едік, осымен бұл ойын түрі аяқталды деп Жарықбасты өзер қойғызыпты деседі.

Енді осы жнында отырғандардың ішінде Молдабай болса аты шығанға шыққан балуан, ал Малбағар найзагер, мерген адам. Енді жұрт Малбағарға: «Молдабай балуанмен күреске шык»- деп итермелейді.

Сонда Малбағар: «Мен Молдабайды күрестен ала алмаймын, оны жыға да алмаймын. Егер найзаласуға шығатын болса оған дайынмын»,- деп айтады.

Найзаласуға шығатын адамның еш жеріне жаракат түсірмеуге уағда беремін десе керек. Қазылар алқасы: «Егер жаракат түсірсе айып-пұлы үлкен екендігін»,- айтып түсіндіреді.

Сонымен жиналған жұрт Молдабайды қолқалайды. Молдабай балуан да біраз ойланып шықсам шығайын деп келісімін береді.

Сөйгін екеуі ат үстінде пайзалауға шығады. Малбағар бірдеңе жеріне дарығнай, бір жеңі мен екінші жеңінің ұшынан ілін алып жүрсе, қоя қойғанда Молдабай қап-қара боп түнеріп кеткен еді деседі. Өзіне келгеннен кейін Молдабай балуан ат үстіндегі сайысқа шорқақ екенін айтып мойындаған екен.

Сонымен құрбылар риза кошпен тарасып, артында осындай өңгіме қалдырыпты.

Әуел басында Малбағармен бірге жүретін Көрібайдың батырлығы, балуандығы жоқ, бірақ өте жүректі адам болыпты.

Тегінде Құрайлының қырының түсында жылқы бағады екен. Бір күні жылқы бағып жүргенде түнде қатты носер жауып, пайзағай жаркылдап, күн күркіреген соң пана іздеп бір зираттың ішіне кіріп ықтап тұрса, шашы жалбыраған біреу кеңірдектен алады-ай кеп, саскалақтаған Көрібай өзіне жабысқан адамды алып ұрып қанжығасындағы шылбырмен байлап тастап тұра береді. Таң ата жанбыр да басылады. Түнде өзіне жабысқанға караса әйел екен дейді. Зираттан шыға бере бір-екі салтатты адамдар келіп, Көрібайдан бір котерілген әйелден айырылып қалдық, көрген жоқсыз ба деп сұраса зираттың ішінде жатыр депті. Үшеулеп барып байланған шылбырын босатып алып Көрібай жөніне кеткен екен.

Осы оқиғалардың барлығын тегіндегі көне көз қариялар жыр қып айтып отыратын. Бұл тек есте қалғандары ғана ғой.

ШЕРУБАЙДЫҢ ОМАРЫ ТУРАЛЫ

Шерубайдың Омары мен Айдар Мұқыш болыстардың заман тұсы бір, бірге істеген сыйласымы күшті адамдар болыпты. Мұқыштың хатшысы Құсайын ақын екен. Барымташылар Мұқыш болыстың аулынан бір үйір жылқы айдап әкетеді.

Бірақ кім айдап әкеткенін білмейді. Сұрастыра келе жылқыларын шығыс жаққа қарай айдап кеткендігін біледі.

Сол хабарды естіген Мұқыш болыс, өзі хат танымайтын адам болса керек, жылқыларды ол жаққа айдап кетсе, Омар болысқа жөнін айтып хат жолдандар. Мал ол жаққа айдалғаны рас болса тауып айдатып жібереді деп тапсырма береді.

Осы тапсырмадан кейін Құсайын шабарманды шақыртып Омар болысқа хат жазып береді де шабарманның қолына ұстатады. Шабарман хат танымайтын адам екен, хатты алып Омар болыстың аулына тартады.

Омар болыстың аулына қоналқыға келіп жатып, таңертең Омар болыста оылып, жоғалған жылқының жағдайын айтып, хатты қолына тапсырады.

Хаттың мазмұны мынадай:

Сен Кегенбай болғанда мен Саңырық

Құлтабар атам кеткен ол қаңғырып.

Отыз жыл іздесем де ізін таппай,

Отырмын осы күнде мен далұрып,- делінген.

Шабарманның айтып отырғаны мүлде басқа әңгіме. Омар болыс ойланып, олардың іздеп келген жылқысы бұл жақта болмаса да шабарманның алдына жоғалған жылқы молшеріндеі жылқы салып беріп мынадай хат жолдайды:

Ой елі тау еліндей шебер емес,

Құлтабар іздесең де келер емес.

Жанында періштесі қолтықтап жүр,

Құлтабар балталасаң олер емес.

Шабарман жылқыны айдап келіп, Омардың жазған хатын Мұқыш болыстың қолына табыс етеді.

Құсайын болмағандықтан бір хат танытын біреуге оқытса, хат төркіні мүлде басқаша екенін түсінген Мұқыштың көңіл-күйі бұзылып, Құсайынмен ара- қатынастары өмір бойы айтарлықтай болмай кетіпті деген ел аузында әңгіме бар.

БОҚБАСАР БИ

Жанболат ішінде Сары руынан шыққан Бокбасар би кезінде Орта жүзге билік айтты дегендей «Найманның үш тобе биі» атанған атақты үш бидің бірі болған. Олар Бәйжігіт-Сасан би, Сыбан-Байғара би және Мұрын-Бокбасар би. Ол шамамен 1710-1800-жылдары өмір сүрген. Ел аузында Бокбасар айтты деген билік және даналық сөздер көп. Оның баласы Жарас та Ресейге белгілі би-болыс болған.

«Торесіз ел болмайды, тобесіз жер болмайды» дегендей ертеде қазақты торелер басқарғаны белгілі. Қазақтың күн дауында торелің құны екі қара қазақтың құнымен парапар болған. Қазақ тарихында осы әділетсіздікті алғаш қалпына келтіріп, адам құнын теңестірген Бокбасар би екен. Жалпы ол кісінің биліктерінде қара қылды қак жарған әділдік пен бұлтартпас шешендік пірімдері жиі кезігеді. Мәселен, мынандай: Ертеде бір молла, бақсы адам ауырып шақырған біреудің үйіне барады. Өзіне сырқатқа ем-дом жасаған болады. Бірақ, әлгі адам қайтыс болады. Сол күні амалсыз түнеген молланың атын қасқыр жең кетеді.

Молда кісісі олін, қайғыдан қан жұтып отырған ауылдан атышын құны және ат шапан айып даулайды. Айтатын уәжі пәленшекке ауырмын мен бұл ауығыа келмеуші едім, мұнда келмесем атымды қасқыр жемсе еді дейді. Ақыры ауыл ақсақалы мен молда Бокбасар бидің алдына жүгініске келеді. Екі жақты мүқият тыңдап алған Бокбасар молдаға қарап: «Мен сенің атына төрт бесті құн кестім, ризасың ба?», -дейді. Молда «Билігіңізге құлдық», -дейді қуанып кетіп. Сонда Бокбасар би былай деген екен:

Бір бесті құдайдан келген қазан,

Бір бесті олімге салған қазан.

Бір бесті қасқырдан тартқан жазан

Бір бестіні мін де еліңе қайт!, -дейді. Сойтіп, пайдакүнем молданы момын ауыл адамдарына жығып берген екен.

Бокбасар бидің аты бүкіл Найманға тарап, Матай, Сыбан, Тобықты елдерінің де даулы істеріне билік айтып, араласқан кезі екен. Осы кісімен танысуды мақсат еткен Қисық хан: «Тобықты мен Матай шабысса, жүгініске бізді аттап сонау жер түбінде жатқан Назар елінің биі Бокбасарға барады. Сонда мұның бізден несі артып тұр екен, корейік?», -деп бір топ жолдасымен жолға шығыпты.

Қисықтың Ажы, Қыдыр, Қараби арасында аты енді шыға бастаған қайсар, шешен жас кезі болса керек. Бокбасар биге де оның келе жатқаны туралы хабар жетіпті. Қарғыба бойында қыстауында отырған бидің аулына келген қонақтарды арнайы күтуші жігіттері бола тұрса да Боқанның үлкен ұлы Байту қарсы алып, аттан түсіреді. Мұның өзі ол кезде үлкен құрмет болып саналатын.

Кокпекті, Аяқоз саудагерлерінің тақтайлы-шатырлы үйлерін көріп жүрген Қисыққа Боқан аулының аласа там үйлері ұнамайды. Оның үстіне тұрмысы да қарапайым көрінеді.

Сәлемнен соң қай жерден іліп-шаларын білмей отырған Қисық сөз бастайды:

- Ақсақал, жөніңізді сыртыңыздан естуші едім. Енді өз аузыңыздан естуге не жетсін. «Амандық ағадан» деген атыңыз кім?, -дейді.
- Атым Бокбасар, -дейді ол бөгелместен, -елім би сайлап жүр ғой, оны өздерің естіп жүрген шығарсыңдар. Қарғыба-Базар бойын жайлаған Назардың бір баласымын.
- Тұу, ақсақал-ай, басқан жерің неткен жаман еді, сірә төрге шықпайтын шығарсыз, -депті Қисық оның атын кекетіп.
- Ей, шырағым-ай, -дейді сонда Боқан, -Сен жассың, албыртсын ғой, «атына қарамай, затына қара» дейтін бұрынғылар. Алла

деген жеміс бар, атына қарай алмай кетер ме едін? Қыдырдың сөзін сен ұстар болсаң, елің түзу жігіт таба алмағаны ма екен?,- депті. Қисық сөзден ұтылғанын мойындап:

- Ақсақал, атағыңыз бізден асып бара жатқан соң сынайын дегенім ғой, айыбымды төлеуге әзірмін,-деп биді түрегеп құшақтаған екен.

Бокбасар бидің мұндай тапқыр сөздері мен әділ биліктері көп-ақ, бірақ кезінде ешкім жинамағандықтан, ел аузында ұмытыла бастаған. Дана бидің даналық сөздерін жинау да келесі ұрпақтың ісі болмақ.

САСАН БИ

Өз заманында қара қылды қак жарған әділдігімен, шешендігімен аты шыққан, халқының береке-бірлігін ойлап, жоғын жоқтаған Орта жүзге аты әйгілі Тоғас елінің биі Сасан би туралы әңгімелер ел аузында көп тараған.

Көнеқоз қариялардың естелігінде Сасан би Абайдың әкесі Құнанбаймен тұстас болғандығы туралы деректер айтылады.

Сасанның бойындағы қасиет оның бала кезінде-ақ аңғарылыпты. Ел аузында мынандай бір аңыз-әңгіме сақталыпты: Ертеректе арғы бетте (осы күнгі Қытай жерінде) үлкен той болады. Сол тойдағы ат бәйгесіне 360 сәйгүлік қосылыпты. Тоғас руының бір тармағы Шерубай ішінде Таута деген кісі өзінің Аққұла деген атын жаратып, осы тойда бәйгеге қосады. Атқа 12 жастағы Сасан мініп шабатын болады. Сол кезде Таутаның жасы алпыста екен. Таута апарған киіз үйінің төріне бәйге атты байлап, Сасан екеуі босағада күзетіп жатады. Той иесі қалмақтың бір сыншысын алдыртып, өзі жарысқа қосқалы отырған Ақбоз бәйгесін және басқа аттарды аралатып сынатты. Сонда әлгі сыншы: «Бірінші мына ат келеді», -деп Таутаның Аққұласын көрсетіпті. - Осы жолы атыңыз бәйгеден келмейді,-депті той иесіне. Бұл сөзден байдың орекіп тұрған көңілі су сепкендей бөсендеп қалады. Қызғаныш оты ішін өртеген бай енді Аққұла атты бәйгеден бірінші келтірмеудің амалын іздестіреді. Ат шабатын күні алдын-ала қастандық жасау үшін өзінің жасырын адамдарын орта жолға қойғызады. Тосып тұрған қарақшылар бірінші болып Сасан мінген Аққұла ат, байдың аты оның артынан ілесе күйрық тістесіп келе жатқанын көреді. Олар Сасан мінген атты ұстап, бала қанша жалынса да айналдырып, жібермей бөгейді. Келе жатқан аттардың көбі отіп болғаннан кейін енді бәйгеден келе алмас деп босатады. Бағанадан шыдамай тұрған тұлпар күстай ұшып топ соңынан жөнеп береді. Аттарды бірінен соң бірін кейін қалдырған Аққұла алда

келе жатқан екі атқа да тақпа, үшінші болып алдыңғы қатарға ілінеді. Бірінші байдың Ақбозы, екінші болып кешегі қалмақ сыншысы айтқандай Ақбөрте ат келе жатады. Осы кезде бала Сасан ұлы бабасының атын атап «Найман! Найман!» деп айқайлап, ұран салып, атқа қамшы басады. Кібіртіктеп, болдырып келе жатқан Ақбөртенің қасынан өте бере қамшымен Сасан бала салып өтеді. Сөйтіп алдағы екі бөйгені де басып озады. Осы тойда Сасан мінген Аққұла бірінші болып бөйгеден келеді. Ақбөрте ат екінші, байдың аты үшінші болып келген екен. Содан бастап шабандоз бала Сасанның есімі ел арасына тарай бастапты.

Қазақтың тұңғыш ағартушы ғалымы, саяхатшысы Шоқан Уәлихановтың еңбектерінде, Тоғас еліне Сасан бидің билік еткені, бидің өз ортасында өте беделді адам екендігі туралы жазылған көрінеді.

Кезінде орыс патшасы Николай Көкшетау қаласында қазақтың 60 биін жинап, оларға сый-саяпат көрсетіп, Ресейге қосылу жөнінде ұсыныс жасамақшы болған деседі. Сонда Сасан би «... біз орысқа бодан бола алмаймыз»-деп бармай қалған көрінеді. Әйтседе жиынға барған билерге жасаған сыйын орыс патшасы Сасанға да жасайды. Сасан биге деген оқалы шапанды Құнанбай мен Ақтайлақ биден беріп жібереді. Сөйтіп патша ағзамның тапсырмасын орындау үшін аталмыш екеу Сасан би ауылын бетке алады. Олар ауылға таяп қалғанда тезек теріп жүрген Сасанды көріп, бір мұқатпақшы болып:

- Биеке, тезек теріп жүргеніңіз қалай?-деп мысқылдайды. Сонда сөзге өте шебер Сасан би:

- Өзі жүйірік, өзі жорға-
Құлын-тайдың белгісі,
Түзде сері, үйде күл-

Ер жігіттің белгісі – деп бірден жауап берген екен. Сөзден жеңілген екеу шапанды дереу тапсырып қонақжай ауылда бірер күн аялдайды. Бүгінде сол шапан Алматы қаласында тұратын Сасан бидің алтыншы ұрпағы Мақыбайұлы Қабақұлдың баласы Жарқынның үйінде сақтаулы деіді.

Сасан бидің бойында туа біткен қасиеттері көп болған: от ауызды, орақ тілді шешендігімен, алдағы күнді болжағыштығымен, ел қамын ойлаған көсемдігімен, әділдігімен аты аңызға айналған қасиетті баба есімін мәңгі есте сақтау мақсатында Құмкөл ауылындағы бұрынғы М.И.Калинин атындағы орта мектепке Сасан бидің аты берілген болатын.

Би атаның кейінгі ұрпақтары болып келетін Кенжин Тоқтарбек пен Сахариев Мұқандар аудан экономикасына сүбелі үлес қосып келе жатқан ауданымыздың қорнекті азаматтарының бірі болып саналады.

ТАНА МЫРЗА

Тана мырза Тілемісұлы туралы газеттерде жарияланған деректер әртүрлі сыр шертеді. Бұл, әсіресе, оның дүниеге келген, қайтыс болған жылдарына тікелей байланысты. Тана мырзаны жазғандар бір деректе 1803-жылы туып, 1876-жылы 73 жаста дүниеден озды десе, екінші біреулер 1790-1863-жылдары өмір сүрген дейді. Ал, енді Тана мырзаның зиратындағы құлпытаста 1803-1868-жылдар деп жазылған.

Тана мырза туралы жарияланған кейбір деректерде Тана мырза әкесі Тілемістен жалғыз еді делінген.

Ал, Тана мырзаның немерелес туыстары болып келетін Ғабділуақаптың айтуы бойынша Тілемістен Қожамсейіт, Есенгелді, Тана, Айымқожа деген төрт ұл болды дейді.

Осылардың ішінде зерек, тілге шешен, ел ішінде көзге түскені де Тана болған. Тілемістің ұлдары: Қожамсейіттен Торайғыр, Жанторы, Есенгелдіден Қоқаш, Мәулінберді, Танадан Омар, Омардан Тілепалды туады делінген. Тілеміс балаларының қазірде бәрінің ұрпақтары бар.

Тана мырза дүниеге келерде әкесі Тілеміс түс көреді. Түсінде ошағына жәй түсіп, шаңырағынан шығып кетеді. Осы бір қорқынышты түстен шошыған Тілеміс бүктүсіп жатып қалады. Бірақ белін бекем буып, сол кезде жасы тоқсанға таяп қалған Жанболаттың бір табы Сары руынан шыққан атақты би Бокбасарға түсін жорытуға барады. Аты Тана болады екен, көкірегі дана болады екен деген сөзді Бокбасар би айтады. Біреулер түсті жорушы Мырзас Шәкі би дейді. Одан гөрі Бокбасардың айтқаны шындыққа келеді. Себебі, бір Жанболаттың баласы болғандықтан, Жанай мен Сары бір-біріне қоныстас отырады. Түсті қай би жорыса да бәрібір Тананың дана болып тууы ақиқат. Тана мырзаның әкесі Тілеміс өз руының ақылды да дәулетті, өз ортасында сыйлы адам болған. Содан да болар Тана өз кезінде заман ағымын аңғарып, алдын болжай білетін, зеректігімен де замандастарының алдыңғы қатарынан көрінген.

Оның үстіне Қарқаралының аға сұлтаны болған атақты Құнанбай қажының замандасы, әрі құрдасы. Ал Құнанбайдың құрдасы дейтін себебіміз, оның немере қызы Тектіге Құнанбайдың бір баласы Ысқақ үйленген, одан ұлы Абайдың өлеңдерін тұңғыш бастырушы Кәкітай туады. Өзі де ақыл мен ғибратқа бай Құнанбай Тана мырзаны қатты сыйлаған. Әкесі Өскенбайдың асын басқаруы да сол сыйластықтың бір белгісі іспеттес.

Бір заманда қатар өмір сүрген екі дала билеушісінің мінезінің кесектігі де, шешендігі мен көсемдігі де, елді басқарудағы айла-амалы да ,

абырой-беделі де, мырзалығы да, байлық саятанаты да осал болмаған анық. Олай болса, заманда екі алыштың өзара байланысы, бәсек тартысы да болғандығы айқын.

Тана мырза өмірі туралы мәлімет берсек, ол кісі «қарадын шығып хан болды» деп дәріптелген Тобықтының Құнанбайы, Кенженің Қисығы сияқты аға сұлтандық жойылғаннан кейін болыс болған, Жоғары лауазымға қолы жетумен қатар кезінде елін мәдениетке үндеп мешіт салғызып, мектеп ашып, ағартушылық бағыт ұстаған. Халықты опер-білімге, оқуға үйреткен тарихи тұлға.

Заманында үш бірдей мешіт ашқан. Тана мырзаның бұл ісі Меккеге барып қажы атанғанмен бірдей екен. Ертіс өзенінен он шақырым қашықтықтағы жотаға салған мешіттен екі медресе ашып, онда қазақша, ноғайша – екі тілде мектеп ашуы осыны көрсетеді. Сол медреселерге Арқадан, Қазаннан адамдар іздеп келіп, балаларын оқытқан. Осы медреседен оқып шыққан көптеген қыр балалары кейіннен өз елдеріне барып, өз аулының балаларын да оқытып хат танытқан.

Көкпекті өңірінде қазақ балаларына арнап тұңғыш мектеп салдырған да Тана мырза. Мектеп салатын маманды сонау Петербургтен алдырған. Шорға өңіріне Ақмектеп деген атпен әйгілі болған бұл мектептің орны әлі бар. Бұл өңірдегі тұңғыш мектептің ашылу тарихы да Тана мырза есімімен тікелей байланысты. Ұлтының болашағын ойлаған бабамыз, ұрпақ азбауын ойлап, рухани азық іздегенде мұсылман дінінен тірек тапқаны анық. Өйткені, бір Жанай руының өзінен 21 қажы шығуы да, сол Тана мырза өнегесінің өміршеңдігін танытады. Мырзаның немере інісі арап, парсы, түркі тілдерін жетік білген Қоқаш Есенгелдіұлы қажыға 2 рет барып, Қазан қаласынан 1901-жылы «Найман» шежіресі мен 1905-жылы «Фибратнама» деген кітаптар шығарып, артына әдеби тарихи бағалы мұра қалдырған адам.

Тана мырза сырт көзге аса сымбатты, сегіз қырлы, бір сырлы дегендей онерпаз болған. Ол мерген, қылыштасу онерін жете меңгерген, ат үстінде сайысқа да мықты болған. Қазақтың домбырасымен қоса орыстың скрипкасында да шебер ойнай білген, үйінде пианиносы болған. Бұл оның жан-жақты, аса білімдар адам екенін көрсетеді.

Азан шақырып қойылған атына халық берген мырза аты ұдайы қоса айтылатын Тана мырза Мұрын елінің ең беделді биі болған.

Кедей-кепшікке аса қайырымды, мейірімді, қолы ашық болғандықтан, оның есімі құрғана Тана емес, Тана мырза деп аталатын болған. Қаракерей-Мұрынды былай қойып, қолы ашық мырзалығы жағынан Танамен теңдесетін адам Арғын-Найманнан асып Орта жүзде сирек болған.

Енді біраз пікір Тананың әрісі Қаракерей, берісі Мұрынның сан мың жылқы айдаған байларынан ерекше дараланып «Тана мырза» аталуында болмақ. Бұған дейін жарық көрген кітаптардың бәрінде де Танаға мырза деген атақты татарлар берді. Татар тілінде «мырза» деген сөз «асыл текті, ақсүйек» дегенді білдіреді деседі. Біздіңше бұл ұшқарылау айтылған пікір.

Мырза деген қазақ тілінде ежелден бар сөз. Қолы ашық, жоқ-жітікке көмектесуге келгенде дүниенің бетіне карамайтын адамдарды қазақ «мырза» деп атаған.

Кошпенділердің ұғымынша, «мырза» деген сөз «жомарттың» екінші баламасы. Мәселен, аты аңызға айналған Атымтай жомарт отырықты түрік халықтарына кеңінен тараса, Тана секілді мырзалар кошпенділердің еңшісіне кобірек тиетін секілді.

Кезінде Тана Тілемісұлы қазақтың екі ірі көршісі Ресей мен Қытайға кеңінен танымал болған беделді билердің бірі. Лепсі аймағының Шұбарағаш деген жерінде өткен Орыс-Қытай шекарасы туралы комиссияның мүшесі болған. 1858-жылы екі алып елдің шекара болісінде беделді де білікті екі елдің өкімет комиссия мүшелерімен бірге аса маңызды құжатқа қол қойған. Әйгілі саяхатшы, Шоканның досы Г.Потанин Алтай мен Тарбағатай тауларының флорасы мен фаунасын зерттегенде Тана мырза сапарлас болып, Қытайдың Шәуешек қаласына дейін барып қайтады.

Тана Тілемісұлы 1833-жылы, яғни орда бұзар 30 жасында поручик шенін алған. Бұған қоса патшадан Анна лентасымен алтын медаль, алтын оқалы тон киген. Тана мырза үздіксіз ел басқарған. Ол 1842-жылдың 10-желтоқсанынан 1854-жылдың 24-желтоқсанына дейін Назар-Мұрын болысының билеушісі болды. Демек, ол болыстық қызметке үздіксіз он екі жыл бойына сайланған. 1846-жылғы санақ бойынша осы болыста 14 ауыл, 1744 үй, 5827 адам болған.

Мал санын атасақ 20295 жылқы, 2729 сиыр, 112019 қой-ешкі өсірілген. Басқа түлікке қарағанда Тана басқарған болыста жылқы малының көп болуы оның мырзалығын асқақтата түссе керек.

Тана мырзаның қазақтың басқа болыстарынан бірнеше өзіне тән ерекшеліктері болған. Ғасырлар бойы мал шаруашылығынан басқаны білмеген қазақты суармалы жерлерді игеріп, егіншілікке баулыған. Мәселен, 1831- жылдың күзінде Тана болысына қарасты дихандар бір ғана Семей қаласының базарына 10 мың пұт астық сатқан.

Бір айта кететін мәселе Тана Мырза: «Мықтылары сөз айтса шұлғып бас ізей беретін» шенқұмар болыстардың қатарында болмаған. Ресей патшалығының мінездемесінде Танаға «... тез ашуланғыш, батыл әрі

мырза адам. Бірақ саяси жағынан сеніміздеу» деп жазылған. Сен Ресей патшалығы Танаға «саяси жағынан сеніміздеу» деп неге күдіктеніп қарап отыр?

Жанболаттың бір баласы Тоқабайдан шыққан Қожакелді батырды казак-орыстардың атып өлтіргені тарихтан белгілі. Атақты «Біржан-Сара айтысында» Сараның аузымен айтылатын мынандай бір олен жолдары бар:

Найманда Қаракерей, Сыбан, Мұрын,
Жеті ата Жолымбетке күйған нұрын.
Шерубай, Тана мырза, ер Тәукебай,
Қай казак сөз бастаған одан бұрын?

Осы оленде келтірілген Шерубай, Тана мырза, ер Тәукебайлардың бәрі де, кезінде Қожакелді батырдың құнын Ресей патшалығынан аянбай дауласқан Мұрын елінің серкелері еді. Сондықтан бұл үшеуінің қай-қайсысы болсын Қытай мен Ресейдің ортасында орналасқан Мұрын-Бәйжігіт елінің соңынан ертіп екі алыптың қай өзіне жағымдысына қарай аунай салуы әбден мүмкін. Мұны жете түсінген Ресейдің саясаты жоғарыдағы ел басшыларын алдап-сулап ұстауға тырысты. Тіпті, көнбегендердің көзін жойып жіберген. Мәселен, ер Тәукебайды Кокпектіге алдап шақырып алып, үзңгісіне у жағып өлтірген. Тарихи деректерге жүгінер болсақ, 1859-жылғы сайлауда Кокпекті дуанының аға сұлтандығына екі кандидатура ұсынылған. Біреуі Тана мырза Тілемісұлы, екіншісі Әлхан Тілеуберді баласы. Тілеуберді кезінде Петербург сенатына мүше болып қазақтарды «орыс патшалығына бодан болуға» белсенді үгіт жүргізген кісі. Баласы Әлхан Кокпекті приказында кеңсесінде тілмаш қызметін атқарған. Орысша жетік білгендіктен ұлықтармен қоян-қолтық жақын жүрген адам. Шар салғанда дауыс жағынан Тана мырза басым түссе де, орыс ұлықтары аға сұлтандыққа Әлиханды өткізген. Себебі, Ресей өкіметіне халыққа беделді, тым бірбеткей, тез ашуланғыш Танадан гөрі әкесі Тілеубердіден бастап «орыс бодандығына» жанталаса қызмет жасап жүрген Әлханның аға сұлтан болуы тиімді еді.

Дәл осы Тана мырзаның басындағы жағдай халқымыздың тұңғыш ағартушы ғалымы Шоқан Уәлихановтың басында да болған. Қараоткел дуанында да аға сұлтандыққа Шоқан емес Ерден Сандыбайұлы өткен еді. Бұл жағдай патша өкіметінің талантты ғалымға жасаған үлкен қиянаты болды.

Абайдың балаң жігіт шағы, 15-16 жасында әкесі Құнанбай қажы жанына ертіп Найман еліне, оның ішінде Тана ауылына сапар шегеді. Ол жер осы күні Кокпекті ауданына қарасты Тана мешіті деп аталатын жер

болса керек. Құнанбай сапарының мақсаты Кокпекті округінің аға сұлтандығына сайлауда жеңіліс тапқан Танаға медеу сөз айту және үлкен құрылыс салдырып жатқан Тана мырзаға қошамет көрсету еді. Тананың сол кезде жасы Абаймен шамалас Тұржан деген қызы болған. Ол талшыбықтай бұралған өте көркем сұлулығымен көз тартты. Жеңелері оның киылған қасына қарап «Қаламқас» деп атаған. Екі жас Абай мен Тұржан осы жолы бірін-бірі қатты ұнатқан. Қосылуға тағдыр жазбаған екі жас бірін-бірі өмір бойы армандаумен өткен. Ұлы Абай «Айттым сәлем, Қаламқас» өлеңімен сырлы әнін осы Тұржанға арнап жазды деген аңыздың астарында шындық та бар екені анық.

Осы жайдан кейін оң жақта отырыңқырап қалған Тұржан (Қаламқас) Сыбан ішіндегі Быжы-Токтар дейтұғын сарт ауылына тұрмысқа шығады. Қыстауы бүгінгі Жарма ауданының «Жарма» кеңшарына қарасты «Әнжан» тауының бауырында, зираты да сонда. Өзінен ұрпақ қалмаған.

Ұлы Абайды жас кезінде ойландырған, толғандырған, мұңға да, сырға да батырған, бүкіл ғұмырына жетерлік шабытына қанат бітірген, өміріне өшпестей із қалдырған ән падишасы «Айттым сәлем, Қаламқас» Тұржанға арналған ғой.

Тана мырза Тілеміс ұлының даналығы, ақылдылығы, халыққа жасаған жақсылығы туарлы айта берсек әңгіме аңыздар топтамасы өте көп. Соның барлығын жинақтап кітап етіп шығару кейінгі ұрпақтың үлесі болмақ.

АЛАШ ПЕРЗЕНТІ **(Бияхмет Сәрсенұлы хақында)**

Қазақтың білімді, талантты адамдарының ішінде Жүсіпбек Аймауытов, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаевтармен үзеңгілес, бірге жұмыс істеген, осы арыстардың жарық көрген жинақтары мен бес арыс кітабында Бияхмет Сәрсенұлының аты ара кідік аталғанымен қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы сіңірген еңбектері мен аты ұмытылып барады.

Бияхметті туғызған елі жалаң атын естіп қана қоймай, басынан кешірген өмірін білуге де ынтық болатындығы сөзсіз. Білгенімше, бала күннен бергі өмірін қысқаша айтып өткенді жөн көрдім. Бияхмет Сәрсенұлы 1885-жылы Семей облысы, Зайсан уезі, Нарын болысы, қазіргі Ақсуат өңірінің Жылытау аталатын Сарыбұлақ бойындағы

Мұстафа қорасының батыс жағын ала орналасқан «Шегедес» мекенінде дүниеге келген.

Сүйегі Найман Қаракерей, оның ішінде Байыс тармағы тарайтын Жолымбет, одан Назар ішінде Жанболат елі болып келеді. Бергідегі аталары Жанболаттан шыққан Тоқабай ішінде Жомарт баласы Кегенбай ұрпақтарынан тарайды. Кегенбай ішінде Есенғұл, одан Арғын, одан Сәрсен, Сәрсеннен Шегедеск туады.

Шегедектен Шарахмет, Жанахмет, Бірахмет, Қалел, Бияхмет, Дәлел, Салық есімді ұлдары, Жәния есімді бір қызы болған.

Салықтан Бағлан, Ерлан, Дәлел, Мұрат, Әлібек есімді ұлдары, Рая, Ләйлә (Ләкә), Құралай, Дариға есімді қыздары бар.

Жанахметтен Әлімхан есімді ұлы, Нағима есімді қызы болған. Әлімханның Әміртай, Әміртай есімді ұлдары, Майра, Зайра есімді қыздары бар.

Бияхмет Сәрсенұлы Хасенқызы Бануға үйленген. Әйелінің мамандығы фельдшер, руы Мырзас ішінде Бекетші болады. Бияхмет Сәрсенұлының зайыбы Банудан Ғалихан есімді бір ұлы, үш қызы болады. Үш қызы да қайтыс болып, Ғалихан деген ұлы үш жасында әкесінен жетім қалады. Бияхмет қайтыс болғаннан кейін әйелі Бану Қаратаев Қалнаскармен тұрмыс құрып кетеді (күйеуінің сүйегі Жанбике болып келеді). Қаратаев Қалнаскардың Нұраскар деген інісі болған. Ұлы Отан соғысы жылдарына дейін болған адам, кейіннен қайтыс болды.

Шегедектің, бәйбішесі Қасиеттен көрген 8 баласы бар, көкірек көзі ояу, білікті адам болған. Қарауындағы балаларын оқытуға зер салып, зор көңіл болген жанұя. Дәулетті, игілікті іске жұмсай білген отағасының ұлдары Бияхмет, Дәлел, Жанахмет, Салық, қызы Нағима өз замандарына лайық білім алып, кейінде туған халқына адал қызмет істеген зиялы азаматтар болып өткендігі бір отбасы үшін аз абырой болмаса керек.

Қазан төңкерісінен бұрын патша өкіметі тұсында Бияхмет Сәрсенұлы өз қаражатымен Нарын болысында алғашқы Бияхмет атындағы бастауыш мектепті ашып, Жанахмет Сәрсенұлының сабақ бергендігі туралы жазушы Сұлтанмахмұт Торайғыров мақаласында көрініс тапқан.

Сәрсенов Дәлел Төлебаев университетін бітіріп, заң саласынан докторлықты қорғаған, Орта Азия мемлекеттік университетінде профессор болып жұмыс істеген. Дәлел Сәрсенов өзі бітірген Төлебаев университетінің адам дәрігері факультетін бітірген Күтүмова Ғалия деген қызға үйленген, мамандығы бойынша дәрігер-гинеколог. Кейіннен жоғарғы санаттағы дәрігер-гинеколог деген атақ беріліп, өмірінің ақырына дейін Орта Азия медицина университетінде доцент болып

жұмыс істеген. Бұлар Ташкент қаласында сәулетті салынған мекен-жайында енесі Күтүмовамен бірге тұрды. Әкесі сол қаладағы ауқатты адамдардың бірі болған. Кезінде сталиндік қысымның әсеріне қарамастан, 1925-26-жылдары Ташкент қаласынан өз қаражаты есебінен қазақтың педагогикалық институтын ашады. Институтқа Семейден, Оңтүстік Қазақстаннан, жергілікті жерден, Батыс Қазақстан облысындағы жастардан студенттер қабылдап оқытып, білім беріп шығарады.

Ташкенттің архивтік құжаттарында сақталған 1925-26 оқу жылдарында қырықтан астам студенттермен Дәлелдің бірге түскен фотосуреті сақталған көрінеді. Соның ішінде сол институтты бітірген бір адам 88 жастағы академик, қазірде Москва қаласында тұрады. Сол фото қалалық мұражайда сақталыпты.

Дәлел атымен аталып келген институт Ұлы Отан соғысына дейін өмір сүріп келіп таратылды.

Сәрсенов Дәлел 1932-жылы 4-желтоқсанда дүние салып, 1932-жылы 6-желтоқсанда Ташкент қаласында жерленді. Дәлелдің мезгілсіз қазасына жоғары оқу орнының студенттері, институттың оқытушылары мен профессор-докторлары, алыстағы ел-жұрты, туған-туыскандары, дос-жарандары қатты қайғырып, қаза тұтты. Қатынасқандар қосылған қосағы Ғалияның аза тұтуы срекше көзге түскен еді деседі. Лек-легімен қоштасқан елдің қарасы толастамағандығы, қазақ халқы үшін орны толмайтын қаза екендігінің көрінісі еді дейді қоштасқандар.

Артынан бірнеше жылдан соң сүйіп қосылған зайыбы Ғалия да қайтыс болады. Жесір жүрген кезінде жазушы Мұхтар Әуезов те өзіне тұрмысқа шығу жөніндегі махаббат сезімін білдірсе де келісімін бермеген еді дейді Дәлелдің інісі Ғалихан.

Әкесі Шегедек, шешесі Қасиеттің қарауында болған кенже ұлы Салық болатын. Қасиет аналары қай қырынан алып қараса да өте ақылды, мейірбан, ағайын арасына дәнекер, берекенің адамы болыпты. Оның үстіне бала оқытып, балаларының көкірек көзін ашқан, ана тәрбиесі нәтижесінде балаларының да еңбегі жанып, халық игілігіне жұмыс істеуді мұрат еткен ойлы азаматтар болып өскендігі осы кісінің еңбегінің нәтижесі болса керек. Тек қолындағы ұлының ғана емес, Арғын аталарының үш әйелінің кіндігінен өрбіп өскен (Байрақ, Сүйінбай, Боқбай, Көшекбай, Шеңгелбай) ұрпақтарының да басын қосып ұстап, өздеріне біткен мыңнан астам жылқы, бірнеше мың қой, түйе, сиыр малдарын игілікті мақсаттарға тауып ұстауда, қолдағы малдан өнім алып, оны өткізу мен жүзеге асырып ұқсата білуде, қарауындағы малды жаз жайлауы мен қыс қыстауына қоныстандыруды,

т.б. шаруашылық жұмыстарын басқаруды да Шегедек ақсақалмен қоса отырып өзі басқарған көрінеді.

Шегдеқұлы Салық ақсақал да семинариялық білім алған, ел ішінде беделді, қабілетті адам болған. Бармын деп аспаған, жоқпын деп саспаған, ескіше де, жаңаша да білімі бар, көп құрметіне бөленген өте қарапайым адам болды. Молдалар бас қосқан жерде көп мәселеде молдалардың аузын аштырмайтын. Жаңашаға келгенде өзіміздің әдебиетімізді айтпағанда Бальзак, Шекспир, Гете, Байрон шығармаларынан оқығандарын айтып, тәржімалап отыратын. Осы кісімен кейде бір әңгіме үстінде кезігіп қалғанда мен мынадай бір әдеби кітаптар оқып жүрмін деп айтуға да жасқанатынбыз. Жоғары оқу орнына түсіп оқымағанымен, сырттай оқуы мол, білері көп, ақылды адам еді. Кейде ел ішінде ауқатты тұрмыс, байлық жөнінде сөз болғанда Сөкең (Кенже аға деп атаушы едік): «Байлық жолдас емес, оқу оқып білімдерінді көтеріндер, басыңды сөйлет, ішер асың болсын, денсаулығыңды сақтай біл, бір киер киімің мен жақсы жатар орның болсын, халқыңа қалтқысыз қызмет етіп, адал бол, камкор бола біл – байлық деген осы», - дейтін.

Бәйбішесі Бижамал да ауқатты, текті жерден шыққан, тұрмыс құрарда мінгізген атына күміс білезік тағып мініп келген. Бағлан, Ерлан сияқты ұл, Рая, Ләкә, Құралай, Дариға сияқты алтын асықтай қыз өсірген, қиындыққа жасымайтын, төзімді, ұлағатты аналарымыздың бірі болды, өз қолынан ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немерелерінің қызығын корді. «Қартың болса үйіңде, жазып қойған хатпен тең» дегендей өткен-кеткен әңгімені нақышына келтіре айтып отыратын, өмірден білетіні көп, бейнетті де, зейнетті де, ащының да, тұшының да дәмін татқан көнекөз қария ретінде әлі де ағайын, ел арасына дәнекер, балаларына басшы болып жүргенде 2002 жылдың күзінде қайтыс болып, Сөкеңнің жанынан мәңгілікке орын алды.

Отызыншы жылдардағы репрессияға ұшырап, о дүниелік болып кетсе де Бияхмет Сәрсенұлы да өзінің мұраттас достарымен бірге ауызға ілінеді. Оның атына да ұлтшыл, алашордашыл, байшыл таңбалары тағылғаннан бастап, ел ішіндегі атарман-шабармандардың ел арасына салған іріткісі аз болған жоқ. Сондықтан да Сәрсен ұрпақтарының қудалауға түсіп, жер ауып, абақтыға жабылып, оқудан шығарылып, шырғаланға ұрынған ұзаққа созылған жылдар осы кезден басталып еді. Ендігі әңгімені әкесінен үш жасында жетім қалған жалғыз ұлы Фалиханнан басталық.

Фалихан Бияхметұлы Сәрсенов өмірбаяны бойынша 1918-жылдың 17-шілдесінде күндізгі сағат 12-де Семей облысына қарасты Кокпекті

ауығы болыстық басқармасы бастығының жанұясында дүниеге келген. Әкесі сол кезде Семейдегі семинарияны бітіріп келген орыс тілі маманы болған.

Ғалихан: «Әкемнің дүниеден отер алдында есімде қалғаны мені жалғыз ұлы болғандықтан ба екен өте жақсы қоретіндігін, туыстарына мені қамқорлықтарына алып, оқытып, еңбекке үйретуге тәрбиелеуді, келешекте білімді де, білікті адам болып шығып, халқына пайда әкелетіндей қызмет етуге көмек жасауды тапсырып кеткені кішкене бала болсам да әлі есімде тұрады,» - деп айтады.- Алайда, менің өмір жолым оңай болып шықпады. Өмір жолым өте күрделі, 1925-жылдан бастап Ұлы Отан соғысы аяқталған 1945-жылдары аралығы мен үшін азапты жылдар болды. Бірақ, осы жылдар арасында ұшқыштар дайындайтын Тамбов училищенде оқыған 1937-39-жылдар арасындағы үш жылды ойыма түсірсем, теориялық жағынан алған «өте жақсымен» бағаланған үлгерімдерім, «У-2» типті, «УТ-1-2» самоләті, атакты жеңіл ұшып бомбалайтын барлаушы «У-5» самоләті, жойғыш «МИГ-3», «И-16», «Лавочкин» және «Туполев» самоләттерінде ұшып самғаған күндерім есіме түскенде, жастық шағымның шаттық күндері де ойға оралады.

Тамбов ұшақ училищесін бітірерде менің қуанышым су сепкендей болды. Өзіміздің қандас Семейлік қазақ ағайындарымыздың мені алашорда тұқымының баласы деп жеткізген хабарының салдарынан басқаны былай қойғанда, азаматтық авиацияға да жібермеді. Дипломымды да бермеді. Бұл училищеден тауым шағылғаннан кейін Қаз КИЖ-дің журналистика факультетіне түсіп, ақырғы курсы енді бітіремін деп тұрған жылымда, тағы да жеткізілген сөз тасушылардың хабарымен мойындағы қорлық таңбасының әлі де алынбауынан оқудан шығарып тастады.

Суға кеткен тал қармайды дегендей, амалым таусылып, не істерімді білмей жүргенде, осы тұста жарияланған КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығы бойынша жоғарғы оқу орындарындағы басқа да жат бағытты болып келгендердің де балалары оқуларын одан әрі жалғастыруға болады дегенді бетке ұстап бір жылдық мұғалімдер даярлайтын институтты бітіріп алуға әрең қолым жетті. Оны бітірген соң Семей облысы Жарма ауданына қарасты Ақжал кенішінде тарих және жағрапия пәнінен беретін мұғалім болып жұмыс істедім.

Алайда, менің көкейімді тескен арман – ол мойнымдағы тағылған таңбаны алғызу еді. Ол үшін не істеуім керек? Кеңес еліне опасыздықпен шабуыл жасаған қас дұшпан неміс-фашист

баскыншылары аңқан сұрапыл соғысқа сұранып, ерікті армия қазіргі де кету болды. Кеңес елінің бейбіт өмірі мен еңбегіне суық қолын сүзген баскыншыларға қарсы майданға аттануға белді бекем байлап, оның үстіне өзімнің әскери оқуда алған теория жүзіндегі соғысты басқару білімімді, әр түрлі самолеттерде ұшқан кезімдегі әдіс-айлаларымды баскыншылармен соғыста кек алу мақсатында неміс ұшқыштарына қарсы тойтарыс беріп, шайқас ашуға барғым келетіндігін білдіріп, КСРО Қорғаныс министріне бірнеше рет хат жолдадым. Менің көптен күткен хатыма тегіндегі өзім оқыған Тамбов училищесінің бастығы, генерал-полковник Волкан Семенович Гарановтың араласуымен, өз тілегіммен майданға алу туралы арызымды қанағаттандырған қуанышты күнге де қолым жетті.

Бұрынғы өзім оқыған Тамбов училищесін бітірген ұшқыштар ретінде Оренбург әскери бөлімі (восный комиссариат) арқылы Ақтобе қаласының бас аэропортына азаматтық авиацияның ұшқышы ретінде жіберді. Бұл аэропорт Қорғаныс Министріне қарасты даңқы шыққан, ерекше тапсырмаларды атқаратын, жартылай әскери азаматтық ұшақ орны болатын».

Неміс баскыншыларының әуе шабуылына шығатын жойғыш «Мессершмидт», «Хундерт-7» самолеттеріне тойтарыс беретін, «М-17» моторлы, «Р-5» жойғыш жау авиациясымен айкасатын ұшқыр бомбалау самолеттерінен құрылған топта, кейде жойғыш самолеттер эскадрильясында жұмыс істеді. Бұлар түнді бетке алып ұшып «Ф-1-2» ракеталарын алып ұшатын құпия самолет орындарын бомбалап, жойып отырған. Бұл жойылған объектілер Голландия мен Франция жағалауларынан 35 км, Голландия мен Англия арасындағы өткелдер мен Паде-Калеге және Францияға 65 км жердегі, 9 балға дейін күшті теңіз дауылы көтеріліп, көрленсе, өршелене тасып жатқан кезде, балықшы кемелері мен ірі тоннажды кемелерді су түбіне әкетіп жататын Ла-Манш бұғазының солтүстік жағалары еді.

Ғалихан «Р-5» самолетін басқарып ұшуды төтенше меңгерген, дыбыс үнін бәсеңдетіп түнде де, күндіз де ұша алатын мейлінше бейім ұшқыш ретінде де, штурман да, бортрадист те, өз осінен 360⁰-қа айналатын пулеметте де, жойғыш жау әскерінің самолеттеріне тойтарыс беретін атқыш та болып істеген. Самолетпен ұшуда екінші пилоттың правосы бар, 260 рет ұшқаннан кейін капитан атағы дәрежесіне көтеріледі.

Кезекті бомбалау барысында Англия мемлекетіне қарсы қойылған жау жағының 9 ракетасын жойып жібереді. Оның ессесіне Англия мемлекетінен ок-дәрі, дәрі-дәрмек алып, қайтар жолында немістердің

жергілікті жерді бомбалайтын «Юнкерс-88» самолеттерінен, сүңгуір қайықтардың шабуылынан қорғау мақсатында Англия жағалауларымен Дубр қаласы және Падескале Бұғазына дейін қарсы шабуылдан құтқару мақсатында шығарып салып отыратын көрінеді.

1942-жылғы 15-қарашада үш самолеттер звеносымен шыққан кезекті әуе шабуылында Емдскідегі, Голландияның жарты аралы тұсындағы немістердің әскери объектілерін түнгі бомбалау барысында, бомбалаушы самолеттерге қарсы түнгі сағат үш жарымда әуе шабуылына бағытталған күшті жарық шашатын прожекторлардың қуалай түсірген жарығымен шағылыстыра отырып, жерден 3-4 миллиметрлік батареяның стволдары арқылы атқылаған жау зеңбіректерінің оқтары бастаушы екі самолетті жойып жібереді. Ғалихан басқарып ұшып келе жатқан самолеттің батарея-зеңбірек оғы құйрық жағындағы қанатын тесіп өтіп, көптеген тетіктерін істен шығарып, самолетті басқару тетігінен айырады. Алдыңғы канаттарының көмсігімен әзер теңселіп, ілбіп ұшып келе жатқан, әрі қарай ұшуға мүмкіндігі болмағандықтан, 4 сағаттан кейін бақылаушы-ұшқыштың нұсқауымен самолетті қондырады да, опыр-топыр болып тік келген құлама кезеңнің беткейіндегі жартастың үстіне түсіп самолет екіге қалып қалады.

Зенит артиллериясының оғынан бортрадист пен бортмеханик сол жерде дүние салады. Атқыш Юрий Степанов үш жерден оқ тиген ауыр жаралы күйінде түседі. Жарасы асқынғандықтан екі сағаттан кейін қайтыс болады, ұшқыш-штурман екеуі оны да жерлейді. Марқұм жеті бомбамен жаудың ротаға жуық күзетшілерін, 7 самолетін, «СР-1», «СР-2» боеголовкалы ракетасы сақталған 9 қоймасын жойып жіберген нағыз батыр москвалық азамат еді. Көзі тірі болса Кеңестер Одағының Батыры атағына лайық нағыз ерлердің бірі болар еді,-дейді Ғалекен.

Самолет жарылып, майдандас достарымызбен мәңгілік қоштасып, борша-боршамыз шығып, тілім-тілім болып немістердің қолына түспеу мақсатында Нидерланды еліне қашып келе жатқанда, қасымдағы досым абайсызда сымтемір қоршаудағы темір торға оралып, жан дауысы шығып, жан тәсілім береді. Сөйтсем, қоршаудың өн бойына электр тогы жүргізілген екен. Ақыры, майдандас досым штурманнан да осылай айырылып, не көмек жасауға келмей, не қолдан қойып, топырақ салу рәсіміне де келмей дүниеден өтті. Тағдырға не шара, нені болса да көреді екенсің де көнеді екенсің,-дейді Ғалекен. – Тағы қай жерде, қандай ажал күтіп тұр екен деген ойда мұң, жүректе сыз, тартылған тор бойын жағалап, оңтүстікті бетке алып жүріп келемін. Кешкі сағат 7 кезінде тордың ар жағында үйілген мая көрінді. Тұтқынға түсіп қалмау мақсатында сол көрініп тұрған маяға барып жатып демалып, келесі күнгі

жүріске күш жіппен алу туралы алдамшы ой пайда болды. Көп ойлап отырмай, кешкі сағат 9 кезінде, ымырт үйіріліп, қас қарайған мөңгіде тордың тартылған астын қырып, 1-2 метрге дейін қазып көрсем бір жақ бұрышында дөңгелек мыс қорапты мина көрінді. Енді екінші жағын қазғанда да осындай мина шықты. Екеуін де алып қазылған шұңқырдың жанына қойдым. Мөлшері тартылған сымның он бойына осындай мишалар көмілгендігі байқалады.

Ендігі жерде тартылған сым денеге тимейтіндей болған қауіпсіз жағдайға келгенде, қазған шұңқырды сағалап еңбектеп отіп, жер бауырлай жылжып, әбден шаршап қалжыраған бетте сабан маяны терсеңірек үнгіп барып, жатып қалсам ұйықтап қалыппын. Бір уақытта алыстан естілген қораз дауысты дыбыстан оянып кетіп ойлансам, үш самолеттің экипажынан қалай жалғыз қалғандығыма таң-тамаша болып, тіпті өз ойыма күмән келтіргендей де болдым. Ұйықтап жатқанда түсімде Семейде оқу оқып жүрген оқушы кезімде Семейден Аяқоз станциясы арқылы Тарбағатайды басып Қызылтас бойындағы бір қазақ ауылына келіп қонып, қуырдаққа тойып жатқанымызда жанымыздағы екі москвалық орыс жігіттері үй ішіндегі бүргеге шыдай алмай бұлғын ішіктеріне оранып алып, суықта түнімен далада міңгірлеп өлең айтып, таулы даланың өте қатал қысының аязына шыдай алмай бейберекеті кетіп, жол өкінішіне қалғандығы бар болатын. Сол оқиға түсіме енгенде, әй, осы менің тағдырым да әлдеқалай болар сенен?-деп, көкіректе шер, жүрек қобалжып, фашистердің қолынан қаза табамын ба сен, болмаса тұтқынға алынып азап тартар ма екем?-деген ой мазалай берді. Осындай ойлар мазалады не, мазаламады не, бас қорғайтын жалғыз серік қолымдағы нағаннан басқа дөңгелек жоқ. Түнімен қолымды нағанның шаппа механизмінен саусағымды да босатпай ұстап жаттым. Таңертен маядан шығып кез келген қауіпті жағдайда нағанның ілгек шаппасын басып қаламын деген саусағым қарысып қалыпты. Маядан шығарда жан-жағыма қарасам жаңа шығып келе жатқан күннің шапағына бөленген бойы екі метрге жуық егістік, таңғажайып таза ауасы мұрынды жаратын кең дала алқабы көздің жауын алады. Қаншама сауысқандай сақтықпен қарасам да лезде кенеттен кірпік қағып, көзді ашып-жұмғанша екі иығымнан баса қалған зіл батпан алақанның салмағын сезгенде, қолымдағы нағанның аузын қайда бағыттарымды білмей, қалшыып қатып қалып, қақпанға түскен тұлкідей болғанымды бірақ сезіндім.

Еңгезердей, екі метр бойы бар, кең иықты адамның шенгелінде тұрсам да маған жылы шыраймен күлімсірей қараған пішіні мені

қысылтып, тынышсыздандырғандай сезіндірді, бірақ біраздан кейін мен де өзіме өзім келіп, денем үйір бола бастады.

Әлгі иығымнан басып тұрған еңгезердей адам бұрылып жүзбе-жүз келгенде, күлімсіреп, менің басымдағы фуражканы алып, маған мандайындағы қызыл жұлдызын көрсетіп, өзінің киіп жүрген былғары плащының өңірін ашып, кителінің жағасына тағылған самолет белгісін көрсетіп, шаттаныңқырап күліп, менің иығымнан екі рет қағып «гуд» дегенде кісен бұғаудан босағандай, жаным жадырай бастады. Енді маған таза неміс тілінде сөйлеп, ыммен айтып та түсіндіріп жатыр. Мен оны былай да ұғып тұрмын. Ол осы араның жергілікті шаруа адамы екенін, салынған маялар мен егістік жер де осылардікі екенін айтып түсіндіріп жатыр. Осыдан кейін мені тұрған жерімізден онша алыс емес жуық жерде салынған он шақты үйге алып келді. Осы үйлерге алып келе жатқан бетте абайсызда әлде нендей қауіптер күтіп тұр ма екен деген ойлар да естен шықпайды.

Үйлердің барлығы да черепицамен жабылған, өте таза, тып-тыныш жатқан ел сияқты көрінді. Осы салынған үйлердің екінші үйіне тақай бергенде екі бүлдіршіндей қыз бен әйел алдымыздан шықты. Үйдің жанына келгенде егде тартқан бүкірлеу кемпірдің балаларын қарсы алғандағы күлкісі ұлының күлкісінің пішініне ұқсағандай болды. Үйіне кіріп жайғасқаннан кейін маған жарты литрлік кружкамен бір кружка қою сүт алып келіп ұсынды, оны ішіп алдым. Ендігі жердегі бұларға деген қорқыныш сезім мен шүбәлануым тарағандай болды. Менің айналамдағының барлығы да жылы шырай көрсетіп, күліп, іштеріне тарта бастады.

Менің киіп отырған формамды көрсетіп, қолымен аспанды нұсқап, біздің өткен түнде немістерді бомбалағанымызды, соған байланысты немістердің кегін алу мақсатында біздің самолеттерді атып түсіргендегі әрекетімізді, андаусыздағы абайсыздық оқиғалардың барлығын көріп, түнде түстеріңс кіргендерін жырдай етіп айтып берді.

Осы әңгіме соңынан түскі тағам да дайын болды. Түскі тағам үш түрлі ас түрінен (блюдодан) жасалыпты, бірінші ірі қара етінен жасалған сорпа (бульон), екінші пісіріп езген картопқа (пюресі) пісірілген ет, сәбіз, капуста, сарымсақ салынған, үшінші пудинг (үн немесе күрішке жұмыртқа қосқан, арахис, жүзім араластырылған тағам). Неге екенін кім білсін, бірінші берген тағамдарында нан болмады.

Бір сағаттан кейін ақ таблетка қосылған кофе (тегі таблетка қант орнына салынған болар), бутерброд, сыр мен жұқа тілінген нан қойылды.

Тағам ішіп болғаннан кейін ауылдағы 60-қа жуық еркек, онда бала-шағаны жинап алып келіп, менің қалай аман қалғандығымды айтып түсіндіріп жатыр. Мен де немістермен жүргізген айқастарымды, сонда көрсетілген ерліктермен қатар әлі де тойтарыс алатындығын айтқанымда, барлығы да жылы шырай көрсетіп күліп, өздері неміс басқыншыларының зұлымдығын айтып, көршілес жатқан елдер Францияға, Данияға, Нидерландыға, Бельгияға және Италия мен Испанияға маза бермей отырған арам ниеттерін айтып түсіндіріп жатыр.

Екі күннен кейін жұпыны киінген, басында шляпасы бар, велосипедке мінген екі азамат келді. Олар маған өздерін Голландия коммунистік партиясының өкілдері екенін, “Wurchet” немесе «Правда» газетінен екендіктерін айтып таныстырды. Олар менің қолыма «Анс-ванс» немесе жалған паспорт пен куәлік берді. Абайлап қарасам мені қабылдаған үй қожасы Утрехт қаласына барып, тиісті орындарға хабарлап, біздің жағдайымыз туралы егжей-тегжейлі айтқан сияқты. Біздің Нидерланд маңындағы ұрыстарымызбен де хабардар екені белгілі болды. Ең бастысы біз Нидерланд корольдығын неміс-фашист басқыншыларынан азат ету мен бостандық әперу жолындағы күрескерлер екенімізге де толық көздері жеткендіктен де, қамқорлыққа алуының басты себебі де осы деп ұғынған жөн, егер жау деп қарағанда жағдайдың да басқаша болатыны сөзсіз еді.

Нидерланды Коммунистік партиясының 1919-жылдың 17-қарашасында құрылып, НКП 1919-жылы Коммунистік Интернационалға кіргендігін, II дүние жүзілік соғыста Нидерланд мемлекетінің бейтараптық жариялағанына қарамастан, 1940-жылы екі жүзділікпен шабуыл жасап, басып алғандығын, Корольдық Үкіметтің Ұлыбританияға эмиграцияға кетіп, НКП астыртын жұмысқа көшіп, қарсыласу қозғалысын ұйымдастырғаны туралы, эмиграциядағы үкіметтің тұңғыш рет КСРО-мен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқандығы жайында да хабардар болдым.

Менің қожайынымның барып қайтқан Утрехт қаласы Амстердам мен дүние жүзіндегі ең ірі порт орналасқан Роттерд қаласынан кейінгі үшінші қала екен.

Утрехт қаласында тегінде Нидерландының королі тұрып, неміс-фашист басқыншылары опасыздықпен соғыс ашқан жылдары корольдің әскерлері он күн бойына соғысып, немістің тегеурінді техникасына төзе алмай, король осы ұрыста уланған оқтан бір қолынан айырылып, өз самолетімен Англияға ұшып кеткен көрінеді. Мінс, осындай тарихы бар қалаға апару үшін маған Утрехт қаласының тұрғыны, индонезиялық Хассен-Али деген құжат даярлап берді. Құжатпен қоса мініп жүруім

арнайы велосипед берді. Велосипедке мінгізіп көріп, меңгеріп жүре алатындығымды коргенде таңқалғандары бар емес пе!

Сөйтіп, 1942-жылы 17-қарашада күндізгі сағат 4-те мені іздеп келген кісілермен өзіме берілген велосипедіммен бірге ілесіп жүріп кеттім. Ілесіп келе жатқанда солармен бейнебір тегіннен бірге жүрген адамдардай жүріп келемін.

Біз жолға шығарда жерде қар да жоқ, күн 22⁰-қа дейін жылы болды. Жолға шығар алдында, маған костюм кигізіп, бетімді өзгертіп бояп, басыма шляпа, көзіме қара көзілдірік кигізіп, индонезиялық азаматқа нұсқамды келтіріп, өздерінің күтушісі ретінде ертіп келеді.

Бір-екі жерде немістердің қарауыл постыларынан өткенде, маған берілген фотосурет басылған куәлігімді көрсетіп отырдым. Сәтті боялғаны сонша, ешқайсысы шүбә келтірмеді. Сөйтіп, кешкі сағат 6-да Реймстан электричкаға отырып бет алған үлкен қаламызға да келіп жеттік. Кешкі сағат 8-де маған қолайлы екі бөлмелі үй берді. Осы берілген үйге жайланып орналасып болғаннан кейін, осы қаланың тұрғыны болдым да кеттім. Осыдан кейін мені бірден Қызыл Крест қоғамының есебіне алып киіммен, тамақпен қамтамасыз етіп тұрды.

Құпия жұмыстар жөніндегі іс атқаратын журналист атымен редакцияның 6-7 метр тереңдікте орналасқан баспаханасында неміс тілінде әріп тергіш қызметіне орналасып та кеттім.

Әріп теру жұмысы біріншіден қара маймен, жұмыс істеу қолайсыздау, жиіркеніштілеу болса, екінші жағынан алғанда өте ауыр еңбекті керек ететін жұмыс болды. Осы тұстағы басқыншылар режиміне қарсы тұратын барлаушылыққа қатыспай аман қалғаным ол да көңілге қонарлық жай еді. Оған қарағанда, баспаханада жұмыс істеп, әріп теруді қиындық деп санауға да болмайды.

Бір жарым ай жұмыс істей келе қызметтес адамдармен таныса бастадым. Бізбен бірге жұмыс істейтін аға журналистің негізгі мамандығы медицина ғылымының докторы, осы жердегі ең бай аталатын индонезиялық халықтың 140 мыңнан аса халқын аузына қаратқан бірінен кейін бірі 300 жыл басқарып келген патша әулетінің тұқымынан шыққан адам екен.

Енді осы қыздың маған кездескен сайын шексіз құмарлана қарауы, оның үстіне сұлулығы мен сымбаттылығы, сүмбіл шашы мен алма мойыны, ұзын кірпіктері арасынан маған мөлдіреп қараған көзі, нәзік белі мен пісте мұрыны, бал шырынды сөзі мен ақ қағаздай кіршіксіз аққұба жүзі, кең маңдайы мен сымбатты тал шыбықтай бойы, жібек мінезі бар ақ сұңқардың ойда жоқта жан-жағымнан аумен тартқандай тоқтатпай өзіне еріксіз баурап әкеткен еді,-дейді Фалекен.

Табиғатында байдан гөрі кедей, жарлы-жақыбайларға жақсы қарап, қамқорлық жасайтын адам көрінеді. Қала халқының басым көпшілігіне өзіне қарасты қызметкерлері арқылы азық-түлік, товар таратып беріп тұрады екен.

Жоғарыдағы айтылған қыздың жүрек жылуынан орын алған көңіл еріксізден осы қаланың орталығындағы екі тәжілі 26 пәтерлік лағыл тастан салынған үйінде тұруға тура келді. Бұл үй дем алу мен қонақ қабылдауға арналған үй көрінеді. Амстердамдағы қызмет орны да электр поезімен төрт жарым сағат жүріп баратын үлкен қызмет сарайы ретінде салынған (Елисейский дворец) ғимарат екен. Бұл ғимарат теңіздің арғы жағалауынан келетін елдердің де өкілдерін қабылдайтын көрінеді.

Осы үйде бірге тұра келе корольдың қызы Иокемен үйленетін болып келісіп, күйсе бала болуға тура келді. Бір айта кетер жайт күйеу жігіт болуға ата-анасының ризашылығын алып қызбен келіскенімде, олардың діни сенімдері бойынша қосылатын екі адамның сүйіспеншілігі тұрақталып, толық бекігенше қызға тиісуге болмайтын көрінеді. Егер бұл шарттары бұзылған жағдайда, оның үстіне басқа елдің азаматына кететін қыз Алланың көріне ұшырап, ажал ажыратады деген діни сенімге саяды екен.

Сөйтіп, осы қосылатын қызыммен 1943-жылы Рим папасы басқаратын шіркеулік ұйымға барып некемізді қиғанша бірге тұрдық та, 1943-жылы 2-қаңтарда некеміз қиылып, Иоке екеуміз сол күннен бастап үйлі-баранды болдық. Католиктік дін ұстаушы адамның ұйғарымы бойынша менің әйелім Иоко сол күні мұсылмандық дінді қабылдады да, сол күннен бастап бірге тұрдық. 1944-жылы Варшаваны азат еткен күні менің ұлым Хорат дүниеге келді. 1944-жылы 2-сәуірде неміс-фашист басқыншыларынан Голландия мемлекеті азат етілді. Рим папасының хабарлауы бойынша бұрынғы Голландияның королі жүрек параличінен қайтыс болады.

1945-жылы 15-сәуірде Иоканың апайы Виннамина Нидерландының королі болады (коронованная Папой Римским в г. Риме).

Өз өмірімдегі көрген қызығым мен қамсыз уақытым осы болса да, туған жерге оралу еш ойдан шықпады. Өз елімдегі ауыр тұрмысты сезе тұрсам да, өзім сүйіп қосылған жарымды алып кеткім келді. Сол мақсатта туыстарынан рұхсат сұрадым. Туған-туыстары Иоканы басқа елдің азаматшасы болып кетуіне келісім бермейтіндігін, өз басымның елге оралуыма қарсы емес сендіктерін мүмкіндік болған жағдайда жанұяма қайта оралуымды қалайтындықтарын жасырмай ортаға салды.

Жанұямызбен бірге откізіп жатқан және жақсы өмірімізді де тастап кету онайға соққан жоқ. Бірақ та шеттегі ешқандай жақсы өмір тұған жерді алмастыра алмайтындығына ешқандай шек келтіруге болмайтындығына көзім анық жетті.

Сонымен туыстарымның өз басыма елге оралуға қарсылығы болмағандықтан, сол жердің жергілікті жерінің Орталық Коммунистік партиясынан, корольдыктан, «Правда» газетінің редакторынан, жергілікті жердегі неміс-фашист басқыншыларына қарсы күресуші ұйымның орталығынан елге оралуға рұқсат етілген құжаттар алып, 1945-жылы 18-тамызда Кеңестер елінің зонасынан отерде шет елден өз еліме оралғандығым үшін түрмеге алындым. Елге әкеле жатқан Голландия ақшасының құнымен есептегенде 2 миллион гулденнің мүлкі түгелдей тәркіленді. Жоғарыдағы берілген рұқсат құжаттарды ұсынудың нәтижесінде өз басымды түрмеден әзер босатты. «Байтал түгіл бас қайғы» дегендей дүниені қойып, басымды зорға сауғаладым.

Елге оралғанша біраз уақыт Польша мемлекетінде тұруға тура келді. Осы мемлекетте жүрген кезімде өзіммен бірге әскер қатарында болған ұшқышты кездестіріп, туысымды осы арадан тапқандай болдым.

Осы кездесуімізден кейін жолдасымның ақылы бойынша үйге келіп-кетіп араласып жүрдім. Досымнан басымнан өткен оқиғаны да жасырғам жоқ. Кей күндері ұзақ та сырласып отыратын күндеріміз болды. Сол бір сырласуда жолдасым Голландиядан күдерінді үз. Өз басың аман-есен болып, елінді тапсаң үлкен олжа болар деген ойын да жасырмай айтып жүрді. Елге рұқсат алып жүріп кету сәті де тез арада түсе қоймады.

Сөйтіп, біраз уақыт өткен соң, менің салт жүрген өміріме жаны ашыды ма екен, кім білсін, тағы да бір күні бас қосып әңгімелесіп отырғанымызда: «Біз қанды қырғын соғыста бүкіл жолдастарымыз оліп, оның ішінде екеуміз ажал аузынап қалған бақытты жандармыз деп санаймын. Сол сұрапыл ауыр күндерде сүйегіміз шашылып, бұл өмірді қору үміті де болмайтын сәттерді де бастан кешірдік, ол өзіммен кетсін, ендігі өмірдің жақсы отуін де естен шығармаған жөн. Мына сенің осы жалғыз жүріп жатқан өмірің де менің жанымға қатты батады. Сен жалғыз жүрмей тұрмыс құруың керек, осы арадан қалайда жалғыз кетпей үйленіп кетудің қамын ойлағаның жөн»,-деді. Енді тағы да бір үйіне келіп әңгімелесіп отырғанда «немесе әлі жалғыз тұрып жатырсың ба, жоқ әлде бір оқиға серік болар адам таптың ба?»-деп сұрағанда, мен: «Бұл арада кімді танимын, салт атты, сабау қамшылы жалғыз адамға кім қызың бере қояды»,-дедім. Осы сөзден кейін жолдасым көп ойланыпқырап отырып: «Оның да рас, бірақ осы әңгімені бастаған өзім

едім, алайда, мен өз ортаммен тои пінікен екем, оны да мойындаған жоқ. Мен осы өңімені өзім бастап өз сөзімді өзім жұтып, сені еліңнен аздақ жүргенде мазақпағандай болмайын, менің қазір тұрмыс құрмағы 5 қарындасым бар, бірақ біздің салтымызда қыз баланы жасына қарай тұрмысқа шығуға байланысты шаруаларды үйретіп дайындайды. Үй болудың қам-қарекетін, жолдасымен қарым-қатынаста болуды біледі деген кезде тұрмыс құруына рүкеат береді. Осы бесеуінің үшеуін тұрмыс құруына болады деп отырмыз, төртіншісі де осы салтымызға байланысты тәрбие көруде, ал бесінші кенже қызды тұрмыс құрамын десе де бермейміз. Ойлан, жүрек қалауың білесін, ұнатқаныңа ағасы болсам да жеңгетайлық жасауға дайынмын»,-деді. Осыдан кейін не айтарымды білмей, ойланайын деп қонақ үйіне қайтып кеттім. Шындығында ешқайсысына да үйлену ойым болмаған еді. Жолдасымның осындай ақжарқын көңіл, ақ пейілмен айтылып отырған сөзін жерге тастау да қиынға соқты. Енді үйіне бара қалсам, сұрай қалса не айтам деген де ой мазалай берді. Ары ойланып, бері ойланып, қой кенже қарындасын аламын десем бермейтін шығар, осымен осы өңгімеге де нүкте қойылатын шығар деп ой қорыттым. Достың үйіне бармай тұратын емес, бір күні үйіне барғанымда, тағы да жеке отырғанымызда осы өңгіме туралы сөз болғанда, кенже қарындастарына қосылғым келеді дегенді айттым. Жолдасым Ғалихан, сен қателестің деді. Ол саған жолдас бола алмайды. Өйткені, ол семья болу тәрбиесін де алған жоқ. Оның үстіне ана қыздар тұрғанда, оны тұрмысқа беру салтымызда жоқ деді. Алайда қанды қойлек досым болғандықтан, осы қағидалардың барлығын бұзып, саған жар табуға қызмет етуге тура келіп отыр. Бағыңа қарай қорерсің, жауабың келесі келгеніңде күт дегенді айтты да, сол күнгі өңгіме желісі осымен аяқталды. Қонақ үйге қайтар жолда да, үйге келген соң да осымен бұл шаруа тиянақталған шығар деген ойда болдым. Егер қарындасын маған тұрмысқа шығуға қондіре қалғанда не айтамын деген күдік те болғанын жасыруға болмайды.

Енді бір үйіне келіп өңгімелескенде, Ғалихан, сенің бұйымтайыңды бүкіл өдет-ғұрпымызды бұзып, саған жар болуға қарындасымның келісімін алдық дегенде, не айтарымды білмей отырып қалдым. Шегінетін жер болмады, ақыры Аня деген қарындасына тойымызды жасап үйлендік. Үйленгеннен кейін көп кешікпей 1946-жылдың қарашасында Семей облысына қарасты Аякөз ауданына келіп жұмысқа да орналастық. Амал нешік, содан бастап Аякөздің КГБ-сіне тергеуші алындық. Нидерландының королінің қызына қалай үйлендің? Шемлекет азаматшасымен қалай тұрдың? Бұл жаққа отудегі мақсаты

қалай? Шет елдегі тыңшылық қызметтің қай жағындасың? Қойшы өйтеуір, неше түрлі сұрақтар мен жауап-тергеулерден көзім ашылмады. ақырында бұл жерде тұрып жұмыс істеуге мүмкіндік болмай, басқа республикаға кетуге тура келді.

Сөйтіп, осы қосылған әйелім Алия екеуміз Түркменияда, Кавказда, Өзбекстанда болған қиын да ауыр жылдардағы қиындыққа толы өмірді бірге өткіздік. Кейінгі жылдары Шымкент қаласына келіп тұрақтанып, басында жер алып, уақытыша отыратын үй салып, соңынан Аняның екі апайы 18 мың сом ақшалай көмек жасап, 10 мың сом қарыз ақша алып үйі салып алдық.

Осы жердің 26, 21, 42-мектептерінде 25 жылдай неміс, француз пәндерінен беретін мұғалім болып жұмыс істейді. Осы жұмысымен қоса Оңтүстік Қазақстан облысынан шығатын газеттің журналист-тілшісі болып қызмет атқарады. Осы үйленген полячка әйелінен (ауылда Айша деп атап кеткен көрінеді) Алик, Юрий, Валера есімді ұлдары болады.

Ғалихан Шымкент қаласындағы 42-мектептен ардагер мұғалімдер қатарында құрметпен зейнеткерлікке шығады. Құрметпен зейнеткерлікке шығарып салу салтанатты кешінде мектеп директоры Н.Әлімжанов: Мектеппен бүгін қоштасқалы отырған Ғалекең ағай алпыс жылдық өмірінің қырық жылға жуығын халық ағарту саласында еңбек етіп, жас ұрпақтарға саналы тәрбие, сапалы білім беру жолына қалтқысыз арнады. Ол Ұлы Отан соғысына дейін де жауды жеңіп келгеннен кейін де өзінің сүйікті мамандығы бойынша жұмыс істеді. КСРО ордендерімен, медальдарымен марапатталған абзал жан. Балаларға шет тілінен сабақ берді, мінсіз қызмет атқарды, - деді.

Ғалекеңнен білім алған көптеген жігіттер мен қыздар бұл күндері өз ұстазының жолын қуып, шет тілдер институттарын бітіріп мектептерде жұмыс істеп жүр. Олардың арасында 3, 21-мектептерде шет тілінен сабақ беретін Мағфуза Мәуленкүлова мен Манзура Назароваларды және басқаларды мақтан тұтамыз,- деп Оңтүстік қазақстан облыстық газетінің кезекті бір номерінде жазылған көрінеді. Ғ.Сәрсеновке оқушылардың гүл шоқтарын сыйлап тұрған кезде суретті түсірген фотосуретші Х.Ибрагимов деп жазылған. Осындай ғұмыр кешкен Ғалекеңнің Айшасы зейнеткерлікке шыққаннан кейін сал ауруымен ауырып, Юрка деген ұлын алып, Москваға емделуге кетеді. Одан әрі емделу үшін Петроградқа барып тұрып қалады. Ғалиханның қолында қалған екі ұлы Алик пен Валера қайтыс болады. Содан бері Ғалекең өмірін жалғыз өткізуде.

Тағдырға не шара, Кеңестер Одағы тұсында жат ел, жат жер Голландияда жүргенде өзі сүйіп қосылған, дәулетті өмірге қолын

жеткізген бәйбішесі Нока мен одан туған Хоратты көруге мүмкіндік арасындағы темір каппа мүмкіндік бермесе, енді көруге мүмкіндік болған кезде, жалғыздық пен екі нықтан батпандай болып басқан жұтаң тіршілік өмірі жібермей намыс кернесе, жолдан дос көңілімен тағдыр қосқан тоқалы Айшаның жарымжан халының өле дұрысталады. Міне дұрысталады, әлі-ақ Юрка екеуміз үйге ораламыз деп жылда үміттендіріп келе жатқан мүшкіл жайы үміт пен өкінішке толы өмірде қиналыспен тіршілік етіп, 78-ден асып 80-ге аяқ басқан шағында Шымкент қаласында өмір сүріп жатқан Ғалекен трагедиясы осындай. Өткен күндерінен ескерткіш ретінде қалған Иоканың апайы Нидерланды мемлекетінің королевасы болған Вишампаның фотосуреті сақталған көрінеді.

Ғалиханды оқудан шығарған кезде Алаш тұқымдары ретінде Жанахмет балалары Әлімхан политехникалық институтта оқып жүргенде түрмеге алынып, жоғарғы оқу орнының физика-математика факультетінде оқытып апайы Нағиманы институттан шығарып жібереді.

Кейіннен дүниенің алмасып арнаға түсуіне байланысты Нағима жоғары оқу орнын бітіріп, Көкшетау облысының аудандарында орта мектептерде мұғалима, кейіннен мектеп директоры, ауданның бірінші хатшысы, өмірінің ақырғы кезеңдерінде Көкшетау облыстық атқару комитетінің орынбасары, облыс депутаты, Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің депутаты болған адам.

Дүниеден озған жері де сол Көкшетау облысы болды. Бауыры Әліхан жазалау мерзімін өтеп келгеннен кейін Шұбартау ауданында, кейіннен туған жері Ақсуат ауданында өмірінің ақырғы күндеріне дейін жер бөлімі басқармасының бастығы болды.

Қай жерде болмасын халықтың сый-құрметіне бөленген білімді, өмірден көрген тәжірибесі мол қарапайым, кішіпейіл, дос-жаран, туған-туысқандарына камқор адам еді. Пәни өмірден бақилыққа осы өзінің кіндік кескен жері Ақсуат ауданында аттанды. Осыншама күрделі өмірдің кейіпкері болған Ғалиханның әкесі Бияхмет Сәрсенұлының өмір жолына тоқтала кетуді жөн көрдім.

Тағдыры күрделі, жүріп өткен тарихи жолы бұралаң қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігі жолында сонау патша заманында аянбай күрес жүргізген, өзінің саналы қысқа ғұмырын қазақ ұлтының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы қасиетті қызметке бағыштаған Бияхмет Сәрсенов та сол ұмыт болған аяулы азаматтарымыздың бірі.

Жастайынан орысша оқып, сауат ашқан Бияхмет оқуға зерек, білімге құштар болып өсті. Ол 1905-жылы Семей қаласындағы мұғалімдер семинариясының даярлық бөліміне түсіп, 1909-жылы

атаған семинарияның толық курсын өзімен сабақтас болған 19 еуроналық шәкірттердің арасында үздік үлгерім көрсетіп, бітіріл шықты. Ол, әсіресе, математика пәнінен ерекше үздік оқып, ұстаздарының назарына ілінеді. Семинарияны бітіргеннен кейін туған еліне оралған Бияхмет әуелде ауыл мектебінде мұғалім болып қызмет етеді. Оның өз қолымен 1917-жылы жазылған архив құжаттарының бірінде «Семинарияны бітіргеннен кейін 5 жыл педагогтық қызметте, 3 жыл қоғамдық қызметте болды» деп көрсетілген (Ф.Р – 13-98, оп-1, 154).

Ол мұғалімдік қызметінде ел жақсыларына сүйсініп, мектебі жоқ ауылдарда шағын-шағын мектеп ашуға, талапты, сауаты бар жастарын қалаларға жіберіп оқытуға күш-жігерін жұмсады. Әр түрлі оқу орындарында білім алып жүрген шәкірттердің қаражаты жоқтарына жылу жинап жіберіп тұрды. Аз ғана ұстаздық еткен жылдарында Бияхмет Сәрсенов жүздеген баланың сауатын ашумен бірге олардың ары қарай оқуына да қолдан келгенінше жәрдем көрсетті. Соның арқасында Ақсуат өңірінің талай жас өспірімі кейін білімді, білікті азаматтар болып шықты.

Жергілікті патша әкімшілігінің ел билеу істеріндегі әділетсіздіктері мен заңсыздықтарына сын көзбен қарай білген Бияхмет осы салада бағын сынап, сайлауда болыстыққа шарға түсіп, болыс болып та сайланды.

Білім-білігін ел билеуге жұмсап, әділеттілік жолын ұстады. Ұлы Абай ұстаған әділетті билік арқылы ел тентегін тыйып, халықтың тұрмыс жағдайын түзетуге қызмет етті. Бияхмет бұл қызметте де ерекше іскерлік танытып, ел құрметіне бөленді.

Бияхмет ел билеу қызметінде жүргенде де халық ағарту ісін ойынан шығарған емес. Қайта ол билікті ұтымды пайдалана отырып, болыс көлемінде мектептер ашуға, оларға құрал-жабдықтар тауып беруге, мұқтаж оқушыларға қаражат-қаржы жинауға барынша қол үшін беріп жәрдемдесіп отырды.

Алайда, отаршылдық саясатқа негізделген патшалық ел билеу жүйесі іскер де талапты Бияхметтің талай рет тауын шағып, үмітін де үзді. Көбінде алға қойған келелі жоспарлары мен арманды ойлары жүзеге аспай қалып жатты. Оның үстіне мұрнының ұшынан басқа алысты көрмейтін кейбір ел пысықтарынан етекбастылықты, бақастықты да көрді. Олардың кейбіреулері баламызды шоқындырды деп қанды қайнатса, кейбір ел тентегі қырына алды деп оң ісін теріс жорыды.

Бияхмет Сәрсенов 1917-жылғы революция тұсында Семей қаласында арнайы қызметке шақырылып, жаңадан құрылған Семей облыстық қазақ комитетіне мүше болып сайланып, Павлодар уезінде жергілікті комитеттер құруға басшылық етті.

Ол Алаш қозғалысының Семей облыстық құрылтайында Орынбор қаласында 1917-жылы 5-13-желтоқсан күндерінде өтетін жалпы қазақ съезіне делегат болып сайланды. Алаш қозғалысының осы съезінде ол Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Елдес Омаров, Телжан Шонановтармен бірге жаңа құрылған оқу комиссиясы құрамына сайланды. Бұл қызметте ол қыр-сыры өзіне таныс оқу-ағарту саласының ұйымдастыру, практикалық шаруашылық жұмыстарының тізгінін ұстады. Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев қазақ мектептері үшін оқулықтар жазумен шұғылданса, Бияхмет, Елдес, Телжан қазақ облыстарында оқу ісін ұйымдастыру, жер-жерде мектептер ашу, оларды кезекті құрал-жабдықтармен жабдықтау, шәкірттер мен мұғалімдердің тұрмыстық-әлеуметтік мұқтаждарын шешу сияқты елеулі істерді практикалық тұрғыда жүзеге асыру жолында қызмет істеді.

1919-жылы аз уақыт Семей облыстық земство басқармасында халық ағарту бөлімінің қазақ бөлімшесін басқарған Бияхмет Сәрсенов облыс көлеміндегі қазақ мектептерінің хал-жайына баса көңіл аударып, аумалы-тоқпелі жылдың қиыншылықтарына қарамастан, оқуға ынталы қазақ балаларын әр сатыдағы оқу орындарына орналастыру, мұқтаж оқулықтармен, қаражатпен қамтамасыз ету сияқты игілікті істердің басы-қасында болды. Бұл қызметте де айтарлықтай игілікті іс тындырған іскер Бияхмет сонымен бірге Семейде жаңадан ашылған мұғалімдер курсына, өзі білім алған мұғалімдер семинариясында оқушыларға әр түрлі пәннен дәріс етіп, ұстаздық қызметті қоса атқарды.

Осы уақыттарда оның елдегі саяси ахуал мен мемлекет жағдайы жөнінде қазақ қауымына түсінік бере жазылған сан-сала тақырыптағы мақалалары мен шағын хабарлары «Қазақ», «Сарыарқа» газетінде жарияланып тұрды. Оның «Сарыарқа» газетінде жарияланған: «Автономия кеңесі», «Біріккен елде береке», «Азық-түлік», «Россияда осы күнде зор мәселе – азық-түлік», т.б. мақалалары мен хабарлары дер кезінде жазылуымен құнды. Әсіресе оның көрсендік танытып, аумалы-төкпелі Азамат соғысы тұсында халықтың ашаршылыққа ұрынбай аман отуіне насихат етіп жазған азық-түлік мәселесі турасында ой-пікірлері ерекше зор. Қазақ қауымын 1920-1921-жылдары ашаршылық тырнағынан аман алып қалу шараларын ертерек ойға алып, іске кіріскендігі байқалады.

Қазақстанда Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, ол Республика астанасы Орынбор қаласына арнайы қызметке шақырылды. Алғашында соғыс комиссариатында саяси білім беретін білім жұмысын басқарып, соңынан халық ағарту комиссары Ахмет Байтұрсыновтың ұсынысымен оқу комиссариатына ауысып, комиссариат коллегиясының мүшесі, әлеуметтік тәрбие бөлімінің бастығы, мектеп бөлімінің меңгерушісі сияқты жоғары лауазымды абыройлы қызмет атқара жүріп, Орынбор мұғалімдер курсына студенттерге лекция оқып, ұстаздық етті. Ол осы уақыттарда Ахмет Байтұрсыновтың серіктес, мұраттас жақсы інілерінің бірі бола жүріп, Республикадағы оқу-ағарту ісінің іскер ұйымдастырушысы белгілі қайраткері ретінде жұртшылыққа кеңінен танылып, зиялы қауым мен қарапайым халық арасында зор беделге ие болды. Кейінде ол туралы орыс зиялысы Авдеев: Бияхмет Сәрсенов қазақтың алғашқы кеңестік мектептер мен әр түрлі қысқа мерзімді курстарды ашуға, мектеп-интернат үйлерін салуға, жабдықтауға орасан зор еңбек етті, тіпті, қазақ өлкесіндегі алғашқы әскери оқу орындарын ашып, жабдықтауға да, оның қажымас күш-жігері, іскерлігі керек болды,-деп жазды.

Ал ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров «Таныстыру» деген поэмасында:

Оқыған:

Біреуі Бияхмет Сәрсенұлы,
Ыңғайлы, қырғиға ұқсар көрсең түрі
Түрінен де, сөзінен, жүрісінен
Екенін біле алмайсың қандай қыры,
Ақылы да оның көп айласы да,
Көңілінің жылдам сезгіш айнасы да,
Бар дейді бұрынырақ ұмтылатын
Түлкідей жалт ететін таймасы да.
Ісі де, таланты да қалыспайды,
Жұмсаса тегінде халық пайдасына.
Жастардың біреуінен кейін емес,
«Қазақ» деп жүрегінің қайнасы да.
Халел мен Әлімханды ай деп айтсақ
Шолпандыққа жарайды ай қасында.
Әуелде қатарынан туысы артық,
Сондықтан күн-күн сайын барады артып.
Ілімнің аймағында жақтыдағы
Еріксіз туысымен алар тартып.- деп жырласа

Жүсіпбек Аймауытов: «Бияш оте досшыл, жолдасшыл, жалғыз қалуға жарайтын, жанын киноға шыдайтын ер еді. Еш нәрседен тауы шағылып, тез қайтпайтын, қажымайтын, қуаңқы, пысық еді. Бияш қысқаша айтқанда, алмас қылыштай, қырағы қаршығадай жігіт еді.»

Біле білесек бұлай деп жазу – жалпы жастардан осыны талап ету еді, көпшіл, бұқарашыл, жасымас жігерлі, қажымас қайратты жұртқа жағымды болуға үндеу, жастардан осындай ізгі қасиеттерді күту еді.

Міне, осынышама іскер де талантты адамға Халық Ағарту Комиссариатында істеп жүргенде жоғары мектеп оқушыларына физика, математика пәндерінен оқулықтар жазу жұмысы да тапсырылғандығын архив деректері көрсетіп отыр. Бірақ, тосыннан келген ажал оған бұл істі аяқтап шығуға дес бермеді. Бұл жұмыстарды кейінде Бияхметтің жақын достары Елдес Омаров пен Әлімжан Ермековтер жүзеге асырды.

Қолға алған әрбір жұмысы өрге басып, зор құлшыныс, барыншамен еңбектеніп жүрген іскер Бияхметтің жас ғұмыры кенеттен үзілді. 1920-22-жылдардағы Қазақстанда болған жойқын ашаршылық салдарынан қазақ даласын кеңінен шарпыған оба ауруына душар болған Бияхмет Сәрсенов 1921-жылы 17-шілде күні 36 жасында Орынбор қаласында мезгілсіз қайтыс болды.

Бияхметтің мезгілсіз қазасына алыстағы ел-жұрты, туған-туыстары, қызметтес дос-жарандары қатты қайғырып аза тұтты.

Сол кездегі халық ағарту комиссариатының орынбасары корнекті жазушы Жүсіпбек Аймауытов Түркістан Республикасы мен Қазақстанның губерниялық қалаларына түгелдей телеграмма жазып, Бияхметтің мезгілсіз қазасын хабардар етті.

Түркістан Республикасының бас газеті «Ақ жол» басқармасы: *«Қазақ елінің көгіндегі үркердей азғана жұлдыздарының бірі сонді. Бияхмет сол саналы жұлдыздардың арасындағы ең жарық, нұрлы көрінгендерінің біреуі еді. Оның өлімі қазақ жұрты үшін орны толмайтын қаза, қаруы қайтпайтын шығын...»* деп өкініштерін білдіре, қайғыра жазды. Ал мұраттас досы Ғалымбек Бірімжанов осы газетке арнайы азанама мақала жазып өз өкінішін: «Оның алдан көздеген нысанасы, жүрек түкпіріндегі мақсаты қазақ халқының өз тізгінін өзіне тиіп, өзін-өзі билеу дәрежесіне жеткізу еді. Бұл тұрғыда жанын аямай, өлімге басын байлап, қызмет қылды...» – деп білдірді.

Семей қаласында шығып тұратын губерниялық «Қазақ тілі» газетінде Бияхмет туралы газет редакторы Маннан Тұрғамбасов пен жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың «Бияш» атты көлемді мақаласы жарияланды. Бұл мақала Бияхмет Сәрсеновтың өмірі мен қызметі хақында мол мағлұмат беретін дерек көзі болумен бірге, оның

азаматтық биік тұлғасына қойылған мәңгілік ескерткіш десе де болғандай. Мақала авторлары Бияхметтің өмір кезеңдеріне толық тоқтала отырып, оның азаматтық қадір-қасиетіне жете баға берген: «... Төңкеріс заманға душар болп, әлеумет ісіне оқыған аздықтан қазақтың ана жұмысы да, мына жұмысы да Бияшты керек қылды, сүйреді. Оның араласпаған қызметі болмады. Қандай жұмысқа кіріссе де, тереңнен біліп, тез бітіретін Бияш болатын. Оның тағы бір қасиеті қатарға, мұқтаж шәкіртке, жолдас арасында жүрегі қайырымды, қолы ашық болатын. Жарлы шәкірттерге жаңын салып болысып: «Байғұстар бірдеме алып қалсын, оқуынан қалмасын», - деп ылғи біреуді орналастырып, бірдеме тауып беріп, құрақ ұшып жүруші еді... Оқу комиссариатының қандай ісі болсын, бір өзі басқарып бара жатыр еді. Копшілік жұмыстан арқасы босағандай Ахаң (Ахмет Байтұрсынұв) Бияшқа сенім артушы еді. Енді...

Бүкіл қазақ зиялы қауымы, көсемдері Әлекең (Әліхан Бөкейханов), Ахаң, Жақаң болып Бияш деп еркелетіп атап кеткен Бияхмет Сәрсеновтың өлімі қайғылы қошаметтілікпен жонелтіліп, елі күңіреніп, зор аза тұтылып өтті. Оның қабірі басына жазылған эпитафиялық өлең тексі (ӘӨИ802 папка) қорында сақталған екен. Копия-кошірме деп белгілеуіне қарағанда, ақын арнайы кошіріп алса керек. Ол бес жолдық эпитафиялық жыр былайша аяқталыпты:

«... Арыздаспай, коштаспай
Туған ата-анамен,
Туысқан іні-ағамен
Еңбегі елге сіңе алмай
Құмарынан шыға алмай
Ойламаған арада
Отыз алты жасында
Қайтыс болды қапыла»

Жазмыштан озмыш жоқ. Уақыт өте келе еліміздегі саясаттағы қилы-қилы өзгерістер ауанына қарай кейін бәрі де басқаша түр танытты. Кешегі халық күңіреніп соңғы сапарға шығарып салған Бияхмет Сәрсенов та 30-жылдардағы репрессияға дүниеден ертсерек өтіп кеткеніне қарамастан мұраттас достарымен бірге ілінді. Оның атына да «ұлтшыл», «алашордашыл», «байшыл» таңбалары жазылып, ұзақ жылдар бойы баспасөз жүзінде датталып, айыпталып келді. Кейбір, әсіресе, «қызыл жазғыштар» кезінде 1918-1920-жылдары оның үйіне алашорда мүшесі Әлімхан Ермековтың жиі барып тұрғанын еске алып, олардың кездесулері «Ұлтшылдық пиғылда еді» - деп айқайлап жатты. («Семей правдасы», 1960-жыл 22-қазан). Өткенге салауат – кешірім.

Ал бүгінгі тәуелсіз еліміз өзін-өзі тануға құлшыныс жасап, ғанымдар түлеп жатқан тұста Бияхмет Сәрсеновтың да туған халқының алдында хал-қадірі мен атқарған елеулі еңбегі, еселі қызметін еске алып, оның аяулы есімі халқының ардақты перзенттері қатарында қастерленуі керек. Әсіресе, оның қазақ халқының оқу-ағарту саласында атқарған қызметі ерекше болғанын, оның атын мектептер мен кітапханаларға беру сияқты қолдан келетін шараларды іске асыру бүгінгі ұрпақ парызы болмақ.

Мұндай игілікті істердің бастауында Бияхмет Сәрсенов туып - өскен Семей облысы Ақсуат өңірінің азаматтары бас болады деген сенім зор.

ДӘРІГЕР ӘРІ ҚАЙРАТКЕР ЫСҚАҚ КӘБЕКҰЛЫ

Кенес өкіметін орнатуға белсене араласқан жалынды күрескер, қоғам қайраткері аудан тарихында есімі алтын әріптермен жазылуға тиісті, халқымыздың адал азаматтарының бірі Ысқақ Кәбекұлының 1995 жылы туғанына 100 жыл толды.

Оның арғы ата тегі Назар руынан тарайтын Жанболат бабамыздың Шойтабан, Жарылғап, Қарабай, Қожет, Ырсақ, Жанай, Сары, Тоқабай деген сегіз ұлы болған. Кенже ұлы Тоқабайдан: Атаң, Жомарт болып, Жомарттан Кегенбай, Бөйел, Қоқан, Мақпал ұрпақтары тарайды. Бөйел атамның бөйбішесі Базарбике деген анамыздан Нұран, Донснбай, Тұрымтай деген балалары болған.

Нұранның: Сакау, Қобаң, Шолат, Еміл, Көсе, Байжол, Ақжол, Саяқ, Бөрібай деген ұлдары өседі. Осылардың ішіндегі Қобаң деген атадан: Райымбек, Дайырбек, Кәбек, Сәбек, Қаракатар туған екен. Кәбектен Тұрғожа молла туады.

Тұрғожаның : Бурахан, Жұмахан, Ысқақ, Әбдікөрім атты төрт ұлы болған.

Ал Ысқақ Кәбекұлы 1892 жылы Семей облысы, Ақсуат ауданында, жылы таудың «Бие синас» аталатын Кәбек қыстағында, кедей шаруаның семьясында дүниеге келген. Ең үлкен ұлы Бурахан жас кезінде аурудан қайтыс болған. Ұлдарының ішінде қазақша-орысша сауатты әрі беделдісі Жұмахан еді. Ол Совет өкіметі орнай бастаған алғашқы жылдарда-ақ, болыстық атком торалығы қызметін атқарды.

Көзі ашық Жұмахан қазақ шаруаларының балаларын оның ішінде өз інілерін мектепке беріп олардың білім алуына көмектесті. Сондықтан Ысқақтың оқып білім алуына оның ықпалы зор еді.

Құсайын бидің баласы Рахметолла молла Семейдегі «Ахмет-Риза» медресесін бітіріп келген соң 1906 жылдар шамасында өз ауылынан балаларды арапша оқытып сауатын ашатын мектеп ұйымдастырады. Міне, осы мектептен өз жерлестерімен қоса Ысқақ Көбекұлы да білім алып арапша хат таниды.

Осы мектептен Төлеген ұлдары Қали, Уали, Уәсілдер, Әлихан ұлдары Оразкен, Ақан тағы басқалар оқып білім алған. Кейін осы мектептің негізінде бастауыш мектеп ашылып, бұл мектеп колхоздар іріленгенге дейін «Екпін», «Жаңа-Тоғам», «Бірлік» колхоздарының балаларын оқытқан.

Қазірде осы Екпін селосындағы зейнеткерлердің кейбіреуі осы мектептен бастауыш білім алып шыққандар.

Ысқақтың жас кезінен оқуға, дүние тануға деген ықыласын сезе білген Жұмахан оны Көкпекті поселкесіндегі екі кластық орыс –қазақ мектебіне берді. Көкпекті поселкасы сол кезде қазақ даласындағы мәдениет ошақтарының бірі еді. Көкпектіде 5-6 оқу орындары бар болатын. Оның ішінде ерлер мен әйелдер училищесі, приход шіркеу мектебі жұмыс істеді.

Ысқаққа қамқоршы болған ағасы Жұмахан 1925 жылы аяқ астынан ауырып дүние салды. Сүйегі Жылы таудың «Бие симас» аталатын қонысындағы, Көбек әкесінің қыстауына жерленді. Жұмахан дүниеден қайтқандығы зайыбының жоқтауы сақталған көрінеді.

Сары ат міндің тағалап
Сары тон кидің жағалап
Өкімет билік берген соң
Болатком болдың ағалап
Нарсотқа не Смағұл
Зайсанда басшы жеротдел
Ініңіз Сіздің Жұмаділ
Әлімғажы қақ жолдас
Сойлескенде сыр қалмас
Жастан шыққан екі зат
Жүйрік еді ау сабақтас
Жолымбетте жолдасың
Жақула, Назар парласың
Озғын туған Жұмашым
Екі жүзді алмасым, деп жоқтапты.

Міне, осы қысқаша ғана айтылған жоқтаудан Жұмаханның қандай азамат болғанын бірден аңғаруға болады. Кенже ұлы Әбдікәрім 1904 жылы туылған. Зайсан қаласында оқып мұғалімдік білім алады. Ол аудан «Қызыл –Кесіктен» Ақсуатқа орналағанда 1935 жылы аудандық оқу бөлімін басқарады. Алғашында «Ерназар» жеті жылдық мектебінің директоры болып жұмыс істеген.

Әбдікәрімнің алғашқы әйелі Сары руынан Бижанов Сүлейдің қарындасы, Бижанова Бизымыра болатын. Ол әйелінен Ақсуат селосында тұрған Бижанов Кәміс туады. Оның Бижанов болып нағашыларына жазылуы нәубет жылдарындағы халықты жаппай жазықсыз жазалап соңына түсу, тұтқынға алып айдау әсерінен жолдасымен ажырасып кетуіне де себепші болған. Кейіннен Жданов ауылында тұратын Батырханның қарындасы Мақыпжамалға үйленеді де бала нағашыларының қолында қалып қояды.

Кезінде Совминың торағасы - әрі жазушы Сәкен Сейфуллин «Тар-жол, тайғақ кешу» романының бір кітабын өз қолымен «Досым Ыскақтың туысы Әбдікәрімге» деген қолтаңба сөз жазып, Алматыда кездескенде Әбдікәрімге берген екен.

Осы кітап үшін 1937 жылдардағы жазықсыз жаппай жазалауда нақаттан халық жауы деп, Сәкен Сейфуллинмен байланыстырып оны ұстаған. Әкесі Түрқожа молла екеуін бір түнде алып кетіп, содан елге оралмайды.

Жолдасы Мақыпжамал ұзақ уақыт «Көк жыра» ауылында тұрады. Бұрынғы жолдасы Әбдікәрімнен көп жылдар хабар болмаған соң, кейіннен жылқышы Терлікбаев Байкенмен тұрмыс құрады. Мақыпжамалдың Байкеннің атында Байкенова Батес деген қызы болған. Ол Әбдікәрімнің қызы болып келеді. Қазірде Жезқазған облысында тұрады. Мақыпжамал осы қызының қолында Жезқазған облысында қайтыс болады. Байкен «Аманкелді» совхозында дүние салып, сол ауылда жерленген. Байкеннен бір қызы болған, бірақ жас кезінде қайтыс болған.

Архивтің деректеріне қарағанда.

1909-1910 оқу жылындағы Көкпектідегі екі кластық орыс-қазақ мектебі оқушыларының тізімінде Ыскак Көбеков, Қасымхан Бекенаев, Жүмәділ Мұхаметжанов, Мүксын Әубәкіров тағы басқалары бар.

/Шығыс Қазақстан облысы мемлекеттік архиві ф 385 оп -1 л.35,62,113/

Бұрынғы қызыл партизан, 1920 жылдан КПСС мүшесі марқұм Кенесары Бакин 1964 жылы жазған естелігінде, баспасөзде жарияланған

мақалаларында Ы. Кәбековтың жастық шағы туралы жақсы мағлұматтар келтірілген.

К.Бакиннің айтуы бойынша ол «азиаттар» мектебінде Ысқақ Кәбеков, Сүлеймен Төленгітов, Мұқсын Әубәкіровтармен бірге оқыған. Бұлар алғашқы күннен – ақ бір-бірін түсініп, достасып кетеді. Ысқақ пен Мұқсын жексенбі сайын Галиакпар Ысқақовтың үйінде бас қосып, әр түрлі тақырыпта пікір алысатын.

Кокпекті мектебінде оқып жүрген кезде олар бай-манап, би-болыстардың балаларымен жиі қактығысып қала беретін. Ысқақтың мінез-кұлқы, іс-әрекеттері мектеп басшыларына ұнамады. Ақырында мектеп басшылары ауқаттылардың балалары Құрманғали Балабаев, Қасымхан Бекенаев, Дүйсенбі Әженов, Ысқақ пен Бакиннің соңына түсіп, оқудан шығартты.

Кокпекті орыс-қазақ мектебінде оқып жүргенде Ы. Кәбеков пен К.Бакин сияқты оқушыларға ұнамды ықпал жасаған прогрессивтік-демократтық қозғалыстағы мұғалімдер де кездесті. Солардың бірі – мектептің оқу ісін басқаратын революцияшыл демократ Николай Михайлович Хамутов еді. Ол орыс, қазақ тілінде еркін сөйлейтін, оқушылардың сүйікті ұстазы болды. Сондай ақ Құрман Мұздыбаев та қазақ балаларының орысша сауатын ашуға көп көмегін тигізді.

Ысқақ Кокпектідегі мектептен шығып қалған соң оқуын жалғастыру үшін Семейге келеді. Алайда артынан қуалаушылар көрсетіп, оны Семейде де оқуға алғызбай қояды. Бірақ көзі ашық, алған бетінен қайтпайтын Ысқақ Сібірдің саяси өмірінің қайнаған жері Омбы қаласына келеді.

Оқуға баруына сол кезде Омбыда оқып жүрген ауылдастары Бияхмет Сарсеновтың, Отыншы Әлжановтың ықпал әрекеттері де болғаны байқалады. Мұнда семинарияға түсіп адам дәрігері мамандығын алады. Яғни ол Ақсуат оңірінен тұңғыш шыққан дәрігер.

Ысқақтың өмірден таңдап алған мамандығы адам дәрігері. Дерт, делбе ауру сырқау жайлаған, шеткей жатқан қазақ ауылына дәрігерлер қандай керек! Соны білген Ысқақ халықтың ауруына шипа тауып, жанына сая болып ажалдан арашалауды арман еткен екен. Сол ерте кезде Ысқақты өз көздерімен көрген Батқаков Сағындық, Қынаншев Әбсәләм, Мазанов Есжан, Рустемов Токбай сияқты қарттардың айтуынша жазда каникулға келген студент Ысқақ бір аз уақыт жерлестері арасында дәрігерлік қызмет көрсетіп шешек ауруына қарсы егу жұмыстарын жүргізеді. «Бұл ауруды біз түбегейлі жеңеміз, сіздер оған толық сеніңіздер» деп жұртшылыққа қуат береді екен. Ондайды

көрмеген, білмеген алыстағы қазақ ауылы одан қорқып, балаларын пешекке қарсы еруге бермепті. Сонда Ысқақ өз туыстарының балаларын есік алдына шығарып егін көрсетеді. Сонан соң ғана халық оған сенген көрінеді. Сонымен алғанда Ы. Кәбеков біздің өлкеден шыққан тұңғыш адам дәргері екенін еске алуымыз керек.

Бұл тұрғыдан алғанда Ы. Кәбеков ауданымыздағы ақ халатты абзал жанды дәргерлеріміздің үлкен атасы деуге болады. Оның есімі ауданды былай қойғанда облысқа, Қазақ Республикасына ардақталуға тиіс.

Омбыда оқып жүргенде Ысқақ Сәкен Сейфуллинмен пікірлес болып, үнемі бірге жүріп, жастардың революциялық қозғалыстарына қатысады. Ол өмірінің ақырына дейін Сәкен ұстаған бағыттан аумайды.

С. Сейфуллин Ы.Кәбековпен, кейіннен Әбдікәріммен бірге келіп Ақсуат өңірінде екі рет болған. Кейінгі сапарында Әлімбаев Иманғалидың үйінен дәм татып аттанып, сол жолы «Жаңа Құрал» колхозының атын осы кісі қойған еді, дейді Нұрғаным/Тауғай/анамыз.

Ысқақ оқуын бітіріп, қызметке кірісе бастаған кезде Россияда революция дабылы қағылып, оның дүбірі қазақ даласына да жетті. Қазақ кедейлерінің жоқшылық өмірін, жүдеу тұрмысын қозбен көріп ержеткен ол бірден халық жағына шықты. Әдепкі кезде ол Қолбай Тоғісов, Мұқан Айтпенев тағы басқалармен бірлесіп «Қазақ еңбекшілерінің одағын» құрды. Оның орталығы Зайсан қаласында өткен съезінің қаулысы Омбы Советінің органы «Революционная мысль» газетінің 1917 жылғы 73 номерінде «Қазақ ұраны» деген атпен жарияланды. Ысқақ осы ұйымның секретары болды. Зайсан съезі уақытша өкіметтің өзін, оның жергілікті жердегі органдарын қатаң сынап, олардың халық бостандығына жасалға қиянаттарын айыптады.

Зайсан съезі делегаттарының откір сынынан буржуазияшыл ұлтшылдар да шет қалмады, қаулыда олар февраль революциясынан кейін жергілікті басқару жүйесінің негізгі органдарын, оның ішінде облыстық, уездік қазақ комитеттерін ескеп үлгергенін, олардың еңбекшіл бұқараның пайдасына қызмет істемей отырғанын көрсетті. «Буржуазияшыл ұлтшылдар әсіресе Райымжан Марсқов пен Халел Ғаббасов қазақ дала өлкесінде қазақ еңбекшілерінің басқа ұлттар мен /орыс, татар т.б./қарым қатынас жасап бірігуіне пайдалы еш нәрсе жасамай отырғаны былай тұрсын, керісінше олардың арасында алауыздықты күшейтуге әрекет жасап отыр» деп қаулыда ұлтшылдардың зиянды әрекеттері батыл сыналды.

«Қазақ еңбекшілері одағының» емін-еркін жұмыс істеуіне контрреволюциялық күштер мүмкіндік бермеді. Уақытша өкімет оған тиым салды

/Омбы облыстық мемлекеттік архиві ф 197 л. 69 /.

1917 жылы ноябрьде Ысқақ Кабеков өзінің серіктері Көлбай Тоғісов, Шаймерден Әлжанов, Мұқан Айтпенов, Әбдірахман Қылышбасев тағы басқалармен бірге қазақ социалистік партиясы «Үш жүзді» құрды. Оның /председателі, торағасы/ әуелі М. Айтпенов, кейіннен К.Тоғісов болды. Бұл ұйым Ұлы Октябрь революциясының жеңісін күшқая қарсы алды.

«Үш жүз» партиясының Орталық Комитетінің тұрақты жері Омбы қаласы болып, Шығыс және Солтүстік уездерде уездік комитеттері ұйымдасты. Ы. Кәбесқовпен оның серіктері Кәрім Дүйсеқсев, Мұқан Исмағанбетов, Сүлеймен Толенгітов тағы басқалар Петропавл уездік комитетін басқарды.

Петропавл большевиктік ұйымның және Совдепті басқарған И.Д.Дубынинн оның жолдастары Курнаков, Гусев, Темлянцеv, Клоков, Люстриков сияқты төңкерісші большевиктер Ысқақ Кабековке зор ықпалын тигізді. Олардың қажымас қайраты, қаһарманды істері Ысқақты халық үшін қызмет етуге жігерлендіре түсті.

Ысқақ ұлы қазан төңкерісінің жеңісінен кейін-ақ Петропавл жұмысшы солдат және шаруалар Советінің құрамына еніп, оның өте жауапты міндетті шаруашылық, саяси, әскери жұмыстарға тағайындалды. Мысалы 1917 жылы желтоқсанда Петропавл өкімет билігі толығынан большевиктер басқарған жұмысшы, солдат және шаруалар кеңесінің қолына көшкен кезде Ысқақ Петропавл қалалық, уездік кеңес құрамына сайланды.

Ескі өкімет құлап, Совет өкіметі орнағаннан кейін өндіріс орындары мемлекет қарауына көшті. Оған басшылық ету мақсатында халық шаруашылық кеңесі құрылды.

«Үш жүз» партиясы Орталық Комитетінің хатшысы Ысқақ Кәбесқов «Үш жүздің» атынан Петропавл уездік кеңесінің құрамына сайланды. Ол мынадай жауапты басқару органдарында істеді: Уездік қаржы комиссиясының мүшесі, уездік халық шаруашылық кеңесі жер бөлімінің бастығы, оның әскер бөлімінің жауапты қызметкері, Петропавл кеңесінің мұсылмандар арасындағы жұмыстар жөніндегі бөлім бастығы, революциялық трибунальдың жанындағы ерекше тексеру комиссиясының мүшесі болып істеді.

Уездік халық шаруашылық кеңесі құрылғанда оның ең ірі және жауапты саласы жер бөлімін басқару және Совдептің шешімімен уездік жер бөлімінің комиссары болып Ы.Кәбеков тағайындалды.

Серігі Көлбай Тоғісов Омбының губерниялық атқару комитетіне жұмысқа жіберілді.

Партия ұялары жер бөлімінің комиссариаты арқылы еңбекші халықтың мүддесін кулактар мен байлардан қорғауды, оларды агроаралық жұмысқа тартуды ұйымдастырып отырған.

Сол кезде қала мен уезде екі сот және тергеу комиссиялары құрылып оның бірі прокуратура мен соттың қызметін атқарған болса, екіншісі саботажға, алып сатарлық пен паракорлыққа, контрреволюциялық бұлікке қарсы күрес жүргізген. Бір сөзбен айтқанда, екінші тотенше комиссариаттың /ЧК/ қызметін атқарды.

Революциялық трибуналдың, сондай-ақ, сот және тергеу комиссиясының құрамында Ы.Кабеков, П.Калюжная, В.Соловьев тағы басқадай сенімді большевиктер болды. Осы революционерлердің басшылығымен тергеу комиссиясы меньшевиктер мен эсерлердің орыс буржуазиясының «Народная свобода» деп аталған ұйымын әшкереледі. Осылайша Ы. Кәбеков өз серіктерімен бірге барлық күшін, білімін, тәжірибесін сала отырып Петропавл партия ұйымының, жергілікті Советтің тапсырмаларын мүлтіксіз орындап, халық мүддесін қорғаудың үлгісіне айналды.

Үш жүзілер халықтар достығы, әсіресе қазақ халқы мен орыс еңбекшілерінің арасындағы достық қарым-қатынас туралы реалистік қозғараста болды.

«Үш жүз» газетінің «Сақтан» атты бас мақаласында қазақ халқының өздерімен бірге өмір сүріп отырған өлкедегі орыс еңбекшілері мен мүдделерінің, мұрат-мақсаттарының бір екендігін, тап дұшпандарына қарсы күресте екі халықтың достық бірлігінің, бір-біріне көмегінің қажет екендігін баса көрсетті. Орыс қазақ халықтарының арасына от салушыларды сынады. Бұл мақалада үш жүзілер өздерінің таптық, интернационалдық позицияларын былай деп ашық батыл көрсетеді.

«Мұны /көмекті/ біз қазақ орыстың генералдарынан, төрелерінен күтпейміз, біз күтеміз –табан ет, маңдай тері мен жан сақтаған өзіміз құсағандардан».

Осылайша «Үш жүз» езілген ұсақ буржуазия партиясы болып дүниеге келгенімен, революциялық қозғалыстың қуатты күшінің пәрменді, ықпалының арқасында барған сайын Советтік Социалистік бағытқа қарай бет түзеп, Қазақ кедейлерінің революцияшыл демократтық ұйымына айналды. Ішкі және сыртқы контрреволюциялық күшіне қарсы күресте большевиктермен бірге майданда болды. Қазақ Социалистік партиясы, оның органы «Үш жүз» газетінің жаңа революциялық қадамы большевиктер басқарған Советтер жағынан қызу қолдау тапты. Бұл ішкірді «Революционная мысль» газеті 1918 жылғы 18 санында өте жақсы бейнелей келін былай деп жазды.

«Қазақ социалистік партиясы», оның органы «Үш жүз» газеті өзінің бас мақалаларында қазақтың еңбекші бұқарасын қанаушыларға қарсы жедел ұйымдастыруға және жұмысшылар мен солдаттардың жергілікті Советтерін қолдауға шақырды. Осылайша /октябрь/ Қазан төңкерістерінің жеңістерін баянды етіп, бекіте түсуді көздеген үшжүзшілердің позициясы керемет күшті сөздермен жазылған. Қазақ демократиясы орыстың революциялық демократиясымен бірге сапта қатарласа жүріп, буржуазияға қарсы аянбай күресуге шақырады».

Осы жағдайды ескере отырып, Қазақстан большевиктері В.И.Ленин әзірлеген партияның Орталық Комитетінің 1917 жылғы 7(20)қарашадағы хаты негізінде «Үш жүз» партиясымен одақ құрды. Омбы Советі Комитетінің Президумы облыстық Советтің Атқару Комитетінен «Үш жүз» басқарған Қазақ Комитетіне төрт орын берілсін деп шешім қабылдады. Онда: Халық шаруашылығының қандай бір саласында болмасын жұмыс жасау үшін «Үш жүз» партиясы оның қалаған бөліміне өз өкілдерін жіберсін-делінген. Осыған сәйкес «Үш жүз» партиясы да өз мүшелерін жинап, Совет үкіметінің әділ саясатын толығынан қуаттау, жергілікті Советтердің құрамына өз өкілдерін жіберу, олармен бірлесіп жұмыс істеу туралы шешім қабылдады.

Қазақстанда социалистік революциялық қозғалысқа белсене қатысқан, Совет өкіметін республикамызда құруға тікелей араласқан Сабыр Шәріпов өзінің РКП(б) Орталық комитетіне жазған бір хатында Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстанның революциялық тарихынан орын алған қайраткерлерге тоқтала келе «Үш жүз» басшылары – К.Тогісов, Ж.Әлжанов, А.Досов, Ы. Кәбековтердің есімдерін революционер большевиктер – Жанкельдин, Майкотов, Нұрмаков, Сейфуллин, Асылбеков, Серікбаев және тағы басқалардың қатарында атап өтеді.

«Бұл солшыл революционерлердің шағын ғана тобы жұмысшылар мен солдаттар депутаттары Советтерінің тууының алғашқы күндерінде-ақ бірінші күрескерлер болды. Советтердің құрамына кірді» дейді ол, «Үш жүз» басшылары жөнінде. Олардың қызметіне С.Сейфуллин де осындай баға берді.

«Үш жүз» партиясының басшылары, деп жазды С.Сейфуллин 1917-1918 жылдары ердің ерін сынайтын тарихи күндерде қызылдар жағында болды, революция жағына шықты.

Қорыта айтқанда, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, «Үш жүз» Қазақ Социалистік партиясы Совет өкіметінің плаформасын қаратумен қатар, адам сыналарлық Азамат соғысының ауыр кезеңінде большевиктермен бірге майданда болды, ақ гвардияшыларға қарсы

күрес жүргізді, «Алаш» партиясының кейбір мүшелерінің контрреволюциялық әрекеттерін әшкереледі, Қазақ еңбекшілеріне олардың зиянды ықпалына түспеуге көмектесті.

Құлаған үстем тап және оның қолшоқпарлары ақгвардияшылар, ақказак, орыстар, буржуазиялық ұлтшылар өздерінің қарсылық әрекеттерін күшейте түсті.

Октябрь революциясының жеңістерін, Совет өкіметінің алғашқы табыстарын тап жауларынан қорғап қалу мақсатында Ы. Кәбесқов, оның жауынгер жолдастары К.Сутшов, К.Дүйсекесевтер қазақ, татар жұмысшыларынан қарулы қызыл гвардия ұйымдастырды. Бұл контрреволюциялық элементтерге тойтарыс беруде елеулі роль атқарды. Мысалы, 1918 жылы 7 наурызда ақ гвардия офицерлері, олардың соңынан ерген 33 полктің оқу бөлімшесінің солдаттары Петропавл Советінің үйіне тосыннан шабуыл жасап, оның бірнеше адамын қамауға алған. Солармен бір мезгілде көтеріліске шыққан ақ қазақ, орыстар тау бөктеріндегі Совдеп милициясының үйін қоршап алып, бірнеше қызметкерлерін қолға түсірген. Осыған байланысты Петропавл Совдептың басшылығымен Қызыл Гвардияның жедел кимылы нәтижесінде көтеріліс сол күні басылады. Оған қатынасқандар қарусыздандырылады. Бүлікшілердің қолына түскен Совет қызметкерлері босатылады.

Бұл тарихи оқиға туралы С.Сейфуллин «Тар жол тайғақ кешу» романында: (167 бет).

«Көтерілісте басқа да қазақ жұмыскерлері мен Ы. Кәбесқұлы көзге көрінерлік қайрат көрсеткен болатын» деп жазды.

«Қызылжардың байлары, әсіресе мұсылмандардың байлары, «Алашорданың» құйыршықтары, қаланы алдық деп қойған. «Алашорданың» құйыршықтары «Қала алынды» деп бір үйге жиналған. Қуанып бірін-бірі құттықтап, «Кәбесқұлын іздеу керек. Ы. Кәбесқұлын күрту керек!» деп қауқылдап отырған. Сөйтіп отырғанда, Кәбесқұлы бастап, қазақ жұмыскерлері «Алашорда» құйыршықтарының үстіне жетіп барған. Іздеп отырған Кәбесқұлы мылтығын үңірейтіп үйге кіріп келген. «Алашордашылар» орындарында тас болып қатып қалған еді деп суреттейді.

Бұл ұйымдасқан, қаруланған жұмыскерлердің бәрі де «Үш жүз» партиясында болды. Үйретуші бастықтары әлгі айтылған Ы. Кәбесқұлы. Кәбесқұлы комиссар болған, деп жазды С.Сейфуллин. Сөйтіп Петропавл большевиктері көтерілісті басып, уездігі басқару жүйесін қалыптастырып, ел ішіндегі кедей шаруалардың материалдық жағдайын жақсарту бағытында шаралар жасап іске асыра бастаған еді.

Бірақ күрес мұнымен аяқталмады. Тап жауларының контрреволюциялық әрекеттері жалғаса берді. Петропавл Совдепі жедел революциялық трибунал құрып, оның жанынан ерекше тексеру комиссиясын ұйымдастырды. Оның құрамына сенімді революционерлер Клоков, Ы. Кәбеков, Я.Левченко кірді. Ерекше тексеру комиссиясы жедел іске кірісіп, меньшевиктер мен эсерлердің «Народная свобода» деп аталатын ұйымын ұлтшыл алашордашылардың «Қазақ комитеті» деп аталатын уездік ұйымын қолға түсіріп, олардың контрреволюциялық әрекеттерін басып жаныштады.

Совет өкіметінің барлық жерде қолдау тауып, кеңінен етек жаюы тап жауларын ашындыра түсті. Сөйтіп, олар барлық күшін жинап ақырғы шабуылға шықты.

Өкінішке орай Қазақ Социалистік партиясының тағдыры тым келте болды.

1918 жылы 1 маусымда Петропавл қаласында бүлік шығарған чех әскерлерімен ақ қазақ – орыстар, ақ гвардияшылардың қолына көшті. 4-ші маусымнан бастап Петропавл, Көкшетау, Атбасар, Ақмола уездерін басқару шет ел империалистерінің көмегіне сүйенген уақытша сібір өкіметінің қолына көшіп, Совдеп уақытша құлатылды. Бұл жерлерде адмирал Колчак бастаған Сібір өкіметі құрылды./ орталығы Омбы қаласы/.

Осыдан кейін, бұрын жасырын жауыздық әрекет жүргізіп келген капиталистер, помещиктер, кулактар қайта бас көтерді. Большевиктер мен «Үш жүз» басшыларына қарсы «Ақ террор» басталды. Олар «Саяси большевиктер тізімі» деп аталатын қара тізімге тіркеліп, Омбы, Петропавл түрмелеріне қамалды.

Барлық жерде Совдеп мүшелеріне, большевиктер ұйымының басшыларына, революционерлерге қарсы жаппай жазалау басталды. Реакциялық элементтер ұйымдасқан ақтар тобы Совдеп мүшелерін, большевиктерді тергеусіз, сотсыз атып, асып өлтіре бастады. Ы. Кәбековтың сенімді серігі К. Сутушевты ақтар түрмеге жеткізбей, көшеде азаптап өлтірді. Ал 9 маусымнан 10 шілдеге ауған түнде И.А. Дубынин бастаған бір топ Совдеп басшыларын ақ гвардияшылар атып өлтірді.

Омбы облысының мемлекеттік архивіндегі «Петропавл түрмесіне қамалған саяси большевиктердің тізімі» деген документте 100-ге тарта адамның аты-жөні тіркелген. Солардың ішінде жалынды күрескер Ы. Кәбеков, оның революционер серіктері Шаймардан Әлжанов, Сүлеймен Толенгітов, Мұқан Исмағанбетов, Жұмағали Есмағанбетов, Мұхаметжан Өсербасов тағы басқалар бар.

Ақтар қанша аяусыз жазалағанымен большевиктердің жігерін жасыта алмады. Түрмеге қамалған революционер – большевиктер М.Құрнаков, Ф.Петухов, Ы. Кәбеков, Дульский, Комаров, Кравченко, Гордеев жасырын саяси ұйым құрып, өндіріс орындарындағы партия ұйымдарымен байланыс жасап тұруға жетісті. Жұмысшы славодкасындағы күпия пәтер арқылы түрмеде жазып дайындаған листовкалары мен мақалаларын жұмысшыларға жеткізіп тұрады. Сойтіп, екі қалалық баспахана мен автоотрядтың жұмысшыларын ақтарға қарсы қотеріліске дайындады.

Москвадағы қазан төңкерілісі орталық архивінен Сібір уақытша өкіметінің «Тергеу комиссиясының ісі» деген документтегі дерекке қарағанда түрмедегі жасырын саяси ұйым құрған большевиктер сыртпен байланысты қобінесе өздерінің әйелдері арқылы жасаған. Әйелдер түрмедегілерге тамақ, тағы басқа зат әкелген корзинкаларының түбіне газет, хат алып, онда майдандағы, қаладағы халықтың қоңіл күйі жөнінде хабарлап тұрған. Сондай ақ, мұсылмандық салтпен олгендерге құран оқу үшін әр жеті сайын ислам дінінің молласы болып түрмеге сырттан большевиктердің байланысшылары келіп, саяси тұтқындарға қажетті хабар жеткізіп отырған.

1919 жылы наурызда арандатушылардың мағлұматы бойынша саяси тұтқындар қамалған 11, 12 камераларына тосыннан тінту жүргізілді. Саяси ұйымның басшысы М.Құрнаков, оның белсенді серіктері Петухов, Степанин, Ы.Кәбеков мұны алдын ала сезе қойып листовкаға дайындаған материалдарын, Жетісу фронты жайында жазылған көлемді мақаланы отқа жағып үлгерді. Сондықтан бұл жолы тінту олар үшін сәтті аяқталды.

Халықтың қолдауына бөленген Кеңес өкіметінің сөзсіз жеңетініне қоз жеткізген большевик М.Құрнаков түрмедегі өз жолдастарына «Бұл азғындар біздің қолымыздан аман құтылмайды. Бұлардан өш алатын уақыт жақын!» деп оптимистік рух берді. Түрмеде жасырын саяси ұйым құрып, Петропавл жұмысшыларының қотерілісінің жоспарын жасаған М. Құрнаков, оның Ы.Кәбеков сияқты серіктерінің бұл ісі нағыз революциялық ерліктің үлгісі еді.

Бұлардың революциялық әрекеті өздерінен күші басым жауларын да қатты үрейлендірді. Мысалы, 1918 жылы 16-тамызда Петропавл қаласының әскери коменданты жергілікті тергеу комиссиясына «Петропавл қаласында астыртын әрекет «Сойқан» дайындалып жатыр» деп хабарлады.

Бірақ уақытша үкіметтің жазалаушы органдары көпке дейін сол «Сойқанның» орталығы қайда екенін таба алмады. Тек бір жылдан кейін

1919-жылдың наурыз айында олар арандатушының көмегімен саяси ұйымның ізіне түсіп анықтады. Ұйым мүшелерін аяусыз жазалап азаптап өлтірді. Осындай зұлымдықпен азаптап өлтірілгендердің ішінде Ысқақ Көбеков те бар еді. Алайда сол жылы 20-сәуірде сүзек ауруынан олді деп оған документ жасалды.

Қазақстанда Кеңес өкіметін орнатуға белсене қатысқан корнекті қайраткер Сәкен Сейфуллин өзінің 1922 жылы жазылған «Октябрь төңкерісінің құрбандары» деген көлемді мақаласында Ысқақтың өлімі туралы былай деп жазды: «Қызылжарда Совет тарапынан құрылған уездік комиссар Ысқақ Көбекұлы алғашқы Совет өкіметіне қарсы көтеріліс болғанда Совет өкіметін қорғап майданға шығып, қолға түсіп атылды.

Дәрігерлік оқуды оқыған нашардың ері еді» деп келіп «Нашар кейдей топтың ұлы еді» деді (С.Сейфуллин, шығармалар, 5 том, 297 бет).

Ал сол Сәкеннің үлкен ақын, жазушы, тарихшы екенін, өз кезінде Сәкеннің Қазақстанның Министрлер Советінің торағасы екенін де ойлауымыз керек. Осыларды ойлағанда Ы.Көбековтың есіміне соңғы уақытқа дейін атау бермегеніміз өте өрескел білімсіздік сияқты.

«Ештен кеш жақсы» дегендей қазіргі аудан басшыларының Ы.Көбековты еске алып, оның есіміне атау беріп жатқаны ризалық сезімін тудыратыны даусыз.

Біз бүгін бұл тұрғыдан алғанда қадірлі жерлесіміз Дәуітбек Нұртазин ақсақалды құрметтеп атауға тиіспіз. Өйткені ол 100 жылдық мерейтойын тойлағалы отырған Ысқақ ағамыздың өмірі мен қоғамдық қызметін 25 жыл бойы зерттеп, алғаш рет жарыққа шығарған адам.

Баяғыда Ы.Көбеков туралы менің алғашқы жазған мақаламды газет баспағанда, мен сол кездегі обкомның бірінші хатшысы М.П.Карпенкоға барғанмын. Сол кісінің тікелей бұйрығы бойынша ғана жарияланған еді дей келе, Дәуітбек Нұртазаұлының айтуынша, Сәкенмен сондай жақын дос болған Ысқақтан басқа Семей облысы бойынша ешкім де болмаған. Егер сондай біреу Семей маңынан шыкса, оны баяғыда хан көтерер еді деп жазды.

Ысқақ Көбеков туралы көп ізденіп, зерттеу жасаған жылдарда бір байқағаным деп жазды Дәукен, Көбековтер әулеті октемшіл коммунистік партияның үстемдік құрған дәуірінде көптеген қуғын-сүргін, жазықсыз жаза көрген. Бұлардың айдалуының негізгі себебі – Ысқақтың Сәкен Сейфуллинмен үзеңгілес дос болуы. Сәкеннің де жазықсыз айдалуымен тікелей байланысты болды. Бұлардың жазалануы Ы.Көбековтың есіміне ұзақ жыл көлеңкесін түсіргені анық,-деді.

Кейінгі кезде Алматыда тұрып қайтыс болған Дәукеннің жасы 80-нен асса да қолынан қаламы түскен жоқ. Елуінші жылдарда ағарту саласында қызмет істеп жүргенде түрлі тақырыптарда жазған мақалаларын оқып, әңгімелерін тыңдап, Дәукен айтыпты деген сөздерді жиі естигіміз. Сол кездің өзінде ол кісі аудан тарихына қатысты материалдарды жинақтап, Кәбеков сынды азаматтардың елі үшін сіңірген еңбегін зерттеп хатқа түсірген екен. Астанаға көшіп барғаннан кейін де елін, туған жерін ұмытып кеткен жоқ. Ауылдағы достарымен қалам ұстап шығармашылықпен айналысып жүрген азаматтар мен ауданның басшы қызметкерлерімен үнемі хат жазысып о дүниелік болғанға дейін елдің жағдайынан хабар алып тұрды.

Туған жерінде болып жатқан жақсы істерге қуанып, суыт хабар естісе күйзеліп қалады екен. Елін, жерін сүйген адамдарда ғана осындай қасиет болатыны ақиқат.

Дәукеннің Республикалық газет-журналдарға қаншама зерттеу мақалалары шықты. Тек осы ауылдың өзінен шыққан атакты адамдар Қожакелді, Молдабай балуан, Бияхмет Сәрсенов, Мырзахмет Оразалин, Тұрсын туралы мақалалар жазды. Мұның бәрін талдап айтар болсақ енді бір баяндама жасауға болады.

Мен тек Кәбеков туралы жазғандарына ғана тоқталмақпын. Егер Дәукен Ысқақ Кәбековтың өмірі мен қоғамдық қызметін зерттеп бұл жұмыспен айналыспаса бүгінгі аталмақ тойымыз да болмас еді. Осы тойды өткізу, мектепке Кәбеков есімін беру жөніндегі бастаманы көтерген де Дәуітбек ағамыз.

Ы. Кәбековтың атына алғашында мектептегі дружина атын бергізіп, бұрыш ұйымдастырған. Ауылда Кәбековке ескерткіш бюст орнаттырып, алғашқы зерттеуші автор, сол кездегі аудандық партия комитетінен жіберілген өкілетті адамы ретінде, митингте сөз сөйлеп лентасын киған, одан кейін де мектепте екі рет кездесу өткізген болатын.

Ысқақ Кәбекұлы жөнінде кенешардың да, мектептің де атын беру туралы келелі мәселелер көтеріп, жер-жерге іздеу салып, ауыл азаматтарына түрткі болып келе жатқан жерлесіміз Д. Нұртазиннің ықпалы болғанын айтуға тиіспіз.

Дәукен Ысқақ ағамыздың тойын өткізуге байланысты маған бірнеше хат жазды, ақыл-кеңес берді. Көп уақытқа дейін созылғанымыз үшін ашуланды ма, мына бір сөздерін Сіздерге оқып берсем артық болмас:

«Ы.Кәбековтың сол жақтағы жанашыры екенің маған белгілі. Бірақ соны менімен бірге жоқтасып іздескенің білінбейді. Мен

Көбековты 25 жыл бойы талмай жазып келемін. Соның нәтижесінде мәңгілік ескерткіш орнатылды. Мен көзімнің тірісінде Көбековке мектеп атауын бергенін көрсем деп ойлай беремін. Бірақ, осыған қолдау жасамадың. Әйелдер де торкінін жақтап шаңқылдап жатушы еді. Азамат сендер неге жақынды танымадыңдар? Көбеков есіміне Жданов мектебінің есімін береміз дейді де, кейбір әбінауыз, рушыл, алапес қуларың астыртын қарсы шығып, өтірік сылтау айтып жүр. Сен солардың осы сұмпайы істеріне неге ашуланбайсың? Неге оқпе айтпайсың? Ол үшін саған келетін қандай қауіп бар? Маған сол аудан басшыларың: «бәрін де жасаймыз, 100 жылдығын атаймыз, ескерткішті мектептің алдына әкелтеміз» дейді де, бірақ өтірік сылтау айтып орындамай келеді. Осыған астыртын қарсы қойып, бөгет жасап жүргендер кім? Солардың маған аты жөнін жазып жібер. Мен оларды Ақсуаттың халқы алдында сұмпайы қып берейін. Сүтке тиген иттей ғып, соқыр мысықтай етіп, ел арасына келемеж күлкі жасап берейін. Менің сықак сөздерім ел арасында 40 жыл айтылады. Олардың қаулысынан менің сөздерім елге көп тарайды. Қатын-қалаштарға дейін күлкі болып жүрсін!

Мен ешқашан лауазым иелеріне бас игем жоқ! Мен олардың қарауында емеспін! Өлген Көбеков пен тірі жүрген мен оларға қиянат жасаған жоқпыз. Әкелерін біз өлтірген жоқпыз. Неге бізге қарсы болады ол сығырларың?!

Өзің оларға жолық, Көбеков туралы ой-пікіріңді айт, сен де сәйлаушы емессің бе? Егер тағы да біреулері бөгет жасағаны байқалса, сол алапестердің кімдер екенін маған айтып жазып жібер, тек соны ғана сұраймын» – деп қатты ренжіп жазған еді.

Ысқақ Көбеков және ауданымыздан шыққан Бияхмет Сәрсенов, Отыншы Әлжанов, Смағұл Жармақов, Қолбай Тоғісов сияқты зиялы азаматтардың бүгінгі ұрпақ үшін қиын-қыстау заманда өмір сүріп тар жол, тайғақ кешуден өткенін естідіңіздер.

Сол арыстарымыздың аруағы алдымен Дәукең сияқты інілеріне риза болар деп ойлаймын. Дәукең: «Көзім тірісінде Екпін орта мектебіне Ысқақ Көбековтың есімі берілгенін көрсем» деп армандайтын көрінеді. Ол арманы орындалды деп ойлаймын.

Ал біз бүгін Дәуітбек ағамызға қазақ салтымен шапан жауып, ат мінгізгелі отырмыз. Оған қоса «Ақсуат ауданының ардақты азаматы» деген құрметті атақ берілсе де артық болмас деп ойлаймын.

Революционер большевик, Қазақстанда Совет өкіметін орнатуға белсене қатысқан жазушы Сабыр Шәріпов «Ақмола облысы жерінде

Қазан төңкерісі мен азамат соғысы туралы» деген қолжазбасында Ысқақ Көбековты жалынды большевик ретінде еске алады.

Қорыта айтқанда, өзінің бүкіл саналы өмірін социалистік революциясының жеңісін қорғауға, большевиктер партиясының ісіне арналған жалынды күрескер Ысқақ Көбековтың есімі ұмытылмақ емес. Ол Республикамыздың революциялық тарихи өмірінен де лайықты орын алып әрқашан құрмет тұтуға тұратын ардагер азаматы.

Ысқақ Көбековтың қымбатты есімін, оның ізгілікті ісін құрметтеп қадыр тұту ұрпақ алдындағы парыз.

Сөкен Сейфуллиннің еңбегінде 1920 жылы 4-қазанда тегістік негізінде құрылған кеңесте Қазақстан үкіметі жарияланды.

Россия патшалығының шеңгеліне кіргелі еңбекшілердің ел қатарына, халық қатарына өз өкіметін түзеп кіргені сол 1920 жылғы 4-қазаннан бері ғана. Бұл күн өмірде өз байларының, хандарының, сұлтандарының әлі орыс патшаларының, төрелерінің құлдығында жаншылып келген Қазақстанның халық еңбекшілеріне ұлы мейрам, тарихи зор қатты қуанышты күн. Қазақстанның басынан кешкен өткен дәуірлеріне қоз салсақ, қазақтың надан, жыртқыш, қан ішкіш хайуан тәрізді хандарының, сұлтандарының, төрелерінің еңбекші халыққа қылғандарын ойласаң «шаңырақ түйеге мінгізген күндерді» есіңе алсаң, «мұрнын тескен, құлағын кескен мұндар құлдарды» есіңе алсаң хандардың, сұлтандардың, мырзалардың бұхара халыққа салған дүрелерін есіңе алсаң, әлі оның бергі жағында байлардың еңбекшіл нашар халықты құлындай жұмсап, тізесін батырғандарын жадына алсаң және орыс патшасының атарман-шабарман, жасауыл, төре ұлықтарының қылған қылықтарын, зорлықтарын, еңбекшіл нашар қазақты малдан, иттен төмен ұстағандарын есіңе алсаң, бұл Қазақстан еңбекшілерінің өз алдына ел болғанын, өз алдына тегістік негізіне құрылған Кеңестік үкіметін жасаған күннің қандай зор мейрам, ұлы тарихи қуаныш күні екенін білесің. Қазақстанның қарт тарихы басынан талай адам баласының жан түршігерлік, талай адам баласының жүрегі елжіреп жан аярлық күндерді кешірген. Талай меңіреу қара пәле, қара түмандарды басынан кешірген, хандардың, сұлтандардың, патшалардың, талай арам тілектерінің кесапатынан Қазақстанның еңбекшіл халқының азаматтарының талай «терлігінен тер өткен, тебінгісінен қан өткен».

Міне, осының бәрін бастан кешкен. Енді ол күндер өтті. Россияда еңбекшіл-жұмыскерлер тобы тегістік негізінде құрып, Кеңесті еңбекшіл тобына кеңшілікті өкімет орнатты.

Қазақстан еңбекшілері енді автономиялы өзінің Үкіметі бар ел болды деді.

Ал Қазан төңкерісінің құрбандары туралы былай жазды:

Дүние жаратылғаннан бері тарих жүзінде болмаған кең құлашты қазан төңкерісі біздің қазақ халқының еңбекші, нашарлар табына тегін түскен тәрізді көрінеді. Қазан төңкерісінің жасаған ескілікті қиратып, жаңа тәртіп орнатқан орыстық жұмыскерлер, еңбекші тобы (пролетариаты) неше жыл белдесіп, байлар, төрелер табымен күресіп, өлшеусіз қан төгіп, мың-миллиондап ер-азаматтарын құрбан қылып, сансыз ғажап михнат тартып қазіргі дәрежеге жетіп отыр.

Орыс халқының жұмыскер нашарлар табының қазан төңкерісінің жолында қалған құрбанының қасында біздің қазақ халқының нашарлар табы ешнәрсе қылған жоқ, қылатын да болған жоқ, даяр асқа ортақ болған тәрізді болып отыр.

Өйткенмен, дарияның қасында түкіріктей болса да қазақ халқының нашарлар табының қазан төңкерісінің жолында аз да болса қылған еңбегі, тартқан михнат азабы, қылған құрбандары бар. Әр жердегі әр әскерде жүріп шейіт болған қазақ нашарларының ұлдары былай тұрсын, әр қалада қазақтың нашар табының ұранын салып, туын көтеріп шыққан біраз азаматтар қазан төңкерісінің жолында құрбан болды деп жаза келіп сол аталған адамдардың ішінде Қызылжарда кеңес тарапынан құрылған уездік комиссар Ысқақ Кәбекұлы алғашқы кеңес үкіметіне қарсы көтеріліс болғанда кеңес үкіметін қорғап, майданға шығып, қолға түсіп атылды. Дәрігерлік оқуын оқыған кедей шаруаның ері еді деп айта келіп:

Міне, бұлар қазақ халқының нашарлар табының Қазан төңкерісінің жолындағы, нашарлар табының теңдігі, бақыты үшін жандарын құрбан қылған ұлдар.

Бұлар қасиетті тілектің құрбандары! Бұлар ана сүтін ақтаған шын азаматтар!

Ендігі тірі жүрген жолдастардың міндеті – осы айтылған шахиттердің есімдерін ұмытылмайтын қылу. Ол үшін Қазақстанда кейбір мектеп, медреселерге, оқуханаларға, көшелерге осы айтылған ерлердің есімдерін қою керек.

Бұған күллі Қазақстандағы жолдастар кірісу керек, сөйтіп біздің мойнымыздағы борыш, жолдастық ақы ақталады деп жазды. (С.Сейфуллин, 1922. Қараша айы, Орынбор қаласы, 5 том, 152 бет).

Революционер жазушы Сәкен Сейфуллиннің жоғарыда айтылған өсиеттерін іске асыруда Егемендік үшін құрбан болған Ы.Кәбекұлына туған жеріндегі мектепке есімін беріп, 100 жылдығын атап өтуге ат салысқан халқына, елдің ер-азаматтарына, олардың тілегі мен

пиғылына, жүрек жылуына, үлкен рахмет айтып, қанағаттанғандық сенім білдірген орынды болар.

Ы.Кәбекұлының ауылдастары, тағдыры күрделі, ойы терең, киялы шалымды, жүріп өткен тарихи жолы бұралаң қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігі жолында аянбай күрес жүргізген, өзінің саналы қысқа ғұмырын қазақ ұлтының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы қасиетті қызметке бағыштаған, Ахмет Байтұрсынов пен Жүсіпбек Аймауытовтардың «Бияш» деп атап өткен, Бияш дүние саларда, Түркістан Республикасының бас газеті «Ақ жол» басқармасы: «Қазақ елінің көгіндегі үркердей азғана жұлдыздарының бірі сонді. Бияхмет сол санаулы жұлдыздардың арасындағы ең жарық, нұрлы көрінгендердің біреуі еді деп көрсеткен Бияхмет Сәрсенұлын.

Туған халқының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресте құрбан болған, халқының әдебиеті мен мәдениетіне айтарлықтай үлес қосқан Отыңшы Әлжанұлын, жалынды журналист Батухан, Шыңғысхан, Абай жолы романдарын орыс тіліне аударған шебер аудармашы Жағыпар Мұхаметжанұлын, Кеңес үкіметін қалыптастыру кезінде Үржар, Мақаншы аудандарында «Қызылтау қырандары» отрядының қолбасшысы, кейінде сот жұмысын жолға қоюда аянбай еңбек еткен Смағұл Жармақұлын, әділет жолын берік ұстап, заң қызметкерлері ретінде сол күнде ел аузына ілінген Ережеп Итбаев пен Мырзахмет Оразалинді, әрі жерлес, әрі партиялас қанды көйлек жолдасы, халқының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін аянбай күрескен жалынды күрескер «Надандық құрбандары» атты пьесаның авторы, атакты драматург Көлбай Төгісұлы сияқты арыстарымызды баспа бетінде жария ету арқылы таныстыру, ардақтау, құрметтеу, қадірлеу ұмытылмас ету кейінгі ұрпақ парызы демекпін.

Біздің жерімізден шыққан арыстарымызды тарих бетінде кейінгі ұрпақтарға қалдырған оқ пен оттың ортасында жүріп кітап жазған Сәкен Сейфоллаұлының аруағына тағзым етіп, ақын есімі кейінгі ұрпақ жүрегінде мәңгі сақталатындығы туралы, еңбектерінің ел игілігіне пайдаланыла беретіндігіне ешқандай шек келтіруге болмайды.

Өйткені біз Ысқақ Кәбекұлын Сәкен арқылы ғана толық танып білдік. Сәкенді оқымаған адам Кәбесковтың кім екенінен толық мағлұмат ала алмайды. Сол үшін де Сәкен бізге өте жақын тұрған революционер қаламгер жазушы, Кәбеков бізге қандай қастерлі болса Сәкен де соншалықты ардақты. Сондықтан ол екеуін бір-бірінен бөле қарауға әсте болмайды.

АЛАШ ПЕРЗЕНТІ

(*Отыншы Әлжанов*)

Кезінде күллі алаш пір тұтып, сенім артқан, бірі онға, оны жүзге тағырлық осы бірегей тұлғалар туралы бүгінде аз айтылып жүрген жоқ. Әсіресе, «Алашорда» өкіметінің ірі қайраткерлері, қазақ ұлтының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күрделі де ауыр күрестің бастауында болған ой-сана көсемдері: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхаметжан Тынышбаев, Мұстафа Шоқайев, Халел Досмұхамедов, Әлімхан Ермеков, Жұмыртқы Ақпаев, Мағжан Жұмабаев туралы азды-көпті зерттеу жұмыстары жүргізіліп, шығармалары қалың қауымға кеңінен таныла бастады.

1917- жылы желтоқсанның 5-13 жұлдызы аралығында Орынбор қаласында жалпы қазақ съезі болып өтті. Құрылтайдың барысында 35 адамнан тұратын «Алашорда» өкіметінің мүшелері мен кандидаттары жөне «Оқулықтар түзу» комиссиясы сайланғаны белгілі.

Осылай дей тұрсақ та жоғарыда аты аталған ірі тұлғалармен мұраттас, тағдырлас болған «Алашорда» өкіметінің қалған 26 мүшесі туралы да айтқан жөн. Олардың өмір жолы, кейінгі тағдырлары жөнінде әзірге білеріміз тым тапшы.

Ауданымыздың төл тумасы, «Алашорда» ұйымының 35 мүшесінің бірі Отыншы Әлжанов еді. Оның өмірі мен қызметі, кейінгі жылдардағы тағдырына тоқталайық. Тіпті, аудан жұртшылығы оның өмір жолымен толық танысып үлгерген жоқ десек те артық емес. Осы айтулы азамат, жерлесіміз, әрі туысымыз «Алашорда» ұйымының белді өкілі болды. Отыншы Әлжановтың өмірі мен қызметі жөнінде мұрағат қорларында, баспасөз беттерінде, ел аузында сақталған деректерді негізге ала отырып, елі үшін еңіреп өмір сүрген осынау азаматтың тағдырынан оқырман жұртшылықты хабардар ету үшін қолға қалам алуға тура келді.

Отыншы Әлжанов 1873-жылы 12-тамызда бұрынғы Семей облысы, Зайсан уезі, Нарын болысының № 6 ауылында (Ақсуат ауданы, «Ақсуат» совхозының Тарбағатай бөктеріндегі Әлжан қыстауында) дәулетіне сәулеті сай ауқатты бай Әлжан Сақауовтың отбасында дүниеге келген.

Отыншының әкесі Әлжан әйгілі аға сұлтан Құнанбайдың Найман еліне ұзатылған туған әпкесі Тайбаланың бауырына салып алған екі баласының бірі. Үлкені – Шибайды (Ізғұтты) Құнанбай жиені ретінде өз қолына алып тәрбиелеп өсірсе, Әлжан Тайбала бәйбішенің қолында өсіп

ер жетті. Үйлі-баранды болып бір ұл, бір қыз өсіріп 1907-жылы 7-маусымда 34 жасында қайтыс болды.

Әлжан отағасы жалғыз ұлы Отыншыны орысша оқытуға ынталы болып, тоғыз жасар кезінде, 1882-жылы 12-қыркүйекте Зайсан қаласындағы ер балаларға арналған бастауыш орыс-қазақ училищесіне берген.

Жас шәкірт аталған училищенің жоғарғы баспалдағын 1887-жылы үздік бітіріп шығады. Ұлына орта білім беру ниетімен Әлжан Отыншыны сол жылы Омбы қалалық училищесіне оқуға береді. Отыншы осы училищені 1890-жылы ойдағыдай тәмәмдап, Омбы мұғалімдер семинариясына емтихан тапсырып, конкурстан сүрінбей өтіп, аталған семинарияның студенті болады. Ол семинарияның соңғы курстарында оқып жүрген шағында жазу-сызумен шұғылдана бастайды. Сол кезде Омбы қаласында шығып тұрған «Киргизская степная газета» мен «Дала уәлаяты» атты газеттерде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне қатысты проблемалар төңірегінде ой қозғап, шағын-шағын хабарлар мен мақалалар жазып тұрды.

Омбы мұғалімдер семинариясының толық курсы 1894-жылы бітіріп, бастауыш орыс-қазақ училищелеріне мұғалім болуға куәлік алады. Содан кейін Отыншы Әлжанов Дала генерал-губернаторының 1894-жылдың 19-маусымындағы арнайы бұйрығымен губернатор кеңсесінде қызметке қалдырылады. Мұнда бір жылға жуық жұмыс істеп губернатордың сынағынан өтті. 1895-жылы 5-наурызда Ақмола облыстық сотына тілмәштык қызметке тағайындайды. Ол мұнда қызмет ете жүріп 1897-жылғы жалпы Ресей халық санағын жүргізу науқанына қатысты.

Осы жылдары ол өзінің студент кезінен сүйіп айналысқан шығармашылық жұмысымен белсене шұғалданады. Отыншы өзі туып-өскен Зайсан, Тарбағатай өңірі мен өзі оқыған және қызмет істеген Омбы, Қызылжар, Ақмола өлкелерінің ел арасында сақталған ауыз әдебиеті үлгілерін көптеп жинастырып баспасөз бетінде ұдайы жариялап тұрады.

Отыншы Әлжановтың шығармашылық қызметі мұнымен тәмәмдалмайды. Оның Ресей орталықтарындағы Орыс баспасөз беттерінде ілгерінді-кейінді жарияланған еңбектері әлі жинастырылмай жатыр. Бұл келесі ұрпақтың үлесіне қалады.

Отыншы Әлжанов Омбы округының белгілі де беделді адамы Дүсебай қажы Кеменгеровтың қызы Нұржәмиләға үйленіп, отбасын құрады. Нұржәмилә қазақтың белгілі азаматы, жазушы Қошмұхаммед (Көшке) Кеменгеровтың туған әпкесі. Отыншы Әлжановтың Омбы қалалық

Орыс-казак пансионындағы дәріс беру шеберлігіне тәнті болған округтық оқу инспекторы А.Алектаров оны оқу – ағарту саласына қызметке шақырады. Отыншы бұған өз келісімін береді.

Сонымен, ол өзінің ұзақ жылдар бойы атқарған сот мекемесіндегі тілмәштықты біржолата тоқтатып, 1907-жылы Көкпектідегі 2 класты орыс-казак училищесіне меңгерушілікке жіберіледі. Бұл жұмысына қоса Өскемен уезіндегі барлық бастауыш мектептердегі басқару және мектеп ашу жұмысымен шұғылдану тапсырылады.

Отыншы осы 1907-жылдың күзінде Санкт-Петербург қаласында Ресей халық ағарту министрлігі тарапынан құрылған «Бұратана халықтардың оқу ісі мен мектептері туралы заң жобаларын қайта қарау комиссиясы» жұмысына кәнігі миссионер А. Алекторовтың арнайы ұйғарымы бойынша казак халқының өкілі ретінде қатысты. Комиссия жұмысына қызу араласқан Отыншы мәслихатқа қатысушылар назарын казак халқының оқу-ағарту ісіндегі көкейкесті мәселелерге аударды. Әсіресе, казак даласында жөн-жосықсыз қаптап, тас кенедей өрбіп жүрген миссионерлердің іс-әрекетін айыптап, соның салдарынан казак қауымының орыс оқуына сенімсіздікпен қарап, балаларын орыс мектептеріне оқуға беруге құлықсыздық танытып отырғанын бұлтартпас дәлелдермен баяндап берді. Ол Ресей халық ағарту министрлігін казак халқының оқу-ағарту ісін ғылыми негізде құрылған оқу жүйесіне түсіруді талап етті.

Санкт-Петербургтен келе салысымен ол Семей, Өскемен уезінің игі жақсылары мен ел билеуші болыс-билерінің, дәулетті байлардың басын қосып үлкен кеңес жасайды. Кеңесте бір-ақ нәрсе сөз болады, ол ел-елде мектеп ашу. Осы бас қосудың нәтижесінде жоғарыда аталған екі уезд көлемінде 1907-1909 жылдарда оншақты мектеп ашылады. Сонымен мал бағумен күнелткен жергілікті халықтың тұрмыс-тірлігіне сәйкес көшпелі мерзімдік мектептерді де көптеп ашты. Отыншы бұл кезде тек бірыңғай оқу-ағарту ісімен ғана шұғылданып қоймай, қандастарының тұрмыс-тіршілігімен де кеңінен таныса бастайды.

Тарихтан белгілі 1832- жылы Аякөз округі құрылса, ал Үржар 1848-жылдан тарихқа казачий станица ретінде белгілі. Бүгінде Үржар өңірінің шұрайлы таулы алқабынан орын тепкен Аксаковка, Ириновка, Алексеевка, Ново-Андреевка, Афанасьевка, Некрасовка, Покровка, Благодатное селолары 1904-1907-жылғы Столыпин реакциясы кезінде көшіп келген қарашекпенділердің қоныстанған мекендері, бұл селолардың бұрынғы орны осы өлкедегі Найман руларының күзеуі мен көктеуі болған, әрі Тарбағатай асып жаз жайлауға өтер әр рудың көш жолы еді.

Басында бейшаралық халде келген қарашекпенділер көп кешікпей Өкіметтен көтерме қарыздар алып тез арада шаруашылықтарын түзетін жер иесі болып әлдене бастайды. Осы жерде Міржақып Дулатовтың бір шумақ өлеңі ойға оралады:

«Қазақ- ау, жерің қайда мекен еткен?

Орныға кошкен бұлттай хохол жеткен.

Тәйір- ай, біздің жұрттай жалқау ма олар,

Келе сап егін салып, байып кеткен.

Миуан қалды бізге шөл далалар,

Қаңғырып қазақ байгүс қайда барар?»,-дейді күресерге дәрмені жоқ акын. Әлденіп алған келімсектер күзеу мен көктсуді былай қойып, қазақтарды жайлауға өтер көш жолынан жүргізбеуге айналады.

Жерінен өткізе қалса ірілі-ұсағына қарамай жүз тұяқтан бір тұяқ жайлауға барғанда да, қайтқанда да салық алады.

Аяқты мал белгілі, көзден таса болса болды шұбап барып көк егінге шабындыққа түседі. Ондайда түскен малдың көбі айыпқа алынады. Қазаққа мал ашуы-жан ашуы. Осындайдан жанжал-төбелес басталады. Бас жарылып, көз шығады. Қазақтардың жер мен судың түпкілікті иесі бола отырып, оны пайдалануда орыс келімсектері мен саудаға құныққан татар көпестеріне есесі кетіп, теңдік ала алмай отырғанын көріп-біледі.

Жер-судың түкті шұрайлы бөлігіне қожалық еткен келімсектердің астамшылығы, тіпті шектен шықты. Қазақ жерінен қала үлесіне, әскери жасақтар үлесіне, қазына үлесіне, орман шаруашылығы үлесіне деп кесіп алынған жерлерге қазақ бұқарасының аяқты малы түсіп кетсе иесіне айып салынып, абақтыға жабылып, істі болып жатса, ал тасты, шөлді, қуаң жайылымына жүздеп, мыңдап ала жаздай малын жайған, қазақ жерінің өрісін тарылтып, құтын қашырған орыс алпауыттары мен татар саудагерлеріне ешқандай заң қолданылмады. Осындай шектен шыққан қиянатты көре, біле тұрып Отыншы қол қусырып отыра алмады: заңға жүгініп әділет сұрап, кейде өз атынан, кейде зәбір көріп отырған ел азаматтары атынан жоғарғы ұлықтарға өтініш-арыздар жазды. Сол арыздардың бірінде ол: «...Громадная стада как мелкого так и крупного скота промышленниками гоняется через Зайсанский уезд и эти стада на своем пути уничтожают все киргизские покосы и пашни. За причиненный убыток киргизы не могут получать низкого вознаграждения от скотопромышленников»,-деп ашына жазған еді.

Өкінішке қарай Отыншының туған халқының ауыр халіне араша түсіп жазған өтініш-арыздары қазақ десе жұлдызы қарсы туған орыс әкімдерінің назарына алынбады. Қайта «басқа пәле тілден» дегеннің кәрі келіп, Отыншының ақ сөзін арсыздықпен теріс жорыған патша

әкімдері оның сөзіне пәле жапты. Оның әділеттілік сұрап, заңға жүгінуін қазақ халқын патша үкіметіне қарсы үгіттеп, қазақ жеріне орыс келімсектерін қоныстандыру саясатына қарсылық көрсету деп тапты.

Бұл туралы Міржақып Дулатов былай деп жазды: «Бірақ қырағы үкімет мұның ізіне шөп салып, үстінен шағымдар жүріп, Көкпектідегі орыс келімсектері мен татар саудагерлеріне жалған домалақ арыз-шағымдар жаздырып, оның үстінен іс қозғапты, 1909 жылы Отыншы Семей абақтысына жабылды. Осындай құрыққа сырық жалғап жүріп патша әкімдері оны саяси сенімсіз адам ретінде 1909-жылы 15-шілде күні 5 жыл мерзімге кесіп, Жетісу болысының Лепсі уезіне жер аударды.

Отыншының айдаудағы өмірі басталды. Ол айдауда жүріп те ұлтының жоғын жоқтап, арман-мүддесін қорғаудан бас тартпады. Лепсі уезінің бастығы өзінен жоғары ұлықтарға 1912-жылы 13-тамызда жазған қатынас қағазында: «... Отунчи Альджанов, как политически неблагонадешный сосланный в г. Лепсинск поднадзор полиции. Здесь в Лепсинске О.Альджанов занялся ходатайством по разным делам в мировом и окружном судах и стал пользоваться популярностью среди местных мусульман татар и особенно киргиз», - деуі біраз нәрседен хабардар етсе керек.

Ол әрқашанда, қайда жүрмесін, қайда болмасын көкірек көзі ашық, санасы ояу қазақ азаматтарымен пікірлес, мұраттас болды. Соңынан ерген қазақтың көкөрім жастарына ұстаз болды. Оларды еліне пана, жеріне қорған болуға тәрбиеледі.

Ол туралы қазақтың белгілі жазушысы Көшке Кемеңгеров: «Білім дариясынан сусындауыма, саяси көзімнің ашылуына себепкер болып, ұлтшылдық (ұлтшылдық – патриот. Кеңес өкіметіне дейін бұл сөз жақсы мағынада қолданылған. Тек большевиктік идеология «Националист» сөзіне балама етіп жіберді. БК) өріне сүйреп едің. Алыста жатсаң да ақыл сабағыңды хатпен беріп ұстаз болып едің. Жұмсақ сөзді, мейірім жүзді, көркем мінезді қымбат жездем дидарыңды көре алмадым-ау!» - деп тебірене жазады («Жас азамат» газеті, 1918ж.25-тамыз № 4).

Отыншы Әлжанов сот кесімі бойынша 5 жыл мерзімін Лепсі қаласында өтеп, 1914-жылы 15-шілдеде еліне қайтуға тиісті еді. Бірақ, олай болмады. Қазақтың санасы ояу азаматтарынан өлердей қауіптенетін отаршыл жүйе әкімдері қалай да оны туған еліне қайтармау жағын қарастырумен болды. Семей облысының генерал-губернаторы өзінің 1913-жылғы 20-маусымдағы Дала генерал-губернаторына жазған жолдау хабарламасында бұл ойын анық білдіре жазғанды: «... Альджанов и в месте высылки продолжает свою противоправительственную деятельность, я полагаю бы ходатайство его

о возвращении на Родину отклонить, тем более, что возвращение его в данный момент, в виду политических осложнений в прилегающих к Зайсанскому уезду местностях Китая и производящихся Киргизских выборов может повести за собою нежелательные последствия».

Міне, осындай аярлықпен істелген кедергі тосқауылдар Отыншыны туған жерінің дәмін татуға жолын кесіп, қолын байлады. Күн артынан күн отіп, зымырап уақыт керуені 1916-жылғы дүрбелең мен 1917-жылғы тонкерістерге ұласты.

Оның осы кезеңдегі өмір жолы туралы ардагер алаш азаматы, күрескер қаламгер, аяулы Жақаң (М.Дулатов) былайша толғапты: «... Жетісу елі бүліншілікке ұшырағанын көріп, оқыған басшы азаматтарының аздығын сезіп, Отыншы ол елді тастап кете алмады, жанын ортаға салып қызмет етті» («Жас азамат» газеті, 1918ж.25-тамыз № 4).

Жалпы қазақ съезінде Алашорда өкіметіне мүше болып сайланған Отыншы Әлжанов Жетісуға келіп, съезд қаулыларын жүзеге асыру ниетімен өлкенің айтулы азаматтары М.Тынышпасов, С.Аманжолов, М.Жайнаков, Б.Мамытовтармен тізе қоса отырып жергілікті халық милициясын құрып, оның жұмысын жақсартуға шұғыл кірісіп кетеді.

«Алашорда» милициясының алдында 1916-жылдың дүрбеленінде қатты күйзелген Жетісу қазақтарын ақтар мен қызылдардың тонаушылығынан қорғау міндеті тұрды. Оның үстіне 1916-жылы түгелдей патша тарапынан арнайы қаруланған орыс келімсектері ішінен қазан бұзар бұзақылар да көптеп шыға бастаған болатын. Олар кешегі 1916-жылғы дүрбелеңде қазақ халқының патша өкіметіне қарсы бас көтеріп, қолына қару алғанын орысқа қарсы жасалған әрекет деп есе алуға ұмтылды. Қарусыз, қорғансыз халықты кейде қорқытып, кейде үркітіп ойларына келген бейбастықтарын істеп ел береkesін кетіре бастаған еді. Осы тұстағы Жетісу елінің жағдайын Семейде шығып тұратын «Абай» журналы томендегіше жазды: «... 1916 жылдан бері соры ашылмай келе жатқан Жетісу қазақтарының бұл жолы тағы да үлкен апатқа ұшырап, басына ауыртпалық түскен көрінеді. О жақтың қазақ орыстан өзгесі түгел қазаққа жау болып талғамай қырып жатса керек. Ерке, әйел, көрі, жас, бала-шаға демей көзіне көрінген қазақты оқтың астына алып өлтіріп, үйін, мүлкін өртеп, малын талап алды».

«... Мақаншы қаласын қызылдар шапқанда қазақтың бір оқыған қызметкері Отыншыны шаһид қылып, сүйегін ортеп жіберіпті. Талай жерде: «Жарлық естіртеміз, сөз айтамыз», - деп қазақтарды жиып алып, пулеметті құрып жіберіп шалғымен шапқандай тып-типыл қылып жусатқандары болыпты. О жақтың орысының қазаққа көрсеткен күнін құдай басқа салмасын. «Аңға шығамыз» деп қазақ ауылын келіп қамап

алып, жан-жағынан бытырлатып атып, адамдарын жусатып салып, малын айдап жөнеліпті, жас балаларды найзаның ұшына шаншып доп қылып ойнапты. Керосинді бүркіп жіберіп, сіріңке қойып, бақырып, секіріп, жанталасып өлгеннің қызығына қарап тұратыны естіген адамның күйка тамырын шымырлатады» («Абай» журналы, 1918 жыл, № 9, 5-6 беттер).

Осындай оқиғаның ортасында жүрген Отыншының жаны қалай төзсін, ол өзінің жасағын бастап өмірінің ақырына дейін жан алып, жан берісіп «Тарбағатай қызыл қырандарының» бейбастығына қарсы соғысқан.

Міржақып Дулатов Отыншы Әлжанов туралы мақаласында былай деп жазыпты: «Өткен июльдің басында мен Зайсан уезіне бардым. Сонда Отыншы марқұмның еліне мынандай хат келді: «Елдің басына мынандай бәле туып тұрғанда мен бұларды тастап кете алмаймын. Өлсем, тірілсем де бірге көремін, менің қатын-баламды келіп алып кетіндер». Марқұм айтқанын қылды, елді бәлеге тастап өз басын амалдап кеткен жоқ. Алаш жолында құрбан болды! Қызықты ғұмырының көбі абақтыда да, айдауда да өтті, бірақ, қымбатты Отыншы, алаштың көркейгенін көре алмай арманда кеттім демеді. Сендей ұл туған ел ешкімнен кем болмас. Топырағың торқа, жаның жаннатта болсын аяулы алаш азаматы!»-деп бітіріпті.

Елу жылға тарта мерзімде осы өлкенің қазақтары құрып кетпей ұрпақ жалғастығын сақтау үшін Қасым айтқан «Арпалыс ала күйін замандарды» басынан өткеріпті. Бүкіл бір ұрпақ бағы ашылмай күн кешіпті. Ал Отыншы Әлжановтар болса, әрі-бері сапырылыспай, өз ата мекенінде қазақты тәуелсіз ел етуді көксепті. Бүгінгі қол жеткен егемендікті олар осыдан жетпіс жыл бұрын армандапты, сол жолда арыстандай арпалысыпты.

Міне, осындай қысылтаяң кезде туған халқына қорған бола білген, керек десең жанын қиған Отыншы Әлжанов тоталитарлық Кеңес өкіметі тарапынан ұзақ жылдар бойы датталып, қараланып келді.

Отыншының қазасы бүкіл қазақ халқын күңіrentкен азалы өлім болды, бүкіл қазақ даласы аза тұтты.

Қазақ тілінде шығып тұрған барлық газет-журналдар арнайы қазанамалар арнады. Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Қошке Кемеңгеров сияқты қайраткер, қаламгерлер Отыншы Әлжановтың қоғамдық-әлеуметтік қызметін жоғары бағалап, арнайы мақалалар жазған болатын. Ол туралы: «Ұлт қызметінде жүріп құрбан болған Отыншы Әлжановтың мезгілсіз қазасына қайғырамыз. Марқұм алашорданың бір мүшесі еді. Құрылтайдың өкілі еді. Алаш баласына

Отыншының шығыны батады, орны ойсырайды, әсіресе балшықтан кісі жасап ала алмай отырған Жетісудағы ағайындарға басшысынан, көсемінен айрылғаны жан ауырарлық іс болды. Тағдырға шара бар ма? Марқұмның жаны жақсы жайда болып, қалғандарына сабырлық берсін деп тілсіміз»-деп жазды Ж.Аймауытов («Абай» журналы, 1918жыл, 22-тамыз, № 9).

Елі үшін құрбан болған осынау аяулы азаматтың соңында қалған отбасының тағдыры Кеңес өкіметінің тұсында да оңай болған жоқ. Отыншының от басы да өзі тағдырлас ел қорғаны болған алаш азаматтарының отбасы сияқты қуғын-сүргінді көп көрді. Үлкен ұлы Мұхаметқасым (Мұқаш) (1905-1967) туған жерден пана таба алмай, бір де қырғыз асып, бір де Ресей кетіп, азын-аулақ оқуының арқасында финанс саласында қызмет істеді, үйленді, ұрпақ өсірді. Мұқаш аға да әке жолын жалғастырып, туған халқының бай ауыз әдебиетінің үлгілерін мол жинап, өзі де шағын шығармалар жазған екен. Оның «Молдабай балуан» атты еңбегі бүгінгі таңда да мәнін жоймаған бағалы туынды.

Мұхаметқасымның үлкен қызы Әмина Ақмұрзаева халқымыздың аса дарынды ұлы, ірі композитор Мұқан Төлебаев туралы «Өмір дастан - ән дастан» атты тамаша ғұмырнама кітап жазып, соны ұрпаққа табыстап кетті. Ал кенже қызы Сәуле Әлжанова экономика ғылымдарының кандидаты, көп жылдар Қазақ политехникадық институтында ұстаздық етті, бүгінде зейнеткер. Алматыда тұрады.

Отыншының кенже баласы Ғалымжан (1909-1965) кезінде Санкт-петербург университетінің шығыстану факультетіне түсіп, әйгілі ғалым Әлкей Марғұланмен сабақтас дос-жар адам болған. Бірақ, Ғалымжан Әлжанов университеттің толық курсына бітіре алмады. 4-курсның үздік студенті Ғалымжан Әлжановты 1937-жылы халық жауының баласы деп тапқан кеңестік заң органдары оқудан қуып, Ақтөбе облысына жер аударды. Ғалымжан бұл әділетсіз жазадан тек 1956 жылы ғана ақталды. Ұзақ жылғы қуғын-сүргіннен сабыр тапқан ол кейін Алматы ауылшаруашылығы институтын сырттай оқып бітіріп, Ақтөбе облыстық ауылшаруашылық басқармасында бас агроном болып қызмет істеді. Бүгінде балалары, немерелері Ақтөбе қаласында тұрады.

Ғалымжан дер шағында ғылымнан қол үзіп қалғанына қарамастан, жазу-сызудан қол үзбеген. Журналистік жұмыспен үзбей шұғылданған ол КСРО журналистер одағының мүшесі болған. Әйгілі дихан, тарышы Шығанақ Берсиевтің еңбектегі жетістіктерін алғашқылардың бірі болып насихаттаған да Ғалымжан Әлжанов болды.

Туған халқының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы қанды майдан соғыста құрбан болған, елінің оқу-ағарту ісіне айтарлықтай із қалдырған, туған халқының әдебиеті мен мәдениетіне елеулі үлес қосқан Отыншы Әлжанов есімін ел есінде, ұрпақтар жадында қалдыру-бүгінгілердің атқарар борышты істері болса керек. Яғни алаштың ардақты азаматы ретінде көңіл бөлініп, құрмет корсетілуге тиісті.

Осыған орай Отыншының кіндік қаны тамған Ақсуат жерінде Тарбағатай ауданының ішкі істер бөлімі осы Отыншы Әлжановтың атымен аталып, ескерткіш қою әбден орынды.

Бұл берілген материал Отыншы Әлжановтың өмір жолын баяндайтын қысқаша берілген тұжырымдама. Қаражат көзі табылса, Отыншы Әлжановтың өмір жолы туралы үш томдық шығармалар жинағы жарық көрмек. Осының барлығын іс жүзіне асыру- аудан басшылары мен зиялы, ұлтжанды азаматтарының сондай-ақ келешек ұрпақтың үлесіне жатады.

ЖАҒЫПАР МҰХАМЕТЖАНОВ КІМ БОЛҒАН?

Осы ауылдан шыққан жалынды журналист Жағыпар Мұхаметжанов жәйлі, Ақсуаттың байырғы тұрғыны және онымен аталас туыс болып келетін Құсайынов Базарбек:

- Осы Жағыпардың әкелерімен, Тарбағатай төсіндегі жылы тауда қыстауларымыз да, бір-біріне таяу болды. Мұхаметжан қыстауымен біздің әкеміз Құсайынның қыстауы жер бөлісетін.

Жағыпар 1916-жылы туған. Ағасы Мұхаметжанов Жұмаділ, Омбыдан заң оқуын бітірді. Оқуын аяқтағаннан кейін, Омбы генерал-губернаторының жолдамасымен алғашында Зайсанда, одан кейінгі жылдарда Өскеменде, Семейде облыстық прокурор болып жұмыс істеді. Осы қызметте жүргенде 1933-жылы ұсталып содан елге оралмайды,-деп әңгімелейді.

Жағыпар жастайынан арапша, орысша оқып сауатын ашады. Оның орысша оқуына ағасы Жұмаділ қамқоршы болады. Сол 1933-жылы Семейде орысша семинарияға түскен кезде оқуын аяқтамай, қуғынға ұшырайды. Жағыпарға да бай баласы деген ат қойып, айдар тағылған көрсетіндіге ұшырай бастағанда ол Семейден, Өзбекстанға қашып кетеді. Сол кезде ол 17 жаста еді.

Ташкенге барған соң бір өзбектің отбасына жазылып сол адамға жалшы, малшы болып еңбек етіп, күнін көреді. Өзбек әкесіне орысша оқуын жалғастырсам деген тілек білдіреді. Сөйтіп, жүріп Ташкеннен

орыс орта мектебін үздік оқып бітіреді. 1935-жылы ең алғашында почта тасушы болады. Үй-үйге хат-хабар тасумен шұғылданады. Газет тасып жүріп, Ташкеннің қала ішіндегі бір ауданның баспаханасына жұмысқа кіреді. Сол жерден оның журналистік жолы басталады. Редакциядағы адамдар оның арап әрпімен жазған мақалаларына аса зор маңыз беріп зер салады. Редакцияның бір бөлімінің бастығы оған мақаланы қалай, қандай тақырыпта жазуды ұғындырады. Сол қызметінде ол 1938-жылдың аяғына дейін істейді.

Оның әдебиетке бейімділігін ескерген редакция алқасы оған Ташкенттегі институттың журналистика факультетіне оқуға жолдама береді. Сол факультеттің екі курсын аяқтаған соң, 1940-жылы Мәскеудің Қызыл профессура аталатын курсына жіберіледі. Оны 1941-жылы аяқтайды. Қазақша-орысша жетік білімдігінің арқасында оны сол кездегі «Известия Советов депутатов трудящихся» газетіне аудармашы етіп жібереді. Сол қызметінде Мәскеуде 1950-жылға дейін жұмыс істейді.

1949-жылы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романын жазып аяқтап, оны Қазақстан Жазушылар одағы Сталиндік сыйлықтың лауреаты атағын алуға ұсынады. Сол кезде роман қазақша баспа бетін көреді де, оны Сталинге оқыту үшін орысшаға тездеп аудару қажеттігі туады. Содан Мәскеуде аудармашы болып істейтін бір қазақ бар, аударса сол тездеп аударар дегенді әркімдер нұсқайды. Сонымен Мұхтар-Жағыпарды іздеп табады. Әңгімелесіп танысқаннан кейін, Жағыпар Мұхтарға құда болып шығады және өзбек жағынан да таныс, естіген тәрізді.

«Абай жолы» романындағы Құнанбайдың әпкесі Тайбала, Сақаудың бәйбішесі екені, Сақау Мұхаметжанның әкесі, одан Жағыпар туса, қалай жақын болмайды?!

Сонымен келісіп он-онбес күннің ішінде «Абай жолын» орысшаға аударады, машинкаға бастырады. Машинистка «Со скопом» деген сөйлемді, «Со скотом» деп басады. Мұхтар оқып отырып, «Со скотом» депті. Ол қате шығар дейді Жағыпар. Ол «Со скопом» Ол «Со скопом» ның қазақшасы «Қосы қолаңымен» - деген сөйлем деп түзеттіреді. Сонымен «Абай жолы» романының мазмұны СССР жазушылар одағы арқылы, Сталинге түсіндіріліп, Мұхтарға лауреат атағы беріледі.

1950-жылдары Жағыпар Алматыға келіп, Қазақстан Жазушылар одағында аудармашы болып жұмыс істейді. Сол кездерде ол СССР журналистер одағының мүшесі еді. Осы қызметінде істей жүріп, ол Ленин-Сталин шығармаларын орыс тілінен қазақ тіліне аударады. Батухан, Шыңғысхан тағы басқа көптеген романдарды қазақшалағаны

бар. Тәжірибелі журналист кейін Семейде тұрғанда да облыстық, «Семей таңы» газетіне атақты орыс және шетел жазушыларының шығармаларынан «Қанатты сөздер» айдарынан аударма жасап жариялады.

«1963-1970-1973 жылдарда Алматыға барғанда кездесіп көп әңгімелескен едім. Сөйлескенде ол ел жұртты мүлде білмейді, тіпті өзінің жеті атасын да толық ажырата алмайды. Сол әңгімеде ескі қыстауын, кімдер туыс болып келетінін таныстырып едім. Бірақ, жасынан жырақ өсіп жатбауыр болып кеткен адамды бірден қабыл алып бауырласып кетеді деуге келмейтін көрінеді. Олай дейтінім отасқан әйелі орыс ұлтынан болды. Одан бала болмады. Жакын туыстарынан не аға, не іні жоқ. Зайыбынан айырылғаннан кейін 1980 жылдары Семейдегі көрілер үйінде болды. Қысқа жіптің күрмеуінде болжаусыз өмір, осы қарттар үйінде жүргенде, жалынды журналист, шебер аудармашы Жағыпар 1990 жылы дүние салған еді.

Содан бері тағдыры күрделі өткен марқұмның аты да аталмай қалды. Егер жазғандары жинастырылып баспа бетін көрсе аруағы риза болар еді,-деп, Базекен сөзін аяқтады.

АЛАШТЫҢ БІР АРДАҚТЫСЫ ЕРЕЖЕП ЕДІ

Алаш ардақтысы Ережеп Итбасев туралы академик жазушы С. Мұқановтың “Өмір мектептері” ғұмырнамалық романынан оқыған едік. Ол кезде Сәбең заманның құбыла соққан желіне байланысты алаш орда серкелерінің бірі - Ережеп туралы жылы сөз айтпаған еді. Шындығында Ережеп қазақтан шыққан сұңғыла адвокаттардың бірі. Атақты әнші композитор, Мәди Бапиұлын Семей сотында қолма-қол ағартып жіберді. Қазақ халқы үшін Ережеп қайталанбас тұлға екені даусыз.

СМАҒҰЛ ЖАРМАҚОВ

Осы ауылдың тумасы Қазақстан Республикасының егемендік алуда жан аямай, жар күлағы жастыққа тимей «Қызыл тау қырандарының» командирі (қол басшысы болған) Смағұл Жармақовтың кейіннен аты өте аз айтылатын болды. Тіпті, ұмыт болып бара жатыр деседе артық болар еді.

Смағұл Жармақов- Кокпектідегі екі кластық казак орыс мектебін бітіреді. Осы мектепті бітіргеннен кейін, Омбының гимназиясының заң факультетінің толық курсың аяқтады. Одан кейін, Омбы генерал губернаторының жарлығымен Зайсан уезіне, уездік соттың торағасы болып тағайындалды. Сонда жұмыс істейді. Уезге сол кезде Ақсуат, Зайсан, Кокпекті, Тарбағатай аудандары қараған.

Кенес үкіметін қалыптастыру кезеңдерінде Үржар, Мақаншы аудандарында «Қызыл тау қырандары» отрядында қолбасшылық қызмет атқарады. Совет үкіметі орнығып қалыптасқаннан кейінгі жылдарда, колхоздастыруды ұйымдастыру кездерінде, Жарма, Кокпекті, Ақсуат, Тарбағатай, Зайсан жерінде көп уақыт еңбек етті.

Кокпектінің Ажы, Қособа аталатын жерінде колхоз ұйымдастыруға үлес қосты.

Кокпектіден бөлініп, Ақсуат және аудан болғанда 1935- жылы аудандық соттың торағасы болып жұмыс істейді.

Сот жұмысын жолға қоюда жанын сала еңбек етіп жүргенде 1937- жылы үндеместе ұсталып содан оралмады.

Зейнеткер Құсайынов Базарбектің айтуынша Нұранның тоғыз ұлының үшіншісі Саяқ. Саяқтан- Жармақ деген бір ұл туады. Жармақтан Смағұл, Әбілғазы, Құнафия, Хасен тараған.

Смағұлдан Болат, Нәзипә деген бір ұл, бір қызы болды. Әйелінің аты Күләң, ұлты татар, Зайсан ауданының тумасы.

Ұлы Болат, Алматыда Нәзипәнің қолында қайтыс болған.

Қызы Нәзипә- артист, қазірде бар, Алматыда тұрады. Шешесі де сол қалада қайтыс болған.

Әбілғазыдан- Қалымбек, ол 1946- жылы Қытай Халық Республикасынан келіп Шар ауданының «Киров» совхозын мекендейді. Сол совхозда еңбек етіп облысқа аты шыққан атақты шопан болған.

Сүйегі тоғас Жүніс деген нағашысының үйінде кездесіп екеуіне үйден дәм татырған едім. Қалымбек өзі 1980 жылдар ішінде дүние салды.

Хасеннен- Ғазез деген бір ұл болды. Ақсуат өңірінде болмаған. Кокпекті ауданының кеңшарында Үлгілі малшы совхозында шикі зат дайындаушы болып істеген. Сол жерде дүниеден озды. Құнафия мен Жанғазыдан ұрпақ жоқ.



КӨЛБАЙ ТӨГІСОВ

Колбай Төгісов Семей облысы, Зайсан уезі №4 ауылда 1879 жылы туған.

Көлбай 1890-1893 жылдары Зайсандағы үш жылдық орыс мектебінде оқып, кейіннен Петербург университетінің заң факультетін бітірген. Көлбай Төгісов 1900 жылдан бастап заң саласында соттың іс жүргізушісі, статс-секретарь болып жұмыс істеген. Мариям Әпсәләм қызына үйленген. Балалары туралы деректер беймәлім.

Көлбай Төгісов - әдеби-публицистикалық, қоғамдық-саяси қызметтері жағынан алғанда ХХ ғасырдың басындағы ірі қоғам қайраткері. Ол қазақ тарихында өзіндік із қалдырған, ерекше орны бар тұлғалардың бірі. Қоғамдық қызметтеріне қарағанда К.Төгісов патриархалдық-феодалдық езгіні, тозығы жеткен ескі салтты, патшалық Россияның отаршылдық езгісін әшкерелеген ағартушы драматург, революциялық-демократиялық бағыттағы қайраткер болған. Қоғамдық ағартушылық және революциялық қызметі бірінші орыс революциясы кезінде басталады.

1905-жылы «Семипалатинский листок» газетіндегі бір мақаласында сол кездегі зиялы қауымды халыққа қызмет етуге шақырады. 1906-1907 жылдары татардың «Уақыт» газетіне мақалалар жазып, қазаққа мектептің, баспасөздің қажеттігіне баса назар аударады.

1905-жылғы патша манифесін жасырған шенеуніктерге қарсы Қарқаралыда ереуіл ұйымдастырады. Ресей және шет аймақтардағы жағдайды сипаттай отырып, К.Төгісов патша өкіметіне ұсыныс хат жазған. Патшаға жіберілген жеделхатында «Егер халықтың қойған талабы орындалмаса, ол туысқан халықтың бірін-бірі өлтіретін азамат соғысына алып келеді» деп көрегендік пікір айтқан.

Бірінші орыс революциясынан кейін К.Төгісов қуғындалып, 1909-1912- жылдары түрмеде отырады. 1912-жылы орталық қалаларда тұрмайтын және саяси іспен араласпайтын болып босатылған. 1915-жылға дейін Қапалда тұрады. «Айқап» журналына бірнеше мақалалар мен өлеңдер жариялайды.

Кейіннен Ташкент қаласында тұрған кезінде 1916- жылдың 26-қарашасынан бастап, «Алаш» газетін шығарады. Жоғарыдағы жағдайға байланысты газетті әйелі Мариям Әпсәләмқызының атынан шығарып, өзі басшылық етіп отырды. Газет қазақ халқының прогреске, ғылыми-техникалық білім алуға, отырықшылыққа шақырды. Мәдениетті, оркениетті елдер қатарына қосылуды мақсат етті. Кітап бастыру, мектеп

ану мәселелерін көтерді. Сол уақытта К. Төгісов Орта Азия университетін ашу ісіне тікелей атсалысты.

«Алаш» газетінің саяси қозғалысы демократиялық бағытта болды. Мысалы, мемлекеттік думаға заң шығару правосын беріп, елді парламенттік жолмен басқару арқылы конституциялық монархия орнатуды насихаттады. 1917- жылы ақпан революциясынан кейін «Алаш» газеті «Жасасын демократиялық республика» деген ұран көтерді. Осы кезде М.Әуезовтің баспасөздегі ең тұңғыш туындысы 1917- жылы 30- наурызда «Алаш» газетінде жарық көрді. «Қазақтың өзгеше мінездері» деп аталатын бұл мақаланы М.Әуезов Ж.Аймауытовпен бірігіп, Семей гимназиясында оқып жүргенде жазған еді.

«Халық мемлекет тізгінін өз қолына алады, демократиялық республика орнайды, жақын арада құрылтай жиналысы шақырылып, оған халық ең жақсы, нағыз ақ жүрек сабаздарын жібереді», деп жазды. Көптеген жиналыстарда демократияны насихаттаған К.Төгісов 14 наурызда Ташкент қаласында 15 адамнан құрылған «Мұсылмандардың азаматтық кеңесіне» мүше болып сайланады. Ташкент, Сырдария өңірінің қазақ, өзбек қауымы мен орыс шаруаларының «Землячество» одағы Колбай Төгісовке зор сенім білдіріп, Петроградта болатын Бүкілроссиялық шаруалар съезіне делегат етіп жібереді. 25- сәуірде Петроградта өткен шаруалар съезіне белсене қатынасқан К.Төгісов Бүкілроссиялық шаруа делегаттарының атқару комитетіне Орта Азия шаруалары атынан мүше болып сайланады. Ал 1-мамырда Москвадағы мұсылмандар съезінің нәтижесінде Бүкілроссиялық мұсылмандар советіне де мүше болады.

Уақытша өкімет тұсында Зайсанда ұйымдасқан «Еңбек қоғамы» Москвадан К.Төгісовті шақырып жеделхат жібереді. Бұл қоғамның Семейдегі съезіне қатынасқан К.Төгісов «Семей облысының халық бостандықтың не екенін сезбеу былай тұрсын, керісінше үстем таптың қарауында қалып қойды» деп уақытша өкіметті батыл сынады. Ағарту денсаулық сақтау қызметі туралы мәселелерін алға қояды, «Қазақ ұраны» деген ұйым құруға әрекет жасайды.

1917- жылы қарашада Ы.Кәбеков, К.Төгісов, Шәймерден Әлжанов, Мұқан Айтпеннов, Әбдрахман Қылышбаев, Еркеш Тоқпанов, тағы басқалар Қазақ социалистік партиясы «Үш жүзді» құрды, оның төрағасы боп әдепкі кезде М. Айтпеннов, соңынан К.Төгісов, хатшысы болып Ы.Кәбеков сайланды. Партияның Орталық органы «Үш жүз» газеті аптасына бір рет шығып тұрды, газеттің редакторы К.Төгісов болды.

Партия 1918- жылы қаңтарда Омбы қаласында 200 делегат қатынасқан конференциясын откізіп, онда К.Тогісов «Қазіргі кезеңдегі жағдай туралы» деген тақырыпта баяндама жасайды.

К.Тогісов дербес партияның басшысы ретінде В.И.Ленінмен тікелей қарым-қатынаста болғандығын дәлелдейтін деректер баршылық.

В.И.Ленінге болып жатқан жағдай туралы баяндай келіп, жеделхаттын соңында, қазақ даласындағы контрреволюцияға қарсы күресуге көмек сұрап, К.Тогісов деп қол қойған.

1918-1919- жылдары Қазақстанның солтүстігі мен шығысы аз уақыт контрреволюцияшылардың қолында болады. Осы кезде Колчактың әскері большевиктермен бір бағытта қызмет еткен Қазақ социалистік партиясының басшыларын тұтқындайды. 1919- жылдың күзінде Колчактың бұйрығымен К.Тогісов Омбы түрмесінде қамалып, қаза табады. Міне, К.Тогісовтің өте қысқаша өмір жолы осындай сипатта.

Өз кезінде олендер, пьесалар жазумен де айналысқан Колбай Тогісовтің 1915- жылы басылып шыққан, қазір Уфа қаласының орталық кітапханасында ғана сақталған «Надандық құрбандары» атты кітабынан алынған олендерін назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік.

ҚҰРБЫМА

Қазақтың мұны жаздым баласына,
Көзінің ағы менен қарасына.
Көп істің қырда болған бірін жаздым,
Арқаның кең сахара даласында.
Бекер деп мұны ешкім айта қоймас
Халықтың жүрген болса арасында,
Ақындық не жазушы өнерім жоқ,
Ғафу ет егер болса шаласына.
Қарағым – жасоспірім балаларым
Солардың ұсынамын таласына.
Ақырып, бақырмай-ақ сабыр айтып,
Жазушы қарау керек шамасына.
Алаштың баласының бөрі мағұлұм
Біз жүрміз адамшылық жаласында.
Өзін бөлек қойды деп ойламаңдар!
Мен де жүрмін солардың арасында.

Жарыққа адамға оқшас келдің, қазақ,
Тоғыз ай анаң жүрді тартып азап.
Өнерден, ғылым, білім бекер қалып,

Жұртына жер жүзінің болдың мазақ.
Малдай боп Сарыарқаның шобін оттап,
Қазағым, артын білсең бұ да жаза-ақ.

Қайғы

Дүниеге бір күн кош деп қалмаймыз ба?
Шамдай соніп бақпағым бармаймыз ба?
Қардай еріп ғұмырың із тастамай,
Тосек қып кара жерден алмаймыз ба?
Коз тоймайтын дүниені сыртта қалып,
Тоғыз кез ақиретті жалмаймыз да.

Онда байлық, патшалық сенен кашар,
Ешбір жақын табылмас есік ашар.
Сүм дүние опасы жоқ артта қалып,
Күндіз-түні қараңғы тұман басар.
Астың – сыз, қорғаның – тар, тәнің – сұлық,
Оны ойлап әр уақытта қоңілің кашар...

Сонда қиын сөз сөйлеу бас көтеріп,
Хаділдікті қолға алу ақша беріп.
Қоп ақшаға ұлыстық ішен беретін,
Ұлықтарын түк қылмас жақын келіп.
Неше жыл осы ретпен көрде жатып,
Сүйегін босқа құрыр, тәнің еріп.

Қоптен бері ойлаушы ем мен бейшара,
Сіздер мұны қолға алып байқап кара.
Екі өлмек бір басыңа ғадыл емес,
Өлсін отірік жалғанда болып пара.
Жүрегімнің түбіне қоз жіберсең,
Рас деп айтар едің толған «жара».

Жүрегім, ішім орт боп опыр-топыр,
Дұшпанға түр демеймін болып батыр.
Қап-кара сасық тұман ішексе дағы,
Қазағым бас қотермей ұйықтап жатыр.
Жол қайда, ғылым қайда, жарық қайда?
Ізденбей аяпатын енді не түр?

Қайран жұрт, шын адасып кетемісің?
Жез үшін малың сатып бітемісің?
Болмаса бала оқытып, ғылым іздеп,
Әдетке адамшылық жетемісің?
Лапылдап жанып тұрған өртке кетпей,
Көңірден ана тұрған өтемісің?

Бұл бір жұмбақ домалақ шешес алмадым,
Қапшығын пышақ отіп кесе алмадым.
Ішім толғап қан жара, сыртым таза,
Надандық қақпанынан өте алмадым.
Ғәділдіктің қылышын көтерсем де,
Шырмауынан зорлықтың кесте алмадым.

Мен шаршадым, ғылымым, сен де тоқта,
Кім естиді сөзіңді, есің жоқ па?!
Ойбайлайсың тіліңді қазақ алмас,
Жазатайым боп кетпе атқан оққа.
Жазған олең, сырынды көпке жайып,
Құдайым таупнык берсін осы жұртқа.

Дарияны бір тамшы сүт ағарта ма?
Ғәділдік үстем болмай бақ арта ма?
Шындық пен өтірікті айырмасаң,
Тарихыңда жазылар қара таңба.
Бір бес күнгі тірлікте аңғалданып,
Адамшылдық туынан бекер қалма.

Туыппыз он тоғыздың (ғасыр) саясында,
Арналсын бұл қазақтың баласына.
Адасқан алашыңды жолға бастап,
Жүректің дәрі ізделік жарасына.
Көзіңді аш, таң келеді, оян, қазақ!
Мәз болмай кісіліктің жаласына.

Адастың қазақ тұманда,
Надандық досың қуғанда.
Жорықтап келген қолдай ғып,
Кісенсіз тас қып буғанда.
Құлдық тақсыр алсаң деп,

Ақшанды ұстап тұрғанда,
Бүйтіп қор боп жүргенше,
Тумасаң еді мұнанда.

Дүниеге келдің адам бол,
Заманды көріп айттым сол.
Оқуды қусаң бел байлап,
Надандық олер, жауыз ол.
Ерікті «той» жалтылдап,
Халыққа болсын ғадыл жол.

Қыз сатамыз не үміт,
Жеңіп тұр ғой қалың сор,
Бұл ғадетпен жүргенде,
Кешікпей-ақ қазақты,
Байырына алар құрған тор.
Сонда көзі жалтақтап,
Қолыңды әпкел, мен кепіл –
Болуына әбден қор.

Түп дегенім надандық
Тауда көшіп аң құсап,
Ақыры болар жамандық.
Артың терсең, алдың жар,
Бір түйыққа қамалдық.
Жарты жан айдын далада
Қақол бауырың бүтіндел
Сарыарқаға жамалдық.

Өлеңді осы арада тоқтатайын,
Қазақтың өткен күнін жоқтатайын.
Асты-үстің бірдей қазып надандардың,
Несіне құр ауызмды боқтатайын.
Ғылымның дариясынан қанған жанға
Тұманды көз көрмейтін соқпақ дайын.
О, құдай, жатқандардың көзін ашып,
Құлыңды оята қор, бір құдайым!

СӨЗ БАСЫ

Біздің қазақтан басқа алға кеткен жұрттың арасында да, неше түрлі надандық, жауздық, соқырлық, қиянат істері көп болған. Әлі, қазір де азырақ бар деп айтсақ болады. Бірақ сондай істердің азаюына, халықтың көзі ашылуына, алға басуына себепші болған, бірінші оқу, екінші сол оқу арқасында жетіліп, жұрттың қамын ойлап, неше түрлі өнер, білімнің кілтін алып, есік ашқан жігіттер.

Бұлар қолдан келгенше қызмет қылды, кітап жазды, газет, журнал шығарды. Халықтың арасында болған надандық, қиянатты «Ойын» кітабына пьеса жазып, айнаға қарап жарасын көргендей ғып жұрттың көзіне көрсетіп, әр түрлі жаман істен сақтануына себепші болды. Қайсылары бала оқытып, пайда келтірді, қайсылары докторлық оқумен науқастарға дәрілер беріп, жазылуына себепші болды. Біздің қазақ арасында бір адам науқас болса, ол адамды күн батарда тысқа шығарып, құбылаға қаратып отырғызып, қара суға ақ сүт құйып ұшықтатады. Оны ұшықтаған жуан сақал молла науқастың басынан бір қой, бір шапан айландыр дейді. Дертті сонымен қайтады деп қойды, шапанды алып, үйіне қайтады. Қатын толғатып, бала таба алмай, қансырап кетсе, мұны албасты басты деп, айғай салып, сорлы қатынды шашынан алып тепкілеп сабайды.

Доктор орнына қайдағы жыңды-бақсыны шақырады. Ол бақсы жынын шақырып, өне албасты, міне албасты деп өлгелі жатқан қатынды қолына не түссе сонымен ұрып сояды. Ол аз болса, кигізге салып тепкілейді. Мұндай надан бақсылар доктор (емші) болып, қанша қатынды ажалдан бұрын өлтіргеніне не талас бар.

Қырда балаларға шешек егем деп фельдшер шықса, қазақ қатындары баласын төсек астына тығады. Сөйтіп, шешектен қанша бала ажалдан бұрын өлгеніне ешкім таласпас. Қырда бақсылар, молла екеулері айтады: сүзекпен ауырған адамға не түрлі күшті тамақ берсеңіз жазылады деп, сөйтіп сүзекке құрт ішкізеді, сүрі ет береді, қымыз береді, бұл аз болса шыны түбінс қара сиямен дұға жазып ішкізеді. Мұндай жолмен емдеген соң, күні бұрын кебінің дайындай берсе де болады ғой.

Қазақ араз болса, біріне-бірі неше түрлі отірік пәле салып, құранды он жерден сүйіп, біріне-бірі тажал болады. Қанша адамдар нақақтан тұтқын болады. Қатыны ұл бала тапса, қарағымға қыз айттырайыншы деп көп мал беріп құда болады. Бұл құдалықтың ақыры - дау-жанжал. Бесікте жатқан бала қатын сұрамасына мен кепіл. Оған қатын айттырып,

мал шашқанша, ол малды оқу жолына салып, әкенің жанын қинамай-ақ, бала оқып жетіскен соң қатынды да, абыройды да өзі тауып алар еді.

Отызға, қырыққа келген жігіттеріміз қатынсыз жүр. Қатын алайып десе мал жоқ. Қалыңмалсыз қазақ қыз бермейді. 70-80 келген қызыл көз шалдарда жеті-сегіз қатын болады. Бұлар «шалекен алмайды, малекен алады» деп алады. Қатынның алды жетпіс жаста болса, арты 13-18 жаста болады. Алты қатыны бар бір шалдың үйіне қондым. Кешке жатқанда алты қатынын тор алдында бір көрпейін астына жатқызып, есіктің ішкі жағынан құлып салып, кілтін жанына алып өзі керсуетте жатты. Ол шалдың аты – Мүрсәлім Бектенұлы, жасы 56 да. Осындай шалдар Зайсан уезінде жүзден аса бар.

Міне, осындай қырда болып жатқан көп надандықтың бірер жарымын қолдан келгенше «Ойын» кітабына пьеса жазып, қазақ жастарына ұсынамын.

Егер де ұнаса, әр шаһарда, әр ауылда ойнап, қазақтың өз көздеріне көрсетсе, мұндай жылдам тыйылар еді деп үміт қыламын. Бұл драманың бірнеше қаһармандары осы күндерде тірі.

Драма үш бөлімнен тұрады. Төртінші бөлімде тойда кез боп айтысқан бір жігіт пен қыздың өлеңін жаздым.

Жігіттің аты Ақтанберді, қыздың аты Гүлжан, еркелетіп қойған аты Күней. Мұны жазып отырғаным Қазақстанда неше түрлі орыстың, Пушкин мен Лермонтов сәкілді ақындар шығатынын көрсетеді. Қазақтың оқу оқымаған бір жігіті мен бір қызы сәкәндай дайындалмай, тойда кезігіп, осындай өлең айтса, оқу оқыған Пушкиннен кем болар ма?

Қазақтың туысы ешбір жаннан төмен емес. Бірақ, бізді ақсатып, соқыр ғып тұрған оқу дариясынан татпағандық.

Қыз бен жігіт айтыс өлеңі өте көлемді шығарма болғандықтан, көп уақыт қажет стетіндіктен аударылмады. Осы қолда бар материал жарық көрсе, оны да аударып жіберуге болады.

Ойпайтын адамдар:

1. Болыстың управителі – Байжан 78 жаста.
2. Ұлыстың үлкен қатыны – 50 жаста.
3. Екінші тоқалы – Нүрилә 22 жаста.
4. Үшінші тоқалы – Майсара 22 жаста.
5. Нүриләдан туған бала Жақып 10 жаста.
6. Болыстың шабарманы – Ғали, мұсылманша оқыған жігіт (Майсараның тамыры)
7. Болыстың шабарманы – Назар (Нүрилонің тамыры).
8. Алдаушы молла Сүлеймен – 32 жаста.

9. Фельдшер – Андрей, 28 жаста.
10. Болыстың замандасы – Би Аманбай, 73 жаста.
11. Баксы Бурахан, 40 жаста.
12. Қазақ саудагері – Токсанбай, 42 жаста.
13. Оның катыны Жамал, 32 жаста.
14. Қызы Қадиша, 17 жаста, аз оқыған.
15. Қыздың жеңгесі – Фатима, 22 жаста.
16. Аспандияр 25 жаста, орысша жақсы оқыған жігіт.
17. Екінші сотрудник: Иван әм Степан.

БІРІНШІ ПЕРДЕ, БІРІНШІ КӨРІНІС

Үй-іші қазақ қалпында, Жаксыбай жақсы жасаулы, торде болыс Байжан отыр. Басын шытпен тартып, қасында үлкен катыны Рабиға қымыз сапырады. Босаға жақта екінші тоқал Нүрило мен Майсара қастарына баласы Жақыпты алып, самауырыннан шай ішіп жатқанда тыстан Қали мен Назар келіп, дастарханның бір шетінен отырады. Нүрило бұларға шай құяды.

Рабиға орнынан тұрып, болысқа жастық қойып, шөлдедііз ғой, мына бір кесе қымыз ішіңіз деп, қымыз береді. Болыс қымызды бір жұтып, менің насыбайым қайда деп бір есінеп, аузын алақанымен басады. Рабиға түрегеліп, төсек жанынан үлкен сары шақшаны алып береді. Болыс сары шақшаны жерге қағып-қағып, насыбай атады. Бұл арада босаға жақта отырған екі жігіт, екі тоқал болыс пен бәйбішеге сездірмей бір-біріне қарап қылмыңдасып қалады. Тыстан басында таудай сәлдесі бар қолына қоржын алған Сүлеймен ноғай кіреді.

Сүлеймен: Ассалаумағалейкум, Болыс: Уағалейкумуссалам, жоғары шық.

Сүлеймен торге отырып дұға қылады. Баршасы қол жаяды.

Сүлеймен: Мен таксыр дәрігермін (доктор). Мәдинә Мекке жактан келгеніме екі жыл болды. Қазір неше түрлі дәрілерім бар. Міне, бұл пайғамбар ғаламсәлеленің «сілекейі» деп он қадақтай мәнпәси алып қояды. Және тамыр да ұстаймын, моллалық та қылам, үшкіріп те жазам, дұға жазып та науқасқа ішкізем.

Екінші тоқал тұрып бәйбішенің қасына келіп отырады, қоздері мәнпәсиде. Болыс кіші тоқалға: Тұр, қонаққа көрпе сал, қымыз құй, самауырын қой, - деп, өзі қалтасынан таспих алып тартады. Назар мен Нүрило шығып кетеді, артынан Жақып та жүгіріп шығады. Майсара шыны жуып болып, торсық піседі, әм қымыз құйып бәйбішенің алдына қояды.

НАДАНДЫҚ ҚҰРБАНЫ

Ғали дастархан жиып, аяқшы болады.

Бәйбіше кымыз құйып: Таксыр, садағасы кетейін, пайғамбарымыздың «сілекейінің» құны не болады? Бала таппаған қатынға берсе, бала табар ма екен? **Сүлеймен:** Әлбетте, табады. Былтыр Тоғжан болысының он жылдан бері бала таппаған токалы ішіп еді, қазір өзіңізде естіген шығарсыз, бір жақсы ұл бала тауып алған жоқ па?!

Болыс: Қадақтап сатасыз ба?

Сүлеймен: Жоқ, мысқылдап сатам, бұл өзі қымбат дәрі. Біз пайғамбар тұқымынан болған себепті сатуға бізге рұқсат береді. Біз сойтіп қырға алып шығамыз.

Болыс: Таксыр, мүмкін болса, бір-екі қадақ сатыңыз, бағасын қанша десеңіз де, өзіңіз біліп алыңыз.

Бәйбіше бір мәнпәси алып, әй, жарықтық деп, қасына сүйкейді. Майсара аузын шылп еткізіп, ана маған біреуін әперші дейді. Бәйбіше қолында ұстап отырғанын береді. Майсара көзін сүртіп, шытқа түйіп, қалтасына салады.

Сүлеймен: Қайыр сізден көп сұрап болмас. Екі қадақ сатайын, екі кой беріңіз деп, екі қадақ олшеп қояды.

Болыс: Таксыр, менің тамырымды ұстасаңыз қайтеді, көптен бері науқас едім.

Сүлеймен: Болыстың тамырын ұстап біраз отырып, көзін жұмып, аузын жыбырлатып, бір нәрселер оқып айтады. Сіздің «иеніз» шамданған екен, міне орыстың крест таққан жез знағын мойныңызға салған үшін. Мен біраз оқып үшкірейін, құдай бұйырса жазыласың, бірақ үстіңізден бір садақа беріңіз. Болыс үстінен қара «ләмбік шапан» шешіп, молланың алдына қояды.

Нүрилә тыстан самауырын кіргізіп, қайта шығады.

Болыс: Түр, Ғали дастархан жай, бауырсақ, қант сал. Ғали орнынан тұрып дастархан жаяды, бауырсақ, қант төгеді, әм өзі отырып, шай құя бастайды. Ол арада тыстан Жақып қатты жүгіріп келіп, төсек астына кіріп кетеді. Үйде отырған халық таң қалып оған қарайды. Тыстан үйге Назар кіреді.

Назар: Былтыр балаларға шешек егетін Андрей фельдшер келді.

Бәйбіше: Адыра қал, осы орыстарда ақыл жоқ, көп шешекті қайтіп тияды.

Сүлеймен: Бәйбіше, рас әншейін ақша алайын деп жүрген орыс кой. Кеше Айдабол старшинның ауылында он бала бар екен, бала басына сексен тиын беріп, фельдшерді қуып жіберді.

Болыс: Сіз, молла, әлі еш нәрсе білмейсіз. Бұл орыс қазақты енді мынадай айламен шоқындырғалы жатыр. Болыс басынан орысша оқуға екі бала жібер деп қазақ болыстарына бұйрық келді. Болыс басынан екі бала орысша оқыған соң, бәрі де шоқынады ғой. Амал бар ма? Бала бермесек өзімізге жаман болады, сол себепті малы жоқ, кедей қазақтардың баласын бергелі жатырмыз. Оның үстіне қала бол, 15 десятина (сотық) жер ал, - дейді. Қала болсақ, солдат алады, амал бар ма? Есіктен Андрей кіреді.

Андрей: Аман, болыс, - деп төрге жүреді. Үйде отырған адамдар, бәйбішеден басқасы тұрады.

Болыс: Жоғары шық, төре! Аман ба? Қайдан келесіз? Қалада ұлықтар аман ба? Біздің сайлау қашан болады екен?

Андрей: Қырға жүретін күні помощник Әликмаға жолығып едім, сайлауға өзім барам дейді.

Болыс: Начальниктерден кім шығады екен?

Андрей: Черненец өзі шығады,

Назар: Олай болса тіпті жақсы болды, Әликма көптен бері болысқа дос, бір кілем, жүз елу сом ақша жолына берсе болады. Бұрын да көп алыс-беріс қылған жолдас қой.

Болыс: Черненец де жақсы адам деп айтады. Нүреке болыстан бес жүз сом алыпты. Шөбіренің Әміресі елу сомдық күміс сапты пышағын беріпті. Басқалар да болса керек. Бүйтіп жүргені қазақ заңын, ғұрып жолын білгені ғой. Бізге сондай төрелер келсе, жақсы болар еді.

Андрей: Болыс, шешек егетін балалар бар ма?

Болыс: Бізде бір бала бар еді, оған шешек шығып жазылды. Келген жолыңызға міне «үш сом» күміс. Андрей ала бергенде бір ой есіне түседі. Лейкин тышқан қуған мысықтай екі қолымен ақшаны алып, қалтаға салады.

Болыс: Назар тұр. Төреге қой сой десе де, Андрей жүрмекші болады. Бірақ бәйбішеге қарап, бәйбіше, пожалуыста, қара қозы терісі болса берсеңші, менің шапка жоқ дейді.

Бәйбіше: Тұрып тосек жанынан қара елтіріні алып береді.

Андрей: Спасибо, деп қолына алып, басын шұлғып, енді жүре, қош болыңыз деп тұра жөнеледі.

Болыс: Тұр Назар. Төрені аттандыр!

Бәйбіше ұршығын жерге қойып, төсек астына қарап тұрып, қарағым, Жақып! Адыра қалғыр фельдшер кетті, - деді. Жақып жүгіріп тұрып, бәйбішенің мойнынан құшақтады. Ол уақытта сырттан Нүрілө кіреді.

Нүрилә: Апа, балаға шешек ектірсек те болатын еді! Мүрсәлім қайнағанын тоғыз баласынан бір-ақ бала қалған жоқ па? Оған шешек ескен екен, орыстар бірнәрсені біледі ғой!

Сүлеймен қолында тартып отырған таспығын жерге қойып, жағасын ұстап: Жоқ олай айтпа, күнәға батасың.

Болыс: Жә, шатпа! Бар қозыларың жамырап кетпесін, ақсақ қойлар қайда? Тезек тердіңдер ме? Күн жауып келе жатқанын көрмейсің бе? Бәлем, тұра тұр. Үстеріңе тағы бір тоқал алам.

Нүрилә: Апа, жауып кете ме, бұлт тәніп келеді. Мен тезекке барамын, - деп қолына қап алып шығады. Есіктен Ғали кіріп: Сайлауға төрелер шығыпты. Қазір Нарын еліне бара жатса керек. Жолдан осы ауылға келіп түстеніп, қымыз ішеді, - деп ояздың шабарманы келіп тұр дейді.

Сонда үйде отырған адамдар есі қалмай, апыр-топыр жүгіріп, бір оюлы қорпе, бір оюлы кілем жаяды. Сүлеймен олай жүгіріп, былай жүгіріп, сандықтың артына тығылады. Болыс жерде жатқан шалбарын қолына алып, бір аяғын киіп, бір аяғын кие алмай: Менің наградам қайда? Медалім қайда? Тұрсаңшы бәйбіше! – деп жүгіріп жүргенде перде түседі.

ЕКІНШІ КӨРІНІС, ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Үй-іші қазақ салтынша жиылған. Кереует алдында ақ шымылдық,кереует үстінде шешекпен ауырып, ақ жамылып Жақып жатыр. Қасында қарағым деп жылап, көзін орамал шытымен сүртіп Рабиға мен Нүрилә отырады. Төр алдында құранды жайып салып, шыныда тұрған суға дұға оқып Сүлеймен молла отыр. Ол орынынан тұрып, Жақыпты су шашып ұшықтайды. Жақып, қойшы, деп Рабиғаны апалап мойынынан құшақтайды.

Тыстан болыс кіреді.

Болыс: Жақып, қарағым! Қалың қалай, тәуірмісің? –деп баланы құшақтап сүйеді.

Сүлеймен: Мен жақсы дұға оқып үшкірдім, сінді баланыз, құдай бұйырса жазылады, жыламаңыз болыс. Жылдам баланың басынан бір қара қой айналдырып беріңіз. Науқасы сол қоймен кетеді. Қойдың басы ақ болсын, өзі семіз болсын.

Болыс пен Рабиға: Нүрилла жылдам қара қой әкел, жалғыз баладан нені аяймыз,бізге баланың жаны қалса болады.

Нүрилә кара кой жетектеп, баланы үш айланып: Ей, алла ! Жаксылығынды бере көр, -деп койды ұстап тұрады.

Сүлеймен: Басын құбылаға қаратып ұста. Сіз, болыс үстіңіздегі ақ шапанды баланың басынан айландырып, койға жап, мен дұға оқып үшкіремін.

Болыс шапанды шешіп, баланы үш айландырып, койға жабады.

Сүлеймен козін жұмып, дұға оқып, «Әмин»дегенде үйде отырған адамдар кол котеріп, дұға қылады.

Сүлеймен шапанды колтығына алып, койды жетектеп: Қош, болыс, тағы келіп тұрамын,- деп жонеледі.

Болыс: Қош, таксыр қоші дұғаңыздан тастамаңыз, - деп шығарып салады, өзі қайта келіп отырады. Рабиға мен Нүрилә баланың қасында корпесін түзетіп, шынымен су беріп, я, құдай, я , аксарбас деп жылаған коз жастарын орамалмен сүртіп отырады.

Болыс : Ей ,Ғали , кел мұнда, маған жастык кой. Басын шытпен тартып, өзі насыбайын атып, я , алла,-деп жерге жантаяды. Тыстан Ғали келіп,болысқа жастык қойып таксыр замандасыңыз Аманбай би келді, сізге амандасып, баланың коңілін сұраймын дейді. Қасында былтыр съезде пара алды деп, сіздің әм съезд билеттеріңіздің үстінен арыз беретін Аспандияр да бар.

Болыс: Корпе сал, кымыздарың бар ма? Рабиға, түрсаңшы, конактар келді.

Рабиға орнынан зорға тұрып: Алла, белім-ай! Ғали күмған мен елеген әкел, колымды жуайын. Ғали жылдам корпе салып, Рабиғаға күмған апарып, су құяды. Рабиға Нүриләға қарап: Бала қалай?

Нүрилә: Жаксы, құдайға шүкір, ұйықтады. Ол арада Ғали кымыз піседі, Рабиға шыны жуады. Қамшыларын сүйрете ұстап есіктен Аманбай мен Аспандияр кіреді. Екеуі бір дауыспен: Ассалаумағалейкум! – деп төрге жүреді.

Болыс: Уағалейкумуссалам, төрге шық, - деп оң жағын көрсетеді. Аманбай жуан шал, сақалы мол, қалың киім киген, кісені томенірек буынған, басында ескі түлкі тымақ. Аспандияр таза ғана татарша киінген сұлу жігіт. Екеуі де төрге барып отырады.

Аманбай: Қалай болыс, бала жаксы ма? Қара шаруаң аман ба? Өзім кыстай науқас болып, амандаса алмадым және төрт балам бірдей жақында шешектен олды, өзіңіз де естіген шығарсыз? Оның үстіне Жамантайдың он жеті жастағы қызын айттырған едім, оны осы жакын арада Қарабайдың орысша оқыған Нұғыман деген баласы алып қашып кетті. Бөлемнің сазайын ертең съезде сіз тірі болсаңыз берермін деп отырмын.

Болыс: Балаларыңыз акиретті болсын. Алла өзі берді, өзі алды. Барып құран оқып қайтайын деп отырғанда, сырқаттанып қалдым. Оның үстіне балаға әуми қонып жатыр.

Рабиға дастархан жаяды.

ОЙЫН КІТАБЫ

Аманбай: Рабиға, аман ба? Жаксы жүрмісің? Жаман қартайып қалыпсың ғой.

Рабиға: Қартаймайтын шайтан ба? Елу жасқа келдім, оңай ма? 78 жасқа келіп, көзің қызарғанша ұялмай, 17 жасар қызды бес қатынның үстінен алам деп отырған сенен сақтасын!

Аманбай: Мен қатынсырап алайын деп отырған жоқпын, бала бола ма деп үміт қылып едім.

Ғали сары тегенеге қымыз құйып, Рабиғаның алдына қояды.

Рабиға біраз қымыз сапырып, сары аяқтарға құйғанда Ғали келіп аяқшы болады. Бұлар қымызды біраз ішкенде, тыстан Назар кіреді.

Назар: Майсара жеңгей бүгін таң атқалы ішім деп жүр еді, қазір көзі алак-бұлақ етіп, талып кетті. Ауыл қатындары, толғақ, - деп ас үйде жиылысып отыр. Майсараның түрі қашыңқы, оны қайтеміз?

Болыс: Ол өзі бұрын да бір бала тапқанда қорқытып еді, өзінің бір талма науқасы бар. Жылдам Бурахан бақсыны алдырыңдар!

Рабиға: Мен де барайыншы, - деп Назар екеуі шығады.

Болыс: Ей, Назар, Шиянбай байдың тымағы мен қамшысын алдырыңдар. Сол кісінің қамшысынан жын-шайтан қашады деген сөз бар.

Назар: Жарайды,- деп жонеледі.

Аспандияр: Жоқ, тақсыр! Доктор не болмаса фельдшер алдырыңыз. Міне, Шорға елінде сайлау болып жатыр, сонда доктор да бар деп естідім. Қазір бір жігіт шауып кетсе жарты сағатта барады. Коп алыс емес, 20 шақырым жер ғой. Жақында Қоңыз пұшықтың қатынын албасты басты деп қанша бақсы, қанша молла жыйса да, олар түк қылған жоқ. Қатын үздіксіз талып жатқанда, Жұмажан фельдшер келіп, дәрі беріп бірақ жазды. Қоңыз пұшық қанша оқымаған ақымақ болса да, докторға қол қойды.

Аманбай: Мен сол орыс докторына қоп сенбеймін. Доктор жазатын болса, орыстар неге қоп өледі?

Болыс: Жоқ, доктордың керегі жоқ. Докторды шақырсақ, алақандай қағаз жазып, ақ дәрі береді. Одан басқа беретіні жоқ.

Аманбай: Рас-ақ, кеше мен бір сөз естіп қалдым. Болыс Тоқсанбай саудагердің жас қызы Қадишаны тоқалдыққа алады деп. Ол рас сөз бе? Алсаңыз, қайырлы болсын! Болысқа бермегенде ол қызын патшаға берсе ме?

Болыс: Мен ол қызды ұнаттым, тәуір нәзік бала көрінеді. Бала үшін алайын деп ойлап едім, әкесі де бермекші болып еді. Бірақ қыз губернаторға арыз беріпті: Мені болыс зорлық қылып, үш қатын үстіне алғалы жатыр деп. Губернатордан екі күн болды бұйрық келді: Қыздың басы бос, ешкім зорлық қылмасын, өз ықтиярымен күйеуге барады депті. Сөйтсем қызды бір қу жігіт бұзып жүр екен.

Сол уақытта Аспандияр мырза орнынан тұрып, камшысын алып: Қош, болыс! Балаңыздың қалін сұрайын деп түсіп едім, - деп жонеледі.

Болыс: Қонақ бол, мырза десе де карамайды.

Болыс: Әй, жігіттер! Ана мырзаны аттандырыңдар.

Аманбай: Бұл қызды әлгі Аспандияр алғалы жүр деп айтады. Жандаралға арыз бергізіп жүрген де сол болса керек.

Болыс: Маған бәрін де қырылдауық тілмөш айтып еді. Бұл Аспандиярдың ызасы маған отіп жүр. Былтыр съезде елден қара шығын жиып алды деп арыз берді. Мен көп шығын алғаным жоқ. Бар алғаным отыз қой. Менен басқа болыстардың сексен қой алғандары да бар. Қотыр молла болыс әкесі Қоңыз пұшықтың үстінде түгі жоқ құдай еді, қазір елден алған қара шығыннан байып алды. Олардың үстінен ешкім арыз берген жоқ. Аспандияр берген арыз бойынша тексеру шығып, үш жүз сом ақша шығарып, зорға құтылдым. Басқа қылған қастығы да толып жатыр. Қалаға барғанда Әликама ақылдасқан едім. Ол Аспандияр жаман кісі, ел бұзады деп переговоры жібер деді. Енді Аспандиярдан сойтіп құтылмасам, болатын емес.

Есіктен Рабиға кіріп, баланың қасына келеді.

Болыс: Қалай, Майсара?

Рабиға: Бір қалыпты, жатыр, бейшара бала тапқан сайын киналатын болды ғой.

Рабиға баланың басын ұстап: Қарағым, су жұтамысың? – деп шыныға сүт құяды. Бала ішпеген соң, қайта жерге қояды.

Аманбай: Біз би болғанда бір пайда болады, жүгінген адамдардан «шайлық» аламын деген оймен мал шашып партия қыламыз. Ақыр жалование алып жатқанымыз жоқ. Кеше съезде торе басы болып, жнырма шай, бір ат, екі шапан, екі қой пайда қылдым. Серікбайдың баласы Ниязбектің қылған ұрлығы мойнына түсіп тұрса да, болмай ағарттым. Сонда Аспандияр да бар еді. Сөйтсем үстімнен арыз беріпті: Төбе басы пара алды, ұрыны ағартты, - деп. Сол себепті жақында

қырылдауық дознания қылды. Құдайға шүкір, жүз слу сом ақша шығарып ағардым. Енді қорыққанымнан Аспандиярды сенікі жөн деп қасыма ертіп жүрмің. Болыс, сен ұнатсаң, шоқыншыны ел бұзады деп жамандап қорестің, жер аударсақ қайтеді?

Болыс: Мен де соны ойлап жүр едім. Әликеме черновойда жазып берген едім.

Аманбай: Олай болса қазір отыз айырбасы оз қолымызда, солардың атынан приговор жазалық, екеуіміз мөрімізді басалық.

Болыс: Жарайды, Ғалиға жаздыралық. Ғали, мұнда кел. Қолыңа қалам алып, приговор жаз, мына черновойға қарап, - деп бір қағаз берді. Ғали черновойды біраз оқып, күбірлеп, жазып болысқа береді.

Аманбай: Не деп жаздың? Аспандияр жаман. Аспандияр ұлықтарға ақша, кілем, ат берме деп халықты бұзады, - дедің бе?

Болыс: Жоқ, сұра ма, жақсы жазылды. Мен мөрімді басамын, сен де бас.

Екеулері мөрлерін басады.

Болыс қалтасынан екі жүз сом алып, конвертке салып, Ғалиға айтады: Мына екі жүз сом ақша, мұнан слу сом қырылдауық тілмөшқа, қалған жүз слу сомды ақсақал Әликама бер, менен көп сөлем айт. Бар енді, жылдам жонел.

Ғали жонеледі.

Аманбай: Болыс, доретіңіз бар ма? Намаз оқысақ қайтеді?

Болыс: Дәретім бар, - деп, жайнамаз жайып, намазға кіріседі. Бұлар намазға кіріскенде есіктен Назар келіп кіреді.

Назар дірілдеген дауыспен: Майсара талып жатыр, бақсы жынды шақырып ойнай бастады. Майсараны үйге әкелсем жақсы болар еді. Ас үй сасық, тар ғой.

Рабиға: Жарайды, жылдам шылбыр құрып кіргіз. Әй, бейшара.

Назар жылдам шылбыр байлап, шыға жүгіріп, тыстан шала жансар, жалаң бас, беті-аузы қызыл қан, шашы дудыраған, кимешек шылауышы жыртық, алақ-бұлақ еткен қатынды зорға сүйеп үйге кіргізеді. Қатын былқ-сылқ етіп, Назардың қолынан жерге жығылады. Бурқанған бақсы айқайлап жүгіріп: Аспандағы ақ бөрі, жердегі көк бөрі, қайран менің жындарым! Қайда кеттің? Мен мұнда! Ақ, ақ!!! – деп көрпені сабап, әне албасты, міне албасты, қордіңдер ме? – деп, шала жансар жатқан қатынды шашынан алып, сабай бастағанда, шашы бақсының қолынан шығып, қатын сылқ жығылады. Бақсы өзін-өзі жұдырықтап айғайлап, Назарды ұра бастағанда, шымылдық ішінен, қош қарағым, ақиретте шапағатшы бол!- деп жылаған Рабиғаның дауысы шығады.

Болыс пен Аманбай намазды шала тастап, шымылдыққа жүгіргенде, Буырхан бақсы: Міне, албасты, - деп қатынды екінші құшақтап ұрғанда, қолдан жерге түсіп оледі. Бақсы олгенін сезбей, тағы ұра бастағанда. Назар сезіп, бақсымен төбелеседі: Сенің жының құрысын! Кет шайтан! Қатын өлді.

Осы арада шымылдық жақта кош айтып жылаған Рабиға мен болыстың дауыстары шығып жатқан еді. Дереу перде түседі.

ҮШІНШІ ПЕРДЕ, ҮШІНШІ КӨРІНІС

Қазақ саудагері Токсанбай үйінде той. Үй-іші айнала ұстаған кілем, жақсы жасаулар бар. Аяқ жақта кара саба, піспегіне үкі таккан. Босағада сары слеген, қасында жез құмған. Торде корпе үстінде басында сәлдесі бар Сүлеймен молла отыр. Қасында Аманбай би, алдарында асжаулық, кант, бауырсақ аралас жатыр. Жамал бір табакқа конфет, бір табакка өрік, мейіз салып, дастарханға қояды. Ол арада тыстан үй несі Токсанбай күліп кіреді.

Токсанбай: Бол қатын, шайыңды құй, жылдам! Қымыздарың мол ма? Қонақ үйдегі тойға келген қонақтарды күткен жігіттер бар ма?

Өзі қонақтардың қасына отырады.

Жамал: Тойға келген адамдар жақсы күтілуде, кымыз да мол.

Өзі шай құйып, қонақтардың алдына қояды.

Сүлеймен алдына бір кітап жайып: Бай, кешегі Сәрсенбай мырзаның ниһаққа берген қойындай арық қой болмасын! Арық қойды шарифат қотермейді. Және де шарифатты тойға салған малдың терісін молла алады. Мен сізге ең жақсы дұға оқып беремін.

Токсанбай: Тақсыр, мен оз қуанышымнан не аяйды дейсіз, берем.

Аманбай би күліп: Молла, олжаңыздан маған да қарас. (Баршасы күледі)

Жамал: Шай құяйын ба?

Сүлеймен: Жоқ, болдык. Менің қалаға шақырылған жұмысым бар еді. Асығып отырмын, қазір ниһақ оқып жіберейін. (Қол жайып, бата кылады)

Жамал: Олай болса мен дастархан жияйын. (Дастарханды жияды)

Сүлеймен: Жігітке кім әке болады?

Аманбай: Мен әке боламын.

Сүлеймен: Сіз, Токсанбай аға, қызыңыз Қадишаны Аспандияр мырзаға қатындыққа бересіз бе?

Тоқсанбай: Берем, тақсыр, берем. Бірақ тоймал, сүтақы әлі алған жоқпыз. Басында жүз байталға құда болып едік, малға қызыксам Байжан болысқа бермеймін бе? Баланың басын ұнаттым. Тек екі жас бақытты болсын. Болыс енді қолынан келсе мені аямайды. Құдай өзі сақтасын!

Аманбай: Сен Тоқсанбай, құтырындың ба? Болыс не қылады? Баланың арызы бойынша жандарал өзі басын ашты, ешкім зорлық қылмасын деді.

Тоқсанбай: Ақырын коресіндер. Былтыр қызынды балама бермедің деп Қоңыз пұшық Назарға не қылмады? Мен бірақ құдайдан күтем. Балам үшін айдалсам да кондім. Бірақ Аспандиярға зияны тиесі ме деп корқамын.

Сүлеймен: Мен қатты асығып отырмын, ниһақ оқытатын болсаңыз, жылдам болыңыз. Бір шыны су әкел, екі шақпақ қант және баланың жүзігін әкеліп молланың алдына қояды.

Сүлеймен жуан сәлдесін екі қолымен түзетіп, козін жұмып, кеңірдегін қайта-қайта қырып қойып, тізесінен отырып, бірдене окнды, өзі күбірлеп жарты минут шамасында кол жаяды. (Барша отырған адам кол жайып, дұға қылады)

Тоқсанбай: Тақсыр, міне шапаныңыз, қойыңыз байлаулы түр. Сізге Аманбай ақсақал бір ат байлап қойдым. Шыққанда алып қайтасыз. Енді құдай бұйырса, біздің Аспандияр баламен тату жүр. Олер шағында пара алмасаң да, бір басына дәулетін мол, жетер. (Аманбай сықылдан күледі)

Сүлеймен: Әумин! – деп кол жайып, дұға оқығанда, **Аманбай:** Балалар үбірлі-шүбірлі болсын, аллауакпар! – деп бата қылады.

Тоқсанбай: Енді тақсыр екінші үйге шығалық, бұл үйді катындар жиямыз дейді.

Сүлеймен: Маған беретұғын қойларыңызды қазір бересіз бе?

Тоқсанбай: Қазір, тақсыр, қазір!

Жамалдан басқасы шығады. Жамал орнынан тұрып: Қарағым, бақытты бол! – деп сандық ашып, шағи көрпелер, шағи шымылдық алады. Ол арада аяғын жүгіре басып, тыстан Фатима кіреді.

Фатима: Сүйінші, жеңгей! Күйеу балаңыз қандай жақсы жігіт! Қадिशаның бағы бар екен. Күйеу балаңызға көп қыздар қызығады. Кубас Байжан тоқалдыққа сұрады-ау.

Жамал: Оны қоя түр. Ол қу сақалдан соң, адыра қалғыр Қоңыз пұшық тоқалдыққа сұрады. Өзі 76 да, екі-үш қатыны бар. Өз катындарына не болып-ақ жүрсінші! Былтыр съезден түнде үйіне қайтса, тоқалы Дулатбай шабарманымен жатқанда ұстап алып, Дулатбай ат ұрлады, ұры адам деп, съезге салып, 18 ай түрмеге жапты. Енді бұл Қоңыз пұшық өз катындарына не бола алмай жүріп, біздің 16 жасар

баланы тоқалдыкка сұрайды. Біздің Токсанбай малға қызығып, берейін десе де, мен болмадым. Бала да бармайтын еді. Құдайға шүкір, балам жақсы жігітке барды.

Фатима: Шалдардың өздеріне де обал жоқ. Қартайғанда жас тоқалда несі бар? Былтыр жаздай Байжан болыспен бірге жайладық. Бір күні тоқалы Нүрліә мен Назарды ұстап алдым. Бірақ обал жасаған «қу сақал» деп қоя бердім. Жаздай біздің үйде екеуі ойнап-күліп жүрді.

Жамал: Шалдарды қоялық, өзімен кетсін. Онан да төсек салып, шымылдық құр. Балалар ойнап отырсын.

Фатима: Жарайды, салалық, - деп екеуі бірге төсек салып, шымылдық құрып тысқа шығады.

Бір минуттан соң түлкі тымақты, күндіз борікті шекеге салған, сары киім киген жігіт пен қызды алып Фатима кіреді. Фатима шымылдықты көтеріп қояды. Аспандияр мен қыз қол ұстасып, күліп төсекке отырады.

Фатима: Сен маған көшеде жеңгетайлыққа түк бермедің. Енді бүгін төсек салар, көрпе қимылдатар бермесең, қызды бермеймін, - деп жігіттің шапанын шешіп алады.

Аспандияр күліп, қалтасынан бес сом ақша береді.

Фатима жүгіріп шығып, тыстан елеген, құмған кіргізеді, әм босаға жаққа ақ орамал іліп, жігітке көзін бір қысып, қайта шығады.

Аспандияр қыздың мойнына қолын салып, бетінен сүйсе бергенде, қатты тасырлатып: Аспандияр қайда?- деп тыстан екі сотрудник Степан, Иван, шабарман Қали, қыз анасы Жамал, сіңлісі Фатима кіріп келеді. Қыз бен жігіт қорқып, орнынан ұшып тұрады.

Сотрудник Иван: Аспандияр сен бе?

Аспандияр: Мен.

Иван: Айда, жүр.

Аспандияр: Қайда барам?

Иван: Не сөйлейсің? Сен қазір түрмеге барасың. Сені бес жылға жер аударды. Бол жылдам! – деп Аспандиярды қамшымен салып-салып жіберді. Степан қылышын суырып алады. Аспандияр не қыларын білмей, олай-былай жүгіреді. Қыз көзін басып, солқылдап төсекке жығылады.

Фатима: Көзіңді ашпа, адыра қалғыр, қу болыс! Құдай жазанды берсін! Сені құдай жылатсын! – деп Аспандиярдың бетінен сүйеді. Әм өзі қайта айналып қызды құшақтап жылайды. Екі орыс Қали мен Аспандиярдың қолынан ұстап шыға жөнеледі.

* * *

К.Тогісовтың «Надандық құрбандары» атты кітабы Омбы мемлекеттік архивінде сақталған. Бар болғаны бір дана ғана.

«Надандық құрбандары» атты пьесасы осыдан сексен жыл бұрын Омбы қаласының сахнасында бір рет қойылған. Содан кейінгі жылдары пьесасы да, олеңдері де, шығармалары да баспа бетінен жарық көрмеген.

БАЙҚАДАМ ТУРАЛЫ (1820-1906)

Халық ақыны Сапарғали Әлімбетов “Бір сырым” атты олеңінде Қыржының атақты болысы Байқадам туралы былай деп жазған екен:

Мұрынның Шерубай мен Танасындай,
Сыбанның Торғай, Нұрбек даласындай.
Қыржының Байқадамы секілді,
Халқының қамқоры еді анасындай

— деп жазыпты.

Байқадамның әкесі Шақа 1800-жылы туылыпты. Бәйбішесінің аты Алуа. Руы Тобықты. Мотыш бидің ұрпақтары.

Ел аузындағы аңызға қарағанда Байқадамға он бір қос жылқы біткен бай адам болыпты. Басына біткен байлығына орай халқына қамқор, мейірімді адам болса керек.

БАЙҚАДАМУҰЛЫ БАЗАР (1865-1926)

Байқадамның екі әйелі болған. Біреуі Сыбан қызы. Екеуінде де бала болмаған. Бала болмаған соң үшінші әйел алған. Осы алған әйелден бір қыз бала болады. Алғашқы екі әйелдің бала әкелген әйелмен күндестіктері басым болады. Кейінгі әйелге үстемдік жүргізіп айтқандарын істететін болыпты. Шаруа қамымен жүрген тоқал, отбасында отырған бәйбішелерге тапсырып кеткен бала абайсызда отқа оранып қайтыс болып кетеді. Онсыз да жағдайы қиын болып жүрген әйелдің жағдайы одан әрі нашарлайды. “Отырса опақ, тұрса сопақ” дегендей олған баланың кінәсі де осы әйелге ауады. Бұл оқиғадан кейін өтірік, оспақ, алауыздық туып ерінің арасына да сына қойып салқындық тудырады. Сөйтіп жүргенде араларында тағы да бір ұл бала болады. Күйсіз апаның бауырындағы бала да сонша жағдайлы болмайды. Анасы да, бала да күйсіз болады. Баланың да жайы болмай жағдайсыз жағдайда жүргенде, бәйбішенің ағалары үйіне келеді. Бәйбішенің ағасы баланың кімнің баласы екенін, аты-жөнін сұрайды. Аты Малбағар дегенді

айтады. Ағасы қарындасына мына баланы жуындырып, жаңадан киіндіріп оз тәрбиене ал. Аты Базар болсын депті. Өз шешесін бұрынғы баланы өлтірген деп жала жауып торкініне апарттырып салады. Шешесі кейіннен Ақ Найман еліне тұрмысқа шығып бірнеше ұл балалары болады.

Базар да сржетіп ат жалын тартып мінгеннен кейін Байқадамнан жалғыз ұл болғаны және откендсі оқиғаны естіп білгеннен кейін шешесінің аналық қарызын өтемек мақсатында, осы оқиғаны білетін және шешесін танитын атқосшысы Сайлаубайұлы Оспанмен Ақ найман еліне іздеп барады. Жолда кездескендерге Ақ найман еліне ұзатылған бірнеше қыздарымыз бар еді, соларды іздеп келеміз деп шешесінің ұзатылған үйін тауып, құдайы қонақ едік деген сылтаумен қона түнейі жатып, шешесін көріп, кетерде бір қоржын толы тайтұяқ алтын, күміс беріп кетеді.

Артынан Базар кеткеннен кейін шешесі қоржынды ашып қоргеннен соң, өз баласы скенін біліп, артынан қуғыншы жіберсе жете алмай қайтып келіпті. Баласы сол бетімен қайырылмай кете берген скен. Ақырғы жүзін көріп қоштасуы да осы болса керек. О дүниеге аттанғанша жүрегінде кеткен арманы да анасы болған болар дейді Нұрахмет ақсақал.

Әкесі Байқадам, кезінде Қыржы руын бөлек болыс етіп шығарып, орталығын “Үш биік” етіп белгілеп, сонда шоғырландырыпты.

Байқадам кезінде Кегенбай бидің ұрпақтары Шерубайдың Омарымен, руы Мырзас ішінде Бекетші ұрпақтары болып келетін Омармен достық қарым-қатынаста болып, сыйласып араласқан адам екен.

Базар да он жеті жасынан болыс болыпты. Базар болыс өзінің билік құрып тұрған жылдарында өзінің ақыл-парасаты, ел ұстаудағы майталмандығымен еліне сыйлы болыпты. Билік тізгінін ұстап тұрған кезде ел ішіндегі ұрыларға тыйым салып, теріс қылықтарға үнсімі тосқауыл қойып отырыпты.

Базар болыс Абайдың ұлы Тұрағұлмен бірге Бүкіл Ресейлік І –ші Думаға депутат болып сайланған. Алайда патша жарлығымен таратылып жіберілген көрінеді.



ТАЛҒАТБЕК БАЗАРҰЛЫ ҚОСАЕВ

Талғат Базарұлы Қосаев 1924-жылы 11-қыркүйекте дүниеге келіп 1990-жылы 5-ақпанда дүниеден отеді. Әкесі Базар 1926-жылы қыс айларында қайтыс болады. Аншы адам екен, кезекті бір аң сапарынан үйіне оралғанда екі окпесінен суық тиіп сол сырқаттан қайтыс болады.

Базар Байкадамұлы көзі тірісінде төрт әйел алыпты. Бірінші әйелінен Құсайын, екінші әйелінен Нұрахмет, Сейіт туады. Үшінші әйелінен, ұлты татар, Сіләм туады. Төртінші әйелі Гүлсім, руы Малтүгел, Тойкенің қызы. Бұл әйелден Мұсатай деген ұл туып 13 жасында қайтыс болады. Одан кейінгі Талғатбек, Талғатбектен кейін Саркыт деген қыз бала туып жас кезінде қайтыс болып кетеді. Осы үш күрсақтан аман қалғаны Талғатбек екен.

Базар Гүлсімді 18 жасында алыпты. Бұл кезде Базардың жасы 56-ға келген екен.

Базар Тойкенің әкесімен бірге туысқан Ахметтің бір баласымен сыйлас дос болып жүреді. Сол досы қарындасын жеңгетайлық жасап жүріп алып беріпті. Бірақ қарындасына мен айтты деп сүймесең барма деп ескертсе керек. Алайда қарындасы іштей ұнатып өз еркімен барыпты.

Нұрахмет ақсақал: «Базар қараторы, тарбак адам болатын. Ал Гүлсім ұзын бойлы, аққұба, келбетті, өте оңді әйел еді. Талғатбек нағашыларына тартып бойшаң болды»-дейді.

Нұрекең ақсақал: «Талғатбектің өмірі өте күрделі отті ғой»,- делі сөзін әрі қарай сабақтап.-Әкесі Базар қайтыс болған соң, шешесінің бауырында Талғатбектен басқа ешкім қалмады. Осы тұста заман да өзгеріп, басқа түр танытқан кезең болатын.

Өзінің іскерлігі мен пысықтығының арқасында ел арасында беделге ие болып жүрген Алдажар Қосаев екі баласымен әйелін тастап Гүлсімді алғанда Талғатбек сегіз жастағы бала еді. Алдекеннің бұрынғы әйелінен Роза, Бағи деген екі қызы болды. Алдажар Гүлсімді алғаннан кейін бірнеше жылдан соң 36 жасында Гүлсім Аякөз қаласында қайтыс болды. Талғатбек бұл кезде жастау бала болатын. Шешесінің қай жерде жерленгенін таба алмай, бір белгі қоюға да жарамадым деп армандап отыратын.

Гүлсімнің кейінгі жолдасы Алдажардан Сәду қалады. Гүлсім қайтыс болғаннан кейін Алдекең екі қызымен бұрынғы әйелі Қанымбаланы қайта алады. Осы жанұя құрамында бұрынғы әйелінен қалған Талғатбек пен Сәду де қалады.

Алдекең сырт елден кайтып Ақсуат топырағына оралғаннан кейін Аргының шешесі Әнапияны алып одан бұлардың жанұясына шешесінің соңынан еріп келген қыз Бикамал қосылады. Осы Бикамалды Фазылға өзін алып беріп едім деп Талғатбек марқұмның өзі айтып отыратын.

Талғатбек жас кезінде тынымсыз, тентек болыпты. Өзімен бірге ойнап жүрген ауыл балаларын жерді шұңқырлап, балаларды бойымен бірдей шұңқырға түсіріп басын шығарып, топырақпен бастырып көміп кететін болыпты. Мұны корген ата-аналар басынан басқа жері комулі жатқан балаларын коргенде қатты шошитын болыпты.

Алдажар Қосайұлы Аяқозден Ташкен қаласына қызмет бабымен ауысып сол қалада сот болып істейді. Осы қалада тұрғанда жарымкөңіл Талғатбек жас шамасына қарамай әр түрлі шаруашылық жұмыстарына араласады. Базардан ішіне бес теңгелік сиымдылығы бар ыдыспен керосин де тасыйды. Осылайша Талғаттың бұл жерге тұрғысы келмейді. Есебін тауып Семей өңіріне барып балалар үйіне орналасуды аңсайды. Ол үшін қаражат керек. Бұрынғыдай емес Талғат үйден ертерек шығып, керосин алушыларға кезегін сатып ақша жинай бастайды. Үйден шығарда шешесі бес теңгелік ақша беріп керосинге жіберсе біраз кідіріп қайта оралып, әлгі ақшаны қателесіп беріпсіз оныңыз үш теңгелік екен деп, үш теңгелікті корсетіп қайта бес теңге алып жүрген кездері де болыпты. Осындай қаржы жинау жолында жүріп кешігіп үйге оралғанда, шешесі қайда жүрдің? десе кезек қалың болып кешігіп қалдым деп жал айтады екен. Енді бір базарға барғанында, бір «Жауырыншы» шақырып алады. Өзің бір ширақтау бала екенсің, маған жұрт жинап беріп тұршы дейді. Сонда Талғат жарайды мен сізге адамдарды іздестіріп хабаршы болып жинап берейін, егер түскен түсімнен жарналас етуге келісетін болсаңыз депті. Басында жауырыншы келіседі. Келісім бойынша Талғат базардың о шетінен бұ шетіне шығып адамдарды жинап жауырыншыға жіберіп тұрады. Бір кезде жауырыншының табысының молая бастағанына көзі жеткен Талғат үлесін сұрайды. Жауырыншының бергісі келмей жалтақтайды. Сонда Талғат жауырыншыға үлесімді бермесең мен хабарлаған адамдарыма кешегі жауырыншының айтқанының бәрі отірік, ақшаларыңды қайтарып алыңдар деп соңына салып қоямын депті. Содан кейін барып түсімінен аздау болса да үлес беріпті.

Тағы да осындай базарда жүргенде қауын сататын бір өзбек азаматы қауын тасуға пайдаланады. Еңбегіне қауын, тиын-тегеш беріп тұрады. Сонымен осы өзбек балаға бауыр басып, пысықтығына қызығып, маған бала болшы депті. Ой-мақсаты басқа, ұлты басқа адамға

бала болсын ба? Қаражат молшері жетеді-ау деген кезде поезға отырып Семейге тартып береді.

Семей қаласында жалаңаяқтармен қосылып көше аралап жүргенде артынан хабар келіп милициялар ұстап бөлімшеге әкеледі. Бөлімшеге әкелгеннен кейін үйіне қайтарамыз десе Төкең оған келіспейді. Сөйтіп жүріп Семейдің детдомына орналасады, кейіннен Зайсан детдомына ауысады. Детдомға ауысудың себептері мен салдары өте көп болған. Балалықтың қиындығын көріп өскен Төкең, Зайсан ауданында жеті жылдық білім алып, Зайсандағы педучилищені бітіреді. Педучилищені бітіргеннен кейін сол Зайсан ауданының «Бесжылдық» колхозында мұғалім болып жұмыс істейді. Жас ұстаз туған халқының ұл-қыздарын білім бұлағымен сусындатуға құлшына кірісті. Шәкірттер де өз мұғаліміне разы. Осылайша жарастық тапқан бейбіт еңбекті, алысқа сапар шеккен биік мұрат жолын тұтқиылдан шыққан соғыс орті бұзды. Отанға жау тиіп, бейбіт елді аяусыз қырып, жайқалған егін танкілер табанына тапталып жатқанына жас ұстаз тозе алмады. Жасы он тоғызға толмаса да өз өтініші бойынша 1942-жылдың маусым айында Ташкент қаласындағы артиллеристер даярлайтын училищеге түсті.

Жастық шақ нені ойлатып, нені қиядатпайды. Бейбітшілік уақытта ұстаз болып, елді білім бұлағымен сусындатсам деген Талғатбек жау жағадан алғанда әскери командир болып, халыққа қорған болуды қалады, училищеге аттанғаны да сондықтан болатын. Ол адамға ажал оғын боратқан сұрапыл соғысқа алғаш рет Сталинград түбінде араласты. 252-дивизияның артиллеристер батареясында бөлімше командирі болды.

Жас артиллеристің есінде I-Украина майданы ерекше сақталыпты. Харьков қаласынан 30 километр қашықтықтағы Любатин станциясы үшін болған қатты ұрыста батарея командирі Васильев оққа ұшты. Ұрыста бір минут уақыттың өзі шешуші роль атқарады, оның бүкіл майдан тағдырын шешуі ғажап емес. Ойланып тұруға уақыт жоқ. Талғатбек батареяға команда беруді өз қолына алады. Белгілі нысана бойынша жау бекіністері мен пулемет ұяларына зеңбіректен оқ боратуға берген бұйрығына жауынгерлер риза болып, жау өзіне пана таппады. Артиллеристер үшін картамен жұмыс жасап, жау әскерлерінің жасырынған жерін анықтап, оның координатын дәл белгілей білу өте қажет. Бұл ретте оған соғыстан бұрынғы алған мұғалімдік мамандығының пайдасы тиді. Географиядан мол хабары бар жігіт аз уақыттың ішінде картамен жұмыс жасаудың қыры мен сырын тез меңгеріп алды.

Өлім мен өмір беттескен талай шешуші шайқастарға қатысқан Талғатбек Чехословакия жерінде ауыр жаракаттанып, әскер қатарына

қайта оралуға дәрігерлер рұқсат етпегендіктен жеңіс жылының қараша айында туған елге қайтты. Оның «ендігі өмірімде бірыңғай әскери қызметке орналассам-ау» деген екінші арманына бірнеше рет жаракат алғаннан соң әлсіреген денсаулығы жарамады. «Қиялсыз адам – қанатсыз қыран» демекші адамның арманы таусылған ба? Туған елге жеңіспен оралып, бір жыл аудандық халық ағарту бөлімінде инспектор болған Талғатбектің ойында жаңа бір арман оты лаулап келе жатты. Ол – Алматы қаласындағы жоғарғы оқу орындарының біріне барып ғылым жолына түсу еді. Ғылымға деген құштарлық ақыры оны С.М.Киров атындағы қазақ мемлекеттік университетінен бірақ шығарды. Кітапханалар мен архивтерді ақтарыстырып жүріп бес жылдың қалай өткенін де білмей қалды.

Әуелі Ақсуат орта мектебінде жоғарғы кластарға тарих пәнінен сабақ берді. Арада біраз уақыт өткен соң «Комсомол» жеті жылдық мектебінің орта мектепке айналуына байланысты аудандық халық ағарту бөлімі оны осы мектепке директор етіп тағайындады.

Алғаш рет мұрат тұтқан ұстаздық мамандық осылайша жалғаса берді. Арасында үш жылдай Қазақстан Компартиясы Ақсуат аудандық комитеті саяси ағарту кабинетінің меңгерушісі болды.

1966-1971 жылдары аудандық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі болды. 1972-1974 жылдары Ақсуат орыс сегізжылдық мектебінің директоры болып істесе, 1978-жылдан 1986-жылы пенсияға шыққанға дейін ВЛКСМ-ның 60 жылдығы атындағы орыс орта мектебінде мұғалім болып істеді.

Ол ауданымыздың мәдени-әлеуметтік дамуын арттыруға елеулі үлес қосты. Бірнеше рет аудандық партия комитетінің мүшесі болып сайланды. Оның ел игілігіне арналған еңбегі алты рет СССР медальдарымен аталып өтті.

Төксең соғыста батыл жауынгер, бейбіт еңбекте өнегелі ұстаз, семьяда бес баланың ардақты әкесі. Екі жұбайы да марқұм Ботабаева Қайша мен қазірде көзі тірі жұбайы Аманбаева Сақыш ұзақ жылдардан бері ұстаздық жолда жемісті еңбек еткен адамдар.

«Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» демекші Төксеңнің ұл-қыздарының бәрі талаптың тұлпарын мініп, білім қиясына талпынғандар. Үлкен ұлы Уәлихан тегіндегі Отанымыздың астанасы Москва қаласында электротехникалық байланыс институтын бітірген, ұзақ жылдар мемлекеттік қауіпсіздік саласында жұмыс істейді. Полковник. Астанада тұрады, екі ұл, бір қызы бар. Екі ұлы да жоғарғы оқу орнын бітіріп, Астанада өке жолын жалғастырып келеді.

Марқұм Абдырахман – энергетик, совхоз директоры. Жарма ауданында электр жүйесі мекемесінің бастығы болған, бір ұл, бір қызы бар.

Ғалия жоғарғы білімді экономист. Кәсіпкер, бір ұлы бар.

Назгүл жағарғы білімді заңгер, күйеуі Серік те жоғарғы білімді заңгер. Заң саласында жұмыс істейді.

Әзілхан жоғарғы білімді. Подполковник. Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде істейді. Жолдасы Аїжан жоғарғы білімді финансист. Алматының «Центр-Кредит» банк департаментінің директоры болып жұмыс істейді. Алуа, Мәдина деген екі баласы бар. Алуа он бір жылдықты үздік бітіріп Москваның Бауман атындағы Университетінің студенті. Мәдина он бірінші сыныптың үздік оқушысы.

Әзілхан жөнінде өткендегі бір уақиға еске түседі. Талғатбек соғыстан оралған соң КАЗГУ-дың тарих факультетіне оқуға түскенде қазіргі Қазақстанның халық жазушысы семейлік жерлесі Әзілхан Нұршайықовпен кездеседі. Сонда екеуі үйленгеннен кейін ұл балалары болса - Талғатбек өз ұлына Әзілхан деп, Әзағаң болса Талғатбек деп ат қоюға келісіп қол алысады. Бұл жөнінде Ұлы Отан соғысының екі ардагері 1980 жылдың тамыз айында Ақсуат ауданында кездескендерінде еске алысып еді. Әзілхан Талғатбекұлы жазушы Нұршайықов Әзілханның есіміне осылай не болған-ды.

Ата тектері Байыстан тарайтын Қыржы, оның ішінде Теңізбай, Теңізбай ішінде Қараш, Қараштан Баубек, Баубектен Көк, Көктен Бектемір, Бектемірден Шақа, Шақадан Байқадам, Байқадамнан Базар, Базардан Талғатбек, Талғатбектен Уалихан, Абдырахман, Әзілхан, Ғалия, Назгүл.

Осы рудан Қараш батыр шыққан, кезінде ұзын пышак Қараш деп аталып кеткен. Баубектің әкесі болып келеді.

Кешу батыр шыққан. Кешуде алты ұл болады. Бесеуі жау қолында қаза табады. Алтыншы ұлына қалмақтан қыз өперіп одан Араб туады.

Араб аты ұранға айналған атакты батырлардың бірі болған.

Ақын Замантай Оразайұлының Қабанбай батыр дастанынан Кешу батыр туралы үзінді келтіре кетейін:

Еңіреп Кешу жылады,
Көзінен жасын бұлады.
Алты ұлы бірдей оққа ұшса
Қайтып жаны шыдады.

Қалмақтан қаза тапты ғой,
Алты бірдей арысым.

Қайдасың, Арап, қайдасың,
Ксте ме жауға намысым?

Бұл сөзді естіп ұмтылды батыр Арап,
Құла серек аты да алған жарап.
Қатуланып кеудесін күші кернеп,
Шағанға кезек берді бара сала-ак.

Көңілі өсіп түр Шаған, көзі жайнап,
Алты батыр алдында жатыр жайрап.
Қалмақтың қанды балақ қыраны еді,
Қару-жарақ жасынан алған сайлап.

Топтан шыға іркілмей шауып келіп,
Арапты күрзіменен кетті періп.
Аман қалды ажалдан батыр Арап,
Кезек алар кез келді оны жеңіп.

Шағанға найза салды бұғанадан,
Құлады салған жерден Шаған одан.
Басын алып Шағанның батыр Арап,
Атағы бүкіл елге шықты тарап.
Батырлар жауын жеңіп демін алды,
Алты ұлы Кешу қарттың сонда қалды.
Бір обаға алты ұлын қатар коміп,
Тастан ойып басына белгі салды. – делінген.



Үшінші бөлім

АҚЫН САЛЫҚ

Руы Конші ішінде Жаманбай, оның ішінде Мырзабектен Сатпақ, одан Бадырақ, Боқай. Бадырақтан Өскенбай, Енбай, Құдакелді. Өскенбайдан Жакня, Салық ақын. Құдакелдіден Мәсіп, Дәуітбек. Енбайдан бала болмаған.

Тегінде. Салық ақын «Сұлутал» фермасында тұрған. Бірге істеген құрбыластары Ерғазы руы Жанай ішінде Тоңаша, ұста болыпты. Шәріпжанның бір аяғы кем адам екен. Сұлтан руы Қыржы, Құсмет – Конші, Игілік – Жанай ішінде Тоңаша болып келеді.

Ақын замандастарымен әзіл-қалжыңсыз жүрмейтін болса керек. Бір отырыста ақын замандастарына:

Шалды алса «Сұлуталдан» Сұлтанды алсын,
Асылхан баласы жас артта қалсын.
Сұлтанның жетісі мен қырқы бітпсй,
Игілік, Құсыметпен қоса барсын.
Ерғазы керек болар терезеге
Берейін қолдан келсе мұны неге?
Орнына Шәріпжанды дайындадым,
Ақсақтың «Сұлуталға» керегі не?
Мен өзім бара алмаймын жұртқа керек
Бармауыма бұл сөзім болар себеп.
Жастарға күнде ойын, күнде тоймен

Мен кеткен соң қалмай ма жетімсіреп?,-деп қалжыңдайды екен.

Сембай фермада меңгеруші болып қызмет істеп жүргенде ақын Салыққа бір үй беріпті. Берген үйін жақтырмаған ақын:

Сембай управ бір үй берді күбірткедей,
Ішінде қазандығы түскен қордсй.
Төбесінің матшасы екі метр,
Сипалап терезесін күндіз қормей.
Сембай мен Қабытайдың заманында,
Менің де бағым жанды көңілім орлей,-депті.

Ауылдағы жасы үлкен ақсақал Сұлтан Салыққа: «Жасың болса келіп қалды, осы арағыңды қоймайсың ба? Қоймасаң о дүниеде тозаққа баратынның бірі сен боласың?»,-дейді екен. Сонда Салық ақын:

Ей, жасырман жолдас емес бұл жалған,
Жүз граммды кұйып қойшы
Ақын Салық мен болам,- дей келе

Жұмаққа ең алдымен мас барады,
Мас бармаса жұмағың бос қалады.
Ақ туын пайғамбардың қолға ұстап,
Жұмақты оңкей мастар басқарады,-дейді де

Ей, халқым, мен өлгенде арақпен жу,
Етіме тигізбеңдер бір тамшы су.
Арақты қамырыма тоғіп таста,
Аспанға шығып жатсын бұрқырап бу,-деген скен.

Енді бірде:
Сұрасаң менің атым ақын Салық,
Атағым қазақ түгіл орысқа анық.
Құдайым осы өнерді бермесе егер,
Жүрер ем бір табында сиыр бағып,-дейді скен.

Енді бір өлеңінде:
Атандым ақын Салық бала жастан,
Ән салдым шаруаға да қарамастан.
Жүйрігін, жорғасымен бірдей мініп,
Әлі де үміт бар ғой қиғаш қастан,-депті.

Осы өлеңді айтып жүргенде 78 жаста екен. Бір тоқалды алып қашып, атын Кенжеқоңыр деп атап кетіпті. Тегіндегі Әубәкір деген ақсақалдың әйелі екен, одан скі бала қалады.

Салықтан Бүркіт деген ұл, Мейрамгүл деген қыз коріпті. Бүркіт «Көкпекті» совхозында, Мейрамгүл «Қарғалыда» тұрады.

Кенжеқоңырдың Әубәкірден бұрынғы күйеуінен Хасен, Нұролла деген скі ұлы болыпты, бұлар да Көкпектіде тұратын көрінеді.

Сол «Сұлуталда» зоотехник болып жұмыс істеген Қабытай Салықтың баласы, бірақ ағасы Жақия бауырына салып алады. Қабытайдың өзінен Хасен деген ұлы болды. Кезінде бухгалтер болып жұмыс істеген. Ал, Әшит Жақияның баласы.

Салық ақынның ел аузындағы шамалы әңгімелері осындай. Салдық ақын 1945-жылы ұлы Абайдың 100 жылдық мерей тойын тойлау кезінде бүкіл қазақ елінің сорпаға шығар саңлақ ақындарымен бірге болды.

Бұл тойдың ақсуаттықтар үшін бір ерекшелігі: тойда Ақсуаттың Ақтабан аты бәйгеден келеді. Ақсуаттың Дәулені бас балуандықты жеңіп алып, ақыны төгіле жыр шырқағандығымен есте қалады.

Соғыс аяқталып ел арқасы кеңіп, көңілі көтерілген шақта Салықтың да шабыты шалқып, бұл өңірде одан асқан суырып салма ақынның реті болмапты. Жасы алпысқа келсе де ақын көңілі жас. Қылшылдаған жігіттей ойнақшыған Салықтың ажары да көз тартарлықтай. Ол уақытта тойға баратын адамдардың онерімен қатар келбетіне де көңіл болетін кез. Той басталарда Орта жүзден барған ақындардың ішінен бөлек көрініп, екі көзі оттай жанған, келбетті Салыққа комиссия мүшелері көңіл аударып «Ал Семейдің Ақсуатынан келген Салық ақын, сөз ал» дегенде даланың тағысындай еркін өскен Салық ерекше бір сарын, құлаққа бөлек естілетін үнмен шырқап қоя береді, бірақ онысы өзіне бөгет болған. Өлең былай басталады:

Баласы Өскенбайдың атым Салық

Мен өлсем қайтер еді осы халық?-дегенде тойды басқарып жүрген ғалым Есмағамбет Ысмайыловқа бұл сөз жақпай қалып:

- Әй, тоқтат, сен өлсең осы қазақ қараң қалады дейсің бе?- деп тоқтатып-ақ тастапты. Той жалғаса береді.

Семейлік Нұрлыбек, қарағандылық Майасар, шұбартаулық Төлеу Кобдіков, Абыралыдан Иса Биназаров, Жаңасемейден Тәңірберген Әмірשובтар ортаға алып Салықтың да арнау өлеңін айтқызып жібереді. Өлеңнің бізге жеткен нұсқасы мынадай:

Баласы Өскенбайдың атым Салық,
Мен өлсем қайтер еді осы халық?
Асығыс үйді-үйіне тарасар ед,
Үстіме топырақты үйе салып.

Неғайбіл басыма бейіт тұруы да,
Күйзелген елдің бата кылуы да.
Хабарым «олді» деген жетер-жетпес
Өзге түгіл Көншінің руына.

Абайдың жүз жыл өтті туғанына,
Не дауа артық туған жырғалыға
Аруағын Қазақстан тебірентіп,
Айналды дүйім елдің думанына.

Айнала тогілген жыр, жүйткіген күй,
Қаракұрым калың топ тігілген үй.
Орыс, қазақ барлығын табындырған,
Дарынды неткен тумыс, не деген ми!

Қырық бір жыл бұдан бұрын Абай отті,
Артына сөз қалдырып онеге етті.
Аргын-Найман дегенің мұнда қалып,
Бар қазаққа, Мәскеуге даңқы жетті.
Елдің бәрі Абайдай жаралмас дүр,
Өзімен ала кеткен көп жұмбақ сыр.
Абай тірі, ұрпағы сөзін жаттап,
Суреті әр бір үйдің төрінде тұр.

Күрестегі бас бәйгені Ақсуаттың сол кездегі шикізат дайындау мекемесінің бастығы болған Дәулен Әбікенов деген жігіт жеңіп алып, жүлдесін Қажымұқанға бергенін, Ақсуаттың «Жаңа жол» колхозының Манак жаратқан «Ақтабан» аты 45 шақырымдық аламан бәйгеде бірінші келгендігін, басқа да мәдени көрініс жетістіктерінің тірі куәсі болған Салық, осы тойдан өзіне зор шабыт, бойына қуат алып қайтады.

Салық акын 1964 жылы дүниеден өтті. Сол кездегі марқұм Нұрқабай Бәйсейітұлының айтуынша Салық олерінен үш жыл бұрын өзіне зират тұрғызады. Біз оны «Тірібейіт» деуші едік. Ондағысы зират салынбай қалады деген емес, өз көңілі толып осы ара соңғы жай табар орным-ау дегені болса керек. Зираттың теріскей жақ қабырғасына аузын сыртына қаратып бір шама бөтелкені коса жинатып жібереді. Мұның не десек, мені еске алып, жел соққан сайын зарлап тұрсын дейді екен. Құлпы тасты да өзі жасаттырып, мынадай бір шумақ өленді қашаттырып жазып кеткен екен:

Дүние өтер, кетер арман емес,
Өйтпесе оның өзі жалған емес.
Мен түгіл Абайды алған арсыз ажал
Өмірде ешкім мәңгі қалған емес» , - деп жазылыпты.



ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫНАН

- Өнер алды – қызыл тіл!, – деп ойын қорытқан қазақ халқының даңқы шынында шешендігімен де шыққан. Қиыннан қиыстырып, тоғілмелі сойлейтін от – ауыз, орақ – тілді ақындар, қара қылды қық жарып билік айтқан шешендер нақтылы ұрпақтан ұрпаққа рухани қазына болып келе жатқан әдеби туынды.

Академик жазушы М.Әуезов: «Қынаптан қылыш суырғандай» - деп айтыскер ақындарға аса зор баға берген ғой. Шынында айтыс өнері – қазақ елінің дарын қырын, қас-қағымда тапқырлығын айқындайтын ерекше қабілет.

Сондықтан да болар атқа мінгеннің алты ауыз, түйеге мінгеннің төрт ауыз өлеңі бар деген нақылда шындық бар. «Ауылдың алты ауызы», «Қонақ көде» айту өз алдына, қисса, дастандарды сарындатып жатқа соғу дегеніңіз қандай ғажап!

Ежелдің ең күнінен осындай халықтық таланттың үздік үрдісі – рухани байлықтың нағыз айғағы біздің Ақсуат өңірі де – шежірелі өлке, таланттар мекені. Мұндағы ақындардың, би-шешендердің, батырлар мен өнер иелерінің толғамды ойлары, әдеби мұралары, ел қамын ойлаған онегелі істері ұрпақтан-ұрпаққа ұмытылмайтын асыл қазына болып келеді.

Ел аузындағы сол әдеби туындылардың басын құрап жинақтап, осы кітаптың «Халық қазынасы» тарауына енгізуді жөн көрдік.

Ақсуат өңірінен шыққан бұрынғы ақындар мен би-шешендер тек осы атырапта ғана емес, басқа жаққа да даңқы тараған адамдар. Мысалы, Кегенбай би, Бөкбасар би, Қосан би, Тана мырза, Көрібай ақын, Сұртай ақындар баршаға белгілі.

Қажының осы сөзі болды себеп,
Қолтықтан көтере гөр аруақ демсп.
Дулат, Сабыр, Кеншімбай, Сұртай, Жылтыр,

Жанұзақ қолда дедім ақын Түбек, - деп Сара сыйынатын жеті атаның бірі Тана мырзамен замандас Сұртай ақын.

Ақсуат өңірінен шыққан талант иелері мен шежіре, тарихшылардың ой-түйіндері, атамекенімізге арналған ақындардың өлең, толғаулары ұмыт қалмай, рухани қазынамызға айнала бермек.

Бұл туындылар Момбай Тұраров сияқты тағы да басқа көнекөз қариялардың жазбаларынан жинақталып алынды.

МАЛБАҒАР БАТЫР

Малбағар батыр руы Токабай ішінде Кегенбай болып келеді. Ел анызында құралайды козге атқан мерген, найзагер, шалма тастудың шебері, ат үстінде сайыскан өте мықты оның үстіне камшыгер адам болған екен.

Бір жортуылда келе жатқанда жол үстіндегі зираттардың жанынан өте бергенде акырған аюдан даусы естіледі. Жақындап келіп қараса бір аю қордан бір әйел адамның табытын ашып алып, киімін жыртып тастап, бейіттің қабырғасына сүйеп қойып қорлап тұрғанын көреді. Жалма-жан қанжығадағы арқанды білекке орап, зираттың есігінен қолын созғанда аю білекті қапсыра тістегенде екінші қолдағы қанжармен аюдың жүрек тұсынан салып жіберіп өлтіреді. Мәйітті қайта жерлеп көміп, аюды қанжығаға байлап жүріп кеткен екен дейді.

Енді бір жолы жолаушылап келе жатып Малбағар батыр бір байдың ауылына қонады. Таңертен бай тұрып жүк артып жүрген бір түйесін ұстап алып келіп пайдаланайын десе ұстатпай қашып кетіп күні бойы ауылға жоламай қояды екен. Осыны бай Малбағар батырға айтады. Ертеңінде таңертен бай түйесін ұстап әкелейін десе, әдеттегідей түйе тұра қаша жөнеледі. Оны түнде естіп отырған Малбағар батыр түйенің өзі келіп тұратын жасаймын деп түйені барып қамшымен өркештен тартып қалғанда түйе кілт тоқтап, үй жанына келіп шөгіп қалыпты. Содан былайғы уақытта түйе үй маңына өзі келіп шөгіп жататын болыпты деп отыратын қариялар. Түйе қамшы батқандықтан ба екен, болмаса батырдың қасиет шарапты ма екен, кім білсін, бірақ істің жоғарыдағыдай болғаны анық.

ӨЛЕҢМЕН ЖАУАП

Руы Құттықадам Орақбайдың Абылғазысы өгізге мініп келе жатқанда Сарин Шәмейге кездесседі.

Ол Абылғазыға:

- Қайдан келесің? – дегенде:

Абылғазы оған:

Біз жүрдік алты ай жаздай жалаң аяқ,

Бес жастағы жүгірдік баладай-ақ.

Егінші деген дүбіріміз жер жарады,

Кешегі Шерубай мен Танадай-ақ, - деп өлеңмен жауап берген екен.

ҚОСАН БИ ЖӘНЕ ҚОЯНБАЙ

Руы Мәмбет Сүлейменнің жылқысына Жетісу елінің ұрылары тиіп , бір адам каза болады. Осы оқиғаға байланысты Жетісудан Қоянбай деген би күн даулап келсе керек. Сүлеймен Қосан биді алдырады.

Аман –сәлемнен соң Қоянбай Қосанға :

«Зайсан жакка барып көрген жоқ едім. Елі мен жері қандай болады?»-деп сұрағанда Қосан-би:

Арғы жағым Алтай,
Бергі жағым Зайсан деген қол,
Жері бетегелі болады.
Жылқысы шабысты болады,
Ері намысты болады , -депті

Сөздің бір арасында Қоянбай :

«Атың Қосан көрінеді, Найманның Қосанымысың,әлде осалымысың?»- деп сұрағанда оған Қосан :

« Қосан десең өзіме қара,
Осал десең сөзіме қара !, -деген екен.

Қосан Қоянбайдан:

«Сіздің Жетісу елінің жері қандай болады ? –деп сұрапты

Сонда Қоянбай :

Жеріміз ой болады,

Жайылған қой болады.

Жері қоғалы, қамысты болады,-деп сипаттапты.

Сонда Қосан күлген екен.

Қоянбай оған таңырқап: «Неге күлесің ?,-дегенде, Қосан би :

Әкең не деген әулие адам

Қояндай қорқақ болсын деп,

Бұзаудай торпақ болсын деп

Әйтеуір артына тастапты

Әкең ұрпақ болсын деп,-деген жырды қисынмен айтқан екен.

ЖАЙЛАУДАҒЫ ҚОСАН БИ МЕН АБАЙ АҚЫН

Қосан би Абаймен тұрғылас жолдас әрі сыйлас адам болса керек. Ол жайлау үстінде Абайға жылда сәлем бере барады екен. Қосан дойбыны жақсы ойнайды дегенлі естіген Абай онымен дойбыны кетер кеткенше ойнапты. Қосан Абайды дойбыдан жеңе берсе керек.

Сойтіп, тағы да дойбы ойынына Абай шақырғанда Қосан :
«Бүгін барлық Тобықтыңды жинап әкелсең де жеңе алмайсың,-деп қалжыңдапты.

Сонда Абай : Қосан,Қосан деседі
Қосан желдей еседі.
Кіп-кішкене кісі екен,
Қосан несінс бөседі?,-депті

Мұны естіген Қосан да бөгелместен :

Әй, Абайжан,Абайжан абайла,
Добалдай қара темірді,
Бармақтай асыл кеседі, -деп тапқыр ойды айтыпты.

Тегіндегі бар ескі әңгімеде : «Тауда- Сасан, ойда –Қосан» дейтін сөз бар. Сол Қосан осы кісі болады.

ТАНА МЫРЗА АУЫЛЫНДА СҰРТАЙ АҚЫН

Тана мырзаның ауылына сүйегі Қыржы Сұртай Нұрашұлы барады.
Есіктен сәлем берс кірген оған Тана мырза :

- Сұртай сені ел ақын дейді. Мені мақтама да, жамандама да , бірақ бір ауыз өлең айтшы,-депті.

Сонда Сұртай ақын :

Қарай көр Тана мырза көссесіне,
Мұндай тартып туар ма шешесіне.
Құдайым бакыты мен сөзін берді,
Болады деп сақал, мұрттың ссесіне,-депті мүдірместен.

Тана мырза Тілемісұлы сақал, мұрты жоқ көсе адам екен .

- Бұл айтқаның дұрыс,-деп разы болыпты Сұртай ақынға.

ТАНА МЫРЗА МЕН ҚҰНАНБАЙДЫҢ КЕЗДЕСУІ

Тана мырзамен кездесуге келе жатқан Құнанбайдың алдынан шығып, ат үстінен қол беріп амандаспақ болғанда, Тананың астындағы аты үркіп, амандаса алмаған екен.

Сонда Құнанбай Тананы кекеп :

- Ат болса да адамның білмегенін біліп,ағасынан ұялып тұр-ау,-депті.

Тана мырзаның қасында Қосан би жүрген екен. Жаңағы сөзді естіген Қосан би :

-Күнеске ұятты хайуаң қайдан білсін? Ақ патшаның ала шапанынан үркіп тұр ғой,- деген екен.

Жол үстінде келе жатқан Құнанбай Тана мырзаға:

-Еліңде неше би бар?-деп сұрапты.

Сонда Тана мырза :

- Төрт би бар ,-депті.

Құнанбай сонда:

- Құдайдың сүйген пайғамбары төртеу, періштесі төртеу. Құдай атынан жазылған кітап төртеу деуші еді. Бұл қасиетті сан екен ,- депті.

Сонда созге араласқан Қосан би :

- Пендені аздырушы да төртеу: Дию, Ібіліс, Албасты, Шайтан.

Оның санында болып тұрған жоқ қой. Патшаның заңында болып тұр ғой, -депті.

Сонымен үйге келіп , жайланып отырған соң Құнанбай Тана мырзаға :

- Мынау қасыңнан қалмай жүрген ойы ұтымды, тілі шаян қаран кім?-деп сұрағанда Тана мырза :

- Бұл үйде болса , шаруама берік құлым.

Түзде болса , жаныма серік ұлым,-депті.

Құнанбай сол кезде:

-Қу тілмен құлан ұстап, қуырдақ жемес. Кегенбай би айтқандай :

«Құм жиылып тас болмас,құл жиылып бас болмас»,-деп айтқанда Қосан би:

Құм жиылып тас болады, біріктірер лайы болса,

Құл жиылып бас болады, біріктірер құдайы болса,-депті тапқырлық танытып.

СҰРТАЙ АҚЫННЫҢ ЗАСТАВАДА ҰСТАЛУЫ

Заставаның солдаттары Сұртай ақынды заставадан әрі өткізбей өзін ұстап, ат ертоқымын алып кетеді. Сол кездегі заставаның бастығы Максев деген адам екен.

Заставадағылар ақынды тексеріп зиянсыз жүрген жолаушы екенін анықтап алған соң, атын береді, ертоқымын бермейді.

Сонда Сұртай ақын:

Максеев атың шықты ішке, тысқа,

Атым Сұртай ақын ем сөзге ұста.

Сұр атты бергеніңе спасибо,

Ерімді шығарып бер пожалуыста! – деп өлеңмен тіл катып, ерін сұрап алған соң ары карай жолаушылап кетіпті.

КӘРІБАЙ АҚЫННЫҢ ІНІСІ ҚОСЫМБАЙДЫҢ ТАПҚЫРЛЫҒЫ

Кәрібайдың інісі Қосымбайдың да ақындық онері болған. Хан батыры Қабанбай Қожағұлұлының алтыншы ұрпағы Сүлеймен болыстың үйінде ақын Әсет Найманбаев ән салып отырғанда Қосымбай келеді.

Үйге сәлем беріп кірген оны жақтырмаған Әсет ақын:

Қосымбай Тоғас елін жастанғандай,

Шне шанышқан құмалақ бастанғандай.

Шіркіннің аузының салымын-ай,

Әрқашан дәл келеді астан қалмай, - деп тиіскенде Қосымбай от басында жатқан көсеуді домбыра етіп ұстайды да:

- Ей, Әсет неге маған қырындайсың?

Ет жеп жатқан иттей боп ырылдайсың.

Әлде сен көл қорыған қызғыш па едің?

Маңыңа жан жуыса шыжылдайсың, - дегенде отты шумактың әсеріне шыдамаған әсершіл ақын Әсет үйден өкпелеп шығып кетіпті.

НАҒАШЫ АҚЫН ТҰРАР МЕН ТОҚЫШ

Айтыскер ақындар туралы болған бір әңгімде Нұрғалидың інісі Ахметқали ағамыз:

- Біздің ұлы нағашымыз Тұрар, Тоқыш деген айтысқа түскен ақындар болыпты. Тұрар үлкен денелі, қапсағай адам екен. Айтыс десе жанып түсіп, айналасына аты дүркіреп шыққан.

Бір құдалыққа барған жерде лаулап жанған оттай ақын құдағиға кездесіп қалады. Көпшіліктің қаумалауымен айтыс басталып кетеді. Әуслі қайымдасып айтысқан олар бара-бара айтыстың түр-түріне көшеді. Барлық айтысына, жұмбақ шешу, жер, су туралы да сөз жарыстырады. Содан кейін, - дейді Ахметқали ағайымыз сөзін одан әрі жалғап, - Тұрар мен құдағи бәдік айтысқа көшіпті. Сондағы қарымталасқаннан есімде қалғаны мына шумактар ғана:

Құдағи өз кезегінде:
Түреске, қай есік бұл біздің есік,
Шынжырлы, кіре алмайсың оны шешіп,
Егер де кіріп кетсең оны шешіп,
Байлаймыз керегеден мұрның тесіп, - дегенде Тұрар
бөгелместен:

Құдағи қай есік бұл сіздің есік,
Шынжырды бұзып кірем аузын шешіп.
Қойнында байың жатса карамаймын,

Таркатам шер-құмарды тоблесіп, - дегенде акын әйел тосылып
калыпты.

Тұрар мен Тоқыштың көптеген айтыс өлеңдері кезінде жазылмай
қалған.

Ахметқали ағамыздың ұлы нағашыларымыз дегеніне қарағанда,
Бектас атамыздың аналарының төркіндері болуы керек. Кейінгі
жылдары Тұрар, Тоқыш ұрпақтары Абай ауданында тұрады дегенді
еститінбіз. Егер үрім-бұтақтары бола қалса, осы айтыс өлеңдерін, басқа
да туындыларын білетін қариялар табылса, бізге табыстар, жарық
қоруіне себепкер болар деген сенімдеміз.

САЛАҚТЫҚ ТУРАЛЫ

Жүреді салақ қатын белін бумай,
Ұстайды аяқ табак қолын жумай.
Қазанын қарала иттер жалап жатса,
Үстінен аттап өтеді мойын бүрмай.
Тосекке бисмилласыз жата кетеді
Не қылсын санырау, сақау бала тумай.
Сабырқұл ақын.

Келіннің ақталуы

Рухия ақын Сара тұстас, Тобықтының Қыстаубай деген кедейлеу
тұратын үйіне келін болып түсіпті. Сол келін түскеннен кейін бір түйесі
оледі.

Атасы ренжи бергеннен кейін келіні «Өліп өскен мал жақсы, олмей
өскен бас жақсы», алты ұлыңыздың ортасында кемшілік қоре қоймассыз
іші бок, сырты түк бір малды несін жоқтай берсеңіз? - депті.

Сонда ырымшыл Қыстаубай : «Келінің аяғынан, қойшының таяғынан» деген сенің аяғыңнан болып түр ғой депті.

Сонда ішек қарын аршып отырған Рухия келіні:

Мен өзім қыз күнімде сок жарма едім,

Келдім деп алты тазға арманда едім.

Түйенді ауырып олген менен корме,

Алты ұлың таз болғанда мен барма едім?- депті.

Төрт түлікке мадақ

Қамбар төреге Бурахан кожа сөлем бере келгенде төрт түлік малды бір ауыз олеңмен мақташы дегенде:

Қазына үйдің коркі қойдың жүні,

Бие ғой ауыл коркі жаздың күні.

Көшкенде қандай жақсы түйе шіркін,

Бөрінен сиыр озар күзді күні –депті.

Жеке жонінде бір ауыз олең айтыңызшы дегенде:

Жылқының еті жеміс, інісі жұпар,

Көркіне көз тоймайтын мінсең тұлпар.

Ісіне күдіреттің таң қалғандай,

Ішінде қызыл еттің пысқан сүт бар.

Зайсапдық ақып.

САДЫР МАТАЙ ҚҰЛ ДЕГЕН АҚЫН

Токсан беске келіп қартайып отырғанда алпыс-жетпістің арасындағы адамдар сөлем бере келіп: «Ассалаумағалайкум, Құл аға, халіңіз қалай, жүрісіңіз ширақ па?» - депті

Сонда Құлдың айтқаны:

Келіп ем токсан беске торғайдаймын,

Көшкенде оз атымды зорға айдаймын.

Қатын-балам тілімді алмаған соң,

Құл сабап от басында ойбайлаймын, - депті.

Құл ақын жүзге келіп қайтыс болыпты. Ақыл-есі ауыспаған. Төсек тартып ауырып жатқанда Құлман деген інісі күтіпті. Жастығын биік салып, тыныш жатады екен. Ешкімнің мазасын алмаған. Бір күні көзін ашып алып інісіне қолын созыпты. «Тұрасыз ба», - десе, «Тұрмаймын», - депті. Інісінің қолын қысып қоштасқаны:

Бек дәурен отті кетті жасымдағы

Бауырым Құлман қош бол қасымдағы

Қара көр қарауытып келді білем,

Аласарт жастығыңды басымдағы, - деген скен. Сол күні дүние салыпты.

ҚЫМБАТ ЖОЛДАС

Ақын Шернияздың кызына осы адамға не жолдас дегенде:
Кіім жолдас болмайды, жыртылады, тозады,
Көркің жолдас болмайды, қартаяды, солады.
Малың жолдас болмайды, қолдың кірі олдағы
Сары алтындай сымбатты, ақылың жолдас болады, - депті.
Ұлы жүз Үйесін ішінде Жалайыр, оның ішінде Спыршы, Аю,
Жолбарыс, Ұлы сараң.

Япырмай, осы шағидан көңілім үркіп отыр
Сүйкімбай,

Менің де май жегендей жүрегім кілкіп отыр
Болтірік

Үш-ақ уыс жем жеген жылқыдай боп
Бақтыбай да дорбасын сілкіп отыр.

Бақтыбай ақын.

Қарға ақын мен Семізбай құрдас екен. Қарғаның үйіне ұзын сары кезінде құрдасы күнде келетін болса керек. Ақынға Семізбай сойып берген өгізі арық болып шығады. Семізбай тағы бір келгенде Қарға:

Семізбай сойған бесті өгіз,

Арық емес сеп-семіз.

Ұяттан кісі олмейді,

Күнде келіп ет жеңіз, - деген скен.

КЕШ ТҰРУДЫҢ СЕБЕБІ

Сүйегі Тана Нұрсапа Ибағолланың әкесі болып келеді. Әйелі қайтыс болып, кейінірек бір жесір әйелге үйленеді. Нұрсапа жай күндерде жұмысқа ширақ, малдарын ерте шығарып, жайғастырып жүретін адам екен.

Бір күні осы әйелді алғаннан кейін сөскеге дейін малы шықпай қамауда қалса керек. Бұған не болды деп баласы білсін деп келсе, әкесі жаңа тұрып жатыр екен. Әке ауырып қалдыңыз ба? Не болды? – десе, Нұрсапа:

Ой, балам, сен де жаттың келінді алып,

Мен де жаттым байы өлген желімді алып.

Сол желіммен таң атқанша алысам деп
Жаңа тұрып отырмын демімді алып – депті.

ҚОНАҚТА БОЛҒАНДА

Нұрсапаның інісін де кедей шешен деп атайды екен. Бір қонақта
тырғанда, табаққа мүшелі нәрсе тартпаса керек. Сонда айтқаны:

Малым сныр, балам қыз,

Ұл дегенге алаңбыз.

Алалын жұттым тақсыр-ай,

Мінски арамыңыз – деп табакты сипаттаған екен.

Осы әңгімелерді Жанай ішінде Төре болып келетін Жәлел ақсақал
айтатын. Ол кісі – естігенін ұмытпайтын, өте бір әңгімешіл ақсақал.

КӘРІБАЙ АҚЫН ӨЛЕҢДЕРІНЕН

Атанбаев Кеңестің Қорлығайын деген анасы Кәрібай ақынның
қарындастары болып келеді. Сол кісі Кәрібайдың Әсетпен
айтысқандағы бір шумақ өлеңін былай айтушы еді дегені бар.

- Ой, Әсет, Арғын бай ма, Найман бай ма?

Байлығы ол Арғынның Наймандай ма?

Ендеше ұзын қандай, шолақ қандай,

Бір түнеп байға аттанған қонақ қандай?

Жапанда жалғыз озың не ғып жүрсің,

Бейне бір мал-мүлкінді тонатқандай.

Найманның шарықтаған қыранымын

Алдыма мен тұрғанда шығады кім?

Өзім теліп үйреткен текешігім,

Сынығына келмейтін тұяғымның.

Бұл өлең кезінде Кәрібай ақынның өлеңін жинаушыларға
берілген болатын.

Ел аузында жүрген Құсайын ақынның бір ауыз өлеңі есте қалыпты.

Ахметхан келді Жанайдан,

Қызмет іздеп талайдан.

Кәрі Шолпан кеткен соң,

Әйел қалмас манайдан.

Мұндағы Шолпан – Қыржы қызы, Қожықтың әйелі болған,
руы Тобықты.

МҮРСӘЛІМ МЕН ӘЙЕЛ

Мүрсәлім:

Жаксының аты шығар талай жерден
Әкең сені қортыққа қалай берген.
Ауызынан сүюге бойы жетпей,
Тамағыңның астынан жалай берген.

Әйел:

Өлең айтсам кетемін қызып, қызып,
Құр аспанға оқ атқан сен бір бұзық.
Шөгін жатқан түйеге міне алмайтын,
Сенін де тәштек еді әкең Сыдық.

Кезінде Мүрсәлім болыстың үйіне келіп бір мейман қонақ болады. Ас ішіп отырғанда Мүрсәлім болыс қонақпен әңгімелесе отырып аты-жөнін, руын сұрайды. Руының Қыржы екендігін айтып, Қыржының ішіндегі ең жуаны боламыз, бізге жететін Қыржы ішінде ешкім жоқ деп кекірейе сөйлеп отырған мырзаға Мүрсәлім болыс:

Атаң Қыржы Байыстың біреуі еді,
Ішінде Айдос, Жандос тірегі еді.
Өзің айтып отырған Быхы Қыржы
Қойдан қоныр, тоқтыдан жүдеуі еді, - дегенде мырза жігіт үндемей кетіп қалған екен.

Тәуке елінің ішінде атакты бір адамдардың ру басыларының аты қолайсыздау қойылған ат болса керек. «Тотақ» тағы басқалар болып келеді. Сондай ат қойылған адамға біле тұра атыңыз кім деп сұрай ма екен, кім білсін. Атыңыз кім деп сұрағанда:

Атым дейтін атым жоқ,
Әйелдердің немесі
Қара менен Төренің
Шығып жатқан кемесі, - деген екен.

ЕЛГЕ СИПАТ

Марқұм Тағабасв Құнанбай бір әңгімесінде әр ел туралы айта отырып, Токабай кең колтық көп ел болды. Ол туралы мынадай өлең бар деді:

Токабай көп ел еді маңайдағы,
Ойласаң еске түсер талайдағы.
Шерубай, Тана мырза заманында
Жын-шайтан қашушы еді маңайдағы.

БАЛАЛАРҒА БАҒА БЕРУ

Руы Жанай Қабноби ақсақал ата-ана балаға сыншы ғой, біздің Бейбіт деген анамыздың берген бағасы бар еді, сол есінде жүрсін деп жазғызып отырмын. «Өзіңіз Жанайдың қайсысы боласыз?» - дегенде, Базарымын, - деді. Сонымен, Жанайдан Байбол, Есснаман. Байболдан үш бала болған, олар:

Торғай –

Тоңаша - Әбішев Шәкәрімдер;

Жауғашар – Жәндікен, Миябаев Дүйсендер;

Торғайдың Бейбіт анасынан бес бала туады, олар:

Базар – Тана мырзаның ұрпақтары;

Шегір – Нұрыш, Шапатай, Мұхатайлар;

Келдігүл –

Жалмырза – Айтжанов Кошкінбай, Макандар;

Өтеп – «Үлгілі малшы», «Қарағандыкөл» совхоздарында.

Бейбіт аналары жетпіс бес жасында екі көзден айырылып зағип болып қалған шағында балаларын шақырып, шақырылған бес баласын да сұрап, алдымен түгендеп алады.

Бірінші Базарды шақырып, тосек алдына келгенде: - «Ат – аспаннан, нұр – пейіштен, сен туғанда сенің атың Базар болып еді. Мал мен басқа түгел боларсың, иісі қазаққа аты шыққан бала боларсың», - депті.

Шегірге: «Ат – аспаннан, нұр – пейіштен, мал мен басқа Базармен тең боларсың. Сенің атың Шегір қойылып еді, ағайын арасында жемір боларсың», - депті.

Келдігүлға: «Артыңды бір алла білсін», - деген екен, одан ұрпақ жоқ.

Жалмырзаға: «Ат – аспаннан, нүр – пейіштен, мал мен баска Базар мен Шегірге жете алмассың, өзіндік мал-бас бігеді. Екі үйін бір жерге қонбайтын, ақ найза қоқақ деген ауыл атанарсың», - депті.

Өтепке: «Мұрын, Байжігітке дін оқуы жағынан тотеп берерсің». Осы ауылдан отыз кажы шыққан. Шүкір, Фазылхан дегендер болған.

Торғайдың қалмақ әйелінен алты ұл туған, ол – Нұрқасендер.

«Комсомол» совхозында 1991 жылы 30- қазанда Байбарақ батырдың асы берілді. Осы асқа марқұм Сейілханов Нұрбек қатынасқан.

Қандай жағдай өсер еткені белгісіз, Нұрбек акын сол аста мына бір шумак олеңді айтыпты:

Қыржы емес Мұрын сенің жанашырың

Мақта аспай тілін алған ағасының.

Сармырзаның мен де бір баласымын

Сыйлаңдар қарқарадай нағашыңмын, - депті.

БЕЛГІЛІ АДАМДАР ӨМІРІНЕН

- Тілеміс жүйрік шыққан Танасымен,

Бөкбасар үлгілі би Жарасымен, - деген өлең жолдарында мол тарихи шындық бар. Оны бүкіл халық біледі. Олардың үлгі-өнегесін, қолда бар шағын деректердің мәнісін болашақ ұрпаққа насихаттай берудің маңызы зор деп ойлаймын.

Молдабайдың балуандық даңқы Еңсенің асында шыққан екен. Еңсенің сүйегі – Сайболат. Осы асқа бастап барған Жанболат елінен шыққан Манақ бай екен. Манақ баймен бірге барған дәулетті Жылқыбай еді дейді. Тегінде ол топ жарған атақты ақтабан атты мініп барған көрінеді.

Манақ пен Жылқыбайдан: «Асқа не әкелдіңдер?» - дегенде, «Екі он сегіз әкелдік» - деген екен. Екі он сегіз деп отырғаны балуанға түсуге әкелген он сегіз жасар Молдабай балуан мен Манақтың он сегіз жасар Бапан Шағыр аты екен.

Балуанда бәйгені Молдабай алып, екі-үш жүз ат қосылған жарыстан бірінші болып Бопан Шағыр ат келсе керек. Балуанға да, бәйгеге де снытты тоғыз ғып беріпті.

Босағаға деп оның сыртында Молдабайға мінуге бір донен беріпті. Жылқыбай тоқсан жасында қайтыс болыпты.

Еңседен Таңғыт деген ұл қалыпты. Кезінде байлықтың аркасында Қытай елінде үкірдай, зонгі қызметтерін атқарыпты. Сол байлықтың кесірінен Қытайда 1900 жылы ату жазасына бұйырылып, арбаның

үстінде қалың халық көзінше атып өлтірген көрінеді. Сол жақтан келгендер жырдай ғып айтып отырады.

Еңсенің мекені Орқашар тауы екен. Таңғыттың кезінде алған әйелі бесеу болыпты. Таңғыттың кыргыз досы Тоғызбай деген күрдасы: «Екі әйелің дұрыс, қалғаны қойшы-қоландыкі ғой», - деп әзілдеп күледі екен. Әкесі Еңсенің де екі әйелі болыпты, - деп әңгімелейді Биғазы ақсақал.

КӘРІЛІК ДАУАСЫ

Тоқабай руынан шыққан Мұңсызбай шешен кісі болыпты. Мұңсызбайды Мүрсәлім болыс қонаққа шақырып, сыйлап отырып сөз арасында Мұңсызбайдан: «Осы көрілік дауасы не?» - деп сұраған екен. Сонда Мұңсызбай: «Көрілік дауасы - өлген», - депті. Осы жолы ақсақалға ат мінгізіп шығарып салған екен.

ТӨЗІМДІЛІК

Руы Тоқабай, оның ішінде Жомарт, Кегенбай болып келетін Қойтан болыс болған адам. Қыстағы – Тарбағатайдағы Жанабай қорасы.

Жер дауы, жесір дауы, тағы да басқа ел мәселесімен байланысты Қарамола съезіне барады. Ол кездегі көліктің түрі ат болғандықтан Керкөз деген жорға атпен барыпты. Съезде қаралған мәселелер аяқталғаннан кейін қайтарда Қарамоладан Ақсуатқа сол Керкөз атымен тоқтамай жүріп отырып, Ақсуатқа үштен кете келген секілді.

Жанында тек бір адам қалады да, ауылға он бес шақырым қалғанда жалғыз келеді. Келіп дәрет сындырғанда, қан сиіп жіберген екен. Егер аттанып шығар алдында бір ақсақал белін жиырма бес метр матамен орап бермегенде шыдамайды екен дейді.

Бір кездегі қатынас көлігі мен адамдардың төзімділігі осылай болған.

АҢШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

Түлкіні итпен алған сілесі қатып жүріп алады. Бүркітпен алған қызыққа батып жүріп алады. Қақпанмен алған шалқасынан жатып алады, - дейді екен Қабдырашид - Әшид ақсақал.

ЖОНТУ МЕН ӘЙЕЛ

Жонту сүйегі Жанай, жолаушылап келе жатып жолыққан аламан жол сұрайын десе, жолыққаны әйел болып шығады. Ат үстінде тұрған әйелден жон сұрай бастаса, әйел:

Ер шегедей ендеше ер шегедей,
Шалбарыңның балағы белдемшедей.
Аттыға жаяу тұрып шіренесің,
Айдаған мың жылқыны бай немедей.
Жонту: Екі тоқты бір саулық қойың сенің,
Кергенден озбаған байың сенің.
Күйген томар секілді бетің жаман,
Қай жеріңнен шығады ойың сенің ?, - депті.

Жонту тағы бір жолаушылап келе жатып, отын шауып жатқан әйелдерге кездесіп, бұларды да бір түйреп кетейін деген ойға келеді де:

Ей, катындар, отының шап, отының шап,
Отынның ең жуаны болады қамшыға сап.
Отынды кешке дейін шауып-шауып,
Болғанда кешке жақын артыңды жап.
Әйелдер: Бүкең- бүкең етіп ей Жонту, желгенің-ай,
Аяндап біздің жаққа келгенің – ай!
Келе сала боксеге көзің түсіп
Аузыңа түскенінді айтып көргенің-ай, - деп
жауап қайтарыпты.

БІР ОЙ

Қарағандыкол ауылында Токтар Каргенов деген ақсақал тұрады. Сол кісі ауыл шаруашылығына реформа жүргізіліп, жекешелендіру басталғанда, 1995 жылы 8-тамызда мына өлеңді айтыпты:

Халық азды, жер тозды қарақтарым,
Қымбатшылық барады жалап бәрін.
Егемендік ел болдык деп қуандық
Білмей тұрмын аяғы не боларын?

АУЫЛДАСТАР ӘЗІЛІ

Тегіндегі Ақсуат ауданына қараған «Қызыл жұлдыз» колхозында руы Мырзас Смағұлов Малгаждар, кейіннен Ноқан Тоқышев колхоз

бастықтары болып жұмыс істепті. Сондағы замандастарыммен қалжың ояндары ел аузында сақталыпты.

Смағұлов Малгаждар:
Мұса өтірік күледі,
Сөйлесе сөздің дүрі еді.
Бәрін өзі бітіріп жүргендей,
Шалығып шаршап жүреді.

Ноқан менен Күлкінбай,
Шөптен қанша жоспарын?
Шөп таба алмай қалмасын,
Теке менен кошқарын.
Тігулі түр иен үй
Қайда кеткен Оспаным?

Өлендегі Ноқан Тоқышев, Асканбасев Күлкінбай, Оспан Ноқышевтардың рулары Қонші, оның ішінде Аңдамасы.

Асканбасев Күлкінбай елу бес жасқа дейін әйел алмапты. Қарашолақ қайғыс болғаннан кейін Күлсін деген жеңгесін алған екен.

Ал, қайным ана жағына ұяттымыз,
Басқа жағы мінеки, - депті деген сөз қалған.

ҚАЛЖЫҢҒА ҚАЛЖЫҢШЫЛ СҰРАҚ

Сары руынан шыққан Бокбасар би Кокпекті ауданындағы бір татар досының үйіне барып қонады. Татардың үйінде жұмыс істейтін бір қазақтың әйелі дәл сол уақытта босаныпты.

Сол жаңа туған баланың атын қойғалы жатыр дегенде үй иесі Ғарифолла Боқана қалжындап әрі сөзін тигізе: «Қазақ қай бір дұрыс ат қояр дейсің? Ұлтарак, Шылғау, Байпақ сияқты ондай- мұндай атты қоя салар» - депті.

Сонда Бокбасар би Ғарифоллаға қарымта жасай қалжыңмен:

- Осы сіздің ноғайларыңыз ат қойғанда Шайлиттен, Ғабиттен, Уахиттен деп өңкей иттің атын қойып шақырғанда, қазақтың боғын жесін деп шақыра ма? - депті досына.



КӘРІБАЙ АҚЫННЫҢ МАМАН АУЫЛЫНА БАРУЫ

Матай ауылының белгілі адамы Тұрысбек ұлы Маманның ауылына
Кәрібай ақын барады. Маман Кәрібайға:

- Өлең айтыңыз, - дейді.

Сонда Кәрібай ақын:

- Мамеке осы күнде іргең бүтін,

Тараған Қалкабайдан отыз түтін.

Жүзінді коремін деп келіп едім,

Орнатқан үш Матайға қыдыр, құтын.

Кемедей тұрақтаған Қазығұртқа

Отырсың тұтқа болып осы жұртқа

Қатын, балаң бәрі де қажы болды

Жетіп тұр осы күнде қолың бұлтқа.

Үй иесі Маман:

- Ақынды Тұрысбектің отауына апарындар! – депті.

Сонда Кәрібай ақын Маманның өз қолынан бір нәрсе алғысы келіп:

Мамеке, бар екенсің есен-аман,

Өтеді-ау баяны жоқ мынау заман.

Өз қолыңнан тізгін-шылбыр кеткен болса,

Балаларға караған күнің қараң, - дегенде қалтасынан бір уыс ақша
суырып берген екен Маман.

АУДАННЫҢ БІР АРДАГЕРІ

Ауданның мал шаруашылығы саласында ұзақ жыл еңбек етіп өзіндік
із қалдырған аға ұрпақ өкілінің бірі, Ұлы Отан соғысының ардагері
марқұм Жекебаев Рысбек еді. Ол көптеген совхоздарда ферма
меңгерушісі болып ұзақ жыл еңбек етті. Өз пікірін жалтақтамай тура
айтушы еді.

Целиноград қаласына Н. С. Хрущевпен кездесуге барғанда "Хрущев
мас еді" деп келген де сол кісі болатын. Рысбек ақсақал жасы сексеннен
асып бертінде дүние салды.

Зираты оз ата-мекені Ақсуат селосында.

Ол кісінің шежірешілдік ақындық өнері де бар еді. Қайтыс
болғаннан кейін өлеңдер жинағы жарық көрді.

АҢҒАРТУ СӨЗ

Ғұмар Кемербаев ақсақалмен үнемі кездесіп, әңгімелесіп тұрушы едік. Ол кісінің айтқан әңгімелері өте қызықты болатын. Баяғыда сол кісінің ауылына бір келгенімде, Ғұмар ақсақал: «Ауданда не жаңалық бар?»,- деп сұрады. Мен: «Пәлендсі жаңалық жоқ. Әнеукүні Ілияс ақсақалдың бәйбішесі мен Байғалидың шешесін жерлесенде өзіңіз болдыңыз. Сондағы Есекеннің бір әңгімесін сізге, естімесеніз айтып берейін»,- дедім. «Жоқ, ол жердегі әңгімені естімедім, айта бер»,- деді.

«Сол күні Байғалидың шешесі мен, Ілияс ақсақалдың бәйбішесіне топырақ салуға бардық. Барсақ кабір басында Ескалі. Көріпжан ақсақал, тағы бірқыдырау адамдар әңгімелесіп тұр. Бір кезде Көріпжан ақсақал Есекеңе қарап: «Бүгін Ілекең бәйбішесі қасына барып, қауышып, бір қуанып қалатын шығар»,- дегенде, Есекең күліп: «Кім білсін? Ілияс тірі күнінде де әйелдерге жылпостау адам болатын. Ол жақта хордың қызын алып, қып-қызыл тобелес болып жатпасын»,- дегені (тегі құрдастар болу керек»,- деп едім Ғұмар ақсақал: «Ол кісі әзіл мен қалжыңның дүрі емес пе?»,- деді.

Содан соң әңгімені әңгіме қозғап, Есекеңнің көптеген қалжыңдарын айтып, сонынан құмалақшы Әубәкірмен аяқтап тарасқанымыз бар.

Сол Құрекеңнің «Есекең айтқан екен деседі», «Құмалақшы Әубәкір» деген әңгімесін ұсынуды жөн көрдім.

ҒҰМАР КЕМЕРБАЕВ

Марқұм Ғұмар Кемербаев соғыс, еңбек ардагері. Кезінде ауылдық кеңестің төрағасы, Сәтбаев ауылында жұмысшылар комитетінің төрағасы болып жұмыс істеді. Әрдайым Сәтбаев ауылында тұратын жақын-жуықтарымызға іс сапармен барғанда кездесіп сәлемдесіп әңгімелесіп тұратынбыз.

Өткен 2002-жылы Құрекең ауырып жатыр дегенді естіп көңілін сұрай бардым. Мені жібермей шай дайындаттырып, екі сағаттай әңгімелесіп аттанғаным бар. Кетерде «Төлеуғазы, келіп тұр, әңгімелесетін тұрғыластар жоқ. Ауру менденкіреп жүр. Көз де көрмейді, жолыққанша қош сау бол»,- деп шығарып салды.

Екінші рет барып көңілін сұрағанымда сырқат менденкіреп ауырып отыр екен. Солай бола тұрса да кимадыма бұл жолы да бір-екі сағат әңгімелесіп өзінің тартымды да қызықты әңгімелерін айтып

отырып «Өзім бір сергіп жазылып қалғандаймын», - деді де Төлеуғазы, менен күй кетті, - деді. Өзіңді бір кітап жазып жатыр деп естідім. Әттен бұрынғы күнім болса сол кітабыңның жартысын өзім жазып көмектесер едім, оған күйі келмей отыр» - деді. «Сау күнімде жазған бір материалдарым бар еді, енді сол материалдар бір кәдеге жарар», - деп «Қарғыба-Базар болысы», «Ақын аға» деген материалдарын маған ұсынды.

Марқұмның сол маған берген материалдарына бір сөз де қоспай кітапқа енгізуді жөн көрдім. Әр ауылдың бетке ұстар азаматтары болады ғой. Соның ішінде шоктығы биік мен мұңдалап тұратын ағалардың бірі осы Құрқекен ақсақал еді. Аруағы риза болсын.

ҚАРҒЫБА – БАЗАР БОЛЫСЫ

Қазіргі Семей облысы Ақсуат ауданы өңірі ХІХ ғасырдың аяғында ХХ ғасырдың басында бірнеше болысқа бөлінген. Соның бірі – Қарғыба-Базар болысы деп аталған. Елдің, жүздің тарихы сол өңірдің адамдарының өмірімен біте қайнасып жататыны себепті, бұл болыс тарихынан Мүрсәлім Бектенұлының алатын өзіндік орыны бар.

Ол жас кезінде өзгелер сияқты өлең-жырды жаттап айтуға әуес болса, кейіннен өзі өлең шығаратын дәрежеге жетіп, қабілет көзі ашылған. Мүрсәлім ақынның өлең-жырлары өте көп. Алайда кезінде жинақтап, қамқорлық жасаушылардың жоқтығынан біраз мұрасы ұмытылып, кейбірі қысқарып, өзгеріске де ұшыраған.

«Мүрсәлім ақын айтты» деген сөз, ол туралы әртүрлі әңгімелер ел аузында әлі де баршылық.

Өз қатарынан озық, еті тірі, зерделі, пысық Мүрсәлім зеректігінің арқасында өз бетімен білімін көтере жүріп, әжептәуір сауатты болған. Алғырлығымен қатарға ілінген ол Қарғыба-Базар болысына ұзақ жылдар болыс болып сайланған. Алматыдағы Мемлекеттік архивте оның 1895 жылы сайлауда болыс болып сайланғандығын бекіткен генерал-губернатордың бұйрығы сақтаулы тұр. Ақын болыс кезінде өте әділ болып, жетім-жесірге, жоқ-жітікке көп қарайласқан. Таза болуды өзіне мақсат етіп, іше қояйын, жей қояйыннан іргесін аулақ салған. Халыққа қаһар тоғін, зәрленбеген. Сондықтан да болар, бұқара көпшілік ол кісіні құрметтеп, сыйлаған, қатарынан бірнеше жыл болыстыққа сайлаған. Ол кісінің жасы ұлғайған шағында болыстықты баласы Заманбек атқарған.

Болыс кезінде Мүрсәлім сол аймақтағы 12 болыстың ішіндегі бірегейі, беделдісі болған.

1916 жылы патшаның 19 бен 31 жас арасындағыларды соғыстың қара жұмысына алу жөніндегі Маусым жарлығы қазақ жерінде ұлт-азаттық қозғалысының бүрк ете түсуіне себепші болғаны тарихтан белгілі. Патша өкіметіне қарсы өрбіген халық қозғалысын, толқынын Торғайда Аманкелді Иманов, Жетісуда Бекболат Әшкеев, Тоқаш Бокин басқарған болса, Сарыарканың Қалба өңірінде, Ақсуатта Мүрсәлім Бектенұлы басқарғанын нақтылы деректік оқиғалар дәлелдейді.

1916 жылдың мамыр айының соңғы күндерінде Көкпекті, Ақсуат өңіріндегі болыстарды уезд начальнигі түгел шақырып, патша жарлығы жөнінде сөз қозғап, тез арада 19-31 жас арасындағы ер-азаматтың тізімін алып, оларды майданға жіберуге жарлық етеді. Патша жарлығы ел ішіне күні бұрын «ұзын құлақ» арқылы тарап, көпшілік қауым жарлыққа мойын ұсынбай Қытай еліне отіп кетуге бел буып, Қалбадағы жайлаудан Тарбағатай тауын бетке алып, үдере кошкен. Бұл жөнінде Кәрібай ақын: Қалбадан жексенбі күн халық кошкен,
Айрылды жақсы-жаман ақыл-естен.
Түйенің үш күн, үш түн қомын алмай
Қарғыба, Базар кеп бір-ақ шешкен,
-деп жырлаған.

Уезд бастығының азаматтарды патша қызметіне бересіндер деген тапсырмасына болыстар алғашында түгелдей қарсы шығады. «Біз, қазақтар, қатын патшаның кезінде орысқа бодан (поддан) болғанда әскерге адам бермейміз деп шоп бодан» ғана (жерді ғана пайдалануға береміз дегені) боламыз дескенбіз, ол жөнінде жасасқан, ит терісіне жазылған (қалың қағаз болса керек), мөр басылған шарт күні бүгінде қарадан Хан болған, патша шартына қатысқан Қисықтың ұрпағының үйінде қазір де сақтаулы тұр, қажет десең әкеліп көрсетелік» дегенді айтысады. Өздерін жеке-жеке қысып, мылтық кезеніп сөйлескен ұлықтарының қаһарына шыдай алмай, болыстар көнген сыңай байкатады. Тек жалғыз Мүрсәлім ғана «атсаң ат, кісі бере алмаймын» деп қасқайып қарсы қарап тұрып алады. Ол күні болыстарды «ертен таңертен келесіндер» деп түскен үйлеріне жібереді. Болыстар кеткен соң ұлықтар Мүрсәлімді бүгін түнде қонып жатқан үйінен ұстап, түрмеге қамау керек деп шешіседі. Осы әңгіменің ішінде болған тілмәш жігіт, ел жата сөзді Мүрсәлімге жеткізіп, ол сәрсіден бұрын тұрып, жалғыз өзі салт атпен жолсызбен Құрайлының даласымен Сарытаудағы үйіне тартып отырады.

Уезд бастығы Мүрсәлімді ұстауға шағын отряд шығарады. Мүрсәлім шамалы жігіт жинап, шиті мылтық, бірен-саран винтовкамен қаруланып, патша әскерлерімен қалмақ кезінен қалған Баспан тауының биігіндегі қамал үңгірге бекініп, атысып алдырмайды. Жай халыққа зәбір қорестіп, ойран салған патша солдаттары Кокпектіге қайтқан соң, Мүрсәлім ауыл-аймағымен Қытай жеріне, Тарбағатай асып кетеді. Міне, ол Қытай жерінде жүргенде артта қалған ел-жұртын сағынып, ұзақ олең шығарған. Олең 664 жол. Мүрсәлім осы елін, жерін өрнектей отырып шығарған олеңінде, өзінің сауатты екенін, сол кездегі саясаттан хабардар екенін байкатады. Осы олеңнің алғашқы шумағында бірінші дүние жүзілік соғыстың басталуын былайша сипаттайды:

Австрия нәсілінен қаза тапқан,
Бір адам сербиялық дәлдеп атқан.
Сегіз патша, төрт король ортасында
Бір үлкен соғыс болды толып жатқан...
Түріктер жанжал десе тұра шапқан
Жеңілген соғыс сайын несі мактан
Төрт король, Италия соғысында
Қызыл қан ортасынан сел боп аққан...

Мүрсәлімді ұстауға жіберілген отряд адамдарының жай халықты қорқытып, зәбір-жана қорестуін:

Начальник жаман кісі, жібі бостау,
Бір жыңды становой жанжал қостау,
Уезден отряд кеп, мылтық ұстап
Ерткені тентек солдат, ішпей мастау
Ел шауып, тұс-тұсымен үй төңкеріп
Қазакты қорқытуға қылды жасқау,
- деп баяндайды.

Ақып болыс – ел, жер тарихын зердесіне берік сақтаған, өткен-кеткеннен мол хабардар болған адам. Жоңғар шапқыншылығын кезінде жоғарыда аталған Баспан биігіндегі өзі бекінген, ертеде қалмақ қонтайшысы мекен еткен қамал үңгірді олеңіне былайша қосады:

Той қылған жнын жері, Базар, Баспан
Қысылып барушы еді соған сасқан.
Әмірсана, қонтажы заманында
Жамбы бар тобесінде жиган тастан.
Сол тауға кеттік қашып қарамастан
Шошынып мылтық алған біз орыстан.
Сол жерді тірі қорер заман қайда

Емес пе бұлт жақын ол қоныстан.

Қалың Назардың жаз жайлауы, кең өрісі Қызыл Су, Шар оңірін,
ондағы молдір бұлақты, толқыған құрақты атырапты:

Сары ал, салқын Қалба қызыл бұлақ,

Жеріме қоштасайын салсаң құлақ.

Күніне қой мен сныр екі сауып,

Қайран жер мал болатын жетім лақ.

- деп олеңге қосады. Жайлауға жеткенге дейінгі қоныстар, жайлаудан қайта түскендегі аял жасайтын күзектер – бәрі де нақтылы атымен, ерекше кездесетін шоп түрлерімен, өткір теңсеу, шұрайлы тілмен жеріне жеткізіле өсем жырланады.

Жайлаудан ел қайта түскенде, қалың ел аз аял жасайтын Жақсыбай бастауын:

Ал енді Жақсыбайға қайта қонсақ

Көк орай, үйдің орны майда жұмсақ,

Дүйім күс, үйрек ұшып, қаз қаңқылдап

Сай басы қызыл күшік, түлкі қусақ

- деп жырлап, күзді күнгі бүкіл тіршілік болмысын көз алдына елестетеді.

Жер –суды олеңге қосқан тұстың бер жерінде:

Ақсуат енді қонар, Базар құлдай,

Жер жетпес Көкжыраға тіпті мұндай.

Базардың екі жағы қалың егін

Егіннен ат жүре алмас жайған тордай,

- деп бір кетеді.

Жермен қоса, сол оз кезіндегі ел өмірін, көпшіліктің Семейге жәрмеңке барып, одан қайтқан сәттерін айна-қатесіз суреттеп, сол көріністі көз алдына бірден елестетеді.

Июньнің жәрмеңке бар, он жаңасы

Үй тігіп, ту байлаған шардың басы.

Төрт түлік мал, елтірі, қыл менен жүн

Тастамай алып барар, көрі-жасы.

Тұрады үш-ақ жұма айналасы

Жалғанның бір қызығы, тамашасы,

Іздегенге табылмас, еш нәрсе жоқ

Адамның түгел бітер бар шаруасы.

Біреу аз, біреу көпті бар шамасы.

Байлар бар неше лаумен жүк аласы.

Ақшаны қолдан беріп, қолдан алып

Болмайды бір пенденің тайталасы.
Жақсыбай, карақия көй коздатқан
Үш Назар, торт озенге сыймай жатқан.
Келеді он бес күнде жәрменкеші
Жұмысы бұрын бітіп, малын сатқан.
Жөнеліп Шолпан туа жүгін артқан
Көлігін зорландырып, қатты тартқан.
Арты Семейі, алды кеп үйге түсіп
Келеді тынбай жүріп үйге қайтқан.
Корсетіп әкелгенін үй-ішіне
Бағасын мақтан етіп екі есе айтқан.
Жағам деп қатын-бала аймағына
Күнәға бұл бейшара әбден батқан.

Мүрсәлімнің елге арнаған бұл олеңінде өзінің замандас тұтастарына, елдің игі жақсыларына бас-басына бір-бір ауыз олеңмен сәлем жолданады:

Сәлем де ылдидағы екі Омарға
Қонақбай, Әрін, Кәкім айт бұларға.
Тірлікте ойнап-күліп қосылысып,
Жолығар заман қайда біз соларға.
Сәлем де Бәкімбай мен Сығайыма,
Тапсырдым бөріңізді құдайыма
Замандас Тәти аға, Қалимұса,
Бұл жалған енді келмес шырайына.
Қуандық, Сәмет, Мұқыш, Шынтай інім
Сендерді болар ма сен қорер күнім.
Бұл күнде ел қыдырған бұралқымыз,
Саңкылдап бұрынғыдай шықпайды үнім...
Сағынып жұртымды ойлап болмай жөнім
Артымда қырын кетіп болды-ау қнын
Заманбек Дандағұлмен қайда жатыр
Сандалып, біле алмай жүр құр шыбыным.

Заманбек – акынның баласы, Дандағұл – сол Заманбектің атасы, акынның құдасы. Бұларды патша ұлықтары Зайсан түрмесіне қамаған еді.

1919 жылы Мүрсәлім болыс елге қайта оралды, Заманбек пен Дандағұл да түрмеден босайды. 1919 жылы ақ әскерін қуып, Кокпектіге келген партизан отрядының командирі Бабенко Мүрсәлімге елді патшаға қарсы көтеріліске жұмылдыра білгені үшін сыйлыққа қылыш пен қымбатты жүзік тапсырады.

Мүрсәлім Бектенұлы 1922 жылы 63 жасында өзінің атамекені Қосқора деген жерде қайтыс болды.

Мүрсәлімнің еліне жазған осы сәлем хат олеңін Республика Ғылым академиясының экспедициясы (басқарып келгендер ғалым Кәрібай Шәменов және Телмұхаибет Қанағатов) 1961 жылы магнитофон таспасына жаздырып әкесткен еді. Оны таспаға шежіреші Қабдырахман Құсайыновтың жатқа айтуымен сол кездегі Көкжырадағы М.Әуезов атындағы орта мектептің директоры, бүгінде Алматы қаласында тұратын зейнеткер Дәуітбек Нұртазин жаздырған еді. Мүрсәлімнің ұрпақтары арамызда бар. Заманбектің балалары (ақынға немере) республикамыздың әр түкпірінен кездеседі.

Төкпе акын, халқының камын жеген аяулы азамат, патша әкімдеріне тайсалмай қарсы шыққан Мүрсәлім Бектенұлының Қосқорада тозуға айналған бейітін жанартып, ол жерге ескерткіш тақта орнатылса, Базар өзені бойындағы Аманкелді атындағы совхоз алдағы уақытта Мүрсәлім Бектенұлы атымен аталса деген тілегіміз бар.



БАРЛАУШЫ БАЙҒАБЫЛ



Әкесі Оралбай кедей шаруа болған. 1920-1921 жылдары Тобықты ұлы Толғанбай байдың жалшысы болып жұмыс істеген. Көк бұқа деп аталатын жердегі байдың жерінде жалдамалы егіншісі болып, көлік соқамен жер жыртып, тұқым сеуіп өңдеп, жазда осы Көк бұқа тоғамы арқылы ағып келетін сумен егіндікті суғарып, күзде алынған өнімін бастырып байға өткізіп күнелткен.

Осы шаруаны атқарғаны үшін байдан алатын еңбекақысы сауынға бір сиыр мен бір бие беріп төлеп еңбекақысы есебінде алып қалып отырған.

Әкесі Байғабылды 1928 жылы Жүніс моллаға дін оқуын оқытуға береді. Қол

қысқа жағдай толық болмағандықтан оқи алмай қалады.

1929 жылы аудан орталығынан бірі мектепке, екіншісі дәрігерлік орынға арналып, екі шатыр үй салынады. Мектепте мұғалім болып руы Бәйел Батырханның үлкен ұлы Батырханов, дәрігерлік орында ішкеріден жіберілген Чернух деген орыс азаматы дәрігер болып жұмыс істеді. Байғабыл осы ашылған мектептен төте оқу оқып, бірінші класты бітіреді.

1930 жылы әріп латын алфавитіне өзгеріп, 1932 жылдың наурыз айының аяғына дейін оқып, елде ашаршылық басталып кетуіне байланысты үшінші класты аяқтай алмай қалады. Ел ішіндегі ашаршылыққа байланысты, Қытай еліне ауған ауылдастарымен бірге 1932 жылдың маусым айының бас кезіне Қытай жеріне өтеді.

Байғабыл Хабарасу маңындағы Ласты өзені жағалауында отыратын руы Қаракүрсақ Мұрт Оспан дегеннің сиырын бағып қалады да, әкешесі, ағасы және апайы, бауыры Шәуешек қаласына өтіп кетеді.

Арада екі ай өткеннен кейін әкесі Байғабыл тұрған жерге қайта оралады.

1932 жылы Қытай жерінде Дүнген соғысы болып, Шәуешек қаласын дүнгендер басып алады. Тамыз айының аяқ кезінде орыс елінің көмегімен Шәуешекті дүнгендерден азат етеді. Дүнген армиясынан азат етілгеннен кейінгі уақытта ел ішіндегі саяси ахуал өзгеріп, Шәуешекті мекендейтін мұсылмандарды Қытай елінің әскери тобы жазықсыздан

атып тастауды бастайды. Осы тұста Байғабылдың Байжол деген ағасының інісі Зәріп Қытай әскері қолынан қаза табады.

Осы қайғылы уақиғадан кейін шілде айының аяқ кезінде қалған туыстары қайта елге көшеді. Күлшира деген апайын ұзатқан жерден алған үш қарасының екі басын қытайлықтар тартып алып, бауыры Байғалиды дүнгендер алып кетеді. Әкесі, шешесі, Мүрсәлім деген ағасы мен өзі Оспаннан мал баққан ақысына бірде тиын алмай қайтып елге оралады. 1933 жылы да ел ішінде ашаршылық қамытынан құтылмаған жыл болады. Елге келгеннен кейін де басқа түскен ауыртпашылық батпанынан айығу оңайға түспейді. Ақсуат ауданының орталығынан астық қабылдау қоймасы салынатын болып, оған басшылық жасау жұмысы Тыныбаев Кәріпжанға тапсырылады.

Қойманы жинауға саман кірпіш құюға адамдар ұйымдастырып бір мың саман қалыпқа, бір пұт көк найза бидайын беретін болып келісім жасайды. Осы науқанға Байғабылдың ағасы Мүрсәлімді де қабылдап алып жұмысқа кірістіреді.

Байғабыл жаңадан құрылған Большевик совхозына Қазақстан республикасына жұмысқа келгендермен бірге қос басын жетектеуге егін шаруашылығы жұмысына кірісіп кетеді. Жазғы көктем егісі аяқталғаннан кейін шөп шабу науқанында үш ай жұмыс істейді. Үш ай істеген жұмысына он екі сом ақша алады. Осы совхозда жұмыс істеп жүргенде әкесі Оралбай қайтыс болып, ауылына оралады. Келгеннен кейін Құсайынов Ысқақ екеуі Ақсуат пен Зайсан шекарасын кесіп белгілейтін экспедициямен бірге бір ай жұмыс істеп 96 сом еңбек ақы алып ауылға ақ егіс кезінде қайтады. Ағасы Мүрсәлімнің Омаров Базар деген азаматпен бірлесіп еккен бір гектар егіндігін бастырып жинап алады.

1933 жылы қазан айында Қазақстан республикасына басшылық етуге Мирзоян келеді. Республика көлеміндегі малы жоқ адамдарға мал беру туралы шыққан шешіміне байланысты, Байғабылдың семьясы бес ешкі, бір қара ала құнажын сиыр алады.

1934 жылы қаңтар айында қырық үй «босқыншылар» бірігіп, Жаңа Құрал колхозы болып құрылады. Кейде бізді замандастарымыз Аткөшек колхозы деп қалжыңдап та қоятын дейді Байғабыл ақсақал. Колхоз ұйымдасқаннан кейін ағасы Мүрсәлім Көкпекті ауданына алты айлық бухгалтерлік курсқа жіберіледі.

Байғабыл шешесі екеуі Омаров Базар дегеннің мал қорасын, қыс бойына жанба отынмен қамтамасыз етуге келісіп, жалдап алады. Қораны екіге бөліп бір жағына печь қазандығын салып, пәтер үйге айналдырып шешесі екеуі тұрады да, екінші бөлігін мал қораға пайдаланады. Наурыз

айында қорасын тартып алып қойып, баспанасыз қалады. Баспанадан айрылып ашық аспан астында қалған Байғабыл ағайындары болып келетін Орынбаев Имаш деген азаматтың апайын алған қоршп тұратын Қалидкіне барып паналайды. Жанапия апайының Шокен деген жалғыз ұлы болатын. Ақсақалы Қали, Базар оңбайтын ақымақ адам дейді де Жанапия мен Байғабылдың шешесі Зағыман төр үйге, Шокен мен Байғабыл ауыз үйге жатсын деп орналастырылады. Қазақта мақал бар, «Жаксының жаксылығын айт нұры тасысын, жаманның жамандығын айт құты кашсын» дегендей жаксының жаксылығын айтудың өзі онеге ғибрат емес пе?

Сол кезде құрылған Жаңа Құрал колхозының колхоз бастығы Орынбаев Имаш, бригадирі Мазанов Есжан, есепшісі Мүрсәлім, кілетші болып Аукажи (руы Матай елі еді) деген жігіт жұмыс істейді.

1936 жылы Байғабылды Кокпекті ауданына сныр фермасы меңгерушілігінің алты айлық курсына жібереді. Жіберген курсты жаксы үлгеріммен тамамдап қайтады. Колхоздағы сныр фермасының бастықтары болып жұмыс істеген Дүнғарашова Қамар одан кейінгі Қазанғапов Рахымбайдың тұсында осы фермада учетчик болып қызмет атқарады.

1939 жылы 12 қазанда міндетті армия қатарына шақырылады. Міндетті армия қатарына алынғаннан кейін 1941 жылы қазан айына дейін Забайкалье округі Манчжурия шекарасындағы Отбор станциясы маңында армия қатарында болады.

Майданға кіргенше армия қатарына бірге шақырылған жерлестері Нұрбаев Кәрім, Сапышов Мәжит, Байырхин Сепбосын, Мүсірепов Мұнай тағы да басқа жерлестерімен бірге болады.

6 қараша 1941 жылы Куйбышев қаласына округ бойынша барлық армия топтастырылып, 7 қарашада жинақталған армиямен парад откізіледі. Парадты Советтер одағының маршалы Н.Е.Ворошилов қабылдайды. Парад откізуге басқа мемлекеттің де әскери қолбасшылары қатынасады.

Осы тұста Москвадағы И.В.Сталиннен басқа өкіметтің басқару органдарының қызметкерлері, В.И.Лениннің сүйегі де осы қалаға әкелінген болатын, - дейді Бөкең.

8 қараша күні Советтер одағының маршалы Н.Е.Ворошилов, СССР Жоғары кеңесі президумының төрағасы М.И.Калинин Кеңес одағын неміс фашист басқыншыларынан қорғап қалу мақсатындағы алда тұрған міндеттерді егжей-тегжейлі айта келіп, біздің армияны Москва-Ленинград теміржолын босатуға жіберді. Бөкең 13 қарашада осы бағыттағы шайқасқа қатынасып, 15 қараша күні жараланып госпитальға

түседі. Осыдан наурыз айының бастапқы күндерінде частіге қайта оралады. Көкек айының басында №103 мотопехотада ручной пулеметчик болады. Содан батыс фронты бағыты майданындағы Великий Лукка барып, қорғаныс (оборона) алып бекініс жасайды. Немістердің бекініс алған жері сайлы, талды, қалқанысты жерлер болады.

Ал қарсы Бөкендер жақтыкі қалың қарағай орналасқан жаққа жағалай бекініс жасайды. Екі жақтың бекінісінің екі арасы дөңес, неміс жақтың бекінісі анық көрінбейтін болады.

Мотопехота командирі Степанов Байғабылды шақырып алып, көмекшінің екеуін ана тұрған дөңестен орын теуіп окоп қазып, сонда орналасып алындар да, немістердің іс-әрекетін, қимыл-жайын хабарлап отырасындар деп тапсырма береді. Тапсырманы орындап белгілеген жерге орналасқаннан кейін көмекшісі екеуі түніменен кезек-кезек қарап, немістер туралы деректерді беріп отырады. Таңертен жерге жарық түсе бере сайдағы барлаушылар отырған дөңеске қарай үш адам дүрбі салып қатар келе жатады. Көмекшісі Бөкене ат дейді. Бөкең әлі де жақындасын деп атпайды. 200-250 метрдей жерге келіп, бекініске қарап, дүрбі салып тұрған мезетте көздеп тұрып пулеметпен атып қалады. Атылған адам құлап түседі. Өзім барайын деп ұмтылады, көмекшісі танк барады дейді. Танк барса, екеуі оліп біреуі жараланған екен алып келеді. Анықтай келгенде сол бекіністің басшылары біреуі полковник, екеуі майор болып шығады. Түс уақытында солар келген жақтан бір взвод автоматчиктер барлаушыларға шабуыл жасайды. Бекіністен хабар болмайды. Бөкең он диск оқ біткенше атады, немістердің талайы оққа ұшып, қалғандары қайта қашады. Сол жолғы көрсеткен ерлік ісіне «За отвагу» медалін береді. Содан сол частіде екінші Украина фронтында жүргенде Кримоторск қаласында жараланады.

1943 жылдың наурыз айының бас кезінде 8 – танкішілер корпусының гвардия Қызыл тулы, Кутузов, Суворов орденді жеке барлаушы ротасына барып, бронетранспортер командирі болып тағайындалады. Корпус Киев қаласын алады. Киев қаласында жақсы барлау жүргізіп немістердің пулемет, артиллерия, танк точкілерін анықтағаны үшін полк командирі «Қызыл жұлдыз» орденімен наградтайды.

Днепрден өтіпте барлаушылық қызмет атқарып жүргенде жанындағы жолдасы Салауат Аниннің аяғынан оқ тиіп жараланып қалғанда да, жолдасын бес шақырым жолға арқалап алып жүріп, өзіне берілген тапсырманы орындап қайтады. Содан әрі Кенисберг қаласын босатуға барады. Бұл қаладағы немістердің бекінісі өте мықты болады.

Бұдан айырылса Швейцария мен Бонның қатынас жолы кесілетін болатын. Бұл жерде барлаушыны қанша көп молшерде жіберсе де, тірі тіл әкеле алмайды. Барлаушылардың бастығы Тривановты рота командирі Сидоровты, полк командирі Бибнов шақырып алып, жау жағынан тірі тіл әкеле алмағандығы туралы қатты реніш білдіреді.

Барлау бастығы барлаушы сержент Оралбаевты өзіне шақырып алып, полк командирінің тірі хабар болмағандығы туралы ренішін айта отырып, Байғабылға өзімен бірге сегіз барлаушы ертіп барып, қалайда тіл әкелу керек, саған сеніп отырмыз дейді. Командирдің бір жағы қатты сенімімен «Федя» деген еркелетіп көтермелеп айтқан сөзі қатты әсер етіп, жаныма батып кеткендіктен, қалайда тіл әкелем деп сендірдім. Сенім білдіргеннен кейін барлаушыларды алып, іске кірісіп те кетеді.

Алдыңғы шепке барып барлау жасап, зер салып қараса, тас жолдың сол жағына қарай қарағай өскен де, оң жағы ұсақ тал екен, ені мен көлденеңі елу метрдей жер екен. Жігіттер осы талдың арасында немістер жоқ ортасынан қақ жарып жүремін соңымнан еріңдер дейді. Арамызда 15-16 жасар Котельников Сашка деген жас бала бар еді, оған ең соңынан жүресің, егер де мыналардан қашатындар болса атып тастайсың деп тапсырма береді. Бір шама жер жүріп, шілік өскен жердің шетіне шығады. Басқа барлаушыларды да тоқтатып, шілік шетінен бақылау жасап байқаса, біршама жерде жолмен бір взводқа таяу неміс солдаттары өздеріне қарай келе жатқанын көреді. Басқа барлаушыларға шіліктің шетіне көрілбей орналасасыңдар деп тапсырма береді. Мен алдыңғы бастаушы немісті атам, сол кезде барлығың да оқ жаудырасыңдар деп команда береді. Алдыңғы келе жатқанды аяғынан атып жібереді, сол мезетте екі жақта бір-біріне оқ атысады. Барлаушылар жағының тегеуіріні басым болғандықтан жау әскері қайта қауа бастағанда, Бөкең тұра сала алдын орап қолдарыңды көтеріңдер деп ақырғанда неміс солдаттары қаруларын тастап, қолдарын көтеріп беріледі. Сол қолға түскен сегіз адамды пленге алып, частілеріне айдап әкеледі. Барлаушылардан бір адам оққа ұшып, жаралы қалған немісті де атып кетеді.

Жау жағынан бұрын қаншама әрекет жасаса да тірі тіл ала алмай отырған полк командирі Бибнов барлаушы Бөкеңнің бұл атқарып келген ісіне қатты ризашылық сезім білдіреді. Барлаушы қызметіне риза болған полк командирі Бөкең алғыс жариялап, орден тапсырады.

Кеннеберг пен Годт қалаларын босатқандағы жүргізген барлаушылық қызметі үшін медальмен және үшінші дәрежелі Даңк орденімен наградталады.

Бөкең құрамында болған барлаушылар корпусы Кенисберг қаласына қарай бет түзеді. Бұл қалада барлаушы қызметі сәткелей жүргізіліп, дем алуға да мүмкіндік болмайды. Осындай ауыр жұмыстан келіп дем алып жатқан мезетте Бөкенді рота командирі Сидоров шақырып алып, қаладан шығар тас жолдың екі жағы қарағай, әрі қарай жүргендегі айлана орналасқан қарағайдың ортасында шағын ауыл бар. Сонда біздің барлаушылар кеткен болатын, солардан хабар болмай отыр, соларды біліп хабар алып келуді тапсырады. Рота командирінен тапсырма алғаннан кейін Герасимов Сашка деген шоферы мен бірге ілесіп жүрген серіктес жолдасы үшеуі айтқан бағытқа барлау жасауға шығады.

Шолғыншылық жасап, ауыл тұрғындарынан анықталған хабарларға қарағанда, барлаушылардың болмағандығы, ауылдан баскыншы немістердің кетіп қалғандығы анықталады. Пайдаланып жүрген көліктері бронстранспортермен жүретін американдық маркалы автомашина болады. Сол машинаның жанында қалған Сашка бір мезетте неміс келеді деп айғайлады. Бронстранспортердің ішінде екі пулемет болады. Бөкең машинаға қарғып шығып, өздері келе жатқан жол жаққа қараса, өздеріне қарай екі аяқты мотоциклмен неміс әскерінің ұшыртып келе жатқанын көріп атып жібереді. Атқан адамы оқ тиіп табанда жығылады. Өлген немістің құжаттарын алайын деп қарап жатқанда, Сашка тағы немістер қаптап келеді деп айғай салады. Машинаға шығып қарасам, сол бағыттағы жолмен арбалы- жаяулылар қаптап келеді екен. Жау ұшы жалма- жан бізбен бірге ілескен жігіт екеуіміз екі пулеметпен оқ жаудырып, селоға жуытпадық. Бір мезетте машинаны батарсямен атып қалды, мен көзімнен жараландым, - дейді Бөкең. Машина жанып кетеді. Көздің қанын қолымен сүртіп, үш барлаушы уралап атыса-атыса тоғайға кіріп аман қалады.

Полк командирі , осы поселкаға жіберілген үш барлаушылардың қызметін тексергенде ,барлаушыларға шабуыл жасаған неміс әскерлерінің пушкілерді тіркеген аттары өліп, көптеген адам шығынға ұшырап ,тірі қалғандарының қашып кеткендігін анықтайды.

Бөкең көзден алған жарасына больницағада бармай, корпусстың санбатында он бес күндей емделіп жазылады.

Осы болған барлаушылық оқиғаны барлаушы бастығы Трибневқа баяндайды. Ол тірі біреуін ала келмедің деген ұнатпаған сиық білдіреді. Тірі кісіні қойып ажал аузынан қалып ыза кернеп кеткен Бөкең жанындағы тапаншасын жұлып алып Трибневқа кезеп қалса керек. Бірақ, окпеге қиса да бастығын олімге қияма ,тапаншасын қынына қайта салып екеуі дұрдараз болып ажырасып кетіседі.

Командир полка болған оқиғаны анықтатқаннан кейін командир взвод Глушкоға сержант Оралбаевтың осы жолғы атқарын келген барлаушылық қызметі Ленин орденіне, тіпті Советтер Олағының батыры атағын берсе де лайық, құжаттарын толтырып, барлаушы бастығына қол қойдырып әкеліп ұсыныңдар деп тапсырма береді.

Взвод командирі полк командирінің айтуы бойынша құжаттарды толтырып, барлаушы бастығы Трибневқа апарса қол қоймай қайтарып жібереді.

Іетің мәнін артынан сезген Глушко, Байғабыл – сен ер жүрек батыр адамсың, бірақ Трибневты аңғалдық жасап қатты окпелеткенсің, мұның дұрыс емес, мен толтырып апарған құжаттарға қол қоймай күрделі оқиғаны атқарудағы сіңірген еңбегің еш кетті депті. Сондықтан да бұл жолғы барлаушылық қызметінде көрсеткен ерліктері атаусыз қалады.

Барлауда жүріп алған жарасынан айыққаннан кейін жұмысын одан әрі жалғастырады.

Бір күні взвод командирі Д.С. Глушко мені шақырып алып, барлаушылар бір неміс солдатын ұстап алып келіпті, аздан орысша біледі. Екі тәжіл қызыл үйдің подвалында үш жүздегі неміс бар дейді. Қоршауда қалып, тығылып қалған болу керек. Соған қасына екі барлаушы алып тұтқындалған немісті қоса алып барып барлығын пленге алып кел деп тапсырма береді.

Жаныма Неклюдов пен Лучкинді және тұтқындалған немісті ертіп алып, біздің баратын жеріміз біз жүретін тас жолдың сол жағына орналасқан екен.

Бөкең қасындағы адамдарын ертіп тас жолдың оң жағын жағалап жүріп отырып, неміс әскерлері тығылды деген үйдің тура есігінің тұсына келгенде жолдан тез жүгіріп кесіп отіп, әскерлер бекінген подвалдың есігіне барады. Барса есік алдында тұрған неміс офицерін қимыл жасауға шамасын келтірмей қолын көтертіп, қаруын тастаттырып, қасындағы неміске тұтқындарға пленге өтсін деп айтқызыған екен, бір мезгілде бәрі саймансыз шыға бастайды. Екі жолдасына қарусыздандырып стройға тұрғыза беруді тапсырады.

Өзі қалғандар бар ма? – деп подвалға кіреді. Кірсе біршама әйелдер отырады. Қалған бір неміс офицеріне көзі түседі, қараса бір жас әйелдің офицердің қолынан ұстап жылап тұрғанын көреді. Подвалдан шық десе ат деп басын көрсететін көрінеді. Әйел адамға жаны ашып атнай кетіп бара жатқанда, жанынан тапаншасын көтергенді байқап қалып атып жібереді. Келе жатып Жауды аяған жаралы деген сөз ойыма оралған еді дейді.

Сойтіп подвалда тығылған неміс солдаттарының барлығын ротаға айдап алып келеді. Осы ісі үшін осы операцияға қатнаскан үш барлаушығада Қызыл жұлдыз орденімен наградтайды.

Польшаны босатып, Германия жеріне оту үшін «Одр» өзеніне кешкі қараңғы түскен мезгілде жетеді.

Неміс жерінен байланыс арқылы жеткен хабарларға карағанда, қарсылас жақтың әйелдері мен балаларына дейін қаруланғандығы туралы және қандай да жағдай болмасын қару қолданылатындығы туралы мәлімденген екен. Жергілікті хабармен танысып қаныққан.

Барлаушы бөлімшесі таңертең жерге жарық түсе шағын селоға келіп кіреді./атын есіне түсіре алмады/

Село маңын бағдарлап караса село шетінде ағып жатқан өзен көрінеді. Өзенге көпір салынған. Бұзылмаған, жылжымалы техникалар отуге де болады. Басқадай қауіп тондіретін ештеңе байқалмайды. Ауыл іші бір шама тыныштық сияқты көрінеді.

Рота командирі Сидоров Бәкенді шақырып алып өзенге салынған көпірден өтіп, сол бағыттағы көше бойымен оқ атпай, машинамен арғы шетіне шығып қайта қайтасың деп тапсырма берді.

Күнделікті қарауымда жүрген Герасимов Сашкаға командирдің тапсырмасын егжей -тегжейлі түсіндіріп екеуміз өзеннен өтетін көпірге бет алып жүріп кеттік. Көпірден өте бергенде, жол жағасындағы будкада тұрған екі румын солдатын ұстап алып ротаға жібереді.

Селоның арғы жағына отіп қайа қайтады, ешкім көзге түспейді. Жүргізген шалғыншылық жағдайды командирге баяндайды. Біз оралмастан бұрын, барлық барлаушылар бригадасына Одрдан өтіп алға жылжи отырып разведка жасауға бұйрық берілген екен- дейді.

Барлау жұмысын мұқият тыңдаған рота командирі, ал жолдас Оралбаев алға жүресің, артынан біз де қозғаламыз деп команда береді.

Бәкен дағдылы шоферы Сашкаға кеттік деп жол сілтейді. Тас жолмен ағызып келе жатқанда түс мезгілінде, қашып бара жатқан жергілікті халықты қуып жетеді. Көпшілігі жаяу жалпы, ішінде көліктері де бар көп адаммен кезігіп қалады. Кездескен жерде он бес жасар Котельников Сашка менің әке шешемді осы немістер өлтірген деп пулеметпен ата бастағанда Бәкен өзер дегенде қойғызады. Сашкаға халықта жазық жоқ мұндай іс әрекет жасауға болмайды. Біздің мақсатымыз күнәсіз халықты қыру емес күйісі кеткен ата, ана, аға, бауырларынан айырылып күйзеліске ұшырағандарға қамқорлық жасауымыз керек. Сен бұдан былай ондай қызбаландығыңызды қойып, адамгершілік іс әрекет жаса, өмірде әлі талай қиын қыстау,

қайғы қасіретті адам баласы басынан кешіреді, бөріне де тоқтау жасап парасаттылықпен кара деп ақылын айтады.

Кешке таман тағы да бір селоға келіп жетеді. Көшемен селоның орта шеніне келгенде котек арбамен кетіп бара жатқан екі адамды қуып жетіп ұстап алады. Тексере келгенде біреуі ат айдаушы болып шығады да, екінші адамы разведка карауындағы пленге алынғандарды басқарған полковник екен.

Табанында тірідей әкеліп бригадаға табыс етеді. Жуков басқарған армия құрамындағы разведкада жүріп Берлинді алады. Сонымен ұлы Отан соғысы аяқталады. Бір айта кетер ойда қалған жағдай, Берлинді алар алдындағы неміс поселкасына түнеп шыққан күннің таңертеңінде барлаушылар корпусын стройға тұрғызып И.В. Сталиннің бұйрығын оқыған еді дейді.

Бұйрықтың мазмұны : Неміс басқыншыларынан босатылған қалалар мен елді мекенді жерлердегі мекендеген халықты ату, тонау жүргізген солдаттар мен офицерлерге ату жазасы колданылсын делінген жарлық жазылған еді

Бейбіт елде тонау мен кісі өлтіруді коргенде, қайнаған соғыс кезінде қарулы әскерлерден адамдардың қауіпсіздігін сақтауға қамқорлық көрсеткен И .В. Сталиндей Одақ басқарған ел басын қалай әділ адам емес еді деп тілің барып айта аласың? Өз басым жеңіс те, кейінгі қолымыз жетіп отырған бейбіт өмірді осы кісінің басшылығы деп түсінемін. Отанды жаудан тазартып, оны талқандауға қосқан еңбегі үшін , Ұлы Отан соғысынан барлаушы ағайымыз , бір Қызыл жұлдыз ордені мен звезда, III -ші дәрежелі даңқ орденін, бірінші дәрежелі Жеңіс орденін, ер жүректігі атанған және Кенсберг қаласын босатқаны үшін медальдарымен, өте жақсы барлаушы, гвардия сержанты ретіндегі бірнеше значоктерімен наградталады.

Өз басым Ұлы Отан соғысы атанған кешегі қанды қырғынға қатысып, тәуекел деп тас жұтып қайтқандардың бәрін де бөле жармай батыр деп санайтын адаммын.

Үстінен гүрілдеп бомба түспек түгілі, құлағыңның түбінен ызындап бірер маса ұшып отседе мазаңды алып бітеді ғой. Ал айлар, жылдар бойы аузынан ажал бүріккен аждаһамен алысу, алысу ғана емес оны құртудың алпыс екі айласын ойлап тауып, омыртқасын опыру оңай дегенді кімнің ғана аузы барып айта алсын деп партизан Қасым Қайсенов айтқандай, осы ауданда әрқашан арқа тұтып, асқар таудай көретін туған халқы мен отаны үшін жаумен аянбай белдескен ағайымыз Байғабылды батыр демей, не дейміз.

Бөкең 1946 жылы маусым айында ерен ерлігімен елге оралады. Елге келсе шешесі дүние салып, ағасы 1942 жылы соғыста қайтыс болыпты. Жеңгесі екі баламен қалыпты. Соғыстың ауыртпашылығы салдарынан тұралап қалған ауыл шаруашылығын қатарға қосу мақсатында 1946 жылы маусым айында сиыр фермасының меңгерушілігіне орналасып еңбек майданына араласып та кетеді.

1950 жылдардан бастап қой фермасы меңгерушілігіне ауысады. Тегіндегі колхоздар ірілендіріліп совхоз системасына ауысқан кезде Аманкелді, Карл Маркс, Ақсуат совхоздарында ферма меңгерушілігі қызметін атқарады.

1978-1979 жылдары Ақсуат совхозы, аудан орталығынан бұрынғы «Жданов» селосына көшіріліп, қайта құрыла бастаған кезде осы жаңа құрылған совхоздың ең ірі № 1 фермасында ферма меңгерушісі болып жұмыс атқарды, фермада екі жарым мың ірі қара, мың жарым жылқы, бір жүзден астам түйе малы болды. Екі жарым мың егістік, бес мың гектар шабындығы, осы қолда бар малға септелінген жаздық күздік жайылымдықтары бар кейбір шағын совхоздардың малындай малы жеріндегі жері бар ферма болды.

Бөкең қай жерде істемесін аудандағы қалған фермаларының алдыңғы қатарынан орын алып, жыл қортындыларында кілем жабылған бірнеше ат мініп, бағалы сыйлықтар алып келді.

Әсіресе Ақсуат совхозында істеген жылдары совхозда өндірілген 20 мың тонна сүрлемнің 16 мың тоннасын 12 мың тонна қатаң мал азығының 8 мың тоннасын, бидай дақылдың әр гектарынан 20-25 центнерден, арпадан 10-15 центнерден өнім алып мемлекетке өткізілген әрбір ірі қараның салмағын 425-450 кг жеткізіп еңбектің асқан ерлігін көрсеткен адам.

Совхоздағы өзінің әріптес меңгерушілерімен бірге, осы жылдары совхоздың экономикасының өселеп өсуіне, ұшан теңіз молшылыққа кенелуіне еңбек еткен ер азамат.

Бейбіт өмірде еңбек ете жүріп өзінің жауынгер достарымен, Москва қаласындағы қызыл тулы 8-ші гвардиялық Кутузов, Суворов орденді танк корпусының Президиумының аға солдат кеңесі арқылы байланыс жасап отырады. Президиумының торағасы қызметін армия полковнигі Судак басқарып келген.

Осы көрсетілген аға солдат (ветерандар) Президиумының басқаруымен өзінің майдандас достарымен 1976 жылы Волгоградта, 1985 жылы Москва мен Челябинскте, 1989 жылы Украина мен Киевте кездесулерге қатынасқан екен.

Бөкең майдандас барлаушы достарын Ақсуат ауылындағы өз үйіне қонаққа шақырады . Бұлар Ақсуат өңірінде Бөкең мен бірге үйінде 1977 жылдың 7 ші мамырынан 11 мамырына дейін болады. Қонаққа келгендердің ішінде полк командирі Б.Б.Гилев, взвод командирі Д.С.Глушко, шофері Герасимов С.М, автоматчик Б.И.Дудин, Б.Сариев, минометчик Б.С.Еременко, Б. Козлов, автоматчик Б.Самонов, С.Николаев және солармен бірге екі әйел келеді.

Қонақтарды қарсы алып олармен бірге аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы С.Бейсенбин, ауданның бас адам дәрігері Қ. Қалиев, комсомол комитетінің хатшысы С. Қасымханов бірге болып, қонақтарды аудан халқымен кездесулер ұйымдастырып, тарихи жерлерге апарып таныстырып аудан тарапынан , Бөкең жанұясы есебінен силықтар беріп аттандырып салады . Бөкең майдандас достарының барымен әліде хат жазысып хабарласып келеді .

От жалынды жылдардағы ажал аждаһасымен күресте бірге болған достары еш уақытта ұмытылмақ емес.

Бөкең 1980 жылы зейнеткерлікке шығып жетпіс алтыны алқымдасада, қасқыр соғып, қанжығасына түлкі мен қарсақ байлап жүргенін көргенде әлі де қайраты қайтпаған батыр тұлғалы ер көңілді адам екенін көріп қуанасың.

Бөкеңді нарық та қиналта қойған жоқ. Ол нарыққа тез қалыптасып жер алып егін салып шөп сеуіп уақытында егіп жинап алып өзін өзі қамтамасыз етіп отырды.

Әрі балуан,әрі барлаушы, әрі батыр асқар таудай Бөкең ағамыздың өмір жолы келешек ұрпақтарға үлгі өнеге. Бөкең ұлын ұяға, қызын қияға қондырған адам.

Ұлы Ермек, қыздары Ләйлә, Нәйлә өмірден өз орындарын тауып жоғарғы оқу орындарын бітіріп әр қайсысы жеке шаңырақ көтерген үлгілі жанұялар .

Бөкең 2001 жылы дүниеден өтті. Бірақ артында ақиреттік жолдасы Асыл мен өзі өмірге әкелген балалары мен немерелері өмірін одан әрі жалғастыруда.

«Орнында бар оңалар» деген қазақтың қағидасы осы емеспе.Әр дайым осындай даңықты тұлғаның ұрпағы өсіп көбейе берсін демекпін.

КОМСОРГ ҒАБДРАХМАН ҚАСЫМХАНОВ



Қасымханов Ғабдрахман 1924 жылы Шығыс Қазақстан облысы (ол кезде солай аталған) Көкпекті ауданы Көктүбек ауылында сол кезде мұғалім болып қызмет атқарған Абылғазин Қасымханның семьясында өмірге келген.

Ақсуат қазақ орта мектебіне 1934 жылы оқуға түсіп, 1942 жылы бітіріп шығады.

Әкесі Абылғазин Қасымханды 1937-жылы ішкі істер бөлімі абақтыға жауып әкеткеннен кейін, қайтып елге оралмаған.

1938 жылдан бастап Ақсуат интернатында тәрбиеленіп, одан кейінгі жылдарда анасының тәрбиесінде болады.

Орта мектепті тамамдағаннан кейін, армия қатарына алынғанға дейін, Ақжайлау ауыл советі «Максим Горький» колхозында мұғалім болып жұмыс істейді. Армияға алынған алғашқы жылдары Ферғана (8-оқу полкында) қаласында кіші командирлер даярлайтын курсты бітірген. Уфа қаласында (16 мин. полкында) болып, 1943 жылы майдан шебіне аттанады. Майдан шебінің алғашқы күндері кіші командирлер құрамында жүреді де (24бг. сп 82 г. сд), кейін 8-гвардиялық армияның кіші офицерлер даярлайтын курсы бітірген соң, қайта өз полкына жібереді. Онда ол атқыштар батальонының комсоргі болып жұмыс істейді. Тапсырылған жұмыстағы жастармен жүргізген жемісті жұмыстары үшін ЦК ВЛКСМ-ның «Құрмет грамотасымен» марапатталады. Қатардағы солдаттан аз уақыт ішінде гвардия аға лейтенанты дәрежесіне дейін көтерілген.

Ғабдрахман майданның басынан аяғына дейін Белорус майданы (қол басшысы Совет Одағынаң маршалы В.И.Чуйков) 82-гвардиялық дивизияда (командирі Армия генералы Г.Хетагуров) болады.

Бұл Армия Сталинградта жауға еңсере соққы берген еліміздің мақтанышы, ең жауынгер, даңқты армия еді. Дұшпанға қарсы батыл шабуылға шығып, Совет жерін жаудан тазартып, онан соң жоғары штабтың ұйғарымы бойынша Польшаны азат етіп, Висладан Одерге дейінгі жойқын шайқастардың ауыр участоктерінде даңқы әлемге әйгілі болды, жау жүрегі Берлинді алу сеніп тапсырылды.

Міне, Ғабең осы жауынгер саптың қатарында болған. Ұлы Отан соғысының 30 жылдығына байланысты 1975 жылдың 4 февралындағы

«Красная звезда» газетінің 29 номеріндегі «Висладан Одерға дейін» деген өзінің естелігінде Ғабеннің бұрынғы дивизия командирі, Совет Одағының батыры, Армия генералы Г.Хетагуров жолдас соғыстан соң 30 жыл өткеннен кейін құрамында Ғабен болған армия туралы былай деп жазады: «Әсіресе кескілескен ұрыстар Цитадель деп аталатын (Польша) орталық бекіністе болды. Бұл бекініс Познань қаласының орталығында биікке орналасқан. Көптеген қалың болат және суы терең каналдармен іргелері биік қоршалған, қалың қабырғада бірнеше ұзын қарауыл мұналары бар берік қамал еді. Оның ішінде 11 мың жау әскері болды. Гитлершілер жеткілікті мөлшерде аса күшті зеңбіректермен, минометтер, үлкен калибрлі пулеметтер және басқа да қаһарлы қару-жарақтармен толық қамтамасыз етілген.

Бұл Цитадельді алу біздің Армияның № 82 және 74 гвардиялық дивизиясына жүктелді. Мұның өзі сұрапыл қиын бес күн, бес түн толассыз ауыр шайқастарға созылды. Қажет болған жағдайда жеңіске жету үшін біздің солдаттар мен сержанттар, офицерлердің қасықтай қандары мен жандарын қиюына тура келді. Әсіресе, ерлік пен батылдықтың үлгісін коммунистер мен комсомолецтер көрсетті.

Өте-мөте бізге қиындықты 500-ден астам жау солдаты бекінген №5 Валдерги форты көрсетті. Ондағы жауды қыруға майор Б.Беляевтың батальоны ерекше күш салды. Қолдан түтін салынып жаумен ара мұнарландырылды. Лейтенант Ғ.Қасымханов басқарған ер жүректер тобы форттың төбесіне орлеп шығып, ондағы қарсыласқан пулеметшілерді жекпе-жек ұрыста қырып салды», - делінген.

Бір әңгімесінде Ғабен: «Бір күні мынадай оқиға болды. Кішкене деревня үшін совет әскерлері мен гитлершілердің қиын-кескі ұрысы жүріп жатқан. Осы маңызды участкакті қолға алу екі жақтың да нысанасы болғандықтан, техника, адам күшін сарқа төккен-ді. Сондықтан бұл кішкене деревняны не алу, не олу ғана қалды. Бірақ таң атқаннан кезек-кезек шабуылға шыққан екі жақтың әскерлері ешқандай нәтижеге не бола алмай тұрған. Атыс бір толастаған кезде мылжамылжасы шыққан соғыс даласынан совет әскерлері соңғы рет шабуылға шықты». Сол қаптағыспен жеңіске не болған әскерлердің ішінде Ғабдрахман ағайымыз да болып, ерен ерліктің үлгісін көрсеткен еді. Бұл туралы Қызыл Армиялық газеттің баспасы барлық әскерлерге Ғ.Қасымхановтың ерлігін баяндайтын листовкалар басып таратты. 8-гвардиялық армиясының 82-дивизиясы саяси бөлімінің 11 февраль 1943 жылғы арнайы листовкасында былай деп жазылған: «Осы соғыста қазақ халқының ұлы, бөлімше командирі Ғабдрахман Қасымханов тамаша жанқиярлықпен ерлік көрсетті. Ең әуелі ол пулеметпен гитлершілерді

баудай түсірді. Ал жараланған кезде ол соғыс даласынан кетпеді. Қысылшаң уақытта ол «Гвардияшылар, алға!» деп дауыстап бұйрық берді де, әскерлерді шабуылға котерді. Сол жанталас айкаста бір өзі ғана алты фашисті жайратты.

Гвардияшылар, жауды қазақ ұлы комсорг Ғабдрахман Қасымханов сияқты ерлікпен және батылдықыпен соғындар! Ер жүрек жауынгердің даңқы арта берсін, - деп листовкалар таратты.

Соғыс майданында осыншама ерлік жасаған ағайымыздың «Любимовка» селосы үшін жүргізген ұрыстары туралы әңгімесі есімде қалыпты.

Запорожье қаласынан 14 шақырым жердегі «Любимовка» деревнясы үшін қырғын соғыс жүргелі міне бесінші күн. Бір адым ілгері не кейін шегіну үшін жүздеген адам құрбандыққа шалынады. Екі жақ та техника, адам күшін осы жерге тоғіп жатыр. Снаряд пен оқ түспеген бір шаршы метр жер таппайсың. Волгада танауы тасқа тиіп шегінген жау бұл жерге мықты бекініс жасаған. Кішкене ғана осы «Любимовка» деревнясының болашақ соғыс тағдыры үшін маңызы өте зор. Өйткені, бұл деревняны алу – Запорожье қаласын алу, Днепрден оту деген сөз. Қырғын сол үшін болып жатыр. Әрбір ротада комсомолецтерден құрылған батыл топтар болды. Командирдің бұйрығымен осы топты басқару маған тапсырылған. Тапсырма деревняны алыстан айналып өтіп, жаудың тыл жағынан тұтқиылдан шабуыл жасау, сойтіп үрей тугызу.

Біз үшін бұл оңай тапсырма болған жоқ. Сойтсе де, жауып тұрған оққа қарамастан, жаудың тылы арқылы деревняға кірдік. Неше күн қалжыраған жау екі жақты шабуылға төтеп бере алмады. Көптеген соғыс техникаларын тастап, деревнядан қашып шықты. Содан әрі Запорожье қаласы алынды. Сол кездегі генерал-лейтенант, қазір Совет Одағының Маршалы В.И.Чуйков бастаған армия Днепр өзенінен өтті. «Любимовка» селосын алудағы азды-көпті еңбегім үшін үшінші дәрежелі «Даңқ орденімен» марапатталдым.

Днепрдің оң жағына өткен соң мен барлаушылар взводының командирі болып тағайындалдым. Екі жақтың әскері де бекініс жасап, қорғаныста жатқан бір кез еді. Сегіз солдаттан құралған біздің барлаушылар взводына жаудан «тіл» әкелу тапсырылған.

Қаранғы түнді жамылып келе жатырмыз. Әркім аяқты еппен басуға тырысады. Кендір арқанды ұстап келеміз. Бұйрық осы арқанды тарту арқылы беріледі.

Күндіз дүрбімен байқаған жау бекінісінің деңгейіне келіп қалған сияқтымыз. Сактық бұрынғыдан артып, күшейе түсті. Өз жүрегінің

дүрсілі өзіне естілгендей. «Батыр бір оқтық» демекші, қанша батыл болсаң да, қапелімде атылған бір-ақ оқтың өзі сені бұл өмірден аттандыруға жетіп жатыр ғой. Өмір үшін күрес оңай емес, жауға жақындаған сайын тағатымыз таусылып келеді. Фамилиясы есімде жоқ, ортамызда Иван атты еңгезердей жігіт болды. Темекісін қарыстай етіп орап жанынан бір тастамайтын. Жанқалтасында темір қорапты сіріңкесі болатын. Бір сәтте соның беліндегі күрегіне соғылып, дыбысымыздың білініп-ақ қалғаны.

Қояннан да сақ жатқан жау бірден автоматқа жармасты. Түс-түстан атылған ракета айналаны күндізден де жарық етіп жіберді. Бізге шегінуден басқа амал қалмады.

Арада екі күн өткен соң қайта барлауға шықтық. Бұл жолы алдындағыдан гөрі батырмыз. Жер жағдайы аздап белгілі болып қалған. Жау окопымен жалғастыратын бір жыраның ішінде отырмыз. «Олжаға» осы жерде тап болдық. Біз отырған жыраны жау да пайдаланып, озеннен су тасиды екен. Тачка сүйреткен немістің екі солдаты үстімізге өзі келді. Мұның бірін ұстап аузына орамал тыққанша, екіншісі айқайлап жібергені. Жау тағы да автоматтан оқ боратты. Осы жолда Иван аяғынан жараланды. Қолға түскен тұтқынның тачкасына жаралы Иванды отырғызып, екі неміске сүйреттіріп, болімшеге келдік. Иван өзі әкелген немістерді солдаттың кашасына тойғызды.

Туған елдің топырағы жаудан тазартылды. Шекараның ала дінгегінің қасында тұрмыз. Шекарашылар келіп постыға тұрды. Жау аяғы бұдан былай бұл жерді баспақ емес. Мұнан кейін де Польша жерінде Одер бойында сан күшті ұрыстар болды.

Ақыры 1945 жылдың 19 апрелінен бастап Берлиннің іргесі мен қаланың шетінде шабуыл жасадық. 23 апрель (1945 жыл) I Белорусь майданының қолбасшысы Совет Одағының Маршалы майдан командашысы Г.К.Жуков, Әскери Кеңесінің мүшесі, генерал-лейтенант К.Телегиннің I Белорус майданының қызыл әскерлері мен сержанттарына, офицерлері мен генералдарына арнаған №12 жарлығын алдық. Онда: «Соғыстың ең шешуші сағаттары туды. Сендердің алдарында фашистік Германияның бүлікшіл мемлекетінің орталығы – Берлин тұр. Енді осы Берлинді жауға ес жидырмай, тезінен алып, алда одақтастар армиясымен кездесу, сойтіп толық жеңіске жетуіміз қажет» - делінген міндет қойылды.

Бұл ақырғы абыройлы міндет те барлық қиындықтарды жеңе отырып, асқан дәлдікпен, тезінен және қорсетілген мерзімде орындалды. Гитлерлік Германия жеңілді, бас иді. Құзғындар ұясы Рейхстагты алды, Берлинге жеңіс туы ілінді.

Мен, дейді Фабең, сол 1945 жылдың 1 май мерекесін Берлинде мейрамдадым. 9 майда Берлиндегі Жеңіс парадына қатыстым. Берлиннің төбесіне аэростатқа ілінген үлкен қызыл жалау – жеңіс жалауы ондаған километрлерге көрініп, аспанда желбіреп тұрды.

Қару-жарактың барлық түрлерінен салют берілді. Берлиннің көшесімен парадта Армия мен қару-жарактың барлық түрлері оркестрдің қолдауымен шеру тартып отіп жатты. Дүбірінен жер сілкінгендей. Солардың ішінде кавказ етігіне шпор тағып, таза киінген, омырауы орден мен медальға толған, сүмбідей колоннаның басында аршындап басқан жеңімпаз Совет офицері, Қазақ ұлы - мен де бармын дейді. Жүрек тебіреніп, шаттық сезім бойды жігерлендіре түседі. Жүрек жарған қуаныш! Сан мыңдаған жауынгерлердің ішінде нық басып аршындаған Жеңіс парадының легінде менің де қуанышым тасуда. Менің жүрегім, «Бұл ұлы Жеңіске менде өз үлесімді қостым, мен де жеңімпаз совет армиясының ардақты офицерімін, менің елім күн нұрына бөленген Қазақстан туған жерім сонау шалғайдағы Тарбағатай тауының боктеріндегі- Ақсуат. Қымбатты жерлестірім мен сендердің сенімдеріңді ақтадым. Енді мен сендерді амандықпен көрермін», - деп соқты сол кезде дей келе, Совет Армиясы мені тәрбиеледі, шынықтырды. Қатардағы солдаттан офицер дәрежесіне дейін көтерілдім.

1943 жылы КПСС қатарына өттім. Отан алдындағы ерекше еңбегім үшін 4 жоғары дәрежелі орден және 8 медальмен наградталдым. Осыларды еске ала келіп, мен бүкіл дүние жүзіндегі прогрессшіл адам баласы ендігі жерде ондай кантогіс сұрапыл соғыс көрмесін.

Планетамызда тиянақты бейбітшілік орнап, адам баласының бақытты өмір сүруін оркестеп гүлдене беруін тілеген болар едім деп сөзім аяқтаған еді.

Туған жеріне 1946 жылы тамызда оралып келгеннен кейін өз қызметін тегіндегі «Комсомол» совхозында мұғалімдіктен бастап, 1947- жылдары «Социалистік қарқын» газетінің жауапты хатшысы, 1950- жылдары аудандық жастар одағы ұйымының ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, 1952- жылдарда халық депутаттары Ақсуат аудандық ағарту комитетінің жауапты хатшысы, 1957- жылдары Ақсуат аудандық халық атқару бөлімінің орынбасары, 1960- жылдары Ақсуат аудандық атқару комитеті жанындағы жоспарлау бөлімінің аға жоспарлаушы экономисі, 1963 жылдары аудандық статистика бөлімінде инспектор, осыдан кейінгі жылдары «Ақсуат» қой совхозында өмірінің ақырына дейін экономист болып қызмет істеді. Батыр жүректі ағамыз 1979 жылы 12 қазанда дүниеден көшті. Фабең, сол кезеңде білікті маман

және қай саланың болмасада тәжірибелі ұйымдастырушысы, өзіне де, өзгеге де, талабы катал жоғары жауапкершілік сезімімен, еңбекқорлығымен дараланатын. Адамгершілік парасаты жоғары, еңбек демалысы кездерінде, бос уақытында, соғыс жылдарындағы өмірден өлеңдер де жазып жіберетін, музыкалық аспап аккордеон да жақсы ойнайтын сегіз қырлы азаматтың бірі еді. Оған қоса ұлағатты жанұя несі: Марат, Қуанышбек, Тілеубек, Қадылбек сияқты ұлдары; Гүлнар, Айгүл, Нүргүл сияқты қыздары бар, барлығыда нарық қыспағына қарамастан өз кәсіптерін таба білген жандар.

Елге оралғаннан кейінгі соғыс жылдарындағы отты күндерді суреттейтін бір өлең жолдарының үзіндісін ұсынуды жөн көрдім. Өлең майданда деп басталады.

М А Й Д А Н Д А

Октябрьдің басында 43 – жыл еді,
Днепрдің он жағы бір қараңғы түн еді
Алдыда жау тым таяу
Үздіксіз оқ атады

Кейбір кезде әредік, тып тыныш боп жатады.
Траншей бойы көп солдат кезек-кезек күзетте,
Жау оқ атса ол да атып, арлы берлі жүрісте.
Аралап шығып бар шепті блиндажға оралдым
Ұйықтап қалса біреуі ұрлап алып кетеді
Сөзсіз еді олардың /немістер/
Енді отыра бергенде шақырыпты КП-ға
Жүгіріп келдім тездетіп барлығы отыр КП-да
Сөз бастады карта ашып, комбат аздап ашулы,
Шабуылға шықпақпыз біздің көңіл тасулы
Батальон алдында анықтап берді бұйрықты,
Әскери тәртіп темірдей, түсіндік бізде бұйрықты
Белгі – атылған ракет, таңғы сағат «6»-да
Атақаға барамыз, алда тұрған деревня
Онда қалған советтік, аналар мен балалар,
Аталар бар аналар жау қолынан
Құтқарып азат етіп аламыз.
Жаудың күші басым күш, жеткізіндер солдатқа
Қолдайды бізді зеңбірек, даяр тұр олар арт жақта,
Түсінікті болдыма, деп сұрады тапсырма?

Құп болады дедік біз орындалады тапсырма
Сағат 5-те әкелді алғы шепке тамақты
Тамақ бойдан отпсйді, қарай берем жау жақты.
Бұған дейін неше рет шабуылда болғанмын
Қызығына ұрыстың талай рет тойғанмын.
Алтыға жетпей керемет, зеңбірек оғы атылды
Жайлап барып жау шегін қайтадан тез басылды.
Іле сала біздағы көтерілдік «Уралап»!
Басып берді фашисті әр солдатты сығалап
Сұлап жатыр біреуі, құлап жатыр біреуі,
Алға ұмтылды уралап, жата қалды екеуі
Соғыс тілі қиын ғой, үшеуі қалды қарайып,
Екеуі болды /қызыл қан/қызарған
Соғыста мұндай жағдай көп, көп болмайды ұзарған.
«Давай – давай» алға деп , айғайлаймын ақыра,
Артта қалған солдатты алдыңғы шепке шақыра.
Ауа тартқан бұлыңғыр, мұнар менен қара шаң,
Қырылған неміс шегінген жайрап жатыр қарасан.

К О Н Т Р А Т А К А

Деревняны босатып, алға жүре бергенде,
Қаптады неміс тағы да, мұндайды кім көргенде.
Астан-кестен тобелес, басталды тағы кескілес,
Өлім бе әлде өмір ме, келмейді көзге еш елес.

Бір тәуірі әр жерден, «Максим» біздің сайрайды,
Жаудың дағы минасы, үстімізден жайрайды.
Отан үшін жан пида, фриц сені көреміз
Бәріміз де бірі үшін, біреуіміз де бір үшін
Құл болып саған жүргенше, бір адамша өлерміз.

Отан деген ана ғой, анамызды қорғаймыз
Есінде болсын, тегінде, сендерге құл болмаймыз.
Бұл айтқан ант, сертті сөз әр солдаттың ары еді,
Екінші сөзбен айтқанда тапсырар оның жаны еді.

Қараңғылық түскенше жаудың үнін өшірдік,
Тағы қаптап кетер деп, шегініп кейін бекіндік.
Әскери адам жалғанда өтірікті айтпайды,
Қолайсыздық болса да одан жасып қайтпайды.

Бір кезде келді Новиков капитан еді ол кезде
Совинформ бюроның хабарын толық айтты да,
Ыңғайланды қайтуға, қарай берді бетіме
Басқадай бір сыр айтуға.

Қоштасарда баршаға, барлығың да батырсын
Отан үшін жаныңды аямай-ақ жатырсын.
Нақтылы жеңіс біздікі, немістің қайтты ажары
Қарсылығы болғанмен, таяу қалды ажалы.

Деді дағы зам.комбат, аға сержант түр деді
Мен штабқа қайтамын, менімен бірге жүр деді.
Еріп келем соңынан білмеймін не ойлайды?
Әскери тәртіп бойынша рұқсат етпей үлкендер
Сөйлеуге бір сөз болмайды.

Ертеңінде таңертең штабқа мені шақырды,
Қасымханов отыр деп айтып жатыр ақылды.
Комиссар өте көңілді!

Майдан кезіндегі өлеңдерінен тек бір соғыс кимылдары суреттелген
үзінді ғана алынды, жалғасы бар. (Қойын дәптерінен).



ҰЛЫ ЖЕҢІС - ӨРІСІМНІҢ КЕҢДІГІ, ҰРПАҚТАРҒА АҢЫЗ БОЛҒАН ЕНДІГІ



Талмай өткен небір қиын сындардан
Оқ пен оттың ортасында шыңдалған.
Қажымайтын қайсарлықты көремін
Кемел шақта ерлік тұнған тұлғаңнан...

Ұлы Отан соғысының ардагері, халық ағарту саласының үздік қызметкері Бейсенбек Садыханов 1925 жылы ақпан айының 6 жұлдызында Семей облысы Жарма ауданына қарасты Еңірекей, Қарақойтас өңірінде дүниеге келді. Әлеуметтік тегі – қызметкер. 1946-жылдан КПСС мүшесі, 1931- жылы сол жердегі бастауыш класты он жасында бітіреді. Содан соң Қапанбұлақ ауылындағы Қызылжұлдыз жеті жылдық мектебін бітірген соң, отбасы жағдайымен Ақсуат ауданына қоныс аударады. 1942 жылдың қаңтар айынан бастап 1 жыл бойы Ақсуат ауданындағы «Базар» колхозында колхозшы болып жұмыс істеген. 1943- жылдың қаңтар – қараша айларында Қиыр Шығыс майданының Биробиджан қаласына қоныс аударылған №34 дивизиясында жауынгерлік борышын атқарады. Ал 1943 жылдың қарашасынан 1944 жылдың сәуір айларына дейін Ульяновск облысының Инза қаласындағы екінші әскери оқу бригадасының курсанты. Сол жылдың сәуір-қараша айларында Б.Садыханов Ленинград майданындағы 38-атқыштар бригадасында қару командирінің орынбасары ретінде бірнеше ұрыстарға қатысып, жаудың өршелеңген бетін қайтарды. 1944 жылдың сәуірінен 1945 жылдың ақпанына дейін көптеген ірі қалаларды жау әскерлерінен азат етуде ерекше көзге түсті. Сондай қиян-кескі ұрыстардың бірінде Б.Садыханов қатты жараланып, 1945- жылы наурыз айында Махачкала қаласындағы госпитальге жіберіледі. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» дегендей, 1945 жылы шілде айында Бейсенбек Садыханов соғыста алған жарақатынан сауығып, аман-есен туған жерге оралады. Осындай жер мен көктің арасы отқа оралған, аласапыран соғыс жылдарында Бейсенбек Садыхановтың ерлік-қайраты шыңдалып, қарулас достары арасында ержүрек жауынгер аталады. Ұлы Отан соғысы кезінде алған «Германияны жеңгені үшін», «Ерлігі үшін», «Берлинді алғаны үшін» және көптеген мерекелік медальдармен қоса, «I-дәрежелі Отан Соғысы» ордені сол кездегі жауынгерлік жылдардың куәсіндей.

«Қазақстан Республикасы халық ағарту ісінің үздік» қызметкері Б.Садыханов соғыстан кейін де ұзақ жылдар бейбіт еңбекке араласты. Ол 46 жыл өмірін ұстаздық қызметке, жас ұрпақ тәрбиесіне арнады. Мыңдаған шәкірттер тәрбиелеп өсірді. Құдай қосқан қосағы Жақыпова Бинаға екеуі он бала тәрбиелеп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырған ардақты әке, ардагер ана.

Б.Садыханов ұзаққа созылған ауыр науқастан кейін 1993- жылы дүниесін салды. Балалары: Бағила, Баян, Бағдат, Жанат, Болатхан, Раушан, Алмат, Қайрат, Жанар, Ринат.

Ел қамы, азаматтығы жолында от кешіп, жау боратқан ажал оғынан қаймықпаған Бейсенбек Садыханов сияқты қаһарман ағалардың өмірі келешек ұрпаққа үлкен өнеге. Ұрпақтары мәңгілік ескерткіш орнатып, құлпытасында:

Елге сыйлы азамат ең ақылды,
Тең көруші-ең алысты да, жақынды.
Мәңгілікке көз жұмсаң да, жан әке,
Ұмытпаймыз, ардақтаймыз атыңды, - деген бір шумақ
өлең жазылыпты.

* * *

ҚОШЫҚОВ БЕЙСЕНБЕК

Бұл адамды Ақсуат өңірінде көп адам біле бермейді. Барлаушылық қызметі де ешкімге белгісіз, өйткені жас күнінде елден кетіп содан оралмаған адам.

Руы Токабай ішінде Қожакелді. 1930 жылдары бірінші сыныпқа барып, 1940 жылы орта мектепті үздік бітіріп шығады. Ата-анасы ерте өмірден өткендіктен, апайының қолында болады. Апайы – Қадиша, руы Жанай ішінде Есенаман. Қуандық дегенмен тұрмыс күрған, осы күйеуінен Мейірамхан деген ұлы бар, қазір де Ақсуат кентінде тұрады.

1940 жылы Қатша деген апайының әкесі Сыдықов Слям деген ақсақал демеушілік жасап, Семейдің мұғалімдер даярлайтын институтына жібереді. Осы институттың бірінші курсына жүргенде, Армия қатарына алынады.

Армиядан 1945 жылы қайта оралғаннан кейін, Кремльде қызметші болып істейтін бір орыс семьясының Мариям деген қызына үйлеседі.

Үйленгеннен кейін үш ай Ленинградта оқып, барлаушылар училищесін жоғары бағамен бітіріп шығады. Училищені бітіргеннен кейін, 1949 жылға дейін барлаушылық қызметте болады.

Германиядан барлаушылықтан оралғаннан кейін шетелге жеті адаммен барлаушылық қызметке қайта аттанады. Берілген тапсырмаларды мұқият орындап, 1953 жылы Москваға ұшып келе жатқанда, самолетті атып түсіріп, екі адам парашютпен ұшып түсіп, иен далада аман қалады. Сол аман қалған бір орыс, бір қазақ азаматы далада ақтаспен от жағып, шегіртке етін пісіріп жеп, неше түрлі азапты күндерді басынан өткеріп, үш ай дегенде Москваға оралады. Сол жолы өкше кетеді, бір көзден айрылады.

Москваға оралғаннан кейін бұрын да марапаттан кем емес Бейсенбекті Ленин, «Қызыл Жұлдыз», «Даңк» ордендерімен марапаттапты. Германиядан оралғаннан кейін барлаушылар институтының жоғарғы оқу орнын да тамамдайды.

Москвада барлаушылық қызметте одан әрі қалуға келіспей, 1963 жылдары Алматыға оралады. Алматыға келгеннен кейін КазГУ ді сырттай оқып бітіреді. Алматыда бастапқыда ресторан, трестерде төрт-бес жылдай бастық болып істейді. Кейінен Шаумян фабрикасында партком, одан өмірінің ақырына дейін осы фабрикада директор болып қызмет атқарады.

Өте алғыр адам болған. Қандай оқу орнында оқымасын, тек «отлично» деген үздік бағамен бітіріп отырған. Әскери шені – капитан. Немісше таза сөйлеген. Барлаушы кезінде өте іскерлігімен көзге түскен. Барлаушылар арасында беделі өте жоғары болған.

Бірақ барлау жұмысында қандай істер атқарғаны бізге беймәлім. Жоғарыда келтірілген азғана дерек бұл жұмыстарына келіп-кетіп жүргендегі еміс-еміс естіп қалғандары. Ал нақты дерек, әрине, Москвада архивте. Оған қол жеткізу қиын.

Алайда, алған наградаларына қарағанда, Отанға сіңірген еңбегі қомақты екені көрініп тұр. Осында тұратын туыстарының айтуына қарағанда, өз кіндігінен бала болмапты. Қошықов Марат деген ұлын детдомнан асырап алыпты да, Құрметхан деген баласы Есбосынмен бірге туысатын Қуандық деген жездесінің баласы екен. Сүйегі Жанай ішінде Есенаман болып келеді. Екі баласын да тәрбиелеп өсіріп, үйлендіріп кеткен көрінеді.

Елден ерте кетіп, орысша тәрбиеде болғанына қарамастан, кезінде бірге оқыған Бейсембин Төлсуғұл, Оразалин Қабдрахман, Рахымжанов Сағындықтармен қатты араласқан екен. Ісі түсіп барған Түсіпхан

Нұрғымановка, Мастекбаев Мараттарға мейлінше көмек көрсеткен адам бөлімшты.

Осындай қайырымды жерлесіміз Алматы қаласында 1997 жылы 75 жасында дүние салады.

ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕН ЕРЛЕРДІҢ ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ

Кешегі ел басына күн туған қаһарлы жылдарда қанды майдан жорықтарға қатысып, Отан үшін кеудесін оққа төсеген жігіттердің біразы ортақ жауды жеңіп, еліне кеудесі қуаныш пен орден-медальдарға толып оралды.

Ұлы Жеңіс үшін кеудесін оққа төсеп қасиетті Отанымыздың тәуелсіздігі жолында өз өмірін қиған жандар да аз емес.

Ал соғыстың алғашқы сағаттарынан соңғы сағаттарына дейін фашист басқыншыларына қарсы сұрапыл соғыс, кескілескен ұрыстарда оққа кеудесін төсеп басын байлаған ерлерімізден елге аман оралған, қазірде көзі тірі Төлеуғұл Бейсенбин ақсақал 1939 жылы міндетті бөрышын өтеуге шақырылады. Алғашында Самарканд қаласында болып майданға содан аттанады. 8-карашада Москваны қорғауға қатынасып, Төкен пулемет взводының командирі болып, жау танкісін тікелей нысанаға алып қиратып, фашистер Москва түбінде ауыр соққы алып, майдан даласында жаралылары мен қыруар техникасын қалдырып кері қашқанда Төкен «Ерлігі үшін» медалімен марапатталады.

Орлов. Күрек ініндегі әйгілі бір ұрыста Төкен басқарған батарея жаудың 8 танкісін жойып жібереді. Бұл жолы лейтенант Т.Бейсенбин «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталады.

Севастополь қаласын азат ету үшін болған қиян-кескі ұрыста аға лейтенант Т.Бейсенбиннің батареясы айрықша көзге түсіп, нәтижелі шабуыл ұйымдастыра білгені үшін жас командир жауынгерлік «Қызыл Ту орденімен» марапатталады.

Бұдан басқа батарея командирі ретінде Прохоровка Кенисберг шайқастарына қатысып 24 рет жараланып, екі рет ауыр зақым алып 6 орден 10 медальмен марапатталады. 1950-1982 жылдары өзі оқыған Ақсуат мектебінде мұғалім болып істеп, қазір құрметті зейнеткерлікте.

Отты жылдарда кеуделерін оққа төсеп Отанды қорғаған ержүрек мұғалімдер марқұм Әшкен Ілиясов, Құрманғазы Қарымсақов, Мүсілімхан Сембаев, Құсайын Қалибаев, Төлеухан Қуатжановтардың аттарын мақтанышымен атауға болады.

Ардагер ағамыз марқұм Мәулітай Сыдықов 1939-жылдың күзінде армия қатарына шақырылады. Ұлы Отан соғысы басталғанда ол байланысшы мамандығын меңгерген қатардағы жауынгер еді.

Соғыс басталған күннің ертеңінде М.Сыдықов болған әскери бөлімше Батыс Украинаның Молодечко станциясында жаумен бетпе-бет айқасады.

1942 жылы ол Калуга, Смоленск қалалары үшін болған ұрыстарға қатысады.

1942-жылдың қараша айында Мәукең жау тылына өтіп партизан отрядтарымен байланыс жасауға тапсырма алады. Жаудың бекінісіне таң ата шабуыл жасайды. Алдыңғы саптағы атты әскерлер танкистер полкының қолдауымен қалаға шабуыл жасағанда байланыс бөлімшесі қоршауда қалып, артиллериямен байланыс болмай қалады. Жау бекінісін атқылау үшін артиллеристерге тез хабар жеткізу керек болады. Бұл тапсырманы орындауға жіберілген екі жауынгер де оққа ұшады. Үшінші кезекте бұйрық жауынгер М.Сыдықовқа беріледі. Ол жанбырша жауып тұрған оқтың астынан аман өтіп, жауынгерлік тапсырманы ойдағыдай орындап шығады. Осы жолғы ұрыста ол «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалымен марапатталады. Бұдан кейінгі жерде жоғарыда аталған армия құрамы жау тылында жоғары командованиенің бұйрығын орындай отырып, жауға бірнеше дүркін қатты соққылар береді.

Бірде Мәукең бастаған төрт жауынгерге жаудың қару-жарақ тиеген эшелонның құртуға тапсырма береді. Олар межелі жерге жетіп, көпірді барлай бастайды. Бір жауынгерді күзетке қойып, үшеуі көпірге таяп келсе бейқам отырған екі жау солдатын көреді. Ұрымтал жерден жасырынып келген жауынгерлер күзеттегі жау солдаттарын оқ шығармай-ақ жайратады да, көпірге мина қойып, дереу кейін шегінеді. Көп уақыт өтпей-ақ көпірге жеткен эшелонның күлі аспанға ұшады. Бұл жолғы тапсырма сәтті орындалғаны үшін Мәукеңе «Қызыл Жұлдыз» ордені табыс етіледі.

1944-жылы ақпанда Мәукең ауыр жараланып госпитальға түседі. Бұл жолғы жарасынан жазылып шыққан ол елге қайтады. Елге келген Мәукең жауапты 1944-1947 жылға дейін аудандық комсомол комитетінде екінші секретарь, 1947-1957 жылдары аудандық партия комитетінде нұсқаушы болып еңбек етті. Бұдан кейін бұрынғы Жданов колхозында партия комитетінің секретары, сонынан колхоз председателінің орынбасары қызметін атқарды. 1961-жылдан 1969-жылға дейін Көкжыра ауылдық советінің председателі, «Шверник» колхозы партия комитетінің секретары, Аманкелді атындағы совхоз жұмысшылар комитетінің председателі болып жауапты қызметтер

атқарды. Өмірінің ақырғы кезеңіне дейін осы совхозда кадр бөлімінің аға инспекторы болып еңбек етті.

Майданда ерен ерліктердің үлгісін көрсетіп, кеудесі орден мен медальға толы оралған Рахымжанов Сағындық ақсақал еді. Ол бейбіт өмірде де өте жауапты жұмыстар атқарды. Ақсуат аудандық атқару комитетінде жауапты секретарь, аудандық партия комитетінде істеп жүргенде білімді де білікті маман ретінде Ленин жолы колхозына колхоз председателі етіп жіберіп, онда да бірнеше жыл жемісті еңбек етті. Өмірінің ақырына дейін аудандық малдайындау кеңсесінде директор болып жұмыс істеді.

Сол сияқты Кәдірбек Айтжанов та ел басына күн туған қаһарлы күндерде қолына қару алып, Отанын жаудан қорғаса, бейбіт өмірде еңбек солдаты болды.

Ұлы Отан соғысы басталарда жасы жиырмаға толмаған Кәрім Баламұрзин 520-атқыштар дивизиясында минометші бола жүріп, 1943-жылғы Курск иініндегі шайқаста Днепр өзенінің оң жағында болған шайқастарда жау әскерлерін күл-талқан етіп жеңіп шыққан ерліктері аңызға айналды. Оның қан майдандағы ерлік істері туған жерге келген соң бейбіт еңбекпен жалғасты. Өмірінің ақырына дейін аудандық финанс бөлімінде қызмет істеп дүниеден озды.

Ок пен оттың ортасында жүріп, тәні мен жанын жараласа да ел үшін, Отаны үшін жан қиярлықпен қаһармандық күрес жүргізіп, соғыстың басынан аяғына дейін қатынасып елге аман-сау оралған жауынгерлердің бірі Түсіпжанов Нәби болатын. 76-полк артиллериясында наборщик болып істеген Нәкең Кенгеберг үшін болған шайқаста жаудың 4 танкісін жойып, осы арпалыста аман құтылған бірде бір танк болмайды. Соның төртеуін құрту Нәкеңдердің еншісіне тиеді. Артынан көрсетілген қатты қарсылыққа қарамастан қамалды алуға қолдары жетеді.

Осы жолы Нәби Түсіпжанов III дәрежелі Даңқ орденімен марапатталады. Соғыс біткеннен кейін партия, совет шаруашылық қызметтерінде істеп дүниеден озды. Осындай ерлікпен елге оралған марқұм Кешкілов Мақан және Қожаевтар еді.

1941-жылдың қаңтар айында он жылдықты аяқтатпай армия қатарына алынған жауынгердің бірі Сүлейменұлы Жүнісбек болатын.

8-дивизия полкының құрамында болған Жүкеңдер екі жарым ай Өскемен қаласының маңында дайындықтан өтеді.

Соуір айының басында тоқтатпай жүргізіп отырып Брянск бағытындағы маршал Рокоссовский басқаратын Курск-Орлов доғасына апарады. Сол жерден әрі кетіп бара жатқанда станция верховия темір

жолы бойында неміс самолеті бомбалап бір қаншама адам опат болады. Онымен де тоқтамайды одан әрі Жданов селосына отіп, Малоархангельск селосына келгеннен кейін біраз ойнатып дайындап шабуылға аттанады. Бұл жолы да көп шығынға ұшырап Семейден барған қазақ жігіттерінің барлығынан айырылып қалады. Жалғыз қалған Жүкенді отыз орыс солдаттарының ішіне қосып немістерге қарсы разведкаға жібереді. Осы барлаушылық жұмыста жүргенде екі-үш селоны тазартып, шығын болған адамдарды арттан толықтырып отырады. 1942-жылдың мамыр айының аяғы маусым айының ортасында 310 полктың командирі Ипатов, батальон командирі Кравченко, 9-ротаның командирі капитан Осиповтар күндізгі сағат 12-де темір жолдың бойындағы разьезде орналасқан немістерді жоюға бұйрық береді. Бірақ жау жағының күші басым болып көп шығынға ұшыратып кетеді. Дегенмен жеке дара ерлігімен қозғалып түскен Жүкенді Троицкий селосы жанындағы дивизия штабының кіші командирлер даярлайтын полктық мектебіне жібереді. Мектептен даярлықтан өткеннен кейін командирі Александров, саяси бөлімнің бастығы Бондаренко 260 адамды іріктеп ударный батальон етіп құрастырады. Қай полк күйреп бара жатса осы батальонды жіберіп отырыпты. Осы батальонның құрамында жүргенде Жүкен аяғынан жаракат алады. Сол жолы штабка шақырып ұрыстағы ерлігі үшін Бондаренко Жүкенге «За отвагу» орденін табыс етеді.

Желтоқсан айында алғашқы адамдардан 15-20-ақ адам қалады. Батальонның жетпеген адамдарын толықтырып Жүкенге аға сержант деген дәреже беріп, партияға кандидаттыққа қабылдайды да алдыңғы шепке қайта жібереді. 1943-жылы немістерден бірнеше қаланы босатады. Касторни қаласын азат етерде немістер үйдің астын тесіп пулеметпен оқ жаудырып жібермей тұрған жаудың шебіне, ішінде Жүкен бар 20 адамды іріктеп үйдің астынан атып жатқан пулемет ұясын жоюды тапсырады. Тапсырма бойынша граната лақтырып пулемет ұясын жойып жібереді. Осы жолғы көрсеткен ерліктеріне генерал Иван Иванович қаланы алғаны үшін рахметін айтады. Осыдан кейін Жүкенді штабка шақырып орысша білмейтін қырғыз, қазақ, өзбек, тәжік ұлтты азаматтарға тәрбиеші, әрі үгітші есебінде пайдаланады. Осы жұмыста жүргенде тыншылыққа кез кезі келген жерде барлау жұмыстарына да пайдаланыпты. Бұл жұмыстардан кейін 30 белорусь солдаттарымен майданның алдыңғы шебіне аттанып Жданов селосын азат етерде ауыр жараланады. Жараланғаннан кейін Москвадан 190 шақырым тұратын Рязань қаласына әкеліп 5-6 күн аялдағаннан кейін, поезбен Свердлов облысының Камашылов ауданында 4 айдан астам госпитальда болады.

Госпитальдан сауығып шыққаннан кейін, Свердлов қаласынан 250 шақырым жердегі Қазан қаласы мен екі арада орналасқан Красноуфинский ауданындағы полковник Ягодин басқаратын 8-снайпер атқыштарын даярлайтын мектепке взвод басқарушысы қызметіне жібереді. 1944-жылдың желтоқсанында 30-40 адамнан тұратын взводты қабылдап дені 1925 жылы туғандар. Жалпы жиыны 200-ден астам адамды дайындықтан өткізіп Москвадан ары апарып армия шебіне өткізіп келеді. Одан оралғаннан кейін, әр жерден келген 10 класс бітірген курсанттарды 1945 жылдың 20-мамырына дейін даярлап 150 солдатты начальнигі Коваленконың басқаруымен, Монғолия шекарасынан өтіп, Байкал көлін айналып Моңғолия жеріндегі Баянтүмен деген жеріне дейін поезбен барады. Одан әрі жеті күндей жаяу жүріп бір қырда салынып жатқан құрылыс орнындағы бөлімшеге өткеріп беріп қайтады. Частьға оралғаннан кейін жаралыларды комиссияға салып қайтаруға деген Сталиннің указымен 1945 жылы қараша айында елге оралады. Елге келгеннен кейін Ақсуат ауылдық кеңесіне секретарь . Құрал колхозында бастауыш партия ұйымының секретары, Екпін колхозының бастығының орынбасары әрі бастауыш партия ұйымының секретары, Максим Горький атындағы колхоздың бастығы, 1951-52 жылдары колхоздар ірілендірілгеннен кейін Карл Маркс колхозының Лаба елді мекенінде ферма меңгерушісі, Ақсуат Көкпекті ауданына қосылғанда мәдениет бөлімінің инспекторы, автоклуб меңгерушісі, аудандық ссеп-санақ бөлімінде экономист болып жұмыс істеп зейнеткерлікке шығады. Міне, марқұм Жүксеннің өмір жолы осындай.

1941-жылы Көкпекті әскери комиссариатынан соғысқа аттанған, соғыста бес рет жараланып, бір ретауыр зақымданған, жау оғы нығынан тиіп, көп жылдар сойлеуге де мүмкіндігі болмаған, сойте тұра елге ерлікпен оралып, бейбіт өмірде ұзақ жылдар еңбек етіп дүниесін салған Жұматов Зейнетаидың да еңбегі ерекше еді.

1938-жылы азаматтық борышын өтеуге Көкпектіден аттанған марқұм К.Алатаев Красноярск қаласында 6 ай әскери дайындық курсына оқып, соғыста Қара теңіз бен Киев қаласын азат етуге қатысқан. Партизан отрядтарын құрып, немістерге тұтқынға түскен адамдарды азат етуге қатынасқан жауынгер еді.

Осындай жауынгерлік жолдан өткендер Әміров Шекітай, М.Шаштығариндер болатын.

Екі майдан жауынгері 11 баланың әкесі Дәуітбек Ыдырышев әскер қатарына 1938 жылы алынды. Алғашқы жауынгерлік қызметін сол кезде Красноярскідегі 7138 әскери бөлімінен бастады. Осы бөлімде ол кіші

командирлер даярлайтын курстан өтті. 1939 жылы Красноярскінің Ага станциясынан Жапониямен соғыс жүріп жатқан Халкин-Гол майданына аттанды. Бұл жерде 165-мотоатқыштар батальонының құрамында соғысқа кірді. Халкин-Голдегі шайқас 1939 жылы тамыз айында жеңіспен аяқталды. Жалынды жас, кіші командир Д.Ыдырышев та бұл жеңіске сонда болғандардың ешқайсынан да кем үлес қосқан жоқ.

Соғыс аяқталған соң көп ұзамай совет жауынгерлері Финляндия жеріне ауысты. Бұл жерде Дәукең 1940 жылдың наурыз айының бірінші жартысына дейін әскер қатарында болып, осы жылдың күзінде туған ауылына оралды. Бірақта неміс-фашист басқыншыларының зұлымдықпен елімізге шабуыл жасауы оның бейбіт өмірге еркін араласуына мүмкіндік бермеді. 1941 жылы қазанда ол қайта армияға шақырылды. Міне осы жылы 101 атқыштар бригадасының құрамына кірді. Бригаданың 3-батальонының 3-взводында взвод командирі болды. Соғыстағы жауынгерлік жолын Москва маңынан бастаған ол Батыс Калинин майданының оқ бораған ортасында жүрді.

Дәукеңнің 1942-жылғы 101 бригаданың Великие Луки жанындағы деревняны алудағы ерлігі ерекше көзге түседі. Сол ұрыста ауыр жараланып, госпитальда жеті жарым ай жатып емделіп шыққаннан кейін ол 1943-жылы шілдеде туған аулына біржола қайтып оралады. Ерлік ешқашанда ұмытылмайды. Великие Луки түбіндегі ұрыстағы ерлігі үшін кіші лейтенант Д.Ыдырышев III дәрежелі Даңқ орденімен марапатталады. Екі майданның қанды шайқастарына қатысқан табанды жауынгер бейбіт өмірде ұзақ еңбек етіп дүниеден өтті.

Қаһарлы күндерде Ақсуат атырабының ұлдары да ерлікпен жауға соққы беріп, ортақ жауды жеңісіп еліне кеудесі қуаныш пен орден медальдарға толып оралған жауынгерлер С.Асубаев, Қ.Тыныбаев, К.Қазыбаев, М.Әстаев, Т.Қабдиев, Қ.Баяхметов, Қ.Тағабасев, Қ.Үркенбаев, Т.Омарғалиев, Т. Бейілғожин, Ә.Әлімжанов, Т. Қосаевтардың есімдері бұл өмірде болмасада ел есінде.

Айдаһардай ысқырған қаһарлы соғысты 20 жастағы жерлесіміз Төлеген Тоқтабаев Ленинградтағы танкистер даярлайтын мектепте қарсы алды. Курсты әлі толықтай аяқтамаған жауынгер қаһарлы күннің ертеңінде-ақ майданды бетке ұстаған эшелонға отырып Пушкин қаласын фашистерден арылту жолындағы соғысқа араласып кетеді. Жақындап келген жау әскеріне граната лақтырып бір топ немістердің күлін көкке ұшырады. Дәл Төлегендерді күтіп тұрғандай, артиллерия да іске қосылып, жаудың үнін өшірген танкистер снаряд шашып ілгері қозғалып жауға қатты соққы береді. Төкең Рига қаласын азат етуде ерен ерлік көрсетеді. Осы қалада болған ұрыста Төлеген көптеген

шайқасқа қатысып, сан сынақтан өтіп талай шабуылдарға тойтарыс берген ысылған танкист. Төлегенді командир бір күні түнде шақырады «Өзеннің екінші бетіне өтіп ана мазалап тұрған жау зеңбірегінің үнін өшір. Олар да шабуылға дайындалып жатқан болар. Сак болғайсың. Жаудың бекінісі мықты. Жолда мина болуы мүмкін» дегенді айтты. «Құп болады, жолдас командир!»-деді Төлеген.

Түн. Көзге түртсе көргісіз айнала тастай қараңғы. Бұл да аздық жасайтындай жан-жақтың бәрін қалың тұман қоршаған. Атылған ракеталар қараңғылықты тілгілеп, түн тыныштығын бұзып тұр. Әр тұста жарылған снаряд дүмпуімен жер солқылдайды. Төлеген де окка окпен жауап беріп жауыздарға қорқынышты үрей туғызып алға жылжып барады.

Танкист таң рауандап сәуле шашқан сәтте айкасқа кірісті. Жаудың мықты бекіністеріне таяп келіп зеңбіректерінің үнін өшірді. Есі шығып қашқан немістерді оқтың астынан алды. Ол траншеяда тығылып жатқан немістерді таптамақ болып тағы да алға ұмтылды. Траншеяға таяғанда танкіге жаудың гранаты тиді. Міне темір ескеш темір де жанып, балки бастады. Әрбір метр жер үшін болған ұрыста талай дұшпандар тамыры кесілген теректей опырылып сұлап жатты. Отан үшін, ел үшін жанын пидә етуге әзір Төкен жаумен бетпе-бет айкаста соғыс техникасының барлық өнерін қолданды. Қолындағы қарумен қоздгенін мүлт жібермей баудай түсірді. Төлеген танкіден түсіп, траншей, окоптарға граната лақтырып, жауыздармен жекпе-жек алысты. Траншеяны немістерден тазартып ол жеңіске жетті. Бірақ өзі де осы тұста жараланды. Танкистің Рига қаласын неміс басқыншыларынан азат етудегі ерлігі жоғары бағаланды. Ол "Қызыл жұлдыз" орденімен марапатталды. Қаһарлы соғыс күндерінде Төлеген бұдан басқа да көптеген медальдармен марапатталды.

Соғыстан жеңіспен оралған жауынгер қызу еңбекке араласты. Кешегі Отан үшін алысқан танк командирі Төлеген Тоқтабаев бейбіт еңбекте ұзақ жылдар партия совет қызметінде аянбай еңбек етіп дүниеден озды.

1941-жылдың қыркүйек айының алғашқы сабақ басталған күні оқушы партасынан Қабдолла Керімбайұлы Отанның солдаты болып майданға аттанды. Алматы қаласында екі-үш ай әзірліктен өткен соң аға сержант Қабдолла атакты Панфилов дивизиясына жіберіледі. Бір ғажабы Қабдолла келген полктың командирі даңқты батыр Бауыржан Момышұлы скен. Ол кезде батырдың майдан даласындағы ерліктері халыққа эпостық жырдай боп тараған шағы.

«Махаббатты шаштан сүйреп, дүние төрін майдан етпек» болған неміс фашистері Москва түбінде Панфилов дивизиясынан ауыр соққы алған соң да шегіне отырып жанталаса қарсыласты. Қалайда Отанымыздың жүрегінің манайына бекініп қалуға талпынды. Әр шабуылы жауға ойсырата соққы берген 8-гвардия үлкен жеңістерге жете берді.

Баукең басқарған полк әрине ол кезде дивизияның ең таңдаулы полкының бірі. Жас жауынгер Қ.Керімбаев екі-үш айдай Бауыржан Момышұлының ординанты болды. Біраз уақыт өткен соң Баукең жанары отты, сұңғақ бойлы қазақ жігітіне үлкен сенім артып, арнайы офицерлік курска жібереді.

Алты айлық курстан отіп иығына лейтенант шенін қадаған жас офицер № 249 эстон дивизиясына рота командирінің орынбасары болып тағайындалады. «Болмасаң да ұқсап бақ» деп ұлы Абай айтпақшы аз уақыт болса да даңқты батырдың қасында болған Қабаң Баукеңнің нағыз жауынгерге тән көптеген қасиетінен үлгі-өнеге алды. Әсіресе оның майданның шешуші сағаттарындағы төзімділігі мен қайсарлығы жанына жігер беріп, жүрегіне ерлік отын маздатқандай болатын. Қайда жүрсе де көз алдында Баукеңнің тұлғасы тұратын. 1943-жылы қаңтар айында Әулие Лук түбінде ұрыста жас командир ерекше көзге түсті. Осы ерлігі үшін бірінші дәрежелі Отан соғысы орденіне ұсынылды. Осы жолғы қатты ұрыста Қабаң жараланып госпитальға түсті. Госпитальдан шығысымен Қабдолла әскери чекист ретінде Прибалтика бойына жасырынып қалған жау бандаларына қарсы күресті. Литваға «Зеленый черт» деген жасырын атпен әйгілі болған Чернуксті тұтқындауға ат салысты. Талай-талай ауыр жылдарды басынан өткізіп 1948-жылы туған елге оралып, бейбіт еңбекке араласты.

Майданда да, еңбекте де қазақтың қаһарман ұлы Бауыржанмен бірге болған екі-үш ай Қабаңның есінен кетпеді. Копке дейін өзінің батыр командирімен кездесудің сәті түспеді. Арада 20 жыл өткенде сағынышты кездесудің реті келді. 1972-жылы аудандық тұтынушылар одағында қызмет істеп жүрген кезінде Алматы түбіндегі Қарғалы селосындағы Сауда техникумына арнайы курска жіберілді. Бір күні техникум оқытушылары кездесуге Бауыржан Момышұлының келетінін хабарлады. Ұзақ жылдардан бері көріспей жүрген өзінің алғашқы командирімен бетпе-бет жүздесудің сәті түсті. Сөйтіп, ел басына күн туған шақта қолбастаған батырдың мыңдаған шәкірттерінің бірі арада 20 жылдай өткенде ойламаған жерден табысты.

1962-жылғы «Кооператор Казахстана» журналының № 1 санында Баукеңнің Қ.Керімбасеука өзінің «За нами Москва» атты кітабына

авторграф жазып жатқан суреті жарияланып, Қабдолла туралы төрт бет көлемді материал жарияланды. Баукең Қабдолланы үйіне шақырып, семьясымен таныстығып қонақ жасады. От кешкен күндерін еске алысты. Осы кездесудің ескерткіші ретінде суретке түсті. Суретте батырдың Мақпал атты қызын көтеріп Қабдолла тұр. Ал Баукеңнің жұбайы Қайникамал апай батыр мен оның жауынгер шәкіртіне мейірлене карап қапты.

Осы айтылған батыр мен оның жауынгер шәкірті бұл өмірде болмаса да сол кездегі түскен фотосурет откен өмірден сыр шерткендей көрінеді.

1944-жылы 8-гвардия армиясының әскери газеті «Гвардеецтер, жауды казак ұлы комсорг Қабдрахман Қасымханов сияқты соғындар!» деп листовкалар таратты. Осындай жанкиярлық еңбегімен қозға түскен батыр ағаларымыз Қ.Қасымханов, жау тылынан тірі адам (тіл) әкелген жанкешті барлаушыларымыз Байғабыл Оралбаев пен Қошықов Бейсембектің даңқты ерліктері ел есінде мәңгі сақталады.

Ұлы Жеңіс үшін кеудесін оққа тосеп қасиетті Отанымыздың тәуелсіздігі жолында өз өмірін қиған сүйектері майдан топырағында қалған ержүрек жауынгер жерлестеріміз Шәріпзада Жүнісқұлов, екі майдан жауынгері Абуғали Қонақов, Сейіт Көккөзов, гвардия аға лейтенанты 1944-жылы I Прибалтика майданында ерлікпен қаза тапқан Құсайын Сыдықов, 30.01.1944 жылы ерлікпен қаза тапқан Гомель дивизиясының атқышы Қабдуәкір Нұрғалиев, Кәкетай Қонақов, Ж.Камалиев, М.Садуақасовтарды Тұрғанбаев Қабдырахман, Бабақұмар, Қалел тағы басқаларды айтуға болады. Осылардың көпшілігінің он екіде бір гүлі ашылып үлгермеген боздақтарды туған жерінен соғыс айырды, олар майданнан оралмады. Толарсақтан қан кешіп, Отан үшін халқының келешектегі бейбітшілік өмірі үшін жанын қиған жауынгер бауырлас туыстар. Бұлар туралы:

Олар өлді, еш қызық көре алмады,

Жер бетіне жас дөңді себе алмады.

Олар қайта сліне оралмады,

Күзде піскен егінді көре алмады.

Олар өлді тек аспан сау болсын деп,

Олар өлді туған жер бар болсын деп.

Олар өлді тек арман сонбесін деп,

Олар өлді өзгелер өлмесін деп - деген шумақпен аяқтағым келеді.

Әрине бұл естелікті жазғанда туған топырағынан Ұлы Отан соғысына аттанып от кешкендердің барлығын жаздым деп айта

алмаймын. Оқырмандардың айтылмай қалған жауынгерлер осының ішінде деп ұқканы жөн.

Бұл үлкен тақырып егер монография етіп әр жауынгердің ерлігін жазса шамасы екі-үш томдық кітап болары сөзсіз.

Абылғазин (ҚАСЫМБАЕВ) ЕГІЗБАЙ

Руы Токабай ішінде Жомарттан Кегенбай ұрпақтары болып тарайды.

Тегінде Семейдің Қырғыз педагогикалық техникумын бітірген. Техникумға бармай тұрып сауатын ауыл молласы Мұхаметқалидан ашады.

Мұхаметқалимен Бакин Кенесары қатар оқиды. Мұхаметқали діни оқудың мұсылман факультетін бітірсе, Бакин Кенесары «Русско-татарская духовенская школасын» тәмамдаған.

Қырғыз педагогикалық техникумында жерлестері Өрісбаев Мұталап, Қажиев Базарбектермен бірге оқиды.

Осы техникумда оқып жүргенде Ахмет Байтұрсыновтың лекцияларын тыңдап, Мұхтар Әуезовтың ағасы сабақ береді. Қаныш Сәтбаевтармен бірге дәріс алған.

Оқуды бітіріп келгеннен кейін Қызыл кесік мектебін ашып бірінші ұйымдастырушы директоры осы Қасымбаев Егізбай болған.

Қызыл кесік мектебінің жанынан мектеп-интернат ұйымдастырады. Мектепке керекті оқушы парталарын, материалды, азық-түлікті өгіз арбамен Көкпекті ауданына өзі жеткізіп беріп тұрады екен де, қалыптасқан кезде арнайы адамдар пайдаланыпты.

Қызыл Кесікте мектеп директоры болып 1934 жылдан бастап 1937 жылға дейін жұмыс істейді.

Бұл кісіден дәріс алғандар қазірде көзі тірі Сүбебаев Құдайберген, марқұм Рахметжанова Иіс.

Нұрбаев Кәрімді тәрбиелеп білім берген, одан әрі тәрбиелеп бастауыш мектепке мұғалім етіп орналастырған, бұдан соң оқуын жалғастыратын Зайсан училищесіне жіберген де осы Егізбай ақсақал скен.

Ұржар мен Мақаншыда Бакин Кенесары екеуі бірге болған. Сол жылдары олар белгілі жазушы Бейімбет Майлинге жолығыпты. Бейімбет Майлин өлең шығарып Кенесарының жастығының астына тығып кететінін айтып отыратын.

Москваға барғанда Бауыржан Момышұлымен ресторанда кездесіп табақтас болады. Басында табақтас болмай тұрған кезінде Баукең: «Сенің ұттың кім? Қазақтың ба? деп сұрапты. Жонін айтқаннан кейін Икең танырысы беріп тамақ алдырып ақшасын төлепті. Сонда Баукең: «Сен неге төлейсің? Төлеу жоні менікі емес пе? Мен сенен он есе артық ақша аламын» деген екен. Сонымен Икең Баукеңді поезға шығарып саларда Баукеңнің атын естіген солдаттар қолымызға ештеңе ұстатпай поезға шығарып салған еді деп отыратын.

Москвада болған екінші күні жас күнінде балалар үйіне кеткен бауырлас бір туысы атын ұмыттым «Правда» газетінің саяси бөлімінде істейді деп еститімін. Енді сол бауырыма барып жолығып жағдайын біле кетейін деп адресімен үйіне барғаным бар дейді. Барсам бауырым үйінде жоқ екен. Жонімді айтып осы үй ме деп сұрап едім бір орыс әйелі осы үй, үйге кіріңіз, бауырыңыз да келіп қалар деп үйге кіргізді де шай қамына кірісті. Үйінде екі орімдей ұл бала жүр екен, жонін сұрап едім әлгі келін бала бауырыңыздың балалары,-деді. Сонымен бір кезде бауырым да келді. Екеуміз күшқатасып амандасып стол басына отырдық.

Мен келген жағдайымды, ел-жұрттың жағдайын өзім білген халхадірімше айтып отырмын. Тыңдап отыр. Біраз уақыт үнсіздіктен кейін: «Үсен бар ма?»,-деп сұрады. Одан кейінгі біраз үзілістен кейін тағы да бір қайтыс болған адамдарды сұрады да ас аяқталғанша үнсіз отырдық. Отыра беретін емес қайтар уақыт болды. Қоштасарда не шаруаңыз бар еді дегенде таң қалғаным бар емес пе? Бағанадан айтқанды ұқпады ма, болмаса жастайынан кетіп қазақ тілін ұмытып қалған ба ол арасын ажырата алмадым. Сонымен бауырыммен қоштасып кеткенім бар. Әкесі осындай жағдайда тұрғанда ана екі орімдей ұлдары қайдан қазақ болсын деген оймен үйге оралғаным бар дейтін жарықтық.

Енді бір жолыққан адамы Жағыпар Мұхаметжанов. Оның әйелі орыс болғанымен баласы болмаған адам. Ол кісі қазақ тілін өте жақсы білген. Қазақ тілінен «Абай» романын, «Батуларды» аударған азамат емес пе?!

Осыған орай қазақтың орысқа сіңіп кеткен зиялылары аз емес пе деген ойға ораласың.

Енді біраз шегініс жасалық. Қызыл Кесікте мектеп директорылығынан Комсомолға мектеп директоры болып барады. Осы мектепте істеп жүргенде 1938 жылы үндемеске өкетеді. Тағылған айып Жапон разведкасымен байланысып Қазақстанды сатқалы жүр деген жаламен ұсталарды. Сырттан корсетінділердің де мәтіні осындай. НКВД-ның түрмесіне алынып Егізбай ақсақалдан тергеушілер жауап ала

бастайды. Ойдан шығарылған айыпқа қалай жауап берудің жолын таба алмаған Икең бұл кінә тым қисынсыздау ғой, менің оған қатынасым жоқ десе тергеуші қинап, басына шеңбер сала бастайды. Сонан соң сіз мені бүйгіп қинамаңыз мен жазып берейін депті. Тағылған кінәні мойындаймын, менің астымда бір жүйрік қара доненім бар еді, сонымен таң қылаң бере Жапонияға қарай аттанып, жиырма екі мың шақырым жерге күнделікті барып байланыс жасап тұрамын деп жазып беріпті. Тергеуші осының қисынға келе ме десе келеді депті. Ендеше қолыңды қойып бер деген екен. Сонымен осы айыппен айдап этаппен Кокпектінің түрмесіне апарды. Артынан өзін қорсеткен адам да сондай жаламен сол Кокпекті түрмесіне барып түседі.

Сол кеткен сапардан он жыл отырып, түрмеден босап аман-есен еліне келеді. Ал қорсеткен адам сол сапардан оралмай сол жақта дүние салады.

Қорсеткен кісі кім еді деп атын сұрағанда бұл жамандық бізбен кетсін, кейінгі ұрпақтың қоңілдерінде қаяу қалмасын, соны білмей-ақ қой дейтін жарықтық.

1950 жылы Әстаев Мұхаметжанды да сезікті адам деп газетке жазды. Өйткені, оның жездесі Егізбай халық жауы болған деген мақалалар да жарық қорғен болатын.

Егізбай ақсақалдан келгеннен кейін де сәлемдесе барып өткен күннің жай-жапсарын сұрағанда елпілдеген жоқ. Сөзге қоңілі түспесе сараңдау адам еді. Дегенмен, сол заманның басшысы болған Сталинді жамандай сойлегенде, Икең: «Сталин неғылсаң да Егізбайды ұстап алып сотта деді дейсің бе? Ол өзіміздің ішіміздегі берексіздіктен болған жағдай», -дейтін. Қазақтың «алтау ала болса ауыздағы кетеді, тортеу түгел болса тобедегі келеді» дегені рас. Бір ауызды тату елді жау алмайды ғой. Онда түрмеге түскендерді басына шеңбер салып неге қинап жүр дегенде, сол тұста Вышинскийдің қаулысы болған, тұтқынға алынған адам нақатты алынғаны анықталса, тұтқындаған заң орнының адамы өзі жауапталуға тиіс деген. Тергеушілер мен заң қызметкерлерінің бас қорғау мақсатындағы жасаған зорлық-зомбылықтары осыдан шыққан деп отыратын марқұм. Бұның барлығы ел ішіндегі тыңшы қойған халық арасындағы берексіздік пен жоғарғы эшелондағы заң шығарудағы қателіктер кесірін қашан да қарапайым халық тартады емес пе дейтін. Әр сөзін ой елегінен өткізіп айтатын ұстамды да, білімді төзімді адам еді. Түрмеде он жыл отырып келгеніне қарамастан сол бұрынғы адамгершілік парасатын, қарапайымдылық мінезін, еңбеккерлігін сақтаған онегелі, үлгілі ел азаматы болды.

Өмірінің ақырғы күндеріне дейін су шаруашылығында жұмыс істеп ауданның қалыңменді сыйлы ақсақалы болды.

Тіпті, сонау ертеректе мұғалім болып жүрген жылдарла үйіндегі пісірілген тоқашты интернат балаларына үлестіріп беріп, өз үйінде тұқ қалмай отыратын уақыттары жиі болады екен. Қасымжанов Ақыманның айтысына қарағанда адам баласына өте жанашырлықпен қараған кісі болыпты. Бұл ақсақал жөнінде айтылатын әңгімелер көп, бірақ бәрін біле бермейсін.

МУСИНОВ РАХЫМХАН ӘДІЛХАНҰЛЫ

Мусинов Рахымхан Әділханұлы 1926 жылы Семей облысы Ақсуат ауданының Көктүбек аулында дүниеге келген. Руы Тоқабай ішінде Жомарттан, кегенбай есенгүл ұрпақтары болып келеді. Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер. Ауыл шаруашылық қайраткері.

Жастайынан жетім қалған ол Ақсуат (1932-1934) және Көкпекті (1934-1940) селоларындағы балалар үйінде тәрбиеленді. 1942 жылы М.М.Калинин атындағы Семей ст комбинатының жанындағы курсты бітірген кейін, 1952-жылы осы жердегі ферма басқармаларын дайындайтын бір жылдық мектепті бітіреді. 1956 жылы Сарыағаш (қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы) Қаптанбек зооветеринарлық техникумы жанындағы совхоз директорларын даярлайтын екі жылдық мектепті тәмамдайды. Бұдан соң 1971-жылы Семейдің зоотехникалық-малдәрігерлік институтында оқып-білім алады.

1942-1943 жылдары балалар үйінің жасоспірім-тәрбиеленушілері қатарында Қарағанды қаласына жіберіліп, еңбек жолын Қарағанды шахталарынан бастайды. 1943-1950 жылдары Семей облысы Көкпекті ауданы «Большевик» совхозында есепші, орталық қойма менгерушісі болып жұмыс атқарады. 1950-1954-жылдары осы совхоздың ферма менгерушісі болады. 1954-жылы Көкпекті совхозы директорының орынбасары қызметін атқарады. 1956-1959-жылдары «Сұлутал» совхозының ферма менгерушісі болады. 1959-жылы Буденный атындағы ірілендірілген колхоздың торағасы болып сайланады. 1961-жылы Көкпекті ауданындағы «Үлгілі малшы» совхозында директордың орынбасары болады.

1961-1972-жылдары Семей облысының Жарма ауданындағы «С.М.Киров» және «Михайловский» совхоздарында жетекшілік етеді.

1972 жылы еңбекшілердің бірінші ұйымдастырылған сессиясында жаңадан құрылған Шар ауданы аудандық кеңесінің атқару комитеті торағасының бірінші орынбасары болып сайланады. Сонымен қатар Шар аудандық атқару комитетінде ауыл шаруашылығы басқармасын басқарады. 1976-жылы Семей облысы ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының бірінші орынбасары қызметін атқарады.

1986-жылы дербес зейнеткер бола жүріп облыстық ауыл шаруашылық басқармасында қызмет атқара береді.

Мусинов Р. Ә. Семей облысының ауылшаруашылық секторларының жауапты бөлімдерін басқара отырып әрдайым артта қалған шаруашылықтарды алдыға шығарып, оларды өркендете білді. Сонымен қатар ол, ауылшаруашылық салаларының жетекшісі ретінде, ауыл еңбекшілерінің тұрмысын жақсартуға, уақытымен медициналық көмек көрсетілуіне, шопан балаларының білім алуы мен демалыстарына қамқорлық жасап, ауыл адамдарының өркениеттен қалмауларын қамтамасыз ете білді.

Мусинов Р. Ә. Қазақстан КП-ның VIII съезінің делегаты болып сайланды. Сонымен қатар бірнеше рет облыстық, аудандық, ауылдық кеңестің депутаты болды. «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, «Құрмет белгісі» орденімен үш рет, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің құрмет грамотасымен және облыста ауыл шаруашылығын дамытуға сіңірген еңбегі үшін СССР-дің көптеген медальдарымен марапатталды.

Рахымхан Әділханұлы мен жұбайы Мәриям Ыдырысқызы сегіз бала тәрбиелеп өсірді. Балаларының барлығы да ғылым, білім, медицина, ауыл шаруашылығы салаларында жемісті еңбек етіп, беделді де білікті мамандар болып қызмет атқарады. Олардың ішінде үлкен ұлы Даниял Рахымханұлы медицина ғылымдарының докторы, профессор. Тағы бір баласы Серікбол Рахымханұлы көп жылдар облыстық денсаулық сақтау саласының жетекшісі болып, ақырғы кездері Республика деңгейінде қызмет етуде. Үш баласы ғылым кандидаттары, немересі Роллан Даниялұлы Қазақстан Республикасы Президенті «Болашақ» стипендиясының иегері. 2003 жылы Вашингтон (АҚШ) қаласында Дж.Хопкинс атындағы университетін аяқтап халықаралық дипломатия және экономика магистры дипломын алды.

Мусинов Рахымхан Әділханұлы бүкіл саналы өмірін ауыл шаруашылығын өркендетуге, ауыл тұрмысын жақсартуға, халқына қызмет етуге арнады.

Мусинов Р. Ә. 1999-жылы Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласында қайтыс болды.

БЕДЕЛ ИЕСІ

(Дастан)



Алтын күн шуак төксін көк аспанда,
Қанатын қақсын биік ой асқарға.
Бозторғай кой үстінде жұмыртқалап,
Не жетсін бейбітшілік жарасқанға.

Тыныштық өркендейді бағы асқанға,
Өмірдің қадірімен санасқанға.
Дүбірге толы мынау кең дүние,
Беу, шіркін толқынында толас бар ма?

Болды шын өткен ғасыр дүрбеленді,
Жорықтар, төңкерістер кимеленді.
Соғыстың оты лаулап әрбір тұстан,
Бәсеке саясаттар күрмеу өрді.

Ұлы Отан соғысы ғой біреуі оның,
Біледі ел қиындығын, жүйелерін.
Алғашқы күнінен-ақ отты жылдың,
Дұшпанға кекті найза тірегенмін.

«Ақ басты Алатаудың Жамбылымын,
Өлеңнің ұлы сүре даңғылымын!»

Отты жыр – отты селді дұшпанға арнап,
Ерлікке үндеу болды жаңғырып үн.

Ерлерім бағып жатқан малын тастап,
Егісте ырғатылған дәнін тастап,
Аттанды қан майданның шебіне олар,
Қаруға барлығын да айырбастап.
Әйел мен қариялар тылда қалды,
Олармен бала бірге сынға қалды.

«Барлығы Отан үшін! Майдан үшін!»,
Ұран сол күн-күн сайын үн жаңарды.

Ақсуат елінен де ер аттанды,
Қайтпайтын қайсар болып жарақтанды.

Солардың бірі Сапор еді азамат,
Туған жер түлегі боп қанаттанды.

Аттанды Ақсуаттан қан майданға,
Дұшпанға қарсы шығып ел қорғауға.
Әскери дайындықтан өткеннен соң,
Қатысты сыннан өтіп барлауларға.

Қалың жау мұздай болып қаруланған,
Қаһарман қарсыластың тобын жарған.
Жылжыды, ентеледі алдыға ұдай,
Ауылды, қаланы алды, жойылды орман.

Сапор да жүрді ішінде жанған оттың,
Зуылдап өлім сепкен жауған оқтың.
Сын шақта қар жастанып, мұз төсеніп,
Алғы шеп қауіп-қатер жолдан өтті.

Түбінде Сталинград болды шайқас,
Дұшпанмен жан аяспас қанды айқас.
Мерт болды Сапор сонда ерлікпенен,
Кек алып бір шетінен жаудың алғаш.

Жұбайы Бәтіш ана елде қалған,
Істеді талаппенен еңбек алуан.
Өсіріп балаларын ер жеткізді,
Мақсатын жүзеге асырып алға қойған.

Біреуі Мұрат еді баласының,
Тәлімін көріп өскен анасының.
Оқуға түсіп кетті мектептен соң,
Студент боп Алматы қаласының.

Осылай ізденіспен білім алды,
Жылдардың көкірекке сыйын алды.
Оралды ауылына маман болып,
Ұғынып аңғарғандай сырын алғы.

Мектепке ұстаз болып орнығады,
Жас келсе – іске отын жандырады.

Шәкірттің алдындағы жанын ұғып,
Ойына білім нұрын қондырады.

Мұнда ол талай іспен танысады,
Жас арман, жаңа үмітпен табысады.
Атқарып жүрген кезде қызметін,
Комсомол жұмысына ауысады.

Ауданда жалын жігер жастарменен,
Істері басшылықтың басталды ерен.
-Комсомолдар жас қайраты елімнің...
Сол кезгі көңіл сырын ашқан да өлен.

Білінбей іркілістің толас, табы,
Міндетті, жоспарларды қарасты әрі.
Белгілі бесжылдықтар белесімен,
Партия нұсқаулары жол ашқаны.

Жастарға басшы болып Мұрат сонда,
Істерін қойды тұтас жақсы жолға.
Содан соң қызметі ауысты да,
Болды ол орынбасар ауаткомға.

Кеңейіп жыл-жыл сайын өрістері,
Молайды тәжірибе жемістері.
Дәм тартып дәл осындай лауазыммен,
Абайдың елінде де ол істеді.

Аңқыған жұпар иіс орманы бар,
Береке, құт дарыған аймағы бар.
Екінші хатшы болып Мұраттың бұл,
Ауданға Бесқарағай барғаны бар.

Мұнда да ол санүлгіні жинақтады,
Құнарын көкпейіне күндақтады.
Танымал азамат боп кемелденіп,
Биікке көтерілді ел мақтады.

Сол жылдар Шар ауданы құрылады,
Істі алға бастыруды ұғынады.
Бірінші хатшы болып барасың,- деп,
Мұратқа обком айтты шынын әрі.

Ұйғарым, кесіп-пішу нақталғанда,
Байырғы тәртіп берік сақталғанда,
Жоғары жақ айтса болды бәрі де жөн,
Ендеше былайғыға тоқтау бар ма?

Сонымен байтақ Шардың дәмі тартты,
Көтерді аудан болып шаңырақты.
Өсіріп егіні мен малын тұтас,
Жоспардың орындалды бәрі нақты.

Осылай іс жөніне келгенінде,
Асығы алшы түсе бергенінде,
Жаңа аудан Таскескен де құрылады,
Айқын боп айналаға елге мүлде.

-Жаңаны орнықтырар тәлімің бар,
Шаруаны игеретін пайымың бар.
Дейді де Мұратты оған жібереді,
Алға сап істер жұмыс анығың бар.

Өмір жол өзгеше боп жаңаланды,
Мақсат пен межелер де сараланды.
Үржар-Аякөзден енші алынып,
Таскескен аудан болып дараланды.

Құлшынып еңбекші ел де қадам алды,
Шопаны Ер атанды жая малды.
Жолымен өркендеудің өрге жүзіп,
Мұрат та ғанибетті сабақ алды.


Егісі тақталанып дара тұрған,
Қыстақта қора-қора малы отырған.
Кезеңді еске алады жұртшылығы,
Бұл күнде сол аудандар таратылған.

Талай жыл басқарған соң аудандарды,
Көкейге түйіндеді байламдарды.
Облыстық мәслихатқа ауысты ол,
Халықтық орынға бұл сайланбалы.

Пушмехте директор боп одан кейін,
Істеді өмір көрген табанды ерім.
Баяғы ұстаздықты жалғастырды,
Тағылым мамандықтың жаңа өрнегін.

Халықпен қайда жүрсе бірге болып,
Өрісін жайды ұдайы іргеленіп.
Мұраттың жолдарында ғибрат бар,
Беделдің шұғыласына түр бөленіп.

Нәкен Серікбаев.



БОЛАТ – АҚСУАТТЫҢ ТҮЛЕГІ



Соғыс. Осы бір суық сөз талайлардың жүрегін ауыртты. Талай от басына қайғы әкелді. Сол соғыс болмаса, Сапор мен Бәтiш те ел қатарлы береке-бiрлiгi жарасқан тiрлiктерiн жалғастырып, Мәкен, Мұрат, Болат сынды өрендей ұлқыздарын өсiрiп, қызығын бiрге көрiп, армандарына жетер едi ғой. Бiрақ олай болмады.

Балалардың ер жетiп азамат болғанын Бәтiш көргенмен, Сапор көре алмады. Сапор соғысқа аттанғанда Мәкен мен Мұрат сәл ересектеу, ал Болат бiр жастан жаңа асып, қаз-қаз басып жүрген нәресте едi. Бәтiш

шешемiз майданға кеткен жарының амандығын тiлеп, балаларын қатарынан қалдырмай өсiруге тырысты. Үмiт пен арманға толы күндер өтiп жатты.

Барлығы майдан үшiн, барлығы жеңiс үшiн деген айбатты ұран халықты нәтижелi еңбекке жұмылдырған кез.

Ел-жұрты азаматтарының амандығын қаншама тiлегенiмен, соғыстың аты соғыс, қантөгiс, «қара қағаз» деген пәле қаптап келе бастады. Ол жақсылық әкелмейдi, суық хабар жеткiзедi. Сондай хабарды Бәтiш шешемiз де алды.

Жұбайы Сапор Сталинград түбiнде немiс басқыншыларымен болған бiр шайқаста қайтыс болыпты.

Ана жесiр, бала жетiм қалды деген осы. Бiрақ Бәтiш шеше балаларына жетiмдiктiң таксiретiн тартқызбады. Әке орнына әке бола бiлдi. Әсiресе, бала тәрбиесiне өте қатал болды. Өзi де ел iшiнде беделдi, бiлiмдi, iскер, абыройлы Бәтiш балаларын бетiмен жiбермейтiн, сабағына мұқият қарайтын, еңбекке бейiм болып өсуiне күш салатын. Абзал ананың бала тәрбиесiндегi сол бiр тертөктi еңбегi зая кеткен жоқ. Балалары: «Ұлың қайсы, қызың қайсы?» - десе, мынау деп ұялмай көрсеткендей жан-жақты бiлiмдi, еңбексүйгiш, өз ортасында беделдi болып өстi.

Ай қараңғы, күн бұлыт түн деменiз,

Бiреу жарлы, бiреу бай күндеменiз.

Ата тілін сыйлаған адал ұлды

Хат оқыған молладан кем деменіз, - деп Көтеш акын айтқандай, Бәтін шешенің ұлдары - онегесімен өскен үш ұл баласы да еліне елеулі еңбек сіңіріп, ата-ана сенімін ақтады.

Сапор мен Бәтінтің сол үш баласының бірі – Болат. Ол осы үйдің кенжесі болады. Болат мектепті бітргеннен кейін, бірер жыл колхозда механизатор, шофер болып жұмыс істеп, еңбек жолын ауылда бастады. Сойте жүріп білімін жетілдіруге талпынып, Алматыға оқуға аттанды. Университет бітірін келіп, Ақсуат орта мектебінде мұғалім болады.

Қандай жағдай да кімнің кім екенін көрсететін адал әрі тиянақты еңбек қой. Болат та сол еңбегімен көзге түсті. Ол кезде Компартияның билік жүргізіп тұрған шағы. Партияға да білікті, білімді азаматтар қажет. Аудандық партия комитеті оны нұсқаушы бол деп шақырады. Болат барады. Онысы теріс болмапты. Содан кейін-ақ, Болаттың өз қабілетін, еңбек нәтижелерін көрсетудің жарқын жолдары басталып кеткендей болды. Біраз жыл нұсқаушы болғаннан кейін, «Комсомол» совхозы партия комитетінің хатшысы болып төрт жыл жұмыс істеді.

Болат сол кездің өзінде ауыл экономикасының дамуына баса назар аударып, шаруашылық есеп жүйесін қалыптастыруды жолға қойды. Әр жұмысшының өндіріске қосқан үлесі анықталатын болды. Мұның өзі елді еңбекке жұмылдырудың ең тиімді әрі ықпалды тәсілі еді. Совхоз жылына екі миллионға дейін пайда табуға жетісті.

Партия ұйымы хатшысының іскерлігі біртіндеп облыс басшыларына да мәлім бола бастады. Ауданға керек болған іскер азамат облысқа да қажет. Енді Болат Сапорұлы облыстық партия комитеті партиялық ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы қызметіне шақырылды. Ол кезде Шұбартау ауданының шаруашылығы шатқаяқтап, қой малынан айына 150 мыңдай шығын беріп, өндірісі кейін қарай кетіп тұрған кез еді. Ондағы жағдайды бір түзесе осы жігіт түзетер деген сеніммен облыс басшылары Б.Сапоровты сол аудан партия комитетінің екінші хатшысы етіп жібереді. Облыс басшылары қателеспепті. Бәрі ойдағыдай болды. Аудан экономикасы қалыпты даму арнасына түсті. Содан кейінгі жылдары Болат Сапорұлы Бородулиха ауданы атқару комитетінің төрағасы, бұрынғы Ақсуат ауданының тұңғыш әкімі болып жемісті жұмыстар істеді. Ақсуат жұртшылығы өзінің түлегін қуана қарсы алды. Алғашқы әкіммен кездесу жиынында көпшіліктен:

Ақсуат жаса тойынды,

Ұлығың тапты ойынды.

Қолыңа жаққан қолайлы

Асығың сақа қойылды, - деген өлең жолдары да жалғасын тапты. Осыған орай Б.Сапорұлы да өзінің әкімдік қызметі жылдарында торт аяғынан тұралап тұқымсыз қалған ауданның егін шаруашылығын аяғынан тік тұрғызып, астық өндіру негізін қалады, қатаң мал азығын дайындауды қалыптастырды. 2500 жанұяның егін егуіне мүмкіндік жасап, оны оқсату орындарын салуды қалыптастырды.

Аудан әкімінің бастауымен кәсіптік-техникалық училищенің меңгерушісі Нұрсапин Сайлау арқылы басқарылатын «Құнарлылық» деген бригада ұйымдастырылды. Сол бригада арқылы аудан орталығындағы халыққа егін ектіріп, шөп шаптыру нәтижесінде аудан орталығында тұратын соғыс және еңбек ардагерлерін қатаң мал азығымен қамтамасыз етіп, табысы төмен жетімсіз жанұяларға скі тонна шөп, бір тонна астық тегін беріліп отырды.

Нарық қыспағының алғашқы жылдарында ауданда өндіріс товарларын былай қойғанда, кездеме материалдары мүлде болмай қалған кезең болды.

Міне, осындай тапшылықтың табы батып, ауданда саудамен шұғылдану кәсіпкерлігі дамымай, саудамен қалай шұғылданудың жолын таба алмай әрі-сәрі болып дағдарысқа ұшырап тұрған кезеңде, аудан әкімі Болат Сапорұлы Қазақстан Парламент мәжілісіне аудандағы қалыптасқан қиыншылық жеткізу мақсатында аудандағы ардагерлер кеңесінің төрағасы Қ.Астов, Социалистік Еңбек Ері С.Таушасев, еңбек ардагері Ы.Доллиндерді жіберіп, аудан ахуалымен танысып қайтуды сұраған еді. Көп ұзамай сол кездегі Парламент Мәжілісінің төрағасы Серікболсын Әбділдин мырза 25 адам комиссиямен келіп, жағдайды көзбен көріп танысып, аттанарда көрген жағдайларға байланысты ұсыныс-тілектерінің ескерілетінін айтты.

Осы комиссия сапарынан кейін аудан әкімі Қытай Халық Республикасының Жеменей ауданымен экономикалық байланыс орнатып, аудан орталығынан дүкендер ашып, азық-түлік, өндіріс товарларымен қамтамасыз етіп, аудан халқын бір серпілтіп тастаған еді.

Қазір де Алтай өлкесінің әкімі бұрын Жеменей ауданының әкімі болып істеген Мұхатбек мырза біздің өлкеге келіп танысып, біздің жақтың өкілетті басшылары аудан әкімі Болат Сапорұлының басқаруымен құрамында: Сахариев Мұқан, Саметов Амантай, Тұрлыбесков Нұржан, Серік (ет тоназыту комбинатының бастығы) барып, Жеменей өлкесімен танысып, келіссөз жүргізіп келгеннен кейінгі қарым-қатынасты мәдени байланыстар жалғастырған еді.

Ақсуат ауданының халық театры атағын алғалы тұңғыш рет Қытай Халық Республикасының аудандарына концерттік программамен барып

қайтқан, кезінде әкімнің мәдениет жөнінде орынбасары Бакыт Қойшыбекованың басшылығымен құрамында отыздан астам өнер қайраткерлерімен бірге барып, концерт қойып, өнер саңлақтарының концертті қытайлық тұрғындардың көңілінен шығып, әсер қалдырып, ел көріп, жер көріп, халықпен қауышып қайтқан кезең болды.

Жеменей мен Ақсуат ауданы арасындағы экономикалық және сауда байланысындағы бастаулар біздің болашақ кәсіпкерлердің бағыт-бағдар алуына, кәсіпкерлік жолдың қыры мен сырын түсінуге үлкен көмегін тигізгені сөзсіз.

Аудан халқын жұмыссыздық тұралатып тұрған кезде, ауданнан біраз қашықтықта орналасқан бұрынғы МТС тұрғындарын жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында асфальт заводын салғызды, аудан орталығындағы мәнша құрылысының берілуге тақап тұруы, аудан көшелерін жарықтандыру жүйелерін қалыпқа келтірудегі жұмыстары, ауыл шаруашылығын реформалау, жекешелендіру кезінде ел ішінде кездейсоқ мықтысымақтардың көбейгені сөзсіз. Осыған орай Абай атамыздың:

Мықтымын деп мактанба, ақыл білсең,

Мықты болсаң алдымен нәпсіңді жең, - дегендей нарық кезеңіндегі жекешелендіру науқанында нәпсісі ашылғандарға тосқауыл қою халықтың қамын ойлаған даналылық, саналылық, тектіліктің, ірі азаматтықтың, үлкен жүректіліктің белгісі екені сөзсіз. Сонымен қоса ауданның өндіріс орындары мен мәдениет, денсаулық сақтау салаларына баса назар аударды.

Қабанбай бабамыздың 300 жылдық мерейтойын, дәстүрлі төл тойларын дүбірлетіп өткізіп, осы алқалы жиындарда көрсетілген құрмет еңбек адамдарын, аудан халқын қуанышқа болесе, халықтың әл-ауқатын көтеру мақсатында істелген істер ел есінде қалатынд жылдар болды. Ауыл шаруашылығын реформалау, жекешелендіру кезеңі басталған жылдары Б.Сапорұлы халық дәулетінің талан-таражға түсіп кетпеуін күш салды. Ақсуатта әкім болып тұрған кезінде аудан бойынша саулық қойлардың әр жүзінен жүз қозы алынып, ел ырысы есселеп өсе түсті.

Аудандағы кеңшарлардағы қоғамдық малдарды қалпында сақтап қалып, тиісті серіктестіктер мен бірлестіктерді шаруа қожалықтарына айналдыруда қалыпты жұмыстар жүргізілуіне байланысты аудан көлемінде 13500 ірі қара, 4100 сиыр, 313000 қой, оның ішінде 195000 саулық, 6200 жылқы, 1200 бие, 250 түйе, 104 інген малын сақтап қалған еді.

Техниканы жондеу шеберханалары бұзылған жоқ, Аудан көлемінде 650 трактор, 350 жүк автокөліктері, 100 ден астам астық комбайндары

сақталып, жаңа қалыптасқан шаруашылықтарды одан әрі жүргізуге мүмкіндік алған болатын.

Аудан жұртшылығы Болат Сапорұлының өткен мерзімдегі елі үшін сіңірген еңбегін, көптің көңілінен шыққан жұлдызы бәлік азаматтардың бірі есебінде таниды.

Болат Сапорұлы 1994 жылы аудан әкімдігінен облыс әкімшілігіне қызметке ауысты, ел-жұрты болып үлкен қошеметпен 15 ат мінгізіп шығарып салды. Б.Сапорұлын Бородулиха елді мекенінің тұрғындары мен оның ардагерлері ауданға құрметпен шақырып алды. Онда да жекешелендіру саясатының белсін алып тұрған кезі еді. Жекешелендіру желеуімен құрдымға кете жаздаған ғимараттар мен ауыл шаруашылығы мекемелерін, тұрмыстық комбинатты сақтап қалды. Нәтижесінде тұрмыстық комбинат «Тұрмыстық қызмет» акционерлік қоғамына айналып, 300 ден астам адам еңбек етеді.

Демек комбинатта халыққа қызмет көрсетудің барлық түрі қамтылған. Оның үстіне аудан орталығы маңынан үлкен шаруашылық ашып, қазақтың асыл тұқымды 2,5 мың ақбас сиырларын өсіріп, өнім өндірумен қатар жаз айларында көкөніс өсіріп, бюджетке 5 миллион теңге салық түсірген.

Тегіндегі ол қолда барды жоғалтпай, қаймағын бұзбай, ауданда тоғыз жауапкершілігі шектеулі серіктестік, бір өндірістік кооператив, бір акционерлік қоғам, 153 қожалыққа бөлініп, өндірістің жаңаша дамуын қамтамасыз етті. Оның сыртында 10500 адамға жеке бау, бақша салып, өнім өндіруге жағдай жасалынған.

Бородулиха ауданының өңдеуші кәсіпорындары да аз емес. Қарақұмық өңдейтін зауыт, екі сыр зауыты, үш май зауыты, өсімдік майын сығатын 35 цех, сонымен бірге кеспе, шұжық цехтары бар. Тек өткен жылы ауданның агроөнеркәсіп саласы 1 миллиард 613 миллион теңгенің ауыл шаруашылығы өнімдерін шығарған.

Ауыл шаруашылығымен қатар өнеркәсіпте дамып келеді. «Жезкент кен байыту комбинаты» акционерлік қоғамында 3500 адам еңбек ете отырып 11 мың халықты асырап сақтап, өткен жылы 5 миллиард 73 миллион теңгенің тауарлы өнімдерін шығарған. Бюджетке 1 миллиард 191 миллион теңгенің салығын төлеген. Сонымен бірге «Шульба ГЭС і», «Бслагаш» астық ұн тарту комбинаты, екі орман шаруашылығы ұжымдары да қомақты үлестерін қосқан.

Ауданда Жезкент кентінде 300 және 600 орындық қос зал, аудан орталығындағы мәдениет үйі, кітапханалар жұмыс істеп тұр. 15 орта мектеп компьютерленген. Ел ырысын шайқалтпай ұстап қалу да Болат Сапорұлына оңайлыққа түсті деуге тіпті де келмейді. Облыс әкімі

Жақияновтың колхоздар мен совхоздарды реформалау жүргізудегі быт-шыт стiп болшектенуiне қарсы тұрып, жол бермегенi үшiн Сапоровты қызметтен алып тастау қаупiнiң туғанын да ақпарат құралдарынан қанықпыз.

Әдiллiк пен адалдық жолы - қиын жол, халық қамын, оның келешегiн ойлаған азаматтың жүгi де ауыр, кедергiсi көп екендiгi ақиқат.

Алайда, ел ырысын озбырлар қолына түсiрмей, халық игiлiгiне пайдалануға жұмыс iстеп, тер төккен Болат Сапорұлын Бородулиха халқы қатты сыйлап, құрмет тұтатыны осыдан болар. Осындай халық сенiмiне ие болғандығының нәтижесiнде, облыс бойынша шығарылатын шаруашылық көрсеткiштерде аудан арасында бiрiншi орында жүретiнi осының айғағы.

Үстiмiздегi жылдың шаруашылық қорытындысы бойынша аудан жеңiл автокөлік алып, ақшалай сыйлыққа ие болды.

Мiнс, осындай ерен еңбектiң нәтижесiнде ауыл шаруашылығын дамытуға қосқан үлесi үшiн Елбасының Жарлығымен Болат Сапорұлы аудан әкiмдерi арасында алғашқы болып «Құрмет» орденiмен марапатталды. Ел iшiндегi үлгiлi, онегелi семьяның бiрi, Нұрландай үл өсiрiп, ұлын ұяға, Раушандай қыз өсiрiп, қызын қияға қондырған, Қайрат сияқты немере сүйген берекелi жанұя басы. Туып өскен елi мен жерi «Ақсуаттың ақиығы» атты ән арнаған, «Тумасы елiн сағынар» атты күй арнаған жұлдызы биiк азаматтардың бiрi.

Ақсуат жерiнде туып өскен Болат Сапорұлының 40 жылғы еңбегiнiң нәтижесi осындай. Соңғы 20 жылында iстеген жерiндегi артта қалған аудандарды басқарып, сүйреп алға шығарған, ел басқарудағы тәжiрiбесi мол, беделдi азамат.

«Шөп шыққан жерге шығады» дегендей Болат Сапорұлы ұлы бабасы Жомарт, Кегенбай би, Бәйел, Молдабай палуан, Абылай қос Омар, Түяк әулие, Малбағар, Аяқоз батырлар, Құнанбайдың атасы атакты дәулеттi батыр Ағанас, Бияхмет Сәрсенов, Отыншын Әлжанов, Смағұл Жармаков, Ысқақ Кабеков, Жағыпар Мұхаметжанов сияқты зәулiм бәйтеректердiң бұтағы емес пе дей келе:

Еңбегiң сiңдi слiңе,
Мықтысың қашанда арыңа-ай.
Ауырын жүктiң көтерген
Қажымас кара нарым-ай, - деп риза боламыз.
Тос айылдың батқанын,
Иесi бiлмес, ат бiлер.
Жақсылықты жасаған

Ағайын білмес, жат білер,- деген нақыл сөз бар. Осыған орай Болат Сапорұлының Бородулиха еліне сіңірген еңбегіне берген елінің бағасы жайындағы сөзге тоқталайық. 2002 жылдың 26 шілдесі күнгі №32 санында жарияланған аудандық «Пульс районы» деген газеттегі мақала авторы байырғы ұстаз, мал дәрігері, қоғамдық тілші К.Накипов мырза. Енді соған сөз кезегін берейін: - есімі ел аузына ілініп, халқымыздың қаймағы саналып жүрген ер-азаматтардың ішінен Б.С.Сапоровты ерекше атап өткім келеді. 40 жылғы еңбек жолының 20 жылдан астамы Бородулиха ауданында өтті. Осы уақыттың ішінде атқарылған игілікті істері «Егемен Қазақстан» газетінде «Берекең арта берсін, Бородулиха!» және басқа республикалық газеттерде шыққан.

Төрт түлік малдың басын қобейтуге, қасиетті жер ананың тосіні игеруге түбегейлі бетбұрыс жасаған Болат Сапорұлы алғыс, абыройдан кенде емес. Кәсіби шеберлігіне орай бірнеше рет облыстық маслихаттың депутаттығына сайланды. Республика мен еліне сіңірген еңбегін бағалап халқы Б.С.Сапоровқа «Бородулиха ауданының Құрметті азаматы» атағын берген болатын. Ол сондай-ақ, қоғамдық жұмыстарды да тындырымды атқарды. Тұңғыш рет Зубанр, Новопокровка, Бородулихадан казак орта мектебі ашылды. «Аудан тынысы» газеті екі тілде жарық көрді. «Құрмет белгісі» және «Құрмет» ордендерінің иегері, «Халық ағарту ісінің үздігі». Түсіне білген адамға міне, осының бәрі шежіре, бәрі тарих.

Бөкеннің отбасылық сыйластықтарын кімге болса да үлгі етіп тартуға болады. Оның қазіргі алтына айырбастап бере алмайтын алтын қазынасы - жұбайы Марзия Қажыбайқызымен тәрбиелеп өсірген екі перзенті. Құдайдың бергеніне тәуба дейді. Ұл, қыздың бәрі де өмірден өз орнын тауып, үйлі-баранды болып отыр. Раушан мен Нұрлан әкесі жүріп өткен жолмен келеді. Университеттің заң факультетін тамамдаған. Қайрат, Диас, Дәурен атты немерелерінің ортасында өмір сүріп жатқан Сапоровтар – үлкен жүректі абзал жандар. Дос, туысқа деген пәк сезімдері мен ақ көңілдері оларды өзгелерден ерекшелендіріп тұратындықтарын да айта кету артық болмас. Атап айтқанда ұйымдастырушылық қабілет, ойлау мүмкіндігі, алды-арғын да нақты жағдайда елеп екшеп болжап отыру, бойына ана (Бәтін апа) сүтімен дарыған Болат Сапорұлының асыл қасиеттерін бұдан ары тізбектеп жатуды артық қой деп ойлаймын. Жаңа қызметіңізге кең өріс, табыс тілеймін, Бөке! – деп жазыпты.

Болат Сапорұлы маслихат хатшысы жұмысына кірісе сала, 2002 жылдың 20-маусымында бейсенбі күні Парламент қабырғасында алғаш рет Мәжіліс төрағасы Жармахан Тұяқбайдың жетекшілік етуімен халық

калаулылары Шығыс Қазақстан облысы, Бородулиха аудандық маслихатындағы әріптестерімен кездесті.

Денсаулық сақтау, 12 жылдық білім беру жүйесі және орманды қорғау туралы мәселелер, сондай-ақ алдағы уақытта талқыланатын жер реформасы әңгіме арқауы болды. Осы проблемалар жөнінде тұрақты комитеттердің жетекшілері Зауре Қыдырова, Еркін Рамазанов, Тито Сыздықов өз ойларын білдірді.

Мәжіліс депутаттары осы күзде «Жер туралы» заң жобасы, «Орман кодексі» қаралған кезде өз әріптестерінің ұсыныс-тілектері ескерілетінін жеткізді. Сондай-ақ, білім беру мәселесіне арналып өткен парламенттік тыңдау бойынша Үкіметке жолданатын ұсыныстарға да олардың пікірлерін қосатынын айтып өтті.

Аудандық маслихат хатшысы Болат Сапорұлы келелі бас қосу болғаны үшін Мәжіліс депутаттарына ризашылығын білдірді. Мәжіліс төрағасы мұндай кездесулердің алдағы уақытта да тұрақты өткізіліп тұратындығына сендірді. («Егемен Қазақстан», №136-137).

Мұндай кездесу Қазақстан Республикасы бойынша тұңғыш рет өткізіліп отырғанын ескерсек, Бородулиха ауданының халқы Болат Сапорұлын әкім лауазымынан ат терін құрғатпай, депутаттыққа сайлап, маслихат хатшылығына ат-түйедей қалап алып калуы, Бородулиха халқының шексіз сүйіспеншілігі емес пе!

Халқымен жүрегі бірге соғатын, оның мұң-мұқтажын, талап тілегін шешуде жан аямай білек сыбанып кірісіп жүрген абзал азаматын халқы қалай құрметтемесін, қалай сыйлағанын, егер істеген іс әрекеті халқының ойынан шығып тұрса, - дей келе:

Талаптың мінген тұлпарын,
Депутат әрі хатшысың.
Халқың қалап сайлаған
Еліңе жайлы басшысың, - деп аяқтамақпын.



ЕҢБЕГІ ЕЛЕУЛІ АЗАМАТ

Төлеубек бауырыма!

Қарайтын халқы үмітпен,
Төлеубек жігіт талапты.
Көрініп талай биіктен,
Асулардан сан асты.

Арғы тегін сұрасаң,
Кегенбай бидің ұрпағы.
Бергі тегін сұрасаң,
Сасан би елдің сұңқары.

Солардың тікелей ұрпағы,
Жақсылығын ел көрген.
Бір ғылым болып іңкөрі,
Сан мамандықты меңгерген.



Шыққан соң кілең асылдан,
Қарайма мына нарыққа.
Жол тауып қиын асудан,
Қызмет ете бер халыққа.

Төлеубектің әкесі Құрмаш елінен жастай ерте кетіп қиыр жайлап шет өскен азамат. Баласы Төлеубек болса нағашы жұртында өскен біздің елден шыққан танымал туысы бір азаматтардың бірі. Көкпекті ауданы Большевик ауылында туған. Кішкене кезден білетін, танымал туыс бала болғандықтан оның өмір жолы көз алдымызда. «Талапты ерге нұр жауар» дегендей жасынан жақсы өнегеге талпынып өсті. Білім жолына талпынып ол әуелі Семейдің ауыл шаруашылық техникумын 1967 жылы ойдағыдай оқып бітіріп, бухгалтер-экономист мамандығын алды. «Жігітке жетпіс өнер де аз» демекші оның ізденісі осымен бітпеді. 1982-жылы Семейдің технология институтын бітіріп инженер-экономист мамандығын игерді. 1998-жылы Қазақтың мемлекеттік Заң академиясын аяқтап, заңгер мамандығын алды. Оқудың, білім жинаудың талапты адамға аздық етпейтінін, қалаған мамандығынды қай уақытта да алуға болатынын Төлеубек інімнің ізденіске толы өмір жолына қарап-ақ пайымдауға болады.

Төлеубек – еңбекқор азамат. Сан-салалы еңбек жолы, қызмет баспалдағынан өтті. Өзінің еңбек жолын КСРО мемлекеттік Банкінің Ақсуат аудандық бөлімшесінде инспектор болып бастап, несиелік бөлімінің бастығы лауазымына жоғарылады. Одан мемлекеттік банктің Семей облыстық конторына қызметке шақырылып, жоспарлау және экономика бөлімінде экономист, аға тексеруші, аға экономист қызметі баспалдақтарымен жоғарылады.

Төлеубек бауырымыз одан кейін де қайда кадр керек болса, сол жерден табылды. Жұмыстың үлкен-кішісіне карамады. Өзіне сенім көрсетіліп, қайда жіберсе, сол арада өзінің іскерлігімен танылды. КСРО мемлекеттік Банкінің Үржар аудандық бөлімшесінде 1976-жылдан 1987-жылға дейін басқарушы болып жұмыс істеді. Одан кейін «Семводстрой» тресі бастығының экономика мәселелері жөніндегі орынбасары, Жаңа Семей аудандық тұрмыс қажетің өтеу комбинатының директоры, КСРО Агробанкінің Семей облыстық басқармасы бастығының орынбасары, Агробанктің Жаңа Семей аудандық бөлімшесінің бастығы, Казпропромбанктің «Семей» Банкі төрағасының орынбасары, ал екі облыс қосылып іріленгенде Шығыс Қазақстан облыстық Казпропромбанктің төрағасы болып жауапты қызмет атқарды.

Еліміз нарықтық қатынастарға көшіп, экономикалық реформалар күш алған сайын бұрынғы құрылымдар өзгеріп, жаңа салалар бой көтеріп жатты. Төлеубек осы өзгерістердің де басы-қасында жүріп көшбастаушы болды. 1997-жылы «Фармация» ашық акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің президенті болды. 1999-жылы Шығыс Қазақстан облыстық «Дәрі-Дәрмек» орталығы құрылғанда осы орталықтың директоры болып тағайындалды. Қазір абзал азамат Шығыс Қазақстан облыстық фармацевтикалық бақылау басқармасының бастығы қызметін абыроймен атқарып жүр.

Осындай облыстық басшылықта жүрген інілеріміздің азаматтығы келе жатқан жас қауымға үлгі болса, біздей ардагерлер үшін мақтаныш. Төлеубектің басшылық жұмыстағы іскерлігі, ел алдындағы зор беделі, өз басының парасаттылығы әр ісінен, жүріп өткен жолдарынан көрінеді.

Ата-ана жолы балаларға үлгі. Төлеубектің төрт баласы да өзінің үміті мен сенімін ақтап жүр. Олар түгелдей жоғары білімді, өздері калаған мамандықтары бойынша бір-бір мамандықтың тізгінін ұстаған.

Елдің елеулі азаматы 1999-жылы халық қалаулысы болып, облыстық мәслихатқа депутат болып сайланды. Тексеру комиссиясының төрағасы әрі депутат ретінде сан-салалық мәселелермен шұғылданды.

Еліміз егемендігін алғалы бері шет елдермен байланыс жақсарып келеді. Шет елдермен байланысты да Төлеубек сынды парасатты да

алғыр ойлы азаматтар бастады. Мысалы, ол Қазақстан делегациясы құрамында Қытай Халық Республикасында, қызмет бабындағы іссапармен Германияда, сол сияқты Таиланд, Біріккен Араб Әмірліктерінде болды.

«Сүйер ұлың болса сен сүй,

Сүйінерге жарар ол», - деп Абай атамыз айтқандай Төлеубек осы шежіре кітаптағы бір ғана әулеттің ғана емес, еліміздің алдыңғы қатарлы азаматы. Оған шексіз қуанамыз, әрі мақтаныш етеміз.

Замандас келбеті

БОЛСАШЫ ҚАРЫНДАСТЫҢ БӘРІ ОСЫНДАЙ



Елі де, жері де бай Ақсуат өңірі өзінен түлеп ұшқан, қазірде іскерліктің, халыққа қызмет етудің өзіндік үлгісін көрсетіп жүрген қыздарымен де мақтана алады. Сондай жандардың бірі Қайникамал Нұрғалиева. Ол бүгінде Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығының Шығыс Қазақстан облыстық филиалының директоры.

Ауылдағы қарапайым шаруа отбасында туып-өскен Қайникамалдың жалықпай оқып-үйреніп, еңбектеніп облыстық дәрежедегі басшылық қызметке көтерілуі өз жұмысын, басқарып отырған ісін осы заман талаптары деңгейіне көтере алуы екіншісінің қолынан келе бермейтін жағдай.

Еңбек ету, табысқа жету сырлары жайлы Қайникамал: «Мен де өзгелер сияқты жұмыс істеймін. Өз жұмысымды жақсы істеуге тырысамын. Жақсы жұмыс істеуді әріптестерімнен де талап етемін. Тек осылай ғана жоғары табыстарға, көздеген мақсатқа жетуге болады» дейді. Бұл еңбексүйгіш адамның ғана айтатын сөзі.

Қайникамалдың еңбек жолы, ізденісі, қол жеткізген табыстары өзі айтқандай жақсы жұмыс істеудің, алдыға белгілі бір мақсат қойып соған

жету үшін барлық мүмкіндіктер жұмсаудың үлгісіндей. Мұндай қасиет ана сүтінен нәр алып, әке тәрбиесін көрген, өмір сүруді сол өмірдің өзінен үйренген, қайсар да қабілетті, талапты да талантты, сегіз қырлы, бір сырлы қазақ қыздарына ғана тән болса керек. Мұны тіпті оларға кұдайдың берген қуаты десе де болғандай.

Қайникамалдың өмір жолы да алыстағы малшы аулынан шығып мектебі бар, клубы бар үлкен ауылға қарай тартатын жалғыз аяқ бұралаң жолмен өнер, білім іздеп шығудан басталды. Мектеп партасына отырып, әзіппенің бетін ашқан, ақылшы ұстазының алғашқы сөздерін тындаған күндері басқа шәкірттер сияқты оның да ең бір әсерлі, әрі бақытты шақтары болып ойында қалды. Уақыт бір орнында тұра ма? Жылжып жылдар өтті. Мектептің соңғы қоңырауы да соғылды. Жақсы оқып, үлгілі тәрбие несі екенін танытқан шәкіртті мұғалімдер де жақсы көреді, келешегіне сенеді, жақсы тілегін айтады. Соның өзі бір бата алғандай шәкірт қиялын қанаттандыра түскендей болады.

Мектептен аттестат алып, Семейдің технологиялық институтының финанс факультетіне оқуға түсуі де Қайникамал өміріндегі ең бір бақытты сәттер болды. Алыстағы ауылға да «Қайникамал оқуға түсті!» деген қуанышты хабар жетті. Тоғыз бала тәрбиелеп өсірген бақытты ата-ана қыздарының тілеуін тілеп, құтты болсын айтып келген ауылдастарының ықыласына бөленді.

Мектеп, институт, алғашқы қызмет орны Қайникамал үшін де өзінше бір өмір баспалдақтары іспетті болды. «Білім негізі – бастауышта» деп бекер айтылмаған. Мектептен алған сапалы білім институтта қиналмай оқуға себеп болды. Мектептегі Отто Освальд Иванович пен Нұғыспанова Салиха сияқты білімді де білікті ұстаздарының дәріс беруі, тәрбие саласында жақсы ақыл-кеңес айтуы Қайникамал үшін ол да бір өмір сәттілігі сияқты.

Семейдегі әлеуметтік қамсыздандыру мекемесі Қайникамалдың ең алғашқы жұмыс орны. Оның еңбек жолы осы мекемеде басталды. Одан соң Семей облыстық финанс басқармасының ревизоры болды. Семей облысы таратылғанға дейін облыстық финанс басқармасының бас бухгалтері болып қызмет істеді. Екі облыс қосылғаннан бері осы қазір атқарып отырған қызметке тағайындалды.

Зейнетақы төлеу – халыққа көрсетілетін әлеуметтік қызметтің ең маңыздысы әрі ең жауаптысы. Осы маңызды істі қазіргі нарық заңдылықтарының талабына сай ең биік дәрежеге көтеру іскерлердің ғана қолынан келетін шаруа. Осы істі жаңа жүйеге түсіру жұмысы 1997-жылы басталыпты. Бұл өзі бір реформа, істегі жаңалық. Осыны Республикада алдыңғылардың бірі болып іске асырған да Қайникамал

Нұрғалиева басқарған еңбек ұжымы. Қазірде зейнеткерлер мен мүгедектер өздеріне заң жүзінде тиесілі ақшаларын уақтылы алып отырса сол игілікті шараны жүзеге асырып отырған Қайникамал және оның жүздеген әріптестері.

Мемлекеттік зейнетақы толеу орталығының облыстық филиалы - озінің жаңашылдығы, істі ұйымдастырудағы шеберлігі жағынан Республикада алдыңғы орында тұр. Сондықтан болар биыл Өскеменде Республикалық семинар-кеңес өткізілді. Оған осы сала министрлігінің басшылары, он төрт облыстағы Қайникамалдың әріптестері келіп қатысты, өзара тәжірибе алмасты. Міне, осының өзі-ақ Ақсуаттан шыққан қарапайым қазақ қызының жеткен жетістігін, шыққан биігін, атақ-абыройын, кісілік келбетін, іскерлік қабілетін айқындап тұрғандай.

Қызметте қандай беделде болса Қайникамал ағайын-туған, сіңілі, бауырлары ортасында да сондай қадірлі әрі олардың қамқоршысы, ақылшысы. Соның бір дәлелі – Қайникамалдың бауырлары да өз істерінің нағыз шеберлері. Атап айтар болсақ Қуандық «Альянс банк» бастығының орынбасары, Айжан «Центркредитбанк» департаментінің директоры, Маржан мұғалім, Гүлдориға Семей қалалық ауруханасы гематология бөлімінің меңгерушісінің орынбасары, Жанар салық қызметкері, Гүлжан Аяқоз колледжінде оқу бөлімінің меңгерушісі, Тоқжан мұғалім, Серікбол әскери қызметкер, Бақытбек орт сондіру ісінің маманы. Қайникамалды өзгелерден ерекшелендіріп тұратын бір қасиеті ашық та ақжарқын, қарапайым да мейірімді, адамға қол ұшын беруге дайын тұратындығы. Оны бәріміз көріп, жүрегімізбен сезініп жүрміз. Сондықтан да оның адамгершілік биіктігі туралы тебіреніп тұрып, тереңнен толғап айтуға болады. Ең бастысы оны алға сүйреп, елге танытып келе жатқан оның осы адами биіктігі дер едік. Көп басшыда рухани биіктіктің жетісе бермейтіні бар. Содан болар сүрініп барып түзеліп жатады. Ұйымдастыру қабілетін осы жағы толықтыра алмай жатады. Ал біздің Қайнекенде осы қасиет бар, тіпті басым деуге болады. Сондықтан да болар таң алдында туған таң шолпандай жарқырай көрінеді. Мінез келісімі мен келбеті үйлесім тапқандай.

Шығар тауың биік болсын, замандас, құрбы-құрдас Қайникамал Нұрғалиқызы демекпіз! ,- деп жазыпты журналистер

**Ергали Жұмахан мен
Хамза Сәтiev.**

ШУАҚТЫ ӨМІР



Адамның көп сырлар бар өмірінде,
Нәр болып түйінделген көңілінде.
Қалған сол өткен күннен белгілердің,
Тізбегі жыр-маржан боп төгілуде.

Қалаған арманың да, сенімің де,
Баурайды біржолата сені мүлде.
Солардың қуаты ғой қашандағы,
Биіктен ықпал еткен көрінуге.

Ата мен анада сол қасиеттер,
Көңілден ақтарылған өсиеттер.
Олардың жолдарында қалған асу,
Өр, еңіс, талай-талай тосын өткел.

Сәдубай сондай жанның біреуі еді,
Еңбегі бақыт тапқан тірегі еді.
Өсіріп төрт түлігін өркендеткен,
Қашан да қажымаған жігері еді.

Тізгінін ата кәсіп ол ұстады,
Жалғасты жыл-жыл сайын табыстары.
Ақтылы қой өрбіді өрісінде,
Көк жайлау, дала болып қоныстары.

- Қой өсір – мал өсірсең бабам айтқан,
Пайдасы көл-көсір деп қадап айтқан.
Осынау қағиданы ұстанды ол,
Ертелеп нұрын шашты аялы ақ таң.

Молайып еңбегі мен жемістері,
Жалғасты сабақтасып зор істері.
Ер шопан елден бұрын күнді қарсы ап,
Отары төліменен өрістеді.

Кәдіржан Сәдеңнің сол жұбайы еді,
Отауын сонау жылдар құрап еді.

Жұмыста озат болып көрінген соң,
Таныды ой-қырдағы мынау елі.

Ауылы «Карл Маркс» бар тұрағы,
Мекенге жылы лебіз айтылады.
Еңбекте үздік Сәден кеудесінде,
«Құрмет белгісі» ордені жарқырады.

Белгілі шаруасының оңалғаны,
Болды ұдай озат шопан ол алдағы.
Осынау көп істерге болады айғақ,
Кәдіржан ананың да медальдары.

Ата-ана балғындары, балалары,
Өсіріп әлпештеді, аялады.
Оқытты білім беріп тәрбиелеп,
Бәйтерек сияқтанды саялары.

Біреуі Бақыткамал қанаттанған,
Жасынан алғыр болып талаптанған.
Еңбекшіл шаңырақтың тәлімінен,
Санаға сарқылмайтын нәр ап қанған.

Қызғалдақ бала кездің көктемінде,
Оқыды Ақсуаттың мектебінде.
Қашанда қатарының алды болды,
Ақ арман құйғаннан соң от көңілге.

Шәкірттік талпынудан ой нұрланып,
Үміттің арманына бұлбұл қонып,
Болумен көз қуаныш ата-анаға,
Құлпырып өсе берді гүл-гүл жанып.

Рысжан әжеден де тәлім көрді,
Олдағы талапкерге көңіл бөлді.
Ауылдық кеңестің сол төрайымы,
Кезінде аймағына мәлім болды.

Қиындық от-жалынды соғыс жылғы,
Күрмеуін ауырлықтың тоғыстырды.

Майдан, тыл – скеуінде жанкештілік,
Жұртшылық барлығын да тегіс білді.

Торайым Рысжанның жұмыстары,
Ширады, тосқауылдан ығыспады.
Соғыстан соңғы жылдың өзінде де,
Жарыстың туын тіпті тік ұстады.

Осындай өнегелі іс атқарды,
Беделі көп ойында сақталады.
Қазақ ССР жоғарғы кеңесінің,
Құрмет қағазымен мақталады.

Ауылдың даңқы артпай тұра алмады,
Табысқа болды өзі нық арналы.
Күндіз-түн іс басында болсадағы,
Бақытты ойынан бір шығармады.

- Атқарып ер-әйелдің жұмыстарын,
Арттырды елінің де ырыс-бағын,-
Деп Бақыт сол кезенді еске алады,
Апайы шешесінің Рысжанын,
Бір кезде камқор болған туысқанын.

Талапты игі істерге уақыт табар,
Дәмінен жақсылықтың татып қалар.
Үздік боп мектепті бұл Ақсуаттан,
Бітірді медальменен Бақыткамал.

Ата-ана қуанысты, мерейленді,
Арманның жетегімен Семей келді.
- Шығайын ұстаздардың жолын қуып,
Физматқа құжат беріп көрем,-дейді.

Құжатын қабылдатып тапсырады,
Батыл боп жас талапкер бақ сынады.
Қалауы математика еді оның,
Түсті оған жарқырады бақ шырағы.

Студент болудың да жайы мәлім,
Оқудың тереңірек нәрі мәлім.
Беретін ұстаздардың бәрі өзгеше,
Әрқайсы әр деңгейде, әрі ғалым.

Тыңдады олардың нәр сабақтарын,
Ойының қалыңдатты қабаттарын.
Осылай студенттік жылдар өтті,
Тоқтамай қақтыдағы қанаттарын.

Аттанды кең өмірге қадамды алып,
Шәкіртке білім берер маман болып.
Мектепте орын болмай сол жылдары,
Істеді басқа жұмыс орай келіп.

Содан соң баспахана ауысканы,
Тізгінін экономист нақ ұстады.
Осынау салада ұдай істеу үшін,
Оқуын Мәскеуде оның тауысты әрі.

Шаруаның баспа жәйлі бабын біліп,
Үнемдеу табыскерлік жәйін біліп.
Басқару тетіктерін әрі ұштады,
Әр сала өркендеудің жолын да ұғып.

Облыс еді Семей ол жылдары,
Көрінді атырапқа айбындары.
Қазір ғой қысқартуға түсіп қалып,
Беделі біразырақ солғындады.

Сол кезде акционерлік қоғам болып,
Баспа ісі жасақталды қадамды алып.
Осындай өзгеруде президент боп,
Сайланды Бақытқамал тағайындалып.

Қолына содан бері ерен істі ап,
Нарықтық талаптарын көре нұсқап.
Жан беріп өндірістің тамырына,
Тұтқасын басқарудың келеді ұстап.

Баспаның жеке-жеке бөлімдері,
Солардың сала-сала терімдері.
Бәрі де қалың жұрттың қолдарында,
Газеті, нәрлі кітап өнімдері...

Баспаның мұражайы жасақталды,
Оның да барлық ісін қоса атқарды.
Сыр шертіп өткен күннен тұр ол бүгін,
Әсері көңіл төрін босатпайды.

Газеті, кітабында заман үні,
Өзіндік қадам алған таралымы.
Баспагер Бақытқамал қаладағы,
Әйелдер қоғамының төрайымы.


Осындай бар еңбектің алуан шағы,
Тегінде оған керек болжам нағы.
Негізгі іске қоса депутат боп,
Қалалық мәслихатқа сайланды әрі.

Қоғамдық жұмыстардың бабыменен,
Халықтың танысуда жайыменен.
Ұсыныс, шешім, кеңес, дұрыс таңдау,
Түседі сараптарға бәрі де ерен.

Маңызы баршасының тым елеулі,
Бабымен нақтыланды, жүйеленді.
«Қазақстан баспа ісі қайраткері»
Деген ол атаққа да ие болды.

Ісінен үлгі, өнеге аңғарылар,
Биікке өрлейтұғын жолдары бар.
Болсыншы нақ осылай қазақ кызы,
Ойында алаулаған арманы бар.

Нәкен Серікбаев



ШИПАГЕРЛІКТІҢ ШУАҒЫ



Мұхтар Есенжанұлы Төлеутаев Ақсуат жерінде кіндік қаны тамған Ақсуаттың түлегі. Туып өсіп, ер жетіп есейіп, қанатын қаққан жері де осы Ақсуат өңірі.

Ел үмітін ақтап халқының қадырменді азаматы болып жүрген Мұхтарды туған жері мақтан тұтады.

Сондықтан да Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, журналист Нәкен Серікбаевпен

болған өз аузынан берген сұхбатын туып өскен елі мен жұрты, тумасының өсу жолын біле жүрсін деген мақсатпен «Шипагерліктің шуағы» атты айдармен берілген әңгімені «Ақсуат- Атамекенім» атты кітапқа енгізуді жөн көрдік.

Еңселі ғимарат ішінде адам көп, дәрігердің қабылдауына кіргелі кезек күтіп отырғандар, қолына анықтама қағаз ұстап жүргендер аз емес.

Қабылдау бөлмедегі хатшы қыздан:

- Директор бар ма? – деп сұрағанымызда:

- Хирургия бөлімінде, ауруды қарауға кеткен. Келіп қалар, тоса тұрыңыз,- деді.

Біршама уақыттан соң қызмет бөлмесіне оралған директор енді мұнда жиналғандардың жұмысын жедел бітіре бастады.

Шығыс Қазақстан облыстық халықты сауықтыру орталығының директоры Мұхтар Есенжанұлы Төлеутаевтың өмір жолына осы тұста сәл шегініс жасағанды жөн көрдік. Ол бұрынғы Ақсуат ауданының төлтума азаматы. Осындағы орта мектепті 1975-жылы ойдағыдай бітірген соң бір жыл ауылда жұмыс істейді. Жоғарғы оқу орнына түсетін дайындық курсынан өткен соң 1977 жылы Семей медициналық институтының емдеу факультетіне оқуға түсті.

- Алдымда толған мақсат, толған таңдау, алайын мынасын ба, анасын ба? – деп ақын Сұлтанмахмұт айтқандай жастықта көңілге алған арман көп болады ғой.

Бұл ретте Мұхтар Есенжанұлынан:

- Мектепте оқушы болып жүрген кезде дәрігер болуды қаладыңыз ба? – дегенде:

- Иә, солай деуге болады. Әкем Есенжан Төлеутайұлы партия, кеңес саласында қызмет істеді, ал анам Гүлзада Құлжанқызы 42 жыл ұстаздық қызмет атқарды. Қазақстан Республикасы халық ағарту ісінің үздігі. Ұстаздарымның ішінен өміріме ерекше із қалдырғаны биология пәнінің мұғалімі Майра Ыдырышева,- деп өскен ортасымен таныстырып өтті.

Ауылдан арман қуып, білім іздеп келген жас жігіт ынта, зейінін үйреніске қойды. Педагогикалық немесе ауыл шаруашылығы саласындағы жоғарғы оқу орындарындағыдай емес мединституттағы дәрістердің өзіндік ерекшелігі бар. Ғалым оқытушылардың лекциясы, тәжірибе сабақтары біріне-бірі байланысып күрделене береді. Құлақпен естіген теориялық білімді көзбен көріп, көкейге бекіту тағы керек.

Осындай талаптар үдесінен шыға отырып, тиянақтылық танытқан студент Мұхтар алғашқы кезден-ақ үздік оқытқындар қатарында болды.

-«Талаптыға нұр жауар»,-дегендей әріптестері арасында алғырлығымен ілтипатқа бөленген Мұхтар институтты бітіргенге дейін сол бедел, абыройдан айырылған жоқ. 1983 жылы ол мединститутты үздік бағамен бітірді.

Бұдан соң М.Төлеутаев ауылға немесе аудан орталықтарындағы ауруханаға жұмыс істеу үшін бірден аттанған жоқ. Үздік бағамен бітірген студентті жоғары оқу орнының ұстаздары оған тағы да білім алуға оріс ашты. Сойтіп, Мұхтар Есенжанұлы 1984-85 жылы Семей қалалық № 1 ауруханадағы хирургия интернатурасында бір жылдық үстеме оқудан өтті. Бұдан соң Абайда акушер-гинеколог, Ақсуатта перзентхана бөлімінің меңгерушісі жұмыстарын атқарды. Жылдар өтіп, тәжірибе жинақтаған маман 1989-91 жылдары Абай ауданындағы денсаулық сақтау бірлестігі бастығының орынбасары болып істеді.

Облыстағы Ақсуат, Абай іргелі аудандардың бірегейі болғаны мәлім. Екеуінің де шеткі елді мекендері облыс орталығынан тіптен алыс. Осындай атыраптарда халыққа медициналық көмек көрсетуге өзіндік үлес қосқан Мұхтар Есенжанұлы 1991 жылы Семей облыстық балалар клиникалық ауруханасына бас дәрігердің орынбасары болып ауысты.

- Бұл мекемеге бір жылдан соң бас дәрігер болып тағайындалып, 1997 жылға дейін сонда істедім. 1997-98 жылға дейін қалалық денсаулық сақтау басқармасының бастығы, ал 1999 жылдан бүгінге дейін осында қызмет атқарып жүрмін. Ұжымда жалпы 800-ден астам адам еңбек етеді. 152 жоғарғы білімді дәрігер болса, жетпіске

жуығының академик, профессор, доцент деген атақтары бар. 350-ге жуық мейірбике қызмет атқарады.

Сауықтыру орталығында медакадемияның, медколледждің студенттері тәжірибе сабағынан өтеді. Медицина ғылымдарының докторлары, профессор Р.Л.Иванова, Н.Р.Рахметов, Ф.А.Төлеутаева, А.Ә.Дүйсембаев студенттерге дәріс беруде,- деп жұмыс бабымен таныстырып өтті.

Ғалым оқытушылардың ғылым саласындағы ізденіс, жазған зерттеу мақалалары медицина тақырыбы бойынша шығатын газет-журналдарда жарық көруде. Солардың ішінде М.Е.Төлеутаевтың да жазғандарын көпшілік біледі.

Тіршілік болған соң бас ауырып, балтыр сыздамай тұра ма?! «Облыстық аурухана қайсы жақта?»,- деп сұрай қалсаңыз әркім-ақ төтесінен жол көрсетеді.

Сауықтыру орталығында бүкіл жыл ішінде 13800 адам емделеді скен. Оның 25 пайызын ауыл тұрғындары құрайды. Нақтылап айтсақ көпшілігі Абай, Абыралы, Жаңа-Семей аудандарын мекендеушілер. Олар негізінен хирургия бөлімдерінде емделеді.

Академик Қаныш Сәтбаевтың:

- Өз білімін өмірдің, өндірістің тәжірибелерімен нығайтып, байытып отырған, тапқан ілімін, үлкенді-кішілі ашқан жаңалығын халықтың қажетіне беріп отырған ғылым ғана өз дәрежесінде, заман талабының өрісінде болады,- деп өткен ғасырдың соңында айтқан кемеңгерлік тұжырымы осы тұста ойға оралады. Себебі, аталмыш сауықтыру орталығында бұрынғыдай емес бүгінгі заман талабына сәйкес оңды өзгеріс бар. Оған 1999 жылы тамыз айында бюджеттің қаржысымен телемедициналық сезімталдығы қуатты жақсы аппаратура орнатылды. Соның нәтижесінде Семейдің медициналық академиясы сонау қиырдағы Жапонияның Нагасаки университетінің медициналық факультетімен, клиникасымен спутник арқылы байланыс жасап, ауру тегін, түрін (диагноз) бірлесіп анықтауға қол жеткізіп отыр. Сөйтіп, компьютерлік байланыс бейнетелефон арқылы ілгерілеушілік жұмысқа биыл екі жылдан асып кеткен скен. Америка, Германия сияқты елмен электронды почта арқылы байланыс бар. Әңгімеснің тағы бір ортатұсына келгенде Мұхтар Есенжанұлы:

- Облыс көлемінде балаларды емдейтін ауқымды орын бізде 15 бөлімшеде 515 тосек бар. Оның 200 балаларға арналған алты бөлімді құрайды. Балалардың қан ауруын, жүйке сырқатын бөлім осы заманғы жабдықтармен қарап емдейді. Бұған қосымша айта кететін елеулі жаңалық – соңғы жылдары жүрекке операция жасау басталды. Бұл – аса

күрделі жұмыс, оны жүзеге асыруға арналып, жетілдірілген аппаратуралар бар. Алматыдағы Сызғанов атындағы хирургия орталығының директоры академик Мұхтар Әлиевпен тығыз байланысымыз жүйелі. Жүрек қолқаларының дұрыс жұмыс істеуі үшін үш кісіге және жүрегінде туа біткен дімкәстік ақау, кемістігі бар үш емделушіге операция жасалды. Сонымен осындай алты адам күрделі операциядан өтті, олардың денсаулықтары жақсы.

Соңғы екі жыл көлемінде кеспей немесе кішкентай жарақат арқылы емдік жұмысты жасап келеміз. Мұндай әдісті қолдану – Республика көлемінде Алматыда, Астанада, Солтүстік Қазақстан облысында және бізде бар деген көлемді істерді ортаға салды.

Иә, Семейдегі сауықтыру орталық ауруханасының алдағы кезеңде халыққа көрсетер медициналық қызметі де ауқымды екен. Жұлын ауруы, мидың ісігі, омыртқа, қолқаға протез қою, қан тамырлары бітелсе, жасанды қантамыр қойып ауыстыру тәрізді алуан тектес ғажап істер жүзеге асырылмақ.

Денсаулық сақтау саласында ұзақ жылдар бойы қызмет істеп келе жатқан М.Е.Төлеутаев тиянақты жетістіктерге ие болғаны үшін 1996 жылы «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі» құрметті атағына ие болған. Жұбайы Гүлнәр Хамидоллақызы екеуі үш бала тәрбиелеген өнегелі отбасының тұтқасы. Үлкені Рүстем-Новосибирь медакадемиясының студенті, Шыңғыс пен Айгүл мектеп оқушылары.

Халық даналығында: «Әуелгі байлық- денсаулық» деп өте маңыз беріп айтылады. Осы тұжырымда мол шындық бар. Расында денсаулық дегеніңіз тіршілік тұтқасындай ғой. Ол- өсіп, өркендеп кемелденудің, бақыттың, қуаныштың, күш-жігер, шабыттың, алғырлықтың биікке құлаш ұрар ой-қабілеттің қайнар көзі.

Әуелгі байлық қорғаны- дәрігерлерді ақ желеңді абзал жандар деп мадақтауымызда да мәртебесі үлкен мәніс бар. Сол топтың ішіндегі еліне елеулі, халқына қалаулы азамат-М.Е.Төлеутаев. Оның дәрігерлік жолы- өзіндік өрнегімен сырлы белестерге толы. Одан шипагерліктің мейір шуағын үнемі аңғаруға болады.



Төртінші бөлім

БҰТАБАЕВ БАЙҒАЛИ

(1915-1998)



Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың Хаддисінде «Ең алдымен көршіңмен тату бол» дейді екен.

Біз осы Байғалидікімен жиырма бес жыл көрші болдық. Менің бала кезімде сонау отызыншы жылдардың ішінде Байғали «Еңбек» артелінде бастық болды. Ол кездегі үйлердің жобасы қоржын үй. Ағайым Нұрғалиев Әбен (Әбубәкір) армия қатарынан келгеннен кейін осы артельде пима басушы, кейін цех меңгерушісі болып жұмыс істеді.

Осы Байғалидың салған ерсілі-қарсылы үйінің бір жағын сұрап алып екі

жанұя тұрдық.

Кейін Әбен басқа жерден ерсілі-қарсылы қоржын үй салып бөлек шықты. Сол тұста Байғали әйелімен айрылысып әке-шешесімен біздің қарсы үйге көшіп келіп кірді. Орнынан да босап қалды. Орнына Әбен тұрып жұмыс істеп жатты.

Байғалиға өнер дарыған кісі еді. Кезінде ол фотограф, ағаш шебері, пеш салушы, техника жөндеуді меңгерді. Тізе берсе бір бойынан неше түрлі өнер табылатын.

Біреп жылдан кейін Әбен «Жаңа тілек» колхозына колхоз бастығы болып кетті де, Байғали бұрынғы артельдің орнына жаңа жерден халыққа қызмет көрсету мекемесін салып бірнеше цехтар ашты. Етікші, тігінші, пима бастыру, шаштараз, тері өңдеу цехтарына қоса кірпіш күйдіру, әк тасын шығару шағын цехтарын іске қосты. Өзі зейнеткерлікке шыққанша осы халыққа қызмет көрсету мекемесінде директор болып істеді.

Байғалидың сүйегі Жәрке тегіндегі Алтай өлкесінің тұрғыны. Патшалы Ресей кезінде рубасылары оққа ұшқан ағасы Байғабыл Советтер Одағының алғашқы жылдарында үндемеске кеткен. Ал

Байғали болса осыншама оқиғаларды басынан кешіре жүріп Ақсуат ауданына орналасып, өзінің бойға біткен өнері мен шеберлігінің арқасында еңбек істеп соның жемісін көрді.

Тұрмыстық қызмет көрсету мекемесінде жұмыс істеп жүргенде осы күнгі бәйбішесі Орынбасар апайымызға үйленді. Бұл апайымыз Көктүбек аулынікі. Бала күнімізде Көктүбекке барғанда аттан көтеріп түсіріп алатын бауырмал, өте қарапайым мінезі кең адам еді.

Енді осы Байғалидың әке-шешесі біздің үйде тұрғанда бір жанұяның туыстарындай өмір сүріп күн өткізіп жаттық. Әкесі менің әкемнен, шешесі менің шешемнен үлкен адамдар еді. Байғалидың шешесін «Дешем» деп атап кеттік, атының Мағрипа екенін о дүниелік болғанда бірақ білдік.

Жарықтық менің анамды «қызым» деп отыратын. Өзі өте өнді, сымбатты адам болды. Керісінше шалы қарабұжыр кесек адам еді. Қара жұмысқа мықты, тоқсан жеті жасқа дейін жұмыстан қалған жоқ.

Екі үйдің адамдары да бір дәнді бөліп жеп отыратын өте тату берекелі үй болдық.

Байғали шешесінің сіңлілерінің балаларын бір бірден әкеп тәрбиелеп ұядан ұшырып барлығына да жоғары білім әперіп отау көтерткен адам. Ең алдымен Рамазанды, одан кейін Шайхы, Медет пен Мәуітқанды тәрбиелеп үй қатарына қосқан осы Байғали мен бәйбішесі Орынбасар.

Осылардың барлығына үлкен шешенің де ықпалы болған шығар дегенмен Орынбасардың бала тәрбиесіндегі сіңірген еңбегі туған аналарындай болды десе артық айтпағандық болар.

Байғалидың әке-шешесін біз де өзіміздің әке-шешеміздей көріп өстік. Олар да бізді бауырларына өз балаларындай тартатын адамдар еді. Ал Байғали мен Әбеннің жолдастық қарым-қатынастары ол өзі бір төбе.

Іргеміз Қали деген жездесін көшіріп алғаннан кейін қарсы үйдің есігін бекітіп ар жағынан есік шығарғаннан бастап бөлінді. Соның өзінде ас үйден ашпалы терезе қалдырып дәм айқасып отыратын береке-бірлігі бұзылмаған көрші болды.

Содан былай қызмет бабымен қайда жүрсек те бір туысқан жақындардай осы уақытқа дейін араласып келеміз.

Бұл кейінгі ұрпаққа тәрбие аларлық қарым-қатынас екендігін айта кеткен жөн.

Байғали өте тынымсыз, ізденгіш адам. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де Алтай өлкесінен, Өзбекстаннан, Жетісудан, Ставрополь өлкесінен алма, алмұрт, өрік, жүзім сияқты жеміс ағаштарын әкеліп, жерасты сулары мен бұлақ суларын пайдалана отырып, осы Ақсуат

топырағында өсірген бағбан. Жеміс ағаштарымен қоса Сочи демалыс орнынан пион мен пальма ағаштарын өсіріп, ара ұстап бал өндірді.

Бұл шаруасын қазірде бәйбішесі Орынбасар мен баласы Мирас жалғастыруда.

«Ырыс жұғыс» дегендей бәйбішесі Орынбасар да өнерден кенде адам емес. Үйлерінде газбен дәнекерлеу аппараттары болды. Кезінде газбен дәнекерлеу аппаратымен жұмыс істеп тұрған Байғалиға Орынбасар мынаны неғып жібердің, бере тұршы аппаратты деп газбен дәнекерлегенде жылмитып жіберетін шебер адам еді. Міне, бұл үйдің еркегіне де, әйеліне де өнер қонған. Тек осы өнерлері ұрпағына берілсін деп аяқтамақпын.

* * *

ЕҢБЕК АРДАГЕРІ ӘРІ ТІЛШІ

Мен Құсайынов Базарбек 1926 жылдың 1- қаңтарында бұрынғы Семей губерниясы, Зайсан уезі, Нарын болысы, №6 ауылда әкем Мауқышев Құсайынның жанұясында туыппын.

Әкем Құсайын 1928- жылы менің екі жасымда өмірден өтіпті. Шешем Мауқышева Алтынжан бандылардың оғынан 1931- жылы қайтыс болады. Бандылардың оғы дегенде ол былай болған: «Қара оба» аталатын мойынсерік 1928- жылы ұйымдасады. Сол серіктестікке Ақсуат аймағындағы байлардың жылқыларын кәмпескелеп, сонда жинайды. Міне, сол жиналған жылқыларды

Сейсеке-Серіктің бандылары келіп оқ атып шауып айдайды. Сол бандылардың оғы менің шешемнің сол жақ қарасанынан тиіп, содан Көкпектіге дәрігерге әкеліп, олар оқты ала алмай, осыдан қайтыс болады.

Мені және әскерде хабар-ошарсыз кеткен ағайымды Көкпекті балалар үйіне тәрбиелеуге өткізеді. Мен сол балалар үйінде 1938- жылға дейін тәрбиелендім.

1938- жылы Ақсуатқа келіп, ағайым Жамалбектің тәрбиесінде болдым.



Ақсуат орта мектебінен алтыншы класты тамамдадым. Ұлы Отан соғысы басталып кетіп, содан оқуға мүмкіндік болмады. Колхоз жұмысына араластым. Шөп шаптық, егін ордық, лау тарттық, тағы сондай жұмыстарға араласуға тура келді немесе еңбек жолым 12 жасымнан басталды. Оқуға өте зерек болдым. 1939- жылғы Бүкілодақтық халық санағында санақшының жазу толтыратын көмекшісі болдым. Сөйтіп, жүргенде 1942- жылы менің жазу жұмысына қабілеттілігім ескеріліп, «Жаңа құрал» колхозына есепшілікке қабылдандым. Сонда есепші болып жүргенде «Түйе мойнақ» қызылотауына менгерушілікке жіберді. Ол жерде қызмет істеп жүргенде ауаткомның бұйрығымен «Қызыл қайың» ауылдық советіне секретарьлық жұмысын атқаруға жіберді. Онда 8 жыл істегеннен кейін аудандық комсомол комитеті нұсқаушылыққа шақырып, ол жерден аудандық партия комитетіне нұсқаушылыққа алды. Онда 1960- жылға дейін істедім. 1960 жылы «Карл Маркс» атындағы колхозда партком секретары болып істеп жүргенде, отыз мыңдықтар қатарында «Социалистік» колхозына комплексті бригаданың бригадирі болып, 1962- жылдың аяғына дейін қызмет еттім. 1962- жылдың аяғынан 1964- жылдың аяғына дейін Көкпекті аудандық ауыл шаруашылық басқармасында инспектор ұйымдастырушы болып қызмет істедім. 1965- жылдың қаңтарында Ақсуат қайтадан аудан болып құрылғанда аудандық ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау инспекциясында инспектор болып, содан 1986- жылдың қаңтарында зейнеткерлікке шықтым.

Бүкілодақтық халық санағын өткізуге үш рет қатыстым. Соңғы 1979- жылғы санақта құрмет грамотасымен марапатталдым. Еңбегім бағаланып 5- 6 үкімет наградасына ие болдым. 1950- жылдан КПСС мүшесі болдым және насихатшы болып көп жыл қоғамдық жұмыстар атқардым. Ол жөнінде жоғары партия органдарынан бірнеше мәрте мақтау грамотасын алдым. Сырттай оқып оныншы класты және Семейдің мал дәрігерлік зоотехникалық институтын тәмамдадым.

Ауданымыздың өткені мен болашағы жөнінде көптеген тарихи материалдар жинап оны үнемі баспа бетінде жариялауға ат салысқандардың бірімін. Әсіресе, ауданымыздың бұрынғы замандардағы өткен тарихи тұлғалары жөнінде көптеген материалдарым баспасөз бетінде жарық көргені аян. Жасымның ұлғайғанына қарамастан әлі де тарихи материалдарды баспа бетіне жариялап келемін.

ӨТКЕННЕН ТҮЙЕР ОЙЛАР МОЛ



Өткенді ой елегімізден өткізгенімізде ел өмірінде, басқа түскен қиын-қыстау кезеңдерде, өздері еңбек еткен ауыл тағыдырын шешкен, ел есінде қалған ағаларды да есте сақтағанымыз абзал.

Азамат болып ат жалын тартып мінгелі туған жерін түлету үшін тер төккен, ауыл шаруашылығын өркендетумен қатар барлық кәсіптің баспалдағынан өткен азаматтың бірі Нұрғалиұлы Әбубәкір (Әбен) (1914-1978) еді.

Ол 1921-жылдары ауыл мектебінен, басында Байтұрсын емлесі, кейіннен латын әрпінде оқып, төрт кластық білім алған адам.

Отызыншы жылдардан бастап жұмысқа араласты. Алғашында қара шаруадан бастады, кейіннен сауда саласындағы курсты бітіріп келген соң Көктүбек ауылында бірнеше жылдай сатушы болады. Сатушы болып жүріп іскерлік танытқан Әбенді 1937-жылдары аудан орталығына қойма меңгерушісі, кейіннен дүкендердің меңгерушілік қызметіне тағайындайды. Содан, 1942-жылдың аяғына дейін осы сауда саласында істеп, 1943-жылы армия қатарына алынады. Сол жылдардағы армия қатарына алынғандардың бір бөлігін Қарағанды шахтерларының құрамын толықтыруға жібереді.

Содан үш жылдай шахтер болып жұмыс істеп 1946-жылы елге оралады. Елге оралғаннан кейін «Еңбек артелінде» пима басу цехында жұмысшы, кейін цех меңгерушісі болып істейді. Кейіннен «Еңбек артелінің» директоры болады.

1948-жылы аудандағы 36 колхоздың бірі «Жаңа тілек» колхозы басқармасының төрағасы болып барады. «Жаңа тілек» колхозына бастық болып келгенде көлемі 300 гектардай егін, 1500 қой-ешкі, 150 жылқы, 200 ірі қара, 50-ге тарта түйе болады. Жерді соқамен жыртып, тұқым қолмен себілетін. Сонда егін салып, мал өсірумен, соғыстан кейінгі ойсыраған шаруашылықты қалпына келтіруде күндіз-түні ат үстінен түскен емес. Шаруашылықтың барлық жұмысын аяғынан тік тұрғызуға күш-жігерін аямады. Уақытпен санасу ол кезде болмайтын. Талай ұзақ түндерді ұйқысыз өткізген кездері де көп. Таңмен таласа тұрып атқа қонатын ол ұзақты күнге қыруар шаруа істейтін. Басқарған ұжымының жақсысын асырып, жаманын жасыру жолында өз адамдарының біріне қатты айтып, біріне ақылмен ықпал еткен. Сол

кездегі колхоз адамдары да жасымас асылдар еді-ау! Қаншама ауыр еңбекті қолмен атқарса да олар соның бәрі мына бүгінгі болашақ үшін, бақытты ұрпағы үшін істеп жүргенін түсінетін. Осындай жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде егін шаруашылығынан мол өнім алып колхозшылардың тапқан әр еңбек күніне 1,5-2,0 килограмнан астық беруге қол жеткізді. Колхозшылардың әл-ауқатын көтеріп, жұмысқа деген ынтасын арттырып тастаған жылдар болды.

Мал шаруашылығын да өркендетіп жеке меншікке мал ұстап, оны өсіруді де қолға алған болатын. Осындай жүргізілген тиімді шаралардың нәтижесінде «Жаңа тілек» колхозы аудандағы алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың бірі болды.

Көне көз қариялардың айтуы бойынша:

Сол «Жаңа тілек» колхозында төраға болып жұмыс істеп жүргенде сүйегі Сары Әділбек ақын былай деп қалжындайды екен:

Нұрғалидан шыққан Әбенім,
Сөзің майда күлкімен.
Дұрыс болушы еді сәлемің
Адамға зияныңды тигізбей,
Өзіңді сыйлаушы еді
Маңайдағы әлемің,-дсйді екен.

1950-жылдары аудандағы 36 колхоз ірілендіріліп 9 колхозға біріккенде «Карл Маркс» колхозының орынбасары болып біраз істегеннен кейін ферма меңгерушілігіне ауыстырылады.

Ол кезде зоотехник деген жоқ, тек мал есебін жүргізетін есепші (учетчик) деген болады. Өзі ферма меңгерушілігіне ауысқаннан кейін мал есебін жүргізуші есепшілікке Торғауытов Дүйсенбайды алып осы кісімен өмірі зейнеткерлікке шыққанша бірге істеді. Екеуі өте тату-тәтті сыйласымды бірін-бірі құрметтеп қадыр тұтқан адамдар еді.

Менің марқұм Серкібол деген бауырым болды. Әбек үйге келгенде Дүйсенбайды «Дүйсеке, Дүйсеке» деп күтетін болса керек. Сонда Серікбол бауырым кішкентай ғой «Осы папам ылғи Дүйсеке, Дүйсеке дейді, бұл папамның әкесі ме?» –деп күлдіретін.

Әбек басқарған ферма коллективі үнемі ірі қара шаруашылығын өз төлінен өсіруде, одан өнім алуда табысты еңбек етті.

Жаз жайлауды тиімді пайдаланып, ірі қара малынан алынған төлдерді болуде әр бұзаудың салмағы 180 килограмнан кем түскен жылдары болған жоқ.

Жазғытұрымғы егін шаруашылығын егіп баптау арқылы өнімді мол алып, оны уақытында жинап алуда, қатаң мал азығын дайындауда үнемі алда болды.

«Көп түкірсе- кол» , «жұмыла көтерген жүк жеңіл» екені анық. Сауыншы апаларымыз Сақи, Бәтима, Әзен мен Бижамалдар қарауларындағы 150 сиырды сауды. Олардың әрқайсысына 20 сиырдан бекітіліп берілген еді. Оларды үш уақыт сауып, сүт тарту зауытына аттандырып отыратын. Кейде қолдары босағанда тұрғын үй, кораларды жөндеу жұмысына кірісіп кететін. Сөйтіп, жазда дала жайылымын, қыста жем-шопті үнемді, әрі ұқыпты пайдаланып, мал күйін томендетпейтін.

Қашанда табыс өздігінен келмек емес. Ол үшін қажырлы еңбек, қолдағы күшті мүмкіндікті барынша тиімді пайдалану қажет. Мал шаруашылығындағы көрсеткіштерін арттырғаны үшін елуінші жылдары Москвадағы Бүкілодақтық халық шаруашылығы көрмесіне барып сол көрменің күміс медалімен марапатталған.

Зейнеткер ұстаз, Қазақ ССР-нің және СССР-дің халық ағарту ісінің озық қызметкері Кенжебаев Қайнолла Көктүбек ауылы «Карл Маркс» колхозында жеті жылдық мектепте көп жылдар қызмет істеді, соғыс ардагері Оразбаев Қасымның үйінде отырғанда Әбеннің Қазақ ССР-нің халық шаруашылығы көрмесіне екінші рет барғанын былай әңгімелеген еді:

Әбеннің Бауыржанмен кездесуі

Өткен сұрапыл соғыс адам баласына көптеген қиыншылықтар келтірді. Соның бірі ауылшаруашылығына келтірілген қиындықтар. Соғыстан кейін осы қиыншылықтарды жою бағытында, шаруашылықтың барлық салаларында қайта құру бағыты жүзеге аса бастады. Әсіресе, адам баласына тұтынатын заттар, ауылшаруашылық өнімдерін молайту, жақсарту бағыты да қолға алынды.

Қазақстанда осы бағытқа негізделген ауылшаруашылығының әрбір салаларына көрме ұйымдастырылып, жаңа жоспарлар белгіленді. Әрбір жерлерден арнайы ауыл шаруашылығында белсенді қызмет істеп, ерекше көрініп жүрген адамдардан өкілдер шақырылды. Соның бірі Көк түбек ауылсоветі «Карл Маркс» колхозының сиыр фермасының бастығы Нұрғалиев Әбен осы ауыл шаруашылық көрмесіне қатысуға жолдама алды. Әбеннің жолдастары Дүйсенбай, Қасым, Кәржікен, Мақаш, Ықылас т.б. адамдар Әбенді Алматыға шығарып тұрып:

- Ой, Әбен, базарлықты мол әкелерсің, мына кетіп бара жатқан сапарың сен үшін бақыт, ауылшаруашылық көрмесіне қатысу деген – ол бір келешек ұрпағың ұмытпайтын сара жол,-деп шығарып салады.

Әбен Алматыға келіп қонақ үйге орналасып, өзі сияқты Шымкенттің көрмеге қатысушы азаматымен бірге жатады. Көрмеге

катысушыларға жиналыска, кинотеатрға, ресторанға, жол ақыларына т.б. әртүрлі мәдени орындарға жүріп тұруға берілген арнайы анықтама қағаздары бойынша әрбір жерлерді аралап жүреді.

Бір күні қасындағы жолдасы екеуі Қазақстан ресторанына келеді. Ресторанның іші табиғаттың әсем көріністері мен қазақтың ою-өрнектерімен безендірілген екен. Ресторанның тең ортасында дөңгелек үстел қойылыпты. Үстелдің үсті қазақтың ою-өрнектерімен безендірілген дастарханмен жабылған. Үстелде қазақша киінген әдемі жас әйел және келбетті жігіт отыр екен. Әбден соларға көз тастап екінші үстелге барып орналасады, қасындағы жолдасына: «мына ресторанның әсем көрінісіне, қазақша киінген әйел мен жігіттің жақсы көрік беріп тұрғанын қарашы!»-депті. Сонда қасындағы жолдасы:

- Жүдә, жақсы екен,-депті. Үстелде отырған қазақ жігіті Әбендердің қасына келіп Әбенге:
- Сен нағыз таза қазақсың, қай жерденсің?-дейді.
- Семей облысы Ақсуат ауданынан келдім,-деп жауап бердім. Қасымдағы жолдасыма:
- Сен шала қазақсың. Шымкент жақтансың ғой,-деді. Ол
- – Иә?-деп жауап берді.
- Мені танысыңдар ма?-дейді.
- Жоқ танымаймыз?
- Танымасаңдар Бауыржан Момышұлы деген мен боламын,-деді.

Әбен орнынан атып тұрып «Ассалаумағалейкум» деп сәлем береді. Отырыңыз, бізбен бірге дәмдес болыңыз,-деп столына шақырады. Сонда Баукең: - Жоқ сендер менің үстеліме жүріндер. Менің құрметті қонағым болыңдар. Сендерде қанша ақша бар дейсің? Маған қаншама қонақтар келеді. Таныстар мол. Бәрі сәлем береді. Оның бәріне қаражаттарын жете қоймас.

Біз орнымыздан тұрып Баукеңнің үстеліне барып жайғастық. Баукең күтушіні шақырып тамаққа тапсырыс берді де:

- Қысылмай еркін отырып тамақ ішіңіздер,-деді. Баукең бірнеше әңгімелерді айтып отырып сөз арасында мен туралы не білесің?-дегенде мен абыржыңқырап қалдым.

- Бауке, менің білімім небары төрт-ақ класс. Сіз туралы естіген аңыз әңгімем болмаса оқыған кітабым жоқ,-дедім.

- Осы да болады, шетте жүрген еңбек адамдарының мен туралы аңыз әңгіме айтуы -- мен үшін үлкен ғанибет. Бірнеше әңгімелерден сон қайтатын уақыт таяп қалған кезде Баукең: «Ал, енді ауылына барғанда не айтасың? -- дегенде «Жолдастарым мені шығарып салғанда мол базарлық әкел деп еді»,-дедім. Сізбен болған мына кездесуімді айтқанда

бұдан үлкен базарлық болмас». Баукең маған разы болып: «Мен талай білімді адамдармен бірге жүріп, бірге тұрдым. Ал, өзіндей қарапайым еңбек адамының аузынан мен туралы аңызға айланған әңгімелерді есту мен үшін де, мына қасымдағы жұбайыма да ұмытылмайтын кеш болды», - дейді. Рахмет десіп, қош айтысып, көңілді отырғанымызға риза болып тарастық.

Ауыл шаруашылық кормесінде талай адамдармен кездесіп, жақсы тәжірибелер алысып қайттық. Ауылға келгеннен соң жолдастарым ортаға алып:

- Ал, Әбен не кордің, не білдің, базарлығың мол ма? - деген сұрақтарды бірінен кейін бірі қойып жатыр. Астанаға қалай барғанымды, орналасқанымды, қалай қарсы алғандарын, көрген-білгендерімді айтып жатырмын. Соның ішінде Баукеңмен кездескенімді жолдастарым қайта-қайта сұрап, бірнеше сұрақтар қойып менен талай әңгімелерді білді.

Оразбаев Қасым мектептің директоры еді. Мектеп оқушыларымен кездесу откізіп: Міне, еңбектен бақыт тапқан әкелеріңнен үлгі алыңдар, - деп кездесу откізді.

Мен үшін болған бұл жағдай ұрпақтан-ұрпаққа із қалдырған, еңбектен бақыт табу осындай деп ойлаймын, - дейтұғын Нұрғалиев Әбен.

Замандастары осы екі көрмеге барған сапарына да той жасап бүкіл колхозшыларды шақырып атап өткен еді деп еске алады.

Дүйсенбай ақсақал өзі домбырашы, әңгімешіл адам еді. Жазда каникулда жүргенде «Көктомар» деген жайлауға бірге барғаным бар. Ұзақ жолда Дүйсекеңе әңгіме айтыңыз, жол қысқарсын дедім. Осы сіздер істеген ферманың жұмысы жақсы деп жұрт мақтап жатады, басқа фермалардан қандай айырмашылығы бар? - демеймін бе. Сонда Дүйсекең күліп, ол жұмыстың тетігін тауып ұйымдастыруға байланысты. Сөзді сөз қозғайды дегендей ойыма бір нәрсе түсіп кетті.

Шөп шабу науқаны, айлық кезінде жұмасына 500-600 тонна шөп дайындау керек. Осы мақсатта шөп шауып жатқан бригадаларды барып аралап қарасам, механизаторлар жұмысқа салғырттау бірі тұрып, кейбіреулері бірдеңелерін жөндеуде. Әйтеуір қарқынды жүріп жатқан жұмыс жоқ. Әрқайсысымен әңгімелесіп осы жетінің графигі бола ма?, - десем бұйырғаны болады ғой дейді.

Аралап көріп қайтқанымды, жұмыстың сылбыр жүріп жатқанын Әбене келіп айттым. Ол кісі «бір жөні болар, ертең өзім барып қайтамын. Әлі жұманың басы ғой» - деп жауап берді. Келесі күні кіші бесінге таман шөпшілерді аралап көре кетейін деп барсам, шөп басында бір де бір техника, бір де бір адам жоқ. Аң-таң қалып ауылға келсем

техникаларды линияға қойып тастаған. Механизаторлардың барлығы асханада. Табақпен тартылған бас, табақ-табақ ет. Орталарында Әбен арак құйып беріп жүр. «О? Дүйсеке, жақсы келдіңіз, жоғары шығып торлетіңіз. Ниетіңіз қалыс скен»-деп мені жоғары шығарып жіберді. Мен де осы механизаторлармен табактас болып бірге қонақ болғаным бар. Аракты ішіп масайыңқырағанын қостағы үйге апарып жатқызып жатыр. Демалып тұрғандарына кешкі тамақтарын беріп ертерек жатқызып тастады. Таңертең сағат төртке таңғы астарын даярлатып қойып механизаторларды оятып тамақтандырып: «Ал жігіттер, бүгін де дем алайық па? Жоқ жұмыс істейік пе?»-дегенде механизаторлар «енді жұмыс басына барайық»-деп шу ете түсті. Осы механизаторларға корсетіліп жүрген қонақжайлықтың барлығы оз есебінен жүргізіліпті. Сол жұмада 900 тонна шөп дайындап, ауыспалы Қызыл ту мен ақшалай сыйлыққа не болдық.

Әндіме тиегін ағытып Дүйсекең бұл жұмыс жөніндегі жасаған жомарттығы болса құрдастары Қасым, Мақаш, Ықыластармен арасындағы «аттық ойын, тайлық күлкілері» бір төбе.

Әбен сиырлы, қойлы, жылқылы адам болды. Осы қолындағы малдың көпшілігі жолдастарында, ағайындарында, жетімсіз жақын-жуықтарында сауында жүрді. Соның көбісі бұзауларын алып қалып, сиырын айдап кеп маған айтып тапсырып жатады. «Әбе, сиырыңыздың бұзауын әкелмепті»,-дегенімде, «Е, өлтіріп алған ғой»,-дейтін де қоятын, айылын жимайтын адам еді.

Әбеннің баласы Сәбет деген, құрдасы Қасымның үйінде тұрып оқыды. Мал ішінде үнемі жүретін есебін жүргізетін мен. Күзге таман Қасым келіп маған жолығып «Әлгі менің үйімдегі Әбеннің баласы «аштан өлгелі жатыр», бір мал әкеліп берем деп еді, өзі көрінбей кетті»,-деп Әбеннің бір малын жылда айдап әкетеді. Әбенге айтсам «Ой, ол «соқырдың» менің малымда несі бар, барып жолығу керек екен»,-дейді де қояды. Одан арғысында менің қанша шаруам бар, менікі айтып міндетімнен құтылған.

Бір жылы жайлауға елді көшіріп бара жатқанда Әбен Қасекен жолығып «Әй, Әбен, менің жайлауда бір серкем бар еді, сен соны ұмытпай ала келші»,-деп тапсырғаны бар. Әбен де «жарайды, әкеліп берем»,-деп жатыр. Жайлауға ел көшіріп Қасекеннің серкесін алып, бір шама адамдармен қайтып келе жатқанда «Ақшағылдың» бойынан ағатын Қарғыба өзені кемерінен асып-тасып жатыр екен. Артта жайлау алыс, қыстауда кісі қалмаған кез. Шофер «нартәускел» деп машинаны суға салып жіберіп өтем дегенде, өзеннің жиегіне шыға бергенде машина суда қалып, машина үстіндегі адамдарды атпен шығарып

алғанымыз бар. Кісі коп, ат екеу ғана. Ауылдан қатынасқан ешкім жоқ. Бір қауым уақыт өткен соң жағадағы адамдар ашыға бастады. Ортамызда Әбен. «Ой, Әбе, енді не істейміз?»-десек, Әбен «ана серкені сойындар. Қасым ет жейді екен деп осыншама адам аштан өле ме?»-дегені бар емес пе. Бір аттыны қыстаулардың күзетшілеріне жіберіп тұз, ыдыс-аяқ әкеп серкені сойып жеп алғанымыз бар. Қалған әңгіме Қасекен мен Әбеннің арасында, есеп айырысатын да солар. Бірақ, көпке бұйырған ас болды деп күлісетінбіз. Міне, осындай өзiл-қалжыңдары жарасқан адамдар болатын.

Ұзын жол ғой ағаңның енді бір әңгімесін айтайын. Мақаш деген бір құрдасы мұғалім болды. Көкжыра орта мектебінде сабақ берді, бұл екеуі де қатты қалжындасатын адамдар еді. Бір жылы қаңтар айында малға санақ жүргізіп «Байбалта» қыстағында өгіз бағатын Сыдық деген ақсақалдың ауылына келіп мал санадық. Малды бірнеше рет санадық, бір өгіз жоқ. «Ой, ақсақал, бір өгізің жоқ, бұл қайда?»-десек, ақсақал ойланып отырып «бір өгізді Әбеннің қағазымен Мақаш айдап кеткен»-деді. Әбен «көне қағаз?»-деп еді қалтасынан қағазды алып Әбенге берді. Сонымен малдың актісін жасап малын түгендеп аттанып кеттік. Санақта жүрген мен, Әбен және бір санитар бар үшеу едік. Әбен «Ой, Дүйсеке, қасымызға ертетін тағы кім бар?»-деп сұрады. Басқа ешкім болмады. «Байбалта», «Кокжартасқа» өте тақау болатын, кеш батып қалған. Әбен «өгіз ұрлаған «Соқырдың» үйіне барып қоналық»-деп екеумізді ертіп Мақаштың үйіне келіп түстік. Мақаш та, бәйбіше де үйінде екен, жоғары шығыңыздар деп күтіп қарсы алып жатыр. Шайда отырып тортеуміз үш жартыдай арақ ішіп қойыппыз. Тағы сақтап жүрген екі сауыт спирті бар екен ол да көпке бармай бітіп қалды. Мақаң қолайсызданып, саскалақтап, жанында «Кокжырада» сатушы болып істейтін Шарахметтің үйіне қайта-қайта барады. Магазинді түнде ашуға мүмкіндігі жоқ, пломбалап тастаған, ашу қылмыс. Үйге қайтып келсе Мақашты Әбен «Қарап отырамыз ба? Арақ жоқ болса, үстеліңе шығып биле» – деп мазасын алады. Сүйтіп қалжындасып отырып жатып қалып таңертең түрсақ, арақ әкелген болу керек, Мақаң арақ құя бастады. Тортеуміз бір жартыны ішкеннен кейін Әбен «Әй, Соқыр, сен мына мазағынды қой. Дұрыстап дайындал, ферма болып үйіңнен келіп дәм татамыз, онсыз ұрлығың жабылмайды»-деп өзiлдеп аттанып кеткеніміз бар еді,-дейді.

Ол кездегі жағдай белгілі қолдағы жалғыз сиырдан басқа мал жоқ. Әбен болса кіндік қаны бір, өзі құрдас, туыс адам. Жылда барып үйінен дәм татып, қалжындасып отырып бір соғымның басын қайырып қайтатынымын. «Ер кезегі үшке дейін» дегендей, үштен кейін тағы барып

айту қолайсыз болды да, бұл жолы бір қалжыңмен жолын табу керек болды. Өзің айтып отырған «Байбалта» қыстағындағы Сыдық деген ақсақалда Әбеннің бір-екі өгізі бар деп еститінмін. «Қателесіп қалам ба?»-деп жансыздар арқылы анықтап біліп алдым. Мұны енді қалай алу керек және санақ жүріп келе жатыр дегенді естіп отырмын. Ендігі жерде санақ келмей тұрып алып кетудің аяласын ойладым. Әбеннің жазуын айнытпай жазып, қолын тура өзі сияқты қойып, бір күні «Байбалта» қыстағында өгіз бағатын Сыдық ақсақалдың үйіне мал қайтады-ау дегенде бардым. Ақсақал күн суықтау болғандықтан тоңыңқырап келген екен. Ас-суын ішіп жадырасын деп сәлемдескеннен кейін барған бұйымтайымды айтпай үндемей отырдым. Ас-суын ішіп болғаннан кейін ақсақал мені әңгімеге тартып «Балам, не бұйымтаймен келіп едің?»-деп сұрады. Ақсақалға «Әбен маған бір өгізін беріп еді»-деп өзім жазған қағазды ұсындым. «Жарайды балам, қағазы болса болды, ала бер»-деп бір үлкен өгізді алдыма салып берген соң; үйге айдап әкеліп, келесі күні сойып алдым. «Әбен маған не қылар дейсің, көп болса бір сиырымды алар, әйтпесе жағдайға қарай қорермін»-деп жүргенде бір күні жанында екі кісісі бар үйге келіп түсті. Шай ішіп болғаннан кейін далаға шығып қора жаққа көзін тігіп қарап маған «Әй, Соқыр, өгізді сен шын сойып алғансың ба?»-деп сұрады. «Соғымға берген малды неге соймаймын?»-деп мен де дүрсе қоя бердім. «Онда үйіңе жүр»-деп әлем-тапырығымды шығарып түнімен қалжыңдап жоғарыда айтқанындай аттанып кеткені рас еді деп күлетін.

Дүйсекең жол қысқарту үшін енді бір әңгімесін айтты. Ықылас осы фермада бір табын тайынша бағатын, Әбенмен құрдас. Қыста Әбен табын аралап келе жатып осы құрдасыныкіне келіп түседі. Құрдасы құдам келем деп еді, бүкіл ауданда арақ жоқ, еттің де орайы болмай, келетін құдамнан қатты ұялып отырмын депті. Ықыластың жүгіріп жүрген Бақашок деген баласы бар екен, Әбен сол баланы шақырып алып, Әбеннің қалтасынан балаларға деген конфет үзілмейтін, балаға аған құдаларға деп арақ әкелді ме десе Бақашок кеше екі ботелке арақ әкелген депті. Шайға келгенде Ықылас құрдасы Әбен, үйде столға қоятын ештеңе болмай сенен ұялып отырмын депті. Сонда Әбен кеше Ақсуаттан әкелген екі ботелке арақты қайда жібердің, ұялмай-ақ соның біреуін әкеп қой депті. Дастархан жайылғаннан кейін Әбенге жолығамыз деп ауыл адамдары келеді. Бір жарты ашылған соң не болсын бітіп қалады. Кетерде Әбен Ықыласқа сен қалған бір жартыны маған жолға салып бер. Бір жартымен құда күтіп аттандырамын деп тұрсың ба? десе, Ықылас ренжіп бергісі келмесе керек. Сонда бәйбішесі бір жартымен не істегелі тұрсың деп жолға салып беріпті.

Бір күні мал аралап Әбен тағы келеді, малдың күй-жайын көріп құрдасына: «Үйіңде бірдеңе жоқ па?»-десе Ықылас шамданады. Сонда Әбен шананды шек те маған ілес, ауылда бір шаруа бар деп ертіп кетеді. Жолдағы бір бойдақ мал бағатын табынға келіп тоқтап қоғамдық тамаққа бір үлкен өгіз сойғызады да завхохға өлшеп откізерде мына Ықыласқа менің атыма жазып елу килограмм ет бер дейді. Ықылас етті салып алып бағанағыдай емес көңілі көтеріліп қалады. Ықылас кеттік деп одан әрі ертіп кетеді де орталықтағы Көржікен деген сатушының үйіне тоқтайды. Сол үйде шай ішіп отырғанда бір шофер бір машина арақ әкелдім, түсіріп алыңыз деп кіріп келеді. Әй, Ықылас жолың болғыш жігіт екенсің, іздегенің алдыңнан шыққанын қарашы деп дүкенге ертіп барып бір жәшік арақ алып, Ықыласқа Әй, Ықылас, мынау жпырма ботелке арақ, екеуі әнеу күнгі маған берген арағың, екеуін өзім барғанда ішемін, сақтап қоясын. Ал қалған он алты ботелкемен құданды күт деп қайтарып жіберіпті.

Осы әңгімесіні Ықылас ақсақалдың өзі де аузынан суы құрып айтатын. Құрдаспыз деп қалжыңдасқанымыз болмаса Әбен маған туыстан артық болды ғой. алғандарыма бір де тиын ақша төлегем жоқ деп отыратын жарықтық.

Дүйсекең Әбеннің осы қасиеттерінің барлығын жанының сұлулығы мен жүрегінің жомарттығы ғой дейді. Бұл әрине, естіген құлаққа жағымды әңгіме. Адамның адамгершілік қасиетіне әр беретін де, әспеттейтін де оның азаматтық болмысы, кісілік қошелілігі емес пе деп әңгімесін доғарған еді.

Қосаев Талғатбек пен Қажиев Базарбек ақсақал ауруханада бірге жатады. Бір күні Базарбек ақсақал Талғатбекпен әңгімелесіп отырғанда бір әңгіменің тиегін ағытып «ақ көңілдің аты арып, тоны тозбас» дегендей мен осы ауданда Әбеннен ақкөңіл адамды көрмедім. Өз пайымдауымша осы біздің жанұя кірісінің алпыс пайызына көмектесіп көтерілуіме демеуші болған осы Әбен еді депті. Талғатбек те қалжыңға ұста адам еді «алмақтың да салмағы бар» дегендей ондай қарымта жасаймын десең Әбеннің өзі болмағанмен, артында қалған інісі жүр, соған айтайын десе, онда нең бар, мен сол марқұм Әбеннің адамгершілік қасиеттерін есіме түсіріп, оның жанының жайдарылығы, ашық көңілі, жұмсақ мінезі, достыққа берік, әрі ер, адал азамат еді, сонысы есіме түсіп әңгіме сабақтағаным сол мақсатта болатын депті.

Тағы бір дәйек. Рахымжанов Сағындық соғыс, еңбек ардагері, кезінде аудандық атқару комитетінің хатшысы, «Ленин жолы» колхозының төрағасы, өмірінің ақырына дейін мал дайындау (заготскот) мекемесінің бастығы болды. Баласы Қуанышбек 1976-жылдары

аудандық партия комитетінде нұсқаушы болды. Мен ол кезде «Ленин жолы» совхозында партия ұйымының хатшысы едім. Жоғарғы партия ұйымдарынан келген қаулыны осы Қуанышбекке тапсырып кетейін десем жұмыс аяғы аяқталған, кеңсе жабық. Үйіне апарып берейін деп барсам үйінде де жоқ. Күтуге тура келді. Үйде Сағындық аға мен жеңгеміз Қадила отыр. Сағындық ағайымыз ол біразден кейін келеді, бірақ сен ешқайда бармайсың, қонақ боласың деп жібермей қойды. Еріксіз сол үйде болдым. Қадилаға шай қайнаттыртып, тамақ астырып қойды. Алдында оқып отырған газет-журналдарын жиып тастап менімен оңгімеге кірісті. Тегіндегі өзі істеген ауылдың жағдайын сұрап біліп жатыр. Сол ауылдағы ескілікті адамдарды да сұрап, кезіндегі қарым-қатынастары мен іс-әрекеттерін айта отырып, мен осы оңірдегі жақсы адамдардың бірі Әбен деп есептеймін деді. Өркім алғанды жек көрмейді ғой. «Жақсының жақсылығын айт нұры толсын» дегендей сол Әбенді әлі күнге есте сақтап ұмытпай құрметтеймін. Жалғыз мен емес ол кісінің қандай адам болғанын бүкіл халық біледі.

Жаспын, алғашқы үйленген кезім. Кедей шаруамыз. Көрі әкешем бар. Әкем дңірменші, нан жағынан кедейшілік жоқ. Қадила болса менен гөрі жіліктілеу жерден шыққан, бізге сынай қозбен қарайтын алғашқы үйленген жылдарымыз болатын. Күн жылжымай тұра ма, ана-мына дегенше қаңтар айы да тақап келіп қалды. Елдің көпшілігінің соғымдарын сойып алған кез. Қадила отырып бір күні: «Сендер осы соғым соймайтын адамдарсыңдар ма?»- дегені бар емес пе? Мен: «Соғым болады, бір ағайыма барып жолығып келуге уақыт болыңқырамай жүр»,-дедім. Осы сөзден кейін күн ұзармай Әбене бардым. Ол кісі ол кезде «Жаңа тілек» колхозында тораға болатын. Барсам үйінде екен. Шай ішіп болған соң бұйымтайымды айттым. Мына «Шитобе» деген жерде Сыдық деген ақсақал ірі қара бағып отыр, сонда менің бірер малым бар. Мен жіберді десен соның біреуін береді, менен сөлем айт деп жолға салды. Барсам айтқан ақсақалы ірі қараны қораға қамауға айдап алып келе жатыр екен, жолығып сөлемдесіп, Әбеннің сөлемін айтып едім, әнеу жүрген өгіздердің қайсысын айтқанын өзін білесің, ала бер деді. Әкемнің малындай ірі қара ішінде бір үлкен ақшұбар өгіз жүр екен, соны айдап жүрдім де кеттім. Үйге әкеліп сойып алдым. Бір өзі екі соғымның етіндей ет берді. Бір май, бір ет болды да қалды. Қадиланың да қоңілі орнына түсті. Кедейдің көтеріле қоюы оңай ма? Келесі жылғы соғым уағы да такады. Қадила тағы сен былтырғыдай сөзбай бар болса соғымныңды ерте әкеп сой. Қайдан әкелуші едің дегені бар емес пе? Мен былтырғы ағайыма барып қайтайын деп отырмын деп едім, ол сенің қандай ағайын, мен осы босағаны аттағаны үйдің есігін

ашып қорған адам емес. Ұят емес пе, соғымсыз қалсаң да бармайсың дегені. Ой осының сөзінде де бір жан бар-ау деп сол жылы «Социалистік» колхозының бруцеллезге шыққан сиырларына бір тайынша, үстіне ақша қосып беріп соғым сойдым.

Мұны айтып отырғаным қазірде мен осы аудандағы бір ірі мекеменің басшысымын ғой, сөздің шыны дәл сол Әбендей мырзалық жасай алмаймын.

Міне, арада бірнеше жылдар өтсе де Әбене деген сыйластық неге мұндай күшті болды деп ойласақ, шешімі біреу-ақ, ол Әбеннің кезінде адамдарға үлкен септігін тигізген адамгершілік қасиеті еді.

Токсаныншы жылдары «Сәтбаев» совхозына іс сапармен кетіп бара жатсам, ауданнан шыға берістегі аялдамада жанында бір қыз баласы бар Алтын апайымыз түр екен. Токтап, мені танысыз ба деп едім, танымаймын деді. Мен Әбеннің інісімін ғой деп едім бас сап бетімнен сүйіп, танымай қалдым, жас кезінде біздің үйдің шаруасына байланысты келіп жүргенінді қордім ғой, бірақ, қартайдық ұмыттып қалыппын, Әбенді айтқан соң есіме түсіп жатырсың ғой деді.

Тегінде менің жолдасым Зейнолламен Әбен «Карл Маркс» колхозында бірге істеді. Зейнолла қызмет бабына байланысты сотталды. Оралғанша бірге туысқан інісіндей көмектесіп тұрған Әбенді қалай ұмытамын деп Әбеннің жасаған жақсылықтарын, көрсеткен жолдастық көмектерін айтып жатыр. Сойткенше «Амангелді» совхозына да келіп қалдық, апамыз үйге түс, қонақ бол деп бәйек болып жатыр. Апамызды апарып салып, үйіне әкеліп кіргізіп ілгері жүріп кеттім. Осы ауылдың азаматы Қонекбаев Социал әкем ауырып жатқанда сөлем айтып Әбеннен соғым алып қайтып едім десе, Әділғожин Социал ұмытпасам жанымда Болсынбек деген азамат бар, жаңа оқу бітіріп келген кезіміз, ауылға бір өкіл келетін болып «Карл Маркс» колхозынан нарядқа екі қой сұрап алайық деп барсақ колхоз председателін таба алмай, құлдап келе жатып Әбенге жолығады. Әбен үйіне апарып, ас-су беріп, кеуіне екі қой салып беріпті. Ақшасын ал десе, қазір студентсіңдер ғой, байығанда молырақ қып әкеліп берерсіңдер деп шығарып салыпты.

Руы Қонші Байтеміров Мұхатайлардың отбасы Әбенмен бірге туысқан туыстарымыздай араласып өттік дейді Жәмеш апай. Біз үшін ағайындай жасаған көмегі, достық жылы алақанының қуаты әлі күнге дейін есімізде сақталып келеді деп отыратын.

Міне, айта берсе мұндай әңгімелер ел ішінде өте көп. Бұл айтылғанның барлығын мүмкін кейбіреулер атқарған қызметімен байланыстырар. Олай емес.

Енді зейнеткерлікке шыққан кезіндегі бірер мырзалығына тоқтала кетелік. Тегінде Омаров Молдақанмен де ауыл шаруашылығында біре жұмыс істеген адам. Молдақанның мойнына жылқы мініп, зейнеткерлікте үйде жатқан Әбең келіп жағдайды айтып көмек сұрайды. Жарайды, бірер күннен кейін кел деп өзінің, әкесінің, ағаларының бір-бір бизнесін алып, келесі келген күні алдына сап айдаптырып жіберіпті.

«Сәтбаев» совхозында Мәстекбаев Марат директор болып жүрген тұста Семжанов Нұрбатыр шаруашылық меңгерушісі болып жұмыс істеген. Совхозға бір өкілдер келіп Зайсан қолінің жағасына бес киіз үй тігіп күтіп, өкілдерді шығарып салып қайта барса, орнында киіз үйлері жоқ ұрлап кетіпті. Ауылға келгеннен кейін бес киіз үй Нұрбатырдың мойнына мінеді. Әбен тағы да азаматтың басы аман болсын деп өзінің үзіктелген алты қанат ақ үйін, әкесінің інісі мен ағаларының басына тігіп жүрген үш киіз үйін алып төрт киіз үйді Нұрбатырдың қолына табыс етеді.

Бір жолсапармен сол ауылға барғанда Әбеңнің әкесінің інісі Ахметқали ақсақалға жолығып, сөлем беріп, жағдайларын сұрап, әңгімелесе келе бауырыңызбын, қалай тұрып жатырсыздар демеімін бе? Сонда Кенже дейтінбіз, білмеймін осы Әбеннің не істеп жүргенін, жылқыны оны, киіз үйді оны құртты, айтар сөз жоқ деп жымнып күлетін. Неткен сыйластығы күшті адамдар,- деп соның барлығын ойға аламын.

Кенже ағасы Ахметқали ақсақал бұл Әбен жасы өзінен үлкенменде, кішіменде, қызметі, не лауазымы жоғарыменде, жай қарапайым кісілерменде өзін тең ұстап сыйласа білді. Кімге де болсын қолдан келген көмегін аямаған адам. «Сенімді ердің алдында сен бұзылар» дегендей көпшілік оған үнемі алғысын арнады.

Әбенмен ұзақ жылдар бойы істеген Дүйсенбай ақсақал былай дейтін: Шырағым әр заманда басшы болған адамдар талай кезеңдерді, жақсы мен жаманды бастарынан өткереді.

Міне осы тұрғыдан алғанда Әбең өз басын кісімеушіліктен аулақ ұстайтын, ғұмыр бойы «ұлық болсаң кішік бол» деген қанатты қағиданы ұстанды.

«Мен басшымын, менің айтқаным ғана жон» деп өзімбілділікке, өзеурушілікке салынбаған, өз өзіне сын көзбен қарап, өзгелердің пікірін құрметтеуді алғашқы күннен бастап берік ұстаған еді.

Жұртына қайырымды болып, өз ортасында сыйлы, қадірлі бола білген, халық үшін қам жеген қаранар деп атауға болады.

Кейінгі жылдары карауына оқыған зоотехниктер келіп жұмыс істей бастағанда, жастар орнымды алып қояды-ау деп саспай, абыржымай, жастарға қолдау көрсетіп, қамқорлық жасаған осы Әбен болатын. Сол мамандардың алдыңғы қатарындағылары болып Семжанов Сербатыр келген еді.

Әбен өмір бойы өзінің кіндік қаны тамған жерден туған өңірінен ұзаған емес. Тарбағатайдың бал татыған суын мейірі қана ішіп, туған жерінің топырағынан қуат алды.

Енді осы Әбенмен зейнеткерлікке шыққанға дейін екеуінің жұбы жазылмай бірге істеген Дүйсенбай Торғауытұлына тоқталайық.

Дүйсекең осы ұжымның ішіндегі ең жасы үлкені болды. Оның ақылмандығы, тәлімгерлік қасиетінің арқасында істеген жұмыстары алға басты. Дүйсекең ұйымдастыру қабілетімен қоса өнерден де құралақан адам емес. Өзі әңгімешіл, өзі домбырашы кезі келгенде қазақ әндерін нақышына келтіре айтатын әнші еді. «Ұяда нені көрсең ұшқанда соны ілерсін» дегендей үлкен қызы Күлпаш алпысыншы жылдардағы көркемөнерпаздар байқауының аудандық, облыстық фестивалінің лауреаты атанды. «Сырлы аяқтың сыны кетсе де сыры кетпейді» дегендей кезіндегі сол фестивальдарда домбырамен орындаған әндерін әлі күнге дейін бұлжытпай орындап келе жатқан шебер әнші. Ұлдары Дәурен мен Қалкеш те өнерден құралақан емес. Күлпаштың жолдасы Әділғожин Социал адам дәрігері, медицина ғылымының кандидаты, доцент. Кезінде Ақсуат ауданының өкпе ауруы диспансерінде меңгеруші, Ақсуат аудандық ауруханасының бас дәрігері, кейіннен Семей облыстық өкпе ауруларын емдейтін диспансердің бас дәрігері болып жұмыс істеп зейнеткерлікке шыққан.

Дүйсекең аты елге танымал ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып қызығын көрді. Еңбек ардагерінің өнегелі өмір жолы осындай.

АЛТАЙ МЕН ӘБЕННІҢ ҚАЛЖЫҢЫ

1975-жылы «Ленин жолы» совхозына партия комитетінің хатшылығына баратын болып, жолай ағайым Әбеннің үйіне соғып жоғарыдағы совхозға баратынымды айтып келісім сұрадым.

- Жарайды бар, Мырзастар қабылдаса қайтарыңда соғып, хабарын берерсің,-деп қош айтысты.

Көпшілік партия жиналысында қабылданып қызметке кіріскеннен кейін тағы да жолай ағайымдыкіне соғып, қызметке орналасқанымды,

бірауыздан партия жиналысында сайланғанымды айттым. «Жарайды, қайырлы болсын!»-деп мені құттықтап, енді саған бір айтар тапсырма бар деді. Тыңдап отырмын. Сол ауылдың бір ақсақалында көптен бері ала алмай жүрген екі қарын сары майым бар еді, соны келесі жолы ала келші деді. Ол кім деген ақсақал, атын айтыңыз деп едім, атының керегі жоқ, сол ауылдың кез келген шалынан сұрасаң атын айтады. Сұраған кісіңе менен сәлем айтсаң болғаны,-деп шығарып салды. Ертсеңде Ақсуаттан қайтарда тағы соғып сұрайын ба?-деп ойладым. Одан соң, е, бір айта салған қалжыңы шығар деп ауылға тартып кеттім. Үйге келсем марқұм шешем Жібек сол ауылдың барлық шалдарын үйге жинап қонаққа шақырып отыр екен. Мен үйге кіріп келіп сәлем бергеннен кейін, барлығы қауқылдасып иә, карағым, орның қайырлы болсын, ауданда не жаңалық бар екен деп сұрап жатыр. Мен: «Аманшылық, бірақ жолда бір ақсақал осы ауылдың бір ақсақалында көптен ала алмай жүрген екі қарын майым бар еді, соны келесі жолы бір келгеніңде ала келіп берші деп сәлем айтты»-деп едім, «Ол Әбен шығар»,-деп барлығы қарқылдап күлісті. Орталарында отырған Ақбота ақсақал «Ол менмін ғой»-деп айтты. «Сіз қалай берешек болып жүрсіз?»-деген сөз мұң екен әңгіменің тиегі ары қарай жалғасты:

Мен, Алтай, Әбен – үшеуіміз Қарағандыда шахтада бірге жұмыс істедік. Жұмыс өте ауыр болды. Солардың арасындағы жасы үлкені де мен едім. Маған жұмыс істеу өте ауыр болды. Алтай жұмыс ауысымының бастығы, Әбен одан төмендеу қызметте. Бірақ Әбен өте пысық болды және басқаларға қарағанда жағдайы да жақсы қаржылы еді. Алтай болса бауырым, Әбен мені нағашы деп қатты сыйлайтын. Асханада үш уақыт тамақтанамыз. Тамақтануға бір айлық талон береді. Сонымен барып ішеміз. Жұмыс істеп жүргенде бір айлық талонымнан айырылып қалдым. Екінші талон бермейді. Аштан қатсаң да ешкімнің шаруасы жоқ. Амалым таусылып жылап Әбенге келдім. Әбен ой, нағашы, жыламаңыз, ештеңе етпейді деп жұбатып, айлық талонымен қоса жеті жүз сом ақша берді. Әбен барып ана Алтай бауырыңызға жолығыңыз жағдайыңызды айтыңыз. Маған бардым деп ештеңе деменіз деді. Алтайға бардым. Алтай ары-бері сұрап «Дұрыстап ұстамайсыз ба, бұл жерде өзіңізге абай болмасаңыз болмайды»-деп ақылын айтты да, жарты айлық талонын берді. Сонымен жағдай жақсарды. Елден хат та алдым. Елдің амандығын біліп бір қуанып қалдым. Бәйбішем сиыр фермасының меңгерушісі болып жұмыс істейді екен, жағдайлары жаман болмас деп көңіл тоғайып қалды. Кәрі адамға шахтаның жұмысы оңай ма? Жасыратыны жоқ өзгер жүрдім. Соны біліп жүрген Алтай мен Әбен ақылдасып: «Ақа, сізге бір айлық демалыс берелік, ауылға барып

келіңіз» дегендері. Мүмкіндік болса ауылда қалып қоюдың да жағдайын қарастырармыз деп Әбен екеуі сол кезде Аякөздің милиция бастығы болып істеген Данин Сіләмкұлға хат жазып, біздің атымыздан беріңіз деді. Сөйтіп, маған бір айлық демалысымды алып беріп шығарып саларда, ауылдағы жағдайды көз көріп тұрған жоқ, қайдан білейін, ауылда қала калсам, екеуіне ай сайын демейін, үш айда бір екі қарын май жіберіп тұрам деп айтып қалғаным бар. Айтқандары орындалып ауылда қалдым. Ауылдан май жібермек түгілі, ауыл өз күндерін көре алмай жүр, қайдан жібересің дейді ақсақал. Ал Әбенге қалжың керек. Алтайға «Әй, ку, сен ағаңның жіберген майын қайда қойып жүрсің, сатып жүрген жоксың ба?»-деп қалжыңдайды екен. Алтай: «Маған май келсе сенен жасырамын ба? Алғаным жоқ»-деп ақталатын көрінеді.

Сонымен осы қалжың осы уақытқа дейін созылып «екі қарын май қалжыңы» аталып кетіпті.

Әбенді былай қойғанда осы күнде көзі тірі қарт Қарпық ақсақалға: «Ағаң алған майды өсімімен қайтар»-деп мен де қалжыңдап қоямын. «Аттық ойын, тайлық күлкілері» бар қариялар әзілінде жомарт көңілдің шуақтары бар.

ҚАСИЕТТІ ҚАЛАМ ИЕЛЕРІ

Арғы тегі аузымен құс тістеген не бір дүлдүл шешендердің асыл мұрасынан бастау алған Ақсуат оңірі ақындар мен жазушыларға, журналистерге, бір сөзбен айтқанда қасиетті қалам иелеріне де мейлінше бай оңір. Сонау Сұртай, Жылтыр, Жанұзақ, Кәрібайлардан бастау алған ақындық дәстүр 1942-жылы мемлекеттік баспадан «Арман» атты олеңдер жинағы жарық көрген С.Дайырбековтен бері қарай үзбей жалғасып келе жатыр.

Орта буын ішінен КСРО жазушылар одағының мүшесі, бірнеше жыр жинағының иесі З.Тілеужановты ерекше бөліп айтуға болады. Ол қазақ поэзиясына өзіндік леппен келді десек қателеспеген болар едік. Оның ізін баса Ж.Тайшөгеслов шықты. Кейінгі толқын ішінен Ә.Қайырбеков өз теңдестерінің арасынан алғашқылардың бірі болып халықаралық Алаш сыйлығына ие болды.

Ал көзінің тірісінде кітабы шықпасада шынайы ақындық талантымен жүртшылық ілтипатына бөленген Қазақ ССР-іне еңбек сіңірген мәдениет қызметкері М.Баймурзин, Ш.Нұрмағанбетов, М.Шаяхметов, ақын композитор С.Түсіпов, сондай-ақ белгілі айтыс ақындары З. Оразаев пен С.Жансақов, С.Жұматовтардың

өрқайсысы бір-бір зерттеуге лайық талант иелері десек артық айтқандық болмас еді.

Ақсуат өңірінде атақты Кәрібай ақыннан кейін айтыс туын ұстаған Қ. Аманбалайұлы туралы кітабымызда арнайы болім болғандықтан бұл жерде қайталауды артық санадық. «Түйе мінген қазақтың төрт ауыз өлеңі бар» дегендей Ақсуат топырағында әлі де зерттелмеген ақындар баршылық. Олардың ел аузындағы өлең-жырларын тауып лайықты бағасын беру келешек ұрпақтың ісі.

Ақсуатта қаламы күдіретті жазушылар да баршылық. Қазан төңкерісінен бес жыл бұрын қазақ тарихында тұңғыш пьеса жазушы біздің жерлесіміз К.Тогісов екендігін көп адам біле бермейді. Біз сол өкініштің орнын толтыру үшін кітабымызға Қолбай бабамыздың аталмыш драмасын толық жариялап отырмыз. Жасы жетпістен асып бертінде ғана дүниесін салған Ахмет Жүнісов бір біздің ауданның ғана емес бүкіл қазақ халқының маңдай алды жазушыларының бірі еді. Әсіресе ұлттық салт-дәстүрді майын тамыза жазатын еді. «Пәниден бақиға дейін» атты кітабы сол білгірліктің жемісі еді. Аханның ізін басқан Т.Алшынбаев, «Қазақ әдебиеті» газетінің жауапты хатшысы, сықақ-жазушы Е.Жаппасұлы, биология ғылымының кандидаты әрі ғалым әрі жазушы, әндері халық көкірегінде күмбірлеген сегіз қырлы өнерпаз Қ.Қайымовтармен жалғасып келеді.

Биылғы ақ алмас ақын М.Өтемісұлының туғанына 20 жыл толатын жыр мұшайрасында Республиканың мыңдаған ақындарының арасынан бас жүлдені иеленген Ә.Қайрановтың да Ақсуат топырағының түлегі екендігі біз үшін зор мақтаныш.

Республикалық баспасөзде өзінің қалам қайратын көрсетіп жүрген жерлес журналистер де құдайға шүкір баршылық. Республикамыздың бас газеті бұрынғы «Социалистік Қазақстан» қазіргі «Егемен Қазақстан» газетінің ұзақ жыл жауапты хатшысы болған Н.Шәкеев шын мәнінде осы газеттің редакторлығына әбден лайық азамат еді. Аталған газеттің отымен кіріп күлімен шықса да басшылығы бұйырмаған Нұрғазы кейіннен «Мектеп» баспасында редактор, кеңес окіметі кезінде айбынымен атағы жер жарған «Ара» журналында бас редакторлық қызмет атқарады.

Марқұм К.Смайыловтың «Жұлдыз» журналында Шерхан Мұртазаевтың 70 жылдығы туралы жазған мақаласында бір жаңсақ пікір бар. Камал Нұрғазыны Шерханның кердең көршісі СҚ-да істейтін Шәкеев деп кетіпті. Ал шындығында өзі жасында жетімдіктің азабын көп тартқан арғы тегі атақты Ырғызбай Әулиден тарайтын

Н.Шәкеевтың қолында тұрғанда шапағаты тимеген адам кемде-кем. Керек болса атын атап, түсін түстеуге де болады.

Нұрғазының журналистік жолын С.Әбішева, Қ.Олжай, Қ.Қайымов, Е.Жаппасұлы, Б.Құсанбеков, К.Нұрқасенұлы тағы басқалар абыроймен жалғастыруда. Ұзақ жыл аудандық газетте редактор болып жемісті еңбек еткен Қ.Тұрғанбаев, А.Нұрбасв, А. Әукішев, көп жылдар аудандық газеттің жауапты хатшысы болған Т.Қылышбаевтардың аудан журналистикасында өзіндік қолтаңбасы, өз өрнегі бар азаматтар еді. Ауыз екі сөзге өте шешен жазса қаламынан бал таматындай Н.Тінібаев, Н.Сейілханов марқұмдар да өзінің зерттеушісін күтіп тұрған табиғи талаптар десек жалғандық болмас еді.

Ұзақ жылдар «Талдықорған» газетінің бас редакторы болған Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, қаламы қарымды журналист жерлесіміз Кәрім Тұрлыхан Бияхметұлын туған елі мақтан тұтады.

Тұңғыш рет Ақсуат оңірінен Қазақстан парламенті сенатын басқарған, қазірде Қазақстан парламентінің мәжілісінің депутаты, экономика ғылымдарының докторы, профессор Әбділдин Серікбосын Әбділдәұлы осы ауылдан жарқырап шыққан жарық жұлдыздардың бірі. Туған елін былай қойғанда бүкіл қазақ халқының сүйіспеншілігіне бөленген, елі үшін отқа да, суға да түсіп жүрген ардақты азаматтардың бірегейі.

Ауданымыздың төл тумасы экономика саласындағы көрнекті ғалымдардың бірі Семейдегі ет және сүт технология институтының ректоры, мемлекеттік қаржы институтының ректоры, қазірде Қазақ қаржы экономикалық институтының Президенті, экономика ғылымдарының докторы, профессор Апсәлямов Нәдірбек экономика саласы бойынша бар түйгенін бойына жинақтаған, жаңа заманға сай, жаңа озық сапалы, кемел бірнеше экономикалық тақырыпта еңбектер жазып келе жатқан білімді де, білікті, ақылды да, парасатты озық ойлы азаматтардың бірі.

Кейінгі жылдары экономикалық саласының келешекте де өрісін кеңейтуге қажымай- талмай ат салысып келеді.

Қашанда ел өміріндегі күрделі тарихи- экономикалық оқиғаларға үн қосып, өз заманының көкейкесті мәселелерін көтеріп келе жатқан шоқтығы биік азамат.

Ауданда техника ғылымының докторы атағын бірінші алған неміс баласы Дель деген екен. Ал математика ғылымының докторы даңқты жерлесіміз Т.Нұрекенов ғылымдар атасы математика саласында өзіндік үлес қосқан ғалым екенін екінің бірі біле бермейді. Бүгінде Тоқтардың жемісті жолын жалғастырушы математик ғалымдар Нұрсұлтанов Қажы,

Қалиев Сайлау, Рахметжанов Сләмшайық тағы басқаларды айтуға болады.

Ауданымыз басқа да ғылым саласы кандидаттарынан кенде емес? Қазақ тілі мен әдебиетінің кандидаты доцент Тыныбасва Өжікес, биология ғылымының кандидаты доцент, биология кафедрасының меңгерушісі Карменова Нұрсипа, техника ғылымының кандидаты Шаяхметов Қажыбектер ғылым саласында сүбелі еңбек етіп өз үлестерін қосып келе жатқан білімді де білікті азаматтар.

Таяуда Ақжар өңіріндегі Шілікті обаларының бірін қазып одан алтынға бөленген адам тапқан, осы ерен еңбегімен қазақ тарих ғылымының мерейін аспандатқан тарих ғылымының докторы, профессор Ә.Төлсубаев біздің айрықша мақтан тұтуға лайықты жерлесіміз.

Семейдің бухгалтерлік колледжісі және кәсіби есеп қызметкерлері мен аудиторлар институтының директоры Мәзібаев Бақытбек. Ол Қазақстан Республикасының түпкір-түпкірінен келген түлектермен қоса өндіріс саласында істеп жүрген әр саладағы жоғарғы білімді есеп қызметкерлерінің білім сапасын көтеруден шұғылданатын оқу ордасын басқарады. Колледжде оқитын студентерге сапалы да терең білім бере отырып, жаңа нарық заманына сай есеп қызметкері, экономист, салық ісінің қызметкерлері, банклердің мамандарын даярлап диплом беріп шығаратын оқу орыны.

Ал Қазақстан Республикасының бүкіл дүние жүзілік сауда бірлестігіне кіруіне байланысты, есеп қызметкерлері мен аудиторлар даярлайтын білім көтеру институты, халықаралық есеп-қисаптарға байланысты жұмыс істеп жүрген жоғары дәрежелі есеп қызметкерлерінің білім сапасын көтеріп халықаралық сертификаттар беретін мектебі.

Колледж әрі институтта заманға сай мамандар даярлауда қажымай-талмай еңбек етіп келе жатқан жерлесіміз Мәзібаев Бақытбек аудан халқының ерекше қадірі мен құрметіне бөленген талапты да талантты нар азаматтың бірі.

Жергілікті журналистер Ерғали Жұмақан, Мейрам Оралов, Хамза Сәтисев, Бауыржан Аманқұловтар, осы ауданнан тұңғыш сот жүйесінде жемісті жұмыс істеп келе жатқан Керімбаев Мұрат, ауыл-қала демей жас ұрпақтарды тәрбиелеуде аянбай еңбек етіп келе жатқан тәлімгер ұстаздар Дәуменов Кеңес пен Нұрғазина Кәріккендер елдің арқа тұтар азаматтары.

Ақын да, жазушы да, журналист те, ғалым да өз еңбектерін қаламмен жазатын болғандықтан кітабымыздың бұл тарауын қасиетті қалам иелері деп атауды жөн көрдік. Төрелігін оқырман өзі бере жатар.

ХАЛЫҚ - ӨНЕР ҚАЙНАРЫ

Өнер қонған елдің есте жүрген есімдері жәйлі ой тудырған 2000-жылғы желтоқсан айының 16-күні аудан орталығында аталып өткен театрдың 40 жылдығы болды.

Ғұмырды камшының сабымен өлшесек бұл бір адамның өмірі.

Бір кездегі бозбалалар мен бойжеткендердің осыдан қырық жыл өткеннен кейін Ақсуат сахнасында Ғ.Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш Баян сұлу» атты туындысынан аудан халқына көрініс берген, қазірде зейнеткерлікте жүрген өнер тарландары Қарабай роліндегі К.Нұрбаев, Жантық роліндегі М.Жұмабаев, Баян роліндегі алыстағы Алматы қаласынан шақырумен келген Н.Қарабаевалардың «сырлы аяқтың сыры кетсе де сыны кетпейді» дегендей өнер саласының майталман мамандарындай көрсетілген бұл көрініске жұрттың жүзінен төгілген қуаныш, қорермендерін сүйсіндіре түсті.

Қазақ өнері әлемге күймен танылғандығы баршаға аян. «Ықылас күй тартқанда үйдің жанында тындап тұрған сауулы інген иіп тұрушы еді» дегендей сахнада көрсетілген көріністерді басынан аяғына дейін қазақ халқына тамаша таланттарымен және өлмес мұраларымен тарихқа есімдері алтын әріппен жазылып қалған күй өнерінің алыптары Құрманғазы, Дина, Тәттімбет, Дәулеткерей, Қазанқап, Сейтен, Есбай, Сүгір, Бәйжігіт сияқты көптеген күйшілердің күйлерімен қоса өзі шығарған күйлерді қоса тартып сүйемелдеп отырған Қалиқан Сапарұлының күйлері қорермендер құлағының құрышын қандырды.

Театр мерекесінде аудан әкімі Т.Түсіпбеков өнерпаздарды құттықтап, сый-сияпат көрсетіп, шапан жауып бағалы сыйлықтар берді. Қай өнерпаз болса да еңбегіне қарай сый-құрмет марапаттан кенде болмады. Сол кездегі бозбалалар мен бойжеткендердің талайы ортамызда жоқ. Арнайы маман болмаса да өнерге деген іңкәрліктерімен Ғ.Мүсіреповтың "Қозы Көрпеш Баян сұлу", Ә.Тәжібаевтың «Жалғыз ағаш орман емес» сияқты ірі туындыларын көрсетіп «Халықтық» атаққа ие болған есімдерді қадір тұтамыз.

Осыдан кейін де тіккен туларын құлатпай, өнер шаңырағында өнеге болған бірнеше ардагерлеріміздің есімін атау орынды болар.

Тегінде осы театр қойылымдарындағы ойындардың көркемдік жағын ұйымдастырушысы (режиссер) үні жоғары бағаланып, радиотаралымдарында диктор болған, кейіннен журналистика мамандығы бойынша жұмысқа ауысқан марқұм Ауданбек Тұрысбеков, ақын Мақан Баймұрзин, Қ.Қайымов, К.Нұрбаев, Ш.Нұрмағанбетов, К.Нұрмағанбетова, С.Қосаев, М.Жұмабаев, М.Айтжанов, Н.Қарабаева,

З. Жақиянова, З.Қалелова, Г.Баязова, Т.Нұрсапин, А.Әукішевтер кашанда мақтанышымыз.

Аға ұрпақтың үлгісін дамытып ілгері жалғаған Т.Үмітханов, М.Мойтықов, Н.Сақпанбаев, І.Шоқанов, Ж.Нұрсапин, Б.Жүнісбекова, Р. Ноғайбаев, Ә.Мағзұмов, Р.Ақанжанов, А.Маханбстов, Ф.Аккерт, К.Әбетаева, С.Қалиахметов, Т.Нұрмұқашев, А.Әбдікәрімов, С.Сағнаева, Б.Әстаев және әлі де сахнада тер тоғип, құрметке бөленіп жүрген Б.Тоқтарбаевалардың есімін ерекше атауға болады.

Театр – ұжымдық өнер. Сондықтан да ұжымның кейбір қол жеткізген жемісті еңбектеріне, кейінгі жылдардағы жетістіктеріне тоқтала кетсек. 1990-жылы Ақмола (қазіргі Астана) қаласында еліміздің әр облыс, қалаларынан қатысқан үгіт бригадаларының конкурсында халық театры жанынан құрылған «Көңілашар» үгіт бригадасы 24 ұжымның ішінде жүлделі екінші орынды жеңіп алып, он бір мүшесі лауреат атанды және ең үздік сахнамаға (сценарий) берілетін бөйгені ұтып алды.

Ал 1991 жылы Алматы қаласында өткен Республикамыздағы ең таңдаулы тоғыз театрдың «Театр коктемі» фестивалінде А.Шамкеновтың «Сен жалғыз емессің» атты спектаклін қойып, бас жүлдені иеленіп лауреат атанып қайтты. Сол жолы «Парасат» журналы арнайы мақала жариялап, театр өнеріне ерекше тоқталды. Театр режиссері С.Жұматовқа арнайы диплом тапсырылып, Мәдениет Министрінің көркемдік Кеңес мүшелігіне қабылданды.

Өнер халықта ғой, сондықтан да Ақсуат өңірінен шыққан өнер тарландары баршылық. Күй шерту саңлақтары Саятөлекұлы Бағаналы, Мәткәрім, Қабдолла сияқты аға ұрпақтардың дәстүрін жалғастырып келе жатқан талант баптап, талант демеген Қалиқан Сапарұлы жүлделі орындардан кенде емес.

Қалиқан Сапарұлы 8-класс оқып жүргенде 1976-жылы Алматы қаласында өткен жас орындаушылардың 18-ші Республикалық конкурсының бас жүлдегері.

1983-жылы «Көктем» тобының құрамында Семей қаласында өткен телевизиялық «Жастар шұғыласы» конкурсының дипломанты. 1985-1987-жылдары Халық шығармашылығының бүкілодақтық фестивалінің лауреаты.

1987-жылы ауданның ішкі істер бөлімінің жанынан құрылған «Қызыл Жебе» фольклорлық ансамблі, Республикада жүзден озған жүйрік болып Мәскеу қаласында өткен бүкілодақтық фестивальдың лауреаты атанды. 1990-жылы Семей қаласында өткен күйшілердің

Республикалық сайысында бас жүлдені жеңіп алып «Тәттімбет» атындағы сыйлықтың иегері атанды.

Қазақстан Республикасының ғылым және білім Министрлігі 2001-жылы жас музыканттардың 34-ші Республикалық байқауының дипломантын даярлағаны үшін Қалиқан Сапарұлына сертификат берді.

2002-жылы Өскемен қаласында өткен 1-ші көркемөнерпаздар ұжымының байқауында облыстық әкімшіліктің орынбасары Нұрлан Омаров арнайы диплом мен значокты табыс етті.

Көркемөнерпаздардың 2-ші байқауында дипломантпен марапатталып 17 мың сом ақшалай сыйлыққа ие болды. 2000-шы мәдениетті қолдау жылы Ұлттық мәдениетіміздің дамуына қосқан елеулі еңбегі үшін сазгер күйші Қ. Сапаров дипломмен марапатталады.

2003-жылы Қарағандыда болған байқауда сертификат тапсырылып, Дәриға Нұрсұлтанқызы «Елім менің» деген кітапты табыс етіп құттықтау хат береді. Мәтіні: «Шығыс Қазақстан облысы, Ақсуат селосы музыка мектебіне. Сіздердің ұжымға «Елім менің» әндер жинағын тарту ретінде ұсынамын. Тәуелсіз мемлекетіміздің азаматтарының бойына ұлттық рух пен мемлекеттік мұраттарды сіңіруге осы жинақтағы әндердің көмегі боларына көміл сенемін. Тамыры тереңге кеткен халықтық шығармалар мен еркіндіктің ерке желіндей жақсы да қуатты әндер бойымызға күш дарытсын, ойымызға серпін берсін деген игі тілекпен Д. Нұрсұлтанқызы» деп жазылыпты.

Қалиқан төкпе күй мен шертпе күй деп кідірмейді. Халықтың көкейіндегі күйді доп басып, сорғалатып, жорғалатып тоге береді. Қандай аспаптармен болмасын қатарласып тартылып сүйемелдеген кезде де кібіртктеу жоқ. Даланың мәдениетінің шешен тілін батыстың сыпайы сазымен терзесін тең сайратып айызыңды қандырады.

Міне Қалиқан аудан халқына өзінің өнерімен танылған осындай күйші азамат ретінде дүйім жұртқа мәлім. Қалиқан осы ауылдың түлегі. 1976-жылы Ақсуат орта мектебінің 10-сыныбын тамамдап ол 1976-1980 жылдар аралығында Алматы қаласында П.И.Чайковский атындағы музыка училищесін бітіреді. Сол жылы туған аулына оралып басында аудандық мәдениет үйінде автоклуб меңгерушісі, киномеханик міндетін атқара жүріп, музыка маманы ретінде қызметке пайдаланады. 1987-жылдан бастап күні бүгінге дейін Алшынғазы Байқыдыров атындағы музыка мектебінде оқытушылық қызмет атқарып келеді. Содан бері Қалиқан бауырымыз слуден астам дарында жастарды домбыра өнеріне баулып, қияға қанаттарын қақтырыпты. Алғашқы шәкірттерінің ішінен Мұрат Әбуғазин деген шәкірті Алматы қаласындағы Құрманғазы атындағы консерваторияны қызыл дипломмен бітіріп сонда

оқытушылық қызмет аткарып жүр. Қалиқанның күйші сазгерлік өнерімен қатар ән қазынасына да қосқан үлесі қомақты. Өз тарапынан 24 ән, 9 күй шығарып өмірге келтірген азамат.

Халықтың көне сарындарының кайнар бұлағынан нәр алған күй туындылары мен қазақтың ән қазынасына қосылған туындылары ауданның қымбат қазынасына айналып, аудан, облыс аралық байқауларда айтылып тыңдаушылардың құлақ құрышын қандырып келеді.

Өнер когіне қанат қағып ән тұйғынын аспандатып, домбыра шанағынан шыққан сырлы да сезім тереңіне бойлар толқымалы күйлерін құйқылжытқан Қалиқан Сапарұлына өнеріңе өріс ашылсын, өнердегі жолың жемісті бола берсін демекпін..

Ән қазынасына қомақты үлес қосып келе жатқан сондай азаматтың бірі, өзі өлең жазып, өз жанынан ән шығаратын, 15-тен астам әннің иегері Ы.Кәбсков атындағы мектептің мұғалімі Жскен Нұрсапиннің де өнердегі еңбегі қомақты.

Ән жан дүниені әсерлендіріп, адамды тебіrentетін, толғандыратын құдіретті өнер. Кезінде екі ауыз өлең білметіін қазақ баласы болмаған. «Бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай» деген пікірге ис болған, әншілігі аңызға айналған сауыққой халықпыз. Олай болса ән салу ұлттық дәстүріміздің жалғасы. Осындай сауыққой Ақсуат елінің түлегі, иісі бүкіл қазақ жұртшылығының ортақ мақтанышына айналған, «ән жақсысы әншіден» дегендей, халыққа даусы, жүріс-тұрысы, өнердегі мінезі, парасаттылық ақыл сезімі, адамгершілік ізгіліктігі, кішіпейілділік аспектілерімен ерекшеленетін, тағдыры әнмен табысқан Қазақстан халық әртісі Майра Ілиясқызы.

Кез-келген үлкен өнердің болмысына ортақ бір тамаша қасиет бар. Ол қасиет әдетте сол өнердің алды-артындағы рухани шүйгіндігімен дараланады. Міне осындай ортадан шыққан Майра бүгін қазақ елін әсем де әсерлі әнмен, саз думанға бөлеп келе жатқан еліміздегі өнер жұлдыздарының бірі.

Руханияты ежелден тамыр жайып өркендеген, мәдени қаймағы бүтін қалпында сақталған, ән мен жырдың маржанына малынған ауданның майталман өнерпаздарының бірі Сақпанбаев Найманғазының жанұясы. Жолдасы Бақытгүл, бұлардан тараған ұрпақтардың барлығы да өнерлі жастар. Бақытгүлдің үлкен атасы Әділбек ақсақал да домбырашы сазгер әнші адам болған. Найманғазы да сахналық өнерге кеше ғана келе салған жан емес. Табаны күректтей отыз жыл сахна төрінде өнер көрсетіп, көрермендермен қауышып келе жатқан майталман өнерпаз азамат. Сондықтан болар немерелеріне дейін өнерге

деген құштарлығымен ерекшеленіп тұрады. Ән салғанда көпшілік қорсермендердің алақанында тербеліп келе жатқан әншілеріміздің бірі Лақаева Шолпан Кеңесханқызы.

Ақсуаттық сазгер Қалиқан Сапарұлының «Сағым күндер сағынышым» атты әнді орындағанда жарасты нақышына келтіріп, оң беріп, тек өзіне тән мәнермен бар сезімін билетіп, беріліп айтатын нәзік сыршыл әнші. Ән өнерін жеті жасынан бастап серік еткен Шолпан кезінде Зайсан ауданының сахна төрінде де **15** жылдай көрермендерін қоңілге қонымды, құлаққа жағымды әндерімен сүйсіндірген әншілердің бірі. Өзінің орындаушылық өнерімен қатар, келісті ырғағымен де, әсем әуенімен де тыңдаушыларын сүйсіндіріп жүрген әншілеріміздің бірі Исаева Бақытгүл. Амал қанша «жүйрікке де бір тамар» дегендей нарықтық өтпелі кезеңнің ауыртпашылығына байланысты мәдениет саласында ұдайы жемісті еңбек етіп келе жатып қысқартуға жатқан кездері де болды. «Асыл пышак қын түбінде жатпайды» дегендей бойға біткен дарын, аз уақыт басқа салада жұмыс істеп жүрсе де мәдениет саласынан қол үзбей аудан жұртшылығына үнемі шығармашылық кештер өткізіп ән түйғынын аспандатып келе жатқан әншілердің бірі. Әсіресе 2000-жылғы 20 желтоқсанда екі жарым сағатқа созылған «Аққу арманы» атты шығармашылық кешінде айтылған әндері өзінің сазды да, сырлы әндерімен халық қоңілінен шығып, тыңдаушыларын бір сергітіп тастаған еді. Есімі аудан жұртшылығына асқақ үнді әншілігімен танымал Бақытгүлге келешекте де өнерің артып, халық сүйіспеншілігіне бөлене бер демекпіз. Бақытгүл Абайі атамыздың **150** жылдық мерей тойында өзінің «Ақмаңдайлым», «Оралды көктем» атты әндерімен жұртқа танымал әнші. Содан кейін де **1999**-жылы Өскемен-Семей оркестрімен барып өнер көрсеткен әншілердің бірі.

Ақсуат орта мектебінің **10** жылдығын **1982**-жылы тамамдап, **1983-1984**-жылдары Алматыдағы эстрада-цирк өнсірі студиясының Ғ.Құрманғалиев әншілік класын бітірген, мамандығы - мәдениет саласының қызметкері.

Ән шырқаған кезде жүрегіне жақын «Достарым», халық термелерін таңдап талғаммен орындайтын, үнді шыңыраудан құлаққа шашаусыз екпінмен бояуы қанық қалпында жеткізіп жүрген өнер иесінің бірі әнші Ақсуаттық Ахметов Мейрамбек.

Мейрамбек ән шырқағанда бүкіл тыңдаушының ықыласы мен назары соған ауатын, ән орындаудағы дауысының ерекшелігі болар.

Әр әншінің өзіне тән табиғи қайталанбас дауысы, тынысының кеңдігін, еркіндігін, орындау ерекшелігін аша түсетін әндері болады десек. Ләззат Сақпанбаеваның орындауындағы «Ұстаздар әні», «Сағым

күндер сағынышым», сондай-ақ Айгүл Болежанованың күйкылжытып салатын «Періште көңіл», «Жүрек сыры» әндері бүгінде әнқұмар қауымның жүрегінен орын алған.

Аудандағы Омаровтар жанұясы да қорермендерге тамылжыта ән салып, пьесаларға қатынасып рухани байлыққа үлес қосып келе жатқан жанұяның бірі.

Туған жерінде мәдениет саласында жемісті еңбек етіп, халық сүйіспеншілігіне бөленіп, кейіннен қызмет бабына байланысты шет аймақтарда мәдениет саласында еңбек етіп жүрген Ақсуаттың түлектері баршылық. Мәселен, Кокпекті ауданында музыка мектебін басқаратын Қожықов Нұрланды, зайыбы марқұм Қалнева Нұркамалды, Ақсуат ауданы «Социалистік» ауылында туып-өскен Асан Әбдікәрімов төртінші, бесінші класс оқып жүргенде гармонь, баян аспаптарында ойнаған. Мектеп ішіндегі қоркөмонерпаздар үйірмелеріне қатысып сол кездің өзінде сыныптарды мерекелік концерттерге даярлап, хорларды баянмен сүйемелдеген азаматтың бірі. 7-8-сыныптарда аудандық байқауларға қатынасып жүлделі орындарға ие болып мақтау қағаздармен марапатталады.

1972-жылдан бастап аудандық мәдениет үйіне орналасып, «Халық оркестрі», «Халық театры», фольклорлы ансамбль, эстрадалық ансамбльдің белді мүшесі болады. 1975-жылдан 1990-жылға дейін «Коктем» вокальды эстрадалық ансамблінің тұрақты жетекшісі болды. Осы мерзім ішінде көптеген конкурстарға қатынасып, жүлделі орындарға ие болып халық құрметіне бөленді. Осы жұмыста жүргенде Бүкілодақтық қоркөмонерпаздар байқауы фестивалінің лауреаты атағын берді. Елуден астам ән шығарған. 1988-жылы осы әндері облыстық композиторлар комиссиясында тыңдалып композитор атағына ие болды.

1990-жылдың шілде айында қызмет бабымен Павлодар облысының Лебязжі ауданына қызметке ауысады. Ол жерде де жемісті еңбек етіп Павлодар қаласында өткен сазгерлер конкурсында жүлделі орынға ие болып лауреат атанады.

Қазірде Павлодар қаласында «Шаңырақ» қазақ өнері орталығының «Шаңырақ сазы» фольклорлық ансамблінің жетекшісі. Қаладағы Бұхар жырау атындағы әдебиет және өнер музыка бөлімінде ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді.

Семей театрында істейтін Рахымбек Ноғайбаевтың, бұрынғы Мақаншы ауданында «Инжу маржан» фольклорлық ансамблінің жетекшісі болған, қазірде Алматыдағы ҚазГУ-дің оркестрінде жетекшілік ететін Болат Әмірхановтың, Алматыда сабақ беретін ақын Серік Қалисвтардың есімдерін ауданның мәдениет саласын көтеруде

істеген ісі мен сіңірген еңбектерінен із қалдырған азаматтар скендігін айтқан орынды болар.

Біздің мақсат – кейінгі ұрпаққа мұрындық болып ой салар міндетін атқару ғана.

БАЙЛЫҚ БАСЫ – ДЕНСАУЛЫҚ

Өйткені дүниеде адам денсаулығынан артық байлық жоқ. Және де бұл сан жылдар бойы қалыптасқан берік қағида.

Ақсуат өңірінде 1920-1930 жылдар арасында шешек, басқа да аурулардан балалар өлімінің көп болғандығын, денсаулық сақтау ісі сол бір кезеңдерде аса қиыншылық жағдайларда болғандығын мезгейді.

Міне осы тұста тұңғыш рет адам дәрігерлік білім алып келіп, шешекке қарсы ем қолдануды бастаған, адамдар денсаулығын сақтауда мейірім, шапағатын шашқан тұңғыш дәрігер Ысқақ Кәбекұлы болатын.

Алғашында ауыл балаларына шешекке қарсы егу жұмыстарын жүргізгенде көпшілік жанұя балаларын шешекке егуге бермей қашқан көрінеді.

Содан Ысқақ Кәбекұлы жұртшылықты жинап өз жақындарының балаларын жұрт көзінше шешекке қарсы егіп көрсетіп, көздерін жеткізіп барып, содан кейін барып жаппай егу жұмыстарын жүргізіп, Ақсуат өңірінің балаларын аман-есен алып қалған екен.

Ақсуат өңіріндегі ең тұңғыш дәрігерлердің атасы Ысқақ Кәбекұлы еді.

Ақсуат өңірінен шыққан келесі дәрігерлердің бірі Сары руының Көки табынан әкелі балалы Сембай-Дүйсенбі деген адамдар. Екеуі де Омбы қаласындағы адам дәрігерлері даярлайтын гимназияны бітірген.

Әсіресе Сембай шебер хирург болған. Тоғас атақты Нұғыман болыстың баласы Кәрімді жасында ат теуіп мұрны бетіне кіріп жапырайып қалады. Жас дәрігер Сембай соны қайта қалпына келтіріп, операция жасайды. Кәрімнің мұрыны жай ғана сетіктеу болып бітеді. Ол бергінде қайтыс болды. Сембай біраз жыл болыс болып сайланып, бар болғаны қырықтан асып аяқ асты ауырып қайтыс болған. Ал оның баласы Дүйсенбі мамандығы дәрігер бола тұра заң саласында қызмет еткен. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында Зайсан қаласында сот болып қызмет атқарған.

Ол Ақсуат өңірінен шыққан алғашқы заңгерлердің бірі. Ашаршылық жылдарында, Кеңес үкіметінің ауқатты қазақтарының тұқымына жасаған қысымшылық кезінде Қытайға отіп кеткен. Шәуешек

каласында ұзақ жыл сот болып, көптеген адамдарға әділдік шапағатын тигізген.

Содан кейінгі жылдарда аудан орталығында бар жоғы біреу дәрігер, бір-екі фельдшер жұмыс істеп келіпті. Жалпы денсаулық сақтау саласының іргесінің бекуі, оның дамуы 1930-жылдан бастау алады.

Халық денсаулығын сақтауда, әртүрлі эпидемияның алдын алу мақсатында шағын ауруханалар жұмыс жүргізіпті. Ұлы Отан соғысы жылдарында еліміздің Еуропалық бөлігінен көптеген тәжірибелі дәрігерлердің Қазақстанға келгені белгілі. Олардың біздің Республикамыздың денсаулық сақтау саласының оркендеуіне айтарлықтай үлес қосқаны да рас. Сол толқынмен Ақсуат өңіріне келген дәрігердің бірі тәжірибелі дәрігер Гильдбранд еді (Гильда аты екен де Бранд фамилиясы екен. Жалпы есімін айтарда Екатерина Андреевна деп атайтын). Осы тұста аудандық денсаулық сақтау бөлімінің бастығы Жилин Николай Григорьевич болатын.

Ақсуат ауданының 98 пайыздан астамы қазақ ұлты тұратын аудан ғой. Ал Жилин Н.Г. болса өте білікті дәрігер бола тұра қазақтың ана тілін жетік білетін, тілді қойып қазақтың салт-дәстүрін де жете меңгеріп қазақ ішіне сіңісіп кеткен адам деуге болады. Ал жұмыс бабында денсаулық сақтау саласын оркендетуге айтарлықтай үлес қосқаны рас. 1945-1947 жылдар аралығында аудан орталығынан үлкен аурухана салдырып, уақыт өте келе білімді де білікті дәрігерлермен толықтыруды қамтамасыз етті. Бірте-бірте аудан колхоздарында да дәрігерлік орындар ашыла бастады. Гильдбранд аурухананың бас дәрігері болып жұмыс істеді. Больницаның санитарлық жағдайын өте жоғары дәрежеде ұстаған, ауруханаға түскен адамдарды бар ынтасымен қараған білімді де білікті дәрігер болды. Ауданда соқыр ішекке бірінші операция жасаған адам да осы кісі еді.

Осы кісі жайында 1977 жылы ауданда бас дәрігер болған Әділғожин Социал мынадай бір әңгімені сабақтағаны бар: «Мен бас дәрігер боларда ауруханада завхоз болып істеген Кәрібасва Шәуіра апай еді. Аурухананың дүние-мүліктерін өткізіп алып жүргенде көзім ашылмаған екі жәшікке түсіп Шәуіра апайдан мына жәшіктерде не бар?-деп сұрап едім, өзім де білмеймін,-деді. Бұл Гильдбрандтың тұсынан жатқан жәшік. Кезінде екі жәшікті ауруханаға пайдалануға өзі алған. Ал қалған екі жәшік осылар деген соң жәшікті ашып қарасам, кезінде Пирогов операцияға пайдаланған инструменттер екен. Екі жәшіктегі саймандар хирургиялық операция жасауға пайдаланылыпты да, екеуі қоймада сол әкелген бетінде сақталып қалыпты. Өзі жер ауып жүріп, төрт жәшікті Ақсуат ауруханасына әкеліп, екеуін пайдалануға

беріп, скеуін пайдакүнемдікке салынбай артына тастап кеткен неткен адал адам десенізіші деп таң қаламын.»

Осы дәрігерлер жөнінде өзімнің көзім көрген, құлағым естіген бір жағдайды айта кеткенді жөн көрдім.

1949 жылы Жилин Н.Г. біздің үйге келіп менің әкеме Өскенбай деген жерде (тегіндегі Ақсуат совхозының отғонындағы қыстақ. Аудан орталығынан 90-100 шақырымдай жер). Мұсатай деген ақсақалдың келіні қатты наукастанып қалған екен. Соған бір дәрігер, екі санитарды жіберемін деп едім, соған сіз жолбасшы болып барып қайтсаңыз деп келіп едім деді. Желтоқсан айы қар қалың, күн суық.

Әксем өзі бара алмайтынын айтып бір жол бастап баратын адам тауып берді. Торт адам салт атпен қыс ішінде Өскенбай қыстағына барып наукасты емдеп, беті бері қараған соң Ақсуаттағы ауруханаға әкеліп жатқызып, сауықтырып шығарғанын көзім көрді. Осы ауруға ем жасаған дәрігер Гильдбранд екен.

1965-жылы Алматыға үш айлық білім көтеру курсына оқуға бардым. Сонда оқып жүргенде бір жексенбі күні базар аралап жүр едім, біреу арт жағымнан келіп көзімді басып, мен кіммін тапшы?-дегені бар емеспе? Шындығында мен кім екенін таба алмадым. Қолын босатып жіберген соң бұрылып қарасам, біздің ауданнан көшіп кеткен адам дәрігері Гильдбрант екен (Екатерина Андреевна). Сәлемдескеннен кейін, тегінде істеп кеткен елін, жерін, халықтың денсаулығын, ауруханалардың жағдайын, істеп жүрген дәрігерлерді, олардың халыққа деген көрсетіп жүрген қызметтерін сұрап жатыр. Сөз арасында дөм татқан, жұмыс істеп кеткен елін, жерін сүйетіндігін, қимайтындығын, сол елдің отымен кіріп, күлімен шығатын ел екенін айта келіп, қолындағы жалғыз қызын өзі алған мамандығына байланысты оқуға түсіру үшін Алматыға көшіп келгенін айтты. Адресін беріп үйіне қонаққа шақырды. Бара алмадым. Шынымды айтсам, сырттай қорғенім болмаса араласым болған жоқ.

Ақсуаттың орталығындағы ауруханада бас дәрігер болып істегенін оқушы кезімнен білетінмін. Бар болғаны осы. Алпысты алқымдап қалған адам еді. Ойлап қарасаңыз осындай жаста адамды сыртынан доп басып тани кетуі не деген зеректік?

Оның сыртында қиын қыстау кезеңде жұмыс істеп дөм татқан жерінің халқына шексіз сүйіспеншілігі мен қатар қарапайымдылығы, адамға деген адамгершілік қасиетін айтпасқа арың жібермейді.

1950-жылы Жилин Н.Г. Семей қаласына қызмет бабымен ауысып кеткеннен кейін аурухананы Шелемина Татьяна деген әйел басқарды. Осы кісі аурухананы басқарып тұрғанда қатты наукастанып ауруханаға

түскенім бар. Мен жатқан палатаға менен де қатты науқастанып, температурасы бірнеше күнге дейін 40⁰-тан түспеген бір қазақ азаматы жатты. Атын ұмыттым. Ақыры ем қонбаған соң дәрігерлерден консилиум шақырып ақылдасып тұрғанда, Шелеминаның «неужели ғылымның жетістігінің осы азаматты алып қалуға шамасы келмейді» деп көзіне жас алып тұрғанын көзім көрді. Сырқат адам қазақ та, дәрігер орыс. Осы азаматты ақырында ауруханадан жазып шығарды. Мұны айтып отырғаным осы дәрігерлер өз жұмысына не деген берілген адамдар. Неткен жаны жайсаң, антына берік адамдар скеніне әлі күнге таң қаламын.

Алайда біз сияқты медицина ғылымынан ауылы алыс адамның дәрігердің сырқатқа деген аса нәзік те, терең сезімін, олардың қызметіне қатысты белгілерін дәрігер көзімен дәл суреттеу мүмкін емес.

Осыдан кейінгі дәрігерлер легін Кох Андрей Андреевич деген хирург басқарды. Кейін Семей қаласында істеп ғылым кандидаты болып, Новосибирск қаласына ауысып кетті.

Десекте жергілікті ұлт кадрларының жоқтығы сол кездің басты проблемасы болғаны шындық. Кейінгі жылдары қиыншылықтардың бәрі де артта қалып, ауданымызда денсаулық сақтаудың техникалық базасы жасалды. Кадрлар даярлау ісі де алға басты. 1955-1960 жылдардағы жаппай ашылған денсаулық сақтау орындары аудан жұртшылығының денсаулығын сақтауға оң ықпал ете бастады. Ал 1971-жылдары ауданымызда 100 төсектік жаңа типті аурухана, 95 төсектік үш селолық аурухана және 50 төсектік тубдиспансер жұмыс істеді. Сондай-ақ 8 фельдшерлік-акушерлік пункт пен 13 фельдшерлік пункт болды.

Сол кезде аудан жұртшылығына 24 жоғары білімді және 125 орта дәрежелі білімі бар медицина қызметкерлері дәрігерлік қызмет қорсетті. Ауданда бір санитарлық эпидемиологиялық станция мен клиникалық санитарлық баклаборатория жұмыс істеді.

1971-1980 жылдары аудандағы денсаулық сақтау жүйесінің негізі құрылып, ауданның орталығында типтік ауруханалар жұмыс істесе, ауылдарда дәрігерлік амбулаториялар, учаскелік, отгондық ауруханалар жұмыс істеді.

Ойшілік ауыл кеңесіндегі типтік аурухана да осы 1970-жылдарда салынып пайдалануға берілген болатын. 1990-жылдардың ішінде аудандағы емдеу-сауықтыру орындары қазіргі заманғы аппараттармен жарықтандырылып, емдеу саласының барлық буындарында қазіргі технологияны меңгерген түрлі мамандықтағы дәрігерлер жұмыс істеген.

Адам дәрігері қызметінің осындай жемісті жұмыстары өзінен өзі келген жоқ. Бұл тәжірибелі мамандардың аурухана меңгерушілерінің

тамаша еңбек етіп тер төккен жылдардағы еңбек жемісінің нәтижесі деуге болады.

Лудан ауруханасының кош жетекшілері болған, дәрігер ғана емес оның үстіне карауындағы білгір маман, тәжірибесі мол адамдар мен сондай-ак аудандағы жоғары және орта буындағы, оларға жалғас томсенгі медициналық қызметкерлермен араласып, басшымын деп көкірегімен көк тіреп қалмай ауыл адамдарымен ет-бауыр араласып, ізет-ибасымен сүйсіндірген, сала-сала бойынша басқаратын дәрігерлерге ерік беріп, аудандағы емдеу-сауықтыру жұмыстарын ойдағыдай жүргізген бас дәрігерлердің атын атап кетуді жөн көрдім.

1960-жылдан 1965-жылға дейін аудандық аурухананың бас дәрігері болған Құлысбаев Серғазы Қажыкенұлын айтуға болады. Серғазы өте карапайым маңғаз азамат еді. Өзі дәрігер-рентгенолог болатын.

1965-тен 1970-жылға дейін аурухананың бас дәрігері болған Хасенов Телманды, 1970-жылдан 1977-жылға дейін бас дәрігер болған Қалиев Кенжебайды, 1977-жылдан 1985-жылға дейін аурухана бірлестігінің бас дәрігері болған, ауылда жүріп кандидаттық диссертация корғаған Әділғожин Социалды айтуға болады. Социал өзі жұмыс істеген тұста ауылдық ауруханалардың аясын кеңейтіп, ауданда терапиялық болім ашып денсаулық сақтау саласына айтарлықтай үлес қосқан азамат. 1985-тен 1997-жылға дейін бас дәрігер болып Сайдахметов Сырым жұмыс істеді. Нарық кезіндегі қайнаған реформаның ортасында болған осы азамат. Ойшілік типтік учаскелік ауруханасында бас дәрігер болып жұмыс істеген Әбдікенов Әмірғазы, оның ізбасары Нұрғалиев Сәбет, Көкжыра ауылдық амбулаториясында жұмыс істеген марқұм Түсіпбеков Дүйсеш, Қызыл кесік ауруханасында ұзақ жылдар жұмыс істеген Қазыбаев Әскен, Қабдоллина Карлығаштардың жүрген жерлерінде ізгілік ізі қалған азаматтар.

Аудандағы өкпе ауруы диспансерін 1958 жылы Алматы адам дәрігерлік институтын бітіріп келген Нұржанов Карл басқарды. Ал кейінгі 1977-жылға дейін Әділғожин Социал басқарып келді. Осы тұста өкпе ауруының білімді де білікті дәрігерлері Бектемірова Дина, Сайдахметова Балшекерлердің өкпе ауруынан сауықтырудағы сіңірген еңбектері мен істеген қызметтері ерекше болды.

Аудандағы санитарлық-эпидемиологиялық станцияны 1964-жылдары Мұхамадиев Тельман басқарса, 1966-жылдан бастап Хамзин Амантай басқаруға алып СЭС-тың көптеген кадрларын тәрбиелеп шығарды.

Ауданда медицинаның анасы аталған терапия саласына кіретін бөлімдер бойынша жұмыс істеп осы саланың туын көтерген дәрігерлеріміз: дәрігерлер қатарынан алғаш рет Еңбек Ері атанған Нұржанова Райса, Оңалбаев Тұрысқали, жүрек дәрігері болған Сыдыкова Мәншүк Мәуітқанқызы, Төлеутаев Мұхтар Есенжанұлы, Құмарова Сәлима, Керімбаева Шаһарбану Қабдоллақызы, Қатпина Рая Мұсылманбекқызы, Данина Роза, Байғалиев Мәуітхан, Дайырбекова Света, Әбілмәжінова Баян, Иманқұлов Есенгелді, Атыханов Мырзахмет, Хамзина Бижама, Ташкенбасва Амантай, Омарбеков Алдаберген, Сарқытбасва Мейрамгүл, Исин Бақытбек, Ибрагимов Нұрлан, Кошкінбаева Қарлығаштарды айтуға болады.

Адам денесінің 90 пайызына баланатын адамның екі көзі болса осы салада үздіксіз еңбек етіп келе жатқан, халықтың сый-құрметіне бөленген аса тәжірибелі көз дәрігері Берікбасев Нұрлан Ғазезұлын айтуға болады.

Адамның нерв жүйелері ауруының маманы Итбаев Дәулеттің, балалар дәрігерлері Шалабаева Қамаш Мақсұтқызының, Шлигермаер Алла Васильевнаның, Тұрарова Ардақтың, адамның тері ауруын емдейтін мамандар марқұм Қынашев Қадыр Ризабекұлының қазіргі ізбасары Шаймерденова Гүлнардың еңбектері ерекше.

«Нар тәускелмен» жұмыс істейтін хирургия саласында тамаша еңбек етіп, тер төккен дәрігерлеріміз де баршылық. Атап айтсақ қазірде Алматыда жұмыс істеп жүрген ғылым кандидаты Оразасев Қинаят, Ақбаров Лазар, Қыдырбаев Марат, Кирпин Мұрат, Бекенов Амантайларды атауға болады. Осы аты аталған хирургтердің жұмысын түсіну үшін бір ғана Бекенов Амантайдың қызмет бабындағы өмір жолын баяндап өтсек хирургтердің қызметіне оқырман өз бағасын бере жатар.

Бекенов Амантай 1942 жылы туған. 1950 жылы бірінші классқа барып, мектепке баратын жолды қызыл су алып кетіп сол жылдың қараша айында оқуды доғарады.

Оқуды 1951-жылдан бастап 1961-жылы он жылдықты тамамдап, Семейдің медицина институтына түсіп, 1968-жылы бітіреді. Жоғарғы оқу орнын бітіргеннен кейін екі жылдай Закавказьеде әскери врач болып жұмыс істейді.

1970-жылы туған жері Ақсуатқа оралады. Хирургтық орын болмағаннан кейін үш жыл гинеколог болып жұмыс істейді. 1974-жылы Алматыдан бес айлық білім көтеру мамандығынан өтіп келгеннен кейін 2000-жылға дейін хирург болып жұмыс істеді.

«Шапай» елді мекенінде тұратын тракторист болып жұмыс істейтін Айтмұрат деген азамат тойдан кейін оқыстан жүрегіне пышак кіргізіп алып, жүректің қалқаншасы тесіліп, алдынан кіріп ар жағынан бір-ақ шыққан күйінде аудан орталығындағы хирургия кабинетінің столына жартылай жансыз жеткізеді. Сол кезде жас та болса біраз тәжірибе жинақтаған, қолы аса шипалы хирург Амантай әлгі адамның өмірі үшін тәуекел деп үш ұйықтаса түске кірмейтін операцияға батыл кіріседі. Құдай сәтін салса не қиын, өлді деген адам өмірге қайта оралады. Әлі күнге көзі тірі. Амантайдың бұл ерлігі қандай марапат болса да лайықты еді.

1984-жылы бес жастағы қызды машина қағып, ауыр жарақат алып Амантайдың операция столына жеткізіледі. Оқыс кездейсоқтық болса да, адамның талантында кездейсоқтық болмайды екен. Баланың диафрагмаға кіріп кеткен бауырын орнына түсіріп, Амантайдың шипалы қолынан жазылып шыққан ол қазірде аман-сау жүріп жатыр. Сол баламен бірге жатқан аттан құлап жарақат алған Сембаев Болысбек те (Егісбек деген азаматтың әкесі) сау-саламат жазылып шығады. Осылайша ауыр операциялар саны молая береді. Бір ақсақалдың бәйбішесі құсып, іші кеуіп больницаға түседі. Тағы да асқынған ауру Амантайдың алдынан бірақ шығарады. Өт қабығындағы жұмыртқадай тас ұлтабарды тесіп аш ішекке өтіп кеткен екен. Тастың тесіп өткен жерін жамап, аш ішекті тесіп жұмыртқадай тасты алады да ішекті жамайды. Бірінші құдайдың, екінші Амантайдың шипалы қолының арқасында аман қалады. Әлі күнге сау-саламат жүріп жатыр.

Қанафия деген ардагердің подвздошная артериясы бітеліп қалып екі аяқ қарайып нестеніп кетеді. Операция жасап екі аяғын кескеннен кейін екі жыл өмір сүріп, жүрек ауруынан дүние салды.

Амантай хирург болып жұмыс істеп жүрген мерзімде соқыр ішекке үш мыңнан астам операция жасайды. Осының үшеуі асқынғандықтан дүние салыпты. Бір бала марқұм Байжол ақсақалдың күйеу баласы Асылбектің баласы екен.

Бір әйелдің маскүнем күйеуі әйеліне пышак салып алып бүйректі боліп жібереді. Тағы да Амантайдың операция столына келіп зақымдалған бүйректі алып тастағаннан кейін жазылып әлі күнге сау-саламат жүріп жатыр.

Амантай өзінің операция столында құлап жарақаттанған үш адамның көк бауырын алып тастайды. Соның бірі Ақсуат мұражайының қызметкері Ақжасаров Қоныстың баласы сау-саламат жазылып бныл Астанаға оқуға кетті.

Сержан деген азаматты сокқыға жығылып көк бауыры жарылғанынан аман алып қалса, 14-15 кісінің тесілген асқазанын жамап, 12 елі ішекке операция жасап, жасағандардан асқынып кеткен біреуі дүние салады.

Ішегі түйілген 30 адамның ішегін тарқатып, емге көнбеген кейбіреуінің 1,5-2 м ішектерін кесіп тастап ажалдан аман алып қалыпты. Ішек сырқаттарымен Амантайдың операция столына түскендердің барлығы да тірі көрінеді.

Жарық ауруымен операция столына түскен 300 адамның барлығы да жазылып аман-сау жүріп жатыр.

Өмірде өте сирек кездесетін, Тарбағатай ауданы Қарабұлақ ауылында тұратын бір жанұяның бір жастағы сәбиіне соқыр ішекке операция жасап алып қалуы өте көріпкелдік деп айтуға болады. Сәбидің соқыр ішегі циркулярный некроз болып ішінде түсіп қалып, тек бір тамырға ілініп тұрғандығын айтқанда қарадай таңқаласын.

Амантай хирургиямен қоса сынықшы да. Айына 50-60 адамның сынығын салып отырыпты. Кей айларда 100-ден де асып кетеді екен. Орта есеппен жылына 660-1000 адамның сынып жарақаттанған жерлерін қалпына келтіріп отырыпты. 1980-жылы Ташкенттен, 1985-жылы Алматыдан білім көтеру, тәжірибе алмасу курстарынан өткен Амантай гинеколог болып жүргенде 40-тан астам әйелдердің баласын жарып алған көрінеді, 4-5 әйелдің жатырын да алып тастапты.

Операция столында бір ғана Амантай емес, қан құятын, наркоз беретін хирургтың сестралары болатыны анық. Міне осы топтағы дәрігерлердің жұмысын мұқият бақылап, операцияның сәтті өтуіне мұқият назар аударып отырғандықтан да адам өмірін сақтап қалып отырған. Егер осылардың жұмысынан мүлт қателік кетсе адам өміріне қауіп төнетіні сөзсіз.

Амантайдың айтуынша бір санитарканың қызы “XXII партия съезінде” фельдшер болып істеп жүргенде күйеуіне пышақ салып, жүрегін жарақаттап алып операция столына түскенде Қыдырбасов Марат операция жасап аман-сау алып қалыпты.

Міне хирург дәрігерлердің жанкешті жұмыстары осындай. Егер Амантай тәжірибе мен ғылымды ұштастыра жүргізген болса әлде қашан ғылым докторы болар ма еді? Бірақ оның ессін құдай беріп, халықтың ыстық ықыласы мен сый-құрметіне бөленіп келе жатқан азамат.

Аудан халқы медицина саласында істеп жүрген туған жеріне кіндік қаны тамған Ақсуат топырағынан түлеп ұшқан дәрігерлер Семейдің санитарлық-эпидемиялық басқармасының бастығы болып істейтін Шегедеков Бағланды, медицина ғылымының докторы Мусин

Даниялды, медицина ғылымының кандидаты Әділғожин Социалды, осы топырақтан кіндік қаны тамып түлеп ұшқан, қазірде Семейдегі облыстық аурухананың бас дәрігері Төлеутаев Мұхтарды, Ақсуат орта мектебін бітіріп, адам дәрігері мамандығын алып, қазірде Семейдің орталық қалалық ауруханасында бас дәрігер болып істейтін Төлеутаева Гүлнүрді, кардиолог Төлеутаева Гүлжанды мақтан тұтады.

“Адам жанының арашашысы” деген құрметті атаққа сай тиянақты еңбек етіп зейнеткерлікке шыққан орта буындағы, оларға жалғас төменгі медициналық қызметкерлердің де істеген ісі мен қосқан үлесі қомакты. Фельдшерлер Д.Түсіпханова, Т.Әбенова, С.Сатыбаев, В.С.Несушкина, Аққожиева Тұрсын. Медбикелер Күлия Қасымжанова, Ж.Ниязбекова, О.Беннер, Рабдуллина Дәлел, Болысбекова Күләш, Батқакова Ләтипа, Жапарова Роза, Қуанбаева Алтын, Мамырбаева Үміт, Мамырбекова Айгүл, Самарханова Айтжамал, акушерка Ысқақова Күләш жолдастарды аудан халқы орынды мақтан етеді.

Аудандық ауруханада табаны жалпақ елу жыл істеген бас есепші Бекіметова Зухра Сабыржанқызының, Зухра апай тәрбиелеген 1968-жылдан бері үздіксіз жұмыс істеп келе жатқан бас есепші Жапарова Айман Тілспалдықызының, аурухана экономикасын ұршықша айландырып келе жатқан жоғары білімді тәжірибелі экономист Карменова Гауһардың, есепшілер Қ.Байдилдина, Г.Қапатаева, Б.Әділхановалардың еңбегін ерекше атаған жөн.

Аудан ауруханаларын дәрі дәрмекпен қамтамасыз етуде өмірінің ақырына дейін жан аямай қажымай талмай еңбек еткен мінезі қарапайым, өте кішіпейіл, адамға деген қамқорлығымен жарасымдылық тапқан Муслина Бәтиманы аудан халқы әрқашан есте сақтайды.

1998-2001 жылдар аралығы ежелден аудан орталығында жұмыс істеп келе жатқан аурухананың көрі шаңырағы болып есептелетін орталық аурухананың, аудан орталығында салынған жаңа типтегі жұкпалы аурулар ауруханаларының шаңырағы ортасына түсіп, онымен қоса кіші терапия (ішкі ауруларды емдейтін) ауруханасының істен шыққан жылдары болды.

Көпшілікке белгілі Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың халыққа жолдауында халық денсаулығына қатты назар аударып, қазіргі кезде өршіп тұрған өкпе ауруларының ауруханасын неғұрлым елді мекенге жақын жерге орналастыруды тапсырған болатын. Алайда, керісінше аудан орталығындағы өкпе ауруханасын 180 шақырым қашықтыққа апарып орналастырып, қыс көзі қырауда оған жету де, жеткізу де күшке түсері шындық, бұлай кереғарлыққа бару кімге қолайлы болғанын кім білсін? Аурухананың транспорт қатынамайтын, елден жырақ орналасқан

ауруханаға жатып ем алуы, ағайын-туыс, жолдас-жоралармен кездесіп тұрудың қиындығы, ауру адамның аркасына аяздай батқанымен ешкімнің санаспауы масқараның үлкені деген осы емес пе?

Сондықтан да болар Базаров Мұхтар Ақжардың ауруханасынан емделіп пана таппай, транспорт қатынасы жеткілікті Семей қаласына барып емделіп қайтарда қатаң қыстың салдарынан үйіне жете алмай сол жерде қоз жұмды. Егер орталықта өкпе ауруы ауруханасы болса туған жер, ата-анасының жанында жерленбес пе еді? Екінші Әжіманов Шәкірттің Ақжардың өкпе аурулары ауруханасына барып емделуді адам баласының басына салмасын деп дүние салуы, Бескенова Айгүлдің сол ауруханадан қашып, ауырып жатқандағы жанұялық ауыр жағдайдан кейін Кокпекті ауданына жер аууы, жергілікті жердегі аурулардың өкпе ауруы ауруханасының бас дәрігерінің рұқсатынсыз қаралуға бағыттау анықтама қағаздарын ала алмай жүйкесі құрып жүрген аурулардың сенделісі көп нәрсені аңғартады. Жағдай осындай бола тұра ақпарат құралдарында бүйректен сирақ шығарып мақтайтынын қайтерсің.

Абай атамыздың “өтірік мақтан табытын қаққан андығаны баққаны” деген сөз орнын тауып қандай тамаша айтылған десеніңші. Немесе Оралхан Бөкей: “Бір күндік тоқтыққа мәз қаз-үйректер, өз пайдасының құлы құрбақалар” деп тегін айтпаса керек.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев “Бізге ең алдымен денсаулығы мықты, білімді азаматтар қажет!” деп жиі айтады. Олай болса аудан халқы да келешекте білімді де білікті, ұлт жанды, Гиппократ антына берік адам дәрігерлерінің болғанын қалайтыны сөзсіз.

Қайткен күнде де адамды аялаған дәрігерлердің жүрек жылуы көпке дарып жатса, келешекте ауданның денсаулық сақтау саласының түтіні түзу шығып тұрса арман ауылының алыс қонбағаны да!

Ләйім солай болғай!



ТАҒДЫРЛАР МЕН АСУЛАР

(Поэма)

Әйгілі Ақсуаттай жерімде ерен,
Тарих мол тізбеленіп терілмеген.
Жылдардың қойнауында жатыр солар,
Отты жыр тілімсенен өрілмеген.

Қашан да ақ арманды сенімменен,
Түлегі бұл өлкенің көрінген сң.
Әулие, батыр, биің дараланып,
Ақынның таңдайынан төгілді олең.

Бәріне Тарбағатай куә болған,
Асқақтап аспан тіреп тұра қалған.
Ой болсем өткен кезге өшпес із көп,
Бәрі де тармақталып шығады алдан.

Әрқайсы жанып тұрған шырақ алуан,
Замана тездерінен сынақ алған.
Төсінде туған жердің қилы тағдыр,
Кешеден бүгінгіге мұра болған.

Қынаш та сол тұлғаның біреуі еді,
Әулетке асқар таудай тірек еді.
Жасынан батыл жүрек, жортуылшы,
Ерлігін жалпақ жатқан біледі елі.

Ежелден бабамыз бұл жылқы ұнатқан,
Бәйге атпен қасқыр соққан, түлкі қаққан.
-Тұлпар,- деп ер қанаты нақыл айтқан,
Әнменен домбырада күй құратқан.

Бұл жылқы барымтаға тиек болған,
Жата ма ер ол істерге ниет қойған?
Жортқанда жолы болып Қынаштың да,
Оқиға орбуіне тірек болған.

Жанына Аюбай мен Таңқайды ерткен,
Шолғынды жасайды екен шалғай шеттен.
Шыққанда сол үшеуі айтады екен:
-Жылқыны өрістегі алмай кетпесі!

Үшүлеп жылқы бөліп қуғанында,
Болмайды бөгелуге, ырғалуға.
Тобымен шырық иіріп айдайды екен,
Жосылар сонда сұмдық бұл малың да.

Жылқыны осылайша жасқауылдап,
Жолына салады екен басқарып ап.
Қынаш пен Аюбайлар сәл ксйіндеп,
Жүреді қуғыншыны тосқауылдап.

Қуғандар жетсе серпіп алаботен,
Екеулеп ортасына алады екен.
Солақай, біреуі оңқай барымташы,
Ілезде оны қағып қалады екен.

Содан соң ілгерілеп кете берген,
Өткелден неше түрлі өте берген.
Үйірлі жылқыны алып үшеу ғана,
Жеткізіп жүріпті ғой бөтен елден.

Айтайын осы сәтте Таңқай жәйін,
Тоқтамай екпіндетіп малды айдауын.
Секіріп құрығымен басқа ат мініп,
Цирктің артисінше ат таңдауын.

Жүретін жолдарына таныс жігіт,
Бойында бұрқыраған намысты үміт.
Бөгелмей жылқыларды жосылдырды,
Мінгенін тың көлікке ауыстырып.

Алайда, сан жасалған барымтада,
Тұра ма қайтарылмай қарымта да.
Бір жолғы мал иесі бабалардың,
Дәл басқан бұлтартпастан жолын таба.

- Малымды сендер алдың,- деп айтады,
Сөздерін қадап-қадап дөп айтады.
Кесімді билеріңе жүгінемін
Деген ой анықтарын кеп айтады.

Осылай мал иесі көсіледі
Дәлелін алдыға сап есіледі
- Кім алды?
- Кімдер болды ақырында?
Дауласу би алдында шешіледі.

Бұдан соң аз уақыт өткен екен,
Аюбай, Қынаш, Таңқай еткен бекем.
Ол кезде Жұмат бала он скіде,
Барлығы Қытай асып кеткен екен.

Ол жақта әр жұмыспен шұғылданып,
Жағдайын күнкөрістің ұғынды анық.

Жас Жұмат самаурыншы боп істеді,
Еңбектің өтеуіне пұлын да алып.

Жұматтың қолдарымен бәр іс тынды,
Ұнатты қожайын да намысты ұлды.
Қағылез бұл баланы бір жылдан соң,
Иесі сатушы ғып ауыстырды.

Жөн тауып қызметке ілінеді,
Еңбегі айналаға білінеді.
Тиыннан тенге құрап зерделі жас,
Ойлайды әкенің де күнін енді.

Осылай несібесін терген екен,
Пайда үшін бар уақытын бөлген екен.
Бір күні жинақтаған бар ақшасын,
Әкеліп әкесіне берген екен.

Ойлайды ұл малды жиып өрлесін деп,
Түлігі өрбіп өссін төлдесін деп.
Бірақ та, әке пұлды ұстап қойды
Енді қайтып дәулеті кең көсілмек?

Бұдан соң Жұмат ақша қайта жыйды,
Көрсетпей әкеге енді мұндай сыйды.
Жылқы мен қой, сиырды сатып алып,
Жаңартты басқа тіккен киіз үйді

Жанды да жеміс беріп еңбек енді,
Шаруасы оңға басып дөңгеленді.
Сол кезде Қынаш жары қайтыс болды,
Жұматқа тағыда бір ой келеді.

Анасын ардақтаған әр қадам ол,
Аңғарып сан істерді байқаған ол,
Жағдайдың мәнісіне көңіл бөліп,
Әкені үйлендірді қайтадан ол.

Еліне болып өсіп сыйлы адамы,
Жұматтың айқындалған нұр қадамы.
Барып-ақ жалғыз өзі құда түсіп,
Өзіне жарғып алды Күнбаланы.

Мүбәрак Зәңгінің ол қарындасы,
Біледі бар маңайдың тамам жасы.
Шұбыртып қалың малын айдап берді,
Бұл тойды мақтапты ғой талай жаршы.

Жүкеннің биіктеді шаңырағы,
Қуаныш шуақтанып жамырады.

Өмірге келді Әбсәләм Шәуешекте,
Шаттыққа бөлеп осы жанұяны.

Жылжыды жылдар өтіп жайымменен,
Әбсәләм есейді оның нәріменен.
Жеткенде ол алты жасқа жан анасы,
Күнбала қайтыс болды тәлімі ерен.

Кеудеде талап, үміт нұры бар-ды,
Ұстаздың айтқандарын ұғып алды.
Таныды ақтан қара алғаш рет,
Әбсәләм медреседе білім алды.

Орысша мектепке одан ауысады,
Үздік боп оныдағы тауысады.
Өмірге осылайша жолдама алып,
Істерге игілікті қауышады.

Жұматта осы кезде дәулет тасып,
Тарады төңірекке даңқы да асып.
Кейінгі ата қоныс еліндегі,
Тұрды ол туыспен де хабарласып.

Ағайын:

- Елге орал!,- деп айтады,
Бір емес осы сөзді көп айтады.
Мың тоғыз жүз сегізінші жылдар еді,
Көңілде ұмытылмаған белең табы.

Елінен тапты талай сыйластарды,
Арманы, мүддесі бір сырластарды.
Алаштың перзентін дос етті ол,
Бияхмет Сәрсеновтей игі асқарды.

Көрші елдің еңбекшілдік өрістерін,
Мәнді де мағыналы көп істерін,
Мұнда кеп жалғастырды Жұмат баба,
Шаруаның терең ұғып мәністерін.

Мекен ғып осы күнгі "Социалды",
Сол кезде тоғам тартып егін салды.
Бидай мен тары, сұлы бәрін егіп,
Жомарт күз кезінде мол өнім алды.

Семіртіп мал сатуды жолға қойды,
Көкнәрді егіп оны пайдаланды.
Қытай мен екі арада сауда жасап,
Сай болып төрт құбыласы қордаланды.

Сауданың жәйін жұртқа ұғындырды,
Еңбектің түр-түрі елді сүйіндірді.
Жұмысқа ап қытайды да Жұмат баба,
Олардың сөзін ұғып тілін білді

Кеңестің кезіндегі ел дүрбелеңін,
Тартысын, жалқысын да білген едім.
Байменен, қажы, молда, алашшылдар,
Қуылды, төркіленді үндемедім.

Бүбіхан Жұмат жары сол жылдары,
Қытайдан болды әкелмек ол бидайды.
Кешігіп келмеген соң ақырында,
Бабамыз жолға шығып өзі барды.

Ел іші ол жакта да тыныш емес,
Арасы дүнген, қытай соғыс егес,
Кезі екен атыс, шабыс шарпысулы,
Маңайды жайлағандай тегіс елес.

Қытайдың жерінде сол болғанында,
Жарымды ап қайтам деп барғанында,
Жұматты дүңген солдат атып кетті,
Шәуешек қаласының дәл маңында.

Әбсәләм сол қазаға барып қайтты,
Әкені жер қойнына қойып қайтты.
Құлыстай, Орқашардың кең аймағын,
Бұл жолы ең соңғы рет көріп қайтты.

Қара Еміл, Желіағашын, Қорымсуын,
Күре мен Қырықошағын, Мойыншійін,
Толы мен Желдіқара, Дорбілжіңін,
Ойлады түйді Әбекең көңіл сырын.

Қалды артта кіндік кесіп туған жері,
Алғашқы итқойлегін жуған жері.
Үйретіп тайдыдағы мінген жері,
Балдәурен балалықты құрған жері.

- Қош!,- деді ол сол өлкеге бір қарады,
Богеліп бұдан кейін тұрмады әрі.
Тақымын қысқанда аты лыпып кетті,
Алдыда Тарбағатай жылғалары,
Байқалды жолдындағы бұрмаланы....

Жүйрік ат "Әскер торы" серігі еді,
Бөйгеден талай-талай келіп еді.

Кекілін жел тараған жануардың,
Қызығын тамам халық көріп еді
Сондай бір бас қосулар өткен еді,
Бір де әке балаға сыр шерткен еді.
- Әбсәләм, жарықтайым, айналайын,
Тегінде Қазақстаннан кетпе!,- деді.

- Әкелдім туған жерге балапаным,
Оның әр тал шөбін де жаратамын.
Ұнатам түймедей бір тасындағы,
Ақсуат - ата мекен ақ отауым,-
Өзінің өмірлерін ойына алып,
Ақылын айтқан шығар пайымы анық.
Әкенің өсиетін қабылдады,
Әбсәләм Ақсуатта тамыр жайып

Деп әке кеңес айтқан жөніменен,
Өмірден түйіндеген ойыменен.
Арғы бет, бергі беттің дәмін татып,
Қалдырды із Тарбағатай жонына ерен.
Әбекең салық агент боп істеді,
Беделі ел ішінде өрістеді.
Оқыған "Мұқтасарды" дін жолымен,
Білімін жетілдірген зор істері.

Тармақтап тарихыңды деп айтатын,
Қиссаны жатқа соғып көп айтатын.
Жүйелеп бас - басына баяндайтын,
- Жанболат үлкенімін,- деп айтатын.
Осындай текті әкенің анық көзі,
Орныққан көкейіне байып сөзі.
Нәдірбек ел таныған азамат бұл,
Баураған академик халықты өзі.

Көрікті бала кездің көктемінде,
Оқыды Ақсуаттың мектебінде.
Өмірдің өрісіне қанат қақты,
Он жылдық тізбектеліп өткенінде.
Барам деп бармай қалды астанаға,
Мақсатын өзгертпейтін жас бола ма?
Тура өтіп Ташкенттен ол білім алды,
Айтқанда баяғыша Тасқалада.

Қаржының саналуан сабақтары,
Кітабын оқып оның парақтады.

Бітіріп Орта Азия институтын,
Өмірдің белесіне әрі аттады.

Өмірдің алдыдағы белендерін,
Арайлы көкжиектің колемдерін,
Шолуға толығынан ниет етті,
Оқ жонар әке көрген дегендейін.

Басталды шаңырақтан алғашқы үлгі,
Жолдарын жүретұғын ойластырды,
Нәдірбек Әбсәләмов өрге жүзіп,
Кәсібін әкесінің жалғастырды.

Басталды еңбек жолы Өскеменде,
Алтайдың бауырындағы өскелеңде.
Банкте несие бөлім қызметі,
Цифр тіл сырын ұққан жаспенен де.

Бұдан соң Армияға барып келді,
Атағын, абыройын алып келді.
Өтсді азаматтық борыштарын,
Өмірдің сырларын да танып корді.

Оралды Ақсуаттай ауылына,
Ежелгі ата коньы қауымына.
Аудандық қаржыгерлік бөлімде істеп,
Барды ол талай істің байыбына.

- Әке айтты мен өзіңе қарадым,- деп,
Жанда бол жалғыз ұлым қарағым!,- деп.
Жұмыстың басқа жерден керегі жоқ,
Оқыдың, жетсді іске жарадың,- деп

Осылай жүрген кезде талаптанып,
- Жас келсе - іске деген санатты алып,
Сау етіп комиссия келе қалды,
Жан-жақты тексеруге жарақтанып.

Семинар өткізді олар саралаған,
Әр істі байыптаған жаңалаған.
Жиында сөз сөйлеген Нәдірбекті,
Котляров өте оңды деп бағалаған.

Өзіне орынбасар сайлап алды,
Ішінен көп жастардың таңдап алды.
Осылай дәреже өсіп Нәдекеңде,
Асығы алшы түсіп алға барды.

Ізденіс еңбектері жеміс беріп,
Жүргенде аймағына өріс кеңіп,

Асылхан ғалымменен кездеседі,
Ой бөліп тамыр жайған оң іске нық.

Онымен бек сырлас боп танысады,
Ағалық ақылда жоқ нәр ұсағы.
Өткен соң аз уақыт ол басқарған,
Оқудың орынына ауысады.

Ежелден аты әйгілі Семей еді,
Өнерге оқуға да мерей еді.
Бір орын технология институты,
Ерекше мақтан тұтар бедел еді.

Жаңа орын жаңа келген Нәдірбекті,
Сыйлапты өз әлінше қадірлепті.
Орындап тәжірибеде талай істі,
Ізденіп маңдай тердің нәрін төкті.

Жақсы ғой әр кезеңде талаптанған,
Тоқтамай білім іздеп қанаттанған.
Нәдекең аспирант боп әрі оқыды,
Ол емес толдым ғой деп қарап қалған.

Осылай түсіп ғылым жолдарына,
Бағытын алды мақсат, арманына
Студент жасқа тәлім сабақ берді,
Білімнен шуақ төгіп ойларына.

Санаға ұялады дәрістері,
Нақтылы баяндалды әр істері.
Жан-жақтан жинақталған талаптының,
Кеңейді ғылымменен өрістері.

Өмірден табар орын жаңа арналы,
Жыл сайын дайындалды мамандары.
Жүр олар жалпақ елде еңбек етіп,
Басталған Семейімнен қадамдары.

Солармен бүгін ғалым мәртебелі,
Көкейден төгілдірген ой келелі.
Шәкірттің жетістігі қашандағы,
Ұстаздың өміріне сән береді.

Елінің елеулісі болуменен,
Кемелді кезеңіне толуменен.
Қатар ол жақсы отбасы иегері,
Бір жүрген Зоя апаймен өмір-белең.

Сол белең қадамдарын жаңалады,
Халығы қалаулы деп бағалады.

Ерболат, Бекболат пен Гауһар, Әлшер
Өсірді тәрбиелеп балаларды.

Нәр берді ұрпағына өнегесі,
Олардың барлығына керегі осы.
Санжар мен Әнел, Астам, Іңқар, Наргис,
Жұматы қызығы мол немересі.

Бала-бал, ал немере жандай екен,
Ағарып атып тұрған таңдай екен.
Нәдекең бір ойменен өзі ырымдап,
Жұматқа баба атын қойған екен.

Ата-ана үміттері гүлін жарған,
Ұсынды оларға тек сыйын да алуан.
Дегендей: "Сен де бір кірпіш дүниеге" -
Өмірден ұрпақтары орынды алған.

СОҢҒЫ ТҮЙІН

Өмірдің міне, осындай асулары,
Мәнерлі: ойға - ойды қосуда әлі.
Тұған жер - атамекен шежірелі
Сыр шерткен тау, даласы, жасыл бағы.

Әйгілі Тарбағатай асулары,
Белгілі сенімен жұрт жосылғаны.
Замана дүрбсленге толған кезде,
Көші - қон, әрі-бері басылмады.

Түлегі мекенімнің осындағы,
Танылған елімнің сол асылдары.
Өз жолы тағдырымен өрнек төгіп
Бейнесі суреттеліп ашылды әрі.

Өткеннің шежірелі өмірінен
Бүгіннің нық қадамды сенімінен.
Жүректі тебіренге сыр қозғадым,
Ақтарып өлеңімді көңілімнен.

Нәкен Серікбаев,

Қазақстан журналистер одағының мүшесі

26.V.2003 - 04.VI. 2003 жыл

ӘУЕЛДІҢ КӨП БАТЫРЫ

Жанболаттың бір баласы Сары руының Әуел атты атасынан жұрт «он сегіз батыр» шыққан деп аңыз етеді. Оның рас-отірігін бір құдай, одан соң тарих білер, бірақ «Жел соқпаса шөптің басы кимылдамайды» деген тағы бір сөз бар. Бұл сөздің негізсіз еместігін дәлелдеу үшін атақты Кәрібай ақынның мына бір өлеңіне назар аударайық:

Сарының Бәкім еді арыстаны,
Дұшпанның шақ келмейтін алысканы.
Әуелдің көп батыры ұран болып,
Жоқ еді бір-бірінен қалысканы.

Ал енді осы әулеттің көп батыры кімдер? Ақсуаттың оңтүстік батысында Қабдеке деген жерге таяу онша құлап бүліне қоймаған ескі үлгідегі күмбез зират тұр. Ел Байсымақ батырдың зираты деп атайды. Ол Сары Әуел, оның ішінде Бәйімбет деген атадан. Шамамен атақты Тана мырзадан 40-50 жас үлкендігі бар. Дулығасын 1970-жылдардың аяқ шенінде Ақсуаттан мұражай ашылғанда, өз қолымызбен табыс еттік. Ал сауыты 1950-жылға шейін тұрыпты, кейіннен жоғалып кеткен. Байсымақ батыр қазақ-қалмақ соғысының аяқталар тұсында қатысқан болу керек. Ел аузындағы аңыз бойынша өте алып денелі, көзі аса отты, екі мұртының шалғысы құлағына оралған асқан жүректі батыр адам болған. Ол кісінің жатқан жері Токабай-Сарының шекарасы екен.

Бұрын Сары руы Әуел-Көки болып екіге бөлінетін. Ал Саңқай (өмір) Әуелге жататын. Ал қазір өзі аз Сарыны үшке бөліп жүр. Осы Саңқайдан Баялы-Баяш, Бейдалы деген үш батыр шыққан. Баяш түйенің ортан жілігін қолмен бұрап сындырыпты деген аңыз бар. Оның баласы Қабдолла да, оның жалғыз ұлы Жанұзақ марқұмдар да өте қарулы адамдар болды. Асау тайды сирағынан ұстаған Жанұзақ аңқаулықтың кесірінен әлде кімдерге еріп Қарағанды түрмесінде бертін қайтыс болды.

Әуелдің Жәлме деген атасынан Әлібай-Игілік, Тұйықбай-Қиықбай деген батырлар шыққан. Осылардың ішінде Әлібай Көріпбайұлының аты қазан төңкерісінен бұрын арғы бет – бергі бетке көкжал қасқырдай шулы болған. Оның есімі атақты барымташы ретінде кейбір кітаптарда да жүр. Мәселен, Сапар Өзбековтың «Мұра» кітабында Әлібайдың Алтайдан жылқы алып келе жатып, Құттықадам руының байы Жармұханбетпен қалтығысып, оны өлтірген жерін суреттеген. Бірақ бала кезден біз естіген аңыздан жаңсақтау. Шындығында Әлібай Жармұханбетті біле тұра атпаған, таң қараңғысында жылқының алдынан шауып шыққан салт аттыны қуғыншы екен деп атқан. Сүйсіні

былғары тоқымға орап, Қарғыба озенінің бойындағы үңгірге тыққан. Кейін Құттықадам руының Сармұсабай, Мүрсәлім болыс секілді атақты адамдары «Біз сенен күн сұрамайық, сүйегін тауып бер» дегенде төрт жігіт көтере алмаған қақпақтасты өзі көтеріп, Жармұханбеттің сүйегін алып берген. Сол оқиғаны көзімен көрген Түсіпұлы Кәрімғажы деген ақсақал бертінде дүние салды. Жармұханбет байдың бәйбішесі былай деп жоқтау айтқан екен:

Мінгенде атың шимойын,
Қорадан орген мың қойың.
Көздемей атып дәл жыққан,
Әлібай деген қу мойын.

Әлібай бссатар мылтықпен аттың үстінде тұрып ұшқан құсты ататын асқан мерген болған. Ол туралы ел арасында ертегіге бергісіз аңыздар көп. Серігі Ігілік айсыз қараңғыда адаспайтын өте жершіл адам болған.

«Жәлмеден шыққан Тұйықбай батырдың мына бір әңгімесін бала кезімде әкем Орал айтып отырушы еді», - дейді Мейрам. - «Бір жорықта Тұйықбай батырдың мінген аты інге аяғын тығып алып, омақаса құлайды. Содан батыр қолға түседі. Сапарластары зорға қашып құтылады. Содан жаз отіп, күз бітуге айналады. Тұйықбайдың өлі-тірісі белгісіз. Жанболаттың басты адамдары жиылып іздегелі отырғанда, күз айының аяғында айдаған бір айғыр үйір жылқысы бар батырдың өзі сап ете түседі. Оның басынан кешкен оқиғасы былай екен: Атының аяғы сынып қолға түскен Тұйықбайды ауылға әкеп кісендеп тастайды. Бір күні ел жайлауға қошетін болады. Тұйықбайдың екі табанын тіліп-тіліп арасына жылқының қылын салып, қол-аяғын байлап жұртқа иен тастап кетеді. Шамасы ит қорлықпен өлсін дегені шығар. Не заманда көзін ашқан Тұйықбай ошақта бықсып жатқан оттың шаласын көреді. Жыбырлап кеп шалаға қолының жібін күйдіреді. Қолы босаған соң аяғын иешеді. Ол күнде от қымбат екен. Шаланы тұтатып жағады. Бірер күн бұлақтан су ішіп, жуа теріп жеп өлместің күнін көреді. Бірде құлағына қойдың сарыны шалынады. Қараса қалың қой қаптап келе жатыр екен. Жұрттан тауып алған пышақтың сынығын алақанына басып, қой қаптап келе жатқан бір терең шұңқырға жата қалады. Үстінен өте берген бір семіз бағланды баурына баса қалады. Қойдың қарасы ұзаған соң әлгі бағланды сойып, жаралы екі табанын ыстық жынға тығып емдейді. Осылайша екі-үш күн отеді. Аяқ толық басуға келеді. Басқа бір адам болса «есім барда елімді табайын» деп кері қайтар еді. Тұйықбай табанын тілген байдан кегін іздеп, қойдың сүрлеуімен жайлауға тартады.

Байдың аулын тауып әбден бақылап алады. Ол күнде кешке жақын түйені шогеріп матап тастайды екен. Тұйықбай кешкі апақ-сапақта шөккен түйелердің арасына келіп жасырынады. Екі көзі байдың үйінің алдында кермеде тұрған ақбоз атта болады. Кешке ел әбден ұйықтады-ау дегенде ақбоз атты кісеннен босатып, байдың асыл киім-кешегін екі қоржынға толтырып, қолына сойыл алып жылқыға тиеді. Содан өзі айғыр үйір жылқы айдап қайтады. Тұйықбай батыр жиырмасыншы жылдары өз руласы Кенже молланың қолында дүние салыпты».

Жоғарыдағы Кәрібай ақын айтқан «Әуелдің көп батырының» енді бір шоғыр жері Мауқыбай деген атадан. Мауқыбайдың өзі де батыр. Оның сүйегі Тарбағатайдың шығысындағы Қытайға асар Қарапұшық деген асуда. Әрі өткен бері өткен ел әулие батыр есебінде мал сойып ақтық байлап тәу етеді екен. Тарбағатай ауданының бұрынғы әкімі, қазіргі Шығыс Қазақстан облыстық мәдениет басқармасының бастығы Т.Түсіпбеков өзінің өлкетану туралы баяндамасында Мауқыбай батырдың есімін бірнеше рет атап өтті.

Мауқыбайдан төрт ұл туған. Бәйтөбет, Байболат, үшіншісінің атын ұмыттық, төртіншісі Кенжебай. Жоғарыдағы батырлар шоғырының көбі Байболаттан шыққан. Оның он екі ұлы болған. Ел Байболаттан шыққан көкжал ұлдарды былайша атайды. Жансары-Жаман, Токмырза-Токжігіт, Байқарақас-Дауылбай және Бәкім, Байболаттың немере-шөберелерінің арасынан да мықты кісілер көп шыққан. Мәселен, Мәмбет деген ұлы Мекеге түйемен барып Мәмбетқажы атанған. Осы Мәмбетқажының қасқырдай-қасқырдай бес ұлы болған. Бір ұлы атақты Түсіп қамшыгер, тағы бір ұлы Әділбек жасында барымташы, күйші, сері болған. Нүрсейіт деген үлкен ұлынан туған немересі Ахметқали небәрі 22 жасында қайтыс болса да Жолымбет-Мұрынға кең танылған түйе көтерген балуан болған.

Ал жоғарыдағы «батырлар шоғырына» жеке-жеке тоқталар болсақ мынандай:

Жансары-Жаман, Жансарының сүйегі Көкпектінің шығыс жағында. Жансары деген жер бар. Шамасы күзде жайлаудан қайтып келе жатқанда қайтыс болып сол жерге жерленген болуы керек. Ал Жаман батыр туралы аңыздар көп.

Бірде ол Қытайдағы атақты Демежан үкірдайға барады. Екеуі көп әңгімелесіп отырып, Жаман кешкі намазға шығады. Сол үзіліс сәтте Демежан өзінің Бітіри деген бәйбішесінен: «Бәйбіше, әлгі екеуміздің қайсымыз басымбыз?», -деп сұрайды. Сонда Бітіри: «Әй, әлгі сенен бір кілем, бір тон артық, ешкім бетіңе Демежан деп қарсы келмеуші еді, әлгі екі көзіңді шұқып, иығыңа мініп сөйлеп отыр ғой», -дегенде Демежан:

«Рас айтасын, бәйбіше. Жансары- Жаман деген ағайынды батырлардың Жаманы осы», -деген скен.

1900-жылдары патша өкіметі Аксуатқа кеңсе салып, оны жергілікті ел «правительство» деп атаған, сайлау өткізе бастайды. Сол сайлаулардың бірінде жоғарыдан келген ұлық орыс сайлауды дұрыс өткізбей қазақтарға копекорнеу қиянат жасайды. Бұл әділетсіздікті көзімен көріп тұрған старшын Жаман батыр шыдай алмай әлгі төре орысты қамшының астына алады. Осы қылығы үшін губернатордың қаһарына ілігіп, Семей түрмесінен бір-ақ шығады. Түрменің есігін күшпен бұзып ашып, жаяу-жалпылай Тобықты еліне келеді. Арнайы атакты Абай ақынды іздеп барып мұнын шағады. Мән-жайды түсінген Абай: «Азаматым, атың Жаман болғанмен ісің жақсы екен, әттең оқымай қалғаның-ай!», -деп астына ат мінгізіп, үстіне шапан жауып аттандырыпты деседі.

Тоқмырза-Тоқжігіттің екеуі де мықты болған. Ресейдің Қытайдағы қазақтардан салық жинаушысы болғандықтан ба, Тоқмырзаның аты көбірек шығады. Атакты Кәрібай ақын Әсетпен айтысар сапарда Тоқмырзаға атқосшысы болып барған. Мұны ақын өз өлеңінде «Шығып ем Тоқмырзаның қасына еріп» деп өзі де айтады. Атакты Тоқабай-Көдісін Молдабай балуанды күреске Тоқмырзамен сапарлас болып жүргенде тұңғыш рет түскен. Ағайынды екеуі де зор денелі алып адамдар болған.

Байқаракас-Дауылбайға келер болсақ, Дауылбай 40 жасына дейін барымташы батыр болып, кейін атакты би болып кеткен. Оған адал кәсіп майдай жағып, алпыс қос тігіп, егін еккен кезі болған.

«Сарының Бәкім еді арыстаны», -деп Кәрібай ақын жырлаған Бәкім Байболаттың сң үлкен ұлы. Ел тартысында табанының бүрі мықты бірбеткей өжет адам болған. Саны аз Сары руын сан жерде қорғап шыққандықтан «Сарының арыстаны» атанған. Сапиян, Қасен деген ұлдары болған. Қасеннен Заманбек, одан бір кезде облыстық комсомол комитетін басқарған қазіргі білгілі кәсіпкер Қайрат туады.

Енді небәрі 22 жасында қайтыс болған Мәмбетқажының немересі Ахметқали Нүрсейітұлы туралы бірер сөз. Ахметқали ел аузына жастайынан ерен күшімен ілінген. Бірде балдызы Әбдікәрім Қоқайұлына еріп, оның қайын жұрты таудағы Айдар еліне барады. Күзгі егін жинап жатқан қызыл қырман уағы екен. Аяқ астынан бөс шығып Ахметқали екі қап бидайдың үстіне бір кісіні мінгізіп, екінші белдің астындағы бір ауылға апарды. Сол ауылға барғанда бір әйел шығып: «Аллау, мынау адам ба, піл ме?» -деп таңданыс білдіреді. Ахметқали

содан көзігіп ауырып, сегіз айдан соң қайтыс болады. Артында Дөлел деген жалғыз ұлы үш айлығында қалады. Оның ұрпақтары қазір бар.

Ал Мәмбетқажының Түсіп деген екінші ұлы асқан қамшыгерлігімен, ұшқан құсты ататын мергендігімен аты шығады. Жанболат балаларының ішінде алғашқылардың бірі болып қарағайлы үй салдырған кісілікті, білікті адам болады. Бірақ сүзектен елуге жетер-жетпесте қайтыс болған. Асылхан, Орал, Сияғажы деген ұлдары қалған. Күреске түсіп аты шықпағанымен соңғы екі ұлы бірінен-бірі өткен қайратты болған. Мәселен, Ұлы Отан соғысының ардагері Орал бертінде дейін отыздай қойы мен оншақты сиырына бес-алты тіркеме шопті жаяу арқалап тасыды. Ол әлсіз адамның қолынан келе қоймас. Ал Сияғажы көтерді деген қоктас таудағы Манақ қорасында әлі жатыр. Бұл туралы тоқсаннан асып бертінде дүние салған Болатшайық Әбділдәулы жағасын ұстап айтатын. Оның баласы Майдан Сияғажының қок тасын жні еске алады.

Мәмбетқажының тағы бір ұлы Әділбектің ат үстіндегі мықтылығын, домбырашы, күйшілігін, әділ болыстығын көнеқоздер жыр ғып айтатын. Ол кісі жас кезінде атақты барымташы Сыбан Нұрпейіспен жорық үстінде сойыл соғысып танысып, артынан тос қағысқан дос болып кетеді. Әділбек елді көп аралағандықтан Кереку жақтың Арғындарымен де таныс болады. Ұлы күйші Тәттімбеттің күйлерін Ақсуат оңіріне алғаш жеткізушілердің бірі де сол Әділбек екен. Ал болыс болып сайлануы оз алдына бір хикая.

Жанболаттың аз баласының бірі Қарабайдан Мырзахмет деген оқып келіп болыс сайланады. Бірде ол Тоқабай руының атақты екі Омары (Кірпінің Омары және Шерубайдың Омары) табақтас болады. Жатар кезде кербез сері Мырзахмет: «Мен мына ескі салттағы екі шалмен бірге жатпаймын, бұлар үйдің ішін қорылымен ұйықтатпайды», - деп екі Омарға тосекті сыртқа салдырады. Бұған қорланған екі Омар Тоқабай руының бүкіл Мұрынға әйгілі шешен биі Абылайға мұңын шағады. Абылай келесі сайлауда Мырзахметті қағып тастап, болыстыққа Сары руынан өзі көзі түсіп ішартып жүрген жаны отты Әділбекті сайлатады. Әділбек ұрпақтары бүгінде Ақсуатта тұрады.

Қазақ халқының әйгілі бесік жырында:

Сөзден маржан тізетін,

Ақын болар ма екенсің?!

Жаудан жылқы айырған,

Батыр болар ма екенсің?! – деген жолдар бар. Бұдан біз «Айдаса – жаудікі, ысқырса – желдікі» дейтін жылқы малын өсіру үшін тек қана құрық емес, ақ білектің күші, ақ найзаның ұшы да керек екендігін

анғарамыз. 1911- жылғы патша өкіметінің қазақ даласына жүргізген санақ мәліметтеріне жүгінер болсақ негізінен Токабай-Сары құрайтын Нарын болысында он үш мыңнан астам жылқы бар екендігін көрсеміз. Бұған да сол «Әуелдің көп батырының» үлесі бар-ау деген ойға қаламыз.

Тобықты елі атақты барымташы, патша өкіметінің кезінде қолға түспес қашқын атанған Тәуке Саптаяқұлын бертінгі замандағы еліміздің ту ұстап, мал-жанның намысын жыртқан батырымыз деп әспеттейді. Ал жоғарыдағы біз сөз еткен «Әуелдің көп батырының» әрқайсысы өз алдына бір-бір Тәуке десек те артық айтқандық болмас еді. Ендеше олар әрісі бүкіл Мұрынға, берісі Жанболат балаларына ортақ мақтаныш емес пе?!

ДӘУЛЕН БАЛУАН (1908-1950)

Ұлы Абайдың 100 жылдық тойында бас бөйгені алған.

Ұлы Абайдың 100 жылдық тойы 1945 жылы Абай ауданында өткен. Тойды өткізу жөніндегі Республика бойынша құрылған комиссияның төрағасы болып сол кезде министрлер кеңесі төрағасының орынбасары болып істеп жүрген Әди Шәріпов, облыстық комиссияның төрағасы болып Семейдегі Абай мұражайының директоры Қайым Мұхаметқанов бекітілген.

Марқұм Әди Шәріпов өзінің бір естелігінде тойда ат бөйгесі, балуандар күресінен басқа қыз қуу, аударыспақ, тенге алу секілді казактың ұлттық ойындары болып түні бойы алтыбақан тебіліп, жастардың ән-думаны, ойын-сауығы таң атқанша созылғандығын жазған еді.

Қайым Мұхаметқанов тойға Ленинградтан профессор Жирмунский, Алматыдан Мұхтар Әуезов бастаған бір топ ақын-жазушылар, өнер шеберлері келгендігін, тойға баласымен атақты балуан Қажымұқан Мұңайтпасовтың да қатынасқандығын айтқан.

-Қажымұқанға қонақ үйінен жеке бөлме дайындадық, - дейді Қайым, - ол кісі тосекке сиып жата алмайтын болғандықтан, төрге бірнеше көрпені қатар тосеп, жұмсақтап жер төсек дайындадық. Қонақтар сол қонақ үйінің жанындағы ресторанның тамақтанатын. Бір ретте ресторанмен есеп айырыстырсам, күні бұрын аударып қойған ақшамыз таусылуға айналыпты. Өз есебімізге сөйкес келмей жатыр. Сойтсек, Қажекенді ертеден білетін тұрғылас қариялар балуанға сөлемдесуге келеді екен. Қажекен болса олардың барлығын да өзімен

бірге ресторандық дәмге шақырып, тамақтануға апара беріпті. Содан біздің есебімізден тамақтанушылар саны көбейіп кеткен еді делінген.

Еліне оралған Дәулен балуан да осы жоғарыдағы айтылған әңгімелермен қоса, Қажымұқан балуанға сәлем бере барғандығын баласымен қоса әйелін де ертіп келгендігін, әлсәм таныған балуанның жаратылысындағы табиғи ерекшеліктерді, өмір откелдеріндегі алып күш иелерімен белдескен оқиғаларын айтып отыратын.

Абай ауданында бас балуанға дайындағанды Дәукең былай деп әңгімелейтін. Бас балуанға шығатын адамды бір жыл бойына күтіп баптап, әр жұма сайын күтіп шынықтырып әкелген көрінеді. Тұлғасы еңгезердей өте үлкен адам екен. Бас балуандыққа шығарарда шынжырлап, шынжырдың екі жағынан екі кісі ұстап алаңға алып шыққанда, шынжырдың екі жағын қарш-қарш шайнап тұрған балуанға белдесуге шығуға ешкімнің де батылы бармады, - дейді.

Не де болса нар тәуекел деп, бас балуандыққа мен шықтым. Бас балуанға әкелген еңгезердей қара дәуді шынжырдан босатып қоя бергенде жерден бір уыс топырақты маған қарай шашып жіберіп, тұра жүгірген кезінде, мен де аллалап тұра ұмтылып белдескенімде, адам ала алмастай көрінген қара дәу өзінің қалай түскенін білмей де қалды, - дейді.

Мені қалың көпшілік үстіне көтеріп алып, құрмет көрсетіп жатыр. Қуаныштарында шек болған жоқ.

Қажымұқанның жасы ұлғайған кезі екен, балуанға түскен жоқ, сырттан балуандардың күресін бақылады. Күресіп жатқандарға қарап отырып: «Ой бәрекелде-ай, олай болмағаны дұрыс болмады, былай ету керек еді», - деп қызынып, жанкүйерлік көрсетіп отырды. Сол кісінің сол көрінісінің өзі маған бір ерекше сезім әкелгендей болады.

Күрестің қорытындысына бас балуанға лайықталған кілем жабылған түйені Қажекене тарту етіп, батасын алған едім, - деп әңгімелейтін Дәукең.

Сөйтіп, күрестен бірінші орынды Ақсуат ауданы иеленді, менің даңқымды бір көтеріп тастаған осы ұлы Абайдың 100 жылдық тойы еді, - дейтін тебірене еске алып.

Дәукеңнің күрестің шыңына көтерілген шағы да осы 37 мүшел жасында болыпты. Өзінің әңгімесіне қарағанда қай кездегі күресі болмасын, бірден іліп тастайтын адам екен. Өмірінде екі рет белдескен адам емес көрінеді.

Осы ауданда жұмыс істеп жүргенде шикі зат дайындау мекемесінің директоры еді. Ұмытпасам Жокина Күлпану деген Екпін ауылының ферма меңгерушісінің үйінде қонақта болғанда, бала кезім бірге

болғандығым бар. Сол үйден ас-су ішіп бола берген кезінде қатты дауыл тұрды. Бастырған киіз үйлердің өзін де дауыл әкетіп қалғаны бар. Біз жатқан киіз үйді Дәукең шаңырақтың екі жел бауын бел астына басып жатып, «Ештеңе болмайды, қорықпай мазасызданбай ұйықтай беріңдер, үй орнында болады», - деген сөзі әлі есімде. Айтқанындай біз жатқан үй дін аман, қорші үйлердің көпшілігін дауыл алып кетіпті.

Бұдан басқа жерлерде де, әсіресе біздің үймен де араласып, қонақта отырғанда байқағаным, аққоңіл, әңгімешіл, әнші де, домбырашы адам еді. Бойында күші бар адамдар сияқты мен-мендігі жоқ, өте қарапайым адам болатын.

Жазушы Мұхтар Әуезов, адам баласы дүниеде бар өнердің қандайын болса да игере үйрене алады. Бірақ, соның бірде бірі оның бойына ана сүтімен туа біткен өнердей болмайды, - деген екен. Дәукеңнің бойына біткен қайраты мен қуаты осы ана сүтімен туа біткен дегім келеді. Өйткені бұл кісінің бойында нағашы жұрты Молдабай балуанның көк перісі бар ма деп ойлайсың. Демек, қай күресте болмасын бірден іліп тастау әр балуанның пешенесіне жазылмаған.

Дәукеңнің ата жөніне біраз тоқтала кеткенді жөн көрдім. Дәуленнің әкесінің шешесі Байыс, оның ішінде Сахабай, Кемербай, Кәдір, Нәдір болып келеді. Осы аталған Нәдірдің қызынан туады, Байыс еліне жиен.

Дәуленнің өз шешесі Мәжібаева Қайныш деген, руы Токабай. Оның ішінде Жомарт ағамыздың баласы Бәйсел тармағынан, сонда Дәуленнің өзі Токабай еліне жиен скен.

Жоғарыда Молдабай балуанның атын атаған соң, ата жөнін жаза кетуді жөн болар. Ақсуатта Дәуленмен күресті дегенді ешкімнен естігем жоқ. Алқалы тойлардағы күресте қазылық етіп жүреді екен. Ақсуат еліне туыстас, тамырластығынан да болар, халыққа сыйлы, құрметті азаматтардың бірі болды. Өте ұлтжанды адам болатын, қазақтың жастарын спортқа тәрбиелеу, оларды күрестің шыңына шығаруды әр кез әңгімелеп отыратын. Өз кезіндегі бір талай ауыл азаматтарын күреске тәрбиелеуде бұл кісінің алар орны үлкен.

Ағайын арасындағы туыс-жақындықты да жақсы білетін, қандай адам болмасын ығын тауып, жан тартып жақын жасай білетін азамат еді.

Мәселен, кезінде өз заманының Танасы атанған, еліне жомарттықпен аты шыққан Әбенді (Әбубәкір) күйеу бала деп араласатын. Олай дейтіні Әбеннің алғашқы бәйбішесі Қарауыл жасық қызы Каман деген болатын, кезінде Камал деген қызы да болды, бірақ екеуі де дүниеден ерте озды.

Қонақтарда отырғанда Оралбаев Байғабылды жиен деп отыратын. Олай дейтіні ол кісінің шешесі Қарауыл жасық қызы скен.

Байғабылдың өзі маған балуандық осы анам жағынан дарыған еді деген әңгімені әлде неше рет өз аузынан естігенім бар.

Дәукеңнің Жокина Күлпанудың үйінде болуы ол осы Байғабылдың апайлары болып келетіндігінен.

Міне, «Өзі жақсы адамға бір кісілік орын бар» деп қазақ атамыз айтқандай Дәукең Ақсуат елімен де, жұртымен де бірге өсіп біте қайнасақандай туысып кеткен адам болатын.

Абай тойына Ақсуат ауданының ақын палуандары ретінде Әшім Манапов, Дүйсенбай Торғауытов, Асқар Қайранов және басқалары қатысқан, бұлар бүгін де арамызда жоқ. Осы аталған ақсақалдар Абай тойына Ақсуаттан салт атпен барыпты. Той басталардан бір күн бұрын ақын Шәкір Әбеновтың үйінде болып, ол кісімен таңның бір жеріне дейін әңгімелесіп ертеңінде барып тойға қатынасып қайтқан екен.

Елге оралған олар кезінде Дәукеңнің күресте көрсеткен қажыр-қайратын, ерік-жігерін алапат күшін айта отырып аталған тойдың ұйымшылдықпен, барлық сән-салтанатымен, сондай бір ерекше тәртіппен жақсы өткендігін тамсана айтып отырушы еді.

Дәукеңнің көзін көрген көне көз қариялар бүгінде арамызда жоқ, кезінде естіген там-тұм әңгімелеріміз осы ғана болып отыр. Уақыт өтеді, өткен дегеннен басқа шара жоқ. Дәукеңнің өзі дүниеден ерте озғанымен артына Амантай, Сиязбек сияқты ұл, Ғалия сияқты қыз қалдырған ұлағатты азамат. Ұрпақтары өзі туып-өскен Көкпекті ауданында, Семей, Алматы қалаларында тұрады.

САМБО САҢЛАҒЫ ЕДІ

Иманбаев Қали Марат Имашевпен 1960 ж. Семейде күресте жүргенінде танысқан екен. Алғашқы белдесуден кейін мені келіп құттықтаған осы Марат еді дейді. Ол сол жылы әскери міндетін өтеп келген беті екен. Өзінің азаматтық борышын Мәскеу қаласында өтеген. Марат әскери борышын өтей жүріп, еркін және самбо күресімен шұғылданады. 1960 ж самбо күресінен СССР спорт мастері атағын алады, Мәскеу әскери округі бойынша чемпион атанады. Оның суреті Мәскеуде «Динамо» қоғамында ең үздік спортсмендермен қатар күні бүгінге дейін «Құрмет тақтасында» ілулі тұрған көрінеді.

Мұны маған 2002 ж 17,18,19 қазан күндері Абай ауданында КСРО спорт шебері, Қазақстанның екі мәрте түйе балуаны Мағауия Тайтөлеуұлы Оразбеков атындағы жұлде үшін өткен қазақша күрестен республикалық жарысқа Қарағанды облысынан бас төреші болып келген

КСРО спорт шебері, Қазақстан республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері, ұстаз Диканбай Биткөзов айтқан еді.

Семей қаласында ол «Динамо» спорт қоғамының самбо күресінен жаттықтырушы болып істей жүріп, спортты дамытуға бар күш-жігерін жұмсайтын. Ол аз ғана уақыттың ішінде 10-нан астам СССР спорт шеберін, 20-дан астам шеберлігіне үміткер, 30-дан астам бірінші разрядты балуандар даярласа, өзі Семей облысының «еркін», «қазақша күрестен», самбодан дербес абсолюттік чемпионы, самбо күресінен Қазақ ССР-ның чемпионы, одақтық жарыстардың бірнеше дүркін жүлдегері атағына ие болды.

Сұм ажал оны арамыздан қыршын жастай әкетті. 1967 ж 17 қыркүйек күні Запорожье қаласында отіп жатқан бүкілодақтық жарыстың финалына шығып, ертеңгі күнгі күресіне жеткізбей кенеттен жүрек тоқтатады. Марат осы финалға Қазақстанның құрама командасынан жалғыз шыққан көрінеді.

Марат Семейдің пединститутының тарих факультетін сырттай 4 курсы бітірген, келесі жылы қызыл дипломға аяқтап, білімін одан әрі жалғастыру арманы болатын. Ол Совет Одағы Коммунистік партиясының мүшесі. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласатын, еңбексүйгіш. Кішкентайынан әкесінің жанынан қалмай, қол шалғымен шоп шабысатын, шоп шабатын өгіз машинаға вагонщик болды. Мінезі өте ақжарқын да кішіпейіл, дос таба да, достаса да білетін, достарын өте құрметтеуші еді. Сол достарының бірі мен едім. Мені көргенде, мен оны көргенде ерекше шаттыққа бөленуші едік. Қара басының қарапайымдылығы жанда жоқ. Нағыз «малтүгелдің» өзі еді. Ал өзіне тиіскендерге кешірімі болмайтын. Оны сол кезде ығына көндірем деушілер көп болды, бірақ ол пиғылдарының барлығы тасқа жаңғақша шағылғанын көріп, сүйсінген едік. Нағыз ердің өзі екенін талай көрсетті ғой.

Оның облыстық жарыстарда абсолюттік түйе балуандыққа екі рет күрескенін көрдім. Осы екі рет белдесуінде де оған тең келер ешкім болмады. Ол сондай алып күштің иесі еді, - деп әңгімелейді Қали Иманбаев.



БОЗ КІЛЕМ САҢЛАҚТАРЫ

*«Елдің атын ер шығарар,
айла тәсіл күшімен»*



Менің кіндік қаным тамған, асыр салып құлын-тайдай ойнап - өскен жерім Ақсуаттың «Жаңа - жол» колхозының сиыр фермасы. 1953 ж. әкем Құжیمان қайтыс болғаннан кейін шешей екеуімізді Нұртай ағайым Қарағандыға көшіріп алып кетті. 1954 ж бағым жанып Қарқаралы зооветтехникумы менің өзім сезбеген де байқамаған бойымдағы тума талантыма жол ашты. Сонда өткен төрт жыл ішінде мен қазақша күрестен Қарқаралы, Қарсақпай, Жезказған аудандарының бес дүркін чемпионы, Қарағанды облысының үш дүркін чемпионы, қазақша күрестен Қазақ ССР-нің чемпионы атансам, шаңғы мен конькиден спорт шеберлігіне кандидат, волейболдан екінші, бокстан үшінші разрядты, жеңіл атлетикадан да жақсы нәтижелерге жетісіп жүрдім.

1960 ж Ақсуатқа келіп «Социалистік» колхозына ферма зоотехнигі болып жұмыс істей жүріп, алғаш рет 1960 ж 8-9 майда өткен аудандық ҮІІ- спартакиадаға қатысып, Болат Манақов, Қошкінбай Ахметқалиев және мен үшеуіміз күрестен бірінші орын алдық.

Әңгімені әріден бастап отырғаным, сол жылдары аудандағы спорттың жайы онша мәз емес еді. Осы өзіміз қатысқан ҮІІ-спартакиаданың қортындысын аудандық «Социалистік қарқын» газетінің 1960-жылғы 15- маусымдағы санында журналист А.Әукішевтің: «Сонымен қабат спартакиада, аудан жастары арасында физкультура мен спорт әлі де болса талапқа сай өрістеп кетпегенін аңғартады. Ленин жолы, Жданов, Аманкелді атындағы колхоздардан спартакиадаға бірде-бір адам келмеді. Мұның өзі аталған колхоздардың колхоз басқармасы, бастауыш партия, комсомол ұйымдарының спорт мәселесіне мән бермейтіндіктерін көрсетеді», - деп тұжырымдағанынан байқауға болады. Ал жарысқа қатысты деген біздің өзіміз спартакиадаға қатысуға тиісті құрама командамен бара алғамыз жоқ қой. Бар-жоғы 5-6 адам біресе жүгіріске, біресе күреске, біресе доп ойнауға тағы басқаларына зыр жүгіріп жүрдік емес пе!

Аудан бойынша күреске қатысқандардың ішінде бірде-бір балуандардың дайындығы жоқ екенін көрдім де көңілім толмады.

Тақауда облыстық жарысқа барады екеміз, ендеше кімді іріктейміз, кімді қай салмақ категориясына күрестіреміз?

Бұл спартакиадаға Абайдың туғанына 100-жылдығына арналып өткен республикалық үлкен тойда көзге түскен аға буын атақты балуандар Байғабыл Оралбаев, Арғын Қасенов, Оразғали аға, Тана Қарабухин, Карден Омарғазин, Қадыр Әйтішев сияқты күрестің додасын қыздыратын ағалар қатыспады. Әрине, оларға көп рахмет, егде тартса да бертінге дейін күресіп жүрді. Олардың шымыр да сом денесі, алып та батыр тұлғалары жас дәурен біздерді таңғажайып әлем дүниесіне қиялымызды шарықтатты.

Айтқанымыздай араға ай салып, жұмыс істеп жүрген жерімізге облыстық жарысқа шақыру қағазы жіберіліпті.

Аудандық Ерікті «Қайрат» қоғамының сол кездегі бастығы марқұм Құнанбай Тағабаев болатын-ды. Кімді күреске апарарын, кімді қай салмақта күрестіретіне бас қатырып отыр екен.

Балуандарды іріктеп және оны дайындап апаруға менен көмек сұрады. Ал мен болсам аудандағы жастардың толық жағдайынан бейхабар едім. Өткен жолғы күрестен 2-3 жігіт ғана алынды.

Біз бір-екі күнгі жаттығуымызды жастар көп жиналатын стадионның шетіндегі көгалда өткіздік. Осы көпшілік көп жиналатын жерде өткізілген жаттығу әркімді қызықтырып-ақ тастады. Аудан орталығы мен елді-мекенді жерлерден команда жинап, жаттықтырып жатқаным және күрестің әдіс-айласын қалай жасайтынын көрген балашаға, үлкен-кіші жылдам құлақтанып, тіпті, күреске деген құлшыныспен қызығушылық лезде арта түсті. Не керек екі-үш күнде күрестен команда жасақтап облысқа жүріп-ақ кеттік.

Бұл Ақсуат ауданының алғашқы тұңғыш құрама командасы еді. Оның құрамында: Б. Манақов / «Социалистік» колхозы /, С.Ыдылбаев /Жданов/, А.Мұқатаев /Аудандық байланыс торабы/, Қ. Қалиолдин /Карл Маркс/, Х.Ахметов /Аудандық аурухана/, Т.Қалмақбаев /Байланыс торабы/, Б.Омаров /Калинин/, Қ. Иманбаев / «Социалистік»/ колхозынан болды.

Облыстық жарыста жігіттер жаман күрескен жоқ. Өте жігерлі күресті. С.Ыдылбаев, Т.Қалмақбаев және мен бірінші орын, Қ.Қалиолдин мен Б.Манақов екінші, Х.Ахметов үшінші орындар алдық. Жалпы күрестен командалық екінші орынды жеңіп алдық. Басшымыз Қ.Тағабаев ағамыздың қуанышында шек жоқ. Бүкіл Семейдің қонақ үйін дүрліктірді-ай кеп.

Осы жарыста мен оқитыны бар, қызмет атқаратыны бар көптеген жастармен, ағалармен таныстым. Күресімді кім көрсе, сол

келіп мені құттықтап жатты. Осылардың арасында М. Имашев те болды. Менің оны алғаш рет көргенім сол еді. Сол күннен бастап, ағайынды коньыр қаздай етене достасып, тіпті туыс боп кеттік.

Осының бәрі маған деген құрмет екенін, шын мәнісінде күреске деген құрмет екенін мен жақсы түсіндім. Сол себептен де болар, ауданның жастарын күреске баулу, тәрбиелеу ендігі жерде маған үлкен міндет сияқты болып қалды. Ешкімнен ешқандай тапсырма алмасам да, барлық ойым мен жігерім күреске жастарды іздеумен болдым.

Осы бір балаға, осы Қуанышқа көптен көз салып байқаймын да жүремін, әттең тым жас, тым кішкентай. Алайда, онысына карамастан тым тентек, бұзық. Біз оның әке-шешесін, туыс-туғандарын сонау 1949 ж торт колхоз біріккеннен бастап білеміз. Оның ағасы Көшкінбаймен өмір бойы дос боп өттім. Әке-шешесі мені басқа балалардан гөрі ерекше жақсы көрді, әлі де жақсы көреді.

Ауылдың тамам бозбалалары күнде жиналып коғалда асыр салып алысып, түнде үйде күш сынасамыз, болме іші шаңнан көрінбейді. Біздің осы алпарысымызға Қуаныш бар зейінін салып қарайды да отырады. Ертеңінде үйренген бірдемелерін балаларға көрсетіп жатады.

1961 ж тағы да облыстық жарысқа баратын болдық, аса жеңіл салмақта балуан жоқ. Жарысқа ертең жүреміз деген күні, бөгде үш бала училищенің жатақханасына келіп бірталай шәкіртімізді соғып кетті. Бұл кезде мен №106 Ақсуат ауыл шаруашылығын механизациялау училищесінде директордың мәдени-тәрбие беру жөніндегі орынбасары қызметінде болатынмын. Әлгі сотқарлардың артынан қуып барсам, осы Қуаныш, Сәукен тағы біреу бар үшеуі өзен жағалап кетіп барады. Ұстап алдым да Қуанышты үйіне апарып, ертең Семейге апарамын күшті екенінді сонда көрейін десем, ол бармаймын дейді. Ертеңінде ауданда жиналған балуандармен Семейге тарттық та стырдық.

Бұл жолы командамызға тағы 2 балуан жетіспеді. Осы жолғы көрермендердің көбі Ақсуаттық па деп қалдым. Күрестің алғашқы күнгі пердесін ашқан Қуаныш болды. Кешеден бері оған күрестің әдіс-айласын үйретудеміз. Кілем үстінде оның курткасын киіндіріп тұрып: «Ал енді жолың болсын, бар да шал, қорықпа, давай!»- деп шығарып салдым.

Қуаныштың қарсыласы бесқарағайлық қазақ жігіті, денесі шымыр, нағыз қазақтың өзі. Қуаныш не бәрі 13-те. Бұл оның балуан курткасын алғаш киген сәті. Боз кілемге алғаш шығып тұрған кезі. Ол балалар мен жасөспірімдер арасындағы жарысқа қатысқан жоқ. Мұнын

бәрі менің үмітімнің солай болса екен деген ішкі сезімнің ықпалы ма, күші ме білмеймін. «БИСМИЛЛӘҺИ-И-РАХМАН-ИР-РАХИМ, бір АЛЛА озың жар бола гөр». Оның қарсыласына бетпе-бет келуі, бәрі нұсқау бойынша өте дұрыс. Ал енді жылдам шалу керек. Міне, біздің үйреткен әдіс- айламыз ешқандай бұзылмастан орындалып, іштен шалып алды да қайырып тастады. Таза жеңіс. Бір минутқа жеткен жоқ. Алғашқы жеңіс. Командаға алғашқы жеңісті әкелді. Біздің Қуаныш өзінің алғашқы тұңғыш жеңісіне басқалар секілді кілемнен айғайлап түскен жоқ, ол ересек азаматтарға тән салмақты да байсалды шықты. Мен тұрған жерге келіп, маған маңдайынан иіскетті.

Күрестің қызығы мен шыжығы, әр алуан сәттері болып жатады, оның бәрі теріліп жазыла бермейді.

Ендігі жерде тек Қуанышпен мақтануымызға болады. Балуандарымыздан С. Ыдылбаев, Т. Қалмақбаев, Б. Омаров және мен бірінші орынды, Б. Солтанғазин, М. Асаубаев, К. Абылқасымов екінші орынды алдық.

Командамыз екі кісінің жоқтығына қарамастан бірінші орын алды. Бұл Ақсуат ауданының тұңғыш жеңісі еді. Мені облыстық Ерікті «Қайрат» қоғамы команданы жақсы дайындап әкелгені үшін деп «Құрмет грамотасымен» және бағалы сыйлықпен марапаттады.

1960 жылдардан бастап ауылдық жерлерде қазақша күресті дамытудың қолайлы да тиімді жолдарын қарастыра бастаған кезі болатын. Ауылдың балуандарын ынталандыру мақсатында қай команда облыстық жарыста командалық бірінші орынды жеңіп алса, сол команда республикалық жарысқа баратын болады.

Біздің Ақсуат командасы облыс бойынша алғашқылардың бірі болып, тұңғыш рет республикалық жарысқа Шымкент облысындағы Темірлан селосында өтетін даңқы әлемге әйгілі, дүниежүзінің бірнеше дүркін чемпионы балуан атамыз Қажымұқан атындағы жүлдеге қатысатын болдық. Команданың құрамына Қазақ ССР-нің чемпионы шұбартаулық Сайлау Сақасөтін алдық. Ол менің салмағымда жартылай орта салмақта күреседі де мен команда үшін бір салмақ жоғары орта салмақ бойынша күресетін болдым. Соның өзінде аса ауыр салмаққа кісі табылмады.

Темірланда күресу Ақсуат не Семейдегідей емес. Күрес кешкі сағат алтыда басталады. Соның өзінде күннің ыстықтығы 35-40 градустан жоғары. Сонау сағат кешкі алтыға дейін жаттығу жасамақ тұр-ғой, өзіңді қайда қоярға жер таппай, шөлдеген тауық сияқты аузыңды ашасың да жүресің. Күресерде үстіңе киген куртканың ыстығы дененді күйдірсе, кілемнің ыстықтығы аяғыңнан өте шығады. Осының

бәрі жалғыз біздерге емес, көптеген балуандарға кері әсерін тигізіп жатады. Кілемнің өзі губкадан жасалған. Біз күресіп жүрген кілемдерден мүлде өзгеше, аяққа оралып өзер жүресің. Бұл жарысқа 19 облыс тегіс қатысса, Шымкент, Алматы облыстары екі командадан әкелген. Және де олар біз сияқты облыста жеңіп алған ауыл, село командалары емес, облыс бойынша іріктеп әкелген.

Олардың құрамында аттары әйгілі самбистер, еркін, казакша күрестің мықтылары мен майталмандары бар. Айталық Қуанышпен финалда күрескен қарағандылық жігіттің атақ дәрежесінен ел қорқады. Ол казакша күрестен, самбодан, еркін күрестен бірінше дүркін республика чемпионы, осы күрестердің спорт шебері.

Қай күрестің болсын бүге-шүгесіне дейін менгеріп, майын шағып жеп жүрген майталманның өзі. Жиырма бесінде жауға шауып, топ жарып, жұлдызы жанып тұрған жігіттің сұлтаны. Қуанышқа дейін ол ешкімді менсініп те, көзіне іліп те жүрген жоқ. Өзінен қарсыласының сескеніп, қорқақтай күресіп жүргенін біледі де, кез келген әдіс-айланы оңай жасай салады.

Қуаныш та осы финалға дейін өте жақсы күресуге дайындалып жүрді. Менің байқауымда ол өте паң күреседі, қарсыласымен есептеспейді. Әрі, аңғалдау ма деп қалдым. Осы ой менің бойыма әбден сіңіп алғаны соншалық, оған тек қана бір-ақ тәсілмен бару керек. Оны-өте жылдамдықпен ұстасып, бара салып шалып түсіру керек. Ол сонда байқамай қалуы мүмкін. Қарсылассаң, тірессең- ұтылғаның.

Боз кілем үстінде екі батыр қарама-қарсы қарап тұр. Бірі талайды шаң қаптырған боз кілемнің кәрі тарланы. Екіншісі жас сұңқар. Менің ойымша қарағандылық балуан Қуанышты жетелі қарсылас деп тұрған жоқ сияқты. Егер осы ойым рас болса, әттең, маған да керегі сол ғой. Ол сонда қорғанысты ұмытады. Қуанышқа аяқтан шалдыруға мүрсат берсе. Байқаусызда қапы қалар еді. Міне, төреші екі балуанды ортаға белдесуге шақырды. Қысқа қол алысудан кейін күрес басталды. Қуаныш одан қорықпастан шап беріп ұстап алды да, оң аяғымен іштен шалған беті қайырып тастады. Таза жеңіс! Жоқ кілем үстендегі төреші жеңісті бермеді. Не болды деп жүгірісіп едік, сөзіміз отпеді. Күреске қатысушы балуандар ондай дау-шарға қатыспайды. Бұл күрестің заңы. Дау-шарға әр команданың өкілетті өкілі ғана қатысады. Ал, біздің өкіл бір татар жігіті болатын. Не орысша, не казакша жарытып сойлей алмайды, бет-беделі төмен, өз арамызда да солай болатын. Ал мынадай өкілетті жерде оны ешкім көзге ілмеді.

Шалып тастағанда жығылған балуан мостыға шекесімен кілемді тіресп құлаған. Қазакша күресте оны таза жеңіске есептейді. Бұл жолы

олай болмады. Таза жеңіске есептемеді. Қуанышқа үш ұпай берді. Не керек Қуанышымыз он минут бойы берілмеді, тек ұпай санымен ғана ұтылды. Екінші орын. Мен балуан болғандықтан күні бүгінге дейін Қуанышты сол жарыстың жеңімпазы, республика чемпионы деп есептеймін және солай деп әр жерде айтып жүрмін.

Республикалық жарыстарға он жылдан астам қатысып келемін. Біздің Семей облысының балуандары шын мәнісінде ылғи да жоғары орындардан көрініп жүрді. Таза торелік жасаған торешіні мен көре алмадым. Семей облысының балуандарының республикалық деңгейде қалай күресіп жүргенін, атақты ақын, әйгілі жазушы М. Шахановтың 1965 ж. шілде айында Темірланда өткен республикалық жарысқа қатысып, осы жарыстың қорытындысы жайында «Лениншіл жастың» 7 санында жариялаған: «Кілам үстінде кілен жайсаң»- деген мақаласынан үзінді келтіре кетейін: «...Өткен жылғы жарыста бірінші орынды Семейліктер алған еді. Биыл олар екінші орында. Бірінші орынды алматылықтар, үшінші орынды қарағандылықтар қамтамасыз етті. Ал, Шымкенттіктер төртінші орында қалып қойды. Жарыс соңында Қажымұқан атындағы күрестің жүлдегерлеріне грамоталар мен бағалы сыйлықтар берілді».

Семей облысының, оның ішінде ақсуаттық балуандардың облыстық, республикалық жарыстарда топ жарып қарсыласына боз кілемнің маңын қаптырып жүргенін айғақтаған жергілікті журналист, Қ.Елемесовтың «Семей таңы» газетінің № 177/6 қыркүйек 1967 ж/ санында: «Сәт-сапар, саңлақтар»,-деген мақаласын түгел бергім келіп отыр.

«Көрермен көз, жанашыр топтар, қызықтаушы халық «Динамо» стадионына сыймай кетті. Делебесі қозып, нықтары қышыған, ертелікте кілемге шығып жүрген, орта буындардың өзі балуандардың қазақша күресіне ілтипатпен риза болысты. әсіресе, ақсуаттықтардың бел шешіп, білек түрініп, кілем торіне шыққандарына аса қатты қуанысып, қауым болып қол соқты.

-Шын бәле екен, тырбиған екен десек, қателесіппіз, -деп те қояды кейбіреулер.

Аса жеңіл салмақтағы Қ.Әбсқбасвтің қарсыласы бесқарағайлық Елемесов те көптен көзге түсіп жүрген жас талап еді. Бірақ күш атасын танымады. Қуанышбек жеңіс тұғырына жетіп, республикаға жолдама алған-ды.

Кілем үстіне Қалмақбаев Тұрсын шыққанда отырғандар оны қорашынып-ақ қалып еді. Бірақ бұл да белді балуан екенін көрсетіп-ақ тастады.

-Тұрсын десе Тұрсын екен, өзі бакташы. Ақсуаттың XXII партия съезі атындағы совхоздан екен. Иманбаев Қали тағы шықты. Бұл жықпай тынбайды. Қайдан ғана сап түзеп келген. Мейлі, мерейің озса жөндей бер. Жұрт сүйсінсе, сүйсінгендей Қали калыпта екендігін жанкүйерлерге шынайы танытты. Жеңіске жеткендердің ішінде Б.Солтанғазин де бар.

Тағы бір сайыста М.Асаубаев Алматыдан келген спорт мастері Еркеновпен, гурьевтік Ташеновпен кездескенде спорт сарапшылары Мұратханның қолын қысып, I-дәрежелі диплом берген-ді. Республикалық бұл жарыста Мұратхан спортты жанындай сүйістінін, белділірмен кездесе беретінін отырғандарға паш еткен.

Бұл сайысқа сайланып келген С.Сахаев, жүлделі М.Жураев те бар еді. Бұлар өнер өріне өрмелушілер екендігін көптеген жұртшылық таныды.

Тіпті қарағандылықтар Сайлауды қоршап алып, қолын қысты.

Ие, қазақша күрес Қажымұқан атай атындағы жүлдені сарапқа салу үшін жоғарыдағы атап өткен қазақша күрестің облыстық жеңімпаздары жақында Қарағанды қаласында өтетін республикалық жарысқа жүріп кетті. Олардың ішінде спорт шебері, «Қайрат» қоғамының балуаны, әрі ұйымдастырушысы Р. Ильматов, әлді Қ.Әбекбаев, сыралғы Б.Солтанғазин, ыждақатты С.Ыдылбаев, сұрапыл С.Сахаев, инабатты Қ.Иманбаев, атышулы М.Асаубаев, қарулы Т.Қалмақбаев, жүлдегер М.Жураев, батыл М.Балғынбаевтерді салмақ бойынша саралап шығарып салды.

Алда асу көп. Бұлардың бәрі де талай кілем коргендер. Дәрежелерің арта берсін. Сәт-сапар. Саңлақтар». Қ.Елемесов.

«Южный Казахстан» газетінің №129/3 шілде 1965 ж/ санында «На приз Хаджимухана» деген тақырыппен тілші А.Рыбаковтың мақаласында, Қажымұқан атындағы қазақша күрестің бас торешісі, спорт мастері, СССР Халықтарының III-спартакиадасының чемпионы Ә.Айқановқа жолығып, одан өткелі отырған жарыс туралы қысқаша айтуды сұрағанда Ә.Айқановтың жауабын келтірген:

«Небудем забегать вперед: три дня состязаний, хорошая подготовка борцов, известные имена в каждой команде могут предвосхитить любые прогнозы. Но по-прежнему очень внушительно выглядит состав прошлогоднего обладателя почетного приза-команды Семипалатинска. Атлеты настроены по-боевому и не намерены упускать победу...»

Ә.Айқанов осындай сұхбатты «Оңтүстік Қазақстан» газетінің тілшісі У.Темірбековке де берген. Газеттің 2 шілде 1965 ж санында

«Күш атасын танымас» деген мақаласында Ә.Айқанов тілшіге берген сұхбатын жазған: «...-Күш атасы Қажымұқан атындағы күрес дәстүрге айналды. Жарыс жыл сайын Қажекеннің жанұясы тұратын Темірланда өтеді. Былтырғы жарыста Қазақстан бойынша командалық бас бәйгені семейліктер алып қайтқан еді. Шымкенттіктер жұлделі екінші орында болды. ...Биыл жетпіске жуық балуан қатысып, өнер сынына түспекші. әрине, кілем үстіндегі айқас басталмай жатып, команданың, немесе жеке спортшының жеңіске жетуін алдын-ала айту қиын. Дегенмен, өткен жылғы чемпион-Семейліктердің биылғы дайындығы жаман көрінбейді. Олар ауыспалы кубокты тағы да аулына алып қайтпақ. Көмірлі өңір мен батыстың жігіттері де бас бәйгеден үміткер».

Есте қалатын 1967 ж осы Темірландағы күрес болды. Осы жарысқа тағы да жұп жазбастан Қ.Әбекбаев, С.Ыдылбаев, Б.Солтанғазин, С.Сахаев, М.Асаубаев, Т.Қалмақбаев және мен /Қ.Иманбаев/ бардық.

Күрестің соңғы күні финалдық жарысқа бір кісідей түгел шықтық.

Күрестің соңғы күні финалдық жарыстың шымылдығын С.Сахаев ашты. Ол шымкенттік Омаровты таза жығып еді, оған таза жеңіс бермеді. Кілемде жығылған балуанды үстінде мықты ұстап тұрған жоқ деген сылтау айтылды. Оның орысшасы «удержание» дейді. Қазақша күресте таза жығылған балуанды ұстап тұру деген жоқ, оның басынан аттай күш алып жүре береді. Сайлау чемпион болып тұрып бола алмады. Одан кейін С.Ыдылбаев шықты. Ол кілемге шығарда маған: «Аға, егер жығатын болсам басып жатып аламын»- деді. Оның қарсыласы алматылық Шарипов еді. Сәбен ерледі, ұстаған бетте шалды да алып ұрды. Оның қуанышында шек жоқ. Қапсыра құшақтап кілем үстінде тырп еткізбей құшақтап жатыр. Төреші ысқырып еді, ол тұрмады. Төреші Сәбеннің арқасынан қағып еді, ол тұрмады. Төреші үшінші рет арқасынан қаттырақ қағып еді, Сәбен атып тұрды да төрешіге неге ұрасың деді. Төреші бас төрешіге барып, «мені балағаттады» деп жаманданты. Сәбенді жарыстан мүлде шығарып тастады. Осымен екінші чемпионнан айырылды. Кілемге мен шымкенттік Ермековпен шықтым, ұстаған бетте шалып алып өкетіп бара жатқанымда төреші ысқырық берді. Мен шалған бетте қайырып түсірдім. Бірақ ысқырықтан кейін деп есептемеді. «Неге ысқырдыңыз» десем, «Қолдануға болмайтын әдіс пе екен деп қалдым» –деп жауап берді. Бұл төртінші чемпионнан айырылу еді.

Қуырдақтың кокесін түйе сойғанда көресің. Кілемге біздің Тұрсын шымкенттік С.Қонақбаев дегенмен шықты. Қонақбаев қазақша, еркін күрестен, самбодан Қазақстан чемпионы, бокстан спорт шебері. Нағыз сегіз қырлы, бір сырлы жігіт. Дене де бар, бітім де бар. Жап-жас жігіт,

нағыз таланттың иесі, дарынды да тартымды жігіт екен. Екеуі бірін-бірі ала-алмай көп жүрді. Бір кезде... Қонақбаев қарсыласы Тұрсынмен қол таластырып жүрген боп, Тұрсынның дәл тостің шеміршегіндегі талма жерден оң қолмен ұрып өткені. Өз-көзімізге өзіміз сенбедік, Тұрсын кілем үстіне бүк түсіп отыра кетті. Семейліктер түгел кілем үстіне оре түрегеп ұмтылды. Айқай-шу басып кетті. Жарыстың бас төрешісі Ә.Айханов болатын. Сол кісіге жүгіндік. Ол кілем үстіндегі, жанындағы төрешілерді шақырып алып сұрап еді, бәрі байқағамыз жоқ деп жауап берді. Мұны сұраудың қажеті жоқ еді, өйткені Айханов өзі қарап көріп отыр емес пе? Қонақбаевты күрес ережесін орескел бұзғаны үшін деп күрестен шығарып тастауға бас төрешінің батылы да, шешімділігі де жетпеді. Күресті көріп тамашалап аудан басшылары да отырды. Олар да көрді. Амалы не сәкім еш нәрсе айта алмады. Әділетсіздік пен кеудемсоқ бұл жерде салтанат құрды. Әкесі жоқ жетім бала сиянақтанып Тұрсын тұрды да кілемнен шығып кетті.

Оның мал соңына еріп, ыстық-суығына күйіп, табиғаттың бірде алай-дүлей боранына, бірде аптап ыстығына, нәсерлі жаңбыры мен өтімді желіне кеудесін кере жүріп, табиғаттың өзіне тарту еткен күшін біреуді ұрып жығуға емес, шаршы топта өнер көрсетіп, талайды тамсандырып та таңқалдырған алып, сайын даланың алғыр қыраны боз кілемнен бақытын табудың орнына, сорлап, кеудесін екі қолымен ұстай еңкендеп, екі көзден жас сорғалатып өзінің атой сап жүрген боз кілемнен өзер шығып бара жатты.

Кілемнен Тұрсын шығып кеткеннен кейін Сайлау, Сәбен, Тұрсын үшеуі такси жалдап, Шымкент теміржол вокзалына тартып отырыпты. Біз төрешілермен қызыл кеңірдек боп, айқай-шуды доғармадық. Олардың өз қателіктерін сәл мойындағандарын көріп, одан сайын среуілдеп лепіре түстік. Біз тәуекелді таяныш, әділдікті ту етіп, жалтақтамай, жасқанбадық. Бәріміздің де отызға толған бойымызға жынның бірі кіріп, бірі шығып, тауды да, орданы да бұзуға даяр болатынбыз. Жоктан ілік іздеп жүрген кезіміз. Шымырқаңған күш-жігер қай арнамен ағарын білмей, басымызды дал қылатын. Ол арнаны осы спортқа, күреске бұрған едік. Біздің жанжалдасуға бел шешіп кіріскенімізді, дәл бірдемеге ұрынбай тынбасымызды сезген жергілікті басшылар, төрешілер ең әуелі әлгі содыр С.Қонақбаевты алып кетті. Одан кейін шымкенттік балуандарды түгел жөнелтті. Сәл уақыттан кейін даладағы кілемнің шетіне автобусты әкелді де, семейлік қалған балуандарды 4-5 милицияның күшімен отырғызып, теміржол вокзалына күрестің аяқталуын көрсетпестен жеткізіп тастады.

Теміржол вокзалына келсек, вокзалдың поезд тоқтайтын перрон жағындағы сыртқы есіктің алдында, Тұрсын асфальттің үстінде отыр. Екі жағында екі чемоданын алмаға толтырып алған, екеуінің де аузы қайырылып ашылған, екі қолында екі алма. Өзіне-өзі бірдеме деп ыңқылдап, ұзын сарын әндеткенсиді. Келген-кеткен ешкімді байқамайды да, назар да аудармайды. Анда-санда аузын толтырып асаған алмасын алдыға қарай бүркіп тастайды. Үстінде бағанағы күреске киіп шыққан балуанның борцовкасы. Оның сыртынан жеңі шолақ, тос қалтасы, екі жағында екі қалтасы бар көк көйлек, аяғында сол күреске киетін кетасы. Біздің қасына келгенімізді байқаған жоқ, өзі жалғыз отыр. Сайлау мен Сәбен көрінбейді. Менің жүрегім тітіркеніп кетті. Осы жынданып ауырып қалған жоқ па деген жаман ой сарт етті.

Бұрын бақсыны не бураны көріп пе едіңіздер? Аузынан алманы шайнап-шйнап бүріккенде, бураның аузынан атылған ақ көбік тәрізденіп көрінеді.

-О, соры қалың, бағы қайтқан алыбым! Осыдан бірер сағат бұрын қорерменді сүйсіндірген, сымбатты келбетімен, шымыр да жұмыр келген алып денесімен барша қауымды, қыз-келіншектерді қызықтырып тамсандырған заңғар таудай асқарым. Осы отырысың ненің күйігі. Оны біреу білер, біреу білмес, сен боз кілемнен не табам деп жанталасып ұмтылып едің?! Табан ет маңдай терінді тогіп, тапқаның осы ма? Осы болса оны қанағат тұт.

Жанымдағыларға ыммен үндемендер дедім де, Сайлау мен Сәбенді іздеуге кеттік. Вокзалдың іші-сыртын жылдам шолу жасадық, екеуі де жоқ. Бір кезде дәретханаға кірсем, есік жағында Сайлау мен екі орыс жігіті тұр. Сайлаудың қолында бір шолмек қағор, ананың қолында да бір шолмек қағор бар. Дерсу Сайлаудың қолындағыны да, орыс жігіттің қолындағы қағорды жұлып алдым да дәретхананың шұңқырына тастай салдым. Бізде үн жоқ, Сайлауда да үн жоқ, вокзал алдына келдік. Келсек, Сәбен де осы жерде тұр екен. Біздің қасымызда бағанағы 4-5 милиция жігіттері қоса жүр. Оларда да үн жоқ. Біздің ішімізде қатты бір ашудың бар екенін олар да сезіп жүр. Сол үнсіздікпен поезге отырдық.

Бұрын поезге отырғаннан кейін төсек орын жайғасын, әртүрлі тақырыпта әңгіме айтылушы еді. Жіні-жіні тамақ ішілуші еді. Енді ол жоқ. Вагонға кіре салысымен кім қай жерде орын бар соған отыра салдық. Төсек-орын да алғамыз жоқ, тақтайдың үстіне киімшең жата салдық.

Сайлау Аяқөзден түсіп қалды. Біз Жаңғыз-төбеге жеткенше де, автобуспен Ақсуатқа келгенше де сөйлеспедік, тамақ та ішкеніміз жоқ.

Осындай жарыс бола ма? Ауылды жерде бала кезімізде кокпар тартысына түскен үлкен ағалардың арасында кейбірі қызулау боп, айғайлап, дабырлап жатушы еді. Қаншама жыл күресіп жүргенде неше түрлі әділетсіз торелік еткенді көрдік, оған көніп жүрдік. Ал, сінді кілем үстінде бокс емес, күресте жұдырықпен қарсыласын ұрып құлатқанды бірінші рет көрдік.

Тұрсынның мінезін қараңызшы. Өзін күрестің срезесінде жоқ, жұдырықпен ұрып түсіргенде де кілемнен үнсіз кетті ғой. Ең болмағанда боктап та жібермеді ғой. Неткен әдептілік пен сыпайылық.

Иә, оның мінезі бал-бөбек жас баланың мінезіндей еді. «Бала мінез адамның бақыты бар» дегендей, оны еркелетіп, көңілін көтеретін болсаң, ол жас балаша ыңылдап, өзінің ұйғырша ма, әлде татарша ма әзілі араласқан жақсы өлеңі бар, соны шырқайды-ай кеп. Және тоқтамайды ғой, тым ұзақ айтатын! Өлеңді айтып жүріп билегенде Үрімшідегі би мектебін бітірген бе деп қаласын. Тура сылқылдатады. Қол-аяққа тұрмай бұратылады. Түкең атақты балуан ғана емес, ол ән айтып, би билеген биші ғана емес- ол қазақтың аударыспағының дүлділі. Оның облыстық, республикалық жарыстардағы ат үстіндегі онерін көрген де арманда, көрмеген де арманда. Мен өзім Тұрсынды аударыспақтан жеңілген дегенді естігенім жоқ. Түкең аударыспақтан «аламан» аталған Қазақстан бойынша бірінші адам. Оның тақымына аттың аты шыдайды да, қарсылауға екінің бірі көп тіресе алмайды.

Күрестен облыстық жарыс аяқталғаннан кейін, қаланың сыртында кокпар, ат жарысы, аударыспақ, қыз куу, теңге алу т.б. ұлт ойындары өтпекші. Осыған балуандардан іріктеп, кокпар тартысуды халыққа көрсетесіңдер деп екі команда құрылды. Соның ішінде мен де бармын. Тұрсын аударыспаққа жазылды. Оның үшінші қарсыласы бесқарағайлық орыс жігіті. Сол кездегі тәртіп бойынша аударысушы екі жігіт бір-бірінен 150-200 метрдей алшақ тұрады да торешінің ысқырығынан кейін қарама-қарсы ұмтылысады.

Бәріміз аттың үстіндеміз. Түкең астындағы атын қамшымен жанын шығара осып-осып жіберді де тебініп тұра ұмтылды, тағы да атты бауырлатып сабап келеді. Ала-құйындатып қарсыласының жанынан өте бере, оң қолымен қарсыласының жауырынын сарт еткізіп, шап беріп ұстаған бойында жұлып ала жөнелді. Ана жігіт созылып Түкеңнің атына соғылғанды, ат үркіп тепкілеген үстіне тепкілеп мөңкіп барады. Біз «Жіберме, жіберме!» деп, айғайлай тұра шаптық. Түкең екі қолымен жігітті қапсыра ұстап алған, басы бос ат халықтың арасынан шығып, сыртқа қарай ала қашты. Не керек, 20 шақты атты кісі қаумалап жүріп өзер ұстадық. Орыс жігітінің естігі шешіле түсіп қалған, аяғы қан, өзінде

оң жоқ, түс жоқ. Міне, Түкен аударыспаққа түссе, «перісі» бар ма деп қаласың. Ол атқа отырғанда Толағайдай, Қабанбайдай қаһарлы да қарулы көрінетін.

Ал, енді Түкен ренжімеуі керек. Ренжісе пәлсеге қалғаның. Ол ешкіммен сойлеспейді, үндемейді. Бар ренішінің кегін осы үндеместіктен алады.

Досқа адал да таза, жалған сөз, жағымсу оның табиғатында жоқ нәрсе.

«Қалмақбас Тұрсынның,
Күрестің ұққан қыр-сырын,
Достары жүр қасында,

Жықпаса егер алмайтұғын бір тыным».

Әй, Түке-ай! Осы күрестің арқасында көрмегенің жоқ-ау! Облыста өткен осы республикалық жарысқа іріктеуде естен кетпейтін жағдайлар көп болды. Сол жылдары Семейде, әсіресе, зооветинститутында самбо күресі марқұм М.Имашевтің ерекше үйретуінің нәтижесінде дүрілдеп тұрды. өзі де дүрілдетті.

Күрес басталар күні әдеттегідей балуандарды өлшеу ерте сағат 8-де басталды. Балуандарды өлшейтін жерге келсек, ылғи Семейдің самбистері қаптап кеткен. Ақсуаттықтарды, оның ішінде мені көріп, бәрі тіке қарап, сынай көз тастап, менің көзімше бірін-бірі құшақтап, біреуі шалады, қарсыласы лезде оны котере қайырап тастайды. Сөйтсек, осылардың ішінде Толсуов деген менің салмағымда күреседі екен. Өлшенуге мен бұрынғы әдеттегідей плавкиімде тұра салып едім, жанағы жігіттер менің плавкиімді де шешуді талап етеді. Бұл күрестің заңы. Егер қарсы команда саған күдік білдірсе, сен шешініп тырдай жалаңаш тұруың керек.

Бізге психологиялық та, моралдық та шабуыл үдеді. Неше түрлі айла-шарғылар жасалып жатыр. Қызық енді басталды. Тұрсын кірге тұрып еді, одан да мен сияқты тыр жалаңаш тұруды талап етті. Тұрсын өзінен алты кило жоғары салмаққа күресуге тиіс болатын. Олар енді біліп қойып Тұрсыннан томенгі салмақта күрессуді, не күреске қатыспауды талап етуде. Біз не болса да Түкенді үгіттедік. Нар тәуекел, алты литр су іше алмайсың ба? Түке, тәуекел деп өзіңді сынап көрші – деп қондірмек боп жатырмыз. Түкен келісті. Бір шелек су алдырдық. Түкен бес бокал суды ішкеннен кейін, енді іше алмаймын деп далаға атып шықты. Біз қоса жүрміз. Тағыда екі бокалды ішкізіп кірге келсек, 800 грамм жетпей тұр. Түке, бар жоғы екі бокал, Түкен бір бокалды әзер тауысып, тағы далаға тұра жүгірді. Тағы келдік, 500 грамм жетпейді.

Түкс, енді бір бокал ғана. Жок, Түкең мүлде бас тартты. Арада жарты сағат уақыт өтті. Самбист жігіттер дабырлап, өлшем уақыты бітті деп шуылдасып жатыр. Түкс, әкелші деп бір бокалды кірдің үстінде тұрып тартып алды. 150 грамм жетпей тұр. Түкс бір стакан ғана, нар тәуекел. Түкс екі ұрттады да далаға баруға шыдай алмай лық сткізді, еден былғанып қалды. Түкенді ақырын екі қолтығынан демеп жарты стакан ішкізіп кішкене жүргізіп, кірге тұрдық. 50 грамм кем. Түкс шалкалап тұрып ауызын толтырып алды, жұтқан жок. Салмақты тартты. Біз қуанып Түкенді қолтықтап далаға шықтық. Түкс құсып-құсып жіберді. Ол таңертеңгі тамаққа бармады. Қонақ үйіне барып екі сағаттай дем алып келді. Алғашқы белдесуде өте баяу, сұлбыр күресті. Әсер ұпай санымен өтті. Түстен кейінгі, кешке таманғы кездесуін сәтті аяқтады. Не керек Түкс осы жолы да бірінші орын алды.

Төлеуов скеуімізді үшінші күні күрестірмеді. Ертең «Динамо» стадионында облыс басшылары күресті, абсолюттік күресті көреміз депті. Ертеңінде «Динамо» стадионы халыққа синады. Көрермендердің көбі ақсуаттықтар. Осы жылдары Тілеуберген Үмітханов, Асқарбек Жакупов, Амантай Жакупов, Қадыр Қынашев, павлодарлық Әнуарбектер студент еді. «Бауыржан-шоу» айтқандай олар ыскыраса, түгел Семей жиналатын. Олардың беделі де, сөздері де отуші еді. Ақсуаттықтар өте ұйымшылдықтарын өркезде көрсететін.

Балуан да бәйге ат сияқты. Айқай – шуды, көтермені жаны жақсы көреді.

Облыстың басшылары келіп жайғасқан соң күрес басталды. Менің қарсыласым – Төлеуов зооветинститутының студенті. Самбист. Спорт шебері. Жас талант. Үш күннен бері күресінен көз алғамын жок. Нағыз ержүрек қас балуанның өзі.

Әдіс-айла дегенің өте мол. Қарулы да сымбатты. Өте мәдснесті күреседі. Кілем үстіндегі төреші – Марат Имашев екеуімізді шақырып алып, жымыйып күлді де, «біреуің жерлесімің, біреуің оқушымың. Екеуіңе де тілектеспін. Әділ төрелік етемін. Оған сеніңдер. Жығылғандарың маған өкпелемәңдер» - деді.

Күрес басталды. Мен ұстаған бетте шалып едім, ол қолма-қол қайырып тастады. Мен екпетімнен барып түстім. Тұра салып жүгіріп барып ұстаған бетте тағы шалдым, ол тағы да артқа қайырып тастады. Үшінші рет жылдам болғанда, жылдам ұстаған бетте шалдым да, аяғымды шығара қойдым. Ол сезе қойды да артқа қайырып тастаған жок, жартылай жамбасқа алып, оң аяғыммен қырқа шалып түсірдім.

Мен екі-үш күннен бері өзімді ерекше сергек сезінемін. Самбистердің менің күресімді көруі бірінші рет емес, олар үнемі көруде.

Республикалық жарыстарға барарда аралда жаттығамыз, оларда сол жерде жаттығады. Олар осылайша менімен етене жақынырақ жүріп таныс болғандықтан, олардың бұл жолы менен өте сақтануы, қыр қорсетуі әбден мүмкін еді. Сойтіп, олар менің әдіс-айлама қарама-қарсы тәсілдерін пысықтап жаттығуы, менің де рухымды котере көңілдендіріп жіберді. Сондықтан, басқалармен күрескенде өте сақтықпен қимылдап тек қана іштен салу әдісін қолданып жүрдім. Олардың назарын осыған аудардым. Олар мені тек шалуды ғана біледі, деп ойласын деген іштей есебімде бар еді. Сол себепті мен алғашқы скі рет ұстаған кезде тез іштен шалып, оған қарсы әдіс қолдануға мұрса беріп, көңілін орнықтырдым да, үшінші текетіресте менің оған дайындаған сыбағалы әдісімді қолдануым өте сәтті шықты.

Таза жеңіс. Ол орнынан тұрмай, скі жұдырығымен кілемді түйгіштеп жатыр. Стадион іші айғай-шудан құлақ тұндырды.

Кілем үстіне Мұрат Сапоров жүгіріп шықты да мені котермелей жетектеп кілемді шыр айналды. Содан соң, «Ана кісілерге сәлем бер!» - деп облыс басшылары отырған жерге алып келді. Ең бірінші Морозовка (облыстың бірінші хатшысы), одан кейін Қашағановке (облыстық атқару комитетінің төрағасы), тағы басқа отырғандарға түгел қол беріп шықтым. Алқынып, енгігіп жүрмін.

Бұл расында ғажап күрес еді. Ол кезде самбоға тең келетін күрестің түрі жоқ сияқты болатын. Осы ретте екі ұлыстың күресі сайысты. Бірі – қазақтың, екіншісі – суропаның. Қазақша күрес халықаралық деңгейге шығып көрмегенді.

Көрсермен халықтың қуанышында шек жоқ. Енді 10-15 минуттан кейін абсолюттік жарыс басталады. Ол кезде түйе балуан деп атамайтын, мен соған тіркелдім.

Төлсуовты жығуым мені одан бетер рухтандырып, тіпті аурақтанып та кеттім бе деймін.

Азамбек деген нағашым қой фермасының меңгерушісі болып жүрген кезінде, мал шығыны жөнінде басқармада қаралыпты. Оған сөз бергенде «Ананы істедім, мынаны істедім» - деп атқарған шаруаларды тізбектеп айта жөнелген. Жиналысты басқарып отырған бастық, «Сен өзіңді-өзің мақтап барасың ғой» - деп қағытса керек. Сонда нағашым тұрып: «Енді қайтейін, өзімді-өзім мақтамасам, мені ешкім мақтайтын түрі жоқ» деген екен. Сол айтқандай, спортта да солай болған.

Әңгіме Тұрсыннан басталып еді-ғой. Түкең таң атпай ашқарында су ішіп, команда қажеті үшін мес қарын болғанын айтқанбыз. Жалпы осы жазда оның жолында бөгет те, кедергі де, кесел де, кесапат та жиі

ұшырасып тұрды. Орыстар айтқандай неге «грешник» болғанын білмеймін. Солай болды.

Қаншама жыл күресте бірге жүрміз, біреуге «әй сен» деген сөзін естігеніміз жоқ.

Тура осындай мінез Сәбенде, Байызханда да бар. Балуандардың ішінде Сәбен оленді, әсіресе, арияны жақсы айтады. Балуан Садуақасов Нұғыман ариядан басқа айтпаушы еді. Бұл да солай.

Мұратхан мен Сайлаудың мінездері өте тік. Олар өздеріне қатысты артық мінез көрсеткенді, сөз айтқанды жақтырмайтын. Екеуі команданың айбатты қорғаны іспеттес.

Сайлау еркек біткеннің сұлуы, нағыз «Нефертити» болатын.

Көп еркектер қыздарға сүйдім, күйдім деп жалбарынса, ол керісінше, қыздардың өздері Сайлауды іздеп келетін. Семейдегі аралда жаттығу жүріп жатқан кезде, әр бұтаның арасынан кара коздер мен кок коздер сығалап жүретін де, Сайлау жаттығуын аяқтаған соң, ертіп кететін-ді.

Мұратхан да ұзын бойлының сымбаттысы. Оның әркімге кішіпейілділікпен жымия қараған бет-бейнесі ішінді жібітіп-ақ жіберетін.

Осылардың барлығы бірге жүргенде сақамыз алшысынан түсіп, ұпайымыз түгел болатын. Қарап отырсам, осы Ақсуаттық командалас азаматтар оншақты жыл бірге жүріппіз. Береке бірлігіміз ерекше болатын, қазірде сол қалпында. Бір де біреуі күрескенде менің қойған талабымнан асып та, тасып та көрген жоқ. Арамызда әскери тәртіптің үлгісі сақталушы еді.

Біздер Шымкенттегі сияқты дәп осындай сорақы жарысты көргенбіз. Кім қандай орын алды, командалық нешінші орында екені белгісіз қалды. Не ұттық, неден ұтылды, біліп болмайды.

Солтанғазин Байызханның алғашқы қарсыласы шымкенттік балуан Мұратов деген еді. Оны ұпай санымен жеңіп тұрғанда, төрешілер әдейі уақытты үш минутқа созып, шымкенттік ұпай санын асырғанға дейін күрестірді. Күресті қайта-қайта тоқтатып шымкенттік балуанға қалай күресу керек екендігін түсіндірумен болды. Байызхан басқа балуандарды таза жеңіп екіші орын алды. Мұратхан да шымкенттік Ержановпен күресті. Ержанов Асаубаевтың шашынан ұстап жұлқи жұла, дорекілік жасаса да оған ешқандай ескерту жасалмады.

Төрешілердің өзіншіл әділетсіздігі жалғыз Семейліктерге ғана емес, басқа облыстарға да көрсетіні көрсетіп жатты. Жамбыл облысының атынан келген Үсіпбаев Алтынбек деген жігіт шымыр да мықтының мықтысы болатын. Ол 1954, 1961, 1966 жылдарғы Қазақстанның үш

дүркін чемпионы, Жамбыл ауданында «Ильич» атындағы мектеп-интернатының мұғалімі болып қызмет істейді. Ол алғашқы белдесуін алматылық Садыков дегенмен күресіп таза жығып еді, жеңісті оған бермеді. Осы салмақта күрескен Орал облысы, Чапай ауданы, «Алғабас» совхозынан келген шофер жігіт Құлданбаев Мұзафардың самағы 84 кг бола тұра, оған 87 кг-нан жоғары салмақта күрессең, күреспесең тамақ ішуге берілетін талон берілмейді деп бопса жасап, ауыр салмақта күрестірген. Оның алғашқы қарсыласы шымкенттік Калашников. Оны Мұзафар жығып тұрса да есептемей, жеңісті шымкенттік балуанға берді. Сондай-ақ Орал облысы, Каменский ауданы, «Красный Маяк» совхозынан келген тракторист Сарсенов Жұбаныш шымкенттік Мұратовты таза жыкса да, жеңісті бермеді. Алматылық Нугубасв бірінші кездесуінде шымкенттік Шабуцкийді таза жыкса да, жеңісті бермеді. Күрестің қорытындысында Шабуцкийдің орнына Клобуцкий дегенді атап, екінші орын алды деп жариялады. Клобуцкий күреске мүлде қатыспаған жігіт.

Жарысқа келген балуандарды қарсы алу рәсімі болған жоқ. Жас балуандар төлім алатындай ешнәрсе ұйымдастырылмады. Атамыз Қажымұқанның басына апармады, жанұясымен кездесу отпеді. Төрешілер күрес кезінде кейбір келеңсіз көріністерді анықтауға барғанымызда көзін тікірейтіп, қолын сермеп, «кет» - деп жауап береді. Күрестің алғашқы күні аяқталған соң, кейбір төрешілер мас боп, спортшылар жатқан мектепке келіп босіп жүрді.

Осындай сорақылықтан кейін тағы да күреске қатысқын келе ме, жоқ па?

Басқаны білмеймін менің өз ойым, бірінші орынды бермесе бермей-ақ қойсын, бәрібір мен жықтым емес пе, ендеше бүкіл Қазақстан бойынша өзіңнің қандай дәрежеде тұрғаныңды байқадың емес пе?!

Осы жолғы күрестің ұйымдастырылуы, оның қалай өткені, төрешілердің бет албаты дөрекілігі мен мәдениетсіздігі, далбасалығы тағы басқаларын сараптаған үлкен мақала жазып «Лениншіл жас» газетіне беріп едім, теп-тегіс газет бетіне басты. Күні бүгінге дейін мен осы газетке ризашылығымды айтамын.

Осындай жанға батқан жайларды айтып отырған себебім, жәй ауыл арасындағы жарыстың дәу-гәуі емес, бүкіл елімізді елеңдетіп, дүбірлетіп өтетін Қажымұқан атамыздың атындағы жүлде жарысы болғандықтан. Оған әр тараптан іріктелген мықтылардың мықтысы ғана қатысатын сайыс екендігінен туындап отыр. Сол жылдары бір рет емес, жылдар бойы, үнемі әдетке айналған бұрмалап төрелік ету ауруының стек алғаны, оның кеңінен тарап жайылғаны, айықпас дертке айналғаны

анық еді. Мұның өзі ұлтымыздың киелі күресінің кері кетуіне үлкен әсерін тигізбеуі мүмкін емес ті. Әрине, бұл сол кездегі шала сауатты төрешілер үшін тиімді болғанымен, оның кесірін кейінгі ұрпақ көруде. Қазақша күрес бір кезде жақсы дамып тұрды да, кейінгі жолдары жоққа тән боп қалды емес пе? Енді-енді қолға қайтадан алына бастады. Оның өзінде Дәулет Тұрлыхановтың мықтылығының арқасында сөз қозғалғандай болды.

Бұл ойға алынып, айтылып, жазылып та жатқандар күрестің тек кілем үстіндегі жайлы болса да, жайсыз болса да азғана көріністері. Ал, осы жарысқа дейін мейлі ол аудандық, мейлі ол облыстық, не республикалық болсын әр балуан әр жарысқа тыңғылықты дайындалуы керек. Оны баптау керек. Өкінішке орай, сол біз күресті бастап, күресіп жүрген жылдары басқа жерді айта алмаймын дәл Ақсаутта балуандарды дайындайтын ешқандай білікті маман болмады. Тіпті күрес те жоқ еді. Әркім өз білгенін бір-біріне үйретіп өстік. Бір-бірімізге тәрбиеші болдық.

Сол кезде әр ауылды шаруашылық басшылары билеген заман болды. Жарысқа жастарды жібергісі келсе жібереді, жібергісі келмесе сылтау көп, сол көп сылтаудың біреуімен жібермей тастайды. Тіпті, аудандық жарыстарға жібермеген кездері көп болды. Сол себептенде бойында туа біткен алып күштің иелері аманкелділік Шайсолтан Омаров, «Ленин жолы» совхозындағы жылқышы Бақытбек, калининдік жылқышы Асқар, Құнапия, аудан орталығындағы Хамит, «Социалистік» колхозынан Қошкінбай Ахметқалиев, училищеден Сейітхан тағы басқа көптеген жас талантты балуандар облыстық жарыстарды көріп, қатысып бақтарын сынап алған жоқ. Бұлардың мықтылығын айтайын ба?

Омаров Шайсолтан «Беларусь» тракторының алдын, Хамит Ахметов «С-80» тракторының бір жағын көтереді екен. Хамитті аудан халқы «С-80» деп күні бүгінге дейін атайды.

Ал, осылармен күрескенде бір ай, екі ай бойы жыртылған бел мен сүбенің еттерін қалпына келтіре алмаушы едік. Өр ауылының жылқышысы Бақытбек пен Құмгөл ауылының жылқышысы Асқарлар шу асу айғырларға бұғалық салып жіберіп бір қолменен-ақ тыпыр еткізбей ұстап тұрады екен. Осы алыптарды күреске тәрбиелегенде не болар еді? Нағыз Қажымұқан атамыз болып шыға келмей ме?

Осылардың қатарына көзін тұздай көгертіп баспандық Исақов Советті, батыр бабамыз Аманкелдідей мұртын ширатып Абылқасымов Кеңесті қосыңызшы, Екпін ауылынан Жанұзақ Ғабдуллин, «Жана жолдан» Сейітхан мен Бидахмет, солақай Қошкінбайлар. Бұлардың

әрқайсысы ауданның намысын онай бере қоймайтын, оңай шағылатын жаңғақтар емес еді.

Бұларды еске алып отырғаным ауданда мықты балуандар біздер емес екенін, мықтыдан да мықты бар екенін тек сол кездегі «солақай» басшылардың солақай қозқарасынан олардың көзі ашылмай, бағы жанбай қалғаны, күні бүгінге дейін көзі қарақты, көңілі ояу кісіні тебіртеді. Амал қанша? Солай болған.

Ал, күреске қатысып дүбірлетіп, күнгірлетіп, сырнайлатып жүрген біздердің күніміз жетім баланың күні еді.

Қай жарысқа бармайық, ешкім ешбір мекеме, колхоз, совхоз жол қаражатын, жатар орын, тамаққа қаржы болген емес. Қаншама күн, ай бойы жанталас жаттығу, өзінді бапқа келтіру, тер тоғу, оның бәрі бойдағы күш-қуатты жұмсау ғой. Ал оны күнделікті қалпына келтіру үшін құнарлы тағам ішуің қажет. Орта, жартылай ауыр, ауыр салмақтағылар басқаларға қарағанда екі есе тамақтануы керек. Біздер сол жарыс болатын екі-үш күнге берілетін талонмен жарты күрсак боп жүретінбіз. Солай болған.

Қуаныш оныншы сыныпты бітіргенде ауданның, облыстың бірнеше дүркін чемпионы, республика чемпионы, бірінші разрядты балуан болды. Ақсуат мектебін бітіргендердің ішінде осындай атак дәрежесі бар алғашқы балуан еді.

Жергілікті ақындар:

«Құраманың сапында
Шықты сенің атың да.
Ауылдың қара баласы
Айналғандай батырға.

Бас бапкерің алғашқы
Қали ағаң салмақты.
Бағың жанып Одақта
Талай мықты шаң қапты.

Алдында нұрлы жол жатты
Сол жерде жұлде, олжа апты.
Әулие бабаң Жанболат
Әрқашан жебеп, қолдапты»- деп жырлады.

1972 жылдан бастап «Қазақша күрестен» спорт шебері атағы берілетін болды. Осы атақты ақсуаттық балуандардың, тіпті республикалық балуандардың ішінен Қуаныш бірінші болып, №12 спорт шебері куәлігін алды.

Сонда: «Келген мықты шеттерінен жасанған,
Барлығы да шаш ал десе бас алған.

Қарсыластың бәрін жығып қиратып,
Тұңғыш сенсің спорт шебері атанған» - деп, акындар
жырлаған.

Әр жарыста ол өзінің ерекше дарынды өнерімен көрермендерге қол соқтырып, таң қалдырған. Күресте өте жақсы әдіс-айла жасағаны үшін деп бірнеше грамоталар мен қоса марапатталып отырды.

Қуныштың кішкене бала кезінде бұзық, тентек болғанын сөз еткен едім. Енді байыптап, бағамдап, талдап, тарап қарап отырсам, оның тентектілігінен тектілігі басым да артық екен.

Өзінің тентектілігін мойындап, қол-аяғын таң атқанша байлап қойғанымда қыңқ демей, маған кектене ызаланбастан, ренжіместен айтқаныма көніп, айдағаныма жүргені оның тектілігінен деп білдім.

Өзінің өнер өрген ортасында менімен қатарласып бірге жүргісі келеді. Әке орнына әке, аға орнына аға, дос орнына дос еткісі келеді.

Ердің елу жасын тойлағанда колледж басшыларымен қатар торде отырдым. Үлкен ақсақал ретінде сөз бастадым. Туған жері Жәңтікейде өзінің атында дүбірлетіп өткізілген аудан біріншілігінде, аудан басшыларымен бірге отырып, бірге жүрдік.

Мені дәріптеп, мені әспеттеп, шашбаулап жүргені оның тектілігі емес пе!

Жәңтікей ауылында өткізілген жарыстан кейін Қуаныш Әулие Ырғызбай атаның зиратының басына апарып, өзінің жан досы Қазақстанның екі мәрте түйе балуаны Мағауияға арнап ас берді, құран-қатым шығартты. Бір кезде бірге күрессіп, бірге өскен, қатар жүріп қанаттас, етене жақын болған Мағауияға риясыз ыстық ықыласының, оған деген мол мейірімінің шексіз екендігіне куә болдық.

Мен одан дос таба білудің, оны өмір бойы адал да қастерлеп өтудің, ардақтай да құрметтей білудің қасиетін көрдім, көрдім де сүйсіндім. Бұл ұрпақтан ұрпаққа үлгі боп қалатын өнеге!

Осы Әулие бабаның басында маған ұлттық шапан кигізді, Әулие БАБАҒА: «Осы Қали ағамызды желеп-жебеп, қоршап-қолдап жүрші, Ұлы Әулие БАБА!» – деп Ырғызбай атаның аруағына сыйынды. Осындай жүрек терберлік маған шынайы інілік ілтипаты, оның тектілігін танытып тұр емес пе!

Қуаныш мені осы тақауда Абай ауданының орталығы Қарауылда отетін Мағауияның атындағы республикалық жұлдені коруге шақырды.

Мен Қарауылға баруға өте ынталы болдым. Осы күрестің арқасында қаншама облыстарды, қалалар мен ауылдарды, жайлауларды көріп жүргенде Қарауылды көрмеймін. Сонымен жолымыз түсіп Нұрлан деген ұлым екеуіміз Семей арқылы Қарауылға тартып отырдық.

Сонымен қасиетті де, киелі қазақ даласындағы Абайдай, Шәкәрімдей, Мұхтардай дана да ұлылардың ұлысын берген Абай жеріне атбасын тіредік.

Абай елінде: «Шалқар күші жайылып шартарапқа,

Атақ, данқы таралған алты алашқа»... – деп мақтан тұтқан Нұғыман Садуақасов аталары бастаған, оның ізбасарлары Мағауия Оразбеков, Манарбек Таутанов, Зекен Шаймарданов, Шыңғыс Тұрсынов, Марат Хасенов, Ділмұрат Әсеновтер тек Абай ауданының ғана емес, облыстың, республикамыздың атын шығарғандар. Қазір өсіп, өніп келе жатқан дарынды да талантты да жастар қаншама десеңізші!

ҚСРО спорт шебері, Қазақстанның екі мәрте түйе палуаны Мағауия Тайтолеуұлы Оразбеков атындағы жұлде үшін қазақша күрестен республикалық жарыс 2002 жылдың 17,18,19 қазан күндері отетін болып белгіленген.

Жарыстың алғашқы күні марқұм Мағауияның зиратына құран оқылды, кешкісін қатым түсірілді. Келген қонақтарға «Қаламқас» ән-би ансамблі концерт берді.

Шыңғыстаудың Мағауы-шымыр білск,

Тұрған жоқ тұғырында бүгін жүдеп.

Жалғастырып жақсы ісін келе жатыр,

Жаңа бір толқын құсап ізінде лек.

Сол лек – сом білектер шоғырындай,

Ал, Мағау таусылмайтын тағылымдай,

Атақты балуанның атындағы

Күреске кім келмейді қаны қызбай! – деп ақындар

жырлағандай жас балуандар күресті де бастады.

Аудандық мәдениет үйінің іші симый кетті, мұнда ел құрметіне бөленген үлкен қариялар да, зиялы азаматтар да, ізгілік пен әсемдіктің шырақшысы қыз-келіншектер де, асыр салып ойнаған бал-бөбектер де бар.

Күреске бас торешілікке Қарағанды облысынан ҚСРО спорт шебері, Қазақтан республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Еңбек Қызыл Ту Орденінің иегері, ұстаз Диканбай Биткозов, семейлік қазақша, самбо күресінің тұңғыш президенті Амантай Кезимов, қазақша күрестен облыстың президенті Қайрат Абаев, КСРО-ға, Қазақстан республикасына еңбек сіңірген жаттықтырушы, Қазақстан республикасының «Дзюдо» күресінің аға жаттықтырушысы Манарбек Таутанов, Қазақстан республикасының спорт шебері, республиканың бірнеше мәрте түйе балуаны, «Шәкәрім» атындағы университетінің мүғалімі Шыңғыс Тұрсынов тағы басқа жиырмаға тарта спорттың туын

ұстап жүрген жігіттер келіпті. Мен осылардың бәрімен таныстым. Үш күн бойы бірге жүрдік. Диканбай скеуміз Мағаудың үйінде бір болмеде бірге жаттық. Көп әңгіме шерттіп, көп сырластық. Диканбаймен бірге жарыстың төрінде қатар отырдым.

Басқалар сияқты келген құрметті, сыйлы қонақ ретінде Қуаныштың тапсырмасымен мені де ел-жұртқа атымды дабырадай ғып таныстырды. Жарыстың салтанатты марапаттау рәсімінде Диканбай скеумізге Мағаудың атындағы ескерткіш медалі мен бағалы сыйлық берді. Қуаныш Диканбай скеумізді Абайдың Жидебайдағы мұражайына, ондағы ескерткіштерге апарып, Қарауылдағы Абайдың 150 жылдығы өткен жерлерді аралатты, суреттерге түстік.

Абай еліндегі алған әсерлерім мен көргендерімді бір сәтті күндері еске алып естелік жазсам ба деген ой да бар.

Абай ағамыз: "Беркелі болса ел - жағасы жайлау ол бір қол" дегендей Абай ауылынан беркелі де білікті, сыйластықтары мен ынтымақтастықтары жарасқан, бірегей ұл-қыздарын көрдім. "Ел ер ұлдарын ешқашан ұмытпайды" деген ұлағатты сөз бар емес пе? Ауыл боп, аймақ боп есімі елге танылған өз ұлдарын, өз Мағауларын ұлықтап жатыр. Осыншама елдіктің, бірліктің салтанат құруына, жарыстың ұйымшылдықпен өтуіне ауылдың зиялы азаматтары бір кісідей жұмылған.

Мағау - нағыз маңқасқа Мағау еді. Ол еліміздегі спорт жұлдызының бірі еді. Аты алты алашқа тараған, тұрмысы бөлсек, бітімі кесек, аяулы да асыл азамат, ұл-қыз тәрбиелеп өсірген ұлағатты әке, мейлінше мейірімді, көңілі кең даладай дархан дос еді. Оның қайталанбас ғажайып қасиеттері кейінгі өскелең ұрпаққа үлгі болатын жарқын да онегелі жол. Ол қысқа ғұмырында толымды да мағыналы ғұмыр кешті.

Ендеше Мағауға қандай құрмет көрсетсе де лайық.

Абай ауылының ұл-қыздары, барлық адамдары өзгеге өнегені өздері көрсетуде. Нар тұлға, өр бітімді мәрт жігіттері, тұла бойларын адамгершілік рух билеген Қарауылдың салауатты ұлдары ұйымшылдықтың, берсеке, бірліктің символы екен. Осылардың арқасында ел ішінде ерекше тың серпіліс бар, жарыстың өте жоғары деңгейде өтуіне деген жанашырлық көзқарас, қолдау, мүдделілік бар. Бәрі, бәрі тайға таңба басқандай айқын көрініп тұр. Тіпті келген қонақтарды құда-құдағиларды күткендей ертесінде, түсте, кешкісінде кезекке қойып шақырысу дәстүрі қалыптасқан. Осындай ынтымақ ыдырамағай демекпіз.

Қарауылдан Қуаныш біздің машинамен қайтты. Жолда Еңлік-Кебектің елден қашып тығылған үңгіріне бардық. Қуаныш екі шырша сыйлады. Жеңгей екеуіңіздің махаббаттарыңыз осы екеуіңдей болсын - деп тілек айтты.

Менің осыншама шашбауымды көтеріп құрметтеп жүргені әлбетте оның тектілігінен.

Қуаныш алғашқы қызметін осы техникумнан бастап табандай 30 жыл үздіксіз еңбек етуі ерлікпен тең. Оны ұжымы қалай құрметтеп сыйлайтынын біз Қуаныштың 50 жасқа толу мерекесін өткізгенде көргенбіз. Оның өзі бір дастан іспеттес.

"Айта берсем айтарым,

Шалқи берсем шабытым" көп.

Бұл күнде өз мамандығы мен кәсібінің нағыз шебері. Ұлағатты ұстаз атанып, шыңға көтеріліп, еңбегі еленген Қуаныш боп отыр. Оның абырой асқарына орлеуі заңды, ақылға сыйымды. Қуаныш Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1982 жылы 15 наурыздағы жарлығы бойынша "Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Грамотасымен", 1986 жылы сәуірде Семей облыстық советінің грамотасымен марапатталды.

"Тұлпар желіде танылады". Мен оны ерте балауса бала күнімде танығаным, менің көпті көргендігім мен көп белдесулер өткізгенімнің жиынтығы шығар.

Әр сәтті істердің арт жағында еңсеріле атқарылған ауқымды жұмыстар, жан-жақты ойластырылған ойлар мен шаралар жатпай ма? Белдесуге деген қатаң талапқа ол сол кезде-ақ қорқақтап, қашқалақтаған жоқ, қайта одан үлкен ләззат алды, ізгілік іздеді. Шынығып шырлықты. Күрестен жоғары атакқа ие болған тұста өзінің жетістіктерін ол төгілген тер мен қарымы талған білек күшінің өтеуі, ойға түйгендері мен көңілге тоқығандарының нәтижесі деп түсінді.

Оның бойындағы үлгі тұтар, мақтан етер абзал қасиеттер ата-баба дәстүрімен сіңіп, әке қанымен, ана сүтімен дарыған.

Мен Қуанышты көрген сайын өзіммен құлын-тайдай тебісіп бірге өскен тағдырлас, дәмдес әрі сырлас болған, менің аса құрметтеп сыйлап-қадырлейтін ағасы Көшкінбайды көргендей, Кошағаңмен дидаласқандай әсер аламын. Кошаға дос-жарандардың ортасында жүргенде өзінің бітімі мен келісіміне, жарасымды әзіл оспағымен сөзге іліп, бәрімізді мәз етіп, әсіресе, келіншектерді қызарататып, ұялтып, есін тандыра имендіруші еді. Қуаныштың бойынан да осыны көруге әбден болады.

Қуаныштың әке-шешесі ұстаз болмаса да ұстаздыққа бейім болатын, бар ғұмырын бала-шағасының тәрбиесіне арнаған, осылар

өсіп-жетілсе, азамат боп ел қатарына қосылса екен деп тәубе етіп, тілек тілеген қасиетті жандар болатын.

Инша АлЛА тілеулері қабыл боп ұл-қыздары өсіп-өнді.

Кешегі тентек Қуанышымыз бүгінде Әбекбай ұрпағына ғана емес, бүкіл ауылға аға, қамқоршы, демеуші, онгелі де орелі азамат, текті ұлдарына айналып отыр.

Ол Қ.Сатбаев атындағы білім үйінің 60 жылдық мерекесінде тоғыз түрлі жабдығы қойылған күрес залын жас балуандарға тарту етті.

"Жоқ жомарттың қолын байлап қинаған,

Ер жігіттер елден айыл жимаған.

Сатбаевтың 60 жылдық

Мектебіне күрес залын сыйлаған"

- деп акындар жырлаған.

Осылай мен тентек ұлдың текті екенін біліп тәрбиеленгенмін. Осылай мен оны мақтаныш етемін.

Қарғыба киелі де қасиетті шағын өлке. Кішкентай ғана "Жаңа жол" ауылының кешегі түйе балуаны Тана Карабухин, Қадыр Әйтiшевтер болса, бүгінде атақ даңқы жайылған балуандарымызды іріктеп қана айтатын болсақ, самбо мен қазақша күрестің спорт шеберлері Керей Қойшыбеков, Ержан Сарсенбаев, Мерей Қойшыбеков, Серік Токтаргазиндер Қазақстанның спорт әлеміндегі жұлдыздары емес пе?!

Осы кішкене ауылдың әр саладағы алғашқыларын айтатын болсақ, колхоздың алғашқы бастығы Шокен Мұқажанов болды. Осы кішкене ауылға алғаш мотормен жарық берген де оның моторісі Ахметқали Әбекбаев еді. Ал алғашқы машинаның (полуторка) жүргізушісі Оразай Ахметов болса, алғашқы "ХТЗ" тракторын Сайбель деген неміс жүргізді. Алғашқы диірменші болған Бердібек деген ата. Колхоз іріленгенде оның бастығы болып Қадыр Құсайынов сайланды, колхоз Бүкілодақтық көрмеге қатысып бірінші орын алып "Победа" машинасына ие болған. Сауыншы Мекетай Жақсылықова апа да осы көрмеге қатысып марапатталған. Ауданда «Социалистік Еңбек Ері» атағын бірінші болып жас жылқышы Нұркен Габдуллин иеленді. Колхоздың комсомол ұйымының тұңғыш жетекшісі Шәріпхан Нұрмағанбетов болды.

Міне, шағын ауылдың үлкен жетістіктері. "Өнерлі бала өрге жүзер". Менің берер батам: "Тәңірім текті ұлды тек тіл-көзден сақтасын!" - деп бір Алладан тілеймін. Әумин!

Сөз соңында, осындай спорттың биігіне көтеріліп, аға ұрпақтың эстафетасын алға апарып жүрген, кейінгі ұрпақ үлгі алар жеңімпаздарымыз оз дәрежесінде ұлағатталып отырса, біз көп нәрсені ұтқан болар едік.

Әр ауылдың, ауданның, облыстың талантты да дарынды ұл-
қыздарының неге мәртебесін көтеріп марапаттамасқа!- деп сөзін
доғарды қазақша күрестен Қазақ ССР- ның чемпионы, балуан Қали
(Қалкен) Құжыманұлы Иманбаев.

* * *

Діни тақырып

АДАМ АТА , ХАУА АНА

Жаратқан әуел баста Алла бәрін,
Сенемін,сыйынамын ойға аламын.
Қиялым жетпейтұғын қисынменен,
Жасалған таңғажайып бар ғаламым.

Жарық Күн , жалпы әлемге Ай да мәлім,
Жыпырлап сам жамырап жайнағаның!
Ұғамын кереметтің жүйелерін,
Ұлылық үлгісіне таңғаламын.

Өрбітіп тіршілікті жалғағанын,
Түсірген шапағатын барлағанмын.
Ойымды үнілдіріп әлмисақтың,
Төрінен термелеп сыр жаймаладым.

Алып Жер!
Тірлік көзі – шарлы алабың,
Тамырдай тұла бойың толған ағын.
Әлемнің құпиясы түбегейлі,
Болған жоқ ақтарылып жанға мәлім.

-Бол ие ,
Дүниеге барға Адамым,
Жалғассын игілікке әр қадамың,-
Деп Алла жаратыпты Атамызды,
Мүсіндеп топырақтан таңдағанын.

Сонан соң денесіне жан беріпті,
Сезім мен ақыл, ой, күш-әл беріпті.
Қабырға еттен ойып жасапты да
Жанына Хауа Анадай жар беріпті.

Өмірге сөйтіп жұбай бір келіпті,
Әуелде періште мен жын болыпты.
Енді Адам жаралған соң сұхбан Алла,
Сыналар бұл екеуге күн беріпті.

Жын деген түзу жолда жүрмейді екен,
Өзгені көзге тіпті ілмейді екен.
Періште Аллаға тек мадақ айтып,
Басқадай іс атқару білмейді екен.

Сараптап мұның бәрін әділетті,
Жаратқан баршасына мәлім етті
Періште, жын біткеннің барлығына,
Адамға бас июді әмір етті.

Періште сөзге келмей бас иеді,
-Аллаға жақын орын осы,- деді
Ібіліс бұл шешімге қарсы шығып,
Өзінше бұра тартып көсіледі.

- Мен болсам сөнбес оттан
жаратылдым,
Өзімін жарқ етіп бір жанатынның
Негізі ал Адамның топырақ ғой,
Одан мен жоғарырақ дара тұрмын.

-Сондықтан бас имеймін!,- деді Ібіліс,
Ұйтқыды көңілінде көп құбылыс.
Адамға қарсы тобын құрмақшы боп,
Кеңесті шайтандармен топ жиылыс.

Жаулығы өзәзілдің білінеді,
Зұлымдық ісі сөйтіп жиіледі.

Қиямет күнге дейін лағнет боп,
Алланың қаһарына ілігеді.

Ал енді Адам Ата , Хауа Ананың,
Ерекше бұл шақтағы жайы мәлім.
Жаратқан сынақ күннен өткізген соң,
Жайғасты пейіш бақтан алып орын.

Бұл өзі ғажап дәурен шақ болады,
Жан-жағы миуалы бақ болады.
-Жсмендер мына ағаштан тек жемісті...
Алла өзі скеуіне шарт қояды.

Бұйырған нәсібенің нәріменен,
Пейіштің мекендесді бағына ерен.
Екеуі тұрып жатты сол жәнәтта,
Жылжыды ләззәтты өмір сәніменен.

Бақ іші самал салқын миуалы,
Жұпары көкірегіңе құйылады.
Алуан гүл майысып, ырғатылып,
Құрамай мың бояумен құбылады.

Жапырақ мөлдір шыққа жуынады,
Сыбдырдан ойыңа сыр жиылады.
Өсімдік –жасыл әлем, жасаңғырап,
Мәңгі өмір шуағына жылынады.
Ару –Күн кірпіктерін таңға аштырған,
Нәр қандай тіршілікті жалғастырған.
Оңынан Айы туып, сәуле құйып,
Дарига-ай !
Қызығына тоймас қылған.

Жемістің үілжеген бәрі өзінде,
-Айтпайды,-деп осынау мәуені үзбе!
Шалқыған,
Шаттанудың лебі еседі,
Қалқыған,
Құстың сайрау әуезінде.
Жүзген бұлт нәзіктікпен үлпілдейді,

Бұлақтың күміс күйі іркілмейді,
Көркіне пейіш бақтың көз қана алмай
Сүйсінген сипатқа : «Па шіркін!»,-дейді.

Хауа Ана , Адам Ата баққа барған,
Сәттен-ақ, шайтан тыным жоқ таба алған.
-Бұларға ләззәтты өмір сүргізбеймін!,
Деген бір шықпай қойды тоқтам ойдан.

-Алдаймын оңынан да, солынан да,
Арбаймын алдынан да, соңынан да.
Пейіштен шығарамын екеуін де,
Басады одан кейін жолым оңға,-

-Деп құрды Ібіліс сұм жосындарын,
Шәйтандар іске түгел қосыл бөрің!
Адамды жіберттірем Жер бетіне,
Тыным ап оған дейін басылмаймын.

Қостады оның ойын сыбайласы,
Белгілі болды тыныш тұра алмасы.
Жемісті тиым салған жегізбек боп,
Адамды азғырмақшы бұл алдамшы.

-Айтайын мен бір сырды жөнімді ашып,
Досыңмын!,-деді Адамға жолын тосып.
Пейіште қалу үшін мәңгілікке,
Қамынды мен де жеймін уайым басып.

-Сеніңдер менің айтқан сөздеріме
Жалғыз-ақ пайда ойлаймын өздеріне.
Басқаға ашылмайтын шындық осы,
Антым бұл беріп тұрған сезбедің бе?

Осылай кірді адамның сеніміне,
Өзгеріс енгізбекші өміріне.
Қызыл тіл аспандағы бұлтты үйіріп,
Адамның май құяды көңіліне.

-Сендер бұл мәңгі өмірде боласындар,
Ләззат қызығына қанасындар.
Ол үшін бұл жемісті жеуің керек,
Тек сонда пейіш бакта қаласындар,-

Деген сөз Хауа Ананы көндіреді,
Алдында ғажап жеміс мөлдіреді.
Өзі жеп, Адамға да алып берді,
Екеуі айырылмаған жан бар елі.

Еске алмай сол бір сәтте Алланы да,
Батады сөзін ұмытып қалғаны да.

Хауа Ана,

Адам Ата! Беу , дүние –ай!
Осылай түсті сұмның арбауына.
Өсиет ойдан шықты шешім, үлші,
Өкінді Адам бәрін кеш ұғынды.
Ал , бірақ Алла бәрін біліп тұрды,
Екеуі сұрады одан кешірімді.

Түсініп пендесінің жаңылуын,
Мейірі түсті оларға Тәңірінін.
Кешуін кателіктің сұраған соң,
Жасады рақымын, қайырымын.

Пейіштің рахатына тербетіле,
Мейірі қанғанменен шербетіне,
Жоғарғы жағдай аян болғаннан соң,
Түсірді Ата –Ананы Жер бетіне.

Жәнәттің іші толған ырыс еді,
Ажал жоқ, қорқыныш жоқ тыныш еді.
Кетті Адам сол арадан амал бар ма?
Пейіште күнә істемеу дұрыс еді.

Барлығы мәңгі өмірдің бір Алладан,
Баршаға несібелі сый арнаған.
Өлімнің періштесі Мүңкәр деген,
Пейішке белгілі ғой кіре алмаған.

-Кеш Алла, мейіріммен жарылқа!,-деп.
Тәубесін айтты ойында мол ынта боп.
Адамның тілектерін қабыл алып,
Бекітті Жерге оны халифа ғып.

Сыры көп Тәңір ісі күдіретті,
Жаратқан адамзатты Ұлы Лекті.
Бұларды Жерге әкеліп өс, өн десе,
Одан да сезінемін құрметті.

Ұрпақты өркендетіп жалғастыру,
Біреуін – бірі келіп алмастыру,
Сыйлығы бәрі-бәрі бір Алланың,-
Деп білем шеберлікпен ойластыру.

Алланың рахымына көңілденіп,
Бойына талаппенен зейін қонып,
Хауа Ана, Адам Ата өмір сүрді,
Жер үсті жағдайына бейімделіп.

Өсірді Қабыл, Әбіл балаларын,
Еңбектің жеді теріп жаңа дөнін.
Біреуі диқан болса, бірі малшы,
Өзіне алған таңдап қалағанын.

Үйленер сәтте екеуі талас туған,
Әкеден ақыл сұрап кеңес құрған
-Оларға : «Құрбандық шал!», -
деді Адам,
Алла өзі ақты қалап жол аштырған.

Әбілі құрбандыққа малын шалған,
Қабылы қанардағы дөнін салған.
Әбілдің ақ пейілін Алла сезіп
Көк қошқар құрбандығы қабыл болған.

Бұл жайды сонша тәуір көрмеймін деп,
Әбілге қарындасты бермеймін деп,

Інісін олтiрмекке бел буады,
Одан соң өзiм жеке өрлсймiн деп.

-Ей, Қабыл бұл ісiңдi бскер,- деймiн,
Өлтiрсен саған колды көтермеймiн,-
Дедi Әбiл ағасына жаратушы,
Алланы сыйлап ғана өтем деймiн.

-Күнө ғой кiсi өлтiру – тозақ алдың,
Ауыры сол киыны жазалардың,
Деген бiр Әбiл сөзiн тындамады,
Iбiлiс арбады оны таза малғұн.

Ал Қабыл қызғыныш пен тар пейiлдi,
Ешқандай еске алмады мән тегiңдi.
Ғұмырын киды Әбiлдiң жазықсыздан,
Жерде алғаш осылайша қан төгiлдi.

Өкiндi Қабыл қанды коргеннен соң,
Не пайда Әбiлдей ер өлгеннен соң.
Жер қуә содан берi сансыз мұңға,
Шығады iштен шерiң күңiренген соң.

Қазадан Қабыл есi шығып кеттi,
Ақылы , айласы да құрып кеттi.
Бстiнен қолын алмай дағдарғанда,
Ұқты оны жалғыз Алла бiлiктi, ептi.

Інісін марқұм болған жерлеуі үшін,
Төменгі рәсімді меңзеді шын.
Жанына күс жіберіп жер тырматты,
Қабылдың бар мәністі сезбегі үшін.

Жасалған мезіретті Қабыл ұқты,
Мұны да бiлмедiм деп камырықты.
Әбiлдi сол араға жерледi ол,
Iстелген қателiктiң бәрiн ұқты.

Қиналып Әбілінің өліміне,
Мұң толды ата –ананың көңіліне.
-Ұрпағым, сақ бол!,-
деді шайтандардан,
Қастандық жасамасын өміріңе!

Сақтансаң көп түйін бар шешілетін,
Биік ғып мәртебенді өсіретін.
-Аллаға сыйыныңдар!,-деді Атамыз,
Мұра ғып ұрпағына өсиетін

Жаратқан құдіретіне ойым қанық,
Хауа Ана , Адам Ата өмір жарық,
Сыйлаған ұрпағыңмын рухыңа,
Дұғаны бағыштадым қолым жайып.

Жамиғат уағыздан білім алсын,
АДАМДА ғибраттың сыры бар шын.
Алғашқы елші ісіне мейір қансын,
Баршаға сұбхан Алла нұры жаусын!!!

Нәкен Серікбаев.



АУЫЛ АҚСАҚАЛДАРЫ

Ақсуатта Тарбағатайдың жотасындай көрінетін көп адамға ықтасын болған жасы үлкен ағаларын аудан жұртшылығы, кейінгі ұрпақ мақтан етеді.

Олар: сауда саласында жұмыс істеген, жас кезінде белдескенде күшіне ешкім шыдамаған аудан ақсақалы Абданов Мұхтарбек. Аудан экономикасының оркендеуіне үлес қосқан Абылай, Зағыпан, Мәукіл, Сіләмбектердің, оқу ағарту саласындағы тәлімгерлер Қализада мен Дуғалидың, ауыл шаруашылығында қажырлы еңбек еткен Оралов Мұрат пен, Сүлейменов Қадылбектің, ауылдың ардагер ақсақалдары: Садықанов Рымғалидың, Жакупбасев Әскербектің, Қ. Әетовтың, Ж. Нұғиевтің, Т. Жүнісовтың, Т. Отарбасевтың, Сайлау Нұрсалиннің, Т. Оспановтың өмір жолдары артқы ұрпаққа үлгі-өнеге.

Өткен өмірдегі бастан кешкен қиыншылықтарды үлгілі еңбектерімен жеңе білген, қашанда әділет пен адалдық жолын ұстаған аға ұрпақтардың өнегесін Ақсуат халқы құрметтейді, қадірлейді.

Әрқашан көш басында болған ақылман ақсақалдарда айта берсе қасиет мол. Ауыл ақсақалдарының қатары сиремей арамызда ұзақ жасап жүре беруін тілейміз.

Ойға түсіп жазылмай қалған ауыл ақсақалдары да осылардың қатарындамыз деп есептегені жөн болар демекпін.

Сондай-ақ, оларға төмендегі өлең шумақтарын да арнаймыз:

Танылған Ақсуатта еңбегімен,
Әйгілі жалпақ жатқан елге мүлдем.
Абданов Мұхтарбек бар асқар таудай,
Көрінген саудада істеп өрлеуімен.
Көп менің ауылымда ардагерлер,
Өмірі жастарға үлгі самғақ ерлер,
Абылай, Зағыпан мен Мәукілдерім,
Сіләмбек шеттерінен қаржыгерлер.
Ағарту саласының тәлімгері,
Беделін атырапқа мәлімдеді.
Рымғали, Дуғали, Қализада талмай істеп,
Ұрпаққа тағылым-үлгі жөнін берді.
Қадылбек, әйгілі ер Мұраттарым,
Табысты тасқындатқан қуаттарым.
Бесжылдық биігінен көрінді олар,
Озат боп жанып тұрған шырақтарым!

ДОСТЫҚ ДӘУРЕН КҮНДЕРІНЕН (осы естелігімді бірге оқыған барша сабақтастарыма арнаймын)

«Өмір откен керуен, құрарсың аз күн серуен» дегендей, бала кезімізде Кәрім Жарқынбайұлы еңбекке ерте араласты. Мен мектепте оқып жүргенде «Серіктес» колхозында кіре тасушы болып жұмыс істеді.

Сербатыр болса «Жданов» колхозында еңбекпен ессиді. Бұлармен анда-санда кездесіп жай-жапсарды сұрасып, сағынысып көрісіп, өңгіме дүкен құрысып жүретін балалық шақтар еді.

«Таң атпайын десе де күн шықпай қоймайды» дегендей балалықтың базарын қормей жүріп-ақ, бір жағы оқу, бір жағы шаруашылықтағы жұмыста жүріп он жылдықты да бітіріп шықтық.

Мен он жылдықты бітіргеннен кейін, құжаттарымды аудандық әскери комиссариатқа тапсырып, әскери училищеге кеттім. Училишесден қайтып оралғаннан кейін 1952-жылы Семейдің зоотехникалық-малдәрігерлік институтына түстім.

Кәрім Семейдің қаржы техникумында оқып жүр екен. Сербатыр болса ауылда «Карл Маркс» колхозының Степан деген татар шоферында сынақтан өтіп жұмыс істеуде.

Енді үшсүміздің жазғы демалыста тоғысатын жеріміз осы «Карл Маркс» колхозы болатын.

Кәрім екеуміз студент, оқығандар қатарындамыз. Сол ауылда бір жүріп, бір үйге жата саламыз. Түннің бір жерінде біз жатқан үйге май-май боп, арып-шаршап Сербатыр жетеді.

-Ей, сен сияқты май-май боп жүрген адаммен жататын жағдайымыз жоқ, аулақ жүр,- дейміз ғой баяғы қалжындап.

-От «заразалар», менің арқамда жүр емессіңдер ме?,-деп арамызға жатып алатын. Таңертең ерте жұмысқа кетсем десе: «Ей, астыңнан су шықты ма, бізбен бірге бол»,-деп жібермейміз ғой баяғы. «Сендер сияқты ерігіп жүрген ел жоқ»,-деп қашатын жарықтық.

Келесі жылында ол да Талғардың ауыл шаруашылық техникумына барып түсті. Өте алғыр жігіт еді.

Енді келесі жылдарда ол да студент болып демалыс кезінде осы ауылда болатынбыз. Менің тұрағым осылардан бір он үш шақырымдай жерде.

Бәріміз де бойдақпыз. Бір күні үйде жатсам түнгі сағат бір кезінде терезе қағады, қосақтарында ерттеулі аты бар Кәрім мен Сербатыр. «Ой, неге келдіңдер?»,- деп сұрасам, «Ей, сөзді қой, тез киініп шық!»

Ақсуаттан қыздар келіпті, «алтыбақан» болып жатыр, соған барамыз», - деп ертіп өкеткені бар емес пе! Қайран жастық десеңізші!

Осындай қызықты бірге жүретін уақыттар көп болатын. Мен оқу бітіріп келгенімше екеуі де оқу орындарын тәмәмдап жұмысқа араласып кетіпті.

Енді каникулға ауылға келетін мен ғана қалдым. Мен ауылға келді дегенді естісе болды амандасуға екеуі шапқылап жетеді. Бірімізді-біріміз көріп «жетім қыздың тойын» жасағандай болып қаламыз.

Бір жолы Сербатыр амандаса үйге келді. Үсті-басы шапшаң, шалбарының тізесі жыртық, жұмыс істегеніне екі жылдай болып қалған. «Ой, сенің мына кейпің не? Не боп кеткенсің?», - деймін ғой. «Саспа, қазір екеуміз магазинге барып оны түзейміз, жүр кеттік», - деді.

Екеуміз көшеде жүріп келеміз, жан-жағына қарап қояды. Өзі өте сымбатты жігіт болатын. «Осы қыздар менің мына түрімді көрсе, бір мүсәпір жігіт екен-ау деп ойлап қалады ғой. Қалтамда қанша ақшам бар екенін қайдан білсін!» - деп қояды.

Сойтіп, әңгімелесе келе аудан орталығындағы раймағқа да жетіп, ішіне кірдік. Сатушы Хамит деген азамат болатын. Сербатыр актер Никулин сияқты жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі өте бір күлдіргі жігіт еді.

- Ой, Хама! Мына сәреде тұрған костюмдарыңнан маған бір костюм тандап беріңіз, - деді. Сол жерде жалтыраған көк костюм, галстугымен қойлек, ботинкасымен бірақ алып киінді. Киіп жүрген киімін магазиннің ішіндегі тақтайдың астына тастап кете барды. Келгендегі бұйымтайы мені тауға апарып қайту екен. Келесі күні екеуміз екі атпен тауға тарттық.

Ақ егіс кезі. Жолда Қырықобаның басында кілет бар. Соның тұсына түске таман жеттік. Жанына тақай бергенде Сербатыр шалдарға сәлем беріп, коже ішіп кетейік деді. Мен: «Мұнда айланбай-ақ Сорбастауға жетіп дамылдап содан әрі жүріп кетейік», - деп едім болмады. Содан кейін өзің біл дедім. Қырманға келіп кілеттің сырт жағына атты байлап қырмандағы ақсақалдарға сәлем бере келсек қырман басында колхоз председателі Қынашев Ризабек машиналарға бидай тиеттіртіп жатыр екен. «Ой, жігіттер, жақсы келдіңдер! Жас келсе-іске деген!», - деп екеумізді бидай тиетуге қосты да жіберді. Костюмды шешіп тастап Сербатыр екеуміз ымырт үйірілгенше бидай тиеттік.

Кеш бата осы ауылдан шығып Сорбастау елді мекеніне өзер жеткеніміз бар. «Сен сәлемшілсің ғой, тағы да сәлем беретін жерің жоқ па?» - деймін ғой. Сонда Сербатыр марқұм: «Ол «шұнақтың» дөп сөзі

арада тұратынын қайдан білейін. Ол ол ма, ертеңге де алып қалғысы келді ғой»,-деп күлетін.

Ертеңіне жайлауға жетіп Бөкең дейтінбіз (аты Байжүніс) бір табын сиыр бағады екен. Сол кісінікіне бардық. Құда келгендей бір үлкен қойды сойып тастап жіберсеші. Түнде тамақ ішіп отырғанда: «Қарақтарым, қайсыңның қолыңнан шаш алу келеді?»,-деп сұрағаны бар емес пе? Екеуміздің де қолымыздан келіп тұр дедік. Қолынан келетіндер көп, көбісі аттанарда ұмытып кетіп жатады деді. Таңертең Бөкеннің шашын алып, мұртын басып деген сияқты қызмет атқарып бір батасын алғанымыз бар.

Енді бір күн аралап қайтамыз деген жоспарда болғанбыз, қайдан, ертеңнен бастап, сол кісінің туыстары, тіпті танымайтын адамдар да қонаққа шақырып бір жұма жібермей қойғаны бар.

Біз Маркетің сөзімен айтқанда мәдентистті «қайыршы» адамбыз ғой. Қолымызда бір лауазым жоқ, жер, табиғат қоруге қызықтап келген жастар емеспіз бе? Соншалықты төредей күтуі бұл сол кездегі казак халқының атадан қалған қонақжайлық дәстүрі ғой. Оған бас иіп құрметтесекке шара бар ма?

Шетел саяхатшылары да талай жазып бүкіл әлемді таңдандырған халқымыздың ежелгі салтына шексіз риза боласын.

Көптеген жастық шақтағы қызық күндерді осы үшеуміз бірге өткіздік. Сербатыр маған да, Кәрімге де күйеу жолдас болып барып әйелдерімізді үйге әкеліп қызмет көрсеткен акқоңіл, дос дегенде жанын қиятын ақжарқын, қолы ашық, мінезі жақсы азамат еді. Үйге келгенде еркелеп әйелдерімізге неше түрліні жасайтын қалжыңбастың нағыз өзі.

Бір күні Кәрімдікіне қоналқыға барады. Ақтөлеу төсек салып, далаға шығып кетеді. Сол кезде Кәрімді өз орнына жатқызып, Кәрімнің төсегіне өзі жатқан ғой. Шам өшкен соң Ақтөлеу төсегіне жатуға келмей ме? Сонда «күйеуі» әрі қарап жатса керек. Бір кезде оны әйел құшақтай алғанда, Сербатыр төсектен ыршып түсіп қаша жөнеледі. Сонда Кәрім: «Ей, сен кімді іздеп барасың? Бірсудің жүрегін жарып өлтіресіңдер ғой»,-деп Сербатырға басу айтқан, әйеліне де әзіл жөнін түсіндірген. Міне, осындай әзіл- қалжыңы жарасқан қимас достар еді.

Жазмыштан озмыш жоқ, осындай қимас досымызды 1965- жылы Кәрім екеуміз қайтпас сапарға шығарып салдық. Бірақ қазақтың «орнында бар оңалар» дегендей артында қалған екі ұлы Оңдас пен Бейбіт, қыздары Саягүл, Армангүлдер орнын толтырып отыр.

Кәрім екеуміз де бала шағымыздан бірге өсіп, біте қайнасқан, кездесе қалғанда ішкі сырымызды ақтарысатын шынайы достар болдық. Бірге отырғанда ол да әзілқой, күлкілі әзілдерді көп айтатын.

Екеуміз аудан шаруашылықтарында өмірден аттанғанша бірге істедік. Көрім халық депутаттары аудандық кеңесі атқару комитетінің жоспарлау бөлімін басқарды. Сол кездегі атқару комитетінің жауапты хатшысы Ғайсин Әмірғали еді.

Ол жылдарда мен «Карл Маркс» совхозында бас зоотехник болып жұмыс істеймін. Бір күні кеңседе отырсам, Көрім телефон шалып маған айтқаны:

-«Толеуғазы, сен ақ май аузыңнан ағып жүреді де біз аш жатамыз», - деп қалжыңдағаны. Арғы жағы түсінікті.

-«Колігінді жібер, саркытын көп болсын», - дедім.

-«Саркыт жетеді».

-«Айтқаның болсын», - деп телефонды орнына қойдым.

Бірге өскен достың базыналық сөзін орындамасқа болмайды. Жай қалжыны болар деп те ойлағам. Бірақ, олай болмады. Екі күннен кейін машина жіберіпті. Жіберген кісісінен бұйымтайып сұрасам Көрім аға жіберді, барсаң өзі біледі, торт қой жібереді дегенді соғып тұр. Ойланып қалдым, мұның той- томалақ бірдемесі болып қысылғандықтан жіберді ме деп айтқан бұйымтайын орындап қоя бердім.

Артынан кезігіп: «Сен қайта үйленгелі жатырсың ба? Неге дегбірейдің көлік айдап жүрсең?», - десем

-Соны өзім де абайламай айтып қалыппын. Сол жібергеніңнің жартысы қолға әзер тиді емес пе?, - деп күледі.

Несін айтасың жолдастық базыналық деген осылай болатын көрінеді ғой.

Кейіннен мен «XXII партия съезі» совхозына жұмысқа ауысып, тіпті жақын келдім. Ауданнан науқанды жұмыстарға өкіл болып келіп жүрді. Үйге келгенде менің жаңұяммен қалжыңдасатын: «Сен мені күндегі Көрім екен деп ойлама. Мен ауданнан келген бас өкілмін. дұрыстап қарсы алып, күтіп, аттандырып салмасаң жігітіңнің жағдайы қиын болады», - деп қалжыңдай кіретін.

Жолсапарда өте әңгімешіл, неше түрлі күлдіргі әзілдерді айтып ішек-сілеңді қатырып отыратын.

Аралаған жердегі кездескен адамдардың да көңілін көтеріп өкіл сияқты емес, күнде араласып жүрген адамдардай әңгімелесіп, анда-санда қалжыңдап күлдіріп қоятын кішіпейілділік қасиеті мол еді.

Артынан сол аралаған жерлерге қайта барғанда өнеукүнгі өкіліміз бір жайлы адам екен, басқалардан гөрі сондайдың келгені қолайлы болар еді деуші еді көп ағайындар. Шындығында жастайынан еңбекпен есейген ащыны да, тұщыны да көрген жұмысшының жағдайын білетіндігіне халықтың берген бағасы еді бұл.

Кейіннен мен аудан орталығына ауысқанда жаңадан халыққа қызмет көрсету мекемесінің құрылысын салғызды. Сонымен қоса ағаш өңдеу цехтарын ашып іске қосты.

Өзі басқарған саладағы жұмысты өте ұтымды жүргізген, халыққа қызмет көрсетудің түрлерін көбейткен басшы болды. Осы қызметінде жүріп құрметті демалысқа шықты, ауданның ардагер құрметті азаматы.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін бір күні үйіне барсам есігіне фанера қақтырып жатыр екен.

-Кәрім, сен тұрмыстық қызмет көрсету мекемесін жеп әбден іштеніп алыпсың ғой,- деп қалжыңдамаймын ба. Сонда ол:

-Тұрмыстық қызмет көрсету мекемесін жемесем осыншама ұзақ уақыт істемейтін бе едім?-деп күлетін.

Шындығында халықтың ине сабақ жібін алмай адал қызмет істейтін адамдар осындай-ақ болар.

Бірге оскендіктен болар біраз уақыт бармай қалсаң іздеп сағынып отыратын. Әйеліне: «Толғауы келіп қалуы мүмкін, сыбағасын сақтап отыр», -деп үнемі ескертіп отырады екен. Айта берсе бірге өткізген күндердегі әңгімелер көп, оның бәрін бір жазбаға сиғыза алмаспын. Міне, осындай қимас достан да **1996** жылы айрылып келмес сапарға шығарып салдық.

Жас күнімізде Тұрлыбеков Қадыр, Тыныбаев Жұмаш, Хамзин Дұғали, Әділханов Қалихан, Толеш Көшкімбаев, Көркен, Шәрбан, Нұржамал, Нұркамал, Роза деген қыздармен бір мектепте оқып бітірдік. Он жылдықты бітіргеннен кейін осылардың барлығы да жоғарғы оқу орындарында мамандық алып шықты.

Жоғарғы оқу орындарын бітіргеннен кейін де халық шаруашылығының әр саласында жұмыс істеп, туған жерлерінде еңбек істеп тер төкті.

Әбілмәжінов Сіләмбек те жоғарғы оқу орнын бітіріп келгеннен соң осы ауданда еңбек етті. Сол еңбек жолын бастағаннан бастап қызметтес болдық.

Қадыр Тұрлыбекұлы **1959** жылы Ақсуат аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болса, кейінен Абай ауданының “Қызыл ту” совхозында партком хатшысы, Шұбартау аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, Ақсуат ауданы Сәтбаев атындағы совхоздың директоры, Ақсуат аудандық “Сельхозхимия” бірлестігінің бастығы, Ақсуат аудандық партия комитеті ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, Ақсуат аудандық салық комитетінің бастығы, бұрынғы Семей облыстық салық комитетінде бөлім меңгерушісі болып жұмыс істеп зейнеткерлікке шықты.

Тыныбасв Жұмаш өмірінің ақырына дейін энергетика саласының бастығы болды.

Хамзин Дуғали зейнеткерлікке шыққанға дейін оқу ағарту саласында жұмыс істеді.

Әділханов Қалихан ауыл шаруашылығы саласында, өмірінің ақырғы кезеңінде «Сәтбасв»совхозында экономист болды.

Әбілмәжінов Сіләмбек ауыл шаруашылығында мал маманы кейіннен совхозда экономист, сонынан ауыл шаруашылығы басқармасында бас экономист, нарық кезінде салық инспекциясында инспектор болып жұмыс істеп зейнеткерлікке шықты.

Қыздардан: Шәрбан дүниеден ерте озды. Кәркен елде біраз уақыт жұмыс істеп қала жағалап кетті. Роза аудан мекемелерінде жұмыс істеді. қазір зейнеткер. Нұржамал мен Нұркамал зейнеткерлікке шыққанша оқу ағарту саласында жұмыс істеді.

Әрине, бұл аталған жолдастардың барлығы да өсіп-өнген ұрпақты адамдар.

Дуғали – ерттеген аттай, Төре қызы Рахимаға, Қалихан 17 ақын шығатын сыбан елінің қызы Гүлзадаға, Сіләмбек шаршы топта сөз майыш тамызатын иешен қыз Мырзас руының Қалқаман бұтағынан тарайтын Төлеуге үйленді.

Қадыр, Жұмаш, менің жұбайым –Қыржы елінің еншісіне тиіпті.

Қадыр – Қыржы, Айдос руының қызы Клараға, Жұмаш осы рудың қызы Клараның сіңілісі Динаға, мен Қыржы Жандос руының қызы Нұржәмішке үйлендім.

Осы айтылғандардың ішінде Қалихан жұбайымен, Жұмаш жұбайымен бұл өмірде жоқ. Бірақ, барлығы да қызын- қияға, ұлын-ұяға қондырған жандар.

Бір айта кетер жайт осы айтылған тұрғыластардың бірлігін тағдыр айырмаса бір де біреуі отбасында айырылысқан жоқ, махаббаттары өте берік азаматтар болды.

Отбасы татулығына келгенде осы жоғарыда аталған жанұялар кейінгі ұрпақтарға үлгі-өнегенің барометрі деп сеніммен айтуға болады.

Нұржамал, Нұркамал, Розаларды ерлерінен тағдыр айырганы болмаса, ұлын-ұяға, қызын-қияға қондырған қадірменді аналар.

Әсіресе, ері Құдайберген дүниеден өткенде балалары емшектес қалған Нұржамалдың бала тәрбиесіндегі қажыр-қайраты, ұстамдылығы мен төзімділігі кімге болса да үлгі-өнеге.

Тегін ана «Тарбағатай ауданының құрметті азаматы» атағына ие бола ма? Бұл бала тәрбиесі мен жасөспірімдерді тәрбиелеудегі қажырлы еңбегінің нәтижесі емес пе?!

Қиындықтан қайыспай еңбек ете жүріп, ұрпақ тәрбиелеп өсіріп, ерлік көрсеткен қажырлы ананың еңбегінің нәтижесі ана болатын барлық келесі ұрпаққа да тағлым болып қала бермек.

Сағым болып отіп кеткен жастық шақтың көріністері әркімнің ой-санасында айқын сақталатыны сөзсіз.

Бір тәуір дос тым-ақ керек,

Ойы мен сыры бөлінбес,-деп данышпан ақын Абай бекер айтпаған ғой. Сондай ойы мен сыры бөлінбейтін достар өмірі, онегелі еңбегі ұмытылмақ емес. Осы естелігімді баршаңызға арнадым бірге оқыған кластастар!

Достық дәуреннің күндері көңілден қашан да шуақ шашып тұрғандай...

ЖАРҚЫН ІЗДЕР

Өткенге ой жүгіртсем, ашаршылық жылы дүниеге келіп, балалық шағым соғыс жылдарында өтіпті.

1930-1932 ж революционер жазушы С.Сейфуллинге, Ы.Кәбековке, біздің аталас шыққан Б.Сарсеновке «алашордаңыл» деген ат қойылып, айдар тағылып, қуғындауға түсті. Елде жүріп жұмыс істеуге мүмкіндік болмағандықтан әкем Нұрғали сол жылдары жанадан ұйымдасқан Кокпекті ауданының «Комминтерн» колхозына көшіп кетіп колхоз жұмысшылығына қабылданып, табын басқарушысы болып 4-5 жыл жұмыс істепті. Мен, сол жерде Ертістің жағасындағы «Үш комей»-деген жерде 1933 жылы өмірге келіппін.

Әкеме ағасы Қонақ: «Ел іші тынышталды»- дей келе, туыссыз жаңғызсырағанын айтып арнайы амандаса келіп, елге қайтуын сұраған соң әкем колхоз бастығына жағдайын айтып арнайы арыз беріп жүріп бір жылдан соң 1937 ж еліне қайтып оралған екен. Міне, содан былайғы өмірінде «Торт-Оба», «Жана тілек» колхозының мүшесі болып жұмыс істеп келді. Менің де орта мектепті бітіргенге дейінгі өмірім осы колхоз өндірісімен байланыста болды.

Ағайым Ә.Нұрғалиев 1938-жылы Ақсуат ауданының тұтынушылар одағы кооперативіне бұрынғы Коктүбектегі сатушылық орыннан, магазин менгерушісі болып ауысып аудан орталығына көшіп келді.

Менің өз ұғымымда осы бір 1938-1940-жылдар өте бір мамыржай халықтың көңіл-күйі көтерілді, елдің тұрмыс жағдайы жақсарған кез еді. Олай дейтінім кез келген үйде жүйрік ат, тазы ұсталған. Халық патефон ойнатаып, радио тыңдап, ойын-күлкіге боленіп жататын.

Дүкендерде азық-түлік те арзан болатын. Бала кезімізде болымсыз тынға, дүкендерден уыс-уыс халва алып жеп, өзен жағасында жүретін кезіміз де ойға оралады.

Мен бастауыш мектепті 1941- жылы «ВЛКСМ-ның XXX жылдығы» атындағы Ақсуат орта мектебінен бастадым. Біз оқуға бармай жатып-ақ, 1941-жылы маусым айында соғыс та басталып кетті.

Соғыс-радиодан берілген суық хабар. Елде зөре жоқ. Қобалжу. саскалақ хабарға да сеніңкіремей, біреуден-біреу сұрайды. Дүрбелен. адамдарды үрсей билеп, ұйқы кашқан, бір беймаза күндер еді.

Әскери комиссариаттың алдында да, жиналған жұртшылықта әрлі-берді жүріс, тынымсыз қозғалыс, топ-топ болып сойлеп тұрған адамдарды көрсіз.

Сол мезетте әскери комиссариаттың бастығы Медведевский жиналған жұртшылыққа бейбіт жатқан елімізге неміс-фашист басқыншыларының кенеттен әділетсіз соғыс ашқандығын баяндады.

Осы ауыртпашылыққа байсалдықпен қарап, сүйікті Отанын, елін, жерін, қорғауға жанын аямай жұмыс істеп, сүйікті ұлдары мен қыздарын, Отан қорғауға аттандыруға бір кісідей жұмылдыруға шақырған болатын.

Сол сөттен бастап-ақ әскери комиссариаттарда тынымсыз жұмыс басталып кетті.

Әскер қатарындағыларды, сол күні дереу шақырттырып алғашқы күнге қан майданға аттандыру науқаны басталып та кеткен еді.

Дол сол соғыс басталған күні Қ. Нұрғалиев деген туған ағайым армия қатарына алынып, майданға аттанарда мені кете-кеткенінше, қолымнан ұстап ертіп жүргені есімде қалыпты.

Тағдырдың сол қан майданында елге оралмай, 30.01.1944-жылы Украин республикасының Ровен облысы, Костополь ауданы Хоязова ауылынан, топырақ бұйыратынын кім білген? 1939-жылы кадровая армияға алынған, немере ағайымыз Ә.Қонақов «Халкин Гол» соғысына қатысты. 1941-жылы Ұлы Отан Соғысына ұрысқа шыныққан қатарындағылар есебінде қатынасып алғашқы қатты ұрыстарда апақ болып хабарсыз кетті. 1942-жылы армия қатарына алынып, кейіннен Қарағанды шахтерлер командасын толықтырып соғыстан соң кешігіп елге оралған Ә.Нұрғалиевтің тағдыры, артта қалған ағайынды екі шалдың да тіршілік ауыртпашылығы аз болған жоқ.

Сол Ұлы Отан соғысы басталған күннен бастап лек-легімен бірнеше жыл әскер қатарына алынып, соғыс майданына аттанғандарда жаяулап шығарып салып қайтып жылап сықтаған ел.

Келе-келе азық-түлік те карточкамен берілетін болды. Сауда дүкендеріндегі өндірістік товарлар қоры да азайып, ара-тұра кездемелер сатылатын еді. Елдің басым көпшілігі қолдан тігілетін, қолонер бұйымдарын киетін, оның өзі халықтың қолда бар деген аз бөлігі, көбінесе, сол кездегі қара таяқтар болатын. Халықтың қалған бөлігі табылса қолдан өңделген қой терісі мен қой-ешкі жүндерінен жасалған бұйымдарды киетін. Жасыратыны жоқ-ср адамдар шалбардың қыста жүнін ішке қаратып, жазда сыртқа қаратып киіп пайдаланды. Тері шалбардың ішінен үнемі ауыстырып отыратын іш киімдері болмағандықтан, қыста паразиттерден сақтау мақсатында аударып аязға жайып қойып таңертең сабаумен ұрып-қағып киетін күндер де өтті ғой.

«Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» дегендей, өндіріс товарлары тапшы, сатып алатын қолда ақша жоқ, балалар киімі деген мүлде жоқ, міне, біз мектепке барғанда жоқшылықтың куәсі болдық.

Дегенмен, ата-ана балаларын мектепке киімсіз жібермеу мақсатында үлкен киімді кішірейтіп беретін.

4-5 класта оқып жүргенімде, қаражатын қалай тауып сатып-алғаны ата-анаға мәлім, маған бір қара сәтеннен фуфайка шалбар, ақ матадан бір қисық жағалы көйлекті, мектепке киіп баруға тігіп бергені бар. Тапшылықтың табы сонша ауыр болғандықтан, сол киімді оқуға барарда кигізіп жібереді де, сабақтан қайтарда тобеден қарап тұрып, келген соң шешіндіріп іліп қоятын-ды. Үйге келгеннен кейін тері шалбар, тері тон, сырма етіктеріміз болғаны жасырын емес.

Осындай өмірде мектепке барып, тапшылықта білім алу тарлығы да қосақталып кеткен еді. Олай дейтінім, алғашқы бастауыш білім алудан батап, бүгін дәріс беріп тұрған мұғалім, ертеңінде армия қатарына алынып, майданға аттанып жатты. Кейде мұғалім болмай, кейбір пәндерден жақсы оқитын балалар сабақ беріп қалатын көріністер жиі болатын. Сабақты былай қойғанда, колхоздың жұмысшы резервінде осы оқушы балалар еді. Бізді 11 жастан колхоз жұмыстарына пайдалана бастады.

«Жаңа тілек» колхозының бір фермасын З.Мұхатжанова басқаратын. Ол кезде колхозда бір-екі еркек, оның өзі бронмен қалғандар, көбісі әйелдер, одан кейінгілері 60-тан асқан азын-аулақ шалдар еді. Сойтіп, балалықтың базарын көрмей, ел қатарлы сңбекке де араласып кеткен едік.

Жазда осы ферма «Сорбастау» деген жерде отырып қой сауып, брынза тартатын.

Ол кезде қозыны бөлектеп бағып, көгендеп сауатын кез. Шопаны 80-ге тақаған Садуақас деген ақсақал да бәйбішесі Қамар деген анамыз болды. Оқу аяқталғаннан кейін екі жылдай осы жерде З.Қасымханова скеуміз қозы бақтық. Оларды ырыққа көндіре алмай, қозыны жамыратып алып сөз естіген күндеріміз де болды.

Мен осы атамыздың үйінде болдым. Тұрмыс жұпыны, ол кезде төсеніш, төсек-орын болмайды. Әркім өз бойындағы киіммен ұйықтап тұратын күндер де отті ғой. Келе-келе оқудан ерте шығарып өкетіп, қараша айының ортасына дейін колхоздың жұмыстарына пайдаланатын. Ең әуелі мал толдетуге, одан кейін көктем егісін салуға, шөп шабуға, егін орағына, ақыры мал бағумен аяқталатын.

Бір есімде қалғаны, наурыз айында өтетін төлдеме науқанында төлші деген атымен болмайды, 450-500 бастай аналық қойға бір шалкемпір иелік жасайды.

Қойдың тұқымы қылшық жүндес, арқар тәріздес қазақ қойлар болып келеді. Жазғытұры өзгермелі ауа райына қарамастан, өздері төлдеп бірер күн жеке алып қалып баққаннан кейін қозыларын ертіп, жайылымға кете беретін. Төлдеме аяқталысымен көктем егісіне өкелетін қатысушылар да кілен әйелдер болатын. Жерді өгіз жегілетін соқамен жыртатын кейде өгіздер болдырып жүре алмай қалғанда жеке меншіктің сиырларын жегіп жыртатын азапты өмір еді.

Елдің бәрі қопында. Жұмыстан қайтқан әйелдер бір-бір арқа жусан өкеліп қопынды жылытып, үйдегі азын-аулақ терген тезегін қоса жағып, кешкілікті ас-суларын ішіп, жұмысына таң бозынан кететін.

Біздің соқа ұстауға күйіміз келмесе де, сол соқаға жеткізілетін күш көліктерді күту, жаю және жұмыс уақытында алып келіп тұру жұмыстары жүктелетін.

Науқанды жұмыс уақытында балалы әйелдер балаларын арнайы тігілген бір киіз үйге апарып тастап кететін. Оның бәрі балаға қарайтын бір жасы үлкен әйелдер болатын. Барлығына мұқият қарауға көрі кісінің қайдан күйі келсін, әйтеуір кешке дейін иелік жасап отыратын. Оның бер жағында тамақ та тапшы, әр бала өз өлінше әрекеттеніп, күнелтетін кезі еді. Әр қайсысының іс-қимылын суреттеп жазатын жазушылық қабілетім жоқ, әйтпесе, сол сәбилік өмірді суреттеу кейінгілерге қолмағлұмат берер еді деген ойдамын.

Көктем егісі аяқталысымен шөп науқанына өкетеді. Балаларды машинистердің погонщикі ретінде пайдаланады. Колхозда 4-5 машинист болды. Менің машинисім Иосиф деген ақсақ неміс жігіті.

Жұмыс таң сәріден басталады. Жұмысқа шығару тәртібі: ортада бір сырғауылға байланған қаңылтыр дабыл темір болады, соны 3 рет

соққанда барлық жұмысшы жұмыс орынында болуға тиісті. Егер ол мерзімнен қалып қойсақ, жазанды бригадир, уақытында машинаға күш қолік жетімессе, машинист береді. Жұмыс тәртібі сондай қатал болды. Шоп шабу нормасы-3,5 га, оны уақытында аяқтай алмаса, жұмыс басында қаласың - тәртіп солай.

Жатар орын шөптен жабылған күрке. Төссінінше қалың етіп шоп төселеді. Жатар орнында үстінде не бар, соны пайдаланасың.

Тамақ Тарбағатай тауынан әкелетін шоп шай. Тас бидай. Жұмасына екі рет екі фляг сиыр фермасынан айран әкеліп береді. Гигиенасын айтпаса да болады. Суды да арнайы құдық қазылғанша шабындықтың кез келген жерін қазып іше береміз.

Ол кездегі нең әке-шешен емеді колхоздың бригадирі болатын. Үйге баруға мүмкіндік бермейді. Жарықтық әкем ол да кіреде жүрді. Мүмкіндігі болғанда анда-санда келіп жүріп, жағдайымды біліп сөлем-сауқытын әкеліп беріп жүретін еді. Шоп науқаны аяқтала бере-ақ егін орағына әкелетін ондағы жұмысымыз қос айдау, шаңтаспен астық бастыру сияқты тынымсыз әрекеттер болатын. Сол астық бастырудағы қырман жұмысында істеген Темірғалы, Түйте, Қаратөке, Сағадп деген ақсақалдардың жаны сірі адамдар еді. Астықты бастыру, майқандау, ұшыру, тазалап үю, тиеу, жөнелту осы кісілердің мойындарында болатын.

Баламыз ғой, бір әредікте сабанның арасына барып ұйықтап қалғанда, ашатемірмен түрткілеп іздеп жүріп, ашатемірдің ұшы денеге тигенде қалай ұшып тұрғаныңды өзін де білмей қаласың.

Қырмайға астық түсіруде ол кездегі қол орақшылардың еңбегі ерекше болатын. Орақшылар түгелдей әйел адамдар. Сақи, Бәтима, Әзен, Кәтима, солардың арасында жас болса да апаларымен Жиенше Қабдоллақызы бірге болды. Және күндік нормаларын артық орындап отырғандардың қатарында жүріп еңбекпен есейді. Егін орағы аяқтала бере, Отан соғысының мүгедегі Қапас Отаншыұлы ағайымыз мал бағуға көмекші ретінде Садуақас атамызға апарып беретін. Ол кісінің алдында 100-дей ешкі, 400-ден астам қой болатын. Мал бағуға пайдаланатын көлігі өгізше. Ер тұрманы ыңыршақ, үзеңгі бауы бұршақтап болады. Ақсақалдың жасы сексеннен асқан адам еді.

Дүниенің тапшы уақыты аяқ киім сыртынан ағаштан таға байлап алатын кез.

Ешкімен қосылған қойдың өрістерде тоқтамай жүріп кетіп, таудың биіктеу адырлы жеріне барып тоқтайтыны мал баққандардың барлығына мәлім. Енді осы қойды тоқтатып жаю үшін жүгірмеске шараң қалмайды. Ақсақал болса, өгізімен қой соңынан ілесе отырып, абай болғаны

болмаса, оны қайыратындай көлік күші жоқ. Сондықтан, күні бойы малды тоқтатып жаюда жүгіріп жүріп қызмет ету көмекшінің мойнында болды.

Күзде мал түсте қораға оралмайды, кешке бірақ қайтады. Түскі мезгілдегі тамақтану да сол далада өтеді. Ол кезде мал өнімінен басқа қазақта онім түрі болмайды. Үйден де алып кететін тағам түрі шамалы. Дүние тапшылығынан сүт тағамдарынан дайындалатын май, құрт, ірімшіктер сүзгі болмағандықтан қылшықсыз т.б. қосымша бөгде затсыз болмайды. Даладағы түскі кездегі тамақтану «қорықтық» пісіріп ішу. Ол кезде қойшыда табылса, темірден, болмаса, жіптің бауы бар, «темір банкасы» болады. Соған ешкімен қойды сауып, қой құмалақтай қалғанда құмалағын қолмен алып тастайды. Шақша толған сүтке тобылғымен, не бүрген ағаштарымен қыздырылған тастарды күлін үрлеп тастап, сүтке салып, қайнатып барып ішеді. Міне, «қорықтығыңыздың» дайындау әдісі осылай болатын.

Осындай шаруа соңында жүрген балалар наурыз айында кетіп, қараша айында оралатын. Енді мектеп жайына назар аударайық. Мектеп өмірі де сонша жеңіл емес еді. Мектепті жөндеу, оны жылыту оңайлыққа түспейтін, ол кезде тас көмір дегенді атымен білмейді. Өз заманындағы данғарадай үлкен мектеп ши жағылып жылытылатын. Оның өзін отын дайындаушылардан арбалап сатып алып отыратын уақыт еді. Осындай қолайсыз жағдайда сабақтың да сапасы қайдан болсын, сойте тұра балалардың білімге деген құштарлығы ерекше болды. Осындай он жыл бойғы мектепті басқарудағы азаптық қиыншылықтарды басынан кешірген, бірте-бірте жағдайын түзетуге басшылық еткен мектеп директоры Қ.Сәрсенбаев болатын.

1949-жылға дейін бір мұғалім 4 пәннен сабақ беріп келді. Мектепке ең алғашқы математика т.б. пәндерінен сабақ берген, армия қатарынан оралған Ш.Қасқабаев болатын. Осыншама пәннен сабақ беру бұл адамға оңай да болған жоқ. Жалығып шаршап жүрген күндеріне де куә болдық. Емтихан кезінде алтыншы кластан оныншы класқа дейін кеңес беру шаршататын болу керек. Жазғы емтихан кезінде 8 - класта оқып жүргенімізде Шөкеңе мұғалім бізге де бір кеңес берсеңіз қалай болады дегенде, «Осы сенің консультацияшылың-ай» дегенде барлық балалардың күлгені де бар. Уақыт-ай, мұғалім тапшы.

Келесі жылы әскерден Ә.Илиясов оралып, оқу бітіріп Ғ.Жүнісов, химия пәніне М.Қасқабаев келгеннен кейін математика, химия пәнінің мұғалімдер легімен толығып, арқа кеңейіп қалған жылдар еді. Орыс тілінен барлық кластарға жасы егде тартқан Ушакова деген орыс мұғалимасы сабақ беріп келді. Кейіннен орыс тілі, әдебиетті бітіріп

келген бірнеше орыстың жас мұғалима қыздары келіп сабақ беріп, көкірек көзімізді ашқан солар болатын.

9-класты аяқтап, 10-класқа барған соң, он жылдық бітіретіндер санатына жатып, колхоз жұмысынан да құтылды. Алайда, өткен кластардағы колхоз шаруашылығынан оралғаннан кейінгі мектептегі тығыздатып өткізген бағдарламалы сабақтарды меңгеру өте қиынға соққан болатын. Сонымен өткен сабақтарды пысықтап қайта оқып үйренуге тура келді. Әсіресе, математика сабақтарын игеру оңай болмады.

«Токпағы мықты болса, киіз қазық жерге кірер» дегендей кейінгі білімді толқын жас мұғалімдердің қажырлы еңбегінің нәтижесінде он жылдықты 1951-жылы біршама жетістіктермен бітірген едік. Бітіргеннен кейін ұл балалардың аттестаттарын аудандық әскери комиссариатқа тапсырған болатын.

Сол бетінде бір жылдай әскери училищеде оқып жүріп, әскери оқу академиясына оқуға түсуге сұранған болатынымын, олар он жылдықпен академияға алмайтынын айтып кез келген жоғары оқу орнына түсуге рұқсаттарын берген болатын.

Осы жағдайды пайдаланып әскери училищедегі құжаттарымды алып 1952-жылы Семейде ашылған зоотехникалық-мал дәрігерлік институтқа түстім.

Әрине, институтқа түсерде басымыздан сипаған ешкімді көрмедім. Конкурс, бір орынға 3 бала талас. Конкурс сайысы төрт пәннен 18-20 ұпай деп белгіленген болатын.

Ал, менің жинағаным 16 ұпай болды. Емтихан аяқталып, институтқа қабылданғандардың тізіміне ілінген күні қуанышым қойныма сыймағаны әлі есімнен кетпейді.

Сойтіп, сол жылы институттың студентті болып оқуды да бастап кеттік. Студент болып, жоғарғы оқу орнына түсуіме бірден бір себепші болған орта мектепте кейінгі екі жылда білім берген ұстаздарымның еңбегінің нәтижесі болар.

Институтта сабақ барлық пәндерден орысша жүргізіледі. «Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көр» дегендей лекция мен секциялық сабақтарда тіл білмегендіктен «бұзау» болдық. Адамға ең қиын шаруа тіл білмеу екендігін сонда білдік. Бірінші семестрді жаттау мен мүмкіндігінше биологиялық сөздіктер тауып, мағынасын аударып түсінумен болдық.

Қысылып ізденіп, оқып-үйреніп жүріп бірінші курсты да тамамдадық, қорытындысы көңілдегідей болды.

Бірінші курста студентіміз бар, кандидатымыз бар, ІІІ-ші топта 32 адам едік, содан екінші курста кошерде оқудың, тұрмыстың қиындығы бар небәрі 16-сы қалдық, осыдан 14-і институтты бітіріп шықтық.

Біздің бағымызға орай біз институтта оқыған жылдары Н.С.Хрущёвтің заманында Вильямстың («Травопольная система земледелия»), шоп танапты өсімдіктер системасын жақтаушы ғалымдар қудалауға ұшырады. Алматының, Москваның профессорлары мен доценттерінің Семейдің зоотехникалық-мал дәрігерлік институтына жұмысқа келгендігі бізге білім беруде өте қолайлы жағдай туғызған еді.

Институттың ректоры Ташмұханбетов студенттермен жаны бір өте карапайым қамқор адам еді.

Сол тұста институтта оқыған жылдары Ташмұханбетов У.Т. ректор болып тұрғанда Лаббок деген медицина ғылымының докторы салыстырмалы анатомиядан, Ермеков деген профессор неорганикалық химиядан, органикалық химиядан О. Ташмұханбетов, арнайы пәндерден Ткачев И.Ф. деген профессор, Коханина М. И. деген доцент, медицина ғылымының кандидаты, Сүлейманов деген профессор, Ғабидуллин Н.Х., Бандырь А.И. деген доценттер өте жоғары білімді де тамаша адамдар сабақ берді.

Осының ішінде қазақ зиялылары болды. Қазақ балаларын жандары қалмай оқытты.

Коханина М.И. деген оқытушы сабақты жақсы оқып, тәртібі жақсы балаларға анасындай қарайтын. Өте кішіпейіл қайырымды да мейірімді адам болды. Бір мысал келтірейін.

Қысты күні бір сессияда аязы қатты жыл еді, сынақ (зачет) тапсырайын деп кезсгім келгенде алдына бардым. Бетіне қарап фамилиямды айттым. Аяғымда ботинка еді, тегі бозарып тоңып тұрсам керек: «Сен пима сатып алып киіп ертең кел, ақшаң болмаса мен ақша берейін, егер пима кидің деп менсінбей жүрген қызың болса, өзім жеңгетайлық стіп сөйлесіп алып берейін», - дегені бар. Ары қарай әңгіме жоқ, ертеңінде пима киіп барып, сынақ тапсырғаным есімде қалыпты. Екінші бір мысал: институтты бітіріп кеткеннен кейін ауылда ангинамен ауырып дәрігердің жолдамасымен қалаға барғаным бар. Институтқа кіре кетейін деп барғанда осы кісі ұшыраса кетті, бейне бір туысқан адамдарша не жағдаймен келгенімді сұрап, осылай ангинаға операция жасатайын деп келіп едім дегенім мүң екен, іле мен сені қаладағы өте бір жақсы операция жасайтын хирургке апарып тапсырайын деп қаладағы ЛОР ауруханасының бастығы Тен деген корей азаматына тапсырып операция жасаттырғаны бар. «Жақсыда жаттық болмайды» деген осы. Кейде біз орыс солай былай деп жатамыз, сонымыз

бекершілік пе деп ойлаймын, мен осы адамға иненің жасауындай көмек жасай алмадым, соған өзімді қарыздармын деп есептеймін.

Біз үшінші курсқа көшкенде Ермеков Украина университетіне ауысып, сонда химия кафедрасының меңгерушісі болып жұмыс істеп жүр дегенді естідік.

Міне, осындай білімді адамдардан дәріс алған едік.

Институтта оқып жүргенде балаларға қамқорлық жасап қол ұшын бермеген бірде бір ұстаздарды кездестірмедім. Солар мейірбан жандар еді.

Санамалы болса аттарын атамаған ұят болар дей келе сол қамқор жандарға қарыздар екенімізді де айта кеткен жөн болар. Жалпы, қазақ халқы төзімді де алымды халық қой. Сол халқымыздың қанына сіңген қасиет шығар үшінші курста сабақты меңгергеніміз соншалықты бізді «баран» деп жүретін орыс қыздары емтихан кезінде бірер сұрағының жауабын жазып берші дейтін күнге де жеттік. Орыстың бірге оқыған қыздары да қызық қой: «Что ты просишь от барана?»- дегенде, «Брось ты, пожалуйста, это была шутка, давай без шутки напиши, пожалуйста»- деп күлетініне не айтарсың оған, жан қысылса жанындағысын табады дегенге саймай ма?

Айта берсе әңгіме көп, ең қиын да қызықты жылдар осы студенттік өмір ғой. «Басқан із көрген қызық артта қалар...»- деп Абай атамыз айтқандайын бәрі де артта қалды емес пе?

1956-жылғы наурыз айында мемлекеттік емтихандарды жоғары бағамен аяқтап, аталған жоғары оқу орнын да тәмамдап шыққан қуанышты күнге қол жетті.

Оқу аяқталғаннан кейін облыстық ауылшаруашылығы басқармасының жолдамасы бойына Ақсуат ауданының МТС-на (машина-трактор станциясына) мал шаруашылығын асылдандыру зоотехнигі болып, жұмысқа кірісіп те кеттім.

Бұл тұста ауданның ірі бес колхозы осы МТС-қа қарайды екен, олар: «Жданов», «Социалистік», «Карл Маркс», «Калинин», «Комсомол» колхоздары болатын. Колхоздармен келісім-шарт бойынша МТС-тің қолында бар елуден астам трактор, 40-тан астам комбайн мен басқа да ауылшаруашылық техникаларымен 1760 га жерге пар, 3650 га жердің зябін жыртып өңдеп, 7600 га жерге дәнді дақыл сеуіп, 170 га жерге күнбағыс егіп, 30 гектар жерге картоп отырғызып осы көрсетілген дақылдарды орып жинап береді екен. 49600 га жердің шобін шауып жинап, 2000 тонна сүрлем даярлап барлық істелген жұмысты жұмсақ жерге айналдырып есептегенде 44500 га-ң жұмысы атқарылады екен.

Осы МТС-ің негізінен Қызыл кесік МТС 30 трактор, 21 комбайн т.б. техникалар алып отау көтерді.

МТС карауындағы колхоздарда кезінде 17623 ірі кара, 5360 аналық сиыр, 20 шошқа, 140900 кой, 22000 ешкі, 6 мың жылқы болыпты.

МТС тарапынан мал шаруашылығына байланысты колхоздарға озат тәжірибелерді снгізуді насихаттау арқылы өмір жүзіне асыру, колхоз өндірісін жүргізуді бақылау, мал шаруашылығындағы мәселелерді аудандық атқару комитетіне, аудандық партия комитетінің бюросына ұсынып отыру қоса жүргізілетін.

МТС директоры болып Б.Тілеужанов, партия ұйымының хатшысы С.Жүнісов, бас зоотехник Т.Қайранов, бас инженер Р.Топатаев, бас агроном О.Ибраев, бас бухгалтерлікті Жұлдызбаев деген азаматтар атқарды. Әр колхозда бекітілген механикаландырылған бригадалар болды. Орталықтағы тсхникалық жөндеу шеберханасын Н.Пылев деген азамат басқарды. Кейіннен Көкпекті ауданының «Большевик» совхозына директор болып ауысты. Ол совхоздан кейін сол ауданның «Шегелек» сохозында директор болып өмірінің ақырына дейін сонда істеді.

Тілеужанов Бекен 1941-жылы Алматының ауыл шаруашылығы институтының механика факультетін бітіріп диплом алған жылы соғыс басталып кетіп, Өзбекстанда танк академиясын оқып бітіріп шыққаннан кейін майдан шебіне аттанып, Жеңіс күніне дейін майданда болды. Оралғаннан кейін 1947-1948-жылдар аралығында Семей облысының облыстық партия комитетінде нұсқаушы болып қызмет атқарып 1949-жылы облыстық партия комитетінің жолдамасымен осы МТС-қа директор болып келген скен.

Өте білімді де білікті, жүрегі механизатор жұмысшылармен бірге соғатын жұмыс дегенде бар күш-қуатын аямайтын халыққа камқор, сыйлы азамат болды.

МТС-ті ұйымдық жағынан нығайтып аудан көлемінде тәжірибелі механизаторлар даярлаған, кейін МТС тараған кезде колхоздардың негізгі ірге тасы болған механизаторлар осы өндірістің көрігінен шыққан түлектер еді.

Ауданға аты әйгілі механизаторлар Жаксылыков Қайырғазы, Аюпов Мұхаметжан, Жанайбаев Сиязбай, Шөмшекбаев Жұман, Солтанғазин, Қамзин Мұқатай, Тышқанов Өссербай, Нұрғазин Әбілмәжін, Қасымбаев Қажытай, Шмид Иван Иванович, Әбдікәрімов Ақабай, Кеңішов Ықсан, Түсіпов Тілеухан, Нағымжанов Махмұттар ауыл шаруашылығының техникасымен атқарылатын жұмыстарына

белсене араласса, аудан әйелдері арасынан техниканы меңгергендер де аз емес. Қазақстан коммунистік партиясы XII-съезінің делегаты, Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің депутаты, Ленин орденді комбайншы Жақсылықова Айжан, Солтанғазина Кәлима, Кәрібасва Күлән, Рахымжанова Күлпәш, Мұсаева Қапиза, Сәдуақасова Кітап, кезіндегі токарь С.Құсайынова, дәнекерлеуші Г.Ситиковалар сияқты әйелдер осы МТС ұжымында тәрбиеленіп шыңдалды. Аудан, облыс, республикаға атағы жайылған, ел құрметіне бөленген аналар еді.

Мен жұмысқа келгеннен кейін көп ұзамай Қайранов Талғат «Жданов» колхозына басқарма бастығы болып ауысып кетті де, орнында мен қалдым. Менің орныма Семжанов Сербатыр келді.

Ол кездегі басты жаңалық қойды қолдан ұрықтандыруды өндіріске енгізу. Ол кездегі колхоздың басшылары да орта буынғы кадрларда барлығы практиктер.

Осы шараны іс жүзіне асыру, өндіріске енгізу үшін семинарлар даярлап өткізу біздің бөлімге жүктелген болатын.

Бір қызығы сол қойды қолдан ұрықтандыру дегенге ешкім сенбейтін. Алайда, тәжірибеге енгізу үшін жұмыс істеуге тура келді.

Ол кездегі семинар өткізілетін жер МТС-ң тірек пункты «Социалистік» колхозы болатын. Семинар өткізбес бұрын Бекен Тілеужанұлы екеуімізді шақырып алып (өте бір қызық адам еді): «Осы жұмыстарды іс жүзіне асырып практикаға енгізуге бола ма? Соған көздерің жете ме?»-деп сұрады. Сұрақтар қоя отырып өзін теориялық жағымен таныстыруды, практикалық түрде көрсетуді талап ететін. Өзінің көзі жеткеннен кейін барып колхоз басшылары мен мамандарына семинарға қатысуға шақыратын қатынас қағаздар жіберетін.

Семинар күні семинарды өзі ашып колхоздардан келген активтерге семинардың мақсатын айтып өтетін де күн тәртібіндегі қойды қолдан ұрықтандыру жөніндегі баяндаманы маған тапсыратын, ал практикалық жұмысты Сербатыр өткізетін. Марқұм Сербатыр Семжанұлы өзі де келбетті де өте қарапайым, кез келген адаммен тіл табысып жұмыс істейтін кішіпейіл азамат еді.

Қой ұрықтандыру пунктінде ақ халаты мен қалпағын киіп, практикалық жұмыстарды көрсеткенде бейне бір лабораторияда тәжірибе жүргізіп жатқан адамдай көрінетін.

Іс-қимылдарының барлығы ширақ дәлме-дәл жүргізілетін, санитары мен қосымша жұмыскерлерінің арасында шоқтығы биік тұратын, іс-қимылына көрермендер қызыға қарайтын азамат еді.

Семинар аяқталғаннан кейін колхоздардан келген басшылар мен мамандар: «Батыр аға, жұмысты біздің ауылдан бастаңыз»- деп шақырып бөйек болып жататын.

Қой ұрықтандырудың науқанында колхоздарда екеуіміздің бірге жүріп жұмыс істеген кезімізде жағдайға қарай екеуіміз екі колхозға барып жұмыс істеген кезіміз болды.

Айта берсе әңгіме көп, істеген жұмысымызда нәтиже болды. Ұрықтандыру жүргізген жерімізде төлдеме графиктерін жасап беріп жүрдік. Ол кезде ондай шаруаны ешкім де білмейді ғой. Жасалған графикпен қозы алу науқаны тура келгенде қолдан ұрықтандыру нәтижесіне көздері әбден жеткен болатын.

Жүргізген жұмыстарымыз өз ұжымымызда да, аудан басшылары тарапынан да бағаланып отырды. Сол кезден бастап ауданға танымал маман ретінде белгілі бола бастадық.

Сөйтіп 1958-жылы мамыр айында Ақсуат МТС-і тарап, мен Ақсуат аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы инспекциясының құрамында жетекші маман болып кеттім де Сербатыр тікелей өндіріске барды.

Содан 1959-жылы мамыр айында, ол кездегі төртіп бойынша Ақсуат аудандық партия комитеті бюросы мен халық депутаттары атқару комитетінің бюросы шешімімен «Социалистік» колхозы төрағасының орынбасары және бас зоотехнигі болып ауыстым. Колхоздың төрағасы Тұрғанбаев Қайыртай бұрын аудандық партия комитетінде ІІ-ші хатшы болған білімді де білікті азамат болды.

Басшылық тұрғысында маман кадрларға толық ерік беретін және үнемі санасып отыратын басшы еді. Қай саланың маманы болмасын солардың ұсыныс-тілектерін тыңдайтын. Жоғарыға жалтақтамай шешім қабылдайтын батыл азамат еді. Бірақ, кейде осындай алынған шешімдердің өзіне зияны тиетін кездері де болатын.

Бізге де «Ел мүддесіне, заңға қайшы келмейтін болса жұмыс бабында қабылдаған шешімдеріңе әр уақытта қолдау жасаймын, бірақ уақытын оздырмай айтып отырыңдар»- деп отыратын. Осы кісінің істеген ісі мен берген ақыл-кеңестері, өмірде кездесіп істес болған адамдардың арасынан сирек кездесетін көрініс екендігін айта кеткен орынды болар.

Бас агроном болып Бегаликов Мұхтар, бас инженер Абдуллин Әнуәрбек, бас бухгалтер Ахметжанов Құсбек, партком Рахымжанов Рахат, ауыл кеңесінің төрағасы Көшкінов Қойшыбек, хатшысы Мұхамеджанов Тілебалды болатын.

Ол кезде колхозда экономистік штат болмағандықтан оның міндеті бас зоотехниктерге жүктеліп келді. Міне, осы жоғарыдағы аты аталған

азаматтардың барлығы да тәжірибелі іскер азаматтар болды. Жас та болсақ басшы ретінде осындай азаматтармен бірге істедік, келешек жұмыстарымызға іс-тәжірибелерінен үйреніп, көп нәрсені ойға тоқыдық. «Социалистік» колхозы аудан колхоздарының ішіндегі экономикасы тұрақты шаруашылықтың бірі болды.

Мал шаруашылығы да өркендеп Ғабдуллин Нұркен сияқты Социалистік Еңбек Ері, Қалиев Қажыбай ақсақал тәрізді «Еңбек Қызыл ту» ордені бар шопандар шыққан колхоз болды. Бұл сол кездегі мал шаруашылығы мал тұқымын асылдандыру тұрғысындағы жұмыстардың нәтижесі екендігі сөзсіз.

Жүйрік аттар да осы ауылдан көптеп шығатын. 1962-жылы ақпан айында Ақсуат аудандық партия комитеті мен халық депутаттары аудандық кеңесі атқару комитетінің жолдамасымен тегіндегі «Карл Маркс» совхозына төрағаның орынбасары және бас зоотехник қызметіне ауыстым. Колхоз төрағасы өзіммен бірге оқып, бірге бітірген Ахметбаев Кәрім болатын.

Мені қуана қарсы алып: «Келгенің дұрыс болды ғой, бірлесіп жұмыс істейтін болдық. Ақылдасатын да, бірлесіп іске асыратын да шаруалар көп, оны жүре іске асырамыз»- дегені бар. Сөйтіп, Кәрім екеуміздің екі-үш ай тізе қосып жұмыс істеп жүрген кезімізде Кәрімді Алматыға 6 айлық колхоз-совхоз басшыларын даярлайтын курсқа жіберді де орнында мен қалдым. Сөйтіп, «Карл Маркс» совхозын 6 ай басқаруға тура келді. Кәрім жұмысына қайта оралғаннан кейін колхоз тарап, совхоздандыру жұмысы жүріп кеткен еді.

Сол Кәрімнің басшылығымен колхоз мүлкі түгелдей совхоз балансына өткізіліп берілген болатын.

Бұрынғы колхоз басшылары да, мүшелері де колхоз жүйесімен қоштасқан кезі еді. Колхоз рентабельді шаруашылық болғандықтан колхозшылар өмірде алмаған ақшаларын алып көл көсір болған, үйренген колхоз жүйесін қимай қинала қоштасқан. Қаңтардың 12-ші жұлдызында 1963-жылы «Жданов», «Карл Маркс», «Социалистік» атты үш колхоздың негізінен «Ақсуат» совхозы құрылып, аумағы бекітілген жер көлемімен алғанда, жалпы көлемі 202846 га жермен, оның ішінде 7784 га өңделетін жер, 15804 га шабындық, 148917 га жайылымдық, 183713 га ауыл шаруашылығы жері бөлініп берілді.

Мал шаруашылығы саласы бойынша 6483 бас ірі қара, 1435 сиыр, 83978 бас қой, 45713 бас саулық қой, 2460 бас жылқы, 3039 бас құс болды.

Совхоз жүйесі 9 ірі елді мекендерден құралды. Осы елді мекендердің әрқайсысына ферма аттары беріліп, номерленіп, ферма

меңгерушілері белгіленді, 1-фермаға өте тәжірибелі адам Жаңқайыров Қапатай, 8-фермаға ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізудің білгірі, іскер ұйымдастырушы Нұрғалиев Әбен тағайындалды. №9 фермаға меңгеруші етіп мені тағайындаған болатын.

Совхоз директорлығына Көкпекті ауданының «Большевик» совхозының №1 фермасында меңгеруші қызметін атқарған Бейсембин Сағындық, партия ұйымының хатшылығына Төлеутаев Есенжан, жұмысшылар комитетінің төрағалығына Төлепбаев, бас зоотехниктікке Секенов Орал, бас мал дәрігерлікке Жұмабаев тағайындалды.

Совхозда жұмыс істейтін еңбеккерлерді совхоз жүйесі жұмысына істеуді қалыптастыруда, ұйымдық жағынан нығайтып партиялық ұйымдастыру жұмыстарын жүргізудегі Төлеутаев Есенжан мен Төлепбаевтың жұмыстары ерекше болды. Бұл жұмыстарының нәтижесі совхоз экономикасын қалыпты ырғақ алуынан көрініс тапқан еді.

Аудан тарап, Көкпекті ауданына қосылуына байланысты совхоз орталығы аудан орталығына орналастырылды. Барлық аудан жұртшылығы 1965-жылға дейін осы Ақсуат совхозының қарауында болды.

1965-жылы Ақсуат ауданы Көкпекті ауданынан қайта бөлініп жеке шаңырақ көтергеннен кейін де 1979-жылға дейін совхоз аудан орталығымен бірге болып келді.

Аудан орталығында болғандықтан жаңа орын тепкен ауданның түтінін дұрыс шығару мақсатында ауданды көркейту мен көріктендіру әлеуметтік сала, тұрғын үй құрылыстарын салу сияқты жұмыстардың барлығы осы «Ақсуат» совхозы арқылы жүргізіліп отырды.

Сол жұмыстар бір көрмеге жақсы көрінгенімен совхоз экономикасының төмендеп құлдырап кетуіне қатты әсер еткен еді.

«Ақсуат» совхозында ферма меңгерушісі болып істеп жүрген кезімде, сол бір жылдары жүгерінің өндіріске енгені бар. Баптаған жүгеріміздің әр гадан 500 центнерден өнім алып 5000 т сүрлем дайындалды.

Оның сыртында томарлы жерлерді тегістеп шабындық көлемін ұлғайтып қатаң мал азығын дайындауды да еселеп арттырған болатынбыз.

Мал азығына деп себілген арпаның әр гектарынан 14 центнерден өнім алынған бір табысты жыл болды. Соған орай ірі қара, қой, ешкі, жылқы малдарынан төлді жақсы алып жоспардың артық өнім тапсырдық. Осындай көрсеткіштердің нәтижесіне байланысты мені 1964-жылдың қаңтарында Алматыға облысаралық колхоз-совхоздардың

басшы кадрларын даярлайтын бір жылдық мектептің даярлық оқуына жіберді.

Оқуға кетер алдындағы 7- қаңтар 1964-жылы акт бойынша 737 ірі қара, 720 бас жылқы, 10218 бас қой ешкі, 50 түйе өткізіліп беріліпті. Қабылдап алғандар менің орныма қалған ферма меңгерушісі Әмірғалиев Рақымбай, Жұмабаев, Жарқынбаевтер екен. Қазір де өмірде бір де біреуі жоқ. Сол кездегі ірі қара жылқы малын бағатын бақташылардан бір де бір адам болмаса, 16 бас шопаннан бұл өмірде тірі жүргені үш адам екен. Міне, 39 жылдағы адам өміріндегі өзгеріс осылай өтіпті.

1964-жылдың аяғында колхоздың және совхоздың жетекші кадрларын даярлайтын Қазақ ССР ауыл шаруашылық министрлігі жанындағы бір жылдық мектепті бітіріп төменгі бағамен емтихан тапсырдым:

1. Ауыл шаруашылық өндірісін экономикалау және ұйымдастыру-5
2. Жалпы егін шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы-5
3. Мал шаруашылығы асыл тұқым негізінде-5
4. Ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру-5

Оқуды аяқтағаннан кейін сол кездегі Қазақстан Орталық Партия Комитетінің ауылшаруашылығы бюросының торағасы Мельниктің қабылдауында болып Семей облысының «Арқалық» совхозына директорлыққа жолдама алдым. Обкомды айналып өтуге болмайды деп Семейдің облыстық партия комитетіне жіберді. Обкомға келгеннен кейін Е.Шраймбеков жолдама алған өз совхозына кетті де, мені сол Шұбартау ауданына екінші хатшылыққа барасың, солай шешілді деп алып қалды. Сол кездегі Шұбартаудың бірінші хатшысы Самаев маған жолығып күтетіндегін айтты. Ол кезде Карпенко Н.П. бірінші хатшы іссапардан екі жұма оралмай ол келгенше тосып жатуға тура келгеннен кейін ол нұсқа өзгеріп Үржар ауданына аудандық атқару комитетінің бірінші орынбасарлығына барасың дегенге тоқталды. Ақырында ауылдағы бірге істеген жолдастарымның арқасында өзіміздің «Карл Маркс» совхозына бас зоотехник болып келегенім бар. Совхоз директоры болып Рахманов Малдыбай істеген болатын. Мал шаруашылығына негіз болған бұрынғы «Амангелді» совхозының Кіндіктідегі екі фермасы мен «Көкпекті» совхозының «Шаң» фермасы негізінде құрылды. Мал шаруашылығын алғашында 340 ірі қара, 35300 қой-ешкі, 590 жылқы құрады. Техникадан отыздан астам трактор, он төрттей автомашинасы болды. «Карл Маркс» совхозын құруда бұл ортасында болып ісі жүріп қалыптасқаннан кейін 1965-жылы мені ауыл шаруашылығы басқармасы «XXII-партия съезі» совхозына бас зоотехник етіп ауыстырып жіберді. Осы совхозда жұмыс істеп жүрген

алғашқы жылдарында мал шаруашылығында істейтін шопан бақташылардың басым көпшілігінде жеке меншік малдары болмады. Болғандарында өте аз еді. Сондықтан совхоз дирекциясы, кәсіп одақ комитетімен келісе отырып шара жасап бекітіп заңдандырғаннан кейін барып, төл алуды қалыптастыруда жоспардан артық алған төлдің барлығын қосымша ақыға малдай беріп отыру арқылы халық иелігіндегі малды көбейтіп, осы ынталандыру саясатының арқасында малшаруашылығын өркендетіп халықтың рахметін алған жылдарым болатын.

Бұл кезде совхоз директоры болып марқұм Доғамбсков Әйтім, партия ұйымының хатшысы болып марқұм Токтабаев Төлген комсомол ұйымының хатшысы болып Сейітова Күләш, бас бухгалтер Долдин Ысқақ, бас экономист марқұм Қалиев Назарбек жұмысшы комитетінің төрағасы болып марқұм Қадылбек Құрманғалиев, бас агроном Ж. Ағанасов, бас инженер Тыныбаев Жұмағали автогараж меңгерушісі болып марқұм Тілеужанов Ақылтай жұмыс істеген болатын.

Жоғарыдағы мал шаруашылығы жөніндегі шараларды іске асыруға белсене араласқан және қолдаған ферма меңгерушілері марқұм Кирпин Косембай, марқұм Башенов Дәуітбек, марқұм Көшкінов Қойшыбек, марқұм Имашев Кәлендердің еңбегі ерекше еді.

Осы совхозда істеп жүргенімде аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы марқұм Н.Қабышев шақырып алып, «Комсомол» совхозы бұрынғыдай емес, экономикасы төмендеп кетті, совхоз директорылығына ауыл шаруашылығы басқармасынан Сатаев Уәсілді жіберіп отырмыз. Томендетті деп ойлама, осы сала бойынша аспирантурада оқып жүргенімді де білем. Тікелей экономикамен шұғылданудың көмегі де тиер деп ойлаймын, резервте боласың, баруға қалай қарайсың деген соң, 1970-жылы нақтылы ауыл шаруашылығы экономикасын басқаруға «Комсомол» совхозына бас экономист қызметіне жіберген болатын. Бұл кезде совхоз жыл қорытындысын зиянмен аяқтаған жылдар екен. Сол кезегі фермаларды, құрылыс, автопарк, МТМ басқа да салаларды шаруашылық есепке шығарып, әр адамның қосатын үлесіне қарай тапқан табысын анықтауды жолға қоюдың нәтижесінде совхоз табысы өсіп, жыл аяғында 1,5-2,0 млн. пайдамен аяқтаудың негізі қаланған еді. Бұл бастама іске асқан соң совхоз дирекциясы мен партия комитетінен қолдау тауып, жыл қорытындысын шығарып өндіріс орындарында талқылағанда бір жағы үйрену мақсатында, екінші елдің экономикалық білімі мен біліктілігін арттыру мақсатында совхоз директоры У.Сатаевпен партия ұйымының хатшысы Б. Сапоров бірге жүріп қолдау көрсетіп отырды. Кейін саяси

сабақ жоспарына енгізіп аудан совхоздарында семинарлар өткізіп тәжірибе алмасу жұмыстары да жүргізілді.

Алайда, шаруашылық жүргізудегі экономикалық тетіктің табылуы совхоз үшін де совхоздардың еңбекшілері үшін де өте тиімді шара болған еді. Бұл шараға барлық совхоз еңбекшілері ынталылық білдіріп әр адамның кіргізер табысы молайып, әр жанұяға табыс әкелетінін жақсы түсінген болатын.

Совхоз мамандары мен өндіріс басшылары, сала бөлім меңгерушілері өндірісті басқару құралына айландырған өте бір тиімді жол екенін тәжірибе жүзінде іске асырған кезең еді. Бас мамандардың басшылығымен сол кездегі ферма меңгерушілері Тікқұлақов Сыдық, Әрінов Құдабек, Нұржігітов Нұржан, марқұм Рахметоллин мен Қажыбайлар жұмсалған қаржыны тиімді пайдалана отырып мол өнім алып, жылды жылма-жыл табысты аяқтаудың қайнар көзін ашқан азаматтар еді.

1975-жылы қыркүйек айының 25-жұлдызында «Ленин жолы» совхозына партия ұйымының хатшысы болып сайландым.

Бұл жұмыс басқа жұмыстардан гөрі ерекшелігі көптеу болды еңбек ақысы аз (172), материалдық жағынан совхоз директорына тәуелді, астындағы қызмет бабына пайдаланатын машинаның жүруі де совхоз директорының көңіл-күйіне байланысты еді. Совхоздан нарядсыз ақшасын төлемей алған бір қой қызметпен қоштастыратын мойын бүрғызбайтын аксиома екен.

Солай бола тұра партиялық ұйымдастыру, шаруашылық, мәдени, саяси жұмыстардың жауапкершілігі сол партия комитетінің мойнында екен.

Жұмыс төрт аяғынан бірдей тұралап жатқан партия кабинетін, көпшілік баратын орын клубты, бірнеше жердегі жастар бригадасын жабдықтау, безендіру, көркемдеу, бағдар беру, іскерлікке тәрбиелеу жұмыстары арқылы іске асырылды.

Шаруашылық жұмыстарына партиялық ықпал ету, маусымды жұмыстарға ауыл жұртшылығын жұмылдыру экономикалық көрсеткіштерге жету жолдарында партиялық көмек көрсету жұмыстары іске асырылды.

1976-жылы менің басшылығыммен әр ферма бойынша товарлы өнімнен түскен пайданы анықтап, өнімнің өзіндік құнын шығару совхоз экономикасын көтеруге көп серпіліс берген еді. Өйткені мұндай көрсеткіштер бұрын шығарылмаған көрінеді. Сол кездегі қой шаруашылығымен шұғылданатын №1 ферма жыл қорытындысында 138167, №4 ферма 178538, №2 ферма 124179, №5 ферма 53898, барлығы

кой шаруашылығы бойынша 494763 сом, №3 ірі қара фермасы 64180 сом, №2-ші фермаға қарайтын жылқы шаруашылығы 25900 сом, жиыны мал шаруашылығы бойынша 584843 сом, басқада саланы қоса есептегенде совхоз бойынша 590000 сом пайдамен аяқтапты.

Сол кездегі бағамен кой етінің 1 центнері 67,89 сом, ірі қара еті 189.78 сом, жылқы еті 65,20 сом, 1центнер жүн 448,16 сом болды. Міне, осындай әр ферма өндіріс орындары бойынша шығарылған қорытындылар бойынша жалпы партия жиналысында талқыланып бағыт бағдар беріліп отырды. Совхоз директоры М.Ташенов, бас мамандар: бас зоотехник марқұм Жұмажанов Бекежан, бас мал дәрігері Отарбасов Токан, бас экономист Бейсенғазин Сайлау, бас бухгалтер марқұм Боксенов Кәукен, егін шаруашылығы, техника құрылыс саласындағы мамандармен тығыз байланыста болып жұмыс істеген, сол кездегі ферма меңгерушілері: марқұм Баяхметов Сұлтан, Молдақанов Сайлау, Көржіков Қалихан, Жұмағұлов Мерғазы, Қабдолов Бақулер тәжірибелі де саяси экономикалық жағынан шыңдалған нағыз өндіріс командирлері еді.

Шаруашылықтың табысты жүргізілуі тек қана басшылық пен шектелмейді, ол ауыл халқының жаппай өндіріске араласып көмектесуіне тікелей байланысты болады.

Олай дейтінім, алдын ала әр маусымда жұмыстар кезінде өмірден көргені көп, өткеннен түйгені мол ауыл ақсақалдары Сарқытбай, Біләл, Мырзабай, Бәтібай, Токан, Алтай, Қабдолла, Қарпық, марқұм Әшім. Рахым сияқты ақсақалдар мен науқанды толдеме т.б. маусымда жұмыстарды өткізу кезеңдеріндегі алдын ала партия ұйымына жиылып ақыл-кеңес қосқаннан кейінгі ауыл халқын жаппай шаруашылыққа жұмылдырудың мұрындығы, ұйытқысы осы ақсақалдар болатын.

Онымен қоса сол кездегі басшылардың дінге деген қытымырлығына қарамастан о дүниелік болғандарын да рәсімдерін мүсылмандық жолмен өткізуді ешкімнен жасқанбай-ақ жүргізіп жататын да осы ақсақалдар, тіпті сол кездегі діни ұйымның жұмысын жүргізуші және атқарушысы болды десе де болады. Сарқытбай, Біләл, Бәтібайлар өмірден көргені мен өткеннен түйгені көп ақсақалдар болса, Токан ақсақал аңскдоттарды табанда шығаратын күлкі керуенінің өкілі еді.

Алтай мен Қабдоллалар суырып салма ақын, Қарпық тарихшы-шежіреші, Әшім мен Рахым кешегі эзіл қалжыңның өкілдері болатын.

Осындай басшылықпен ауыл халқын жұмылдырудың арқасында совхоз экономикасы да жылдан жылға нығая берді.

1978-жылғы 13-қазан айындағы Қазақ ССР ауыл шаруашылығы министрінің берген № 235 куәлігіне байланысты және Семей облыстық ауылшаруашылығы басқармасының 1978-жылғы 17-қазандағы № 291-к бұйрығымен, Ақсуат ауданы ауыл шаруашылығы басқармасының 1978-жылғы 17-қазандағы № 64 бұйрығымен «Ақсуат» совхозына директор болып жұмысқа кірістім. «Ақсуат» совхозы аудан орталығында орналасқандықтан 130-ден астам тұрғын үйі, мәдениет үйі, монша, т.б. күрделі құрылыстар совхоз балансында екен. Тұрғын үйлердің бір де бірінде совхоз жұмысшылары тұрмайды. Тұратындар аудандық партия комитетінің адамдары мен мұғалімдер, дәрігерлер, аудан мекемелерінің адамдары. Осы объектілерге жұмсалатын жылма-жылғы қаржылар күрделі ағымдағы жөндеулер, мәдениет саласында тігілген киімдер, ойнайтын аспаптар, моншаға, мәдениет үйіне жұмсалатын отын, инвентарлар барлығы да жылма-жыл совхоз қаржысымен жасалып отырған. Онымен қоса аудан орталығына алыс-жақыннан келетін қонақтарды қарсы алып, шығарып салу жұмыстары, аудан орталығындағы күл-қоқысты тазарту, тіпті орталықты көркейтіп қоғалдандыру жұмыстары да шаруашылық мойнына ілініп тасталған кез екен. МТМ-автопаркте ауыл шаруашылығы басқармасы басқаруға алып, құрылыс бөлімін аудандық атқару комитетінің құрылыс жөніндегі орынбасарлары басшылыққа араласып басқарып отыратын көрінеді. Мұның бәрі совхоз қамы емес орталықтың қамын күйттеу әрекеттері еді. Бұл басшылық жүйесіне қолдана тұрған адам аудан басшыларының қаһарына ұшырап, жағып жұмыс істеу мүмкін емес еді.

Былай қарағанда барлығы да совхоз балансындағы совхоздікі, істемеске шара да жоқ. Совхоз жұмысшыларына үй беру, техника беру үлкен проблема, бір де біреуі үй алмаған. Совхоздың шопан мен бақташылары аудан ортасынан үй салып жайғасқан, оны малға апару мүмкіндігі мүлде жоқ.

Совхоздың ең үлкен елді мекені «Жданов» селосының тұрғындары да аудан орталығына, көрші совхоздарға қоныс аударып берекесінің қашып тұрған тұсы екен.

Міне, осындай объективті-субъективті жағдайларға байланысты совхоз экономикасы құлдырап жылма-жыл зиянмен аяқтап, ері мойнына кетіп, төрт аяқтан тұралап тұрғанда совхозды басқару тұтқасы маған тиген еді.

Совхоздың келешегінен үміт үзгендігі соншалықты басшылар тарапынан да «Ақсуат» совхозының жерін көрші үш совхозға («XXII партия съезі», «Амангелді», «Сәтбаев») бөліп беру жөніндегі пікірлер де қылаң беріп, шақырып пікір сұрау да болды. Жанашыр жақын

жолдастардың бұл совхозға бекер келдің дегендері де аз болған жоқ. Келерін келіп қалғанның кейін совхозды таратып беріп елге қарабет болу емес, ендігі жерде осы совхозды қалайда совхоз қалпында сақтап қалу мақсаты тұрды. Сол кездегі өмірден тәжірибесі мол еңбек ардагері марқұм Жанқайыров Қапатай менін қабылдауымда болып, орныма қайырлы болсын айта отырып: «Совхоздың тірегі ең үлкен елді мекен «Жданов» селосының тұрғындары қоныс аударып ауыл сиреп барады. совхоздың келешегі қалай болады, не ойлаған ойың бар?»- дегені бар.

«Заман қамын ойлаған саналылықтың белгісі» дегендей мұндай жанашырлық айтқанына рахмет айтып: «Енді не айта алам, Қапатай! Келешек көрсетер, бір жөні болар», - деп шығарып салғаным бар.

Қорыта айтқанда, совхоздың орталығын «Жданов» селосына көшіруден басқа амал қалған жоқ. Көшіру де оңай емес. Іске асыру үшін жергілікті және жоғарғы органдардың келісімі мен көмегі қажет. Жергілікті жердің совхоз орталығын көшіруге ынталы емес екендігі белгілі, сондықтан жоғарғы органдардан бастауды жөн көрдім.

Совхоз орталығын көшіруге жоғарғы, жергілікті орган да ынталы емес. Ортаға салғанда совхоз активтерінің де пікірлері скізудай. Бас мамандар мен партия ұйымын басқаратын адамдардың пікірлері көшіруге ынталы емес, өйткені жайлы үйлері бар, балалары аудан орталығында оқиды. Жағдайлары толық, аудан орталығынан шыққылары келмейді, ал кілт ұстаушылар мұндай пікірге үзілді-кесілді қарсы келіп «өуені айнадай жерді тебінгендей» жасайды. Осындай ітіс-тартыс жағдайда Ақтайлақ би айтқандай «бір тәуекел бұзады, мың қайғының қаласын» дегендей тәуекелге басып совхоз орталығын көшіруге бел будым. Жоғарғы жағдайды баяндай отырып жазатын менде уақыт мүмкіндігі жоқ, жаза білетіндердің ынтасы жоқ болып тұрған жағдайда көмекке келген марқұм Қасымқанов Қабдырахман еді.

Ұлы Отан соғысында ерлігін листовкамен таратқан батыр адам ғой. Осы кісімен жоғарыға жазатын қатынастардың мазмұнын ақылдасып, талай қатынас та жазғанымыз бар, бірақ мардымды жауап ала алмадық. Қаражат жоқ, ондай мүмкіндіктер жоқ деген жергілікті жерге сілтемелер айтқан жауап хаттар алдық. Бұл жауаптармен тоқтап қалмай сол кездегі обкомның бірінші хатшысы Рамазанов Аманолла Ғабдұлхайұлының, марқұм Қашағанов Екейбай Қашағанұлының қабылдауларында болып жағдайды егжей-тегжейлі түсіндіргеннен кейін: «Жуықта аудандарыңа барамыз, сонда шешімін айтамыз», - деді.

Көп кешікпей ауданға скеуі де келіп совхозды толығымен аралап, шығарып саларда Ждановтан отетін траста тұрып Рамазанов Аманолла мен марқұм Қашағанов Екейбай ағамыз: «Төлеуғазы, сен аудан

орталығында отырғанды қой, киіз үй тік те «Жданов» селосына қоныс аудар, қалғандары өздері көшеді, жұртта қалам дсушілер өзі білсін», - деген бір ауыз сөздері рухани дем берген еді. Содан былай ауданның бірінші хатшысы Д.Сұлтановтың көзқарасы дұрысталып, аудандық атқару комитеттің төрағасы Д. Қошқарбеков көмек жасап, ертеден жанашыр болып келе жатқан марқұм Жанбасев Қайырлы қуанып құттықтап та жіберген еді. Міне, содан былай обком мен облисполком тарапынан облыстық басшыларға көмек беру жөнінен тапсырма беріліп, істің оңға басқан кезі болды. 1979-жылдың басынан бастап совхоз орталығын көшіру орнын белгілеу жөнінде әр саладан мамандар келіп зерттеп, орталық салатын орынды белгілеген еді.

Тегіндегі Жданов селосынан әрі қарай тас жол бойымен аэропортқа қарай салу жоспары, жерге орналастыру экспедициясының қорытындысы бойынша жері сортаң, суы ащы болғандықтан іске аспай, осы күнгі орталық жер белгіленген болатын.

Совхоз орталығы қошетін болды. Совхоз балансындағы негізгі қорларды: тұрғын үйлерді, моншаны комхозға, мәдениет үйін мәдениет мекемесіне, сол сияқты МТМ, құрылыс бөлімін, автопарккі тиісті мекемелерге өткізіп беру керек болды. Өткізіп берерге келгенде ешқайсы мекеме алуға келіспейді, мұны ұстайтын бізде қаражат жоқ деген сілтеме айтады.

Ақырында облыстық мекемелерге шығып өте күрделі алу тәртібі белгіленген болатын. Мысал ретінде комхоздың тұрғын үйді қабылдау тәртібін айта кетейін. Облкомхоздан 10-15 адам комиссия келіп әр үйге (130 үй) жскелеме опись жасап, акт толтырып, жағдайын анықтап, қайсысына күрделі, қайсысына ағымдағы жөндеу қажет екенін анықтап, оны жүргізуге совхозды міндеттеген.

Келер жылғы жүргізілетін ағымдағы және күрделі жөндеулердің ақшасын аударып беру жөнінде екі ара келісім шарт жасасып, осы келісім шарт бойынша тұрғын үйлерді жөндеуден өткізіп, келесі жылғы жүргізілетін жөндеу ақшаларын келген комиссияның шығындарымен қоса аударып беріп барып өткізіп алды. Мұның сыртында оншақты мамандар партия активтері, т.б. үйлер бастауыш мектеп, совхоз кеңсесі, монша, клуб, КГБ-ның кеңсесі, әуе райын зерттейтін станция кеңсесі, қоймалар, машина гаражы, «Москивч», «К-700» тракторлары мен тіркемелері мекемелерде болғандықтан совхоз балансында қалды. Осы объектілердің амортизация жөндеу қаражаты совхоздың есебінде екенін айта кеткен жөн. Барлық күрделі құрылыстарды жоғарыдағы тәртіппен өткізе бастадық, мәдениет үйін өткізерде совхоз қаражатымен тіктірілген совхоздың балансындағы өнер адамдарына деп арналған әр

түрлі киімдер де қоса откізілмесе болмайды дегеннен кейін оны да қоса табыс еткеніміз бар.

Осы откізу шартына келіспесең, бәрібір осының барлығы совхоз қаржысымен істеледі және совхозды жаңа орынға көшіру кешеуілдей берер еді. Мұндай тәуекелге бармаса совхоздың көшпей қалуы мүмкін.

Ендігі мәселе жаңа орынның құрылысы өндірістік объектілер, тұрғын үйлер, т.б. жылу жүйесі, суы, жарықтануы мәселелерін шешу алда тұрды. Осы шаруалардың бір де біріне күрделі қаржыдан ештеңе қаралмағандықтан барлығын да шаруашылық есептен салдыруға тура келді.

Сол 1979-жылы шаруашылық есеппен 2 шаршы метр үй есебінен совхоздың кеңсесін, клуб, ауыл кеңестің кеңсесін, почта, байланыс үйін, шағын балалар бақшасын және магазин мен бес тұрғын үй құрылысын салып үлгердік.

Өстіп жүргенде күз де болып, күзгі тығыз-таяң науқанды жұмыстар араласып, осы салған құрылыстарға жылу жүйесін тартып, орталықтан келіп істейтін қызметкерлерді тұрақтандыруға кедергілер көп-ақ болды.

Әлі де совхозды орталықта қалдыру жөніндегі іштегі кертартпалардың іс-әрекеті бұрынғыдан да күшейе түскен кезі болатын.

Тіпті кеңсе қызметкерлерінің арасында «Нұрғалиевтың тоңазытқышына қалай барып жұмыс істейміз» деген пікірлер белен алған болатын. Демек көшуге де ынталары жоқ еді.

Қаладан келген сантехниктердің де қол ақшасыз істемейміз деп кетіп қалуға жинақталып тұрған кезі болатын. Мен жоқ жерде «Қол ақша беру совхоз жүйесінде жоқ», -деп өзі айнып тұрған сантехниктердің кетеуін одан әрі кетіргендер де бар емес пе!

Содан сантехниктің басшысын шақырып алып, шартқа отырып, ол кезде қол ақша беруге бухгалтерия келіспеген жағдайда, совхоз директорының екі жерге қол қоюы арқылы (двойной подписью), келіспеген жақтың пікірін сырып тастап, ақшаны біткен күні қолға аласың деп әзер жылу жүйесін тартқызым. Комиссиямен откізіп алып, ноябрь айында қол ақшасын төлеп совхоз кеңсесінің қызметкерлерін көшіргенім бар.

Автопаркті көшіріп, оны орналастырып қалыптастыруда Нұрсапин Сайлаудың, МТМ-ды қалыптастыруда марқұм Разханов Фазылдың, машдворды көшіріп қондыру жалпы техника саласындағы жұмысты байыпты басқарып ретке келтіруде марқұм Садуақасов Бияхметтің еңбегі айтарлықтай болды.

Құрылыс бөлімін көшіріп, оның одан әрі жұмысын қалыптастыруда М.Қайырбаевтың еңбегі айтарлықтай еді.

Елді суммен қамтамасыз етуде «күдай айдап келген» одақтың тұщы су іздеу экспедициясымен байланыс жасадым. Облыстағы осындай шаруашылығымен шұғылданатын мекеме басшылары Иванов Геннадий Иванович, Каравсиников П.И. сияқты азаматтардың көмегі арқасында ауылдың да, өндіріс орындарының да тереңнен тартқан жер асты суын пайдалануға қолымыз жеткен еді. Осы азаматтар қалаған жерімізден 60-80 метрлік құдықтар қазып ЭЦВ-10 насостарын орнатып, суммен қол-көсір қамтамасыз еткен адамдар ғой.

Ауылды жарықпен қамтамасыз етуде тікелей көмек көрсеткен Аяқоз электр жүйесінің директоры Ферменғали Уатқанов пен бас инженері Кадиров Кәмел Шәмелұлы болды. Осылардың материалдық көмегімен қоса тікелей басшылығымен сол кездегі Ақсуат электр жүйесі мекемесінің бастығы марқұм Тыныбаев Жұмаш, Абсадықов Кеңесбек, Сейітказин Әдірлер электр жүйесін тартып ауылды жарықпен қамтамасыз еткен еді.

Сол электр жүйесі тартылып ауылға келген күні Уатқанов Ферменғали мырза құттықтай келіп осы Екпін аулынан аттанған.

Ауылды байланыс жүйесімен қамтамасыз етуде облыстың өндірістік байланыс басқармасының бастығы марқұм Омаров Нұралы Омарұлының көмегі көп болды. Ауылға Тортаев Кәдірбектің басқаруымен байланыс жүйесі тартылып қалыптасқан күннен былайғы уақытта совхозға материалдық көмекті көп көрсетті. Семейдің шойын жол басқармасының бастығы совхозға жолсапармен келіп жаңа ауылға көрімдігім деп 550 шпалды тегін беруі үлкен азаматтығы еді. Сол шпалдарды машина, құрылыс ауласының қоршауына пайдаланған едік.

Совхоз орталығын салу мен одан әрі қалыптастыруда, құрылыстар салып, техникамен жабдықтауда, салынатын құрылыстарды жоспарға енгізіп, қаржыландырып отыруда облыстық ауыл шаруашылық басқармасы бастығының орынбасары Мусин Рахымхан Әділханұлының еңбегі ерекше болды.

Міне, осындай азаматтығы мол, қолы ашық азаматтардың арқасында «Ақсуат» совхозының орталығы Екпін ауылында қайта бой көтерген еді.

Айтуға жеңіл болғанымен шаруашылық басқарумен қоса қос шофер алып таңғы үштен, ертеңгі таңғы төртке дейін қала мен екі ортада да жүріп шаруашылыққа да, басқаға да үлгеретін тынымсыз күндердің жемісі еді ғой бұл.

Тынбай жұмыс істеудің арқасында келесі жылдардағы құрылысты мемлекеттік күрделі құрылыс салу жоспарына енгізуге де қол жеткіздім.

Осы совхозға келгенімде бұл совхоздың жұмысшылары жалқау, жұмысқа қырсыз, жұмыс жүргізуің екіталай, бекер келгенсің деген де сөздерге құлағым қанық болатын. Сөз де бекерге айтылмайды. Алайда, шаруашылықты ұтымды жүргізудің тетігін тауып, тиімділігін арттырудың жолдарын іздестіру керек болды. Осы мақсатта Қоңыров Аңсағанды шақырып алып, барғысы келмесе де Үржардағы жүгері өсіруші Семушкинаның мектебіне жіберіп, оқып келгеннен кейін Қалиев Оңғарғазы екеуі 200 гектар жүгері егіп, әр гектарынан 550 центнерден өнім алды.

Тамақтары тегін болды. Еңбек ақысы мен қосымша еңбек ақысының сыртында сый ретінде екеуіне екі жылқы бердім. Келесі жылы Қалиев Оңғарғазы, Әміржанов Тақат, Садықов Мырзахмет, Садуақасов Нұрғазы, Дүзбаев Тұрыстай, Берекетов Жұмаш, Марц Адольф, Кәрібасов С., Исаханов Б., Кенжеғұлов Б., Рахимғожин З., Қапатаев Ризабектер әр қайсысы өз жандарына кісі тауып алып елеулі еңбек етті.

Осы тұста, ақындар сушылар туралы толғауында:

Сырласып табиғаттың сырын ұққан,

Күрегін қолына алып суға шыққан.

Ажарлы қайыспайтын азаматтар,

Қиындық асуларда сап шыныққан.

Ол сушы молайтатын ел байлығын,

Сушыдан еңбек сүйгіш ыңғайлы кім.

Бел шешпей суда жүреді күндіз-түні,

Өсіріп жүгері, арпа, ақ бидайын.

Көз салсаң суарылған тақтасына,

Түспей қорқып тартасың ат басында.

Бір сотық шала қалып көрген емес,

Ерінбей еңбек еткен арқасында.

Аңсаған, Оңғарғазы із басары,

Тақаттың жүгерісі гүл шашады.

Ақсуат совхозының сушылары,

Еңбекте біреуінен бірі асады, - деп 1979-1981

жылдардағы Ақсуат совхозының егін шаруашылығынан алынған мол өнімді осылай жырлапты.

Еңбектің тетігі еңбек ақы төлеуден болып келгендігі бірден түсінікті. Осы диханшыларға өзімнің тұсымда 42 жылқы, Дүзбаев Тұрыстай деген сушыға 1 түйе беріппін. Көптің көңілін тауып, көп

түкірсе көл болады дегендей «Ақсуат» совхозы сол жылы 20100 тонна сүрлем даярлап, өнімнің астында қалды. Жүгері сүрлемін Көкпекті ауданының «Большевик», «Үлгілі малшы» совхоздарына дейін келіп алды.

Тек көп жылдық жүгері емес осындай бригадалар дөнді дақылдардан 20-25 центнерге дейін өнім алды. «Салуды әркім салады, алуды ердің ері алады» дегендей сол кезде диханшылар көпжылдық жүгері, дөнді дақылдарды шабуда трактористер, комбайнерлер, шоферларға таластары күшті болатын.

Сол кездегі диханшылардың өнімдерін ысырап етпей салу мен жинаудағы аянбай еңбек еткен бас агроном Ж.Ағанасовтың тракторист, комбайнер, шоферлердің есте қалғандарының атын атап өткенді жөн көрдім. Марқұм Зейтінөв Өміш, Мөндіев Оралхан, Бүрлібаев Түрсын, Жүрсін, Қалтайлар, Өсербаев М., Ливгард А., Шарипов С., Отарбаев Т., Молдабаев А., комбайнерлер: Берекетов Ж., Бозтаев С., Мұқышев Б., Шағиев Р.П., Сағадиев Т., Әміров Мұхамед, Болатшайыхов майдан, Разханов Фазыл, Әміренов Рай сияқты азаматтардың атын атаған орынды болар.

Осындай қарқынды жұмыстардың тоқтап қалмауына өз үлестерін үнемі қосып отырған, токарь станогында жұмыс істейтін Зарипов Арыстан, марқұм Жапарханов Сайлау, ұста Мөндіев Дәуітбек, қосалқы бөлшектер жондейтін неміс азаматтары Мутник Иосиф, Ливгорд Александр, бригадирлер Бенер Яков, Ортмандтардың елеулі еңбектерін айтқан дұрыс.

«Ақсуат» совхозында 1976-1977-жылғы мал азығы таусылып, Зайсан көлінен қамыс әкеп малды азықтандыру салдарынан көп мал шығынына жол берілуі сабақ аларлық жағдай еді. Сондықтан да совхоздағы мал шаруашылығын өркендету мақсатында дала шаруашылығын нығайту басты міндет болып белгіленгені сондықтан болатын.

Егін шаруашылығында мол өнім алудан басқа, шабындықты молайту, оны суғару, қорғау мәселесі де қолға алынған кез еді. Шабындықты молайтуда, үстемелеп себуде совхоз шаруашылығын зиянға апаратын көп жылдық шоптің тұқымын центнерін 5 мың сомнан сатып алу жолымен емес, жергілікті жерде өсетін табиғи сарбас жоңышқа, сиыр жоңышқа, итқонақтар (житняк) өскілді өсімдіктердің тұқымын шауып, жинап алып дайындау арқылы жүргізілетін болатын. Бұл әдіс кезінде өзінің нәтижесін беріп, шабындықтан мол өнім алу негізін қалаған еді. Совхоздың негізгі бағыты қой шаруашылығы болды да, оның төрт фермасы жайлауда орналасты немесе 62 мың қойдың 52

мыны және 1500 жылқы жайлауда болды. 3,5 мың ірі қара, 10 мың қой, 120 түйе ойда, совхоз территориясы маңында орналасты. Қашықтағы совхоз орталығынан 80 шақырым жерде орналасқан отгондағы мал қыстақтарының әр отарына 50 тоннаға дейін қатаң мал азығы жеткізіліп берілді. Төлдеме кезінде бір айға жететін қатаң мал азығын тасымал шығынын азайту мақсатында «Сарсозақ» учаскесіне жаз айларында жеткілікті түрде тасылып жеткізіліп берілетін.

Әр ферма орталығына егіс кезінде 200-250 тонна арпа жеткізілді. Әр ферма орталықтарында орнатылған ұсатқыштар арқылы жемге айналдырып, әр отарға қажетінс қарай жеткізіліп берілді.

Осыншама ірі мал шаруашылықты өндірісті басқарудағы осы шаруашылықта істеп жүріп зейнеткерлікке шыққан Рахымжанов Рахаттың, оның ізбасары Кеңесбаев Сержанның, осы совхозда істеп жүріп Мәканшы ауданына бас мал дәрігері болып ауысқан Сатаев Базартайдың, совхоздың мал шаруашылығындағы емдеу-сауықтыру жұмыстарын қалыптастырып Шар ауданының «Киров» совхозына директор болып өсіп кеткен Иманбаев Бактанның, оның ізбасары марқұм Уақаев Ержанның еңбектері ерекше болды.

Совхоз көлеміндегі барлық саладағы ұйымдарға партиялық басшылық жасап партиялық ұйымдастыру жұмыстарын жүргізген партия ұйымының хатшысы Аязбаев Мәуліттің сіңірген еңбегі ерекше екенін айтқан орынды. Міне, осы аталған азаматтар совхоз шаруашылығының тәрбие мектебінен өткен кезінде еңбегімен көзге түсіп, өсіп отырған азаматтардың қатарына жатады. Кезінде комсомол жастар бригадасын басқарған, КСРО Жоғарғы советінің депутаты, Социалистік Еңбек Ері Таушаев Сайлаубек, жастар бригадасын басқарған Кәріпжанов Қадыр, озат шопандар Кіршібаев Қызырбек, Абыхаров Әрмия, Құсайынов Тұрсындар, т.б. осы ортада тәрбиеленіп өскен азаматтар ауданның мақтанышы болғанын атап өткен жөн болар.

Бұлардың еңбегін ақындар:

Ел айтса айтқандай-ақ малы қандай,

Сәуірде мал өреді аппақ қардай.

Бел шешіп көрген емес күндіз-түні,

Сайлаубек, Бакытжан мен тыным алмай, - десе

Әріптестері жайында:

Қыстама Аққаланың бойындағы,

Ақ қойлар семіз шықты табындағы.

Ақпанда 100 саулықтан 120 қозы алып,

Қадыр да жетті меже ойындағы – депті.

Қой шаруашылығы озаттары жайында:

Алғашқы бесжылдықтың кезеңінде,
Тұрсын мен Қызырбек пен Армиялар
Қозы берді бір ферма көлемінде.
Мерейі арта түсіп құрдастардың,
Шырқап шығып еңбекпен оз елінде – деп жырлапты.

Совхоз өндірісінің қайнар көзі болған совхоз ішіндегі ірі коллективті басқарған атақты партизан Оралбаев Байғабыл, Әбдікенов Қайролла, Асанов Құлжағазы, Оралбаев Қуаныш, Мұқышев Сәкен, Рахимов З. сынды азаматтардың ісі мен басқару шеберліктері, ұйымдастыру қабілеттері, адамгершілігі мен қарапайымдылығы, іскерліктері, төзімділігі, халыққа деген абыройы кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Бұлардың жүріп өткен жолы, өмірден көргендері мен түйгендерін толық баяндап жазса шығын кітаптар мен очерктермен шектелер еді.

Осыншама тер төгіп, ұйқысыз өткізген күндер мен сіңірген еңбектің арқасында, ері мойнына кетіп төрт аяғынан тұралап тұрған совхозды рентабельді шаруашылықтар қатарына қосып, экономикасын нығайтып, қалпына келтіріп қатарға қосқан кез болатын.

1980-жылдары совхозда МТМ, автопарк, құрылыс бөлімі, машина ауласы іске қосылып, Екпін аулынан Қарғыба өзеніне қарай орналасқан 8 шақырым жерден 5 мың бастық қой малын, 450 бастық ірі қара малын, бордақылайтын комплекс, жайлауда жаңадан 6 қой қорасы іске қосылған кезең еді.

Бұл салада аянбай еңбек еткен совхоздың алдыңғы қатарлы шебер құрылысшылары: Бектасов Т., Әпсәләмов А., Жортаров Қ., Фраш А., Айтқұлов пен Нұрахметтердің аттарын атаған өте орынды болады.

Кезінде отау көтерген Ақсуат совхозының құрылыс саласын ақындар былай деп жырлапты:

Қолың болат, денең құрыш жаралған,
Қолдарыңнан сән сарайлар қаланған.
Ақсуаттың ірге тасын қалауда,
Еңбегің мен нұрың жайнап нәр алған.
Ақсуаттың жаңа отауын қамдаған,
Орталықпен, сан үйді, сендер едің жинаған.
Сәнді орталық жылдан-жылға мол өсіп,
Шатырлы үйге кірді емеспе бар адам.
Осы үлкен еңбегіңе сүйсініп,

Бүгін міне құрылысшы деп ән салам, - деп жырға қосыпты.

МТМ-да орнатылған үш станокпен қоса, техникалардың әртүрлі тетіктерін реттейтін аппаратуралар, құрылыс бөліміндегі екі

пилораммен қоса ағаш ондейтін түрлі станоктардың іске қосылып жұмыс істеуі тек «Ақсуат» совхозын ғана емес, бүкіл аудан халқына қызмет көрсету дәрежесіне жетіп жұрт көңілінен шыққан болатын.

Мал бордақылау комплексіндегі көже дайындау цехы мал бордақылау алаңындағы түрлі механикаландырылған іс атқару механизмдерімен, жаздағы ағынды су мен қоса тереңнен тартатын насосы құдықтар, сүрлем мен көпжылдық, бір жылдық шөптің мол қоры, ірі қара малының бір жастағы өгізшелерін қысқа мерзімде мемлекетке өткізерде 425-450 килограмға жетсе, қой малын 50-55 кг-ға жеткізіп өткізуге қол жеткен болатын.

Жоғарыдағы жеткілікті жағдайды тиімді пайдаланумен қатар, мал бордақылаудың сол кездегі шебер ұйымдастырушы бригадирі Қыдырбеков Тақанның еңбек нәтижесі екендігін айтқан орынды болады.

Ал 1979-1980 жылдардың қорытындысы бойынша совхоздың жыл қорытындысын табыспен аяқтауына байланысты мал шаруашылығында істеген 299 еңбек озатына 51700, егін шаруашылығында істеген 276 адамға 20500, толді мол алған 106 шопанға 51880, жүгері өнімі мен дәнді дақыл, көп жылдық шөпте істеген 197 еңбек озаттарына 65000, жыл қорытындысын табыспен аяқтауда аянбай еңбек еткен 84 қызметкерге 75000, қой қырку науқанында жұмыс істеген қырықтықшыларға 78 адамға 15000 сом, көктем егісін уақытында сапалы аяқтаған 34 механизаторға 3920 сом, 9 адамға бір жолғы көмек ретінде 8800 сом сыйақы берілген еді.

Мұның сыртында маусымдық жұмыстарды тез арада аяқтау мақсатында тегін түскі тамақтандыруға 1420 сом жұмсалса, 1979-80-жылғы мал қыстатуда мал басын аман сақтап, қыстан аман-есен алып шыққан шопан бақташыларға 136 бас қойдай сыйақы берілді.

Міне, осы шаралардың барлығы совхоз еңбекшілерінің белсенділігін көтеріп, совхоз экономикасының тұрақты дамуының ірге тасын қалаған болатын.

Келесі 1981-жылдың да негізі қаланып, дәнді дақылдар мен көп жылдық жүгері өнімдерінен мол өнім алып, қатаң мал азығының берік қоры қаланған жыл болды.

Міне, осы тұста бұрынғы жұмысымнан ауысып аудандық кеңестің 1981-жыл 22-қыркүйектегі № 31-7 сессиясының шешімімен, халық депутаттары Ақсуат аудандық кеңесі атқару комитетінің орынбасары және аудандық жоспарлау комиссиясының төрағасы болып сайландым.

Бұл қызмет орны тікелей өндірісті басқарудай емес өзіндік ерекшеліктері бар қызмет орны болды.

Атқару комитетінің төрағасының орынбасары ретінде маған жұмыс бөлуде совхоз өндірісі мен барлық аудандық мекемедегі жаспарлау жұмыстарымен қоса, энергетика, көмір, жанар-жағар май, банк статистика мекемелеріне басшылық ету бөлініп берілді.

Әр жылдағы жұмыс бөлістеріне қарай орынбасарларға жұмыс бөлгенде үстеме мекемелер қосылып, кейде сол қалпында қалып отыратын.

Әрине алғашқы қызметке кіріскен кезімде аудан халқына өте тиімсіз болып тұрған көмір мәселесі екен. Аудан мекемелері мен аудан халқын көмірмен жергілікті жерден қамтамасыз ету мақсатында Семейдің гортопбазасының бастығы Иманбаев Тұрсынхан Әрінулымен, бас инженері Богдаренко Сергей Петровичпен келісе отырып аудан орталығынан отын базасы мекемесін облыстағы барлық аудандардан бұрын аштым. Маусымында 18 мың тонна көмір запасын жасап, аудан халқына үйді-үйіне тасып беру жағдайына қол жеткізген едік. Отын базасының тұңғыш директоры Мұсағиев Тәжік деген азамат болды.

Облыстағы отын базасының бастығы Т.Иманбаев бір жолы жолсапармен келіп Тәжіктің үйінде болғанда сол үйдің өзінде көмірі болмапты. Тұрсынхан отын базасында осыншама көмір тұрғанда үйінде неге көмір жоқ дегенде халықты қамтамасыз еткеннен кейін түсірсем де үлгеремін ғой десе керек. Сол сөзін айтып күлгені бар. Өмірден осындай адал жандар да өтті ғой.

Шұғылданатын шаруам энергетика саласы болғандықтан бұрын аудан, совхоз орталықтарындағы электр жүйелері болмаса, ауыл шаруашылығын жаппай электрлендіру жүйесі толық қамтылмаған болатын.

Сол жылдардан бастап кезіндегі КСРО-ның энергетика мен электрлендіру министрлігінің КСРО ауыл электр құрылысына қарайтын бүкіл одақтық мемлекеттік ауыл шаруашылығы энергия көздерін жобалау мен ғылыми зерттеу институтының қазақ бөлімшесімен, Семейдегі Қазақ электр құрылыс бөлімдері арқылы ауданға қарайтын барлық совхоздардың электр жүйесіне проекті-сметалық документтерін жасаттыруға басшылық жасап, Семейдің механикаландырылған Қазақ электроқұрылыс колоннасымен келісім жасай отырып, осы келісімге байланысты механикаландырылған колоннаның бастығы марқұм Кромин Юрий Константинович пен бас инженері Медеуов Карл Медеуұлымен осы колоннаға қарайтын Үржар учаскелік колоннасының бастығы Харченко Григорий Назарович деген азаматтар 1986-жыл 14-сәуірде бригадасындағы 15 адаммен вогондарын «Армандастарға» әкеліп орнығын «Карл Маркс», «Шаң», «Сарбұлақ» елді мекендерінде

электр желісін тартып аяқтады. Ауданның ауыл шаруашылық энергетикасының бастығы марқұм Байқадамов Әбіш (Әбдірахман) электр желісінің ішкі желілерін «Мәрсебай», «Сарбұлақ», «Араб», «Кокбай», «Шаң», «Подгорный», «Рақыш» қыстақтарына қосып берген еді. Міне, осы аталған бригадалар барлық ауыл совхоздарына кіші подстанциялар салып «Құлбабас», «Ақжал», «Хабарасу», «Көкжол», «Қызыл кесік», «Мүрсәлім», «Қызбай», «Мешел», «Өскенбай» елді мекендеріне электр желілерін тартып, ішкі линияларының барлығын Байқадамов Әбіштің бригадасы жасап шыққан болатын.

Ауданда 1984-жылы облыстық ауыл шаруашылығы энергетика жүйесін басқаратын Анищенко Дмитрий Васильевич деген бастығымен келісе отырып, ауданда «Сельхозэнерго» мекемесін ашқанбыз. Алғашқы осы мекеме ұйымдасқандағы бастығы Апеадықов Кеңесбек болды. Ол өз саласына қызметке ауысқаннан кейін бұл мекемені 1985-жылдан бастап Байқадамов Әбіш басқарды.

Облыстық басқарманың аты былай деп аталатын: «Областное межхозяйственное производственно-эксплуатационное объединение по энергетике и электрофикации «Сельхозэнерго»», бас директоры Анищенко Дмитрий Васильевич деген азамат болды.

Осы азамат Анищенко Д.В. ауданнан құрылған «Сельхозэнерго» мекемесіне 6 «Газ-53» автомашинасын, элетролабораториясын, «УАЗ-452» жеңіл автомашинасын беріп, құрамында 13-14 адам бар «Сельхозэнерго» мекемесі аудан көлемінде ішкі линияны тартатын барлық материалдарды, ток трансформаторларын, бір және үш фазалы электр счетчиктер, барлық совхоздардағы кормоцехтарды саймандармен қамтамасыз еткен, сонымен қоса аудан мекемелеріндегі котельныйларға керекті насостардың барлық түрлерімен жабдықтап отыратын аудан шаруашылығына кезінде тиімді жұмыс істеген мекеменің бірі болды.

Ауданда мал сойып еттоназыту мекемесі, аэропорт іске қосылғаннан кейін қысқы мал толдетуге пайдаланып жүрген электр қуаттарын пайдалануға тартылған 35 квт-тық линияның электр қуатымен қамтамасыз етуге шамасы келмей қалды.

1986-жылғы жоспарға 110 квт-тық линияны басқа маңызды деген құрылыс объектілерін енгізіп жоспардан алып тастаған болатын. Оған қарамастан 1987-жылы басшылар осы саланы басқарып отырсын. қалайда 110 квт-тық линияны салдыру сенің міндетің деп менің мойныма артып тастағаны бар. Сөйлесем, ешбір электржелілерін тартатын мекемелердің бір де біреуі алмайды, ойткені жоспарда жоқ. жоспарда бардың өзін салып үлгері алмай жатырмыз дейді. Оның үстіне жоспарда жоқтың ақшасы да болмайды. «Сасқан үйрек артымен сүңгір»

дегендей талап қатты, қысым одан да артып тұр, сондықтан да бір амалын тауып іске кіріспесе болмайтын болды. Ол кезде Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қаласында орналасқан «Алтайэнерго» мекемесінде бас директор болып келген Жабағин Асхат Асиевич деген азамат екен. Сол кісіге барып жолығып жаңа орнымен құттықтап, жағдайды егжей-тегжей түсіндіріп, өзін ауылға қонаққа шақырдым. «Жақсының жақсылығын айт мерейі тасысын» дегендей барған шаруамды түсінгендей ілтипат білдіріп, мүмкіндік болса барып қайтармын, телефон арқылы хабарласып отырарсыз деп жылы шыраймен шығарып салды.

Содан былай телефон арқылы байланысып отырдық. Бір күні сіздер жаққа тамыз айында алдымен Тарбағатай ауданына, одан кейін сіздердің аудандарыңызда боламын дегенді айтты. Осы хабарды естігеннен кейін аудан басшыларына айтып хабардар етіп қойдым.

1987-жыл 21-тамызда Жабағин Асхат Асиұлы Тарбағатай ауданының бірінші хатшысы Аухадисев Сайлаухан, энергия саласында істейтін Ақылбеков Үшкен, Сокольников Владислав Евгеньевич деген адамдармен қоса ілесіп келе жатқанда оншақты адамдарды Ұлан ірге елді мекенінің жанындағы бұлақта қарсы алдык. Таныстық-араластық осы кезден басталды.

Жақсыменен сөйлессең,

Жаның дауа тапқандай!

Ісің түссе ондайға

Орындатар мақтанбай!-

дегендей 1989-жылы 24-наурызда Свириденко Александр Георгиевич деген азамат басқаратын Өскеменнің мех колоннасын жіберіп «Ақсуат-Шорға» 110 квт-тық электр линиясы мен Ақсуат орталығындағы подстанцияны салдырып берген еді. Онымен қоса Герт Анатолий Иванович пен Астахов Николай Владимировичтің 10-12 адамнан тұратын бригадасы Көкжыра ауылымен, Сәтбаевқа 35 квт-тық электр линиясын тартып берген болатын. Аудан орталығына салынған подстанцияның тұсау кесерінде болып лентасын қиып тойлағанымыз да есте қалыпты. 1991-жылы 18-наурызда «Алтайэнерго» арқылы Сұлуталдың тұсынан отпайқа жасаттырған едік, бұл басқа жолдағы линияларда электр жарығы ошсе де Ақсуатқа әсері болмайтындай ету үшін жасалған жұмыс болатын.

Маған қарасты саланың бірі жанар-жағар май саласы болатын. Бұл да маңызды саланың бірі.

Кезінде Зайсан тас жолы Жалғызтобеден Ақжал арқылы Зайсанға тартылады деген жоспар болған. Бұл жол әрі тоте, әрі стратегиялық

маңызы бар болғандықтан 1988-жыл 28-мамырдағы жоспарға сәйкес «Карл Маркс» совхозының орталығынан мемлекеттік АЗС құрылысы пайдалануға берілді. Осы жылдардан бастап әр совхоздың нефтебазасының жанынан жеке меншік автокөліктерге заправка жасайтын шағын АЗСтер бой көтерген болатын.

Бұл сала да аудандық атқару комитетінің осы саланы басқару бөлімімен тығыз байланыста жұмыс істеген облыстық басқарманың бастығы Востоков Виктор Петрович пен аудандық жанар-жағар май базасының бастығы Смағұлов Сәкенбектің істеген еңбегі айтарлықтай.

1990-жылдың 30-тамызында облыстық атқару комитетінің күрделі құрылыстарды салу жөніндегі бөлімімен келісе отырып, Семей облысының техникалық қызмет көрсету станциясының бастығы Жомартов Әділхан Қалнұлымен (қазірде «Қамқор» акционерлік қоғамының бастығы) келісе отырып, ет және сүт өндірісінің атқарумен келісім шарт негізінде құрылысын бір жылда салуды аяқтап аудан орталығынан Фински техникалық қызмет көрсету шеберханасын аштық (құрылысты жүргізген бригадирі Шевченко Владимир Васильевич деген азамат). Аудандағы шеберхананы басқарған Шеннер Владимир Гебертович деген азамат болды. Бұл шеберхананың ерекшелігі жеке меншіктегі немесе мекеме қарауындағы жеңіл автомашиналардың кез-келген ақауларын жөндеумен қатар бояп та шығаратын шеберхана болды. Жергілікті жерді былай қойғанда Барнаул қаласынан келіп жеңіл автомашиналарын жөндегіп алушылар да болды. Аудан халқының жеңіл автомашиналарының қандайын болсын жөндеуде халық көңілінен шыққан шеберхана болғаны аудан халқына мәлім.

Кезінде аудандық атқару комитетінің мәдениет саласындағы жұмысты менің салама қатынасы болмаса да жүктегенін айта кеткен жөн болар. 1990-жылғы 12-шілдеде аудандық атқару комитетінің шешімімен мұражай салу құрылысын жүктеп, құрылысты салдыру ақша қаражатын қарастыруды міндеттеп, тегінде өндірісте істеген адамсыз деп шешімді қолыма ұстатқаны бар.

Атқару комитетінің шешімінің бір данасы облыстық мұражайлар басқармасының бастығы Зяблицкий Алексей Ивановичке тапсырылғандықтан осы азамат екеуміздің бірлесіп жұмыс істеуімізге тура келді. Тегінде облыстық құрылыс басқармасында істеген тәжірибелі азамат екен. А.И.Зяблицкий екеуміз отырып керекті материалдарды есептеп құнын шығарып сметасын жасауға кірістік.

Керекті материалдармен қамтамасыз етуге көмек жасауға облысполкомның председателі Еременко Анатолий Семеновичке хат жолдадық. Сондағы мұражайға қажетті материалдар мыналар еді:

1. Эмаль белая-	100кг
2. Водоэмульсионная краска-	1 тонна
3. Олиф-	0,5 тонна
4. Лак паркетный-	350кг(450м2) полға
5. Ацетон-	30 литр
6. Мыло хозяйственное-	50кг
7. Гипс строительный-	2 тонна
8. Оргстекло-	6м2
9. Светильники софитовые	120 штук
10. Электро лампы-	200 штук
11. 1 ламповая-	50
12. 2х ламповая-	50
13. Люминосцентное и патроны к ним	
14. Электро кабель 2-х жильный-	600 метров
15. Стекло витринное-	300м2
16. Фанера толстая-	200м2
17. ДВП-	220м2-300м2
18. ДСП-	18м3
19. Пиломатериалы-	50м3
20. Клей универсальный 88	10кг
21. Гвозди-	200кг
22. Шуруп-	100кг
23. Бумага наждачная-	100кг
24. Линолеум-	150м2
25. Мрамор	
26. Ракушечник	150
27. Песок из Семипалатинска	15 тонна
28. Паркет	
29. Цемент	14 тонна
30. Электрод	40 пачек
31. Кирпич	
32. Насос ЭЦВ-10-	1 штук
33. Автобензин-	2,5 тонна

Жоғарыдағы материалдарды алу үшін жергілікті жердегі ақша қаражаты жеткіліксіз болғандықтан тегіндегі таныс мекемелерге қатынас жазып, көмек сұрап 70 мың сом ақша түсірдік. Соның ішінде Өскемендегі

«Алтайэнерго» мекмесі 20 мың, Семейдегі орналасқан мекмелерден 50 мың сом ақша жиналды.

Жоғарыдағы материалдарды алып беруге облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары Кенбасв Наркен Әбдірахманұлының, материалдық-техникалық қамту басқармасының бастығы Ибраев Төлеубек Қайырханұлының мұражайдың ішін жарықпен қамтамасыз етуге Қазақстанда жоқ лампаларды Венгрия мемлекетінен алдырып беруде, Анищенко Дмитрий Васильевичтің, орман шаруашылығы басқармасының бастығы Боровков Василий Николаевичтің көмегі көп болды. Зяблицкий А.И екеуміз Семей қаласындағы өндіріс орындарының мұражайға қажетті материалдар бар деген жердің барлығын аралап, бар материалдардың ақшасын аударып алып, Ақжасаров Қоныс арқылы мұражайға жөнелтіп отырдық.

ДВП мен ДСП табылмағандықтан, Өскемен қаласына да жолсапармен барып көптеген мекменің есігін ашып, бір сыпыра адамдармен таныс болғаным бар.

Барған мекемеге бүкіл шығыстың тарихы сақталған жаңа салынып жатқан мұражайға деп көмек сұрай барамын. Бір таңқалғаным өмірден түсінігі көп адамдардың адамды жатсынбайтындығын түйдім.

Өмірде Ақсуаттың кім екенін білмейтін сол кездегі Өскемен қаласындағы ПЛО Казлестің бас директоры Поплавский Анатолий Эдмундовичтің ұлты поляк па деп ойладым, жоғымызға көмек жасады. ДВП (древесно-волоконистая плита) директоры Рязанов В.Г. телефон шалып, одан басқа да керекті материалдарды Бұхтарма кооперативінің директоры Ғалиев Әлихан Қапасұлына тапсырма беріп алуға көмек жасағанын ұлы адамгершілік қасиет демеске шараң бар ма?

Мұражайдың материалын іздеп тапқаннан кейін 1990-жылдың 2-қазан бейсенбі күні Семей қаласының 35-кварталындағы Гагарин көшесі № 335 үйінде орналасқан құрылыс кооперативімен шартқа отырдық. Бастығы Архипов Геннадий Сергеевич, бас бухгалтері Сальник Михаил Григорьевичпен сол жасалған келісім шарт негізінде келесі күні 1990-жыл 3-қазанда түнгі сағат 11-де құрамында төрт адам бар: Сколубин Евгений Иванович – бригадир, Киселев Петр Максимович – комендант, Бунич Михаил Григорьевич – мастер, Перфилев Сергей Александрович – мастер Ақсуатқа келіп екі маусым жұмыс істеп, мұражайдың құрылысын аяқтаған болатын.

Бұлардан басқа мұражайдың ішін көркемдеу үшін «РСХ Казмузей» реставрациясынан келген Кошербасв Бердалы (художник-оформитель), Жансүгіров Алмас деген суретші азаматтар істеді.

Мұражайдың ішін қорқемдеу жұмыстарын облыстық мұражай басқармасы қотеріп алған болатын. 1991-жылғы 30-қазанда облыстық мұражай есебінен 77 мың сом аударылып 22 мың сомы келесі жылы аударылып берілді. Мұражай құрылысын бастағанша экспедиторлық бригада келгеннен кейін екі маусым сағат 8-ден бастап жұмыс аяғы аяқталғанша басы-қасында бригадирлік жасап, пайдалануға берілген құрылыс орны болатын. «Райфинотдел» мекемесі қасымызда болғандықтан Зағыпан мен Абылай ақсақалдар: «Төлеуғазы, осы сенің жұмыс орның ауысқан ба?»-деп қалжыңдап та қоятын.

Ал Ақжасаров Қоныс болса мұражай меңгерушісі бола жүре шаруашылықтың бас меңгерушісі қызметін қоса атқарды.

Сойтіп, 1992-жылы 22-маусым айында мұражай құрылысы толық аяқталып пайдалануға беріліп, лентасын Ақсуат ауданының тұңғыш әкімі Сапоров Болат Сапорұлы кескен еді. Мұражай аяқталардан біраз күн бұрын келген Алматыдағы мұражайлар басқармасының бастығы Шәміл Қожакановты, Бердалы Көшербасвты, Алмас Жансүгіровты, Қоныс Ақжасаровты алып аудан табиғатымен таныстыру мақсатында Тарбағатай тауындағы «Айбақ», «Жасыл қолдер», одан қайтып оралғаннан кейін «Сабынды қолді» көрсетіп қайттым.

«Жасыл қолмен», Тарбағатай тауының биіктен қарағандағы қатпар-қатпар көрінген белестеріне таң қалғаны соншалықты Жапонияның бір суретшісі бір шоқыны жап-жағынан түсіріп керемет тау деп көрсеткен екен, мынаны көрсө тәнті болып есінен танып қалар еді деген сөздері есімде қалыпты.

Осы сапардан кейін суретшілер табиғаттан алған әсерлерінен «Жасыл қол», Тарбағатай тауының көріністерін салып, мұражайға сыйға берген болатын. Мұражайдың іске қосылу құрметіне Ақжасаров Қоныс бір жабағы тайын сойып, Республикадан, облыстан келген турист қызметкерлеріне құрмет көрсетті. Міне, сол мұражай нарықтың алғашқы кездерінде назардан тыстау қалып келе жатқан жайы бар еді. Ауданға 2002-жылы әкім болып келген Кәрімов Айбек Мүтәләпханұлы орталық көшелен асфальт жол тарғып, жол бойын жарықтандырып, мұражай алдын көріктендіріп қойыпты. Осындай азаматтарға «баласы атқа шапса үйде отырып әкесі тақымын қысады» дегендей көңілің риза болады.


Адам баласы дүниеге келгеннен кейін өз халқына тамшыдай болса да пайдасы тиерлік іс істесем деп талпынады, сол талпыныстың кезіндегі көріністері осындай істер, бірақ халық үшін бір керемет іс істеп тындырып тастадым дегеннен аулақпын.

Өрине бұл адамның азғантай ғана ғұмырындағы өмірдегі қиындығы мен қайшылығы көп жұмыстар. Жұмыс болғаннан кейін адам баласының

күнделікті көңіл-күйінде әртүрлі жағдайлар болатыны баршаға мәлім. Осындайда жаныңа сая табатын жерің жанұян. Жанұямда алдымнан кесе қолденең отпеген, қандай жағдай болсын қабағын шытпай қарсы алатын, алаканы ашық, пейілі кең, күйінгенде – сүйенішім, адасқанда – ақылшым, қаймыққанда – қайраушым, жасығанда – қолдаушым бола білген тоғыз бала тәрбиелесп өсірген, ағайын-туған, жора-жолдастардың көңілін таба білген, ағайын аралық қатынастарды суытпай реттеп ұстап келе жатқан, құдай қосқан жарым Нұржәміш Тұрғанбайқызының менің еңбек жолымдағы алатын орны ерекше демекшім. Екеуміздің елу жылға жуық тізе қосып келе жатқан жұбайлық тату өміріміз осының айғағы болар деп пайымдаймын. 1993-жылы қызметті доғарып сол жылы дербес зейнеткерлікке шықтым. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін Тарбағатай ауданының «Құрметті азаматы» атағын берді.

Халықтың ұсынысымен берілген осы атақты, маған деген сенімін аса зор ілтипатпен бағалаймын.

Автор.





Суретте: Төлеуғазы, Қайникамал, Нұржәмiш, Нұрайдар.



Суретте: Төлеуғазы әулетінің ұрпақтары: Фани, Рамазан, Балнұр, Аскарбек, Айнұр, Мадина, Бибимариям, Алуа, Қабдуакір.



Суретте: Әзілхан мен жұбайы Айжан, Жанаргүл балаларымен.



Суретте: Төлеуғазының немерлері Нұрайдар мен Жібек.



Суретте: Төлеуғазы мен Нұржәміш балаларының ортасында. Бірінші қатардың сол жағындағы Бақытбек, оң жақтағы Айжан. Екінші қатарда (солдан оңға қарай) Тоғжан, Гүлдарига, Серікбол, Маржан, Жанаргүл.



Суретте: Бірінші қатарда (солдан оңға қарай) Гүлдарига, Мұхамед, Манат, Балнұр, Жанаргүл. Екінші қатарда Мұхтарбек, Асқарбек, Маржан, Айнұр, Серікбол, Әсел.



Суретте: Апасының баласы Қуандық Нұрғалиұлы, жұбайы Нұргүл Мырзаханқызы, балалары Бибимариям, Қабдуәкір, Ғани.



Суретте: Төлеуғазының кенже ұлы Бақытбек, келіні Маржан Жеңісқызы, нәмересі Нұрайдар.

ТОСЫННАН ЖАЗЫЛҒАН АЙТЫС

Кешегі кеңестік дәуір кезінде жыл сайын өткізілетін көркем өнерпаздар байқауына айырықша көңіл бөлінгені мәлім. Өзара социалистік жарысқа түскен шаруашылықтар аудандар іс-тәжірибе алмасып, қол жеткен табыс міндеттемелерін қорытындылап саралаушы еді.

Сондай –ақ, өнерпаздар сайысы да өзіндік мән, мағынасымен халық құрметіне бөленетін, жеңімпаздары айқындалып марапатқа ие болатын.

Осы орайда ақындар айтысы да өткізіліп, олар өз шығармаларына шаруашылықтың жетістігі мен кемшіліктерін арқау етіпті. 1979- жылы көркемөнерпаздардың аудандық байқауы кезінде «Комсомол» және «Ақсуат» совхоздарының ақындарын айтысқа түсіру керек деген аудандық партия комитетінен нұсқау болды. Ол кезде ауданның бірінші хатшысы Д. Сұлтанов, аудандық Совет атқару комитетінің төрағасы Б.Каженов, мәдениет бөлімінің меңгерушісі Т.Оспанов.

Сол кездегі «Ақсуат» совхозының директоры Төлеуғазы Нұрғалиев және бірнеше адам жарыстас «Комсомол» совхозына барып, жұмыс барысымен танысады.

Сондай- ақ комсомолдықтар «Ақсуатқа» келіп еңбек тынысын, мәдени жағдайын біліп қайтады.

«Комсомол» совхозында белгілі ақын Замантай Оразаев бар. Ол тек қана совхоз аралық емес, Ақсуат ауданының намысын қорғап, Көкпекті, Жарма аудандарының ақындарымен сайысқа түскен ысылған айтыскер. Мақан Баймұрзин, Қалихан Алтынбаев және Қалиасқар деген ақындармен айтысқан. Ал «Ақсуат» совхозында ондай ақын жоқ.

Жоғарыдағыдай совхозаралық барыс-келіс таныстықтан кейін біршама уақыт өткен соң, ақын Замантай Оразаев «Ақсуат» совхозының директоры Төлеуғазы Нұрғалиевтің жұмыс кабинетіне келеді.

Әдеттегідей аман-саулықтан соң Замантай Төкең:

- Әлгі айтысатын ақыныңыз қайда?, - дейді сұрақты төтесінен қойып.
- Шаруашылықты аралап, танысып көргенімізбен бізде ақын жоқ, - деп Төкең айтқанда Замантай:
- Ендеше өзіңізбен айтысамын. Газеттерде мақалаларыңыз шығып жүр, өлең де жазатын шығарсыз:

Аспанда ақиықпын ұшпас сайдан,
Өзіме өлең арзан ішкен шайдан.

Созылған қолтық етім жастай шауып,
Қосылған ат бәйгеге құнан-тайдан, - деп бірнеше шумақты
айтып жібереді.

Сонда Төкең сәл ойланып:

Жүрсің бе аман-есен Замантайым,

Сен шақырсаң олеңге мен де дайын, - дейді де сөзін ары қарай
жалғайды. Уа, жезде, мен ақын емеспін. Бірақ ақынжанды адаммын.
өнерді сыйлаймын. Өзіңізбен айтысу қайда маған?

Сонда Замантай:

- Мен сізді ақын етемін!, - деп әзілдесіп шығып кетіпті.

Содан енді бір айналып келгенде Замантай Төкене оқушылардың
торқоз дәптерінің барлық бетіне толтыра жазылған «Замантай мен
Төлеуғазының айтысы» деген 84 шумақ оленді әкеп береді де:

- Сіз жеңдіңіз, міне қағазға түскен олең. Өткен жолы ақын етемін
дедім ғой. Уәдесе тұрдым, - дейді.

Осылайша өмірге келген бұл айтыста сол кездегі «Комсомол»,
«Ақсуат» совхоздарының өмір сипаты, жетістік-кемшіліктері, еңбек
озаттарының есімі, жазғы жайлау жер-су атаулары, фермалары,
күрылысы, қорыта айтқанда барлығы да баяндалған.

Тосыннан жазылған ақын Замантай Оразасвтың бұл шығармасын
сол калпында кәдеге жаратуды ұйғардык.

Замантай:

Аспанда ақиықпын ұшпас сайдан,

Өзіме олең арзан ішкен шайдан.

Созылған қолтық етім жастай шауып,

Қосылған ат бәйгеге құнан-тайдан.

Бұлбұлмын «Комсомолда» тұрған сайрап,

Жырыммен асқақтатып құлаш жайған.

Айтысқа Төлеуғазы келіп қапсын

Сөз тыңда ақыныңыз Замантайдан.

Уа, халқым, жырлайтұғын күнім бүгін,

Бәрі шат, бәрі қызық бүгінгінің

Лениннің жүз жылдығын тойлап отіп,

Табыспен отті тағы слу жылым.

Деген бар олең-елік, ақын-аңшы,

Қиялын жүйрік болса атып алшы.

Ашатын қобінессе кемшілікті,

Ақын да қырағы көз бақылаушы.

Албаты керегі жоқ босқа мақтан
Толеуғазы, ойшыл болсаң содан сақтан.
Фактысыз кемшілікті тіземін деп
Жарамас орынсыздан жала жапқан.

Мұқату емес біздің мақсатымыз,
Аямай мінім болса дөп басыңыз.
Сыннан сабақ алғанға ағаттық жоқ,
Әрқашан анық болсын айтқаныңыз.

Ал, Төке, енді бердім кезегінді
Отырса өлең кернеп өзегінді
Ақындық қиялыңмен шарықтап көр,
Мадақтап жырға қосып өз еліңді.

Толеуғазы:

Жүрсін бе аман-есен, Замантайым?
Сен шақырсаң өлеңге мен де дайын.
Кезіккен ұлы тойда берекелі
Ағызып жіберейік тілдің майын.

Ақыным, елім де аман, жерім де аман,
Сәлем де сұрағанға деді маған
«Комсомол» совхозында жасап жүрген
Аман ба мал мен басың, бала-шағаң?

Орындап шықтыңдар ма тоғыз айлық,
Міндетті социалистік қабылдаған?
Ақ жолға түсардан қар жауып кетті,
Бар еді кораларың жабылмаған.

Совхозым Ақсуаттың бауырында,
Жаңалық толып жатыр ауылымда.
Еңбек те қарқынменен жүріп жатыр,
Қарындас, аға, жеңге, бауырым да.

Мамырлап барлық койым күзеуде отыр,
Жерімнің ең шұрайлы сауырында.
Совхоздың коллективі сәлем деді,
Тыңдаушы үлкен-кіші қауымына.

Бөленген шат өмірге күн-күн сайын,
Білеміз бәріміз де халық жайын.
Шопандар міндеттеме қабыл алып
Жоспарды орындауға болған дайын.

Бақташы, малшылардың еңбегімен
Молайттық еліміздің ет пен майын.
Кенелткен елімізді мол өнімге

Тойларын шопандардың құттықтаймын.
Совхоздар бұрынғыдан мың есе артық,
Табысын мемлекетке жатыр тасып
Берейін кезегінді Замантайым,
Қанеки жіберші бір әнге басып.

Замантай:

Бастайық сөзді әуелі құрылыстан,
Айтылар кезегімде әр жұмыстан.
Ой, Төке, асқақтамай сөзді тыңда,
Қысылып шықпап па едің былтыр қыстан.
Келейін мәдениет бөліміне,
Айтайын келсе дағы көңіліне.
Мақтаған совхозыңда клубың жоқ,
Клубсыз өтемісің өмірінде.
Көшеңнің бәрі қисық шеттерінен,
Токсан құдық, бес арық өткеліңнен.
Мойыны үзіліп жүре ме деп қорқамын,
Қонағы ауылыңа кешке кірген.
Аралап көрдім көше, үйінді анық,
Түсіндім жағдайыңды көріп алып.
Отырсың шатырлы үй, базым бар деп,
Ауданның қолтығына кіріп алып.
Бересің мәліметке қораларды,
Қаңтарда қойшың көшіп жоғалады.
Жыл сайын әдет болып кетіп барад,
Жұмысың қай бір кезде оңалады?
Бұл факты үшінші, төртінші фермаңызда
Жақсы үлгі алам десең бізден ізде.
Қойыңның қақ жартысы қотыр болып,
Қырмаға өткіздің ғой қоңыр күзде.
Әр ферма ортасында моншам дайын,
Шопандар түсіп тұрад апта сайын.
Бірінші фермаңызға монша сапсың,
Оның да бітірмейсің ішкі лайын.
Ағаштан түйін түйген шеберлерім
Көрсеткен елге үлгі боп өнерлерін.
Ғалымбек, Серікпенен Ерібайлар,
Жарыста маған жетпей томендедің.
Саласы Тарбағатай тал мен қайың,

Тауыңда түр ғой өсіп өзі дайын.
Егуге орталыққа болмас па еді,
Көрікті көгалыңа қоше сайын.

Төлеуғазы:

Совхозым «Ақсуаттың» атындағы,
Еңбексүйгіш, ұйымшыл халқымдағы.
Көбейіп жылдан жылға озаттарым
Табысым күн-күн сайын қарқындады.
Қандай сән заманға сай құрылысым,
Жасалған құрылысқа бұрылысым.
Шатырлы үй, шағалалы әсем баздар,
Көрдің бе сай-салада құрылды шын.
Бар сенің әсем салған клубтарың,
Бірақ та біз барғанда құлыптадың.
Ремонт қазір бізде болып жатыр ғой деп,
Маңына әйтеу бізді жуытпадың.

Білемін центріңде монша барын,
Ферманың тізіп айттың сонша бәрін.
Қаншама асыра айтып мақтасаң да,
Отарда істемейді моншаларың.

Тауыңда көп қораң бар жермен жексен,
Томардың желі қатты кетпес естен.
Совхозың терезе, есік бермей қойып,
Былтыр қыс көп үйлерден боран ескен.

Маған да белгілі ғой жайың, күйің,
Томарға салмақ едің клуб үйін.
Қызыл бұрыш, кенесені бірдей салып,
Бір кезде жақсылықтың бәрін үйдің.

Алғашқы қарқынменен орындаған,
Сол жылы фундаментін барып құйдың.
Келер жыл бес-алты арба кірпішпенен,
Тізеден бір жақ шетін әрсен жыйдың.

Жоспарға алып қойған құрылысты,
Замаш-ау, орындамай неге тыйдың?
Булығып отырсың ба шыдай алмай,
Ендігі кезегімді саған қидым.

Замантай:

Келгенде мал басына бөгелмедім
Сенен басым шығады олеңдерім.

Толсеуғазы, сен тында, мен айтайын,
Атакты совхозының өрендерін.

Жыр тоғип мал басына оралайын,
Салынған салтанатпен кораларым.
Айтайын кемшілікті көзім көрген,
Ақыным, ауылыңды араладым.

Тозығы жеткен ескі кораларың,
Бықсытып қойыпсыңдар қора маңын.
Дәрігерің бес күн сайын отырады,
Басында шоқайысып молалардың.

Үшінші кемшілік бар фермаңызда,
Жақсы үлгі алам десең бізден ізде.
Шопаның Әлімғазы, Әштайларың,
Сексен бас қой өлтірген қоңыр күзде.

Мадақтап мен жөнелсем малшыларды,
Коре тұра болмақсың қайтып алды.
Биылғы қос мерке қарсаңында,
Торт шопан жорға мініп қамшыланды.

Мәселс артық сойлеу емс мақтан,
Отыз екі озатым бар келе жатқан.
Бүркітбай, Шұбарлардың ізбасары,
Ахатай, Саматтарым орден таққан.

Жастарды айт еңбек десе жалындаған,
Шопанды айт міндеттеме қабылдаған.
Діқаншы, құрылысшы озаттарды айт,
Айғайға сала бермей арындаған.

Үлгі алшы Ахаш пенен Сайлаубектен,
Совхозым алтын сағат сыйлық еткен.
Жүзінен жүз жиырма козы беріп,
Табысқа ұшан-теңіз қолы жеткен.

Сныршы Жұмажан мен Қинаятым,
Шамшырақ деп атаймыз сыйлап атын.
Жүз бұзау жүз снырдан жылда алып,
Жайым жоқ тұрғанда олар қиналатын.

Жылқышы Құдагелдин, Ахметов,
Жүз құлын жүз биесден жылда ертіп.
Смағұл, Елубайдай бақташымын
Айтайын ерліктерін мәлім етіп.

Шопаным Әбснөв пен Тарасова,
Кімнің бар пар келетін таласуға?

Екеуі екі ұлттың саңлағы

Келгенде сөздің тұпа-турасына.

Атақты қос жүйрігім Байназаров,

Ағасынан інісі үлгіні алып.

Аудан түгіл облыс біліп отыр,

Еңбегі шамнан жарық, айдан анық.

Ақын ба озатты айтпай серпілмеген,

Қиюадан қисын тауып келтірмеген.

Құт қонған «Ойшіліктің» бойындамын,

Бәйге аттай үкіленіп желпілдеген.

Тымырсық, Тебіскемен еркін дала

Бұрын да қаулай өскен егін жаңа

Атақты «Комсомолмын» ежелден мен

Сен үзеңгі қағысқаның бертін ғана.

Қыс түссе карамайсың мал басына,

Айттың деп кемшілікті тек жасыма.

Мұз төсеп қойса тәуір көрер ме едің,

Жатқанда көрпе салмай жамбасыңа?

Ал, Төке, айтшы тыңнан бастаманды,

Ойлап қалма мен сенен жасқанады.

Бір ауданым болған соң сыйлап тұрмын,

Айтар ем талай-талай масқараңды.

Төлеуғазы:

Тағы да кезек бердің ақын шырақ,

Мақтадың көп нәрсені сөзбен сырлап.

Келешек қызметтің табысы үшін,

Артылтпай айталық біз дұрыс сынап.

Толмастан келе жатыр жыр қанатым,

Менің де озатым көп жырланатын.

Көпшілік қалың қауым арасында,

Жарыққа шығаратын жырлап атын.

Семей мен Алматыдан сый алғанбыз,

Жыл сайын, алты ай сайын жиі алғанбыз.

ССРО Жоғарғы Советінің

Құрметті грамотасын біз алғанбыз.

Қарсы алдық мерекені табыспенен,

Қол жетпес сөйлесеміз алыспенен.

Төрт жүздей озатымыз сыйлық алды,

Еңбекте үздік шыққан табыспенен.

Сыйлыққа 26 мың сом елге бердім,

Еңбекте озат шыққан ерге бердім.
Осындай ұлы тойды қарсы алуда,
Совхозда жұмысшына сен не бердің?
 Үгітке сенің көңіл бөлгенің жоқ,
 Тізімде үгітшің көп көңілге тоқ.
 Болмаса бес адамның басын құрап,
 Тұрғанын үгіт айтып көргенім жоқ.
Болмайды кемшіліксіз қандай адам,
Жасыру кемшілікті тіпті жаман.
Қалайша олқылықты жоқ дейсіңдер,
Жұмысың көрнекті үгіт әлі шабан.
 Кемшілікті көргенің үлкен достық,
 Ұқтың ба айтып берген сабағымды.
 Берейін енді Замаш кезегінді,
 Ыза боп түйіп апсың қабағыңды.

Замантай:

Ақындық өнер менен жырың барда,
Токталмас қызыл тілде тыным бар ма?
Өмірі «Комсомолға» жете алмайсың,
Табыстан қазір де алда, бұрын да алда.
 Ал, Төке, ілесіп көр табысыма,
 Еңбекте социалистік жарысыма.
 Жүлде алып талай топта шықсаңдағы
 Сен менің ере алмайсың шабысма.
Бізде бар бес отряд бригадым,
Жемдейміз жылқы менен сиыр малын.
Нұржан, Сыдық, Олжаев озаттарым,
Атақты жас управ Шәріпханым.
 Мақтанған Дубсковтың көрдім жайын,
 Тышқак қой әрбір көрсең отар сайын.
 Құртпасаң бұл тышқакты осы бастан,
 Табылад ақын жолдас кейін жайың.
Әу баста шөпті шаппай босқа жаттың,
Ауданнан көмек сұрап иек арттың.
Ат машина жүргізіп шөп шабам деп,
Бар шопанның аттарын тұралаттың.

Атақты тракторист Қажыкәнім,
Тілеш, Байнаш, Оралдай бар ма сенің?
Шамаң аз айтысуға ақын Төкс,

Табысым әр саладан артық менің.
Менің бар шоферларым таңдамалы,
Көрген жан жүрісіне таң қалады.
Атақты Сембай, Жұмаш, Қапастарым,
Бір мәшін он жыл болды айдағалы.
Заводтан жаңа шыққан қалыбында,
Аралап жүрседағы сан қаланы.
Қос қызым жөнелгенде водовозбен,
Жігітің аузын ашып таң қалады.

Төлеуғазы:

Ақынмын аймағымда ардақтаған,
Ақынмын артық- кемді салмақтаған.
Ақынмын бұзықтарға қаным қарсы,
Ақынмын ел сүйгенді мен мақтаған.
Шын қызсам шаңымды да шалдырмаймын,
Жекпе-жек сайыста мен алдырмаймын.
Құрметті берекелі той үстінде,
Көп сынап көңілінді қалдырмаймын.
Жайлауым Тарбағатай бәрі бұлақ,
Жатады жерлеріне шөбі сұлап.
Қайрақты, Нәуім, Көкжал, Нарынымның,
Қаласың шалғынына өзің құлап.
Сен айтқан бір фермамыз Нәуім еді,
Ақжалдағы фермаңнан тәуір еді.
Таулары қара күңгей тоқты өлмейтін,
Қыстаудың ең тамаша сауыры еді.
Көрдің бе малы салған ем қонады,
Сіздің жақ бұл жағынан кем қалады.
Ауырған мал үйірге қосылмаса,
Ақыным, өзің айтшы нең қалады?
Управ Ақжалдағы Тікқұлақов,
Айына 160 бас қой сұлатып.
Астына терең жардың тастайды екен,
Жабуға өлексесін жар құлатып.
Фермада жалқауларың жатыр толып,
Көрдім ғой совхозыңда үш күн болып.
Әлтай, Жұман, Қажтасов дегендерің,
Осылардың жұмысы жүр ме оңып?
Далаңда шөбің жатыр тасылмаған,
Ешкімнің оған жаны ашымаған.

Бір де бір иен жатқан шөбіміз жоқ,
Бәспенен совхозыма келші маған.
Шөбінді жинап алған баз қасына,
Темекі тартасындар дәл қасына.
Маядан отыз тонна өртеп алдың,
Арак пен темекінің арқасында.

Қыруар мал азығы кетті жанып,
Толеттің жұмысшыдан өртеп алып.
Бірақ та ақша шіркін шөп бола ма,
Малыңа беремісің күлін салып.
Кәрібаев Қапезім жылқы баққан,
Астында көк сұңқары жарап қатқан.
Өсіріп жүз бнеден жүз құлынды
Совхоз түгіл ауданға болды мақтан.

Тақанды білесің ғой ет шебері,
Отанға майлы етті көп береді.
Торт жүзден өгізшені етке өткізді,
Сендерде бар ма осыған тең келері.
Айтсам ғой мақтан етіп егісімді,
Сенімі талапқа сай келісімді.
Жүз елу процентке орындадық
Замантай құттықтай бер жемісімді.

Замантай:

Алқабын Тарбағатай мекен еткен,
Шұрайлы кең қоныстан орын тепкен.
«Комсомол» бай совхозы Ақсуаттың,
Шаруасын күннен-күнге өркендеткен.
Табысқа жету үшін ат салысып,
Байлыққа ұшан-теңіз қолы жеткен.
Істе алда, жұмыста озат, тәжірибелі,
Мал бағып, тол өсіріп еңбек еткен.
Мақтаған шопандарың қойды қырған,
Осы күн құтылмадың айқай-шудан.
Егер де ісің әділ озат болсаң,
Неге сен айырылдың Қызыл тудан?
Фермаңның «Аққала» деп қойдың атын,
Шықпаған мадақтама талдың атын,
Қойыпсың бір жағына тезек жинап,
Не дейсің бұл сөзіме Токе, ақын?
Ал енді озаттарға тұрсаң карап,

Жүз қозы жүз саулықтан отыр санап.
Ысқақов, Кәлімжанов Жұмағали,
Қазір де Қамбаровқа отыр таяп.

Күнде өскен «Комсомолдың» келешегі
Шаруасы әр салада тез өседі.
Өнімнің орындалу барысында
Үш бірдей «Аксуатпен» теңеседі.
Отыр ғой бізді күтіп мына халық,
Тастамай кемшілікті айттық анық,
Келесі кездескенше сау бол, Төке,
Торқалы тойды осымен тарқатайық.



АҚСУАТ – АТАМЕКЕНІМ

Сөзі Нәкен Серікбаевтікі

Әні Сапарбек Әшімбаевтікі

Атыңды мәңгі ардақтап,
Шежіреңді тармақтап.
Бабалар жайлы ой баптап,
Тарихыңды да салмақтап,
Аналар жайлы ән баптап,
Өзінді мақтан етемін,
Ақсуат – атамекенім.

Қайырмасы: Қайтемін сырды жасыра
 Қария мен жасыңа
 Далаңа, тау мен тасыңа
 Өзенің аққан жосыла
 Барлығына да асыға
 Сағынышпен жетемін
 Ақсуат – атамекенім.

Ерлердей ерен еңбегі
Биікке қарай өрлеуі
Өнерлі жолдар өрнегі
Береке бірлік елдегі
Толғауы тоқсан жырыма
Білемін арқау екенін
Ақсуат-атамекенім.

Қайырмасы

Қазыналы сен Ақсуат
Жазиралы сен Ақсуат
Бөлендің ерек жанымның
Сазына әрі сен Ақсуат
Сапарды алсам алысқа
Қия алмай сені кетемін
Ақсуат – атамекенім

ЭПИЛОГ

Ақсуат деп кім өзінді атады,
Есімінде бір ұлылық жатады.
Ақ дегенім жомарттығым пейілім,
Суат деген тұнық судың отаны.

АҚСУАТ АЛТЫН БЕСІГІМ

Сөзі С. Жұматулынікі, әні Қ. Сапорұлынікі.

Қобықты, Аршын сар далам,
Күмісті көркем паң далам.
Желмаясын шөгеріп,
Асанқайғы барлаған.
Көк шүйгіні қандай деп,
Саумал суы балдай деп,
Құмары қанбай шарлаған.

Қайырмасы:

Көненің тыңдап сарынын,
Өткеннің басып тамырын,
Өзіңе теліп тағдырын,
Бабалар мекен етіпті,
Барқыт белдің бауырын.
Қастерлі бізге есімің,
Ақсуат алтын бесігім.

Қарғыба, Боғас, Базарым,
Жасыл көлі айдын ажарым.
Бөрігостаған, Жұмбақтас,
Далама көрік ғажабым.
Сүмбіле тауым сылқымдай,
Сұңғыла тауым Құтымдай,
Ашқандай тарих парағын.

Қайырмасы:

Батыры болған білекті,
Ақыны шайыр жүректі.
Атанып өнер өлкесі,
Ұшырған талай түлекті.
Қыздары өскен гүл-гүлдей,
Ұлдары өскен дүлдүлдей,
Үлгі етіп иба ізетті.

Қайырмасы:

Мазмұны

Беттері

Алғыс сөз	5-7
Бірінші бөлім	10-157
Екінші бөлім	158-269
Үшінші бөлім	270-360
Төртінші бөлім	361-506

«Аксуат- Атамекенім» атты кітапқа қосымша демеушілік жасаған азаматтар: Шегедков Салықұлы Бағланға, Байқадамов Талғатбекұлы Өзілханға, Нұрғалиқызы Қайникамалға, бауыры Қуандыққа, Садубайқызы Бакыткамалға шын жүректен рахмет айта отырып, жоғарыда аты аталғандардың барлығында осы кітапта жазылған аруақты Ата-бабаларының рухы жібесін деген тілегімді білдіремін.

Автор.

